БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚОҒАМЫНЫҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ

Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған
«ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҰЛТТЫҚ ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық офлайн/онлайн конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ
22 сәуір 2022 жыл

МАТЕРИАЛЫ
Международной научно-практической (офлайн/онлайн) конференции
«ПРОСВЕТИТЕЛЬ НАЦИИ АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – РЕФОРМА НАЦИОНАЛЬНОЙ ПИСЬМЕННОСТИ»
посвященной 150-летию со дня рождения Ахмета Байтурсынова
22 апреля 2022 года

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Халықаралық қазақ тілі қоғамының Батыс Қазақстан облыстық филиалы

Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған
«ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық офлайн/онлайн конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

22 сәуір 2022 ж

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической (офлайн/онлайн) конференции «**ПРОСВЕТИТЕЛЬ НАЦИИ АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ – РЕФОРМА НАЦИОНАЛЬНОЙ ПИСЬМЕННОСТИ»**

посвященной 150-летию со дня рождения Ахмета Байтурсынова

22 апреля 2022 года

Орал – Уральск

Жалпы редакциясын басқарған / Под редакцией:

Сабыр М.Б. - Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Педагогика факультетінің Ғылыми бөлім басшысы, филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы / Редколлегия:

Раманова А.А. – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, тіл және менеджмент факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Муханбеткалиев А.С. – Филология, мәдениет және оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Бекмашева А.Н. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Абдульманов А.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Кусайынова Д.Ж. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Казкенова Г.У. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық жазу реформасы// Просветитель нации Ахмет Байтурсынов – реформа национальной письменности: – Орал: Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, 2022. – 391 б.

Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай ұйымдастырылған **«Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттық жазу реформасы» атты** халықаралық ғылыми-практикалық офлайн/онлайн конференция жинағына Алаш идеясына, Байтұрсынұлы қисындары және бүгінгі қазақ әліпбиінің мәселелеріне, этномәдени білім беру және ұлттық мектеп мәселесіне, Түркі дүниесінің жазу тарихына, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыруы мәселелеріне арналған ғылыми-әдістемелік мақалалар енгізілген. Қазақ ұлтының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының сан-салалы ғылыми еңбектерінің маңызын өскелең ұрпаққа түсіндірген және бүгінгі жаңа қазақ әліпбиінің түйткілді мәселелерін талқылаған мақалалардың әлеуеті зор. Конференция жинағының материалдары жоғары оқу орындары оқытушылары мен арнаулы орта, жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдері қызметінде практикалық қолданыс табатынына сенеміз.

В сборник международной научно-практической оффлайн/онлайн конференции «**Просветитель нации Ахмет Байтурсынов – реформа национальной письменности**:», посвященной 150-летию со дня рождения Ахмета Байтурсынова, включены научно-методические статьи, посвященные идее Алаша, логике Байтурсынова и проблемам современного казахского алфавита, проблемам этнокультурного образования и национальной школы, истории письменности тюркского мира, вопросам социально-экономической модернизации Казахстана. Большой потенциал имеют статьи духовного лидера казахской нации Ахмета Байтурсынова, разъясняющие подрастающему поколению значение его научных трудов и обсуждающие проблемные вопросы современного нового казахского алфавита. Надеемся, что материалы сборника конференции найдут практическое применение в деятельности преподавателей высших учебных заведений и учителей средних специальных и средних общеобразовательных школ.

ӘОЖ 94 (574)
ББК81.2
ISBN 9965-553-26-2

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ӘОЖ 82:316.3

АХМЕТТАНУ: ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ БІЛІМ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ САТЫЛАРЫ

Қыдыршаев А.С.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі
(БҚО, Орал қаласы)

Резюме. *В статье дается обзор деятельности учителя нации Ахмета Байтурсынова и описывается его творческая личность. Базируется отношение наследия ученого к начальной стадии современной методики образования и технологии обучения. Результат доказывает, что Ахмет Байтурсынов является основоположником наук о азбуке, языкознании, методологии и учебнике.*

Ключевые слова: *Ахмедоведение, методология, деятель, Азбука, язык-инструмент, филология, литературоведение, метод.*

Сан ғасырлық тарихымыздағы айрықша тұлғалардың ұлт алдындағы еңбектерін бағалау – біздің мәдениеттілігіміздің айғағы. Ахмет Байтұрсынұлы сынды барша саналы ғұмырын халқының азаттығы мен теңдігіне, рухани құндылықтарының қалыптасуы мен жаңғыруына арнаған қайраткер қаламгердің 150 жылдық мерейтойын өз деңгейінде лайықты атау әрі тағылым, әрі тағзым [1: 2: 3: 4: 5].

Ахмет Байтұрсынұлы және жалпы Алаш қайраткерлері XX ғасырдың басында туған халқы үшін барлық дәуірлік өзекті жұмыстарды атқарды дей аламыз. Қазақ тарихы үшін Жаңғыру дәуірі болған осы кезеңде Алаш ұлт-азаттық қозғалысымен бірге олар ұлтының жаңа мәдени деңгейге көтерілуі үшін де күресіп, бұл салада аса ірі нәтижелі жұмыстарды орындады. Ақаңның өзі алғашқы ұлттық әліпбиден бастап, тілдің басты салаларының ғылыми негізін қалады. Сонымен қатар қазақ әдебиеттануы мен қазақ тілінің әдістемесіне бағыт сілтеді. Алаш қозғалысының бастауында тұрып қайраткер ретінде саяси серіктерімен бірге алдымен Алаш автономиясына, кеңестік кезеңде Қазақ автономиясына қол жеткізді. Сондықтан біз Ахмет Байтұрсынұлын ұлт ұстазы ретінде де, ұлт күрескері ретінде де ерекше бағалаймыз [6: 7: 8].

Қазақ өркениетінің ең ірі қарқынды дамыған, гүлденген тұсы – өткен ғасырдың алғашқы қырық-отыз жылының үлесіне тиеді. Бұл кезең *«Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры»* делініп те жүр. Бұлай делінуінің басты себебі – Ахмет Байтұрсынұлының ұлт ғылымының көшбасшысы болуы. Осыған орай кезінде оған Елдес Омаров *«первый светоч науки»* деп баға берген. Сондай-ақ, Ахаң өз халқының «ұлтының ар-намысы бола білген» (С.Сейфуллин) «қазақ жұртының көсемі» (М.Әуезов) де [9: 10].

Белгілі ғалым Р.Сыздықованың: *«Ахмет Байтұрсынұлы мен оның замандас-пікірлестері жайындағы қазіргі жүргізіліп жатқан ізденіс-зерттеулерімізді жинақы бір атаумен «ахметтану» деп айтар едім. Ахметтану – тек бір ғана қайраткерді танып-білу мақсатын көздемей, тұтас бір кезеңге қатысты мәселелерге баратын таным тармағы болуға тиіс»,* - деуі құптарлық. Демек, Ахаң туралы сөз қозғау – қазақтың

біртуар зиялылары, ерен тұлғалары Ғұмар Қараш, Телжан Шонанұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошке Кемеңгерұлы және т.б. туралы іргелі де кең тыныстызерттеулерге ден қою да.

Ахаңның 50 жылдық мерейтойына орай замандас ізбасарлары ретінде М.Әуезов «Ахаңның елу жылдық тойы (юбилей)» («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан, № 270), М.Дулатов «Ахмет Байтурсунович Байтурсунов» (биографиялық очерк), І.Омаров «Ученая деятельность А.Б.Байтурсунова», Т.Шонанов «Ахмет Байтурсунович Байтурсунов в области народного просвещения и литературы» сияқты материалдарын жариялаған. Содан бері 99 жыл өтті. Биыл Ұлт Ұстазының туғанына 150 жыл.

Өз тұсында Ахаңның 130 жылдығына орай қазіргі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде *«Ахметтану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері»* атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның өткізілуі де тегін емес. 1995 жылы (29 маусым) осы жолдардың авторы тарапынан профессор Н.Оралбаеваның ғылыми жетекшілігімен тұңғыш рет *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* тақырыбында кандидаттық диссертация қорғалса, осы жылдың қазан айынан бастап университетімізде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі бірлестігі жұмыс жасап келеді. 1995 жылдан бастап студенттерге *«Ахметтану»* арнайы курсы жүргізіліп келсе, 1998 жылы университет баспаханасынан *«Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»* монографиясы (8,0 баспа табақ) жарық көрді. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы жұмыс жалғасын табуда. *«Ахметтану: әдістану ілімі, әдістеме тарихы және оқыту технологиясы»* оқу құралы (10,0 баспа табақ) баспа жоспарына енгізілді. Кафедра жанынан жылма-жыл *«Ахметтану тәлімі»* конференциясын *(қыркүйек айында)* өткізу ұйғарылып, диплом жұмыстары қорғалуда.

Уақыт көші ілгері озған сайын қазақ феномені Ахмет Байтұрсынұлының аяулы есімі әлемдік мән-мағына ала түсуде. Оған айғақ – әлемнің әр шалғайында, Орынбор мен Алматыда, Түркия мен Германияда өткен халықаралық симпозиумдер мен конференцияларда, басқа да алқалы жиындардағы қазақ, орыс, нидерланд, қырғыз, түрік, неміс, қарақалпақ, өзбек сияқты өзге де түрлі ұлт ғалымдарының ол жөніндегі ой-толғамдары, ғылыми баяндамалары мен зерттеу мақалалары.

І. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелері туралы. Ахмет Байтұрсынұлы халықтың санасына бірден әсер етуді, ақыл-ойын өзгертуді, көзін ашуды сауаттандырудан бастамақшы болды. Ол қоғамдық қызметін ағартушылық жұмыспен қатар жүргізу қажеттігін түсінді. Жұртшылықтың сана-сезімін ояту үшін, дұрыс бағыт алуы үшін жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін ұқты. Бұл туралы ғалым Р.Сыздықова былай деп жазады: *«Қысқасы, А.Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз» боп тұрғанда, қараңғы халқының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі емес, бірегейі өзі еді. Ағартушылық – сол кезеңдегі қазақ қауымының тіршілігінде ең қажет, ең игілікті іс болатын. А.Байтұрсынұлы осыны жақсы білді, дұрыс таныды».*

А.Байтұрсынұлы 1905 жылы Қарқаралыда қызмет атқарып жүрген кезінде бір топ қазақ зиялылары бірлесіп, патша үкіметінің жоғарғы басқару орнына петиция жолдағаны белгілі. Онда өзге мәселелермен бірге қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін нақты талап еткен. 1913-1918 жылдар аралығында 8000 дана таралыммен жарық көрген «Қазақ» газетінің бас редакторы бола жүріп те А.Байтұрсынұлы әліппе, оқулық шығару, сауат ашу, оқыту мәселелерін бір сәт естен шығармаған. 1913 жылы ақпанның 2-сінде шыққан газеттің тұңғыш нөмірінде-ақ *«оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету»* негізгі көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыттарының бастыларының бірі екендігін айтқан.

Ал 1917 жылы желтоқсанның 5-13-і аралығында II жалпы Қазақ съезі өткені тарихтан мәлім. Зерттеуші Б.Қойшыбаев осы съездің 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрғанын, А.Байтұрсынұлының халық кеңесі құрамына ұсынылмағанын, оның оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланғанын жазады

(«Көзқарас эволюциясы», Қазақ әдебиеті, 1989, 27 қаңтар). Яғни, бұған дейін де сауат аштыру, оқыту бағытындағы әліппе, тіл құралдарын жарыққа шығарып үлгерген А.Байтұрсынұлының осы орайдағы халыққа ауадай қажетті ісін жалғастыруы орынды көзделген. Ал А.Байтұрсынұлы секілді ғұламаның қазақ жұртшылығы үшін жасаған өзге қызметтеріне қоса әйгілі оқулықтар жазуына да түрткі болған негіз – оның жан сала айналысқан жұмысы ағарту ісі. А.Байтұрсынұлы туған халқын оқуға тек жалаң шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы, жан-жақты сөз етті. Бұл орайдағы жазбаларының өзі үлкен бір тізбек құрайды. Ал бұның өзі А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтарын құрастырып, жазуының баспалдағы, соған барар жолдағы сүрлеуі іспетті.

А.Байтұрсынұлы білім көзінің алғашқы сатысы бастауыш мектепке баса назар аударады. «Қазақ» газетінің бетіндегі «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласында автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керектігін мәселе етіп қойып, сол тұстағы қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы қиын екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдары, тіпті оқу тәртіб (мектеп режимі) жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтудан бастаған *(«Бастауыш мектеп», «Қазақ» газеті, 9 мамыр, №16). А.Байтұрсынұлы бірде «қазақта балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ»* дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде *«білімнің бас құралы – кітап»* деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне атсалысуға болатындығын айтады. 1913 жылы «Қазақ» газетінің бетіндегі «Оқыту жайынан» атты мақаласында да осы ойын нақтылайды. Онда: *«Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген программа жоқ, онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз»,* - деп түйеді.

Қазақша оқулықтар да бірден жазыла салмағаны белгілі. Сол кезеңде қазақтың көзі ашық зиялылары, ағартушылары осы орайда пікірталас жүргізіп, ой бөлісіп отырған. Соның бірі ағартушы әрі ақын Таһир Жомартбаевтың жоғарыдағы мақаладағы *«Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар даяр ма? Даяр болмаса, ноғайша кітаптарды аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы? Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген программаларын сол күйінде аламыз ба? Яки қазаққа лайықтап, ыңғайлаймыз ба?»* деген сауалдары. А.Байтұрсынұлы бұған жауап ретінде ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейтіндігін бірден айтады. Бірақ тап сол тұста қазақ мұғалімдерінің қолына ұстата салар оқулық та жоқ болатын. Амалдың жоқтығынан А.Байтұрсынұлы: *«Сондықтан қазақта оқу құралы кітаптар болмаса, ноғай кітаптарымен оқытпасқа шара жоқ. Қазақ балаларын ноғай кітаптарымен оқытуда қолайсыздық, кемшілік көп, бірақ амалсыз ол кемшіліктермен келісеміз. Ноғай кітаптарымен оқытқан соң, олардың программаларын алмасқа болмайды. Программасын қазаққа ыңғайлаумен, қазақша құралдар сай болмаған соң, программа бір жаққа, оқу екінші жаққа – екеуі екі жаққа кетеді. Программада керек деген нәрселердің бірі болмаса да, көбі оқу құралдарынан табыларға керек. Ноғайдың тәртіпті мектебіндегі программасын ала тұратын болған соң, оқу кітаптарын да сол тәртіпті мектептерінен аларға тиіс», - дейді.*

«Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрттың ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі – біздің қазақ. Құр қалғанын қазақтың өзі де сезіп, баласын оқытуға, білім үйретуге ықылассыз емес, бірақ жаңадан басталған жұмыс тәртіпке түсе алмай жатыр. «Көш жүре түзелер» деген, түбінде түзелмей қалмас, түзетуге жұрт азаматы қам қылмаса», - деген ағартушы оқуға керек құралдар, ол құралдардың ішінде ең керектісі әрі қымбаты оқу кітаптарын шығаруды әріден ойлайды. *«Оқу құралдары сайлы болмаса, оның ішінде оқу кітаптары оңды болмаса, оқу*

да оңды болмайды. Шеберге аспап серік, мұғалімге құрал серік. Аспапсыз шеберлер еш нәрсе істей алмайды, құралсыз мұғалімдер бала оқыта алмайды», не болмаса, «Дүкенсіз ұста еш нәрсе істей алмайды, мұғалімдер де, қандай жақсы болғанмен, құралсыз балалардыоқыта алмайды» деген тұжырымға келеді.Осы саладағы А.Байтұрсынұлының зор еңбегін ғалым Р.Сыздықованың сөзімен түйіндесек былайша өрілер еді: *«А.Байтұрсынұлы – қазақ арасында мектеп ісін (жалпы ағартушылықты) жолға қоюға күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған практик. Сонымен қатар ол оқу-ағартуды жолға қою үшін қажет өзге де шараларды қолға алған қайраткер болды. Бұл шаралар: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жазу, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танып оқитын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда А.Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып емес, ғалым-ағартушы болып көрінеді».*

Өткен ғасырдың 10-жылдарынан бастап қазақ қоғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын *әліппе құралдарын жасау* қолға алына бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың *(М.Нұрбаев, М.Малдыбаев, З.Ерғалиев т.б.)* қазақша әліппелері жарық көрді, бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппесі 40 беттік көлемде «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынбор қаласында М.Ш.Кәрімов, Ш.Құсайыновтар баспасында жарық көрді. Осы ретте ағартушы ғалымдарымыздың бірі Т.Шонанұлы: *«Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес. Дүмше молдалар әліппе жасай алмай, балаларды «Әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов, Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді»,* - деп жазды. Тұңғыш оқулық авторының өзі де қазақша әліппенің 1-кітабы деп көрсеткен. Оқу құралы сол кездегі ең алдыңғы оқыту әдістерінің бірі усул сотие жолымен тәртіп етілген. Оқу құралының титул бетіне алты тармақ өлең жолын келтірген *(«Балалар! Бұл жол басы даналыққа. Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та! Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көп. Соларды көре тұра қалалық па? Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық. Жүріңдер іздеп тауып алалық та!»).* Соңына «А.Б.» деп көрсеткен. Қарап отырсақ, бұл өлең жолдары атақты Ыбырайдың күллі алаш еліне белгілі *«Кел, балалар, оқылық!»* атты әйгілі шумағымен үндес, тақырыбы бір – оқуға, өшпес жарық, кетпес байлық-даналыққа бастар жолға түсуге шақырады. Титулдың екінші жағына: «Бұл алифбадағы қай харіф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын *«Баяншы» деген кітапшадан қараңыз.* Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатұғын харіптер алифбаға жалғас 2-кітаптан оқылады», - деген жолдармен сілтеме берген.

А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» 1912-1925 жалдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу ағарту жұмысында біршама ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланылады. Негізінен А.Байтұрсынұлы әліппелері Орынбор,
Семей,Ташкент, Қызылорда қалаларында басылып шықты. Соның ішінде Орынборда - 9, Семейде-2, Ташкентте-1 (2), Қызылордада-5 (6) реттен басылды.

Бұл оқу құралдарына өз тұсында әр түрлі бағалар да берілген. Мәселен, әдіскер ғалым Т.Шонанұлы: *«... Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліппесі біздің өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. ...Ал Ахметтің кітаптары болса қазіргі қазақ мектептерінде қолданылатын жалғыз оқулық. ...Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі европалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі»,* - деп жоғары бағалады.

А.Байтұрсынұлы үнемі ізденістің нәтижесінде 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады. Бұл жаңа құрал осы күнгідей түрлі суреттермен берілген оқулық еді. Кітап «Әліп-би» деген атпен 1926 жылы Қызылорда қаласынан 116 бет көлемде басылып шығады. Осы жолы «Жаңа мектеп» журналы бетінде жазған рецензиясында Т.Шонанұлы А.Байтұрсынұлы «Әліп-биін» *«үлкен олжа»* ретінде бағалайды: *«Бұл әліп-биі оқу*

құралдығы жағынан бір қымбат болса, ішкі маңызымен екі есе қымбат. Жаңа әліп-би Ахаңның бұрынғы әліп-билеріне тіпті ұқсамайды. Ахаң бұрынғы әліп-билері кезінде «әліп-екі үсін әннен», «Абжет әуестен», ескі молдалар оқыту әдісінен, ескі «қытай» жазуынан құтылдырса, бұл әліппе бізді бұл күнгі педагогиканың соңғы сөзімен таныстырып отыр, жазу әдісі жағынан да, мазмұн жағынан да педагогиканың үстіміздегі мақсаты мен бағытына үйлесіп шығып отыр», - деп жазады. Сондай-ақ, әліппе кітабының сапалы шығуы жөнінде де өз пікірін білдіреді. Бұл орайда рецензия авторы: «Кітапта 126 сүгірет бар. Мұнан басқа диаграм және басқа түрлі сызықтар бар. Сүгіреттер жақсы, басылуы әдемі, әріптері ірі, сырты қолайлы», - дейді [2]. Ал 1927 жылы тап осы көлемде «Әліп-бидің» екінші басылымын Қызылорда – Ташкент баспалары бірігіп шығарды. Ақырында 1928 жылы Қызылорда қаласында оқулықтың үшінші басылымы 20000 таралыммен жарыққа шықты.

Тұңғыш қазақ кеңес библиографы Міржақып Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» еңбегінде А.Байтұрсынұлының оқулықтарына көрнекті орын берілген. Осы көрсеткіште 1926 жылы жарық көрген «Әліп-би» оқулығына Қазақстан мемлекеттік білім кеңесі былайша жоғары баға берген: *«Бұрынғы Әліпби қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Мынау жаңа Әліпби бұрынғылардан қай ретте болса да аса артық. Бұл Әліпбидің мазмұны, қазақ жағдайына қарай мемлекеттік білім кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына қолайлы тәртіппен құралған. Бұл Әліпби оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл Әліпби аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Сыртқы көрінісіне қарағанда тұтас сөздер әдісімен жазылған сықылды, бірақ тәжірибесі аз мұғалімдер мұнымен дыбыс әдісі бойынша да оқыта алады. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. Мазмұн жағынан, әдіс жағынан да артық кемшілік таба алмадық. Бұл Әліпби бұрынғысына жүдә ұқсамайды. Көңілдегідей болып шыққан»* [9; 10].

Оқу-ағарту саласында өшпес із қалдырған *А.Байтұрсынұлы әліппелері жеті рет басылым көрді.* Осыншама таралымнан басылым көріп, ағарту саласында ұзақ қолданысқа ие болған өзге бірде-бір әліппе, оқулық жоқ. Басқа авторлардың әліппелері құрылымдық, әдістемелік жағынан енгізілген материалдары жағынан олқы соғып, бір рет басылым көруден аспайды. Ал А.Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтары сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, белгілі педагогикалық-дидактикалық қағидаттарды сақтай білуімен, жасөспірімдердің психологиялық жас ерекшеліктерін, тіпті ұлттық ерекшеліктерін ескере жазуымен құнды болды. А.Байтұрсынұлы әліппелерін қазақ жұртшылығы ана тілінде жазылған аса қажетті тың құрал ретінде қабылдады. Ұлы ағартушының әліппе, оқулықтарының үсті-үстіне мол таралыммен басылып, ұзақ қолданылуының бір астары осында.

II. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл - құралдарының» басылым көруі жайлы. А.Байтұрсынұлының «Тіл құралдары» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатынан туған. «Тіл құралдарды» ұсынудағы алға қойған мақсаты жөнінде А.Байтұрсынұлы оқулыққа жазған «Сөз басында» жеткілікті баяндаған. Онда адамның *адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі ретінде тілді жоғары бағалай отырып: «Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғанынан жеңіл болмас еді»,* - дейді. Ендеше, жазу заманында, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден де артық дәрежеге жеткен заманда *«сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек»* деген түйінге келеді. Ал бұл күрделі түйінді шешетін бір-ақ нәрсе, ол – «Тіл-

құралдары». Осы іспетті ойлардан келіп А. Байтұрсынұлы: “Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін үйрету керек. Бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін балаларға оқытуға осы «Тіл-құрал» деген кітапшаларды шығардық”, - дейді.

Жалпы А. Байтұрсынұлының бастауыш мектепте балаларға арналған тіл таныту ісі дыбыс жүйесі мен түрлері, сөз жүйесі мен түрлері, сөйлем жүйесі мен түрлері сынды үш сатыға бөлінеді. Оқулық авторы бірінші тіл танытқыш кітаптың 1925 жылғы басылымында «Тіл-құрал» үшке бөлінгенмен, әрқайсысы әр жыл оқылмайды. Бұл үшке бөлу жылдық оқу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесі бойынша үйреткен уақытта әр жүйесінен балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алынып үйретіледі. Қандай қай жылда үйретілетіні бастауыш мектеп программдарында көрсетілген”, - деген пікір де келтіреді. Әрине, бұл қазақ тілін белгілі бір бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін аңғартса керек.

Қалай болғанның өзінде де А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралдары» - қазақ қауымы үшін бұрын-соңды болмаған соны дүние, тың құбылыс еді. Оқулық авторының өзі де: *«Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйрегендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана, онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа»,* - дегені бар.

Сонымен А. Байтұрсынұлының өз тұсында үлкен сұранысқа ие болған «Тіл-құралдарының» баспа бетін көруінің өзі бір сала екен. «Тіл-құрал» оқулықтарын өз кезеңінде тек Қазақстан территориясында ғана емес, қырғыз, түркімен, өзбек, татар жеріндегі бауырларымыз да пайдаланғаны бүгінде айқын. Тіпті, А. Байтұрсынұлы еңбектерін теріп жинақтап жүргенімізде, әдіскердің 1924 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл-құралының» мұхит асып, АҚШ-тың Нью-Йорк университетінің кітапханасынан шығуының өзі еңбектің құндылығына бір айғақ. Ғалымның «Тіл танытқыш» еңбектерінің тіл білімі ғылымындағы, практикалық ісіміздегі бағалылығы жөнінде өз кезінде де, бүгінгі тұста да алуан тұжырымдар айтылды, әлі де айтылуда. Соңғылардың бірер пікірін келтірер болсақ, ғалым Р. Сыздықова: *«Тіл-құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Бастауыш мектепке, яғни, алғашқы 4-5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанымен, қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық (морфологиялық-синтаксистік) құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы. Бұл оқулықтар – «қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі бастамасы және дұрыс, жақсы бастамасы. Өйткені, қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларының түрлерін көрсетуде де, сөздердің (септелу, тәуелдену, жіктелу) тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да – қысқасы, қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасын талдап-таныту күні бүгінге дейін А.Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізінде беріліп келеді. Тілдік әр категорияны классификациясынан бастап, бүкіл терминдеріне дейін (бірен-саран жеке сәттерде болмаса) қазіргі мектеп грамматикасы А.Байтұрсынұлы салған негізде ұсынылып отыр»,* - дегені өте орынды да дәл берілген баға. Не болмаса, белгілі ғалым Н. Оралбаева «Грамматика ілімінің бастау көздері» деген мақаласында*: «Қазақ грамматикасы жүйелі түрде зерттеліп, ғылым ретінде бірден қалыптаса қойған жоқ. Қазақ тілінің грамматикасын шын мәнінде жүйеге келтіру кеңес дәуірінде қолға алынғанын ескерсек, онда осы істің бастауында тұрған ғалымдарды естен шығаруға болмайды. Өйткені жүктің ең ауырын солар көтереді. «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалай бітіргендігінде емес» деп ұлы Абай айтқандай, қазақ тілінің алғашқы оқулықтарын, бағдарламаларын жазуды бастаған Ахмет Байтұрсыновтың, Құдайберген Жубановтың игілікті істері*

мен үлгілі тәжірибелеріне дән риза ұрпақтары оны ұмытпай, маңызын түсініп отыруы парыз деп санаймыз», - деген құптарлық пікір айтады. Ал ғалым Т.Қордабаев: *«Ахаңның бұл оқулықтары қазақ тіл білімінің қазақ тілінде алғаш баяндала бастаған заманында, бұдан сандаған жыл бұрын шыққанына қарамастан тілдік категориялардың терминдік ауытқуы жағынан да, классификациясы жағынан да қазіргі еңбектермен үйлесіп, үндесіп жатады. Бұл автор тұжырымының өміршеңдігін, терең де алғыр ойдан туғандығын байқатса керек»,* - деп жоғары бағалайды. Лингвист ғалымның оқулықтары туралы зерттеуші Аманқос Мектепов былайша баға береді: *«Халық тарихында тұңғыш рет ол жазған үш томдық «Тіл құралы» мен «Әдебиет танытқышы» оның теңдесі жоқ еңбегі, ғылыми ерлігі десе де болады. Туған тіліміздің фонетикасын («Дыбыс жүйесі»), морфологиясын («Сөз жүйесі») және синтаксисін («Сөйлем жүйесі») тұңғыш рет, терең біліммен жазған Ахаң еңбектері күні бүгінге дейін қазақ тіл білімінің, ал «Әдебиет танытқыш» әдебиет теориясының мызғымас негізі болып келеді».*

Демек, А.Байтұрсынұлы «Тіл-құралдарының» шынайы құнын аңғартар жоғарыдағы іспетті тілші-ғалым топшылауларын, орнымен берілген бағаларын соза беруге болады. Айналып келгенде, жоғарыда келтірілген үзінділер бірін-бірі толықтыра отырып, А.Байтұрсынұлы «Тіл танытқыштарының» теңдесіз рөлін аңғартса керек.

ІІІ. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы. А. Байтұрсынұлы алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтіруімен бірге, осы оқу құралдарын тәжірибеде қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкіртке қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің әдістемелік әдебиеттеріне сүйене, үйрене жүріп, төл әдістемелік нұсқау, әдістемелік мақалаларын жазып қалдырған. Бұл бағытта мол жазбаларының бірер санын "Баяншы", "Әліппе астары", "Нұсқаушы" (қай жылы жазылғаны белгісіз), "Тіл жұмсар" секілді әдістемелік нұсқаулары мен "Жалқылау (айырыңқы) әдіс", "Баулу мектеп", «Ана тілінің әдісі», «Жалқылаулы-жалпылау», "Қай әдіс жақсы?", "Дыбыстарды жіктеу туралы" мақалалары құрайды.

Бұлардың ішіндегі автордың "Әліппе астары", "Нұсқаушы" деген екі кітабы әзірге қолға түспеуде. А.Байтұрсынұлы мұраларын жинаушылардың айтуына қарағанда, бұл еңбектер Мәскеу, Санкт-Петербург, Уфа қалаларының кітапханаларынан да кездеспеген. Еліміздегі Ұлттық кітапхана мен Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінен де ұшырата алмадық. Дегенмен аталған әдістемелік дүниелер қолымызға түспегенмен, деректерге сүйене келіп, бұл еңбектердің қандай бағытта өрілгенін аңғаруға болады. Мәселен, әйгілі жазушы Мұхтар Омарханұлы А.Байтұрсынұлы жұмыстан босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазып жүргенін айта келіп: "Бұрынғы оқушыларға белгілі "Тіл-құрал", "Оқу құралдарынан" басқа, соңғы жылдарда "Әліппе астарын" һәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр" («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан), - деп хабарлайды. Бұл 1923 жыл болса, ал 1924 жылы "Әліппе астары" еңбегі Орынбор қаласынан 24 беттік көлемде басылып шығады. Нұсқаудың алғашқы бетінде "Оқу құралы" деген қазақша әліп-би бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы деп көрсетілген. Әдіскер ғалым Мағжан Жұмабайұлы да А.Байтұрсынұлы әліппесінің дыбыстық әдіспен құрылғанын сілтей келе: "Бұл алифба бойынша қалай хат танудың жолы А.Байтұрсыновтың "Баяншы" һәм «Әлифба астары" деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын» («Бастауыш мектепте ана тілі», Ташкент, 1923), - деп жазды. Ал ахметтану- дың негізін салушы ғалым Р.Сәтіғалиқызы (Сыздықова): «Оқу құралын» пайдаланудың, жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» атты әдістемелік еңбегінде көрсетеді («Ахмет Байтұрсынов», А., 1990), - деген. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті архивында сақталған 1929 жылы мамырдың 5-інде А.Байтұрсынұлының өз қолымен жазып берген "Газет және журналдарда жарияланған басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі" деген құжатта "Әліппе астары әліппеге методикалық нұсқау" деп көрсетілген [9;10]

А. Байтұрсынұлының “Баяншы” әдістемелік нұсқауы 1920 жылы Қазан қаласының алтыншы мемлекеттік баспаханасында жарыққа шықты. Көлемі 15 бет.Таралымы 8600 дана. Кіндік қазақ өзгеріс комитетінің оқу бөлімі бастырған. Еңбектің титул бетінде “Қазақ мұғалімдері үшін” деп көрсетілген. Әдіскер нұсқауға жазған сөз басында: “Жаңа оқу жолымен таныс емес оқытушылар төменгі “Қазақ дыбыстары һәм олардың жазылу белгілері” деген һәм “Дыбыспен жаттығу” деген екі сөзді оқып әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық емес. Бұл екі сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін жазылған” - деп те көрсетеді. Бұл еңбек ағартушының көп жыл бала оқыта жүріп жасаған әдістемелік тәжірибесінің түйіні, тұжырымы. Оған А.Байтұрсынұлының: “Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан 14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген, іс көргендігім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін (бұл жерде әліппені оқытуды айтып отыр деп білеміз). Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп-көп алғыс айтамын,” – деуі де дәлел [10].

“Баяншы” 1920 жылы баспа жүзін көрді дедік. Бірақ әдістемелік нұсқаудың жазылуы бұдан ертерек секілді. Бұны алғаш байқаған ғалым Р.Сәтіғалиқызы жоғарыдағы аталған еңбегінде былай деп жазады: “1912 жылы шыққан бұл “Әліппеден” біздің көңілімізді аударатын бір мағлұмат аламыз, ол – Байтұрсыновтың «Баяншы» атты методикалық кітапшасы сол кезеңде-ақ бар екендігі. Оған мына текст дәлел: «Бұл алифбадағы қай харф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз». Тілші ғалым пікіріне біз де қосыламыз. Келтірілген үзіндіге жүгінсек, сауат аштыру, тілді оқыту әдістемесінің негізін жасауға ұмтылыс нәтижесінде әзірленген «Баяншы» еңбегі 1910-1912 жылдары дүниеге келген болып шығады т.б.

А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің біраз бөлігі мақалалар тобынан құралады. Әдіскер еңбектерінің библиографиялық көрсеткішінде (А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992,443-445-б.б.) «Ана тілінің әдісі» мақаласы мен «Оқу құралы» еңбегі де аталған. Бұл «Оқу құралдың» өзге оқу құралдардан айырмашылығы, онда «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-биге баяншы» деп жазылған. Сондай-ақ, қызғылт түсті жұқа мұқабасы сыртында «Методические записки по родному языку (на кирг. яз.)» деп те көрсетілген. Ал бірінші бетінде «Балалар, бұл жолы басы даналыққа» деп келетін алты тармақты «Тарту» өлеңі берілген. Бұл шумақ алғаш рет А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынбордан шыққан әліппесінде жазылған. Көлемі 14 беттік әдістемелік еңбек 1921 жылы Ташкент қаласынан шығарылған. Таралымы 10 000 дана. Әдістемелік «Сөз басы» (2-3-бет), «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері» (3-9-бет) «Дыбыспен жаттығу» (9-14-бет) бөлімдерінен тұрады.Ал «Ана тілінің әдісі» мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының 9-нөмірінің 23-31- беттерінде жарияланған. Бұған қоса ағартушының «Баулу мектеп» («Трудовая школа») атты проблемалы мақаласы журнал бетінде 1925 жылы (№1, тамыз) басылған болатын.

Әдіскер ғалымның «Жалқылау (айырыңқы) әдіс» («Аналитический метод обучения грамоте») мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының он бірінші – он екінші нөмірінің 45-49-бет аралығында басылды. Журнал редакциясының басқармасы мақала соңында: «Тұтас сөз – сөйлем әдісінің негізі осы мақалада айтылған болса да, бұл күнде басқаша ұсталатын көздері де бар. Ахаңның жалқылаулы-жалпылау әдісі дегені осы тұтас сөз сөйлем әдісі. Мұның бүге–шүгесі келер санда басылады», - деп көрсеткен. Шынында да журналдың келесі санында, яғни, 1928 жылғы бірінші нөмірінің 31-37-беттерінде «Жалқылаулы-жалпылау әдісі» («Аналитико – синтетический метод обучения грамоте») атты мақаласы жарияланды [9; 10; 11].

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлының аталған мақалаларының атауларынан-ақ көрініп тұрғандай оларда өз ортасына «әлі соны» әдістемелік мәселелер көтерілген. Ана тілімізді қандай әдіс-тәсілмен оқыту орындылығы айтылады,өзара пікір алысуға шақырады. Демек, қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі саласында синтетикалық, аналитикалық, аналитика-

синтетикалық оқыту әдісі жөнінде алғаш әдістемелік тұрғыда пайымдау жасаған, түсінік берген, әдістердің анықтамасын қорытқан әдіскер – Ахмет Байтұрсынұлы. Сондай-ақ, аталған әдістердің жалпылау, жиылыңқы әдіс, жалқылау, айырыңқы әдіс, жалқылаулы-жалпылау, айырыңқы-жиырыңқы әдіс, көрнекілік әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарын(терминдерін) да тұңғыш қолданысқа енгізген де Ахаң. Бір ғажабы ғалым әрбір әдістемелік пікірін өзге алуан тілдің ерекшеліктерімен, қолдану тарихындағы тәжірибелерімен салыстыра қараған.

Демек, А.Байтұрсынұлының әдіскер ретіндегі жазған ғылыми әдістемелік еңбектерінің дүниеге келуі, олардың баспасөз бетінде жариялануының бір парағы осындай. Ал осынау әдістемелік нұсқау, көмекші құралдарының, мақалаларының құрылымы, көтерген мәселесі қандайлық деңгейде екендігі – өз алдына кең көлемді әңгіме.

Бүгінгі 150 жылдық мерейтойы Ахаң мен оның замандастары, рухтастары егемендігін арман еткен туған елінде, сондай-ақ алыс шетелдерде кең көлемде аталып өтпек. Жыл бойы Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына арналған шаралар Қазақстанның барша аймағында, оның ішінде киелі Түркістан жерінде, сондай-ақ, Ыстамбұлда тойланғалы отыр. Ұлт көсемі, қазақ ғылымының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО-ның 41-ші Бас конференциясының арнайы қарарымен 2022-2023 жылдарға арналған халықаралық мерейтойлар тізіміне енгізілгені де зор қуанышымыздың бірі. Халықаралық деңгейде мерейтойдың Париж сияқты жалпы әлемнің мәдени астаналарының бірінде өткізілуі – еліміз үшін үлкен мәртебе [11].

Дарыны жан-жақты тұлғаның өмірі мен мол мұрасын тану арқылы біз халқымыздың болмысын, тарихын және рухани әлемін біле түсеміз.

Ахмет Байтұрсынұлы – көрнекті лингвист-ғалым, қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымының, журналистикасының негізін салушы, ұлттық әліпби мен емле реформаторы, алғашқы әліппенің авторы, қазақ ғылымы мен білім беру жүйесін ұйымдастырушы, қазақ филологиясының тұңғыш профессорларының бірі (1928), ақын, философ, мәдениеттанушы, саясаткер, идеолог, педагог, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларын тәрбиелеген ағартушы ғалым, қазақ руханияты тарихындағы аса ірі тұлға, қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының ғана емес, барлық замандағы ұлтшылдардың рухани көсемі, халқы ұлықтаған Ұлт Ұстазы. Қысқасы, зерттеушілерге сүйене айтсақ, Ахаңның пассионарлық тұлғасына тән қасиеттер: *1) үнемі қозғалыс үстінде жүретін, ізденістен ләззат алатын жасампаз әрекетшілдік иесі; 2)қалыпты жағдайды, дәстүрді, бәріне үйреншікті «комфортты» бұзатын тасқын энергия иесі (Ыстық қайраты – энергиясы орасан тұлға); 3)күллі бір қоғамды, тұтас этносты жаңа сападағы деңгейге шығаратын қуатты идея иесі (Нұрлы ақылы – интеллектісі сом тұлға); 4)өз ісіне деген орасан махаббат пен жанкештілік иесі, іске адалдығы соншалық зор, мақсатына жету жолында жеке басын, тіпті отбасы мен айналасындағы жақындарын да құрбан ете алатын тұлға (Жылы жүрегі – адалдығы ерекше тұлға); 5) тұтас бір қауымның, қоғамның, ұлттың болашақтағы мүддесін проекциялап, оны да әрдайым бір өзінің немесе аз ғана топтың мүддесінен биік қойып, соған қызмет ететін тұлға* [12,57].

Қорыта айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың дарабоз, бірегей тұлғасы. Демек, тұлғаны терең тануымыз керек. Ал, қазақ ғалымдарына сүйене айтсақ, тұлғаны тану дегеніміз – алдымен оның туған халқын, өмір сүрген дәуірін, еңбек еткен ортасын, айналасын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету. Десек те, Ахаңның сом тұлғасы, атқарған қыруар ісі, халқына сіңірген еңбегі дәл осындай кең көлемді контексте, белгілі бір жүйеде әлі жете танылмай келеді. Жинақтай айтар болсақ, бұл ретте, біріншіден, таразылау нысаны болар замандастарының Ахмет Байтұрсынұлына берген бағалары десек, екіншіден, Ахаң мұрасының бүгінгі таңдағы зерттелу жайы, үшіншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі таңдағы талдаулармен үндестігі, сабақтастығы.

Ал бұтарлай үңіле түссек, ахметтану баспалдақтары сапына алғашқы кезекте төмендегі мәселелерді аша, анықтай түсуді қосар едік:

1. А.Байтұрсынұлының қоғам қайраткерлік қызметіне қатысты кезеңін қосымша деректермен толықтыра түсу қажеттілігі айқын сезіледі. Әсіресе, Ахаңның қазақ мемлекеттілігін қамтамасыз етуде өлшеусіз еңбек сіңіргендігін кейінгі ұрпаққа таныту. Мәселен, қазақ автономиясын құру, бөлшектеліп, кеткен қазақ жерін түгендеу, аштарға көмек ұйымдастыру, халық ағарту саласын жүйеге келтіру, қазақ мектептерін оқу құралдарымен қамтамасыз ету, тіл саясаты мен қазақ тілінің мәртебесіне ден қою, т.б.

2. Ғалымның 150 жылдық мерейтойы тұсында оны тіл маманы ретінде әр қырынан жан-жақты тани түсу де парыз болмақ. Осы тұрғыдан келгенде Ахаң мұрасы әлеуметтік лингвистика ғылымы саласынан арнайы зерделеуді қажет етеді. Бұл – Ахаңның тілді қарым-қатынас құралы ретінде орнына, тіл саясатына, тілдің әлеуметтік қызметіне (жазуды жетілдіру, қазақ тілін дамыту, ұлтты дамыту, терминдерді жаңарту, кірме сөздерге қатысты көзқарас, дұрыс емле түзу мәселесі т.б.), қазақ тілінің таза сақталуына, тілдердің байланысына, тіл болашағын болжауға қатысты ой-түйіндерінің астарына үңілу деген сөз.

3. Академик З.Қабдолов Ахаңның әйгілі «Әдебиет танытқышын» (1926) біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің «Поэтикасымен» теңдес сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу ретінде бағалайды. Сөзсіз, бұлардың «бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы әліпбилері». Осы түйіндерге жапсарлас айтар болсақ, Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге аса жауапкершілікпен қарау мәселесі күн тәртібінде. Яғни, Ахаң терминдерін жапа-тармағай жіпке тізе бермей, таңдау, талғау, талдау нәтижесінде екшеу, елеу, іріктеу, сұрыптаудың қажеттілігі.

4. Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің маңызды бір саласы – қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты зерттеулерінің ғалымдар тарапынан аз ескерілетіндігі. Ендеше, А.Байтұрсынұлының өз заманындағы әлемдік дәрежедегі ірі әдістемеші ғалымдардың еңбектерімен жетік таныс болғандығын, әлемдік деңгейдегі әдістеме теорияларымен қаруланып қана қоймай, оған сын көзімен қарап, пайдалысын әліппе, оқулық жазғанда қолдана білгендігін ескеру қажет. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының әдістемелік негізін талдап беру, оның қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолдану орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер ететіндігін білу. А.Байтұрсынұлының әдістемелік терең білімі, мұғалімдік тәжірибесі, оны қорыта білу қабілеті оқулықтарының әдістемелік негізде жазылуын ғана қамтамасыз етіп қоймай, оның әдістемелік ғылыми еңбектер жазуына негіз болғандығын тану.

Қысқасы, ғылымның дамуына орай ахметтану сатыларын соза беруге болар. Біздің тарапымыздан айтылғандары бірер бастылары ғана.

Әдебиеттер:

1. Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Egemen Qazaqstan» газеті, №52, 17 наурыз 2022 ж., -1-5-б.б.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газеті, №2, 5 қаңтар 2021 ж., -1-3-б.б.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік» мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газеті, №62, 2 сәуір 2019. -1-2-б.б.

4. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газеті, №70, 12 сәуір 2017. -1-2-б.б.

5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы // «Egemen Qazaqstan» газеті, №223, 21 қараша 2018 ж. 1-2-б.б.

6.Қыдыршаев А.С. «Жаңа Қазақстан – Тәуелсіз елдің ертеңі» // «Aqiqat» - «Ақиқат» журналы, №4, сәуір 2022 ж., -3-7-б.б.

7. Қыдыршаев А.С., Танзенов Д.Ж. Жолдау өзегі – ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру // «Үш қоңыр» Республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газеті, №37 (504), 11 қыркүйек 2020 жыл. 1-бет

8. Қыдыршаев А.С. Рухани жаңғыру: жаңа ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарға баулу ісі, айқын мақсат, нақты міндеттер межесі. Әдістемелік көмекші құрал. – Орал, 2019. -70 бет

9. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреже. алу үшін дай. дисс. автореферaты. – Алматы, 1995. -30 б.

10. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Монография. Орал: БҚМУ, 1998. -132 б.

11. Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы // Құраст. С.Есіркеп, Г.Мұқан. – Нұр-Сұлтан, 2022. -300 бет.

12. Фазылжан А. Ахмет Байтұрсынұлының пассионарлық тұлғасы: ғалым, ғалым-ағартушы, ғалым-қайраткер // «Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. –Нұр-Сұлтан, 2022. -56-75-б.б.

13. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №9-10, 1997. -56-60-б.б.

14. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынов – әдістемеші // Жалын. -1993. -№3. -52-54 б.б.

15.Қыдыршаев А.С. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу // Қазақ тілі мен әдебиеті. -1993. -№10-11-12. -28-34-б.б.

16. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. -1994. -№7-8 -11-15-б.б.

17. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдіскерлігі // Бастауыш мектеп. – 1994. -№2. -3-7-б.б.

18. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы // Ұлағат. -1995. -№3. -47-53-б.б.

19. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері // Қазақ тілі мен әдебиеті. -1997. -№9-10-56-62-б.б.

20. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығы туралы // Поиск. -1998. №2. -4-8-б.б.

ӘОЖ 37; 811.512.122

ТҮРКІЛЕРДІҢ КӨНЕ ДӘУІРДЕН БАСТАП БҮГІНГІ КҮНІМІЗГЕ ДЕЙІНГІ ҚОЛДАНҒАН АЛФАВИТТЕР

Гөксэл ӨЗТҮРІК
ғылым докторы (PhD). Стамбул 29 Майс университетінің профессоры,
Стамбул қаласы, Түркия Республикасы.
Мерве БАЙКАЛ
Стамбул 29 Майс университетінің магистранты,
Стамбул қалаасы, Түркия Республикасы

Резюме: *В статье подробно рассмотрено использование тюрками разных алфавитов в связи с их миграцией, распространением на обширный географический регион во времена вражды и смешением с различными цивилизациями, культурами. Подробно проанализировано, служили ли тюркскому миру алфавиты, основанные на древнетюркском алфавите, арабском, армянском, кириллическом, латинском и др.*

Ключевые слова: *древние тюрки, история письменности, арабская письменность, кириллическая, латинская, армянская письменности, алфавиты*

1. КІРІСПЕ

Түріктердің көші-қон мен жаулап алу арқылы кең географиялық аумаққа таралуы, әртүрлі өркениеттерге енуі, әртүрлі діндер мен мәдениеттерді қабылдап, қабылдауына байланысты түріктер тарих бойы көптеген әліпбиді өзгертті (User, 2006: 226).

Бұл зерттеуде түркілердің тарих бойы қолданып келген әліпбилері талқыланып, өрнек түрлі мысалдармен, суреттермен дәлелденген. Зерттеуде тарих бойы қолданылған Гөктүрік әліпбиі, Мани әліпбиі, Соғыт алфавиті, ұйғыр әліпбиі, Брахми әліпбиі, несториан-сирий әліпбиі, тибет әліпбиі, қытай әліпбиі, иврит әліпбиі, печенег әліпбиі, пассе-па әліпбиі, грек әліпбиі (грек әліпбиі) , армян әліпбиі, латын-кириллица, кириллица (славян) әліпбиі, жаңа түрік әліпбиі қарастырылды.

2. ӘЛІППЕ АНЫҚТАУ

Әліпби сөзі грек әліпбиінің альфа және бета деген алғашқы екі әріпінен шыққан (KILIÇ, 2011: 5). «Әліпби – жазбаша белгілер жүйесі, олардың әрқайсысы фонема немесе бірліктерді қамтиды» (User, 2006: 18).

3. ТҮРКІЛЕР ЖӘНЕ ӘЛІППЕ ҚОЛДАНУЫ

Түріктер тарих бойы өз тілдерін жазып алу үшін алуан түрлі жазу стильдерін пайдаланған.Түрік жазба тілін тек VII ғасырдан бастап зерттеуге болады, өйткені тарихи дереккөздер мен зерттеулер түркілерде бұрын жазу болғанын көрсетеді (Yüksekkaya,, 2013: 393). Түріктердің көптеген әліпбиді өзгертіп, кең географиялық аумаққа таралуы, әртүрлі өркениеттерге енуі, әртүрлі діндер мен мәдениеттерді қабылдауымен түсіндіріледі (Yüksekkaya, 2013: 393).

***** ғылым докторы (PhD). Стамбул 29 Майс университетінің профессоры, Стамбул қаласы, Түркия Республикасы.

****** Стамбул 29 Майс университетінің Магистранты, Стамбул қаласы, Түркия Республикасы.

4. ТҮРКІЛЕР ҚОЛДАНАТЫН ӘЛІППЕ

4.1. ГӨКТҮРК ӘЛІПБИІ

Енисей қырғыздары мен көктүріктердің V. - VI. IX. - IX. Ғасырлар арасында кеңінен қолданыста болған Гөктүрік әліпбиі (Ertem, 1991: 55-56) түріктер қолданған алғашқы жазу

жүйесі (Kılıç, 2011: 7). Ескі скандинав жазбаларында қолданылған рун жазуының сипатына ұқсайтындықтан, Еуропа және Ресей түркология әдебиетінде Сібір рун әріптері, Енисей рун әріптері, руникалық алфавит және түрік руна жазуы деп аталатын бұл жазу жүйесі «Гөктүрік» деп аталды. әліпбиі» көне түрік тілінің тілі мен жазуы бойынша жұмыс істейтін ғалымдардың ', 'Орхон (Орхон, Оркун, Өркон) әліпбиі', 'Түрік алфавиті', 'Көк түрік сына жазуы' (User, 2006: 27-28).

Гөктүрік әліпбиін алғаш рет 1892 жылы 25 қарашада Вильгельм Томсен ұзақ зерттеулер мен зерттеулердің нәтижесінде ашты (Kılıç, 2011: 7). Гөктүрік жазуының шығу тегі туралы теорияларды қарастырғанда, біз алдымен Гөктүрік жазуы герман немесе скандинавиялық рун әріптерінен туған деп есептейтін Хейкельді кездестіреміз (User, 2006: 32). 1824 жылы Генрих Юлий фон Клапрот өзінің «Sur quelques Antiquitês de la Siberie» атты еңбегінде көктүрік жазуын грек жазуымен байланыстыратын сияқты (User, 2006: 33). Доннер теориясына сәйкес, Göktürk жазуы Ликия, Финике, Хетт және Фириг әріптерінен пайда болды (User, 2006: 33). Томсен, Гаутиот, Брокельман және Йенсен көктүрік әліпбиінің шығу тегі арамей және онымен бір түбірі бар пехлави немесе сөгут әліпбиі екенін айтты (User, 2006: 33). Радлофф Томсеннің идеясымен ішінара келісіп, Гоктүрк жазуының арамей және скандинавиялық рундардың қоспасы екенін дәлелдеді (User, 2006: 33). Одан кейін А.Кафероғлу мен Арат кейбір айырмашылықтармен қабылдаған Аристов пен Маллицкийдің Гөктүрік жазуы түрік мөрлерінен тұрады деген теория келеді (User, 2006: 33). Ал А. Джеват Эмре болса, көктүрік жазуының 30 түрін шумер линиясының 25 түрімен салыстыра келе, көктүрік жазуы шумер сызықтарынан алынған деген қорытындыға келген (User, 2006: 33). 1904 жылы Соколов Гөктүрік жазуы арамей жазуы мен түрік таңбаларының қоспасы деп мәлімдеген (User, 2006: 33). Поливанов көктүрік жазуының соғуд және пехлеви жазуларының әсерлерімен бірге түрік таңбаларының фонетикалық құндылығының артуы нәтижесінде уақыт өте келе пайда болғанын және жолдардың оңнан солға, белгілердің төменнен жазылуында қытайлық әсер бар екенін алға тартады. жоғарыға (User, 2006: 34).

Əhməd Baytursunov Karqaralı qəzasında işlərkən ictimai-siyasi fəaliyyəti aktivləşir. 1905-ci ildə Rusiyanı bürümüş inqilabi əhval-ruhiyyə ona da güclü təsir edir. O dövrdə çar II Nikolayı hümanist və ədalətli bilənlər. hesab edirdilər ki, onun rüşvətxor, qəddar, xalqı haqsız yerə incidən məmurlardan xəbəri yoxdur. Xəbəri olarsa, günahkarları cəzalandırar. Buna görə də çoximzalı məktublar tərtib edərək çar II Nikolaya təqdim etmək istəyirlər. İmza toplayanlar keşiş Qaponun öndərliyində, 1905-ci il yanvarın 9-da çar sarayı yaxınlaşdıqda onlara çarın mühafizə dəstələri odlu silahlardan atəş açır. Tarixə Qanlı bazar günü kimi daxil olan bu faciədən sonra çar II Nikolaya da inam sarsılır. Qazax xalqı arasında çar II Nikolaya və onun idarə aparatının demokratikləşəcəyinə ümüd bəsləyənlər də çox idi. Bu inamı qırmaq üçün qazax ziyalıları, başda Əli xan Bökeyxanov və Əhməd Baytursunov olmaqla qazaxların 1905-ci ilin iyununda Karqaralı quberniyasının Kuyandı bölgəsində keçirilən yarmarkadan istifadə etməyi qərara aldılar.

Əlixan Bökeyxanın rəhbərliyi ilə açıq havada keçirilən toplantıda Rus hökumətinə torpaq, mülk, dini azadlıq və mədəniyyət məsələlərinə aid bir diləkçə göndərilməsi qərara alınır. Toplantıda çıxış edənləri iki qrupa-milli dəyərlərə üstünlük verənlərə və demokratikləşmə tərəfdarlarına, yəni Avropaya meyillilərə ayrılır. Birinci qrup çoxluq təşkil etdiyindən iclası Əlixan Bökeyxan aparır və qərarlar da onların təsiri altında qəbul edilirdi.

Əlixan Bökeyxan və Əhməd Baytursunovun hazırladığı məktuba on dörd min beş yüz imza atılır. Çarizmin bölgədəki idarəçiliyinə, xüsusən rusların bölgəyə köçürülməsinə etirazı özündə əks etdirən məktub Peterburqa göndərilir. Tarixə "Karqaralı petisyası" adı ilə daxil olan bu sənədin hazırlanmasında, imzatoplama kampanyasında Əhməd Baytursunovun fəallıq göstərməsi hökumət məmurlarının diqqətindən yayınmır. Ona qarşı təzyiq və təqiblər başlayır. Bu da gənc müəllimin ictimai-siyasi fəallığını daha da artırır.

Bundan az sonra "Qazax çöllərindəki torpaqların mərkəzi quberniyalardan köçürülənlərə verilməsinin dayandırılması, qazax dilinin məhkəmələrdə və dövlət idarələrində işlədilməsinə icazə verilməsi" diləkcəsilə qazax ziyalılarından və tayfa başçılarından təşkil edilmiş bir qrup Peterburqa çar II Nikolayın qəbuluna gedir. Onların istəkləri baş tutmasa da, I Dövlət Dumasına seçkilər qarşısında olduğundan nümayəndə heyəti Kadetlər partiyasının rəhbərliyi ilə görüşür, onlarla əməkdaşlıq etmək haqqında razılığa gəlirlər. Razılaşılır ki, 1905-ci ilin dekabrında qazax-qırğızların bir konfransı keçirilsin.

Qazax-qırğız, türkmən, özbək gənclərinin İdil (Volqa)-Ural bölgəsindəki, eləcə də xarici ölkələrdəki mədrəsələrdə oxumasını əngəlləyən qanunların aradan qaldırılması üçün mübarizə aparan Əhməd Baytursunovu hökumət əleyhinə təbliğat aparmaqda suçlayıb 1909-cu il iyulun 1-də Karqaralıda həbs edirlər. Oradan Semey şəhərindəki həbsxanaya, 1910-cu il martın 9-da isə Orenburqa sürgünə göndərirlər.

Sürgün illərində pedaqoji təcrübəsinə dayanaraq "Oxu qaydları" (1910) kitabını yazır. Müəllimlər üçün hazırlanmış kitabda qazaxlar ərəb əlifbası ilə yazıb-oxuyarkən səslilərin necə oxunmalı olduğu öyrədilir. Əslində bu İ.Kaspıralının başladığı üsul-i cədid təliminin qazaxlar arasında yayılmasına xidmət edirdi. Kitabı 1912-ci ildə Orenburqda çap etdirə bilir. Rus dili vasitəsilə etdiyi çevirmələrini 1909-cu ildə toplayaraq kitab kimi çap etdirir. "Qırx misal" adlandırdığı bu kitaba əsəsən İvan Krılovdan etdiyi tərcümələrlə yanaşı, A.P.Sumarakov, V.İ.Maykov, İ.İ.Hemnitser, A.S.Puşkin, M.Lermantov və S.Y.Nadsondan etdiyi çevirmələri

daxil edir. Satirik şeirlər yazan, rus dili vasitəsilə Rus və Batı Avropa klassiklərindən tərcümələr edən Əhməd Baytursunov 1911-ci ildən başlayaraq "Türküstan valayatı" (1870–1918), "Dala valayatı" (1888–1902) qəzetlərində, "Aykap" (1911–1915/16) və "Şura" jurnallarında məqalə və şeirlərini çap etdirir. Azərbaycanda ədiblərimiz Mozalan, Zənbur və b. kimi imzalardan istifadə etdikləri kimi Əhməd Baytursunov da Masa (Ağcaqanad) imzasından istifadə edir. Onlar qəflət yuxusunda olanları sanki sancmaqla oyatmaq istəyirdilər. Əhməd Baytursunovun satirik şeirlərdən ibarət "Masa"(Ağcaqanad) kitabı da 1911-ci ildə Orenburqda nəşr edilir. Bütün bunlar onu gələcəyin redaktoru kimi formalaşdırır. (3).1913-cü ildə I Dövlət Dumasının deputatı olmuş Əli xan Bökeyxanov "Kazax" adlı qəzetin nəşrinə icazə alır. Qəzetin redaktorluğu Əhməd Baytursunova tapşırılır. "Kazax"a yazdığı ilk baş məqalədə qəzeti millətin görən gözü, eşidən qulağı, danışan dili adlandıran Əhməd Baytursunov millətinin maariflənməsi üçün çox çalışır. O, gah xalqının ziyalı övladlarının millət üçün gördükləri işləri təqdir edən məqalələr yazır, gah məktəblərin yenidən qurulması, dərslərin hansı metodla keçilməsi haqqında müzakirələr açır, gah da yaramaz, mühafizəkar və rüşvətxor məmurları kəskin tənqid edir. Qazax-qırğızların ictimai-siyasi və mədəni həyatını işıqlandıran yeganə qəzetə çevrildiyinə görə abunəçilərin sayı elə birinci il üç min nəfərə çatır. 1913-cü ildə "Kazax" qəzetində çap etdirdiyi "Qazaqtıñ bas akını" ("Qazağın baş şairi") məqaləsində Abayın Kunanbayevin həyatından, yaradıcılığından, ictimai fəaliyyətindən, qazax ədəbiyyatına gətirdiyi yeniliklərdən söz açır. 1914-cü idə çap olunan səksəninci saydakı "Qırğız (qazax) vilayətini idarə etmə üsulları" adlı tənqidi yazısı böyük əks-səda doğurur. Dəfələrlə redaksiyasında axtarışlar aparılan, redaktoru qubernator və jandarma idarəsinin rəisi tərəfindən istintaqa çağırılan "Kazax" qəzeti bağlanmaq təhlükəsi ilə üzləşir. Çünki, qubernator general-leytenant Nikolay Aleksandroviç Suxumlinov qəzetin redaktoru Əhməd Baytursunovu 1500 manat cərimə edir. Əhməd Baytursunov qəzet bağlanmasın deyə cərimə əvəzində səkkiz ay həbsdə yatmağa razı olur. Səhhəti həbsxana üçün münasib olmasa da, özü həbsxanaya gedir. Bundan xəbər tutan oxucular və xeyirxah insanlar müxtəlif şəhər və kəndlərdən cərimə pulunu teleqrafla göndərirlər. 4–5 gündən sonra Əhməd Baytursunov həbsdən azad edilir (1916-cı ildə qəzet yenidən üç min manat cərimə olunanda da oxucular cəriməni ödəyərək qəzetin bağlanmasına yol vermirlər). "Kazax" qəzetinə redaktorluq etməklə böyük təşkilatçılıq işi görən, ciddi məqalələr yazmaqla xalqını qəflət yuxusundan oyadan, müəllim işləyən, metodik vəsaitlər çap etdirən Əhməd Baytursunov həm də istedadlı müsiqiçi və bacarıqlı bir folklor toplayıcısı, araşdırıcı olmuşdur. Belə ki, onun qazax yırçılarından (el nəğməkarı, aşıq – Ə.Ş.) toplayıb, yazıya aldığı və izahlar yazaraq 1913-cü ildə Moskvada çap etdirdiyi "Er Sayın" hələ də elmi əhəmiyyətini itirməyib. Əhməd Baytursunov yalnız gəncliyində folklor toplamaqla kifayətlənmir. Sonralar da dastan, joqtav (ağı) və b. folklor nümunələri toplayıb, sistemə salaraq 1926-cı ildə Moskvada çap etdirir. Bu kitaba daxil etdiyi şeirlər Mamay Batır, Kaz Davıstı Kazıbek, Kenesarı-Navrızbay, Ertorı, Erğazı, Abdığapar və b. tarixi şəxsiyyətlər haqqında 23 joqvat (ağı) olur. Bu nəşrlər qazax ədəbiyyatında folklorun toplanması, araşdırılması, sinifləndiriməsi, sistemə salınması sahəsində ilk nümunələr idi. Araşdırıcı A.V.Zataeviç Əhməd Baytursunovun qazax xalq müsiqisi və nəğmələri ilə bağlı "Qazax xalqının 1000 nəğməsi" adlı əsərinin olduğunu yazır. Əhməd Baytursunov "Kazax" qəzetində yalnız qazax xalqının tarixindən, mədəniyyətindən, folklorundan, gündəlik mübarizəsindən bəhs edən yazılar çap etməklə kifayətlənmir. Birinci Dünya Savaşı illərində Rusiya İmperiyasının işğal dairəsində qalan Kars vilyətindəki aclıq və qıtlığı da gündəmə gətirir. Çünki bu faciə minlərlə insanın ölümünə, yüzlərlə uşağın ata-anasız qalmasına səbəb olmuşdur. Belə ağır günlərdə Əhməd Baytursunov qəzetin 1915-ci ildə çap olunan 103-cü sayında qazax xalqına müraciət edərək onları Karslı soydaşlarına və dindaşlarına yardım etməyə çağırır. Bu çağırışdan sonra xalq qubernatora müraciət edərək "Karslı müsəlmanlara yardım komitəsi" yaratmağa nail olurlar. Toplanan yardımlar Karsa göndərilir. Əslində bu Rusiya əsarətində olan müsəlman xalqları nümayəndələrinin hökumətə etirazı idi. Xalqın səbrinin tükəndiyi bir zamanda, yəni 1916-cı il iyunun 25-də çar II Nikolay xristian olmayan xalqların 19–43 yaşlı kişilərinin səfərbərliyə alınaraq səngər qazılmasına, hərbi sursat daşınmasına və s. işlər görülməsinə göndərilməsi haqqında fərman imzalayır. Fərmandan istifadə edən məmurlar da

özbaşınalıq edir, 50–60 yaşlı kişilərin də yaşını az göstərərək səfərbərliyə cəlb edirlər. Məhsul yığımının qızğın vaxtına və ramazan ayına düşdüyündən Türküstanda və Qazax-Qırğız çöllərində yaşayan, oruc tutmuş müsəlmanlar elliklə çarın fərmanına qarşı çıxırlar. Beləliklə kortəbii xalq üsyanı başlayır. Üsyanı yatırmaq üçün bölgəyə general İvanov-Runovun komandanlıq etdiyi ordu yeridilir. Üsyanın ən qaynar nöqtələrindən olan Cizaq (Jizak) şəhəri yerlə yeskan edilir, qadınlar, uşaqlar, qocalar rəhm edilmədən öldürülür. Şəhər və kəndlər dağıdılsa da, minlərlə insan öldürülüb, həbs edilsə də, üsyan ocaqları gah burda, gah orda alovlanır. Qəribə görünən bu idi ki, vətənsevər, millətini azad və xoşbəxt görmək istəyən Əhməd Baytursunov və onun məsləkdaşları üsyançılara qoşulmur. Hətta "Kazax" qəzetində üsyanla bağlı tənqidi fikirlər özünə yer tapır. Bu da səbəbsiz deyildi. Onlar düşünürdülər ki, kortəbii üsyan xalqın qırılmsından, öndərlərinin məhv edilməsindən başqa bir şey verməyəcək. Lidersiz, təşkilatsız üsyançı dəstələri nizami ordular vasitəsilə dağıdılacaq.

Dəyişikliklərin inqilabi yolla deyil, islahatlarla aparılmasının tərəfdarı olan Əhməd Baytursunov qazax-qırğız xalqının öndə gedənlərinə üsyançı adı verilib məhv ediləcəyindən qorxurdu. Onun və məsləkdaşlarının düşündüyü kimi də oldu. Üsyan yatırıldıqdan sonra qurulan hərbi səhra məhkəmələri 1917-ci il fevralın 1-ə kimi 347 nəfərin edam edilməsi, 168 nəfərin sürgünə göndərilməsi, 129 nəfərin müxtəlif müddətli həbs cəzasına məhkum edilməsi haqqında qərar çıxardı. 300 min nəfərdən çox qazax-qırğız isə Çinin batısına köçməli oldu. Bu köç zamanı da yollarda minlərlə insan və insanların yaşamını təmin edəcək heyvan tələf oldu. Qəzeti milli ziyalıların ideoloji mərkəzinə çevirən, ərəb əlifbasının türk dilləri üçün yaramadığını görüb yeni əlifba yaradan, ictimai-siyasi xadim kimi formalaşan Əhməd Baytursunov qazax-qırğızların milli təşkilatı olan Alaş Partiyasının proqram və nizamnaməsini yazanlardan, bir sözlə, təşkilatı quranlardan olur. (3).

Maraqlı burasıdır ki, çar hökuməti zamanı "Kazax" qəzetinə təzyiqlər olsa da, cərimələnsə də, bağlanmamışdır. Qəzet Müvəqqəti Hökumət zamanı, yəni 1917-ci ilin martında məhkəmə qərarı ilə bağlanmışdır. Baxmayaraq ki, qəzetin sahibi, təsisçisi Əli xan Bökeyxanov Müvəqqəti Hökumətin rəhbərliyində təmsil olunur, hökumətin başçısı A.F.Krenski ilə şəxsi münasibətləri vardı. II Nikolay çar taxtından salınıb Müvəqqəti Hökumət qurulduqda qazax-qırğız ziyalıları da müstəmləkə zülmündən xilas yolları axtarırlar. Əhməd Baytursunov 1917-ci il aprelin 2–8-də Orenburqda keçirilən Turqay Vilayəti Qırğızlarının Qurultayında iştirak edir. Qurultayda rəhbərliyə Əhməd Baytursunovun başçılığı altında 8 nəfər seçilir və onlara Ümumqırğız qurultayını hazırlamaq tapşırılır. Onlar bu vəzifənin öhdəsindən bacarıqla gəlirlər. 1917-ci il iyulun 21–27-də keçirilən İkinci Ümumqırğız Qurultayında Konstitusiyaçı Sosialistlər Partiyasının adı dəyişilərək Alaş Partiyası adlandırıldı. Əhməd Baytursunovu qurultaya sədr və Turqay vilayətindən nümayəndə seçirlər. 1917-ci il avqustun 20–25-də Aktubinskdə Tuqay Vilayətinin II Qırğız Qurultayı keçirilir. Bu qurultayların təşkilatçılarından olan Əhməd Baytursunov Alaş hərəkatının partiyaya çevrilməsində böyük rolu oynayır. Bolşeviklərin Peterburqda silah gücünə Müvəqqəti Hökuməti hakimiyyətdən uzaqlaşdırması vəziyyəti daha da gərginləşdirir. Ölkəni bir xaos bürüyür. Rusiyanın əsarət altında olan xalqları müstəqil dövlətlərini qurmağa çalışırlar. 1917-ci il dekabrın 13–15-də Orenburq şəhərində Ümumqırğız Qurultayı çağırılır. Qurultayda Rusiyanın tərkibində Alaş Orda dövlətinin qurulduğu elan edilir. Əhməd Baytursunova və Mirjakıp Dulatova əhalini səfərbərliyə almaq, partiyanın gücünü artırmaq və özünümüdafiə məsələləri tapşırılır. Azsaylı qazax sosialistləri isə milli dövlətin qurulmasına etiraz edir. Əli xan Bökeyxanovun rəhbərliyi altında Semey şəhərində qurulan Alaş Orda Hökumətində Əli xan Bökeyxanov prezident, Xəlil Abbas vitseprezident, Alim xan Ermək Hərbi Nazir, Əhməd Berimcan Ədliyyə Naziri, Muhammedtjan Tınışbayev Daxili İşlər Naziri, Əhməd Baytursunov Milli Təhsil Naziri, Mustafa Şokayev (Çokayev) Xarici İşlər Naziri, Cihanşah Dostmuhammedov, Xəlil Dostmuhammedov və Əhməd Biy Sarsan isə Alaş Orda Hökumətinin batı bölgəsi üzrə məsul nazirlər təyin edilirlər. Əslində bu ərazisi bir-birindən ayrı salınmış iki bölgəli bir ölkə idi. Alaş Orda Muxtariyyətinin elan edilməsi bir-birinə düşmən olan, ölüm-qalım savaşı aparan bolşeviklərlə ağqvardiyaçıların hər ikisini eyni dərəcədə narahat edir. Alaş Ordaçılar Orenburqda əlində kazak hərbi birliklərini cəmləşdirmiş çar ordusunun

polkovniki Aleksandr Dutovla və başqırdların lideri Zəki Validovla ittifaqa girmək istəsələr də, bu istəkləri baş tutmur. Yeni yaradılan Kokand Milli Hökuməti ilə işbirliyinə nail olmaq üçün 1918-ci ilin yanvarında Türküstan şəhərində bir konfrans təşkil edilsə də, istənilən nəticəyə nail olunmur. Hökumət başçısı Əli xan Bökeyxanov Sibir, Tatarıstan və Başqırdıstanla ittifaqa getməyə hazır olduğu, Türküstandakı Rus yönlü inqilabçı təşkilatlarla əlaqənin tərəfdar çıxdığı halda, Türküstandakı milli qüvvələrlə hər hansı bir şəkildə işbirliyinə getmək istəmir. Əhməd Baytursunov isə Türküstandakı milli qüvvələrlə işbirliyinin tərəfdarı idi. Qəribəsi budur ki, 1917-ci ilin aprelində Toquzov və Şakir Alicanovun rəhbərliyi ilə yaradılan, millətçi partiya kimi tanınan Üş Juz Partiyası da (sonralar bu partiya Qırğız Sasialist Partiyası adlandırılsa da, çox yaşaya bilməmişdir. – Ə.Ş.) Alaş Ordaya qarşı olmuşdur. Böyük ərazisi olan Qazaxıstanı idarə etməyə Alaş Orda Hökumətinin nə kadrı çatır, nə də hərbi gücü. Bolşeviklər də Rusiyada qurulmaqda olan yeni hökumətin təhriki ilə Qazaxıstanın müxtəlif yerlərində baş qaldırır, silahlı toqquşmalar yaradır. Vəziyyətin getdikcə bolşeviklərin xeyrinə dəyişdiyini görən Alaş Orda Hökumətinin bəzi üzvləri bolşeviklərlə danışıqlara getməyi daha münasib sayırlar. 1919-cu ilin yanvarında Əhməd Baytursunovun rəhbərliyi ilə Moskvaya bir nümayəndə heyəti göndərilir. Nümayəndə heyəti Sovet rəhbərlərindən Lenin, Stalin, Trodski və b. ilə görüşür. Əhməd Baytursunovun Rusiya Milli Məsələlər Üzrə Xalq Komissarı İosif Stalinin görüşü haqqında daha geniş yazırlar. Bu görüşlərdə razılığa gəlinir ki, bolşeviklər qazaxların muxtariyyətini tanıyacaqlar və Alaş Orda Hökumətinin bolşeviklərə qarşı vuruşmuş üzvləri əfv ediləcəklər. (3). Alaş Ordaçılardan Əhməd Baytursunov, Mirjakıp Dulatov, Jusipbey Aymautov, Maqjan Jumabayev və başqa öncülləri də bolşeviklərin sırasına qoşulurlar. Razılaşmadan sonra Alaş Ordaçıların bir qismi bolşeviklərin tərəfinə keçir, qazaxların Sovet ordusuna müqavimət göstərməsinin qarşısını alır. Sovet hökuməti 1920-ci ilin fevralında Qoleşçekin başçılıq etdiyi əsgəri birliyi Semeyə, Alaş Ordanın üzərinə yeridir. Bu hərbi hissə Tunqaçinin suvari alayı ilə birləşib Alaş Orda Hökumətinin polislərini atəşə tutur və hökuməti dağıdır. Yerində Qırğız Sovet Sosialist Muxtar Respublikası qurduqlarını elan edirlər. Hökumət başına da peşəsi faytonçuluq olan Tunqaçin gətirilir. Alaş Ordaçıların bir qismi isə təslim olmayaraq qazax çöllərinə çəkilərək bolşeviklərə qarşı döyüşü davam etdirir. Qaynaqlar Əhməd Baytursunovu Moskvada, M.S.Soltanqaliyev, Z.V.Togan, T.Rıskulov, V.İbrahimov, F.Hoca və N.Hocayev ilə birlikdə "İttihad və Tərəqqi" adlı gizli bir təşkilat da qurduqlarını yazırlar. Rusiya Kommunist (bolşeviklər) Partiyasının üzvlüyünə namizəd qəbul edilən Əhməd Baytursunovu 1919-cu il aprelin 24-də qurulan RSFSR Xalq Hərbi Komissarlığı yanındakı Qırğız (Qazax) bölgəsini idarə edəcək Hərbi İnqilab Komitəsinə üzv təyin edirlər. Bölgədə bolşeviklər hakim olduqdan sonra Əhməd Baytursunovu Qazaxıstan MSSR Maarif Naziri təyin edirlər. (2). Bolşeviklər əhalinin mal-mülkünü mənimsəməyə, kütləvi həbslər və sürgünlər təşkil etməyə, azacıq müqavimət göstərəni güllələməyə başlayırlar. Qazaxlar qonşu ölkələrə köçməklə ölümdən və alçaldılmadan qurtulmağa çalışırlar. Əhməd Baytursunov Mərkəzi Komitədə, Qazaxıstan MSSR Mərkəzi İcraiyyə Komitəsində müxtəlif vəzifələrdə və Türküstan Kommunist Partiyası Mərkəzi Komitəsinin orqanı "Ak jol" qəzetində işləyə-işləyə elmi-pedaqoji fəaliyyətdən də uzaqlaşmır. 1926-ci ildə onu partiya üzvlüyündən və vəzifədən azad edirlər. 1910-cu illərdən ərəb əlifbasını türk dilləri üçün uyğunlaşdırılması üzərində çalışan Əhməd Baytursunov 1915-ci ildə Orenburqda "Til kuralı", 1920-ci ildə Kazanda nəşr etdirdiyi "Kazaxca əlippege bayanşı" (Qazaxca əlifbaya başlama), 1925-ci ildə Orenburqda çap etdirdiyi "Til tanıtkış" (Dil nəzəriyyəsi), 1926-cı ildə Daşkənddə çap etdirdiyi "Ədəbiyet tanıtkış" (Ədəbiyyat nəzəriyyəsi), 1928-ci ildə Qızıl Ordada çap etdirdiyi "Til jumsar" (Dilin işlədilməsi) və b. kitabları onun çoxsahəli elmi fəaliyyətindən xəbər verir. Muxtar Ayvazov isə məqalələrinin birində Əhməd Baytursunovun 1923-cü ildə "Mədəniyyət tarixi" adlı bir kitabını tamamladığını yazsa da, bu kitab haqqında bugünədək yeni bir bilgi əldə edilməmişdir. Aleksandr Nikolayeviç Kononov Baytursunovun yazdığı qrammatika kitablarını yüksək qiymətləndirmiş, onun məşhur türkoloqlardan biri olduğunu yazmışdır. 1924-cü ildə Orenburqda qazax-qırğız elm və mədəniyyət xadimlərinin qurultayında Əhməd Baytursunovun ərəb əlifbasının islahatı əsasında hazırladığı əlifba qazax-qırğızlar üçün rəsmi əlifaba kimi qəbul edilir və 1928-ci ilə, yəni latın

hərfli əlifba qəbuluna qədər işlədilir. Əhməd Baytursunov 1926-cı ildə Bakıda keçirilən I Türkoloji Qurultayda türk xalqları üçün hazırladığı əlifba layihəsini müzakirəyə təqdim etsə də, onu qəbul etdirə bilmir. Qurultayda Fuad Köprülüzadə, Əli bəy Hüseynzadə və b. ilə görüşərək onlar vasitəsi ilə mühacirətdə olan keçmiş məsləkdaşları ilə əlaqə yaratmağa nail olur. 1921–1925-ci illərdə elm və ədəbiyyat komissiyasına rəhbərlik edən, Qazaxıstan Tədqiqlər Cəmiyyətinin fəxri sədri olan A.Baytursunovun üzərində Sovet xüsusi xidmət orqanlarının nəzarəti bir an da olsun azalmır. Orenburqdakı Qazax Pedoqoji İnstitutunda müəllimlik edən, sonra Daşkənddəki Qazax Pedaqoji İnstitutunda qazax dili və ədəbiyyatından dərs deyən A.Baytursunovu 1928-ci ildə Almatı Qazax Universitetinə işə dəvət edirlər. O, burada qazax dili və ədəbiyyatı professoru seçilir (3). Lakin bu hal çox da uzun sürmür. Əhməd Baytursunov maarif sahəsində çalışsa da, elmi araşdırmalarla məşğul olsa da siyasi fəaliyyətdən əl götürmür. Gizli millətçi təşkilatın qurulmasında, türk xalqlarının Rus işğalçılarına qarşı birgə mübarizə aparmasının planlaşdırılmasında fəal iştirak edir. Maarif və elm sahəsindəki böyük xidmətlərinə baxmayaraq onu 1929-cu il iyunun 12-də həbs edirlər. Uzun və işgəncəli istintaqdan sonra məhkəmə millətçi təşkilatda iştirakına görə güllələnmə hökmünü oxuyur. Səkkiz ay güllələnəcəyi günü gözləyən Əhməd Baytursunovun güllələnmə hökmü 10 illik həbslə əvəzlənir. Solevki adalarındakı həbsxanalara göndərilən Əhməd Baytursunov vaxtından əvvəl 1934-cü ildə həbsdən azad edilir. Buna səbəb məşhur rus yazıçısı Maksim Qorkinin xanımı E.P.Peşkovanın Dünya Qırmızı Xaç və Qızıl Aypara Cəmiyyətlərinə, eləcə də RK(b)P Mərkəzi Komitəsinə yazdığı məktublar olur. O, məktublarında ziyalıların, yazıçı və şairlərin silahlı müqavimətdə iştirak etmədiklərini, azad düşüncəli sənətkarlar olduqlarına görə, fikirlərini sərbəst söylədiklərindən həbs edildiklərini və bunun da mədəniyyətin, elmin inkişafına ağır zərbə vurduğunu yazır və xahiş edir ki, onlar əfv edilsinlər. Həbsdən azad olunduqdan sonra ailəsi də sürgündən buraxılır. Əhməd Baytursunov xanımı Badisəfaya, övladları Aymata, Kazixana, Şolpana qovuşur. Ailə bir yerə toplanaraq Almatıya gəlir. Lakin burada Əhməd Baytursunovun sənədlərinin üzərinə "Heç bir peşə sahibi deyildir" yazdığına görə ona iş verən tapılmır. Ailə maddi sıxıntı içərisində qalır. Əhməd Baytursunov həbs və sürgündə elmi və bədii yaradıcılıqla məşğul ola bilmir. 1937-ci ildə onu yenidən həbs edirlər. Əhməd Baytursunov keçmiş alaşçılardan Qabbas Nurumovla, Almuxammad Kasımovla, Alimxan Yermakovla, eləcə də Qazax Xalq Maarif Komissarı Teymurbek Jurqenevlə, RSFSR Xalq Komissarlar Sovetinin müavini Turar Rıskulovla, Bakıda yaşayan professorlardan Bəkir Çobanzadə və Qaziz Qubaydullinlə və b. ilə birlikdə antisovet təbliğat apardığına, Sovet dövlətini devirməyə cəhd etdiyinə görə güllələnməyə məhkum edirlər. Ölüm hökmü 1937-ci il dekabrın 8-də yerinə yetirilir.

Ədəbiyyat siyahısı:

1. Şükürov Ağahüseyn. Türk xalqlarının ədəbi-mədəni həyatında mühüm hadisə - Birinci Türkoloji Qurultay – 90 / Və ya Birinci Türkoloji Qurultayin bir qrup iştirakçisinin kədərli aqibəti. 525-ci qəzet, 21dekabr 2016-cı il.
2. https://525.az/news/70140-turk-xalqlarinin-edebi-medeni-heyatinda-muhum-hadise-birinci-turkoloji-qurultay-90.
3. https://az.wikipedia.org/wiki/%C6%8Fhm%C9%99d_Baytursunov

ӘОЖ 37; 811.512.122

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚИСЫНЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЕМЛЕНІҢ БІР МӘСЕЛЕСІ

Жақыпов Ж. А.
филология ғылымының докторы, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы

***Резюме**. Миссия творения алфавита Ахмета Байтурсынова восходит к исламской святости. Его алфавит защитил казахского народа от массового крещения в начале XX века. Сам А. Байтурсынов был просвещенным мусульманом. Он искал гармонию между исламом и казахским языком. В этом отношении он придерживался сохранения природы казахского языка. Критически относился негативному влиянию исламистов на казахскую орфографию. Однако до сегодняшнего времени арабские заимствования пишутся с нарушением основного закона казахского языка – сингармонизма. Пришло время выполнять методические указания великого языковеда.*

***Ключевые слова**: заимствованные слова, графика, алфавит, буква, произношение, орфография*

Ахмет Байтұрсынұлының арабнегізді қазақ жазуын шығаруының ұлт үшін қандай маңызы бар екенін сезіну үшін православтық діндарлар Кирилл мен Мефодийдің, Армян апостол шіркеуінің және Армян католикостық шіркеуінің дінтанушысы Месроп Маштоцтың еңбектерімен салғастырған жөн. Кирилл мен Мефодий грек әліпбиінің негізінде славяндарға арналған глаголица әліпбиін шығарып, орыс ұлтының қалыптасуына қандай ықпал етсе, М. Маштоцтың әліпбиі армян ұлтының бірегейленуіне сондай зор ықпал еткен. Кирилл мен Мефодий христиан дінінің киелі әулиелері, славяндық ұлттардың пірі болып танылса, Маштоц та католикос шіркеуінің әулиесі, армян ұлтының пірі болып саналады. Ахмет Байтұрсынұлының миссиясы бұлардан бір мысқал кем емес.

Қай әліпбиді алсақ та дінмен байланысты шыққанын көреміз. Ахмет Байтұрсынұлының әліпби шығаруына қозғау салған да осы жайт деп ойлаймын. Байтұрсынұлынан бұрын қазақ сөзіне кирил әліпбиін қолдану тәжірибесі болғаны белгілі (мәселен, Ы. Алтынсарин кітабы). Мұның астарында мұсылман қазақтардың христиандық таңбаға бойын үйрету жатқан сияқты. Қысқасы, XX ғасырдың басында қазақ елін жаппай шоқындыру туралы әрекеттер басталған еді. XIX ғасырдың аяқ шені мен XX ғасырдың басында қазақ халқын жаппай шоқындыру жоспарлы түрде жүргізіле бастағаны мәлім. Атақты миссионер Н. Ильминскийдің: «Миссионерлік дегеніміз – бұл да өзінше рухани соғыс, мұнда да соғысушы жақтар өздерінің жоспары мен күштерін еш уақытта ашық жарияламайды», - дегенінде үлкен гәп бар. Бұл соғыста қазақтарда жоспар да жоқ еді, күші де аз еді. Жекелеген қарсылықтар жасаудан басқа амал да болмады. Діннен айрылу – рухани кодтан айрылу. Рухани код болмаса, ұлт та жоқ. Бұл күресте дінді бір адамдай меңгерген Ахмет Байтұрсынұлы таңбаның прагматикасын пайдалануды ойлап тапты. Таңба – жазу. Қазақ ділі үшін жазу жазмышпен орайлас. Жазу мен жазмыш деген сөздердің төркіні бір, кейін конверсияланып ажырап кеткен. Осыны жат сабағындай білетін Ахмет ислам дінінің негізіндегі араб жазуымен қазақ сөзін таңбалаудың ұлты рухын қорғап, сақтай алатынына сенді. Исламдық таңба жазу тұрғанда қазақтардың дінін жадынан шығармайтынына сенді. Бірақ мұны, Ильминский айтқандай, еш уақытта ашық жариялаған жоқ. Ал Ахмет әліпбиінің қазақтың ұлттық рухын сақтауға өлшеусіз қызмет еткені күмәнсіз.

Осылай бола тұра, Ахмет Байтұрсынұлы ортодоксал мұсылман еді (бұл жерде ортодоксты тура мағынасында қолданып отырмыз: орто-дұрыс, докс – пікірі болу, ойлау), усул-жадид ағымын қолдағаны анық. Сонымен қатар қазақ үшін оңтайлы, «ұлттық салт-ғұрпыңды, мәдениетіңді сақта, Аллаға серік қоспасаң болды» деген Имам ағзам Ханифа мазхабын ұстанған ғалым болды. Осы талапқа орай, исламды діттей отырып, ұлт қамын бірінші орынға қойды.

Нақтырақ айтқанда, дін мен тілдің жарастықта болуының қамын ойлады.

«Мұсылманша оқуға, мұсылманша болғанда қазақша оқуға, оншама көп жыл керек емес. ... Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолмен оқуды айтпаймын, қазақтың тілімен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, онымен жүріп хат жаза білуге жеткенше русша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі, қазақ тілінмен оқытпай, ноғай, түрік, фарсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, мый ашып, балалар әуре-тәуре болады» [1, 537], - деп жазды.

«Әдебиет танытқышында» Ахмет Байтұрсынұлы былай деп жазады: «Молдалардан шыққан жазу әдебиет дінге қызмет қылса да, тілге қызмет қылмаған. Тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту орнына, тілді бұзған, аздырған; қазақтың тұтынған тілімен жазбай шығарушылар: «кітаби тіл», «әдеби тіл» деп, ноғай тілімен, яки сарт тілімен жазған. Қазақтың тілінде басылған бұрынғы шығармаларды алып қарасақ, қазақ тілі болмай, қазақ пен ноғай тілінің араласқан қойыртпағы болып шығады. Ол қойыртпақ тіл қожалар, молдалар шығарған сөздерде ғана емес, қазақ молдаларының шығарған сөздерінде де бар. Бұл кемшілік егер де баспа кітаптар жүзінде ғана болса, бастырған ноғайлар бұзды дер едік: олай емес, жазу солай екендігін қазақ молдаларының өз қолымен жазған жазулары көрсетеді» [2, 406].

Міне, осы бір жайт қазақ филологиясында «араб тілінен енген сөздер» деген атаумен белгілі бір топ сөздің жазылуына ықпал еткен. Шындығында, бұлар – араб тілінің сөздері болғанмен ислам діні арқылы енген сөздер. Олар: *құдірет, құзірет, қадір(-лі), мұғалім, қабір, қабілет, қауіп, ғаріп, кітап, хал* т.с.с. сөздер.

«Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе ... жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ» [3, 547] екенін де көрсеткен. Жоғарыда берілген сөздер – осындай үдерістен өткен сөздер. Бірақ, Байтұрсынұлының өзі айтқандай: «Бұлайша тілді бұзуға себеп болған нәрсе – жазу. Араб әліппесіндегі харіптер түрік тіліндегі кей дыбыстарға тура келмеген. Ол дыбыстарды жазуға басқа дыбыстардың харіптері жұмсалған» [3, 549].

Енді осы сөздерге жеке-жеке тоқталайық.

Құдірет. Бұл сөздің араб тіліндегі нұсқасы – *қудра (قدرة)* [4, 624]. Жазылымындағы жіңішке «і» қайдан келді? А. Байтұрсынұлының мына бір айғағы себеп болған жоқ па екен: ... (ы) дыбысына тура келетін араб әліппесінде әріп жоқ. Сондықтан мұның нүктесіз «ى» белгісін аламыз [2, 541]. Әлде кейінгі буындағы жіңішке «е»-ге икемдегені ме екен? Қалай десек те, «і» орынсыз тұр. Басқа түркі тілдерінде «құдырат» деп қолданады ғой, бізге бұлай етіп өзгертуге енді кеш. Сондықтан «өз тілінің қалпына түсіріп алатын» қазақтың сигармонизміне бағындырып, жуан түбірін сақтап жазған жөн. Сонда мұның жазылымы ***құдырет*** болып шығады.

Құзірет. Бұл – *құдыретпен* түбірлес сөз, араб сөздігінде бұл *қудра* түрінде берілгенін көруге болады [4, 624]. Түбірі – құзыр. Сонда жіңішке «і» қалай пайда болған? Біздіңше, *құдырет* сөзіне орай айтылған жайттар себеп болған. Олай болса, ***құзырет*** деп жазуды дағдыға айналдырған жөн.

Қадір (-лі). Араб тілінде айтылуы – *қадир (قدير)* [4, 624]. Түпнұсқалық мағынасы құдыретті, күшті, қуатты дегенді білдіреді. Қазақша айтқанда қай-қайсымыз болсын *қадыр* дейміз, өйткені алғашқы буыны – тіл арты «қ» дауыссызы бар жуан буын. Бұған жіңішке «і» қалай келді. Себебін Ахмет көрсеткен (жоғарыда «Әдебиет танытқыштан»

келтірген пікірді тағы бір оқып шығыңыз). Ахметше айтқанда, мұны «қазақ молдалары өз қолымен жазған». И-дің жіңішке екенін біліп тұрған соң, әдет сорабымен жіңішке «і»-ні сайлаған, ал үндестік заңы еленбеген. Қазақ тіліне бейімдеп қадыр, қадырлы деп жазсақ, Ахмет аманатын орындап «тіл табиғатына емлені ыңғайлаған» болып шығамыз.

Қабір. Арабша айтылуы – *қабр (قبر)* [4, 617], «мола, көр» деген мағыналарды білдіреді. Қарап отырсақ, бұған жіңішке «і»-ні тықпалаудың тіпті орны жоқ. Қазақша айтқанда да «қабыр» деп жуан айтамыз. Мұны да, Ахмет айтқан молдалардан көреміз. Дұрыс жазылуы – ***қабыр***.

Қабілет. Араб тіліндегі нұсқасы – *қабилийа (قابلِيّة)* [4, 619], бейімділік,ептілік деген мағыналарда қолданылады, түбірі *қабл*. Ахметше айтқанда, мұны «қазақ молдалары өз қолымен жазған». И-дің жіңішке екенін біліп тұрған соң, әдет сорабымен жіңішке «і»-ні сайлаған, ал үндестік заңы еленбеген. Қазақша айтқанда да *қаб-іл* демейміз, *қабыл* дейміз. Сондықтан ***қабылет*** деп жазылғаны жөн.

Қауіп. Арабша дыбысталуы хауф (خوف), қорқыныш мағынасында қолданылады [4, 241]. Көріп отырғанымыздай, мұның түбірінде де жіңішке дауысты немесе жіңішке дауыстымен ғана тіркесетін дауыссыз дыбыс та жоқ. Бұған «і»-нің енгізілуін қауып деген көсемше пішінді етістікпен адас (термин Байтұрсынұлынікі, омоним дегенді білдіреді) болып кетер деген қауыптан деп топшылаймыз. Ондай адас құбылыстың бары рас: *қауып айтты, қауып көрді* деген тіркестерде, *қауыпты* деген сөзде екіұштылық байқалады. Әйтсе де бұл аттастық контекст көмегімен еңсеріледі, тіліміздегі омонимиялық құбылыстарды теріске шығара алмаймыз ғой, ол – объективті құбылыс. Сондықтан тіліміздің табиғатын сақтайтын сингармонизмді ұстанып ***қауып, қауыптың, қауыпқа, қауыпты, қауыпта, қауыптан*** деп жазғанды жөн санаймыз.

Ғарір. Араб тілінде *ғариб (غريب)* [4, 559] деп айтылады екен, беретін мағыналары – бөтен, жат. Бұл да жоғарыдағыдай, Ахметше айтқанда, мұны «қазақ молдалары өз қолымен жазған». И-дің жіңішке екенін біліп тұрған соң, әдет сорабымен жіңішке «і»-ні сайлаған, ал үндестік заңы еленбеген. Қазақша айтқанда да *ғарып* демейміз, *ғарып* дейміз. Сондықтан ***ғарып*** деп жазылғаны жөн.

Хал. Арабша да хал (حال) [4, 203]. Бұл сөздің академик Р. Сыздықтың анықтағышында да, басқа да орфографиялық сөздіктерде түбірі жуан буынды *хал* түрінде көрсетілген де, қосымша жалғауда сингармонизм ескерілмей *хал-і, хал-ге* түрінде нұсқалған [5, 460; 6, 424; 7, 420; 8, 622]. Қазір баспасөзден *халі, хәл* деген жазылымдарды көруге болады: *Шопыр жігіт бұның қара жамылған хәлін білген соң «извини, земляк, соболезную» деді де, қайта мазалаған жоқ («Қазақ әдебиеті», 05.02.21, 7-б.). 2015 жылы әріптестерімен кездесуі кезінде Владимир Кара-Мурзаның хәлі күрт нашарлаған (ult.kz. 17.02.21). 2017 жылы ақпанда оппозиционер ауыр хәлде Мәскеу ауруханасына түсті (ult.kz. 17.02.21). Кезінде Сәкен, Бейімбет, Ілияс секілді Алаштың асыл азаматтарының осындай халді басынан кешіріп, өздерінің отты өлең-жырларында арқау етті. Коронавируспен жансақтау бөліміне түскен Бесбаевтың қазіргі халі қандай? Кейін дәрігерлер коронавируспен ауруханаға түскен Бесбаевтың халі туралы айтып берді* (Nur.kz. 23.01.21 11:26). Мұның себебі арабша айтылымында *хәл* болып естіледі екен. Қазақ тілінің алтын заңы сингармонизм екенін мойындайық, тілдің табиғатын қалпына келтірейік. Сөйтіп, ***халы, халым, халың, халы, халдың, халға, халды, халда, халдан*** деп жазайық.

Кітап. Арабша айтылуы мен жазылуы – *китаб, (كتاب)* [4, 676]. Бүтін бір сөзді екі түрлі буынмен жазудың өзі – сингармонизмді ескермегендік. Мұның ерекшелігі бірінші буында «і» келуге хақылы, өйткені «к» дауыссызы тек жіңішке дауыстымен ғана тіркеседі. Ал екінші буынға жуан дауыстыны неге жазамыз. Рас, тілімізде осы тектес кінә, куә сөздерге орынды-орынсыз жуан дауысты қосыымша жазып жүрміз. Меніңше, осының салқыны тиген сияқты. Мұнан соң сөз соңына жіңішке «ә»-ні жолатпайтынымыз тағы бар. Біздің амандасуда айтатынымыз «сәләмәтсіз бә» ғой. Жуан сыңары «а» келген жерге «ә»-

нің келмеуіне қандай жол бар?! ***Кітəп*** деп жазсақ, сөз өзгермейді, тіл дыбысталымы қалпына келер еді.

Мұғалім. Арабтың бұл сөзі му'алим *(معلّم)* [4, 535] *му* деген сөзалды қосымшасы мен *ғлм* түбірінен тұрады. Бұл түбірден қазақ екі сөз шығарған: білім мен пән жүйесінің атауы, *ғылым* және осымен айналысатын адам атауы, *ғалым*. Пәнді оқытатын адам да ғалым, бірақ мұ-ғалым. Жуан буындардан түзілген сөз екені айқын, Олай болса ғалім деп жазу қайдан шыққан. Осыған Ахмет Байтұрсынұлының: «Қазақтың тілінде басылған бұрынғы шығармаларды алып қарасақ, қазақ тілі болмай, қазақ пен ноғай тілінің араласқан қойыртпағы болып шығады» [2, 406], – деген сөзі орайласа кетеді. Өйткені татар тілінде мұғалымды *муалим* дейді. Осы «и»-дің бодауына «і»-ні беріп, *мұғалім* деп жазып кетсек керек. Әйтпесе тұнық қазақтар әлі де «мұғалым» деп айтады. Сингармонизмді ұстансақ, тіліміздің табиғатын сақтасақ, ***мұғалым, мұғалымның, мұғалымға, мұғалымды, мұғалымда, мұғалымнан*** деп жазайық.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Дұрыс емле мен қате емлені айыруға, менің ойымша, былай қарау керек дейім: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып, емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [3, 546], – деген нұсқау береді. Осыны ұстансақ, ендігі жерде жоғарыдағы жазылымдарды дұрыстауды қолға алған жөн. Кесте түрінде көрсетейік:

Бұрынғы емледе	Ахмет Байтұрсынұлы нұсқауымен енгізілген өзгеріс
ғаріп	ғарып
кітап	кітəп
қабілет	қабылет
қабір	қабыр
қадір(-лі)	қадыр (-лы)
қауіп, қауіптің, қауіпке, қауіпті, қауіпте, қауыптен	қауып, қауыптың, қауыпқа, қауыпты, қауыпта, қауыптан
құдірет	құдырет
құзірет	құзырет
мұғалім	мұғалым
халі, халдің, халге, халді, халде, халден	халы, халдың, халға, халды, халда, халдан

Әдебиет

1. Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі. // Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – Б. 537-543.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. // Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – Б. 235-455.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушыларға // Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – Б. 546-551.
4. Арабско-русский словарь. – Москва: Издательство «Русский язык», 1977.
5. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (*емле, тыныс белгілері, сөз сазы*).э – Астана: Елорда, 2000.
6. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1978.
7. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
8. Орфографиялық сөздік. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013

ӘОЖ 37; 811.512.122

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАСЫ ЖӘНЕ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚИСЫНЫ

Жексенғалиев Б.Ө
Батыс Қазақстан инновациялық - технологиялық
университетінің қауымдастырылған
профессоры, Халықаралық «Қазақ тілі»
қоғамы» қоғамдық бірлестігі
БҚО филиалының төрағасы

***Резюме**: В статье рассказывается об актуальных проблемах реформы казахского письма и о практике создание национального алфавита начале XX века А.Байтурсыновым.*

***Ключевые слова**: Законы языка. Принципы и нормы правописание. Национальный алфавит. Правописание терминов. Эффект Байтурсынова.*

Біз жазу реформасын бастадық, бірақ әліпби құрамына байланысты нақты ұстаным мен шешімнің жоқтығынан, қазақ жазуының ғылыми негізделген басты ұстанымы мен емле ережелерінің басты қағидаты (шет тілдік сөздердің жазылымына қатысты) нақты анықталмағандықтан қиындықтарға ұшырап жатырмыз. Қазір елімізде әліпбиге қатысты талқылауды тоқтатып, жетілдірілген деп ұсынылған осы төртінші нұсқаны қабылдау керек деген пікірлер айтыла бастады. Тіл саясатына жауапты орталық және жергілікті органдар тарапынан да жобаны талқылауға қатысты белсенділік байқалып тұрған жоқ. Әліпби туралы әңгімеден шаршадық деп отырған ағайын да бар.

Жазу реформасының басты мәселесіне, күні бүгінге дейін тілімізде қолданылып келген әліпби мен емле жүйеміздегі тіл бұзар жат тілдік ережелерге арнайы тоқталсақ. Өйткені өзге тілдің ықпалынан туған тілдің тынысы тарыла бастағанына алаңдаған зиялы қауым жазу реформасы басталарда мәселені нақты қойған еді. Ұлт тіліне ұлттық әліпби керек.

Жалпы қазақ жазуын реформалауда қандай ұстаным басым болуы керек? Ең алдымен, қандай жазу түрін алсақ та тілді өміршең ететін, тілді сақтайтын ұлттық әліпби мен емле ережелерін қалыптастыру басты міндет екені анық. Барлық тілдерде солай, өйткені ұлт үшін басты рухани құндылық - ұлт тілі. Әңгіме жазудың түрінде емес, жазуда ұстанатын қағидат, ережеде. Ал қазіргі қазіргі кирилл жазуына негізделген қазақ әліпбиі қазақ тілін жат тілдік ықпалдан қорғауға қауқарсыз екені, ұлттық әліпби ұғымына сай емес екені анық қой.

1940 жылдан бері тіліміздің жазу, айту жүйесінде қос тілдің нормалары қатар қолданылып келді, әлі де қолданылып отыр. Орыс тілінің әріптерін (жіңішкелік, айыру белгісімен қоса) түгел алған әліпби қалай ұлттық болады? *«Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы негізінен орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады»* [1] деп қазақ емлесіне шегелеп жазып қойсақ, ол емле қазақ тіліне қорған бола ма? Әрине, қорған бола алмайды.

Президент Қ.Тоқаевтың *«Қазақ тіліне реформа қажет, біздің тілімізді жаңарту керек»* [2] пікірін де, ең алдымен, біздің жазу жүйемізге, жазу жүйеміздегі ұстанымдар мен қағидаттарға қатысты деп түсінеміз. Тіліміздегі осы «тіл бұзар ережелерден» тек жазу әрпін ауыстыру арқылы ғана емес, тұтас жазу нормалары мен қағидаттарына деген

қалыптасқан көзқарастан арылу арқылы ғана құтыла алатынымыз анық. Тіл табиғи болмысын сақтау үшін өзге тілдің ықпалына түспей, өз заңымен өмір сүруі керек. «*Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады»* [3].

Жалпы біз өз тарихымыздан өзіміз сабақ алатын өрелі қоғам деңгейіне жеттік пе? Егер жетсек, XX ғасыр басында қазақтың ұлттық жазуын қалыптастырған ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының жазу, әліпби, емлеге байланысты қағидаттары – бұл бағыттағы біздің басты ұстанымыз болуы тиіс. *«Жақсы әліпби тілге шақ болу керек», «Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті*» [4].

Әліпбиді жетілдіру туралы мемлекет басшысының тапсырмасынан кейін жаңа әліпби мен емле арқылы тіл тәуелсіздігіне қарай тәуекел қадам жасаймыз деген үміт болған. Бірақ біз тағы жартылай қадам жасадық. Ең алдымен, ұлт ұстазы Ақаңның ақ жолымен тек төл дыбыс таңбаларынан құралған ұлттық әліпби жасауға тағы да біздің тәуекеліміз жетпей, жартыкеш қадам жасағанымызға мына жетілдірілген әліпби дәлел. Қазақ әліпбиі атымен ғана емес, затымен де ұлттық әліпби болуы керек қой. Жат тілдік бір топ әріптер (**v** -в, **f** - ф, **i** - и, **h** - х, h) орын алған әліпбиді ұлттық деп атауға бола ма? «*Қазақ сөзінің айтылым үлгісі мен жазуын шатастырып жүрген де сол кірме әріптер*» [5] болса, жат тілдік әріптерді неге қимай отырмыз?

Осы жетілдірілген әліпби негізінде ұсынылған жаңа емле жобасына қарасақ, шет тілдік сөздер жазылымына тұтас 22 параграф арналған жоба бойынша жүздеген, мыңдаған бөгде сөздер бұрынғысынша орыс орфографиясымен жазыла беретіні көрініп тұр, әріп түрі өзгергенмен жазылым нормасы өзгеріссіз қалған [6]. Емле жобасынан мысалдар: «*banknot-банкнот, moderator-модератор, onlain - онлайн, oflain-офлайн skrinşot-скриншот* (§97) . Ал өзгертіледі, қазақ тілі заңына бағынады деген мына топ сөздердің жазылымы таза қазақша ма әлде шала қазақша ма екенін өзіңіз шамалап қараңыз: *manövr-манөвр (*§76), *kvars - кварс,(* §77), *praporşik - прапоршік (*§78), *elevator - елеватор (*§79), *glükoz-глүкоз (*§80), *völfram-вөлфрам(*§96). Қазақ шапанын жамылып тұрған сол бұрынғы «*tauar-mayap, poşta-пошта, poiyz-пойыз*» **(**§75**)** мысалдары бір параграфта **(**§75**)** ғана берілген екен. Осындай жартыкеш әліпби, қосамжар емлемен біз қаласақ та, қаламасақ та қазақ тілінің жазу жүйесінде өзге тілдің ереже, нормалары қала беретіні анық. Бұндай жағдайда тіліміз толық тәуелсіз деп қалай айта аламыз? Жаңа әліпби сонда тіл бодандығын жалғастырып тұрғаны ма? Өзге тілдік нормадан толық арылмасақ, солай айтпағанда қалай айтамыз.

Бізге бүгінде жат (кірме) дыбыс пен таңбалардың, жат сөздердің тілімізде қолданылуы мәселесіне байланысты түпкілікті байлам мен шешімге келу маңызды. Бұл арада жартылай шешім болуы мүмкін емес. Қазақ жазуының ұлттық сипаты күшті болуы керек. Ол дегеніміз – қазақ әліпбиінің шет тілдерден енген сөздерді қазақ тілі заңымен жазуға мүмкіндік беруі. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы сөзімен айтсақ, *«Жат сөздер қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бағынуы тиіс. Өзге тілден енген сөздерді өзіміздің сөзімізге айналдыру үшін бұл-қажет нәрсе»*

Ал *«Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зор зиян келтіреді»* [4]. Яғни ғасырлар бойы тілді өзге тілдер ықпалынан қорғап келген үндесім заңы ұлттық жазудың (латын графикасы негізіндегі) тірегі болғанда ғана тілдің ажары кіріп, сөздің сәні келеді. Бұл сөздік қордағы төл сөздер де, барлық шет тілдерден енген сөздер де (орыс, араб, ағылшын т.б) тіл заңдылығына сай айтылып, жазылуы арқылы ғана мүмкін болмақ. Бұл арада әңгіме жаңа емле ережелері туралы болып отыр. Бізге бір үлгідегі тұрақты ереже қажет. Бұл мәселелерді қазақ ғалымдары, тіл жанашырлары айтпай жүрген жоқ. А.Байтұрсынұлының қисыны негізінде ғылыми негізделген ұлттық әліпби үлгілері де бар (Ә.Жүнісбектің ұлттық әліпби жобасы). Тек бұл пікірлерді ескеру жағы жетпей жатқаны анық.

Ең бастысы, Әлімхан Жүнісбек ұсынған ұлттық әліпби жобасы XX ғасыр басында ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының төте жазу әліпбиі көрсеткен ақ жолды бүгін жалғастыратыны даусыз. Белгілі тілші-ғалымдардың (Е.Қажыбек, А.Салқынбай, Б.Қапалбек т.б) бұл жобаны қолдап отырғаны да сондықтан. Қоғам болып қолдай алсақ, бұл ұлттық әліпби тәуелсіз қазақ ұлтының ұлттық санасын да жаңа деңгейге көтеретіні, дүр сілкіндіретіні сөзсіз. Қазіргі қазақ қоғамына, әсіресе өзін қор, өзгені зор санайтын бодандық санадан ада жас ұрпағымызға *«менің тілім ешбір тілден кем емес, әлемнің барлық тілдерінен қазақ тіліне қызмет етуге келген сөздерді мен өз тілімнің дыбыстарымен айта аламын және жаза аламын»* деген сенім қажет. Біз осы тәуекел қадамды жасасақ, жат тілдің ықпалынан тынысы тарыла бастаған қазақ тіліне өз заңымен өмір сүруге мүмкіндік берер едік.

«*Халықтың тілі – халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады»* (ҚР Президенті Қ.Тоқаев, 20.05.2020 ж., «Егемен Қазақстан») Бүгін тарих ұлт пен ұлт тіліне даму мен өркендеуге жаңа мүмкіндіктер беріп отырғанда тіліміздің ата заңына өріс беру арқылы ғана біз тілімізді табиғи таза қалпында сақтап қала алатынымыз анық. Әлі де кеш емес, «ұлт үшін деген ұлы істі» (А.Байтұрсынұлы) дұрыс жолға түсірейік, ағайын!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі (. Алматы, Арыс., 2007 ж
2. ҚР Президенті Қ.Тоқаев, Ұлттық сенім Кеңесінің 2 отырысы, 27 мамыр 2020 ж.
3. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. Алматы, 2005 ж, Е.Омаров
4. А. Байтұрсынұлы «Тіл-құрал», Алматы, «Сардар», 2009
5. Ә.Жүнісбек «Кірме таңбалардың тауқыметі», «Ана тілі», №41, 4-10 қазан, 2018 ж.
6. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелері (жоба, А. Байтұрсынұлы атындағы **Тіл білімі институтының Ғалымдар кеңесінде мақұлданған)**, Алматы, 2020

ӘОЖ 81-13

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕПКЕ ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

Қапалбек Б.С. – филология ғылымдарының кандидаты
Мемлекеттік тілді дамыту институты, Алматы қ.

Резюме. *В статье анализируются позиции учителя нации Ахмета Байтурсынова о начальном школьном образовании. Так же рассмотрена статья Ахмета Байтурсынова «Бастауыш мектеп», где изложены выводы и принципы, концепция азбуки и предметов, изучаемых на начальном этапе, сравниваются с системой знаний, предоставляемых обновленной программой на современном начальном этапе. Будет изложено о четырнадцати летнем преподавательском опыте в школе, на основе которого великий реформатора Ахмет Байтурсынулы написал учебник алиппе.*

Ключевые слова: *Ахмет Байтурсынулы, алиппе, начальная школа, функциональное образование*

Ахмет Байтұрсынұлы әліппе жазуыда алғашқы емес. Араб таңбасымен қазақ тіліне арнап оқулық жазуға кіріскен, азаматтар сол кезде көп болды. Олар да қазақ балаларын оқу мен жазуға төте жолмен үйретуді көздеді: М.Нұрбаевтың «Әліппесі» [1], З.Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» [2], М.Малдыбаев пен Ж.Аңдамасовтың «Қазақша ең жаңа әліппесі» [3], К.Сырғалиннің «Қазақша әліппе кітабы» [4] т.б. Бұларда осындай халықты ағартуға ұмтылған серпілістен туған алғашқы оқулықтар еді. Алайда, бұл аталған оқулықтар кең қолданыс таба алмады. Ал ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлының төте жазу үлгісімен жазылған. «Оқу құралы» [5] қазақ мектептерінің әліппеге деген сұранысына толық жауап берді. Өйткені, қазақ тілінде қанша дыбыс бар және олар қандай таңбалармен белгіленуі керек екендігін дәл айтқан Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ғалым әліппе жазудың ғылыми – әдістемелік жағын әбден зерттеп меңгерген: «Тіл болса, оның законы боларға керек. Законы болса, оның ғылымы боларға керек. Су тоңса – мұз болмақшы, хлор менен натрий қосылса – тұз болмақшы, бұлар табиғаттың законы. Осындай закон тілде де бар. Хлор менен натрий қосылса, тұз болатындығын байқау, қарау, іздеуменен тапқан. Тілдің де законы сол жолменен табылады. Қазақ тілінде бір сөзге жауан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің законы емес пе? Осындай закон тауып жазсақ, айтсақ, ол наху, сарфтың қағидасы емес пе? Наху, сарфты мен грамматика мағынасында тұтынамын. Басқа жұртта грамматика үшке бөлінеді: фонетика, морфология, синтаксис. Менің бұрынғы жазған сөзім һәм осы жолы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыс бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы» [6]. Көріп отырғанымыздай, ұлт ұстазы әліппе жазуға жан-жақты теориялық дайындықпен келген.

Ахмет Байтұрсынұлы ағарту ісін алдымен қазақ әліпбиін жасаудан, халықтыңжазуын түзетуден бастайды. Оған орыс таңбаларын емес, араб таңбасын алады. Сан ғасырлық тарихы бар араб жазуын негіз етіп басқа түркі халықтары да қолданып отырғандығын ескереді. Ақаң араб графикасын қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгілейді. Әліпбидің ғылыми сипаттамасын: *«Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері (харіфлері). Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты»* деп жіктеп жүйелейді. Оның ішінде Дауысты дыбыстар: ا (а),و (о), ۇ(у), ى(ы), ە(е). Дауыссыз дыбыстар: ب(б), پ(п), ت(т), ج(ж), چ(ш), د(д), ر(р), ز(з), س(с), غ(ғ), ق(к), ك(к), گ(г), ڭ(ң), ل(л), م(м), ن(н). Жарты дауысты дыбыстар: ۇ(у) ±, ى(й) ±. деп жазған. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді.

Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліпбиіне 1924, 1931-ші жылдары «Байтурсуновская графика», «Байтурсуновский алфавит» деп атап, түркі әліпбилері ішіндегі ғылыми жүйеленген ірі жетістік деп қабылдаған. Мәселен, профессор Е. Д. Поливанов өзінің «Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР» атты мақаласында А.Байтұрсыновтың араб графикасына енгізген реформасын «ғажап» деп бағалады. Мәскеуде 1931-ші жылы жарық көрген «Литературная энциклопедия» атты жинақтың 5-ші томына осы Ахаң реформалаған әліпби «Казахский (Байтурсуновский алфавит)» енгізіліп, орыс ғалымдарының тарапынан жоғары бағаға ие болған.

Ақаң енді халыққа осы жазуды үйретететін әліппе жазады. Бұл құрал алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарық көреді. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты өлеңін оқулықтың беташары ретінде берген. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі: «Би исми-иллаһи-рахмани-рахим» орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері төте жазу жолымен реттеліп беріледі де, әрбір

харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына оқытушыға түсінік, яғни, нұсқаулығы қатар ұсынылады. Ақаңның оқулыққа берген мәтіндері қазіргідей ұзын емес, қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайық топтастырылған.

Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ пайдаланылып тұрды. Ол «Әліппені» әр басылымында жетілдіріп, толықтырып отырған. Мәселен 4-ші басылымында қазақтың 28 дыбысына арналған 24 таңбаны үйретіп біткеннен кейін «Өзге тілдердегі дыбыстардың таңбалары» деген тарау беріліп, онда араб әліпбиінен шығарып тастаған 12 таңба мен араб тіліне тән харакат, сукун, тануин, хамза белгілері үйретілген. Ал 7-ші басылымында «Қазаққа басқа тілден қатысқан сөздер үшін алынған дыбыс таңбалары» деген тарау беріліп, онда араб әліпбиінен шығарып тастаған 12 таңба емес, соның 4-еуі (х, h, ф, ш) ғана үйретілген, яғни бұл төрт таңбаны қазақ жазуына қажет деп танып, іріктеген.

Ахаңды ұстап кеткеннен кейін Телжан Шонановтың «Жаңалығы» мен Молдағали Жолдыбаевтың «Жаңа арнасы» Байтұрсынұлының әліппесінің ізімен жасалды. Одан кейінгі «Әліппені» Ленинград Шығыстану университетін бітіріп келген жас ғалым, кейін академик болған Ісмет Кеңесбаевта жазды. Жиырма жылға жуық уақыт бойына оқытылған оның «Әліппесімен» 30-40 жылдардың оқушылары білім алды. Бұдан кейінгі жарық көрген Н.Миршанов пен М.Төрежановтың «Әліппелерінің» мазмұнына сол кездегі коммунистік идеология мен кеңес заманы саясатының салқыны тиген құрал болды.

1967 жылы жарық көрген жаңа әліппенің жазылуына (авторлары З. Төрежанова, М. Төрежанова, М. Жұбанова) сауат ашу кезеңінің 6 айдан 3 айға дейін қысқартылуы себепші болды. Бұл қазақ тілінің табиғатына жақын құрал болды. Бұл «Әліппе» оқулығы жаңа буын оқулықтары шыққанға дейін, яғни 1997 жылға дейін үздіксіз қолданылып келді.

1984 жылы Кеңес Одағы мектептерінде алты жастан бастап оқытуға көшу оқулықтардың жаңа кешенін әзірлеуді қажет етті. Сауат ашу кезеңін бір жыл бойы жүргізуге есептелген әліппе (авторы Ш. Әуелбаев) екі жыл ғана қолданыста болды. Әліппеде алты жастағы балалардың физиология, психология қабылдау ерекшеліктерін ескермеу, грамматика ұғымдарды ерте бастан үйретуге әуестену сауат ашу жұмысына едәуір қиындық келтірді. Сондықтан 1986 жылы толықтырылған авторлар құрамымен (Ш. Әуелбаев, М. Жұбанова, М. Төржанова, З. Әйтенова) жаңа әліппе жарық көрді. Бұл оқулықта ресми бекітілген оқу бағдарламасының талаптары ескерілгенмен кемшіліктері де болды.

1990 жылы білім Министірінің әліппелерге жариялаған конкурсының жеңімпазы болған М. Жұбанованың әліппе оқулығы 1992 - 93 жылдары оқу жылынан бастап қолданылды. Әліппеде балалардың ойы мен тілін дамытуға назар аударылып, олардың дүниетанымын кеңейтуге барынша мән берілді. Әліппе мазмұны дидактикалық-әдістемелік, тақырыптық-сюжеттік нақтылығымен ерекшеленді. Оқулық 1997 жылға дейін негізгі сауат ашу құралы ретінде қолданылды. Бірақ әліппенің негізгі мақсаты тек оқуға және жазуға үйрету екендігі ескерусіз қалды.

1995 жылы бастауыш сыныптардың жаңа оқу бағдарламасына орай сауат ашу кезеңі 1 жылдан 6 айға қысқартылып, жаңа әліппе (авторлары Ш. Әуелбаев,Ә. Наурызбаева, Р. Қзғұттынова, А. Құлажанова) жарық көрді. Әліппеде балаларды жас кезінен халқымыздың дәстүрлі дүниетанымы мен әдет-ғұрпына баулу, отаншылыққа және адамгершілікке тәрбиелеу мақсаты көзделді. 2008; 2012 жылы осы «Әліппе» [7] баспадан қайта шықты.

Көріп отырғанымыздай осы уақытқа дейін бірнеше әліппе жазылды. Бірақ біз Ахметтің әліппесіне қайта оралып, қазір соның ізімен оқытуға кірісіп жатырмыз. Қазақ мектебі біраз адасып, тіпті, «Әліппе» мен «Ана тілін» тастап, жаңартылған бағдарлама шеңберінде «Сауат ашу» деген пән (оқулық) шығарған болатын.

А.Байтұрсынұлының еңбектеріне тыйым салынғаннан бастап ғылымға Кеңес үкіметінің саясаты араласты. Биыл алғашқы ұлттық әліппеміздің шыққанына 110 жыл толып отыр. Біз ұлт ұстазы салған арнадан шығып кеттік те әлі адасып жүрміз.

Осы күнге дейін шыққан 40 түрлі әліппелер жүйесіздік жағынан бірінен бірі өтеді, ғылыми негізде жоқ. Осы әліппелерде оқыту мерзімі бірде бір жылға немесе алты айға созылса, бірде үш айға қысқарып отырды. Кешегі білім жүйесінен алынған «Сауат ашу» оқулығының мерзімі үш тоқсан болғанын білеміз. Ал Ақаңның әліппесімен қаріп танып кету үшін қабілеті орташа балаға төрт апта жеткілікті болатын. Бұл неден? Бұл тіліміздің сымдай тартылған дыбыстық жүйесінен. Бұл Ахмет Байтұрсынұлының математикалық дәлдікпен түзілген әліпбиінен және оны үйретудің тілдің табиғатынан шыққан әдіс-тәсілінен. Иә, біздің әріптің дыбыстың жүйесі жақсы негізделген. Бұған қазақ баласына өзге елдегідей көп уақыт керек емес, Манчестер деп жазып, Ливерпуль деп оқитын ағылшындарға немесе әр иероглиф суреті жеке-жеке мәні бар сөз болып табылатын қытайларға хат тану үшін көп уақыт керек. Тіпті мына іргедегі орыстың тілінде де шарттылық көп. Мәселен, алты дауысты дыбысы қай дауыссыздың қасында тұруына қарай 48 түрге енеді дейді мамандар. Ал, қазақ тіліндегі төл 28 дыбыс қайда тұрса да негізінен сол дыбысталу күйін сақтап тұрады, бұзылмайды, азбайды. Сол себептен де біздің баланың сауат ашуы тез, оңай. Әліппенің мақсаты әріп таныту, яғни жазуға үйрету, жазылған сөзді оқытуға үйрету, яғни әліппенің үйрететін білімі функционалдық білім.

Ұлт ұстазы 1914 жылы өзі шығарып отырған «Қазақ» газетіне «Бастауыш мектеп» деген мақала жазады. Онда «Бүгінгі қос бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің қатарынан табылмайтын мектептер. Біреуінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды қажет қылғандықтан жаман да болса, жоғынан бары артық деумен жасалып отырған іс. Екіншісінде, яғни орыс тілді школдарда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ есесіне оның пайдасы аз. Олардың пайдасын азайтып отырған бір-ақ нәрсе – қазақты орыстандырамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып орыс әрпін алдырамыз дейді. Сондықтан әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да орыс әрпімен оқысын дейді. Сол үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқып, әрірек барған соң кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұл еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді. [8]. Байқап отырғанымыздай Ақаң бастауышта орысша оқуға да ескіше оқуға да қарсы болған. Сол үшін өзі ұлттық әліпби түзіп, оны оқытылатын теңдесі жоқ оқу құралын жасап шығарған. Біздің ойымызша, Ақаңның құралдарын түгел оқу жүйесіне қайтару керек.

Ұлт ұстазының шығарған оқу құралдары мен оқулықтарының бәрі кешенді, бір бірімен байланысты және жүйелі. Біз, кейінгілер, осы уақытқа дейін бірнеше әліппе шығардық, әдістемелік нұсқаулықтар жасадық деп жүрміз. Бірақ төл дыбыстарға негізделген қасына мұғалімдерге арналған «Баяншысы» бар, ол аз десеңіз сөйлеу, оқу, жазуды ұштастырған «Тіл жұмсары» тағы бар, кешенді дүние жасай алмадық.

Ахаңның қазақ мұғалімдері үшін жазған нұсқаулығы, 1 баспа табақ [Байаншы]. Бұл нұсқаулық 1920-шы жылы Қазан баспаханасынан жарыққа шығады. Ағартушы ұстаз өзінің 14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесіне сүйене отырып, заман талабымен келген жаңа оқу жолын (усул сотие) қалай оқыту керектігіне мектеп оқытушыларына «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазылу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» деген аңдатпалық мағлұмат береді. Мұнан басқа Қызылорданың Қазақстан баспасынан «Тіл – жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын әдістемелік көмекші құралы жарыққа шыққан. Бірінші кітап 46 бет (1928), екіншісі 90 бет (1929). Осы кітаптың кіріспе орнына берілген «Дәйектемесінде» құралдың қажеттілігі туралы, бұрынғы құралдардан айырмашылығы жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылғаны айтылған.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда жазбаша және ауызша тілдің ара-жігі ажыратыла бермейді. Білім алушылар әріп пен дыбысты айыра алмай, бір сөйлеу барысында сөздерді жазба түріндегі қалпы бойынша айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында ғалымның екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітіп те отырған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма? Және т.б.

Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін сатылап көрсеткен.

Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «теория және практика» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында» баяндалады: *«Өлі оқудан» көрі «төте оқудың» беретін білімі жандырақ. «Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқудың» беретін білімі жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тікелей түсіру»* [9].

Осы күні функционалдық білім туралы көп айтамыз. Ұлы ғалым оны тірлік шаруасына үйретететін білім тірі білім болуы керек деп бірақ қайырады. Оның тұжырымдауынша бастауыш мектепте үйретететін білім жұрттың бәріне керек тегіс білім болып табылады.

Біз бүгінгі білім жүйесінде ұлт ұстазы айтқан идеядан алшақтап, еуроөзекке түсіп алып, адасып жүрмыз. Мәселен, екінші жартыжылдықта біздің оқу жүйеміз бойынша Әліппеден кейін Ана тілі деген пән кіреді. Бұл қате!

Әліппенің жалғасы ана тілі емес, қазақ тілі. Яғни әліппе аяқталған соң екінші жартыжылдықта қазақ тілі басталуы керек. Әліппенің ұлт ұстазы Ақымет Байтұрсынұлы белгілеген мақсатын қайта бір еске түсірелікші: жазуға үйрету және жазылған сөзді оқуға үйрету. Бұл екі дағдыны оқушы бойында әрі қарай қалыптастырып, ережесін жасап қадағалайтын тек қазақ тілі пәні. Ең қызығы әліппеге қойылған дәл осы мақсат қазақ тілі пәнін оқу кезінде де орта мектеп аяқталғанша өзгермейді. Ауызша және жазбаша мәтін тудыру дағдысын шыңдау, орта мектеп деңгейіне сай лингвистикалық білім беру қазақ тілі пәнінің де мақсаты осы.

Әліппенің ішіндегі мәтіндер өте қарапайым болып келеді, Ары кетсе 300 сөз (Ата ат тағала, Айдос доп ал және т.б.), ал бірінші сыныпқа келген 5-6 жастағы баланың өзінің табиғи сөздік қоры бұдан әлде қайда бай. Зерттеушілер монотілді, (тілі тек ана тілінде шыққан) баланың сөздік қоры шамамен 5000 сөзді құрайтындығын айтады [10]. Бұл дәлелденген тұжырым. Сондықтан бірінші жартыжылдықта тек хат танытамыз деп, баланың сөйлеу дағдысын екі тоқсан, жарты жыл бойы тежеп қоюға болмайды. Бірінші тоқсанда әлі оқый алмайтын бала сабақты Әліппемен қатар, тыңдалым, айтылым әрекеттері арқылы жүргізіп отыруы керек. Ана тілінің мақсаты оқушының табиғи сөйлеу дағдысын жетілдіру арқылы дүниетанымын қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре бастау. Яғни, Әліппе баланы оқу мен жазуға дағдыландырса, Ана тілі оның сөйлеу дағдыларын әрі қарай жетілдіріп, шыңдай түседі. Мақсаты бөлек екі пән жыл басынан бастап, жыл бойы бөлек-бөлек оқытылуы керек.

Қазақ мектебінде Әліппе бірінші сыныптың бірінші жарты жылдығында аяқталып, бірден екінші жарты жылдықта тілдік ұғымдар туралы қарапайым түсінік беретін Қазақ тіліне жалғасыу тиіс те, Ана тілі тыңдалым арқылы басталып, оқылым дағдысына ұласып, жыл бойы жүруі тиіс.Яғни, қыркүйектен бастап жүретін ана тілі (тыңдалымға) 96. Екінші жартыжылдықтағы ана тілі (оқылымға) 102 сағат, барлығы бұл пәннің жеке өзіне 198 сағат бөлінуі керек. Екі пәнге енетін мәтіндер мен лексикалық тақырыптардың берілуіне ерекше назар аударылуы керек. Себебі, балалар мектепте алған функционалдық

білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу керек. Ол тек грамматикалық заңдылықтарды меңгеруімен ғана емес, мектепте оқыған мәтіндеріне де байланысты. Ана тілінің бала өмірінде жалпы кемелденуінде, ары қарай ізденуі, білім алуы, еңбекке ынтасының пайда болуы, тұлға ретінде қалыптасуының маңызы зор. Мәтіндер Отанды сүюге, еңбек етуге, еңбекті қадірлеуге, табиғатты тануға, мәдениеттілікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге бағытталуы керек [11].

Ұлт ұстазы әліппеден бастап мектепке арналған оқу құралын жазбас бұрын мақаламыздың басында айтқандай мәселені әбден оқып, зерделеп лингвистикалық жағынан әбден дайындалған. Он төрт жыл сабақ берген. Сөйтіп оқулық жазуға үлкен дайындықпен келген. Өз қолымен жазған “Өмірбаянында” (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: “Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған “Қазақ” газеті арқылы іске асты”. Қазіргі қазақ әліппесінің де авторы Ахмет Байтұрсынұлы болуы керек деген қорытындыға келіп отырмыз. Өйткені, біз қанша әліппе жазсақ та Ақаң жазған әліппенің деңгейіне әлі жете алмадық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрбаев М. Әліппесі. – Уфа,1910.
2. Ерғалиұлы З. Қазақ әліппесі. – Қазан, 1910.
3. Аңдамасов Ж. Қазақша ең жаңа әліппесі. – Қазан, 1912.
4. Сырғалин К. Қазақша әліппе кітабы. – Қазан, 1913.
5. Байтұрсынов А. Оқу құралы. – Орынбор, 1912.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы // Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: «Ана тілі»,1992. -444 б.
7. Мәметқазыұлы Қ. Қазір жаңа деп танылған әдістемелердің көпшілігі Ахмет Байтұрсынов еңбектерінен бастау алады. [Электронды ресурс: 05.09.2019]. Сілтеме: https://lenta.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanylgan-adistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady_a3562782
8. Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп. – Орынбор: «Қазақ» газеті, 1914. - №62 (17 май)
9. Baitursynov A. Training school. [Electronic resource] https://adebiportal.kz/en/news/view / 910 https://abai.kz/post/98357
10. Қапалбек Б. Басты міндет – тіл болашағын сенімді ететін жаңа әліпби қабылдау. «Qazaqtanu» журналы №4 (40) 2021. -24 б.
11. Қапалбек Б. Әліппенің жалғасы қазақ тілі, ал ана тілі бөлек пән. [Электронды ресурс: 22 Желтоқсан, 2020]. Сілтеме: https://bilimdinews.kz/?p=130618

ӘОЖ 37; 811.512.122

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Садуақас Н. А.
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақ филологиясы кафедрасы
ҚР, Ақтөбе қаласы

Резюме. *В статье рассматривается значение реформы А. Байтурсынулы и его вклад в развитие казахской письменности. Автор делает анализ связанные с исследованием теории сингармофонологические особенностей казахского алфавита и письменности.*

Ключевые слова: *Алфавит, письменность, сингармофонологя, казахском языке.*

Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі адамзат мәдениеті тарихында әліпби мен жазудың маңызы ерекше, жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу- өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір екендігін кезінде академик Ә.Қайдар атап көрсеткен еді. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауына қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан әліпби мен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз. Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы есімін құрметпен еске аламыз. Өткенге ой жіберіп, таразылайтын болсақ, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген қазақ зиялыларының арасындағы шоқтығы биік тұлға деп Ахмет Байтұрсынұлының есімін бірінші кезекте ауызға аламыз. Шындығында да, ол қалдырған мұраны саралай келе ұлт ұстазы Ахмет айналыспаған саясаттың да, ғылымның да саласы жоқ екендігіне, оның соңында қалған мұрасы мен айтқан ойларының осы күні де өзінің өзектілігін жоймағандығына көз жеткіземіз. Табиғатынан ерекше дарын иесі Ахмет Байтұрсынұлының тілтаным саласындағы еңбектері қазақ тіл білімінің алғашқы ғылыми теориялық негізін қалауға ұйтқы болды. А.Байтұрсынұлының рухани мұрасының тереңіне бойлап, оның теориялық маңызын түсінуде әліпби мен жазуға қатысты еңбектерінің де маңызы ерекше зор деп білеміз. Ғалым қазақ әліпбиін құрастырып, жазуын қалыптастыруда тіліміздің сингармофонологиялық негізіне арқа сүйеген еді. А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің сингармофонологиялық табиғаты туралы кеңірек білу үшін ғалым М. Жүсіпұлының зерттеулеріне назар аударамыз [1].

А.Байтұрсынұлы тіл тазалығы, тілді терең меңгеру, ұлттық тәрбие баланың алғашқыда өз ана тілінде сауат ашуына байланысты екендігін атап көрсетіп, «Тіл - құрал» еңбегінде: «Әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс», - деп жазды[2.13]. Сондықтан ана тіліміздің сингармофонологиялық табиғатын, үндесім заңдылығын сақтау үшін бұл пікірдің маңызы зор екенін ескеру керек. Ғалымның бұлай айтуына себеп, ана тіліміздің өзіне тән табиғи қалпын сақтап сөйлеуі әр адамның тілі бала жасынан қалыптасуына айрықша көңіл бөлуінде жатыр. Білім беру, оқыту үдерісі

жазумен де тығыз байланысты, сондықтан ана тілі заңдылықтарын сақтау жазу ісінде де көрініс табуы тиіс, яғни тілдің фонологиялық заңдылықтары жазумен ұштасып жатады. Осы фонологиялық заңдылықтарды терең танығанда ғана ана тіліміздің айтылымы мен жазылымын өз мәнінде қалыптастырып, қолданыс аясын кеңейтіп, белсенділігін дамыта түсеміз.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбек еткен алғашқы кезеңде, яғни XIX ғасырдың соңынан бастап, қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтыны, оның түркі тілдеріне жарамсыздығы мен кемшілік жақтары баспасөз беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді. Міне, осы көзқарастарды өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланған Н.И.Ильминский бастаған миссионерлер араб жазуының кемшіліктерін сынай отырып, қазақ жазуын бірден орыс графикасына көшіру идеясын уағыздай бастады [3.272]. Сол тұста Н.И.Ильминский бастаған миссионерлік топтар жазу мәселесін әлеуметтік саясат құралына айналдырып, халық тағдырын өз мақсаттарына қарай өзгертуді ойлаған еді. Осындай уағызға ерген кейбір қазақ оқығандары да қазақтың ескі жазба тілін «татаршина», «арабшина» деп жағымсыз қылып көрсетуге қосылып кетті [3.273]. Ал бұл көзқарастардың әлеуметтік саяси астарын терең түсіне білген А.Байтұрсынұлы «қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс… Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды»,- деп жазды[2.609]. Ол тек өз көзқарасын білдірп қана қоймай, 1910 жылдардан бастап араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзуді қолға алды. А.Байтұрсынов араб әріптерін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қазақ тілінде жоқ дыбыстардың таңбаларын әліпбиден шығарып, арабша таңбасы жоқ қазақ дыбыстарына таңба ойлап тауып, қазақ тілінің үндестік заңы бойынша жуанды-жіңішкелі дыбыстарға сай етіп, жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасап, 1911-1912 жылдары жаңа әліпби құрастырды. Бұл «Әліппе» Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидің» жаңа түрін жазды. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ графикасы дүниеге келіп, 1924 жылы Орынборда өткен қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайы оны ресми түрде қабылдады. Бұл әліпбиді халық «Байтұрсынұлы алфавиті», «Байтұрсынұлының төте жазуы» деп атаса, сол кездегі орыстың белгілі ғалымдары, профессорлар Е.Д.Поливанов пен Н.Ф.Яковлев өте жоғары бағалады. Н.Ф.Яковлев өз сөзінде жақсы алфавит бірнеше ғылыми талаптарға жауап бере алатын болуы керек. Ол талаптардың негізгілері мыналар: 1.Алфавитте әріптер саны тілдегі сөз мағынасын ауыстыра алатын дыбыстар /фонемалар/ санына тең болуы керек; 2. Алфавитте әріптер саны өте көп болмау керек; т.б. Осы негізгі екі қасиет қазақтың сингармониялық алфавитіне тән. Ал сингармониялық алфавит пен сингармониялық орфографияға қосымша таңба – дәйекшінің ендірілуі үлкен ғылыми жаңалық болды дейді[1.79]. Кезінде профессор Қ.Жұбанов та осы араб графикасына негізделген жазуға қарсы айтылып жүрген пікірлердің негізсіздігін айтып, осы жазудың авторы А.Байтұрсынұлы**н**ың еңбегін жоғары бағалаған еді [4.581]. Е.Д.Поливанов бұл жазуды «Байтұрсын**ов**ский алфавит» дей отырып, «…енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деп ғылыми тұрғыда жоғары бағалады[5.283]. Ғалым А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, … онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан

айтылатын «қ» мен «ғ» –ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек»,- дейді[6.324]. А.Байтұрсынұлы қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан; Бір сингармофонеманың қызметін сөйлесім процесінде бірнеше дыбыстар атқарады. Олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы сингармодыбыстарды сингармофонеманың позициялық сингармотүрлері дейді. А.Байтұрсынұлы осы фонологиялық принциптерді - қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармофонемалық және сингармопозициялық классификациясын – жасады [1.47]. Ал Халел Досмұхамедұлы өзінің сингармонизмге арналған көлемді мақаласында тек қазақ тіл білімі тарихында ғана емес, жалпы тіл білімі тарихында бірінші болып сингармонизмді сөз құрамындағы барлық дыбыстардың үндестігі деп таныған болатын [7.81]. Ал бұл жазудың нағыз ғылыми бағасын танытып, Байтұрсынұлытың ұсынған жазуы мен әліпбиінің құдіреттілігі мен тылсым сырын ашып, оның жазуы әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалық болғанын еліміз егемендік алғаннан кейін қорғаған докторлық диссертациясында ғалым Махамбет Жүсіпұлы жан-жақты дәлелдеп бергені ғылыми қауымға белгілі жай [8]. Сонымен, А.Байтұрсынұлыты араб алфавитін тұңғыш реформалаушы және соған сәйкестендіріп, емле ережелерін құрастырушы, қазақ жазуы мен әліпбиінің тағдырын шешкен ғұлама ғалым деп білеміз. А.Байтұрсынұлы жасаған алфавиттің әлеуметтік лингвистикалық жетістігі қандай десек, ғалым М. Жүсіпұлы анықтап, ғылыми тұрғыда дәлелдеген төмендегі мәселелерді атап көрсету қажеттігі туындайды:

Ғалым қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты дыбыстар екенін айтып: «бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады, «к», «г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, … онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ» –ны қосқанда, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е» - лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек»,- дейді [6.324]. А.Байтұрсынұлы қазақтың сингармониялық сөйлесімінің барлық қасиеттерін жазылым процесінде толық қамту үшін осы 43 түрлі дыбысты дәйекшіні қосқанда 25 белгімен жазу техникасын ойлап тапқан; Бір сингармофонеманың қызметін сөйлесім процесінде бірнеше дыбыстар атқарады. Олар біріне-бірі ұқсамауы да мүмкін. Осы сингармодыбыстарды сингармофонеманың позициялық сингармотүрлері дейді. А.Байтұрсынұлы осы фонологиялық принциптерді - қазақ тілінің дыбыс жүйесінің сингармофонемалық және сингармопозициялық классификациясын – жасады [1.47]. Қазақ тілінде фонологиялық қызметті сингармонизм атқаратындығын, сондықтан тіліміздің табиғаты үндестік заңдылығымен астасып жатқанын, соған сай А.Байтұрсынұлының да ғылыми еңбектері сингармонизмге негізделгенін ғалым Ә.Жүнісбек өзінің зерттеулерінде ғылыми түрде дәлелдеген еді [9].

Ғалым өзінің құрастырған алфавитіне «х, һ» дыбыстарын енгізбеген. Себебі «һ» дыбысын одағай сөздерде ғана (аһ, уһілеу) кездеседі деп, «Бұл әріпті қазақ әліппесінен шығарғанда мұнымен жазылатын сөздер аз деп шығарып едік. Аз болғанмен тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезілетіні көрінеді», - дейді [1.88]; Ал «х» дыбысы араб, парсы сөздер арқылы еніп, қазақтың өз сөздері болып кеткен (адал – халал,арам – харам), сондықтан оны сақтау керек дейді[2.385]. Қазіргі жазуымызда «х» дыбысының фонемалық қасиеті жөнінде бірізділік болмауы себепті (хабар-қабар, қош-хош) жазуда қиындық келтіріп келеді. А.Байтұрсынұлы «х, һ, ц, ч, в, ф, щ» дыбыстарды қазақ тілінің сингормофонемалар құрамына ендірмеген, оларға арнайы таңба арналмаса да, қосымша әріптермен қалай жазу жолдарын көрсеткен [1.30]. Қазіргі кездің өзінде «и», «у» дыбыс-әріптерін жазуға қатысты пікірталастар болып

жүрсе, ғалым өз кезінде «и, у» жарты дауысты деп көрсетіп, олардың қандай жағдайда ұзын, қандай жағдайда қысқа айтылатынын көрсетіп, осы әріптермен жазу емлесіне де ерекше назар аударды. Осы «у» мен «й» «қай жағынан тексергенде де дауысты деуге болмайтынын» кезінде Е.Омаруұлы да өз еңбектерінде айтқан еді[10.72].

Ғалым М.Жүсіпұлы зерттеулерінде А.Байтұрсынұлы дыбыстың жіңішкелігін арнайы таңба – дәйекшімен белгілеп, дәйекші сөз құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстың, сонымен бірге, бүкіл сөздің толық жіңішке дыбысталуын таңбалағаны, сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға тәуелді, яғни дауысты дыбыстардың жуан – жіңішкелігіне қарай дауыссыздардың да жуан- жіңішке болатындығын анықтаған; Сонымен бірге фонема статусына ие болған және фонема статусына ие болмаған дыбыстарды нақты ажыратқан, сөйтіп алфавиті мен орфографиясында жеке әріппен тек сингармофонемаларды, яғни сөз мағынасын өзгертетін фонологиялық бірліктерді белгілеген [1.49]. А.Байтұрсынұлы төмендегідей маңызды теориялық сауалдарға жауап берген: 1/. Неге бір түрлі фонетикалық жағдайда дыбыстар әр түрлі дыбысталатыны /сыз –сіз/; 2/. Неге алфавитке сөйлесім процесінде қолданылатын дыбыстардың барлығын жеке әріптермен таңбалау мүмкін еместігі; 3/ Неге алфавиттегі әріп таңбасы әр дыбыстың емес, акустика – арткуляциялық жағынан ұқсас дыбыстар тобының, дыбыстық типтің, белгісі болатыны: Н – н- нь (тон- төн); 4/ бір бірімен акустика – артикуляциялық жағынан ұқсас әрі толық ұқсас емес дыбыстар тобы мен адамның ойлауындағы дыбыстардың психологиялық бейнесі арасындағы байланыста қарым қатынас бар ма? [2.63]. Осы сұрақтарға жауап іздеу, зерделеу барысында өзінің «төте жазуын» мінсіз құрастырып шыққан. Егер А.Байтұрсынұлы қазақ тілі сингормофонемасын жуан-жіңішке болып бөлінетін екі сингармовариациялардан тұрады деп анықтамаған жағдайда, өзінің сингармоалфавиті мен сингармоорфографиясын әлем ғалымдары жоғары бағаланғандай биік деңгейде жасай алмайтын еді [1.57]; А.Байтұрсынұлы позициялық принципті, фонеманың позициялық түрлері және фонема дыбыстар қоры ұғымдарын жалпы тіл білмі әлемінде бірінші болып зерттеп, анықтаған [1.59]; Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыс жүйесінде сингорможуан /қ, ғ/ және сингорможіңішке /к, г, е/ дыбыстарды ажыратып, оларға жеке таңба арнады. Яғни, түркі тіл әлемінде тұңғыш болып жуан-жіңішке сингармокорреляцияны анықтады, жұпталған сингармокорреляттік дыбыстар санын нақты белгілеген [1.23]. Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің бір жетістігі дауыстыларды таңбалауда қадим, жадид жазуынан бері қарай қолданылып келе жатқан халық санасындағы қалыптасып қалған араб тіліндегі аз дауыстылар таңбасын қазақ тілінің үндестік заңымен байланыстыра отырып әліпби құрауында жатыр [11.45]. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әліпби мен жазуының реформаторы ретіндегі ғылыми теориялық ұстанымдары бүгінгі таңда да маңыздылығын танытып отыр[12].

Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы шыққан «Оқу құралы» деп аталатын алғашқы оқулығы қазақ балаларының тұңғыш рет өз ана тілінде әріп танып, жазуға үйренуіне жол көрсетті. Бұл еңбек қазақтың ұлттық жазуын қалыптастырудағы алғашқы табысы болды. 1914 жылы шыққан «Тіл - құрал» еңбегі тіл заңдылығын үйрету құралы, яғни қазақ тілінің теориялық мәселелерін танытатын алғашқы еңбек болса, 1920 жылы тілді дұрыс қолдана білу тәртібін үйретін «Тіл жұмсар» еңбегін, одан кейін тілді оқыту, сауат аштыру әдістемесі жөнінде «Баяншы», «Әліпби астары» деген т.б. оқулықтары бүгінгі таңда да халық игілігіне қызмет етіп келеді.

1). А.Байтұрсынұлының құрастырған әліпбиі туралы М.Дулатұлы: «Араб әріптерінің өзгеріп отырғаны рас, бірақ қалай өзгертілген, әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болу керек қой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше бұны «өзгертушінің шеберлігі» деп біліңдер

Бұларды өзгерткенде әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймай, өзгерткенін сездірмей, хат танитын адам бөгелместен оқып кетерлік қылып өзгерткен»,-деп түсіндірген еді[13.77].
2). А.Байтұрсынұлы өз кезеңінде қазақ тіліндегі сөзді жазуға икемді әліпби жоқ екенін: «Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арналған белгі жоқ; бір белгімен әлденеше түрлі дыбыстарды жазамыз»,- деп түсіндірген екен[6.380].
Ғалым М.Жүсіпұлының зерттеуіне сүйене отырып, төмендегі мәселелерге көз жеткіземіз:
-А.Байтұрсынұлы бір сингармофонеманы бірнеше әріппен таңбалаудан, әлденеше сингармофонеманы бір әріппен таңбалаудан құтылу мүмкіндігін анықтады [1.17].
- сингармоезужуан, сингармоезужіңішке дыбысталатын дербес сингармофонемалардың сингармопозициялық түрлерін ажыратады[1.18].
- қазақ тіліндегі консонантизм жүйесіндегі 19 сингармофонема сөз құрамында дыбысталған кезде сингарможуан, сингарможіңішке дыбысталатын екі түрлі корелляциялық қарым-қатынаста тұратын сингармопозициялық сингармодыбыстар түрлерінде қызмет атқаратынын анықтаған[1.19]. Мысалы, «н» сингармофонемасы 12 түрлі сингармодыбыс, 6 корелляциялық жұп, 2 сингармопозициялық түрі арқылы таңбаланады:
«Н»- [н]: - сингармоезужуан, сингармоезужіңішке (сан, сән), сингармоерінжуан, сингармоерінжіңішке(қон, көн);
«Н»- [м]: - сингармоезужуан, сингармоезужіңішке (қанба-қамба, сенбе- сембе), сингармоерінжуан, сингармоерінжіңішке(қонба-қомба, көнбе-көмбе);
«Н»- [ң]: - сингармоезужуан, сингармоезужіңішке (жанға-жаңға, есенге- есеңге), сингармоерінжуан, сингармоерінжіңішке(тонға-тоңға, күнге-күңге) [1.19]. Дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесінде сингарможуан, сингарможіңішке дыбыстарға ажыратып, сингармокорелляцияны анықтады [1.23].
2). А.Байтұрсынұлы жаңа графика жасау мәселесін мүлде көтерген жоқ. Оның негізгі концепциялық ойы – жеке фонемаға жеке таңба алу, сондықтан араб графикасын қазақ тілі дыбыс жүйесінің құрамына сәйкес реформа жасау мәселесін көтерді. Сол оймен араб таңбалары негізінде қосымша таңбалар жасады[1.20]. Әліпби мен орфографияны сингармофонологиялық негізінде жасау қазақ тілі әрпі санын үнемдеуге себеп болды[1.22].
3). А.Байтұрсынұлы өзінің құрастырған әліпбиінде сингарможуан, сингарможіңішке корелляциялық жұп дауысты фонемаларды бір әріппен таңбалау арқылы әлемдік жалпы фонология мен графемика ғылымын тағы да бір баспалдаққа жоғары көтерді[1.44].
А.Байтұрсынұлы құрастырған әліпбиінде фонема статусына ие болған және фонема статусына ие болмаған дыбыстарды нақты ажыратқан, сөйтіп әліпби мен орфографияда жеке әріппен тек сингармофонемаларды, яғни сөз мағынасын өзгерте алатын фонологиялық бірліктерді белгілеген[1.49].
4). Халел Досмұхамедұлы тіл білімі тарихында бірінші болып сингармонизмді тек дауыстылар үндестігі ғана емес, сөз құрамындағы барлық дыбыстардың үндестігі деп танып, осы тұжырымдары арқылы сингармонизмді фонологиялық деңгейге көтеріп, түркі тілдерінің дыбыс жүйесін зерттеуде жаңа ғылыми жол ашқан болатын[1.71]. Кейіннен осы бағыттағы ғалым Ә.Жүнісбек зерттеулерінде қазақ (түркі) тілінің негізгі просодиялық доминанты екпін емес, сингармонизм екені дәлелденген болатын.
5). А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі сингармофонологиялық ізденістер ғалымдар Ә.Жүнісбек пен М.Жүсіпұлы зерттеулерімен толыға түскен. А.Байтұрсынұлы қазақ тілі дауыссыз дыбыс жүйесінің құрамындағы екі позициялық түрін (сингармоезужуан, сингармоезужіңішке) көрсеткен. Ал Ә.Жүнісбек қазақ тілі дауыссыз дыбыс жүйесінің құрамындағы төрт позициялық түрін (сингармоезужуан, сингармоезужіңішке, (сингармоерінжуан, сингармоерінжіңішке) және сингармовариантар мен сингармовариацияларды анықтаған[1.29].

6). Қазақ тілінде бір дауыссыз сингармофонема әлді позицияда 4 түрлі сингармовариацияда қызмет атқарса, ал әлсіз позицияда тағы да 4 не одан да аз сингармовариантта қызмет атқарады. Қазақ тілінде бір дауыссыз сингармофонема барлығы 105 сингармодыбыстан құралатынын, яғни әлді позицияда 66 сингармовариацияда қызмет атқаратынын ғалым Ә.Жүнісбек анықтаса, ал әлсіз позицияда 39 сингармовариантта қызмет атқаратынын ғалым М.Жүсіпұлы анықтаған[1.116]. А.Байтұрсынұлы басқа тілден енген сөздер тіліміздің табиғатына, айтылу сазына кері әсер ететінін, ана тіліміздегі сөзіміз шұбарланып, әуені бұзылатынын айтып, сондықтан басқа тілдің сөзін өз тіліміздің дыбыстық ерекшелігімен айту керектігін ескерткен еді. Мысалы: орыста «h» дыбысы жоқ, сондықтан оны олар «г» дыбысымен айтатынын білеміз. Сондықтан өз тіліміздің табиғатына назар аударған жөн. Осы орайда ғалым. «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалыды» деп тұжырым жасаған еді. А.Байтұрсынұлы араб жазуынан безіп, латын графикасына көшудің бір артықшылығы, қажеттілігі болып тұрмағынын айтып, «латынға алмастырғанынан енетін пайда көп болса немесе латын әріпін алу машақаты, шығыны араб әріпін түзуден аз болып шығатын болса, …. латынмен болуды жөн дер едік. Ол жоқ.», - деп, бүкіл түркі халқына ортақ болған араб графикасы негізіндегі жазуды жақтайды [2.565]. А.Байтұрсынұлыдай дара тұлғаның өсиеті, сингармофонологиялық зерттеулері тіл жанашырларының алға ұстар бағдаршамы болуға тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. - Алматы: Ғылым, 1998. - 216 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері.- Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. - 640 б.
3. Уәли Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: Ғалым, 1999.- 268- 281 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым,1999.-581 б
5. Мәжітаева Ш. Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. - Алматы: Ғылым, 1999. - 281-288 б.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы.- Алматы: Ана тілі, 1992. -448 б.
7. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы // Аламан. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 81-99 б.
8. Джусупов М. Сингармонический звуковой строй в сопостовлении с несингармоническим (на материале қазахского и русского языков) АДД. - Алматы, 1992. -38 с.
9. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. - Алма-Ата: Наука, 1980. -78 с
10. Елдес Омарұлы шығармалары. I том. - Алматы: «Лұғат» қоғамдық қоры, 2018. - 300 б.
11. Әліпби. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Арда+7», 2020. - 368 б.
12. Машқанова Н.Т. Ахмет Байтұрсынов – қазақ жазуының реформаторы.- Алматы,1994. - 154 б.
13. Әліппе . - Қарағанды: ҚарМУ, 1990. - 106 б.

ӘОЖ 37; 811.512.122

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ ҚАЖЕТ

Сабыр М.Б.
Филология ғылымдарының докторы, профессор.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Орал қ.

Резюме. *В статье подняты проблемные вопросы нового казахского алфавита, основанного на латинском письме. Наряду с достижениями четвертого проекта, предлагаемого орфографической группой, подробно обсуждались недостатки. Доказана необходимость национального алфавита, который соответствует национальному языку.*

Ключевые слова: *новый алфавит, казахский язык, звук, знак, латинская письменность*

Тәуелсіз Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде рухани жаңғыру, ұлттық рухани құндылықтарды сақтау, ұлттық код мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. XXI ғасырда жаһандануға жұтылып кетпеу үшін ана тіліміздің, мемлекеттік тіліміздің әлеуеті, қызметі әлеуметтік өмірдің бар саласында өркендеуі қажет. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылы 26 қазанда "Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы" жарлығына қол қойды. Елбасыға жүгінсек «латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, комуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру ерекшеліктеріне байланысты». Бұл егемен ел тарихындағы ұлы бетбұрыс, рухани тәуелсіздікке жетудің бірден-бір жолы. Жаһандану заманында латын графикалы жаңа әліпби қабылдаудың өзіндік жақсы жақтары бар екенін көзіқарақты жанның бәрі біледі. Ол - түркі әлемімен жақындасу, әлемдік ақпараттық кеңістікке шығу, әлемнің әр қиырындағы қандастарымызбен байланыс орнату т.б. Ең бастысы, орыс тілінің ықпалынан құтылып, отарлық санадан арылып, ұлттық әліпбиге қол жеткізу болатын. Өкінішке орай соңғы 2,3 жылдың көлеміндегі әліпби жөніндегі айтыс осы арманды алыстатып, орындалмас қиялдай етіп бара жатқан сияқты. Мәселені ушықтырып отырған өзге емес, өзіміз. Түп басында үкіметке ұсынылған әліпби жобаларының қисынсыздығы болды. Ұсынылған үш жоба да халық тарапынан қатаң сынға ұшырады. Енді орфографиялық топ жетілдірілген төртінші жобаны қайта ұсынуда.

Осы жетілдірілген жобаны қолдап, аса құрметті бір топ тарихшы, әдебиетші ғалымдар бас газетке мақала да жазды. Әрине ниеті дұрыс, ағалық, ақсақалдық ақыл айтқан жөн. Бірақ Әбіш Кекілбаев айтқан «ұлт мүддесі мен ел игілігі «екі тепкі-бір қамшы» белсенділікті көтермейді. Әліпби - өте нәзік мәселе, тұтас ұлттың тағдыры. Көш жүре түзелер деген мәселе бұл жерде жүрмейді. Әліпби ауыстыру - ұлттық жауапкершілік.

"Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек,-деп[1] ҚР Президенті Қ.Тоқаев тапсырма берсе де, ұсынылып отырған жетілдірілген әліпбидің әлі де жетімсіздігі көрініп тұр. Бұл әліпби қазақ тілінің дыбыстық қорын толық қамтиды деп мақтанамыз. Әрине қазақ тілінің дыбыстық қоры қазақ әліпбиінен орын алмаса не болады. Кирилл графикасындағы 42 әріптен 31 әріпке азайттық, үнемді жазуға қол жеткіземіз дейміз. Әріптің азаюын қолдасақ неге Әлімхан Жұнісбек ұсынып отырған 28 әріптен тұратын ұлттық жобаны қабылдамаймыз. 28 әріп үнемді ме, 31 әріп үнемді ме? Әлімхан ағамыз «Алыптар адасса ақырзаман болады, алыптар адаспасын» деген мақаласында жетілдірілген әліпбидің жетілдірілмеген кемшіліктерін соқырға таяқ ұстатқандай етіп түсіндірді. Оны қайталап жатудың қажеті

жоқ. Тілдің дыбыс жүйесін өмір бойы зерттеп жүрген Әлімхан ағай сияқты нағыз маманның сөзіне тоқтамау көрсоқырлық емес пе. Бас газеттегі «Әліпби реформасы-рухани жаңғырудың өзегі» атты мақалада жетілдірілген әліпбидің бір мықтылығы кирилл графикасындағы еріндік **ұ,ү,у** дыбыстарының ортақ таңбалану жүйесі **u, ū, ü** болып көрініс тауып тұр депті. Бұл да әліпбидің жетілмеген тұсы. Біріншіден үш дыбысты бір-біріне жақын, ұқсас әріптерменен белгілесек болашақ ұрпақ ұ мен ү- ні ажыратпай, оның үстіндегі белгілеріне қарамай бәрін **у** деп оқып кетуі әбден мүмкін. Қазақ тілінің басқа түркі тілдерінде кездеспейтін өзіндік **ү , ұ** дыбыстарын жоғалтып алу қаупі бар. Бұндай дыбыс жоғалту түрік тілдері тарихында болып тұрған. Әліпби рефоромасында түріктер қ дыбысын, татарлар ғ дыбысын жоғалтып алған. Умляут жіңішкелік белгіні атқарып ү **(ü)** болып тұрған соң ұ **(ū)** -ның үстіне қосымша белгінің қажеті жоқ. Ал дауыссыз у-ды Әлімхан ағай ұсынған **w** –мен белгілеген жөн. Шеті тіліндегі **w** - дың қызметі көп, бір қызметі дауыссыз дыбысты белгілеу.

Әліпби түзіп, емле жасаудағы басты кемшілік «бір де дауыссыз, бір де дауысты у, и» деген қағидадан арыла алмай баяғы ескі сүрлеумен жүріп отырғандығымыз. Бұл жолмен жүрсек тіліміз шалажансар реформаланып, әріп ауыстырудан әрі аса алмаймыз. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Біз латын әліпбиіне Орталық Азия мемлекеттерінің тәжірибесін ескере отырып, қолдан жеделдетпей, біртіндеп ауысамыз. Мәселе әліпбиді жай ғана кирилл қарпінен латынға көшіру емес, қазақ тілінің емлесін қайта құруда болып отыр» деген жоқ па. Мына жетілмеген «жетілдірілген» әліпбимен қазақ тілінің емлесіне қалай құрамыз.

Дауыссыздан кейін тұрған қазіргі **и, у** әріптерінің құрамын **ый/ій,ұу/үу** түрінде таратып жазбасақ емле сол баяғы шала күйінде қалғалы отыр. Бұл мәселеге, **и,у** әріптеріне қатысты шешуші сөзді академик Рабиға Сыздықова айтып кетті: «Бұл дыбыстардың дауыссыз дыбыс екені бүгінде проф. Ә.Жүнісбек еңбектерінде де жан-жақты дәлелденді. Ендеше тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілінің емлесін жасауда қазақ тілінің табиғатын, шынайы болмысын танытуымыз керек. Сондықтан жуан болып келген жерде ый (мый, мыйық, оқыйды, тасыйды, сый, сыйлау, сыйады, тый, тыйады, тыйылды), жіңішке болып келген жерде ій (жібійді, ерійді, кемійді,тійеді, бійлейді) жазуымыз керек. Сол сияқты жуан айтылатын сөздерде ұу (сұу,сұуық, тұуыс, барұу,жұу, жұуын), жіңішке айтылатын сөздерде үу (гүу, гүуледі,кемүу, жүрүу) таңбалануы керек»[2]. Бұл жағдайда көпшілік қауымды, әсіресе оқушыларымызды әбден шатастырған ережелер түзетіліп, тілдің табиғи болмысын тану, таныту жүйелене түспек, сөздердің дыбыстық құрамын тану, буынға бөлу жеңілдейді.

Дегенмен, емле түзушілердің бойында «егер **у** мен **и** ды таратып жазсақ кірме сөздерді қалай жазамыз, үйреніп қалған ізден айнып кетпейміз бе, түпнұсқадан (орыс тілі, ағылшын тілі т.б.) алшақтап кетеміз бе деген қорқыныш бар сияқты. Сондықтан емледе кірме сөзге арнайы бөлім арнап, 22 параграфпен талдапты. Бір өрескелі кірме сөздерді жазуда тілдің негізгі үндестік заңы әдейі бұзылған. Мәселен, *älbom, bälzam, fölklor, medalön, batalön, ansämbl т.б. Халел Досмұхамедовтің «*Өзінің заңымен өзгертпей қазақ тілі ішіне ешбір жат сөзді алмайды, кіргізбейді. Бұл ақиқат нәрсе»-дегені қайда қалды. Әлде «Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады» дегені шын болып тұр ма. Түптеп келгенде Халел Досмұхамедов айтқан «Аурупа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес, Аурупа сөзін асыл нұсқасынан алып, өзгертіп қолдану керек»[3] деген тұжырымын басшылыққа алу керек. Орыс тіл білімінде фонетикалық игеру деген ұғым бар. (Фонетическое освоение – это изменение звукового облика слов в соответствии с законами принимающего языка). Кірме сөзді қабылдаушы тілдің өзіндегі бар дыбыспен айта алуы, ұлттық дыбыс жүйесімен игеруі. Мысалы сол орыс тілінде көмей h дыбыс жоқ, ол г дыбысымен ауыстырылады: гармония (<греч. harmonia), гауптвахта (<нем. Hauptwache), гороскоп (<греч. horoskopos). Бұндай мысалды көптеп келтіруге болады. Қазақ тілінің 28 дыбысы қай тілден енген кірме сөзді айтуға да, жазуға да құдіреті келеді. Бірақ тілдің бұл қасиетін кирилл әліпби қабылданған жылдардан бері

ескерілмеді, қасақана бұзылды. Қазір өз дыбысымыздан өзіміз жиіркенетін жағдайға келдік. Біздер орыс тілінің заңдылығымен Америка десек, орыс тілінің ықпалына ұшырамаған Қытайдан келген қандастарымыз Әмерійкә дейді. Бірақ орыс дыбысы құлағымызға сіңген біздерге қытайлық қандасымыздың айтқаны жағымсыз естіледі. Бір жақсы ағамыз «әртіс» дегенге ренжіп мен «актермін» деп еді. Мәселе осында болып отыр. Кірме сөз де, термин сөз де қазақ тілінің заңдылығына, дыбыс жүйесіне бағынып жазылады деген заңды қабылдамай іс түзелмейді. Түзу емлеге ұлттық әліпбисіз қол жеткізе алмаймыз. Қазақ тілі білімінде соңғы елу жылда орфография мен орфоэпия әдейі ажыратылған. Қазақ тілі ит деп жазып шошқа деп оқитын ағылшын тілі емес. Тіліміздегі жат дыбыстардан, яғни жетілем деп жетілмей қалған әліпбидегі в,ф,и,х,h дыбыстары таңбаларынан арылмай түзу емле жасау мүмкін емес. Жат дыбыс әрпі жат тіл заңдылығын өзімен алып жүреді. Оқушы мен *рақымет, Ақымет, дастарқан* деп айтамын неге *рахмет, Ахмет, дастархан* деп жазуым керек десе қалай түсіндіреміз. Қара қазақ баяғыдан *Алла тағала* дейтін еді осы күнгі діншілдер *Аллаһ тағала* деп қақылдайтын бопты. Қанша айтса да араб тілінің көмей дыбысын айта алмаймыз. Айта алмайтын дыбыс әрпін әліпбиге жүктеп не керегі бар. Қазақтың құдіретті **қ** дыбысы өзіне сәйкес айтылатын барлық дыбысты ауыстыра алады. Ал Заводты *зауыт* деп отырып, вагонды *бағон* десек пойыз жүрмей қала ма? Кірме сөздердегі **и** мен **у** -ды таратып жазбай-ақ қазақ тілінің сәйкес дыбыстарымен ауыстыру тілімізде бұрыннан қалыптасқан заңдылық болатын. Бексұлтан Нұржекеев ағамыз жазғандай министрді *міністір* десек ешкім тағынан түсіп қалмайды. Машинаны *мәшін//мәшіне* десек сынып қалмайды. Академик Ә.Қайдаров негізін салған, Әлімхан Жүнісбек ұсынып отырған 28 әріптен тұратын ұлттық әліпбиді қабылдап, болашақта орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктерді ажыратпай бір кітап етіп шығару керек. Мақсат - қазақ тілінің ұлттық әуезділігін сақтау. «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқан емес пе. Әліпби бүгінгі санасы орыс тілінің ықпалына ұшыраған қазақтар үшін емес болашақ жас ұрпақ үшін жасалу керек. Әліпби түзелмей-ел теңелмейді. Ұлттық әліпбиге қол жеткізу рухани тәуелсіздіктің салтанат құруы болмақ.

1. Тоқаев Қ. Қазақ әліпбиінде олқылықтар бар. Abai.kz. 21 Қазан, 2019
2. Сыздық Р. Латын жазуы: емле ережелерін түзуде ескерілетін жайттар. «Қазақ әдебиеті», 14.09.2018 ж.*З.Х. З.Досмұхамедов.* Таңдамалы *шығармалар.* Алматы,- Ана тілі баспасы, 1998.
4.Жүнісбек Ә. Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ. «Ана тілі», 31.01. 2019 ж

1-СЕКЦИЯ. АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢАРУЫ МЕН ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ БАСТЫ АРНАСЫ

ТАРИХИ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ (XIX ғасырдың екінші жартысы)

Жалмурзина А. Ж.–заң ғылымдарының магистрі,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің тарих мамандығының магистранты

Аннотация: *В ходе исторического развития народа развиваются присущие только ему доминантные качества и свойства, сформированные в ходе социальной, политической, этической и правовой практики. Фольклор каждого народа – это своего рода национальный символ, код, характеризующий индивидуальные качества этноса, его глубокие корни, рождающие народную эпопею. Российские ученые, чиновники и ориенталисты, собирая со второй половины XVIII века вплоть до Октябрского переворота фольклор казахского народа, оценивали его в рамках методологии исследования того времени. Всестороннее и глубокое исследование молодыми учеными и деятелями богатого фольклора казахского народа через призму государственного управления, судебной власти является на сегодняшний день одной из актуальных проблем в правовом воспитании казахстанцев. Исследование казахского фольклорв и его широкое использование в независимом государстве влияет на формирование казахстанского патриотизма.К такому выводу можно прийти на основе изучения трудов казахских деятелей XIX века. Ключевые слова: казахские деятели, фольклор, эпопея, этнос, плюрализм, право*

Ключевые слова*: казахские деятели, фольклор, эпопея, этнос, плюрализм, право*

Әр халық өзінің тарихи даму жолында өзіне тән этнос ерекшеліктерін айқындайтын дәстүр, әдет-ғұрып, әдебиет, мәдениет сияқты құндылықтарын қалыптастырады. Жемеженмге келгенде аталмыш құндылықтардың бәрінің қайнар көзі-фольклор қалыптастырған, қоғамдық сана болмысында орын тепкен категориялар мен ұғымдар, әрекеттерімізге әсер ететін, тарихи, құқықтық тәрбиелік сипатқа ие құндылықтар.

Ғасырлар бойы этнос санасына қоғамдық тәжірибеде сыннан өту арқылы қоғамдық-саяси, философиялық және құқықтық ой-пікірден нық орын алған фольклор мемлекеттің дамуына, формалары мен рәміздеріне де тікелей ықпал етеді. XX ғасырдың ірі ойшылдарының бірі Карл Ясперес осындай құбылыс туралы мынандай тұжырым жасайды: «Жизнь человека как такового в мире определена его связью с воспоминанием о прошлом и с предвосхищением будущего. Он живет не изолированно, а как член семьи в доме как друг в общении индивидов, как соотечественник, принадлежащий некому историческому целому. Он становится самим собой благодаря традициям, позволяющим ему заглянуть в темные глубины своего происхождения и жить, ощущая ответственность за будущее свое и своих близких [15, 527].

XIX ғасыр аралығында Қазақ даласының аумағында Ресей империясымен бірге бір қатар саяси-құқықтық реформалар жүргізілді. XIX ғасырдың басына қарай тарихнамада екі негізгі көзқарас қалыптасты: либералдық (ымырашыл) және консервативтік (тартпақы), мемлекеттік, ресми. Либералдық жақтаушылардың көзқарасы бойынша ресей қоғамын құқықтық біріздендіруді ең қысқа мерзімде орындау керек болды. Олар, шеткі халықтарды «мәдениеттендіру» мақсатында, Ресейдің келешегін саяси ілімді, өркениетті империя деп көрді, сондықтан үкіметтің біртіндеп, жалпы құқықты болашақта инклюзивті кеңеюіне наразылық тудырды және қатаң сынға алды. [10, 11, 12].

Олардың қарсыластары, екі жаққа да шығынсыз бірыңғай кеңестік нормативтік империялық кеңістік құрғысы келген, құқықтық плюрализм тәжірибиесін қолданудың жақтаушылары болды. Осындай позицияны қазақ ұлттық зиялы қауым өкілдері ұстанды.

XIX ғ. ортасына қарай, қазақтардың даладағы басқа да халықтармен өмір сүру нысандарының ең қолайлысын іздеген, европаландырылған қазақ зиялылары туралы айтуға болады. Бір жағынан өз халқына деген империяның үстемдігін түсіну, екінші жағынан – орыс мәдениеті арқылы еуропалық өркениеттің жетістіктеріне жеткізу, зиялы қауымды қазақ және «орыс» әлеуметтік өрістері өзара әрекетіндегі нысандарын іздеуге итермелеу, соның негізінде қазақтар білімді болып, бірақ империяның қарамағында жойылып кетпесе екен деп армандады. Осындай зиялы қауымның пайда болуы туралы айтқанда, олардың еуропалық біліммен әлемді дәстүрлік әлем негізінде қабылдауларын ескерген жөн.

Зиялы қауымның жарқын өкілдерінің бірі көрнекті ғалым Ш. Уәлиханов (1835–1865) болды, оған Батыс-Сібір генерал-губернаторы В. Дюгамелдің сібір қазақтарының Облыстағы басқару кеңесшісі Яценкомен бірге 1863 жылы комиссия жұмысына қатысуы ұсынылды. Комиссияның мақсаты болып, «билер мен сұлтандар жүргізіп отырған заңдардан және сот әдет-ғұрыптардан шеттету, дала қырғыздарына қолданған кезде жалпы негізгі ережелерде және сот билігінде жасауға қажетті өзгерістер мен толықтыруларға қатысты олардың көзқарастарын білу еді [6, 345]. Ш. Уәлиханов комиссия құрамында бола отырып, Көкшетау, Атбасар, Қарқаралы және Баян-Ауыл округтеріндегі әдет құқығы туралы мәлімет жинады. Өзінің жазып қалдырған құнды еңбектерінде қазақ ағартушысы фольклордың көшпелі қазақ қоғамында ерекше мәнді сипатқа ие болғанын атап көрсетеді. Оның пікірінше фольклордағы шешендік өнер билер институтының, әділсот ісін жүргізудің ең тиімді, ұлт санасына ғасырлар бойы қалыптастырған ел басқарудағы тиімді рухани құрал, сот прецеденті. Шоқан Уәлиханов халық дәстүрінің, салт-санасының, оның фольклорының қоғамдық дамуда өлшеусіз рөль атқаратындығына ерекше көңіл аударады. Ол өзінің жазған еңбектерінде тіпті сот жүйесіндегі фольклор қалыптастырған шешендік өнердің маңызының зор екеніне рекше тоқталады. «Қазақтарда, – деп атап көрсетті Шоқан Уәлиханов, –құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке айналды да, бидің балалары заңнан тәлімі болғандықтан, әке орнына мұрагер болып қала береді» [14, 556].

Шоқан Уәлихановтың мойындауы бойынша би атағын тек фольклорды, оның ішінде мақал-мәтелдерді жетік білген, оның мазмұндарына жетік дәрежеде түсінік бере алатын адам ғана би бола алатынын өз сөздерімен еңбектерінде дәлелдейді. Ойшыл бұл мәселе туралы мынандай қорытынды жасайды: «Всякий порядочный би и султан помешан на пословицах и в разговоре с кайсаком старается пересыпать ими почти всякую фразу. Это рекомендует у них человека умного, дельного и совсем годного быть бием, судьею. Некоторые из поговорок по их языку остры, и кайсак, черезвычайно расположенный в пользу острот вообще, раскалывается со смеху, когда дельный человек отпустит какую-нибудь остроту, приняв на свою физиономию серезный вид без малейшей улыбки для придания большего веса остроумию» [4, 462].

Шоқан Уәлиханов өзінің «Абылай» деп аталатын белгілі мақаласында халық арасында қалыптасқан фольклордың бірнеше аңыздарын ғылыми негізде пайдаланады. Себебі, халықтың ауыз әдебиетінде сақталып қалған мәлімет, аңыз-әңгімелер бағалы қайнар көз ретінде пайдаланылады. Ал, «Абылайда» көрсетілген фольклорлық мәліметтер кейін ханның саяси-құқықтық көзқарастарын, өмірбаяны мен қолбасшылық қызметін зерттеген ғалымдар Шоқан Уәлихановтың фольклордан алған мәліметтерін архив

деректерімен растады. Мысалы: Шоқан Уәлиханов «Абылай» мақаласында былай деп жазды: «В предании киргизов Аблай носит какой-то поэтический ореол; век Аблая у них является веком киргизского рыцарства. Его походы, подвиги его богатырей служат сюжетами эпическим рассказам... Народные песни: «Пыльный поход», сложенная во время набега, в которым был убит храбрый боготырь Баян; «Тряси мешки» – в память зимнего похожа на волжских калмыков, во время которого киргизы голодали 7 дней, пока не взяли добычи, – разыгрываются до сих пор киргизскими музыкантами и напоминают потомкам поколения Аблая прежние славные времена.» [4, 370].

Пікірталасқа 1876 жылы әлемдік судьялар қызметін ұзақ уақыт атқарған және жүргізілген реформалардың куәгері болған ағартушы, педагог Ы. Алтынсарин (1841–1889) қатысты. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығында, саяси-құқықтық көзқарастарында фольклор мәселелері кеңінен қамтылған және олардың негізінде құнды тұжырымдар жасалынғанын анғарамыз. Ойшыл, мысалы, қазақтардың некелік құқықтық қатынастарын зерттей келе қазақ даласында кең қанат жайған аттастыру, айттыру институттарының қайнар көздерін фольклормен тікелей байланыстырып зерттеп баға береді. Отбасының қалыптасуына ықпал ететін аталмыш институттарға талдау жасап мынандай қорытынды жасайды: «Даңқты қазақтар өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қыздарын айттыруға тырысады, қазір де солай. Қазақ арасындағы аңызға қарағанда, қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген ханның бұйрығы бойынша орнаған көрінеді. Қазақ қарттары мұндай тәртіпте алысты болжағандық бар екенін, өйткені қазақ арасы тыныш болмаған кездерде оның халыққа пайда келтіргенін айтады. Шынында да, қазақтарға кейбір билердің ықпалының өте күштілігіне қарағанда (би деген атақ қазір де бар), жауласып отырған рулардың басты адамдарының бір-бірімен құда болуы жеке рулардың өзара татуласуына себеп болды деуге болады. Қазақ арасында қазір берік орын теуіп отырған әдет, атап айтқанда, өзінің сегіз атадан жақын туысқандарының қызына үйленбеу әдеті, мүмкін осы себептен енгізілген болар. Бұл арада бір айта кететін нәрсе, Мұхамбеттің заң тіпті жақын қарындастарына да үйленуге рұхсат етеді. Бұл қазақтың басқа мұсылмандардың бәрінде бар» [1, 414].

Ыбырай Алтынсарин қазақ фольклорын өзінің шығармаларында молынан пайдалануының бірнеше себептері бар. Біріншіден, фольклордағы саяси-құқықтық идеяларды билік жүргізу мен басқару ісінде тиімді пайдалану арқылы аппарат қызметкерлерін қарапайым болуға шақыру, бюрократиялық, өркөкірек, менмендік сияқты қасиеттерді тыю, әкімдердің халыққа жақын болуын, есеп беруін жақтауы. Мұндай көрініс оның «Әдеп» деп аталатын фольклорлық шығармасынан былайша баяндалады: «Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып, сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, басұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре одан да төменірек басұрып сәлем алды.

Фольклордағы қайырымдылық, жанашырлық және қамқорлық идеялары Ыбырай Алтынсариннің саяси-құқықтық көзқарастарынан өзінің шешімін тапқан. Мысалы: қазақ ағартушысының «Әділдік» деп аталатын қысқа әңгімесінде аталмыш мәселелер қарапайым әдеби тілмен өте тамаша баяндалған. Мемлекет басшысының, лауазымды тұлғалардың әділеттілік қағида негізінде билік жүргізу идеясы әңгіменің негізгі өзегі. Фольклордың қарапайым мағынадағы саяси-құқықтық идеялары үлкен ауқымы кең, мемлекеттік маңызы бар мәселелерге ұласады. Ұлы ағартушының көрегенділігі де осында.

Қорыта айтатын болсақ Ыбырай Алтынсарин «ағартушы гуманист, адамгершілік, озық педагогтік идеяларына халық шығармаларынан терең үндестік табады. Қоғамның білімді, әдепті, еңбекқор жаңа да жақсы адамын тәрбиелеу міндеті халықтың алыс дәуіріндегі адам туралы аңсаған арманымен, адамға деген үміт-тілегімен іштей байланыстылығын аңғарады. Толық мағынасындағы жақсы адамды тәрбиелеу ісіне ағартушы оқу ағарту мүддесі тұрғысынан қараса да, негізгі мәселелерде халықтың замандар бойына сыннан өткен тағлым-тәжірибелерінен жырақ кетпейді. Мұның өзі

Ы. Алтынсариннің, түптеп келгенде, халықтық арман, халықтық мұратқа қызмет ету аңсарымен орайлас нәрсе. Бұл да ағартушының ауыз әдебиетіне деген көзқарасынан айқын көрінуі заңды құбылыс» [5, 432].

Осы көзқарасты көрнекті қазақ ойшылы және ақыны Абай Құнанбаевта (1845–1904) ұстанды. Абайдың шығармашылығында фольклор кеңінен пайдаланылған. Абай өзінің жазған еңбектерінде фольклорлық материалдарды дерек, дәлел ретінде пайдалана отырып, тұжырымды және құнды пікірлер білдіреді. Ондай қасиет ойшылдың қазақ фольклорын жас кезінен бастап жетік меңгергенін айқындайды. М. Әуезов бұл мәселе туралы мынандай пікір білдіреді: «Жиырма жасында Абай халық ортасында майдай басы шешен болады. Халық жайынан бұрынғы әдетті, ұрыпты, ескі білікті билердің қиын іс туралы қылатұғын биліктерін көп білген. Өзінің зейіні артық болған соң, кәрі мақалдарды, неше түрлі қазақтың білімділері мысал үшін айтқан әңгімелерді бірін ұмытпай біліп алған» [2, 178].

Абай Құнанбаев «Үшінші сөзде» қазақтың әдеттік құқық жүйесін талдап, баға бергенде фольклордағы мақал-мәтелдерді өте тиімді пайдаланудың нәтижесінде ғылыми маңызы осы күнге дейін зор, құнды тұжырымдар жасайды. Абай былай деп жазды: «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек»... «Би екеу болса, дау төртеу болады»... Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Үйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендіктен түссе, әйтпесе түспесе» [9]. Бұл жерде Абай халықтың ұлағатты мақалын пайдалана отырып, билердің әділеттілік қағидасын арттыруды уағыздайды.

Ұлы ойшылдың «Бесінші сөзінде» фольклордың бірнеше мақал-мәтелдеріне сын көзбен қарап, олардың ұлтты прогресске емес, керісінше енжарлыққа байлайтынын ашып көрсетеді, индивидуализмге қарсылық білдіреді, қоғамдық мүддені жоғары қою идеясын насихаттайды. Абай былай деп жазды: «... Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Малдың беті-жарық, малсыздың беті-шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», ... «Байдан үмітсіз –құдайдан үмітсіз», «қарның ашса, қаралы үйге шап», ... деген осындай сөздері есепсіз толып жатыр.

Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бермесе онымен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тілеушілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен» [9, 251].

Абайдың зерттеу, ізденіс методологиясы фольклордың бай құндылықтарына негізделіп жазылғанын айта кеткен жөн. Мысалы, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деп аталатын еңбегінде Абай фольклорлық материалдардың негізінде қазақ этносының шығуына баға береді, дәлелді мағынада 10 мақал пайдаланады. Ел ауызында сақталып қалған фольклорлық деректерге сүйене отырып Абай мынандай тұжырым жсайды: «Шыңғыс тауында, әскері Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі моңғолдың өз заңы бойынша «хан» деген үлкен биіктің басында, ақ киізге Шыңғысты отырғызып хан көтерген дейді. Таудың Шыңғыс аталып, биігі хан аталмақ себебі де сол болса керек. Сол он екі кісінің бірі қазақтың Майқы би деген кісісі екен. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы-Майқы би» деген мақал болған. Майқы сол кісі екен» [9, 265].

Фольклорға негізделіп жазылған Абайдың бұл еңбегіндегі Майқы би шын мәнінде тарихта болған адам, өзінің көргендігімен, данышпандық қасиеттерімен және би-шешендік өнерімен ел билеу ісіне өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға. Абайдың фольклор негізінде ол туралы жазған мәліметтері М. Тынышбаевтың, Шәкәрімнің, Рашид-ад Диннің, «Жамиғ ат-Тауарих» сияқты еңбектерімен расталады. Мысалы, Алаштың ірі қайраткері, қазақ тарихы туралы құнды еңбектер қалдырған.

Шәкәрім Құдайбердиев өз еңбектерінде былай деп жазады: «Біздің қазақтың ескі сөзінше: бұл Шыңғыс тауының Шыңғыс аталғаны баяғыда Шыңғыс хан тамам мағолтатарды алып үлкен хан болғанда, осы Шыңғыс тауында қол астындағы елдердің тап басы бектері келіп, мына Қарауыл өзенінің күншығыс жағындағы хан биігінің басына ақ киізге салып хан көтеріп, Шыңғысты алып шыққан, сонда ұлы жүз қазағынан үйсін, Майқы би барған екен,- «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп мақал болған кісі... Ұлы жүз Майқы биге таңбаң сүргі, яғни малатемір болсын, құсың бүркіт болсын, ағашың қара ағаш болсын, ұраның салауат болсын депті» [10, 352].

Абайдың фольклорлық деректерін өзінің зерттеулерінде Шоқан Уәлихановта растап, былай деп жазды: «Киргизы Большой орды производит себя от древнего монгольского народа уйсунов, родоначальников своим считают Майки бия, современника Чингис-хана» [12, 184]. Байқап қарасақ, «Абай фольклорға ақын есебінде ғана емес, сондай-ақ ойшыл зерттеуші ретінде де барған. Өзінің көркем поэзиясында ол негізінен фольклорлық сюжет пен поэтиканы пайдаланса, қара сөзінде фольклорды тарихи-қоғамдық тұрғыдан қарастырып талдайды. Оның кейбір қазақ мақалдары мен мәтелдерін талдау принципі, зерттеу аспектісі ақынның өлеңдерінде көтерген проблемаларымен үндесіп жатады: Қалайда адамды түзеу, сол арқылы қоғамды жөндеу. Ал, мұның өзі, бір жағынан, халық утопиясына апарса, екінші жағынан, ислам дінінің иманды адам, жақсы қоғам туралы, хақ жолы жөніндегі түсінікпен де байланысып отырады» [3, 777].

Адамзат тарихын, философиясын, мемлекет пен құқық мәселелерін зерттеген ойшылдар мен ғалымдардың назарында әрқашан да фольклор мәселелері де есте болды. Керісінше, фольклордың тарихи бай құндылықтарын, ұлағатты сөздерін саяси-құқықтық, әлеуметтік тәжірибеде өте тиімді пайдаланған. Соның нәтижесінде жазған әдебиет көркемдік жағынан түрленіп, тәжірибеден алынған ұлағатты сөздер мен ғибратты мысалдар кітаптың рухын арттырған. Қоғамдық ғылымдарда фольклордың жетістіктері мен мол идеялары тиімді пайдаланылады. Осы мәселелерге ерекше назар аударған заң ғылымдарының докторы, профессор Н.О. Өсеров мына мағынадағы ой-пікір білдіреді: «... ұзақ дәуірлер бойы келе жатқан қазақ этносы өзіне хас тілінінен, дәстүр-салтынан, әдет ғұрпынан ажыраса немесе әлсіретіп, жоқ етсе, этностың кейпін жоғалтады. Қазақ деген атау тарихтан өшеді. Қазір осындай салдардың кейбірі көрісін беруде. Ол-тілінің, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің әлсіреуі. Егер дер кезінде оларды жинақтап, түзеп алмасақ, іс насырға шабары айқын. Құдайға шүкір, тәуелсіздігімізді алғалы қазақ тілі мемлекеттік тіл аталып, орын алған келеңсіздіктер жойылу үстінде. Әрине, жолында этнология, мәдени, және әлеуметтік антропология, археолгоия, тарих, әлеуметтану, тілтану, өнертану, фольклор, философия құқық жан тану тәрізді ғылым салаларын бірлесе зерттеп, тұжырымдар жасаған абзал» [13, 46].

Міне, осыған байланысты қазақ зиялылары фольклорының әлеуметтік тарихи, қоғамдық, философиялық, саяси-құқықтық ой-пікірде алатын орнына ерекше мән берген, шығармашылықтарында кеңінен пайдаланған. Соның нәтижесінде шығарманың мазмұны тартымды, ойды тереңдеткен, мәндік мағынасы көркейе түскен.

XX ғасырдың бас кезеңінде қалыптасып, саяси аренаға шыққан қазақ зиялылары да фольклорды еңбектерінде кеңінен пайдаланған. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Райымжан Мәрсеков, Отыншы Әлжанов, Көлбай Тоғысов және т.б. шоқтығы биік Алаштың арыстары фольклорды халық үні, оның әлеуметтік, саяси, құқықтық қатынастарынан туындаған бай рухани қазына, сарқылмас қайнар көз ретінде бағалады. Ахмет Байтұрсынов осы мәселелерге ерекше назар аударып, жазбаша тарихы жоқ қазақ халқының фольклорына «қарап, ертеде болған аталарымыздың өткен тіршіліктерін жорамалдауға болады» деп ерекше атап кеткен.

Әдебиеттер тізімі

1. Алтынсарин И. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ ССР ҒА-ның баспасы. – 1955. – 414 б.
2. Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Т. XIX. – Алматы: Жазушы, 1985. – Б. 178
3. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. I. – Алма-Ата: Издательство АН Каз ССР, 1961. – 777 с.
4. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 462 с.
5. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1988. – 432 б.
6. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив. – Қ. 345. – Т. 1. – I. 807. – П. 6 ай.
7. Қасқабасов С. Абай және фольклор. Алматы: Білім, 1995. – 64 б.
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, «Сана» баспасы, 1991. – 80 б.
9. Құнанбаев А. Шығармалар. – Т. XI. – Алматы: Жазушы, 1968.– 251 б.
10. Мажитова Ж.С. Институт биев: подходы и интерпретации в российской и казахстанской историографии. Монография. – М.: «КДУ», «Университетская книга», 2015. – 352 с.
11. Мажитова Ж.С. Дискуссии о путях реформирования суда биев в дореволюционной российской историографии (середина XIX – начало XX вв.) // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2016. – № 2(49). – С. 51–59.
12. Мажитова Ж.С. Дискуссии о путях реформирования суда биев в дореволюционной российской историографии (середина XIX – начало XX вв.) // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Исторические и социально-политические науки». – 2016. – № 3(50). – С. 184–190.
13. Өсерұлы Н. Этностардың пайда болуы және жойылуы жайлы бірер сөз // Вестник Центрально-Азиатского университета. – 2003. – № 1. – Б. 44–46.
14. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 556 б.
15. 15. Ясперс К. Смысл и назначения истории. – М.: Республика, 1994. – 527 б.

ӘОЖ 930:314

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (1959-1989 ЖЖ)

Балыкова А.М.- т.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Қазиханова А.Е.- магистр
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Резюме.*В годы войны Западно-Казахстанская область стала известна как регион со сложным миграционным процессом. Его окончание обернулось невосполнимыми потерями для казахского народа. Из-за снижения естественного прироста, постоянного переселения лиц других национальностей доля казахского населения в общей численности населения уменьшилась. Этнический состав населения Западного Казахстана стал*

многонациональным, начали формироваться новые этносы. Увеличилась доля лиц других национальностей.

Ключевые слова: *население, прогресс,рост,этнический состав,этнодемография.*

Соғыстан кейінгі жылдар халық саны мен құрылымының қалыпқа келу уақыты болып есептеледі. Алайда бұл құбылыс баяу жүріп, тек 60 жылдарға таман соғыс жылдарының алдындағы халық санының деңгейі қалыпқа келді. Жалпы ұлттардың этнодемографиялық дамуының басты сипатысаныболыптабылады.1959-1989жылдардың аралығында халық саны екі есеге көбейді. Әсіресе аймақ халқының саны артты. Өлкедегіқалалану үрдісіне үлес қосқан Ақтөбе мен Маңғыстау облыстары болатын. Өнеркәсіптің жоғары қарқынына байланысты бұл облыстарда республика мен өзге де өңірлерден ағылған көші-қоншылардың толқыны толды. Көші-қонның ағымы Батыс Қазақстан халқының жаңа ұлттық құрылымының қалыптасуына ықпал етті. Этникалық құрылымның арнасы кеңейіп, көп ұлтты құрылым сипатына ие болды.

Кейінгі 1959-1989 жылдардың аралығында Батыс Қазақстандағы барлық ұлттар өкілдерінің санының артып, толығуына қолайлы уақыт болды. Халықтың ұлттық құрылымында бұл жылдары көптеген өзгерістер болды. Кестеде осы кезеңдегі аймақ халқы санының тұрақты түрде өскендігін байқауға болады (1-кесте) [1, 65]. Ақтөбе облысында қазақ халқының саны жедел қарқынмен артты. 1959-1989 жылдар ішінде 172,2 мыңнан 407,2 мыңға, немесе 2,4 есеге көбейді. Халық санының жылдық өсімі 7833 адамды құрайды. Кестеге сәйкес, қаладағы қазақ халқының саны да Ақтөбе облысында жыл сайын өсіп отырған. 1959-1989 жылдар аралығында қалалық қазақтар саны 171957 адамға артқан. Әсіресе, 1959-1970 жылдардағы санақтар аралығында қазақтардың қала-қоныстарға тартылуы күшейіп, халық саны 73119 адамға артқан.

Сөйтіп, 1989 жылы Ақтөбе облысындағы қалалық қазақ халқының саны 1989 жылы 159575 адамға жетті. Бұл қаладағы жалпы халықтың ішінде 46,0 пайызды құрайды. Ал, 1959 жылы аймақ халқының 24,0 пайызын ғана қазақ халқы иеленген болатын. Жалпы, 1989 жылы Ақтөбе облысындағы қазақ халқының 39,1 пайызы қалаларда өмір сүрді. Санақтар аралығында орыс тұрғындар саны 105,2 мыңнан 173,2 мыңға артты. Қалалық орыстар саны 1959-1989 жылдары 1,8 есе артып, 139420 адамға жетті. Аймақ халқының ішінде орыстардың үлесі 1959 жылы 42,9 пайызды құраса, 1989 жылы олардың үлесі 40,0 пайызға кемиді. Бірақ, орыс халқының қалалану көрсеткіші өте жоғары болды. 1989 жылы облыста олардың 80,5 пайызы қаланы мекендеген.

Облыстағы украиндықтардың үлесі Ақтөбе облысында төмендеді. Жыл сайынғы өсім 229 адамды құрады. Сонымен бірге, 70 жылдардан бастап, украиндықтардың жалпы саны да азая берді. Оған украиндықтардың өзге өңірлерге көптеп қоныс аударуы себеп болды. Бұл қаланы мекендеген украиндықтарға да тән оқиға болды. 1959 жылы олардың саны 28214 адам болса, 1970 жылы 9438, 1979 жылы 2838, 1989 жылы 5655 адамға артып, 46145-ке жетті [2, 5]. Сонымен бірге, татарлар санының өсімі де қарқынды болмады. 1959-1970 жылдары олардың саны 4 мың адамға артса, 1979- 1989 жылдары 1357 адамға ғана көбейген. Ақтөбе облысында татар ұлтының басым көбі қаланы мекендеген. 1989 жылы татарлардың 92,0 пайызы қалада тұрды. Қаладағы татарлар саны 1959 жылы 7518 адам болса, 1989 жылы 13334 адамға жетеді. 1989 жылғы санақ бойынша Ақтөбе облысындағы өзге халық өкілдерінің үлесі 11,1 пайыздан 8,2 пайызға төмендеген [2, 25].

Орал облысының ұлттық құрылымында санақтар аралығында күрделі өзгерістер болды. Қазақ халқының саны екі есеге артты. 1959 жылы 175,3 мыңнан 1989 жылы 351,1 мыңға жеткен. Алайда, Ақтөбе облысына қарағанда жылдық орташа өсім қарқыны төмен болып, 5859 адамды құрады. Бірақ, қаладағы қазақ халқының өсімі артты. Егер, Ақтөбе облысында қаладағы қазақтар саны 3,5 есе артса, Батыс Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 7,8 есеге өсті. Әсіресе, 70 жылдардан бастап бұл бағыт белең алады. Соның нәтижесінде, 1959 жылы қаладағы қазақ халқының үлесі бар болғаны 8,8 пайызды

көрсетсе, 1989 жылға таман қазақтар үлесі 28,1 пайызға жеткен. Әйтсе де, облыстағы қазақ халқының қалалану бағыты Ақтөбе облысымен салыстырғанда анағұрлым қалыс қалды. 1989 жылы қазақ халқының 21,4 пайызы ғана қалалар мен қала үлгісіндегі ауылдарда өмір сүрді.

Орыс тұрғындардың саны өсіп, 158,1 мыңнан 216,5 мыңға жетті. Бірақ, 1979-1989 жылдары облыстағы жалпы орыс ұлтының саны 1229 адамға азайды. Егер, 1959-1970 жылдары жылдық орташа өсім 3546 адамды құраса, 1970-1979 жылдары бұл көрсеткіш 2057 адамды құрады. Осы құбылыс қаладағы орыс ұлттарына да тән болды. Олардың санындағы өсім 1970-1979 жылдары анық байқалады да, қарастырылған кезең соңында баяулайды. 1959-70 жылдары 28743, 1970-79 жылдары 30689 адамға артса, 1979-89 жылдары 11934 адамға көбейген. Бір ерекшелігі, облыста қалалық орыс ұлттарының саны тұтас Батыс Қазақстан аймағы бойынша жоғары болды. Дегенмен, 1959 жылы облыста орыстар аймақ халқының 77,0 пайызын құраған болса, 1989 жылы 59,3 пайызға азайған. Жалпы, облыстағы барлық орыс тұрғындардың 73,3 пайызы қалада өмір сүріп, қалалануды жоғары деңгейін көрсетті [3, 61].

1979 жылдан бастап, украиндықтар мен татарлардың да облыстағы саны азая берді. Соған қарамастан, қалалық украиндықтар мен татарлар саны қала-қоныстарда жылма-жыл артып отырды. Облыстың қалалық украиндықтары мен татар халықтары саны жағынан Ақтөбе облысынан кейінгі екінші орынды иеленеді. Олардың өсімі 1970-79 жылдары қарқынды түрде артса, кейінгі жылдары бәсеңсиді. Аймақ халқы құрамындағы ұлттық үлес салмақтары да кеми түсті. 1959 жылы украиндықтар аймақ халқының 7,1 пайызын құраса, 1989 жылы 5,4 пайызын иеленеді. Сол сықты, татарлардың үлесі 3,8 пайыздан 3,1 пайызға төмендеді. Қалалық немістердің саны бойынша облыс Ақтөбеден кейінгі екінші орынды иеленеді. Бірақ, Батыс Қазақстан облысындағы қалалық немістер өсімі баяу қалыпын өзгертпей, кеми түсті. 1970-79 жылдары саны 668 адамға артса, 1979-89 жылдары 412 адамға ғана артты.

Гурьев облысында халықтың этникалық құрылымында көп өзгеріс болмады. Қазақ халқының үлесі 1959-1989 жылдары арта түсіп, жалпы халықтың 79,6 пайызын құрады. Бұл жылдарда қазақ халқының саны 192,5 мыңнан 338,9 мыңға артты. Бірақ, өсім қарқыны төмен болып, жылына 4883 адамды құрады. Оның себебі, қазақтардың көпшілігінің көршілес Маңғыстау облысына қоныс аударуымен байланысты болды [4, 26].

Тұтас Батыс Қазақстан бойынша Гурьев облысы ғана қазақ халқының жоғары қалалану деңгейімен ерекшеленді. Өйткені, 1959 жылы Батыс Қазақстанның аймақ халқының 60 пайыздан астамы осы облыстың қалаларында өмір сүрді. Тек, 70 жылдардан бастап, Батыс Қазақстанның басқа қалаларында қазақ халқының үлесі артып, 1989 жылы облыс қалаларындағы қазақ халқының үлесі 33 пайызға кеміген [5, 134]. 1959 жылдың өзінде облыстың қалалық қазақ халқының үлесі 47,0 пайызды құраған. Бұл уақытта Ақтөбе облысында осындай көрсеткіш 24,0 пайыз, Батыс Қазақстан облысында 8,8 пайызға ғана тең болған. 1989 жылы қалалану деңгейі 52,8 пайызға көтерілді. 1989 жылы орыс тұрғындар саны халықтың 14,9 пайызды құрап, 1970-1989 жылдары 13 мыңға азайды. Аймақ халқының құрамында қазақ халқынан кейінгі басым ұлттың бірі орыс халқы болды. 70 жылдарға дейін орыстар саны артса, кейін азайып, 1989 жылға таман мүлде төмендеп кетті. 1959 жылы орыстардың аймақ халқы құрамындағы үлесі 30,0 пайызды құраса, 1989 жылы 22,5 пайызға кеміді. Сондай-ақ, қаладағы украиндықтардың саны 1959-1989 жылдар аралығында 2226 адамға, татарлар саны 375 адамға ғана артқан. Керсінше қалалық немістер саны санақтар аралығында 401 адамға азайды.

Маңғыстау облысында халықтың қалыптасуына сыртқы факторлар тікелей ықпал етті. 1959-1970 жылдары облыстағы барлық халық саны 35,7 мыңнан 159,2 мыңға артты [6, 14]. Халық саны осы жылдары толығып, барлық ұлт өкілдерінің саны осы жылдары артты. 1970-1979 жылдары орыс тұрғындарының саны қазақ халқын басып озды. 1979 жылдан бастап, қазақ халқының саны артып, 1989 жылға таман 165,0 мыңға жетеді.

Сәйкесінше, облыста аймақ халқының саны артып, қалалану үрдісі жедел қарқынмен жүрді.

Әр облыстың қалалары мен қала үлгісіндегі ауылдарында этнодемографиялық үрдістер Батыс Қазақстанның қазіргі аймақ халқының қалыптасу сипатын айқындады. 1989 жылғы санақ қортындылары халық саны мен құрылымындағы көп өзгерістерді дәлелдейді. Нәтижесінде қалалық қазақ халқының санындағы өсім анық байқалды. Қазақ халқының саны 3,2 есеге артып, 1959 жылы 148,1 мыңнан 541,6 мыңға жетті.

Кесте 1 - Батыс Қазақстан аймақ халқының ұлттық құрылымындағы өзгерістер (адам)

	Жыл-дар	қазақ-тар	орыс-тар	украин-дықтар	татар-лар	немістер	барлық халық
Ақтөбе облысы	1959	41881	74836	28214	7518	12620	174426
	1970	64569	107025	37652	10364	16374	247545
	1979	92794	120826	40490	11195	16837	295528
	1989	159575	139420	46145	13334	19360	346377
Маңғыстау облысы	1959	5696	6956	642	321	68	15280
	1970	45627	59466	7464	3115	611	131824
	1979	80670	98464	9145	4601	1017	216800
	1989	128443	106551	10134	5157	1130	287239
Гурьев облысы	1959	90623	43274	1240	4198	1639	146486
	1970	111210	66030	5441	4726	1714	198491
	1979	140743	61459	3668	4610	1534	221049
	1989	178180	57696	3466	4573	1238	256011
Орал облысы	1959	9962	87391	8087	4358		113381
	1970	19151	116134	10759	6275	923	157919
	1979	41041	146823	13902	7486	1591	217391
	1989	75488	158757	14590	8216	2003	267362

Аймақ халқының құрамындағы қазақ халқының үлесі Батыс Қазақстанда 1959 жылы 32,9 пайызды құраса, 1989 жылы 44,9 пайыздық көрсеткішке жетті [7, 87]. Сонымен бірге, Батыс Қазақстанда 1959 жылы қазақ халқының 26,8 пайызы қалада өмір сүрсе, 1989 жылы қазақ халқының қалалану деңгейі артып, 42,9 пайызы қаланы мекендеген. Өзінің өсімі бойынша қазақ халқы өзге ұлт өкілдерінен басым тұрды. Қазақ халқының санындағы өсім 1970-1979 жылдары айрықша байқалды. Осымен бір уақытта өзге ұлт өкілдері орыстар, украиндықтар, татарлар және басқалардың үлестері азайды. Тұтас алғанда, 1959-1989 жылдардың аралығы қазақ халқының санындағы өсіммен ерекшеленді.

Қарастырылып отырған кезең барысында Батыс Қазақстан халқының құрылымында басқа да, әртүрлі ұлттардың өкілдері қалыптасты. Олардың бірі айқын даму бағытын иеленсе, кейбіреулері көші-қон құбылысының қортындысына сай жаңадан пайда болып жатты. Бұл кестеге 1989 жылғы халық санағы бойынша халық саны мың адамнан асатын ұлт топтары енді. Одан өзге де кестеге енбеген кішігірім бірнеше ұлт өкілдері Батыс Қазақстан территориясында өмір сүрді. Аталған ұлт топтарының арасында немістер ерекшеленеді. Олардың басым көбі Ақтөбе облысының қалаларында мекендеген. Немістердің Батыс Қазақстан өңірінде пайда болуы Ұлы Отан соғысы жылдары күштеп қоныстандырылуы салдарымен тікелей байланысты. Азғана тобы 1959 жылғы санаққа да ілінген. Өйткені, қазан төңкерісіне дейінгі жылдарда Қазақстанға

қоныстанғандар арасында немістер де болды. Белорустар санының өсімі өнеркәсіптік даму белесінің басталуымен байланысты болды. Ақтөбе мен Маңғыстау облыстарының қалаларында белорус халқының өкілдері көптеп қоныстанып, аймақ халқының құрамына сіңді. Сонымен бірге, Батыс Қазақстан өңірінде шешен халқының өкілдері де өмір сүрді. Әсіресе, кейінгі онжылдықтар бойында олардың саны едәуір артады. Олардың көбі өнеркәсіп пен құрылыс саласында қызмет етті. Кейіннен көпшілігі Батыс Қазақстан жерінде тұрақтап қалды. Кәрістердің Батыс Қазақстан өңірінде пайда болуы республикадағы 50 жылдардағы қоғамдық-саяси оқиғалармен байланысты болды. Аймақ халқы құрамындағы кәрістердің басым көбі Гурьев мен Ақтөбе облыстарында мекендеген. Сонымен бірге, молдавандар саны баяу болса да артып отырды. Олар Ақтөбе облысының қалаларында көптеп шоғырланған. Әсіресе, 50 жылдардан кейінгі әлеуметтік- экономикалық бірқатар өзгерістердің барысында, жұмысшылар мен мамандардың келуіне байланысты молдавандар саны толықты.

Батыс Қазақстанның қалаларында ежелден Еділ бойы халықтарының өкілдерінің бірі ретінде танылатын мордвалар да өмір сүрді. Олардың бірқатары 1959 жылғы санаққа ілінді [8, 21]. Ежелгі ұлттардың қатарына еврейлерді де енгізуге болады. Бірақ, олардың саны мен өсімі кейінгі жылдары төмендеді.

Қарастырылып отырған 1959-1989 жылдардың аралығында Батыс Қазақстанның этникалық құрылым кестесінде күрделі өзгерістер болды. Аймақ халқының этникалық құрамындағы қалыптасқан оқиға аймақтың этнодемографиялық әлуетін айқындайды. Әр аймақта қалыптасқан этнодемографиялық үрдіс Батыс Қазақстанның бүгінгі аймақ халқының қалыптасу сипатына негіз болды.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Об основных показателях Всесозных переписей население 1939, 1959, 1970, 1979, и 1989 годов. Алматы, 1996. -75с.
2. Ақ ОММ, 69-қ, 3-т, 92-і.
3. Татимов М.Б.Социальная обусловленность демографических процессов. Алматы: 1989.
4. ҚР ОММ, 1208-қ, 1-т, 29-і.
5. ҚР ОММ, 1208-қ, 1-т, 16-і.
6. Кесте бойынша есептелді: Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990 гг. Алматы: Ғылым, 1993. -125 с.
7. БҚ ОММ, 1553-қ, 1-т, 1-і.
8. БҚ ОММ, 693-қ, 1-т, 99-і.

ӘОЖ 84.116

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ АЛАШ

Көпбаева М.Р. - ф.ғ.д., профессор
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті, Тараз қ.

Түйіндеме*.Мақалада Алаш қайраткерлері мұраларының «Мәңгілік Ел» идеясынмен рухани үндестігі жан-жақты зерттеледі. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлтымыздың болашағына қатысты ұлы бағдар ретінде еліміздің рухын, мәдениеті мен әдебиетін көтеретін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын маңызы ашылады.*

Тірек сөз*: Алаш, идея, «Мәңгілік Ел», жалпыұлттық, жаңғырту, жаңашыл, бағыт, ізденіс, концептуалды, жүйе.*

Алғаш саяси мәнде ұлттың азаттық идеясын көтерген XX ғасыр басындағы тарихи тұлғалардың басты тоқталған мәселесінің бірі-тілдің сақталуы мен тазалығы болатын. Еліміз тәуелсіздігін алып азат ел атанғалы біршама уақыт өтіп әлемдік өркениетте Қазақ Елінің алар орны мен бағындырған белестері айқын көрініп мәңгілік мұраттарға қол жеткізіп келе жатқандығы белгілі. Ғылым мен білімнің алтын ғасыры атанған XXI ғасыр көкжиегінде халқымыз сан мың жылдан бері аңсаған асыл армандарын еселеп жүзеге асырып ұлт тарихы мен мәдениетіне, әдебиеті мен тіліне, т.б. ұлттық руханиятымызға қатысты түп тамыры тереңде жатқан жасампаз идеяларды түбегейлі сараптап мемлекеттік идеологиямызды қалыптастырдық. Ол - ежелден еркіндікті, бостандықты аңсап, азатыққа құштар болған Қазақ Елінің жаңа әлемдегі ұлы мақсат-мұраттарға жету жолында жарқын болашаққа бастайтын бағыты болған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы.

Бүгінде өркениеттің шыңын бағындыруда қарыштай түскен ғылыми индустриядағы жанданыстар жаһандану үрдісінің белең алуына негіз болып отырғандығы белгілі. Осындай алмағайып алапат өзгерістер дәуірінде Қазақ Елі босағасы берік, абыройы асқақ, болашақ бағдары айқын ел ретінде төрткүл дүниеге танылa бастады. Тарихи тағдыры талапайға түскен қазақтың бүгіні берекелі, келешегі кемел. Сол берекенің бастауы болған ұлт қайраткерлерінің «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» (Абай) деген жаһандық өредегі асқақ гуманистік мақсат мүддеге негізделген концептуалдық тенденциясы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы арқылы жасампаздыққа ұласып отыр.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлтымыздың болашағына қатысты ұлы бағдар ретінде еліміздің рухын көтеретін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н. Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарында «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында жария етті. Еліміздің ұзақ мерзімді дамуына даңғыл жолды бастайтын Елбасының осы Стратегиялық маңызды Жолдауында айтылғандай «Мәңгілік Ел» идеясы елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея.

Оған әрине еліміздің тәуелсіздігі арқасында жетіп отырғандығымыз анық. Сондықтан халқымызда татулық пен тұрақтылықтың, еркіндік пен асқақ рухтың айшықты көрінісі, ұлтымыздың ұзақ жылдар сарыла күткен арманы болған, мызғымас беріктігіміздің символы тәуелсіздігімізді бар күш-жігерімізді салып сақтап қалуымызы қажет. Жолдауда «Мәңгілік Ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық» [1. 3] – деп өз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік Ел бола алатынымызды ерекше атап өтті.

Қазіргі таңда «Мәңгілік Ел» ұлттық идея болып жарияланғанымен де, көпшілік осы идеяның қайдан бастау алатынын, қандай тарихи алғышарттарының бар екендігін және идеяның негіздері қай уақытта, кімдерден бастау алатынын біле бермейді. Сонымен қатар, бұл идеяның Ата тарихымыздың бір кезеңінде мемлекеттік идеология ретінде уақыт тезінен, сынынан өткендігін, сөйтіп, осы уақытқа дейін ел санасында тарихи сабақтастықты жалғастырып жатқандығын да елдің білуі керек [2. 4]. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды; ұлттық идея - халық мұраты, ол өзінің бастауын көне дәуірден алып, бүгінге дейін сабақтаса отырып жеткен.

Ал, идея – грек сөзі, образ, ұғым, түсінік мағыналарында қолданылады. Атқаратын міндетіне қарай идея алуан-алуан қырымен көзге түседі. Мәселен, бірде ол сырт дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың пішіні болса, енді бірде адамның басты сенімі орнына жүреді.

Әрбір тарихи даму кезеңінде өзіндік идеясы болмайтын ұлт жоқ және де кең ауқымды адамдар тобының санасы мен жүрегін жаулап алуда ешбір идея тиімділігі жағынан ұлттық идеямен теңдесе алмайтыны анық.

Ұлттық идея - ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар. Зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына баса маңыз береді. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуі, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары жайлы жалпақ әлемге жар салуы. XVIII ғасырдағы немістің классикалық философиясының негізін салушылардың бірі – И.Канттың тілімен айтсақ: «Адам білімінің қайсыбірі болмасын, түйсіктен басталып, түсінікке ұласып, идеямен аяқталады» [2. 124]. Осы бір қарапайым сөз тіркестері «идея», «ұлттық идея» түсінігінің мәнін және қалыптасу жолдарын қысқаша түрде нақтылап бере алады.

Қазақ Елінің ұлттық идеясы ретінде жарияланып отырған ежелгі ата-бабаларымыз - түркілердің «Мәңгілік ел» идеясы үш тұғырдан, яғни үш негізден тұрады. Бріншісі - көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік ел» манифесі, екіншісі - Әл-Фарабидің философиялық шығармаларындағы (әсіресе «Қайырымды қала» шығармасындағы) азаттық идеясы мен оның «Мәңгі ел» идеясының теориялық-методологиялық тұрғыдан негізделуі, үшіншісі - Жүсіп Баласағұнның осы идеяның іс жүзіне асуын қамтамасыз ететін мемлекеттің Ата заң үлгісінде қызметін атқарып оны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Бұлардың бәрі де бір-бірімен тығыз байланысты, бір заманның жемісі және өзіне дейінгі бабалар мұратымен жалғаса отырып, кейінгі ұрпақтарының құрған мемлекетшілдік, яғни «мәңгі елдік» идеямен сабақтасады. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы бір-бірімен үндесіп отыр [2. 7].

Қоғамдық ойды жаңғыртуда жаңашыл бағыттағы ізденістердің концептуалды жүйесін қалыптастырған Алаш қайраткерлері мұраларының тенденциялық ерекшеліктері мен интеллектуалдық әлеуетінің жаһандық маңыздылығын анықтап көрсетіп, оны насихаттаудың инновациялық креативті әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет.

Әлемдік деңгейде насихатталып жүрген қоғамдық ойдың көшбасшылары мен Алаш қайраткерлерінің көзқарастарындағы рухани үндестіктер мен гуманистік тенденцияның барысын айқындау осы ойымызды іске асыруымызда маңызды іс болмақ. Ол үшін Алаш қайраткерлері мұраларының интеллектуалдық әлеуетін, инновациялық және концептуалдық бағытының күлліғаламдық деңгейдегі ізгі мұраттармен біртұтастығын ғылыми тұрғыда негіздеуіміз қажет. Сондай ақ, Алаш қайраткерлері мұраларындағы концептуалдық тенденциялардың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясымен үндестігінің жаһандық әлеуетін айқындап алудың да орны ерекше болмақ.

XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихындағы ең ұлы идея қайсы десе, Алаш идеясы деп жауап берер едік. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы, жарқын болашағымыздың бағдары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы да осы идеямен үндесе отырып шыққан. Бұл дегеніміз бабалар арманының бір арнаға түйісіп, ортақ сипатта дамып жаңашылдық пен дәстүр жалғастығының көрінісін айқындап отыр. Сондықтан, «Мәңгілік Ел» идеясы

туралы ой толғап сөз еткенде біртұтас Алаш идеясы туралы тыңғылықты мәлімет беріп, тоқтала кеткеніміз орынды. Енді сол ұлттық құндылығымыз бен ұлтымыздың ұйтқысына айналған Алаш идеясы жайлы сөз қозғасақ.

Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де. Интернационализм (ұлтсыздандыру) саясатын жалаулатқан кеңес өкіметі жалпы «алаш» атауын құртып-жою үшін барлық амал-айланы қолданып баққаны содан болса керек. Осы мақсат үшін өздері ойлап тапқан тап күресін ғажап пайдаланды: ел ішін екіге бөліп, қақ жарды, тыныш жатқан жұрттың басына әңгіртаяқ орнатты. Бұрын саяси астыртын күреске көп араласа қоймаған, оның құйтырқы әдістерінен хабары шамалы аңқау, аңғал жандар алдын ала құрылған осындай арнайы тұзаққа оп-оңай топырлап түсіп жатты.

Халық алдында беделі бар, оны соңынан ертіп, сөзін өткізе алатын оқыған білімді азаматтарға «ұлтшыл» деген пәле жабылды, атылып-шабылды. Ең алдымен, Алашорда қозғалысына қатысқандарға кешірім жасалды, бірақ соңынан бәрі құрбандыққа шалынды, тірі қалғандары итжеккенге айдалды. Келесі кезекте большевиктерді жақтап, сол арқылы елімді, жерімді гүлдендіріп, ұлттық мүдделерді көркейтемін деп кеңес өкіметінің іргесін қаласқан марқасқа азаматтар қырылып-жойылды. Мәселен, Алаш ісі бойынша қозғалыс бастаушылары деп танылған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және басқаларының көздері жойылды.

Осы тұста құрылған «Алаш» партиясы – ұлттық мүдде үшін құрылған партия еді. Оның негізін қалаған ұлт зиялыларының мақсаты бір арнада тоғысып, бір-бірімен үндестік тапқан. Сондықтан олардың бастаған ісі өз жемісін берді. «Алаш» партиясының құрылуына себепкер болған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды дара тұлғаларымыздың өздерінің басына қауіп төнгенін біле тұра осыншама істі қолға алғандары бір жағынан ерлік болса, екіншіден, ұлтын шын сүйгендіктен деп білемін. Халқы үшін жанын құрбан еткен ардақтыларымызды құрметтеу, олардың өмірін зерделеу, істерін жалғастыру – ұлтым деп жүрегі соққан әрбір қазақ азаматының міндеті [3. 25].

Қазақ халқын жаңа сапаға көтеріп, азат ету үшін, ел қатарына қосу үшін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған топ «Алаш» партиясын құрды. Олардың негізгі мақсаты ұлтты біріктіріп, ұлттық мүдде-мақсаттарды анықтап, соған ұлттың күш-жігерін жұмылдыру болды. 1917 жылы Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінде жарияланған бір мақаласында «Ресейде саяси партиялар көп, бірақ олардың біреуінің бағдарламасы біздің халқымыздың мүддесіне сай келмейді. Бізге тура қазіргі тарихи кезеңдегі негізгі мүддемізді, қазақшылығымызды білдіретін, соны қорғай алатын саяси партия керек, оның негізінде ұлт өмірі жатуы керек» деп партияның құрылу мақсатын нақтырақ айтып кеткен.

Бастарына қиындық түссе де мойымай, елдің алдында бастарын тік ұстаған аталарымыздың өмірі нағыз азапқа толы. Олар өздері армандағандай отбасысының ортасында, егемен елде өмірмен қоштасқан жоқ. Қараңғы түнекте, ешкімге бір ауыз сөз де айта алмай өмірден озды. Көп ауыртпалық көрсе де, өздеріне сенім артып отырған халыққа еш сыр білдірмеді. Олардың жүрегіндегі «бостандық күні туады» деген үмітті өшірмеді. Бір-біріне демеу болып, бірін-бірі қанаттандырып отырды. Әлихан Бөкейханов Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсыновқа «Шырағым Ахмет, шырағым Мир-Якуб, сендердің абақтыларың солардың абақтысы ғой. Ертең-ақ, Алла қаласа, күнді көре алатын ұрпақ келеді. Еңбектеріңді бағалап, құрмет көрсетіп жатса, онда бейнеттеріңнің ақталғаны емес пе?!» деп оларды жігерлендіреді. Енді бірде Ахмет Байтұрсыновқа жазған хатында «Кеңес өкіметі қолымызды байлап отыр. Бізді сөйлетпейді. Бірақ біз ұлтқа көп нәрсе істей аламыз. Ахмет сен оқулықтар жаз, ғалымсың ғой. Мағжан қолынан келсе өлеңдерімен жазсын. Бірақ әрқайсыңның ұлттық ғылымға қосатын үлестерің болсын» дейді. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің досы Әлихан Бөкейхановқа «Достыма хат» өлеңін арнаған. Мұнда қанша соқса да мыңқ етпей шыдай беретін момын жұртты үйілген өлекседей өрге сүйреп,

қыр басына шығаруды мақсат еткен, қашық жолға қажымайтын тұлпар секілді, қия жазбайтын қыран көз сұңқар секілді ақын досының бейнесі елестейді.

Міржақып Дулатұлының мына бір сөзі алаштықтар әрқашан бірін-бірі үлгі тұтып, мақтан етіп жүретінін дәлелдей түседі: «Заманымызға қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жан басшымыз – Әлихан Бөкейханов» [2. 9].

Міржақып Дулатұлы алғашында Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың шәкірті болып жүріп, кейіннен араларындағы жас айырмашылықтарына қарамай, олардың сырлас досына айналған. Ойы ұшқыр, ақылды Міржақыпқа ағалары үнемі ақыл айтып отырған. Ахмет Байтұрсынұлының «Ақын іниме» деп аталатын өлеңі Міржақыпқа арналады. Бұл өлең ғибратқа толы. Автор айтайын деген ойын, өзінің ұстанған принципін туралап жеткізбей, кері мағынада, антитезис түрінде ұсынады. Мұны да өлең идеясының өтімділігін күшейту үшін қолданылған ақынның көркемдік әдісі деп қабылдаған жөн болар. Шындығында, ол өзі сенген жеткіншек жолдасқа ұғындырып отырғаны: қателіктен, қауіптен қорықпай, белсеніп күреске шық, жалған абыройды малданба, момындарға қиянат қылма, қайта оларды қорға, жұрт алдында беделді боламын десең, өзіңді сыпайы, кішіпейіл ұста, - деген сияқты жақсы адамгершілік талаптары. Мүмкін бұл сөздерді тура уағыз түрінде айтса, жөнсіз ақылгөйлік болып көрінер. Ал тосын әдіспен айтқаны оқырманға жақсы әсер етеді.

Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әсіресе XX ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ даласында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез Алаш ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақ еді. Алашорда қозғалысы мен Алаш идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Ең алдымен қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралдарын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті «ұлттың көзі, құлағы һәм үніне» айналды. Бұлардың ұлттық сананы оятудағы маңызы орасан зор болды. Кішкентай жылғадан басталған бұл әрекет ұлғайып, арналанып зор халықтық қозғалысқа ұласты. Алаш қайраткерлері қазақ халқын азат ел ету бағытындағы мақсатты ойларын бес тұғырға негіздеді. Солардың ішіндегі ең бір маңызды тұғырының бірі - қазақ тілінің мәселесі болатын. Бұлай болатыны, А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда «тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». Ұлттың ұлы ұстазы А.Байтұрсынұлы бұл бағытта бос үгіт насихатқа салынбай нақты іске кірісіп, қазақ жоғының орнын толтыруға білек сыбанып кірісті. Қазақты біртұтас ел деп танысақ, Алаш идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындауымыз қажет. Екінші: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Ең алдымен Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Сонан кейін, қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Ал түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді.

Жер үшін, жер мен аспан байлығы үшін, тәуелсіз экономика үшін, тіл мен діл үшін, дін үшін, қазақ ұлтының көзқарасы мен ар-ожданын қорғайтын, ұлтты сыйлауға мойынсындыратын тәуелсіз заң мен тәуелсіз ойлау жүйесін қалыптастыратын тәуелсіз ғылым үшін күрес жолы енді басталды. Демек, Алаш идеясы бүгін де, ертең де өзінің жалғасын табады. Оған бүгінгі еліміздің мәңгілікті ту етекен «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы дәлел. Жаһандастыру дәуіріндегі рухани тәуелділіктен қорғайтын бірден-бір ұлттық бағдарлама осы болып табылады. Мәмбет Қойгелдиев алаш идеясының түпкі маңызын былай ашып көрсетеді: «Алаш тәжірибесі нені көрсетті? Біріншіден, Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жа-санды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршеңдік сипатын айғақтайды. Алаш идеясының өзегі - ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлекең, Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық - жетім халық. Кез келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық» [4. 14]. Міне, осы тұрғыдан алғанда Алаш қайраткерлері мұраларының «Мәңгілік Ел» идеясынмен рухани үндестігінің айқын көрінісіне айналуы деп түсінуіміз орынды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан жолы- 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 2014 жыл17 қаңтар.

2. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы. Бас редакторы Ерлан Сыдықов.- Алматы: «Pride Print» баспасы, 2013. -108 б.

3.Әбжанов Х.Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы. «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Семей, 2008. -289 бет.

4. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. - Астана: «Фолиант», 2001. - 312 б.

ӘОЖ 94(574)

ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Көлбаев И.А.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.**- тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме. *В научной статье рассматриваются страницы историография Казахстана. Существует богатая историография национально-освободительного восстания, начавшегося в Букеевском ханстве и развернувшегося в Малом жузе под руководством Исатая Тайманулы. В данной публикации подробно анализируется уровень изученности вопроса в царской, советской, и в периоды независимости.*

Ключевые слова*: историография, идеология, национальный взгляд, исследователи.*

Ішкі Бөкей Ордасында XIX ғасырдың 30-40 жылдары болған Орыс географиялық қоғамының мүшесі Я.В.Ханыков өзінің «Ішкі хандықтың жайы туралы» [1, 121-148] еңбегінде Исатай бастаған ұлт-азаттық көтерілісті «бүліншілік» деп атайды да, оны Исатайдың жеке басының әрекеті деп көрсетпекші болады. Автор патша чиновниктерінің түсінік деңгейінен аса алмай, «Исатай халықты арандатып, аздыра бастады», ол «қарулы шайқаларымен жүріп бейбіт қазақтарды тонады» дей келіп, сұлтандар мен билер мүддесін қорғап, тіпті «Исатай 1836 жылы мамыр айында бір бақташыны өлтіріп, сол үшін шақырылған сотқа келмеді» деген сияқты қате деректер мен жалған жалаларды да жазған. Дегенмен бұл Исатай көтерілісі жайында жазылған тұңғыш еңбек еді.

Исатай Таймануылын және ол басатаған азаттық көтерілісін XIX ғасырдағы Ресейдің алдыңғы қатарлы оқығандары жоғары бағалайды. 1876 жылы белгілі публицист Н.Ф.Савичев «Уральские войсковые ведомости» газетінің 9 номерінде Исатай туралы көлемді мақала жазған. Атап өтерлік бір жәйт – кейінгі зерттеушілер Н.Савичевтің бұл жұмысын Исатай батыр туралы тұңғыш еңбек деп есептейді. Сол кездегі патшалық Ресейдегі ішкі қатал режим мен саяси жағдайға қарағанда Н.Савичев үлкен батылдық жасап, Исатай туралы бірқатар дұрыс деректер жариялаған. Бір мақала көлемінде Исатай бастаған қозғалыс туралы толық жазу мүмкін емес екендігі мәлім, дегенмен автордың даңқты Исатай туралы айтқан мына пікірі аса маңызды.

«Тып-тыныш тұрған әлемде, қап-қара тұнық аспанда кейде жарқырап, зулап, жан-жағына отын шашып, жұртты таң қалдырып келе жатқан метеорды көресіз. Тап осы метеор сияқты жарқын бейнелі, абзал, терең ақыл-ойдың иесі халық қамын ойлаған қажырлы батыр – Исатай. Аспанды тілген жарық жұлдыз шуылдай ағып барды да, кенет ғайып болды. Аспан өзінің бұрыңғы тұнық қалпына қайта оралды. Исатай Таймановтың да оқиғасы нақ осындай еді. Ол дәуірін дүрліктіріп, өз басын жойды да, тынышталған орда бұрыңғы тірлігін қайта жалғастырды.

Асқақтаған Жәңгір хан мен оның обыр өңеш ашқарақ сыбайластары ештеңеге де түсінбестен Ішкі Ордадағы хан сарайының астын үңгіп, өздерінің көрін қазу ісін одан әрі жалғастыра берді» [2, 98].

Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс тарихы ғылыми тұрғыдан Кеңес өкіметі тұсында тыңғылықты зерттеле бастады деуге болады. 1925 жылы Г.Сербаринов «Исатай Тайманов» деген көлемді мақаласын жариялап, онда Исатай мен Махамбеттің тарихи рөлін макрсистік методология тұрғысынан баяндап, қозғалысты «шаруалар көтерілісі» деп сипаттайды [3,1-20].

Исатай Таймануылы бастаған Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалыс тарихына қалам тартқан белгілі зерттеушілердің ішінде Алаш қайраткері профессор Халел Досмұхамедұлы еңбектерін де көрсетуге тиістіміз. Мәселен, Х.Досмұхамедұлы құрастырып 1925 жылы Ташкентте бастырып шығарған «Исатай-Махамбет» атты кітапта халық намысының алаулай тұтанған отты жылдары, Кіші жүз өлкесі ғана емес, бүкіл қазақ тарихында елеулі із қалдырған ұлттық баскөтеруге қатысты мол дерек алғаш рет топтастырылған болатын. Х.Досмұхамедұлының көлемді алғысөзімен жарық көрген бұл еңбектің күні бүгінге дейін мәнін жоймаған екі тұсы бар: біріншіден, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлының өлең-жырлары осы кітапта тұңғыш рет толық топтастырылып, тасқа басылды, сол арқылы бүгінгі ұрпаққа жетті. Екіншіден, Исатай-Махамбет бастаған бас көтерудің ащы шындығы, яки оның отаршылдық бұғауына шыдамай толқыған халықтық, ұлттық көтеріліс екендігі ашық айтылды [4].

Бұл топтамадағы алғысөз орнына Халел жазған «Таймануылы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» деп аталған мақаланың ғылыми құндылығы сонда, Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысты тұңғыш рет сол кездің өзінде берілген баға мен айтылған ой-байламдары, пікір-тұжырымдары, деректік мол мағлұматтары күні бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Автор Қазақстанның батыс бөлігіндегі Кіші жүз қазақтарының XIX ғасырдағы Ресей патшалығының бодандығына қарсы тәуелсіздік пен бостандық жолындағы жанқиярлық ерлік күрестерінің басты-

бастыларына шолу жасай келіп, Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығуы һәм жеңіліске ұшырауының тарихи себеп-салдарына терең талдау жасаған. Мақалада сонымен бірге қос арысты дүниеге әкелген туған-өскен ортасы, тұқым зәузаты, елдің саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілігі жан-жақты баяндалған.

Халел Досмұхамедұлы ой-пікірінің құндылығы сонда, ол – көтеріліс қарсаңындағы Бөкейлік халқының ішкі өмірінің қатпарларына терең үңіледі. Қазақ халқының психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық менталитеттің моральдық ауыр соққы алған жайын, өлкедегі саяси-әлеуметтік қайшылықтармен байланыстыра келе, халық көтерілісінің шығу себептерін айшықты баяндап береді.

Х.Досмұхамедұлы тұжырымдары Бөкей ордасындағы басқару жүйесін өзгерту, хандық билеп-төстеу саясатының күшеюі, алым-салықтар көлемінің жылдан-жылға ұлғаюы қазақтар өмірінде дәстүрлі құқықтың әлсіреуіне, шонжар-феодал топтардың билеп-төстеуінің күшеюіне, халықты езіп-жаншудың тереңдей түсуіне алып келгендігін дәлелдей түседі.

Халел Досмұхамедұлының «Исатайдың көтерілісі қазаққа қандай пайда, зиян берді, патша өкіметіне қандай ой түсірді» деген сұрауларға берген жауап-пікірлері де көтерілістің тарихи маңызы мен тарихи тағылымдарын танып білуде үлкен көмек екендігі хақ.

Осы көтерілістің тарихын алғаш зерттеген кеңес тарихшыларының бірі А.Ф.Рязанов Исатай ерлігін жоғары бағалап. «Исатай батырдың есімі – халықты азат етуші күрескер ретінде, революционер ретінде қазақ халқының ұлттық ерлерінің қатарына қойылуы керек» [5] – деп жазды.

А.Рязанов Бөкей Ордасындағы Исатай батыр бастаған халық көтерілісінің негізгі экономикалық, әлеуметтік және саяси себептерін Орынбор архивінің құнды деректеріне сүйене отырып, шынайы ашып көрсеткен.

Жәңгір хан жүргізген саяси-экономикалық бағыттағы реформалардың қоғамдық өмірдегі оң әсерлерімен бірге, халықты қайыршылыққа ұшыратқан ауыр зардаптарын да саралай келе автор, «сайып келгенде, сұлтандар аристократиясының саяси және экономикалық жағынан күшеюі, тархандар мен старшындардан жаңа ақсүйектер тобының құрылуы және оларға жеке меншік жер бөлініп берілуі, сондай-ақ салық қыспағының өрістей түсуі, хандық әкімшіліктің бассыздығы және бұқараны сауда әрі өсімқор капиталдың күшімен қанауы – міне, ең басты себептер, қарапайым халықты көтеріліске шығарған және Ордаға қарай аттануға мәжбүр еткен жайлар осы болды» - [5, 23] деп барынша объективті түрде тұжырымдайды.

А. Рязанов көтерілістегі бұқаралық қимылдардың отаршылдыққа қарсы сипатынан гөрі, феодалдыққа қарсы бағытын көбірек негізге алған. Осы тұрғыда автор Исатай көтерілісін оның алдындағы және одан кейінгі Қаратай, Кенесары қозғалыстарымен салыстыра отырып, 1836-1838 жылдардағы көтеріліс неғұрлым халықшыл, прогрестік формада болды деген тоқтамға келеді.

Ұлт-азаттық көтерілістің себептері түптеп келгенде Ресей империясының отаршылдық саясатынан туындап жатқандығына автор онша назар аудармайды, керісінше ол Исатай мен Махамбет батырдың қозғалысын шаруалар көтерілісі сипатындағы Жәңгір хан мен оның сыбайластарының бұқара халықты аяусыз қанаған әрекеттеріне қарсы қарулы қимылы ретінде сипаттайды.

«XIX ғасырдың 30 жылдарында Ордада шиеленіскен «ақсүйек» сұлтандармен «қарасүйек» қарапайым халық арасындағы әлеуметтік және экономикалық қарама-қайшылық жаңа көтерілістің бірден-бір себепшісі болды», - дей отырып, А.Рязанов қазақ даласында болған көтерілістер, мейлі сұлтандар басқарсын, әлде халық батырлары басқарсын, түптеп келгенде ол – ұлттық тәуелсіздік жолындағы қарулы қозғалыстар екендігіне мән бермейді. Осыған орай ол, көтерілістердің сипатын айқындауда кейде қателесетін де секілді. Мысалы, автор Исатай көтерілісі туралы «бұл өзінің сипаты

жағынан бұрынғы хандық өкімет үшін өзара жауласқан, сұлтандар басқарған көтерілістен мүлдем өзгеше еді», - [5, 25] деп үстірт тұжырымдайды.

Исатай-Махамбет көтерілісіндегі таптық күрес бағытын А.Рязанов көтерілістің ерекшелігі, оның жаңашылдығы деп бағалайды.

Көтеріліс тарихынан бізге белгілі халық мүддесін қорғаған Исатай батырдың Жәңгір ханмен және Қарауылқожамен әуелгі өзара келіспеушіліктері, алғашқы қақтығыстары болмай қоймайтын жәйт екендігіне А.Рязанов та назар аударған [6, 27].

А.Рязанов ұлт-азаттық күрестегі Исатай Таймануұлының тарихи тұлғасын аса жоғары бағалайды. Бұл бағаның тарихнамадағы ерекшелігі соншалықты бұл өмір бойы маңызын жоймақ емес [5, 169-170].

Батыр Исатай Таймануұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістегі көтеріліс басшысының ең жақын серігі, азаттық үшін соғыстағы аса көрнекті қайталанбас тұлға, ол – дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы екені белгілі. Көтеріліс тарихнамасында Махамбеттің алар орны да қомақты, өйткені көтерілістің тарихын жазған барлық тарихшылар Өтемісұлын тек ақын деп танымай, тәуелсіздік жолындағы күрестің көсемі деп білген.

Мәселен, көтерілістің іс жүзіндегі ұйымдастырушысы Махамбетті А.Рязановтың «осы көтерілістің жаны болды»,- деуі өте орынды. Бұл автордың айтуына қарағанда орысша және татарша сауатты Махамбет халыққа талай үндеу жазған, ел аралап үгіт-насихат жұмысын жүргізген. Исатай мен халық атынан патша өкіметі мен ханға хат жазған [5, 31].

1836-1838 жылдардағы көтерілістің тарихын бұдан кейін В.Ф.Шахматов арнайы зерттеп, 1946 жылы «Ішкі орда және Исатай Тайманов көтерілісі» деген кітап шығарды. Көтеріліс бұл еңбекте феодализмге қарсы қозғалыс деген сипаттама алды, сондай-ақ отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық мәні де баса айтылды. Бұл кітап 1000 дана болып шығып, қазір қолға түспейтін өте сирек дүниеге айналды. Автор Исатай батыр туралы біркелкі қысқаша тарихи мәліметтер береді. Дегенмен В.Шахматов бұл кітабында кейбір субъективтік пікірлер, жаңылыс мағлұматтар да жіберген [7].

Ішкі (Бөкей) ордадағы көтеріліс тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосқан тарихшы-ғалымдардың ішінде белгілі тарихшы И.Н.Кенжалиевтің еңбектерінің алар орны ерекше [8]. Автор бұл тақырыпта өзінің ғылыми-танымдық құндылығымен жоғары бағаланған үш кітабын жарыққа шығарды. Сөйтіп, ол туған елінің қамын жеп, намысын ту етіп көтерген Исатай Таймануұлы мен Махамбет Өтемісұлының ұрпаққа үлгі болар ерліктерін халқы ұмытпайтындығын таныта білді. Әсіресе, автордың И.Таймануұлының туғанына 200 жыл толу қарсаңында жарық көрген, бұрынғысынан әлдеқайда толықтырылып, өңделіп, жаңа деректермен байытылып, қайта басылған «Исатай-Махамбет» атты іргелі зерттеуін көпшілік оқырман, тарихшы қауым зор ілтипатпен қабылдады.

И.Кенжалиевтің Исатай мен Махамбеттің тарихи рөлін кеңес заманындағы қоғамдық ғалымдарда орын алған әдіснамалық көзқарасқа сай марксистік методология тұрғысынан баяндауын, оның еңбегіндегі кемшілік деп қарамау керек.

Автор Исатай Таймануұлы көтерілісін Украинаның Подольск провинциясында езілген шаруаларды басқарып, патшаға қарсы шыққан Устим Кармелюк көтерілісімен үндестіреді.

«Ол (Исатай Таймануұлы) езілген шаруаларды қанаушыларға қарсы қарулы көтеріліске шақырып, үстем таппен кескілескен ұрысқа шыққан бұқара халықты соңынан ерте білді. Өз басынан өткен көптеген ауыр, әрі қауіпті оқиғаларға мойымастан асқан қайсарлық көрсеткен Исатай өз жауларымен өмірінің ақырына дейін алысып өтті. Ол қарапайым, қайырымды, ұстамды, қажырлы адам болды. Оның адамгершілік бұл қасиеттері оған зор бедел әперіп, көтеріліске шыққан шаруалардың оған деген сенімін арттыра түсті. Исатайдың үлкен адамгершілігі туралы ел аузында неше бір қызықты, сүйсіне айтылған аңыз, әңгімелер көп. Оның батыр атағына ие болуы, халық арасына тараған зор абыройы – оның езілген тап мүддесі үшін істеген айбынды ісіне байланысты

екені мәлім» [8, 3-4], - деп автор тарихи тұлғаға берілер шынайы бағаны дәл көрсетеді. Осыған сәйкес автор Исатай батыр секілді «асыл бейненің ғылыми тұрғыдан толық жазылған тыңғылықты өмірбаянының жоқтығын» ескеріп, бұл үлкен олқылықтың орнын толтыру мақсатында архивтен және бұрын жарияланған еңбектерден азды-көпті жиналған материалдар мен көп жылғы зерттеулер негізінде мүмкіндігінше толық жазуға айрықша көңіл бөлген. Сөйтіп, белгілі тарихшы қазақтың ұлт-азаттық күрес тарихын зерттеу саласындағы осыбір үлкен жетіспеушілікті толықтыруда орасан зор еңбек сіңірген.

И.Кенжалиев бұл тарихи очеркін негізінен архив материалдарына сүйеніп жазған. Ол үшін Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивінен Орынбор Шекара Комиссиясының материалдары жинақталған 4 қор мен Ішкі орданы басқарған Шығай Нұралыұлының, хан Жәңгір Бөкейұлының кеңселерінің материалдары жинақталған 78 қордың деректері негізінде көтеріліс тарихына, қазақ халқының сол кездегі шаруашылығы, тұрмысы, саяси-әлеуметтік жағдайына байланысты деректерді пайдаланған. Сондай-ақ бұл еңбекке Астрахань мен Орынбор архивтерінің материалдары да кеңінен тартылған.

Архив қорларында негізінен патша чиновниктері мен офицерлерінің, тілмаштары мен тыңшыларының, ханның, сұлтандардың, билердің, старшындардың рапорттары, арыздары жинақталған. Бұл қорлардың ішіндегі құнды негізгі материалдар көтерісшілердің губернаторға, ханға, тергеушілерге берген арыз-шағымдары мен жауаптары. Бұл материалдарда олар патша өкіметінің, хан әкімдерінің зұлымдылықтарын еш бүкпесіз әшкерелейді.

Бірақ архив материалдарында ұлт-азаттық көтерілістер тарихы мен көтерілісшілер туралы толық нанымды деректер берілмегендіктен автор бұл олқылықтың орнын ел аузындағы аңыздар мен әңгімелер сипатындағы этнографиялық материалдармен толықтырған.

Исатай Тайманұлының көтерілісі тарихына байланысты кейбір құнды деректерді көтеріліс басшыларынң бірі Махамбет Өтемісұлының жыр-толғауларында кездестіруге болады. Көтерілістің шығу себептері, оған белсенді қатысушылар, кейбір тарихи оқиғалар Махамбет шығармаларында көрсетілген. Бұл бағытта да автор үлкен ізденістер арқылы, оларды мүмкіндігінше толық пайдаланған.

Исатай батыр қозғалысы туралы жазған А.Ф.Рязановтың еңбегін белгілі тарихшы Ж.Қасымбаев өзінің 1836-1838 жылдардағы қазақтар көтерілісі тарихының мәселелерін царизмнің отаршылдық саясатының сипаты контекстінде қарастырған мақаласында сын көзбен талдайды [9, 74-79].

«Осыдан 60 жылдан астам уақыт бұрын Орынбор архив деректері негізінде жазылған, қозғаушы күштері туралы кейбір қателіктерге ұрынған және методологиясы жеткіліксіз А.Ф.Рязановтың кітабы ескірді. Шындығында А.Ф.Рязанов 1836-1838 жылдардағы шаруалар көтерілісін антиотарлық бағытта қарастырады, қозғалысқа себеп болған әлеуметтік-экономикалық факторларды талдамайды»,- деп жазған Ж.Қасымбаев автор (А.Рязанов) өз еңбегінде көтерілісті бастаған ру ағамандарының шынайы орнын айқындамайды, көтеріліс басшысы Исатай Тайманұлының қызметін асыра бағалай, оны «революционер» деп сипаттайды»,- деп те Ж.Қасымбаев Рязановты «кінәлайтын» секілді [9, 74].

Ж.Қасымбаев өз кезегінде В.Ф.Шахматовтың монографиясына да ғылыми талдаулар жасайды. Ол былай деп жазды: «В.Ф.Шахматовтың еңбегі назар аударарлықтай, онда мол архив материалдары, революцияға дейінгі баспасөз беттерінде жарияланған материалдар келтіріледі. Оның кітабында қазақ машылары мен орыс помещиктерінің арасындағы қарым-қатынас, қауымдық құрылыстың күйреу себептері, жерге жеке меншіктің қалыптасу себептері детальды түрде ашылады. Патриархалдық-рулық тұрмыстың бет пердесімен бүркемеленген зекет, соғым, т.б. секілді міндеткерліктер формасы ашып көрсетіледі. Алайда, В.Ф.Шахматов та кейбір қателіктерге ұрынған, оның

еңбектерінде царизмнің отарлық жер саясатының көшпелілердің әлеуметтік жағдайына тигізген ықпалы дұрыс ашылмаған» [9, 75].

Жалпы Қазақстандағы отаршылдық жағдайындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы мәселелері мен проблеманың тарихнамасын зерттеушілер назар аударарлықтай бір ерекшелік бар. Ол – А.Рязанов, В.Шахматов секілді өзге ұлт тарихшыларының көзқарастары мен күні бүгінгі қазақ ғалымдарының пікірлеріндегі кереғарлықтар. Отаршылдық бұғау заманында болған көтерілістер бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында қалыптасқан методологияға сай «ұлттық-азаттық қозғалыстар» деген мәнге ие. Империялық Ресей саясатына қарсы көтерілістерді осы тұрғыда қарастырған А.Рязанов пен В.Шахматовтың тұжырымдарын мәселен, Ж..Қасымбаев жоққа шығарады. Оның бұл бағыттағы пікірлері мынадай сарында:

«Рязанов, халық қозғалысын өзінің жеке мүддесіне пайдалануға тырысқан, Қазақстанның бір бөлігін басып алуға ұмтылған, Хиуа билеушілерімен тығыз байланыста болған сұлтан Қайыпқали Есімовты «тәуелсіздік жолындағы халық қозғалысының» күрескері деп сипаттайды...

Шахматовта кейбір баскөтерулерге сыни көзбен қарау жетіспейді, соның нәтижесінде сұлтан Қаратай Нұралиевтің (1797-1814 жж.) реакциялық қозғалысы қателікпен халық-азаттық қозғалыстары қатарына жатқызылады. Сондай-ақ оның «Исатай қазақтарды Хиуа хандығының билеушілерімен мұсылмандық іске бірігуге шақырды» деуі сын көтермейді» [9, 75].

Осылайша Ж.Қасымбаев тәуелсіз билік құрғысы келген көтерісшіл қазақ сұлтандарын азаттық қозғалысынан бөліп тастайды.

Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуінің арқасында оның зиялы қауымы халық тағдыры туралы толғануға, тебіренуге мүмкіндік алды. Соның бір нәтижесі – қазақ халқы бірнеше ғасырға созылған ұлт-азаттық қозғалысының ардагерлері – Сырымның, Кенесарының мерейтойларын бүкілхалықтық дәрежеде атап өтті. Аз уақыттың ішінде Ұлттық Ғылым Академиясының Тарих институты Ресей империясының қоластында өрбіген ұлт-азаттық қозғалысының сыр-сипаты жөнінде, қазақ елінің Ресейге бодан болуы, оның территориялық бірлестігінің қалыптасуы туралы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының отандық тарихтағы орны туралы, демографиялық құбылыстар сияқты ғылыми проблемаларға бағышталған ірі-ірі бүкілодақтық, аймақтық, республикалық ғылыми конференциялар мен симпозиумдар өткізді. Сол секілді зиялы қауымның тіліне, ата тарихына шын мәнінде үңілуі ұлт-азаттық қозғалысының көсемдерінің бірі, ұлы батыр Исатай Тайманұлының мерейтойына арналған 1992 жылы мамырда оздырылған республикалық ғылыми-теориялық конференциядағы академик М.Қозыбаевтың баяндамасынан айқын көрінеді.

Өзінің өктемді де екпінді пікірлерін қалың қауымға жеткізуде айтарлықтай еңбек еткен белгілі тарихшы «Исатай батыр туралы сөз», «Жыр құдіреті (Махамбет туралы сыр)» атты мақалаларында Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының ұлт тарихындағы сүбелі орнына, сондай-ақ өте күрделі өмірі ғажайып трагедиялық сыры бар қайшылықтарға толы Жәңгір хан тұлғасына да шынайы баға береді [10, 115-125].

Сонымен, 1836-1838 жылдардағы батыр Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс өзінің нақты антифеодалдық және антиотарлық сипатымен ерекшеленеді. Ол Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталу кезеңінде болған болатын, соған сәйкес бұл мерзімде царизмнің отарлық саясаты, әсіресе аграрлық мәселе бойынша күшейе түскен еді. Жергілікті феодалдық үстем тап өкілдерінің – Жәңгір хан мен оның айналасындағылар, сұлтандық топ тарапынан болып отырған тұрғын халықты қыспаққа алу қазақ шаруаларының Ресей өкіметінің отарлық саясатына, сондай-ақ жергілікті феодалдық аристократияның зорлық-зомбылығына қарсы көтерілісін тездетті.

Жалпы алғанда 1836-1838 жылдардағы қозғалыстың негізгі себептерін туғызған Қазақстандағы патша үкіметінің жер саясатының отарлық мәні мәселесі терең зерттеуді талап етеді.

Кеңестік тарихнамада Исатай көтерілісінің негізінен антифеодалдық бағытын зерттеу орын алды, ал царизмнің әскери отарлық саясаты және кең өлкедегі әкімшілік-сот саласындағы өзгерістер әрдайым бүркемеленіп отырды. Бұған себеп – тарихи зерттеулердің негізгі бағыттарының шектен тыс идеологияландырылуы еді, соның нәтижесінде патша үкіметінің өлкедегі халыққа қарсы саясатын сынға алу – қазақ-орыс қатынастарының формасы мен мәніне кесел келтіреді деп есептеледі.

XIX ғасырдағы, соның ішінде 1836-1838 жылдардағы көтерілістің халық-азаттық сипатын терең зерттеу Қазақстанның империя отары ретіндегі тарихының айқын көрінісін беруге септігін тигізген болар еді. Айналысқа жаңа мәліметтер енгізу, кеңестік тарихнамадағы еңбектердің объективтілігін айқындау Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күрес тарихындағы, соның ішінде Исатай Тайманұлы бастаған ұлттық қозғалыстағы «ақтандақтарды» жоюды тездеткен болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ханыков Я.В. Очерк состояния Внутренней Орды // Записки РГО. Кн. I-II. – 1849
2. Савичев Н. Исатай Тайманов. – Орал, 1990.- 99 б.
3. Сербаринов Г. Исатай Тайманов // Труды Общества изучения киргизского края. т.V Вып. 2(6),1925
4. Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет.- Алматы: Өлке, 1991.- 256 б.
5. Рязанов А.Ф. Исатай Тайманов көтерілісі (1836-1838).- Алматы: Қазақстан, 1996.- 176 б.
6. Казанцев И. Описание киргиз-кайсак.- СПб., 1867 // Букеевской Орде 200 лет. Кн.1.- Алматы, 2001, 229 с.
7. Шахматов В.Ф. Внутренняя орда и восстания Исатая Тайманова.- Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1946.- 254 б.
8. Кенжалиев И. Исатай-Махамбет.– Алматы: Қазақстан, 1991.- 192 б.
9. Национальные движения в условиях колониализма: Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ (Материалы Всесоюзного «Круглого стола» 27-28 июля, 1990г.) Целиноград, 1991

Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 192

ӘОЖ 83.017.8

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕГІ

Көпбаева М.Р. - ф.ғ.д., профессор
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті, Тараз қ.

Түйіндеме*.Мақалада А.Байтұрсынұлының XX ғасырдың басындағы білім беру саласындағы проблемаларды тап басып танып, аталған проблемаларды шешудегі ерлі істері қарастырылады.Қайраткердің ұлттық оқ-ағарту саласына қосқан үлесі бағамдалады.*

Тірек сөз*: Рухани, дарын, көсем, әдістеме, дәуір, әдістеме, индукция, дедукция.*

Қазақ әдебиетінің алтын ғасырында ерлігі мен дарыны тең түскен бір туар қайраткердің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Тәуелсіз қазақ танымында ұлттың рухани көсемі саналған күрескер тұлғаның өмір жолы мен қоғамдық болымысы, ақындық өнері және азаттшыл ғалымдық ізденісі туралы келелі еңбектер, ғылыми зерттеулер ұзақ уақыттан бері жүргізіліп келеді. Белгілі зерттеуші, нағыз Ахметтанушы ғалым Ө. Әбдиманұлы азатшыл ойдың көсемінің тұлғасын былайша бағамдайды: «Ахмет Байтұрсынұлы – тек күрескер тұлға ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дарын, қарымды қалам иесі» [1.88] .

«Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп, болашақты алыстан болжаған кемеңгер тұлға А.Байтұрсынов XXI ғасырда да шешімін таппай отырған қазақ халқының проблемаларын сонау алдыңғы дәуірде-ақ көтеріп және оны шешудің нақты жолдарын да көрсеткен болатын. Ол 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Әдебиетімізге көз салу» деген мақаласында: «Хүкіметке жағымдысы – қол астынадағы жұрттың жазуы – сызуы, тілі, діні бір болу. Ресей қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу – сызудың тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрін тілін, дінін, жазу – сызуын орысқа аударса, хүкіметке онан артық ұнамды іс болмас. Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бір де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы, әр халыққа керегі – өз діні, өз тілі, өз жазуы сақталу. Солай болған соң, бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек» [2.201] - дейді.

Автор тек мәселені ғана көтеріп қоймайды, оны шешудің жолы Еуропа әдебиетінен үлгі алуда екендігіне: «... өйткені Еуропа мәдениетінің бар асылы, рух сыны – дух критицизма. Бұл бізде жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес, еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны біздің және көзімізді ашып, қатамызды көрсетер. Абай – әдебиетіміздің атасы бұл жолдың қорқынышсыз, біздің үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе Абай үшін араб, ғажам жолы да ашық еді» [2.151]- деп назар аударады. Қайраткер көрсеткен бұл мәселелерді кешегі кеңестік дәуірде сәтті шешудің жолы табылмады. Тек араға 70 жыл салып қолымыз жеткен тәуелсіздіктің тұсында ғана аталған мәселелерді шешудің жолдары қарастырылуда.

А.Байтұрсынов қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін қарастырумен бірге, ол пәндерді оқыту әдістемесінің де іргетасын қалаушы болды. А. Байтұрсынов 1928 жыл «Жаңа мектеп» журналының 8 - санында жарияланған «Қай әдіс жақсы» деген көлемді мақаласында орыстың ұлы педагогы Л.Н.Толстойдың «Үйрету әдістері туралы» деген еңбегіне талдау жасай отырып, «Әдіс деген қатып семіп қалған догма емес. Жақсы дерлік те , жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі - бір ғана әдісті болу: шеберліктің белгісі - түрлі әдісті болу» деген ойын жалғастырып, «Әдіс керектігін шығатын нәрсе. Әдістің жақсы - жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Мәселен бір жұрттың сауаттану ісіне қолайлы әдіс басқа жұртқа да қолайлы болуға тиіс деп қарауға болмайды . Екі тілдің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болуы мүмкін. Ал әр тілдің заңы емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттану (оқыту) әдісі, екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды» дейді. Автор оған мысал ретінде орыс тілі мен қазақ тілін салыстырып көрсетеді. Мысалы орыс тілінде бір сөзді дыбыстарына қарай жазсаң, ол сөзін жатталған түрінде жазасың. Сондықтан орыс тілінде жазуға сөздің дыбысын айыра білудің керектігі жағынан керексіз жағы басым. Ал қазақ - қырғыз тілдерінде сөзді жазғанда дыбыстардың естілуіне қарай жазады. Сондай – ақ, біздің жазу жүйеміз бен ағылшын, америка, француз жазу жүйесінің арасы алшақ. Олардікі Қытайдың таңба жүйелі жазуына жақын. Бізге жақын жүйелі жазу Италиянікі (оларда да сөздің жазылуы мен айтылуы арасында сәйкестік көп) дегенді айтады. Бұған қарағанда, А.Байтұрсыновтың дүние жүзі халықтарының тілдік заңдылықтарын терең білген ғалым екені байқалады. Ол балаларға

жылдам хат таныту үшін дыбысты ажырататын жаттықтырудың әдіс - тәсілдерін терең қарастырады. Сауаттылықтың негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады, сауаттылықты оқу мұқтаждығы емес, жазу мұқтаждығы тудырған. Жаза білуге үйрету әдісі, оқу білуге де үйрету әдісі болады. Жазу дегеніміз әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз суреті салынған әріптердің, дыбысын айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы — қаріпті көрсету керек. Оны меңгерткеннен кейін, оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады. Жазу да, оқу да бір істеліп қана қоятын іс емес, мектепке күнде керек болып, күнде іске асырылатын жұмыс. Сондықтан мектептен шыққанша жазу мен оқуға балалар төселмек түгіл, барған сайын қайсысын болса да өнер түріне айналдырып, әдістемелеп жазуға, безендіріп оқуға төселіп алады. Көркем жазу мен мәнерлеп оқу дегендер жазу ісі мен оқу ісінің жетілдірілген түрі деген қорытынды жасайды.

А.Байтұрсынов 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының 11,12 сандарында «Жалқылау (индукция) және жалпылау (дедукция) әдістері» деген көлемді мақала жазып, бұл әдістердің ертеңгі грек философы Аристотельден басталып, XYIII ғасырда Францияда кеңінен қолданылғанын айтады. Француз ғалымдары Дидро, Ж.Жак Руссо, Жакато, неміс ғалымдары Гедике еңбектеріне сілтеме жасай отырып, жан - жақты терең талдайды, оған мысалдарды үйрету, әріптерді қосу арқылы сөз жасау индукция әдісімен іске асырылса, ал сөйлем ішінен жеке сөзді, немесе сөздерден жеке дыбысты таптыру дедукция әдісі арқылы іске асырылатынын дәлелдеп берген. Автор дедукция әдісін қолданудағы американдық, жапондық әдістер дегеннің мәнін ашып көрсетеді. Қазақ тілін оқытудағы осы екі әдістің қатар қолданылуын мысалдармен дәлелдейді. А.Байтұрсынов 70 жыл бұрын сөз еткен индукция, дедукция әдістері ғылымның теориялық жағында да, практикалық мектеп өміріндегі жеке пәндерді оқытуда да күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан ғылыми мәнді әдіс екенінде дау жоқ. А.Байтұрсынов методикалық бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарады. Онда автор мұғалімдерге «Әліппені» оқытудың, сауат ашудың әдістерін ғылыми тұрғыда көрсетіп береді. А.Байтұрсынов оқытудың білімдік - танымдық жағымен бірге, тәлімгерлік жағына да аса көңіл бөлді. Оның жазған «Әдебиет танытқыш» атты оқулығы көркемсөз өнерінің қисыны әдебиет теориясының негізін тыңнан тұңғыш салған, жүздеген әдеби білімдік терминдерді (мысалы: көрнек өнері (искусство), сәулет өнері (аритектура), сымбат өнері (скульптура), кескін өнері (живопись), әуез өнері (музыка), сөз өнері (литература), шығарма, сөз әуезділігі, сөйлеу әуезділігі, өрнекті сөйлемдер, өлең, оның түрлері, қара сөз, дара сөз, шешен сөз, көсем сөз, толғау, терме, айтыс, т.б.) тұңғыш тілімізге енгізген аса құнды ғылыми еңбек болды. Онда әдеби шығармалардың жаратылыс бітімін теориялық тұрғыда пайымдай отырып, ауыз әдебиеті үлгілерінің ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінің құралы болып келгенін де айқындап береді. Ол сөз өнері мен ғылымды егіз деп құрады. «Адамды ғылым тілімен де, көркем сөзбен де әрі білімді, әрі тәрбиелі етіп, жан - жақты жетілдіруге болады» дейді. Жоғарыда аталған еңбегінің кіріспесінде: «Біздің күнделікті көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғаттың ішінен шыққан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе. Мәселен, орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ — бұлар табиғат ісінен жаратынды нәрселер. Үй, кірпіш, бау- бақша, кеме, арық, құдық, атарба - бұлар адам ісінен шыққан жасанды нәрселер. Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниелері болса, адамның ақыл ойымен, іс - әрекетімен жасалған нәрселердің бәрі өнер дүниесі ... Өнер дүниесі ғылым арқылы да жасалады. Ол адам еңбегін жетілдіруге, жаңалық табуға, табиғатты меңгеруге, адамның әлеуметтік - өмірлік қажетін өтеуге қызмет етеді... Мұнан басқа адамның рухани қажетін өтеу үшін қызмет ететін өнер түрлері бар. Ол көрнек өнері (искусство), ол беске бөлінеді: біріншісі – сәулет өнері, екіншісі — сымбат өнері, үшіншісі —кескін өнері, төртіншісі - әуез (музыка) өнері, бесінші және ең бастысы сөз өнері («өнер алды қызыл тіл») дей келіп, бұлардың бірі адамды әсемдікке бөлеуге, табиғаттың тамаша сырларын

танып білуге тәрбиелейтіндігіне тоқталады. «Әсемдікті танып білмеген, сезінбеген адам мылқау, кеже, жарымжан адам» дейді. Адам қиялына қанат бітірудегі, сана - сезім өсірудегі көркем әдебиеттің құдіретіне әлденеше мысалдар келтіре отырып, өз ойын дәлелдеп, сезімді тәрбиелеп жетілдірудің жолдарын қарастырады. «Көркем сөз арқылы адам ойын өсіруге, көңілін көкке өрлетуге, қиялына қанат бітіруге де болады. Жігерін жермен жексен етіп, қайғы- қасіретке ұшыратып, дерттендіруге де болады» дейді. Осы ойын ауыз әдебиеті үлгілері мен Абай, Шәңгерей, Мағжан, Міржақып, Мұхтар шығармаларынан, өзінің «Қырық мысал» атты әдеби еңбегінен мысалдар келтіре отырып негіздейді. А.Байтұрсыновтың адамның ақыл-ойын тәрбиелеудегі көркем әдебиеттің құдіреті жөніндегі бұл пікірлері «Адам еңбегін мәнді етуге ғылым мен көркем әдебиет бірдей қызмет етеді» деген В.Г. Белинскийдің ойымен астасып жатыр.

Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ ауылында мектеп ашу, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету, мұғалім кадрларын даярлау істері шешуін таппаған аса күрделі мәселелердің бірі болатын. А.Байтұрсынов бұл мәселелерге де ерекше көңіл бөліп, оны шешудің жолын көрсетіп береді. «Қазақ байлары өркениетті елдердің байлары сияқты ұлт намысын қорғап, оқулық шығарушыларға бәйге жарияласын. Бәйге берілетін кітаптардың бір-екі рет ақы иесі бастырып шығарып, ақшасын өндіріп алатын болсын» деді.

«Қазақ» газетінің 1913 жыл. 22-санында Ахмет ишан Оразаев ақсақалдың география оқулығына ақша шығарып, бәйге жарияланғанын қуаттап, «мұндай көзі ашық, көкірегі ояу азамат қазақта да бар екен - ау» деп жүрек жарды қуаныш сезімін білдіреді.

А.Байтұрсынов мұғалімдерді педучилищелерді ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келеді де, ондай оқу орындарынын әзірге қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерін, не қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптарын таңдап алып, мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Олардың білімін жетілдіру мақсатында жаз айларында бір - екі айлық қысқа мерзімді курстар ашуды ұсынады. Сондай-ақ, ол 1913 жыл. «Қазақ» газетіне «Орысша оқушылар» деген мақала жариялап, Орынбордағы қырғызша мұғалімдер мектебіне жылына әр болыстан ақша жинап, бір-бір баланы жіберіп отырайық дейді. Бұл іске өнеге көрсетіп отырған Жетісудың атақты байы Мамановтардың өз қаржысымен жылына 2-3 бала жіберіп, оқытып жатқанын да басқалар үлгі алатын іс деп марапаттады. Мұғалім кадрларын оқыту үшін қауым болып жұмылсақ, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл болар еді» дегенді айтты.

3-4 жылдық азамат соғысынан кейін, кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында да ауылда сауат ашу, оқыту үлкен қиыншылықтарға кездесті. Мектеп салуға, мұғалімдер кадрларын даярлауға қаржы жетпейді. Оқу құралдары тапшы болды. А.Байтұрсынов 1923 жыл. «Еңбекші қазақ» газетіне «Қазақ арасында оқу жұмысын қалай жүргізу керек» деген мақала жазып, бұл проблеманы шешуге де үн қосты. «Бұрын Николай заманында бірнеше жыл ізденіп, шығынданып, халық өз қаржысымен ашатын школды Кеңес үкіметі ашыңдар деп ұран шығарып отырғанда, халықтың үндемей отыруы - зор айып. Школдың расходынан қашпай, школ ашу керек... бір ауылнай, не бір болыс ел күшін біріктіріп, бай байша, кедей кедейше үй басына салық салып, сол салықтан жиналған қаржының оқытушылардың һәм басқа қызметкерлердің ақысына, школдың керек - жарағына жұмсайтын болайық... Ауылдың жиі жерінде балалар школға үйінен келіп оқуға болады. Ал ауылы қашық, қысты күні киімі жоқ кедей балаларының келіп оқуы да өте қиын. Сол себепті ол балалар үшін школдың жанынан балалар жатып оқитын үй (общежитие), не болмаса интернат ашылуы қажет» деді.

XX ғасырдың басында қайраткер А.Байтұрсынов көтерген білім саласындағ іргелі мәселелер XXI ғасырда да өз шешімін күтуде. Ұлттың болашағы білім мен ғылым да екенін мықтап ескерер болсақ, біз күнделіктрі өмірде білім мен ғылым саласының қордаланған мәселелерін ел болып бірігіп шешуге тиістіміз. Білімсіз байлық та, елдік те болмақ емес. А.Байтұрсыновтың елінің көне мәдениетін жанындай сүйетін қайраткерлігі,

әсіресе 1918- 1928 ж.ж. арасында, араб әрпінен латыншаға көшіруге байланысты шыққан дау - дамай, айтыста ерекше байқалады. Қайраткер ғалым бұл мәселе жөнінде бірнеше мақала жазып, ақыры түркологтардың, 1926 жыл. Бакуде өткен Бүкілодақтық I съезінде жазған баяндамасында өзінің табандылығын көрсетіп бақты. Онда ол араб алфавиті мен латын алфавитінің мәдени - экономикалық тұрғыдан қайсысы тиімді дегенді жан -жақты сөз ете келіп, «тұтынып отырған әліпбиді тастап, бөтен әліпбиге көшкенде, қанша сауатты адамдар сауатсызға айналмақшы, қанша мұғалімдер қайтадан хат үйренбекші, қанша баспаханалардың қаріптері жаңадан жасалып, жаңадан қойылмақшы, қанша қаріп тізушілер қайтадан үйренбекші, қанша қаржы шықпақшы, қанша еңбекті сарп етпекші. Ең сорақы - халықтың ғасырлар бойы араб әріпімен жазылып, жиналған бай мәдени мұрасынан кейінгі ұрпақ «қол үзіп мақұрым қалмақшы» деп дәйекті дәлелдер келтірген болатын. Кейін А.Байтұрсынұлының осы пікірлері өзіне кесел болып жабысып, «халық жауы», «панисламист» деп айыпталып, аталуына себеп болды. А.Байтұрсынов істің ақыры немен тынарын біле тұра, тайынбай өз пікірін дәлелдеп, қазақ ұлтының мәдениетіне жан-тәнімен адал қызмет етті.

Қорыта келе айтарымыз, қазақ халқының асыл азаматарының бірі және бірегейі, XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт азатшыл бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көсемі А.Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениетіне, оның ішінде ұлттық педагогика мен оқу -ағарту ісіне сіңірген өлшеусіз мол еңбегін М.Әуезовше бағаласақ, «Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі орны «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ», газетінің 1916 жылы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер - білім, оқу - ағарту, саясат жолындағы қажымас қайраты... тарих ұмытпас істер болмақ» [3.116].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы:Зерттеу-эссе.-Алматы:Арда, 2007.-296 б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы.-4-т. Алматы: Алаш, 2006-320 б.
3. Тұрсын Ж. Біртұтас Алаш идеясы. -Алматы: «Ел-Шежіре» баспасы, 2013.-372 б

ӘОЖ 37; 811.512.122

КӨНЕ ТҮРКІ ТӨЛТУМА ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ

Жумабаев М.
М.Өтемісұлы атындағы БҚУ-дің 2-курс магистранты. Қазақстан, Орал қ.
e-mail: zhumabayevm98@mail.ru

Аннотация. *В данной статье были проанализированы исследования, касающиеся происхождения древнетюркских рун и тюркских символов племен Великой Туранской степи. Рассказывается о тайнах исторических реликвий, раскрывающих историю цивилизации.*

Ключевые слова: *тюркология, клеймо, руна, этимология.*

Әлемдік өркениеттердің жазу-сызу өнеріңің алдыңғы қатарынан орын алатын және оның дамуына айрықша үлес қосқан «Еуразия құрлығында емін-еркін өсіп өнген Көк түріктің ұрпақтары өзін қоршаған көптеген елдермен мәдени тығыз қарым-қатынастарда болып, оларға түрлі салаларда ықпал етумен бірге өзіне керектілерін ала білді. Міне осындай алыс-берістердің барысында, түрлі тарихи жағдайлардың әсерімен бабаларымыз

түркілік сына жазуларынан басқа көне ұйғыр, соғды, қытай, тибет, настури-сурани, манихей, брахми, пассапа, печенг, құман, ибрани, грек, армян, славян, араб, латын, кирилл әліпбилерін қолданған» [1.212]. Бұдан біз тектүріктердің «адамзат тарихындағы ең көне мәдени ошақтары болып есептелетін шумер, этруск, көне Мысыр, Бактрий, Харапп, көне Үнді, көне Ұрым (Грек, Рим), көне Иран, көне үнді-еуропа замандарымен тоқайласатынын» [2.15] байқаймыз және ғылымдағы ресми тарих қалыптастырған сыңаржақтылықтан арылып, тек әрбір жазудың түркілік мәдениетке келтірген үлесін ғана айтамыз, ал түркілер-дің бүгінгі батыс елдері әлі әліппенің не екенін білмей тұрған тұста төлтума таңбасын қалыптастырғанын көреміз.

Түркі жазу-сызуына қатысты алғашқы деректер «1662 жылы Голландиялық Н.К.Витсен Москваға келіп, одан әрі Орал, Сібір жерін аралайды. Орта Оралдың Шығыс сілемі «Сібір қақпасы» атанған Тур өзенінің байындағы «Бітіг тас» деген жердегі байырғы түрік жазуын табады. Кейін С.У.Ремезов, Н.Г.Спафарий (1671), Д.Г. Миссершмидтер Сібірдегі ондаған түрік бітіг тастарын тауып Еуропа оқымыстыларына жеткізеді» [12.14-15]. Сонымен қатар XVIII ғасырдың басында швед офицері Ф.И.Страленбергтің жазбаларында кездеседі. Кейін XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Г.Спасскийдің, фин ғалымдарын бастаған А.Гейкель мен орыс ғалымдары Н.Ядринцев, В.Радловтың экспедицияларының тарапынан зерттеле бастайды. Нәтижесінде бұл екі экспедиция жазбаларды суретімен бірге екі үлкен атлас түрінде жариялайды, бірақ жазудың сыры беймәлім күйінде қалғандықтан, дүниежүзі ғалымдары осы жазудың сырын ашуға кірісіп кетеді. Алғаш жазудың кілтін тапқан дания ғалымы В.Л.Томсен болды. Ғалым әліпбидің пайда болуын арамей (парсылық) әріп жазуына апарып тірейді. Бірақ түркітанушы А.Аманжолов: «Түркі руналары пехлевей және соғды жазуларымен емес, ежелгі фин-арамей жазуларымен барынша ұқсас», - деп В.Томсеннің гипотезасы сыникөзқарас тұрғысынан әлі де дұрыс қарастырылмағанын жазады. Бұдан әрі ғалым А.Аманжолов О.Доннердің «Орхон-Енисей жазуын индоскиф, арий, бактри жазуы негізінде пайда болды» деген пікірі дәлелсіз, бұл жазулардың арасында ешқандай байланыс жоқ екендігін және Ф.Альтхайманның да түркі руналары армаз арамей жазуларынан пайда болды дегені айқын дәлелдермен расталмағандығын айтады [7.162-163]. Ал зерттеуші Әнес Сарай «түрік деп ен таққан қауымдарымыздың басқа қиырлардан, басқа халықтар арасынан шығып, бөтен тілде сөйлеп, бөтен тілде жазып жатқанынан шошынбағанымыз жөн. Керісінше оның сырын ашып, себебін түсінуге тырысқан абзал» [10.115], - дейді.

Ғалым Ә.Марғұлан Ұлы Тұран даласындағы жазу тарихына қатысты былай дейді: «Ғалымдардың барлауынша археологиялық зерттеудің нәтижесінде Қазақстан сахарасында бес түрлі жазудың іздері сақталған. Олардың ең ескі түрі Орхон жазуынан көп бұрын шыққан, соған ұқсас келетін таңба сияқты жазулар. Олар осы өлкені ерте кезден қоныстанып, әрі көшіп, әрі егінмен шұғылданған, түркі тайпаларының ескі түбі – сақ, ғұн, үйсін, қаңлы жұрттары екені көрінеді» [3.170]. Ғалым М.Жолдасбеков: «Көне түрік дегенді көбіне көне қазақ тайпалары деп ұққан жөн болады» [5.41], - дейді.

В.В.Бартольдтың көрсетуінше, «Ғұндарды тегінде түрік деп атайды. Қытайлар өзінің тарихында VI ғ. түріктерді ғұндардың ұрпағы деп көрсеткен» [3.189]. Олар ғұндарда «жазу жоқ» дей отырып, сүйекке кертіп жазатын «кэгу», ағашқа кертіп жазатын «кэму» деген жазулары болғанын айтады. Үндінің атақты «Ганжур» энциклопедиясы ғұндардың әліпбиін «хоно әрпі» деп атапты. Л. Гумилевтің дерегінде қытай елшісі ғұн жазуы туралы: « Оларда кітап бар, мұрағатта сақтайды. Олардың жазуы хун жазуына ұқсас» [10.118], - дейді. Абель Ремюза мен Г.И.Спасскийдің дәлелдеуінше, ғұндардың жасырын жазатын жазулары, тасқа түсірген жазулары болған. Алтайда, Бұхтарма өзенінде, жоғарғы Ертіс бойында, оның ішінде Зырянов кенінің қасында, Гусиная присталь маңында қия тасқа түсірген Самра бітіктер тегісімен ғұндардікі екені байқалады [3.201]. Талас бойынан, Жетісудан, Сырдария бойынан табылған руна жазулары өте ерте замандікі. Яғни ғұндардың Талас қаласында, Сырдың аяқ шеніндегі қалаларды отырған дәуірде жазылған нәрселер. Олар ғұн тәртібіне байланысты ағаш қалаққа, күйдірмеген кірпішке, мүсін тасқа

қиып түсірген жазулар. С.Е.Маловтың байқауынша, «бұл ағаш қалаққа қиып түсірген әріптер Орхон жазуымен салыстырып қарағанда бүтіндей басқа екені байқалады» [3.217].

Енді жоғарыдағы «Орхон жазуынан көп бұрын шыққан» деген сөзге маңыз бере отырып мына дерекке назар аударайық: «Н.Аристов Күлтегін жазуында түркі тайпалары хандарының таңбаларының бейнеленгенін, мұндай таңбалардың одан да ертеректегі Орхон бойынан табылған тас плиталардан кездесетінін дәлелді түрде айту арқылы көрсетіп берді. Ол аталмыш Орхон-Енисей жазуларындағы 38 әріптің 29-ның қазақ рулары пайдаланатын рулық-тайпалық таңбаларға ұқсас екендігін айта келе: «қырғыз-қазақ таңбаларын руларға қандай да бір болмасын билеуші берген жоқ, және қандай да бір жеке тұлға немесе жиналыс ойлап тапқан жоқ. Ол мал баққан елдің халықтық өмірінің тарихи-органикалық жемісі болып табылады…», - деп ескерткен еді. Ғалымның ойынша рулық таңба – рулық меншік белгісі. Н.Аристовтың пікірінше, рулық таңбалар адамзат қоғамында жеке және жанұялық меншік шыға қоймаған, мал тек белгілі бір рудың меншігі болған рулық қауымдастықта пайда болған… Қазақ руларының кейбірінде қосынды + түріндегі рулық таңбалардың кездесулері де қазақ руларының шығу тегін тәңірге табыну дәуірінен іздестіруге итермелейді» [4. 62-63]. Жоғарыда Орхон-Енисей жазуларындағы 38 әріптің 29-ның қазақ рулары пайдаланатын рулық-тайпалық таңбаларға ұқсас делінген. Ал түрік ғалымы А.Дж. Эмре осы түркі руна әліпбиін идеографиялық жазудың шумерлік туыстық желісін мысалдар арқылы көрсетеді. Бірақ түркітанушы А.Аманжолов мынандай пікір айтады: «Түркі руналарын таңбалармен және басқа да таңбалармен сырттай салыстыру аса сенімді емес… Себебі түркі руналарының шығу тегіне идеограммалардың қаншалықты қатысы барын дөп басып айту қиын, олардың полеографиясы әлі толық зерттелмеген. Соған қарамастан кейбір руналық ерекше таңбалардың жазуға дейінгі кезеңге тікелей қатыстылығы туралы болжам айтуға жеткілікті негіз бар» [7.163]. Демек бұл пікір түркі халықтарының алғашқы тілінің, жазуының қалыптасуы мен шыққан жеріне қатысты мәселені басқа қырынан қарауды қозғайды. Себебі түркі руна жазуының оқылуы ғана анықталғанымен қайнар көзі, жасы сол күйі белгісіз.

«Шартты түрде тілді «ауызша тіл» немесе «дыбыстық тіл» және «жазбаша тіл» немесе «жазба тіл» деп екіге бөледі. Бұлардың пайда болу мерзімі жайында сөз болғанда біріншілік «ауызша тілдің» еншісіне тиеді. Адамзат баласымен бірге жасасып, бірге дамып келе жатқаны да осы ауызша тіл. Уақыт озған сайын адамзат қоғамының ілгерілеп алға дамуына қарай адамдардың өзара қарым-қатынастағы күрделі қажеттілігін өтеуге ауызша тілдің мүмкіндігінің шектеулілігі кейін жазбаша тілді тудырған. Өйткені ауызша тіл, яғни дыбыстық тіл алысқа жетпейді» [8. 47-48]. Түркі тілдерінің пайда болуын еуропаөктемшіл ғылым 2 мың жылдай, ал жазуды 1500 жылдай бұрын ғана пайда болған деп келді. Және ежелгі шумер мен майя үндістерінің тілдерімен туыс деп тану сенімді емес деді. Бірақ кейінгі археологиялық, антропогенездік, глоттегенездік, лингвистикалық, ДНҚ-генеалогиялық зерттеулердің нәтижесі арғытүріктер тарихын – соңғы палеолит дәуірлерінен басталатындығы, Американы алғаш қоныстанушылардың – Алтай-Саян тауларын мекендеп отырған түрік тектес халықтардың бұдан 40000-10000 жылдай бұрыңғы ең түпкі бабаларынан тараған тұқымдар болғандығын анықталды [9.16]. Хронологиялық кестесі бойынша: Жоғарғы палеолит (б.з.б. 50 мың ж.), мезолит (б.з.б. 40 – 10 мың ж.), неолит (б.з.б. 8-6 мың ж.), энеолит (б.з.б. 4-3 мың ж.), қола дәуірі (б.з.б. XX-IX ғас.), ерте темір дәуірі (б.з.б. VIII-IV ғас.) қамтиды. Енді тарихи тізбекке салсақ *протоалтай кезеңі – проалтай кезеңі (40-10 мың ж.) - тектүрік кезеңі (б.з.б. 10-5мың ж.) – түптүрік кезеңі(б.з.б. 5-1 мың ж.) – көнетүрік кезеңі (б.з.б. 1 мың ж. – б.з. VIII ғас.) – ортағасыр түрік кезеңі – ескі түрік кезеңі* секілді даму жолдарын көреміз [2.17-19].

Түркітанушы А.Аманжолов: «Қазақстан аумағында табылған эпиграфиялық айғақтарды тереңдей зерттеу түркітілдес халықтардың тарих қойнауына жұтылып кеткен ата-бабаларының ежелгі жазба мәдениетін анықтауға мүмкіндік береді. Түркі руна әліпбиінің генезисі, оның қалыптасу уақыты мен орны туралы мәселенің ақиқат шешіміне

қол жеткізу ежелгі әлемнің мәдени байланысының тарихымен, түркі этникалық тұрпатының қалыптасу тарихымен тығыз байланыстағы әліпби палеографиясын жан-жақты талдауды талап етеді. Оңтүстік Сібір мен Қазақстанның ертедегі көшпелі тайпаларының әліпбилік жазуы болғанын б.з.б. V-IV ғғ. Жерленген адамдардың заттарындағы руналық немесе руна типтес жазулар куәландырады. Бұл – Ертіс аңғарынан табылған, сүйектен жасалған әшекей белгідегі және Іле өзенінің аңғарынан табылған күміс кеседегі жазу. Осылардың барлығына қарағанда, аталмыш жазулар ежелгі түркі тілінде жасалған және б.з. бірінші мыңжылдығының ортасындағы Жерорта теңізінің әліпбилік жазуымен тығыз байланысты түркі руналарының неғұрлым ертедегі түрлеріне жатады» [7.166-168], - дейді . Қ.Салғараұлы өз зерттеулерінде Жерорта теңізінің Кипр аралынан табылған қыш тақтайшадағы жазуы туралы былай дейді: «Өткен ғасырдың ортасында археологтар Кипр аралының (бұл аралдың ежелгі аты – «Алаш» - Қ.Салғараұлы) шығыс жағалауындағы Энкоми деген жерден миной өркениетіне қатысты жазулардың бір түріне жататын жазуы бар қыш тақтайшалар табады. Ғалымдар бұл жазудың жазылған уақытын б.з.д. XV ғасырға жатқызады. «Сызықты А жазуы» түрімен жазылған бұл жазуды танып, оқығанымен, ондағы сөздердің мағынасын түсіне алмай, оның тілін «гректерге дейінгі тіл» деп табады. Ғылымда ол жазу қазір «этеокипр» деп аталады.

Христиан эрасынан он бес ғасыр бұрын жазылған этеокипрлік жазудың түрік тілінде, оның ішінде қазақ тілінде сөйлеуі қалай? Осыдан 3500 жыл бұрын Жерорта теңізінің Кипр аралында болып, тақтайшаға өз тілінде жазу қалдырып жүрген бұл қай түрік, қай қазақ? Өмірде не болмайды, әлде бұл басқа тілде жазылған мәтінді қазақ авторының жеке сөздерге бөлуінен пайда болған сөздердің жиынтығы ма? Онда жүйелі мазмұнды қайда қоямыз? Мәтіндегі «әр ана тон өссе, пана ата оқ өссе» деген тіркесті қазіргі қазақ тіліндегі «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген мақалдың ежелгі нұсқасы десек, кім қисынсыз дей алар?» [8.53-56].

Түрік жазуының тегіне қатысты Ә.Сарай мынандай пікір айтады: «Орхоннан бірінші Түрік қағандығы кезеңіне (545-630 жж.) қатысты үш кешен табылды: Бұғыты, Қарағол, Идәр кешендері. Бұлардың бірі соғды тілінде (Бұғыты), екіншісі қытай тілінде (Қарағол), үшіншісі брахми (Ижәр) тілінде қашалған. Бірінші Түрік қағандығы тұсында түрік әліпбиінің қолданылмауы – түрік жазуы VIII ғасырда пайда болды дегенге маңдай тіреуге мәжбүр етіп отыр. Түрік жазуының төркінін әріге апаруға септесе ме деген, шығу кезеңі б.д.д. VI-IV ғасырларға меңзейтін Есік жазуы әзірше сыр ашпай келеді. Есік жазуының сырын А.Әкішев, М.Әбусейітовалар көнеүнділік кхароштхи әліпби негізінде жасалған сақ жазуымен жазылған деп тауып отыр. Көнеүндінің сыры әлі сыры ашылып бітпеген «пальма жапырақтарына жазылған» жазуларының дравид түріктерінің мұрасы екенін естен шығармалық. Кхарошти жазуы – дравид мұраларына мандай тіреуі мүмкін. Пайда болу кезеңі б.з.б. III мыңыншы жылдықтармен өлшенед. Кхароштхи жазуын да, ғұн жазуын да көне үнді жазуымен жалғастыра сөйлеу – мән бермей аттап өтетін мәселе емес. Ал көне үнді жазуы – арийлер ауып келгенге дейін қолданыста болған дравид түріктерінің жазуы екені даусыз. Пайымдауымызша: түрік жазуының түбірі ғұн жазуында, ғұн жазуының түбірі дравид жазуында болуы әбден мүмкін. Ал түрік жазуы арамей жазуынан сусындады дегенге Қ.Сартқожаұлы қарсы шығады. Осы тұста Ә.Сарай былай дейді: «Арамейлер көлденең көк атты қаймана біреу емес, б.з.б. XV ғасырларда Сырдарияда жасаған байырғы сақтар боп шықты. Жазулары б.з.б. XII ғасырда пайда болды. Арамей жазуы мен түрік жазуындағы ұқсас 11 таңба бірінен біріне ауысқан емес, ортақ бастаудан алғандары болуы да мүмкін. Ол кезде қолданыста қандай да бір жазу болған сияқты» [10.113-117], - дейді.

Зерттеушілер жазу өнерінің ең ежелгі түрі – сына жазуды ойлап тапқан Қосөзен тұрғындары болғанын көрсетеді және сына жазуларының пайда болу, жазылу уақыты б.з.д. IV мыңжылдықтың ортасы деп белгіленді [6.88]. Тағы бір деректе «шумер сызу таңбалары б.з.б. 2900 жылдары көрініс тауып, 2400 жылдары жүйелі жазуға айналды,

дравид түріктерінің алғашқы жазулары б.з.б. 2300 жылдарға жатса, арамей әліппесі б.з.б. XII ғасырда қалыптасты. Бұл жазу-сызудаға ұқсастық орал-алтай тілдік ариалына тән ортақ белгілер сияқты. Сол таңбаларды әліпбилеріне енгізе отырып, жаңа жазу қалыптастырған» [10. 120].

Сонымен шумерлердің Қосөзенге қайдан келгені, шыққан тегі кім, қай тілде сөйлегені туралы нақты дерек жоқ. Алайда «аңыздық наным-сенімдерінде шумерлер аспаннан түскен жұмбақ тіршілік иелерінің адамды жасағанын жеткізеді. Алғашқы кезде осы жан иелері өресіз, жабайы болады. Тек Құдайлардың қайта араласуы нәтижесінде ғана мәдениет жетістіктерін, *жазу өнерін* игереді. Шумерлердің *«ан-нун-на-ки»* сөзі *«аспаннан жерге түскен, сол елу»* дегенді білдіреді. Шумерлердің айтуынша, адамға барлық білімді берген осы – аннунактар» [6.71,73]. Енді Құранға назар аударайық. Алла тағала «Әл-Ғалақ» сүресінің 3-5 аятында жазу жайын баяндағанда: *«Оқы! Раббың аса ұлы, ардақты. Ол қаламмен жазуды үйреткен. Ол адамзатқа білмегенін үйреткен».* Ал *«Әл-Қалам»* сүресінің 1-2 аятында: *«Нун. Қалам және (онымен періштелер) жазатын жазуларға серт, (ей, Мұхаммед алейһис-сәлем) Алла тағаланың рақымымен нығметке бөленгенсің, ақылсыз емессің»,* - дейді. Түсінік: Сүре «Нун» әрпімен басталады. Құрандағы бірнеше сүре, міне, сондай Жалғыз-Жалғыз әріптермен басталады. Көпшілік Ислам ғалымдары сүрелердің алдында келген әріптер «Хуруфи муқатат», яғни, мағынадан үзілген әріптер саналып, олардың мағынасы Жалғыз Алла тағалаға ғана белгілі дейді. Осы тұста шумерлердің наным-сенімдері мен Құранның арасында сырт көзге байқала бермейтін кейбір құпия жазулардың байланысы бар болуы мүмкін. Ақын О.Сүлейменов осы шумер тілі мен түрік тілінің түбірі ортақ, дыбысталуы ұқсас, мағынасы бірдей екендігін айтады. Ғалым «жазу дінмен тығыз байланысты. Әріп – киелі таңба: ол арқылы Құдайдың құпиялары ашылған» [11.105], - дейді. Бұдан өзге өркениеттердің де наным-сенімдерінде жазуды құдіреттің ісі деп білген. Мәселен, вавилондықтарда жазуды Набу құдай, мысырлықтарда Тот, үнділерде Брахма, скандинавия аңыздарында Один, т.б. ойлап шығарған. Ал түркілердің руна жазбаларының басы *tangri – «құдай»* сөзінен, яғни барлық жазудың құпиясын ашып оқу осыдан басталған болатын.

Түркі руна жазбаларының генезисіне қатысты түркітанушы О.Сүлейменов: «Арғы түркі жазуы б.з.б. I мыңжылдықтың басында Жерорта теңізінде танымал болған және түркі жазуын ойлап табушылар Жерорта теңізі және Ежелгі Алдыңғы Азияның грамматистеріне танымал әріп грамматикасының құпияларын білген…Әліпбидің әрбір таңбасы зерттеушілер болжағандай, тәжірибесіз грамматист басқа жазудан көшірген немесе бұрмалаған әріптер емес, белгілі бір грамматикалық заңдар мен ережелерге сүйенген графикалық өнер туындысы екендігін зерделейтін уақыт келді. Сондықтан руна әрпі, әсіресе, иероглиф әріп – тарихи ақпараттың айтарлықтай бөлігінен тұратын белгілі бір дәуірдің шығармашылық құжаты, бұған қол жеткізу жаңа ғасыр түркітануының дамуына әсер етуі тиіс» [11.155,175], - дейді. Сөзді қорыта айтқанда ағартушы-ғалым Қ.Сартқожаұлы: «Біздің ата-бабаларымыз он ғасыр ішінде қолданған 16 жазу түрі бірде бір елде кездеспейді. Мықты дегендердің өзінде бір-екіден аспайды. Дауысты дыбысты қосқан жазу түркі жұртында ғана болған. Түркі әлемі, яғни ата-бабаларымыз қолданған 16 қаріп б.з.д. X-V ғ.ғ. дәуіріндегі арамей, б.з.д. IV – б.з. X ғ.ғ. байырғы түркі әліпбилері, брахми, соғды, ұйғыр, манихей, қидан, қытай, сириялық, армиян, моңғол, тод әліпбилері өткен ғасырда Ахмет Байтұрсынұлының қалыптастырған төте жазуына, одан латын, қазір қолданыстағы кирилл әліпбиімен жалғасып жатыр» [12.164], - деп алуан түрлі тарихи жәдігерлердегі жазулардың тарихы туралы жазады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ысқақұлы Д. Тіл эпопеясы немесе Рухани жаңғырудағы қазақ тілінің тарихи миссиясы. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2020. -632 б.

2. Тамыры терең әліпби: жалпы түркілік бірігейліктің мызғымас негізі. – Алматы, 2017. – 320 б.
3. Марғұлан Ә. Шығармалары. Ә.Х.Марғұлан XIII том – Алматы: «Алатау», 2012. – 576 б.
4. «Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде». Жағалбайлы. 1-кітап. 13-том. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2012. – 628 б.
5. Жолдасбеков М. Ұлы дала әдебиеті. – Нұр-Сұлтан: «Күл-тегін» баспасы, 2020. – 416 б.
6. Жамалов К. Әлемдік өркениет іздері: Ежелгі Шығыс. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2015. – 360 бет.
7. Дүниежүзі түркологиясының тарихы: Хрестоматия. 1-бөлім/Құраст. Ш.Н.Ибраев, К.Н. Келімбетов. – Алматы: Раритет, 2019. – 312 б.
8. Салғараұлы Қ. Ұлы Дала. – Астана: Фолиант, 2013. – 520 бет.
9. Бейсенбайұлы Ж. Ұлы Даланың ежелгі тарихының зтномәдени төркіндері: Алматы: ҚАЗақпарат, 2017. – 400 бет.
10. Сарай Ә. Көк түріктері. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2014-688 бет: 66 сурет.
11. Сүлейменов О.О. Шығармалар жинағы. 4-том. Атамзаманғы түркілер (Тарихқа дейінгі түркілер). – Алматы: «Олжас кітапханасы» баспа үйі, 2016. – 384 бет.
12. Сартқожаұлы Қ. Таста қалған тағылым. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2017. – 376 бет.

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІК БИЛІК МӘСЕЛЕСІ (ХАНДЫҚ ДӘУІР КЕЗЕҢІ)

Сапа М.Г.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.-** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме. Ханский период истории страны всегда актуален. В традиционном казахском обществе проблема государственной власти интересовала как политиков, так и исследователей. В статье рассматривается генезис развития верховной власти в Казахском ханстве. Раскрывается социально-политический облик института биев.

Ключевые слова: бии, ораторское искусство, традиция, право.

XIV—XVI ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік өміріндегі билер институтын өзінше бір дербес, аражігі басқалай әлеуметтік топтардан ажыратылған құрылым деуге келмейді. Аталып өткен Ақжол халық ауызында тек би ғана емес, батыр ретінде де айтылады. Тарихи Қарақыпшақ Қобыландының онымен шекісіп, ақыр аяғында өлтіріп тынуы да осындай батырлар арасындағы бәсекелестіктен туындағаны сөзсіз. Ал енді, халық аңыздарының көбісінде Майқы бидің алтыншы ұрпағы есептелетін атақты Асанқайғы (шамамен 1370-1466 жж. өмір сүрген) тек ел қамын ойлап, қайғы шеккен жырау ғана емес, сонымен бірге Әз-Жәнібектің ақылгөй биі де болғаны белгілі.

Асанқайғының өзі ағамның баласы дейтін, XV ғасырда жасап, халық ауызында Қарғабойлы Қазтуған аталып кеткен Сүйінішұлы Қазтуған, "Қырымның қырық батыры" жырларынан көрінетіндей, тек жыраулықпен шектелмеген, ол қол бастаған батырлығымен де даңқы шыққан. Назар аударарлық жәйт сол, Қазтуған жырау өзінің би тұқымы екендігін былайша атап көрсететіні бар:

Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің, шешені...
Билер отты би соңы,
Би ұлыныц кенжесі...
Сүйінішұлы Қазтуған! [1].

Байқалып отырғандай, сөз болып отырған кезеңде би, жырау, батыр ұғымдарының өзара тығыз астасып жатқаны күмән туғызбайды және мұның белгілі бір тарихи негізі де жоқ емес. Мысалы, XVI ғасырда өмір сүріп, талай әскери жорықтарға қатысқан, өз айтысына қарағанда "хан ұлынан несі жоқ, би ұлынан несі кем" жауынгер Доспамбет жырау Шыңғыс ханның ақылгөй кеңесшісі Кетбұға жырауды би деп атайды:

XV ғасырдың аяғы - XVI ғасырдың басында жасаған Шалкиіз Тіленшіұлы (1465-1560 жж. өмір сүрген), XVII ғасырда өмір сүрген Жиембет және Марғасқа жыраулар - бұлардық барлығы тек ақындығы һәм ақылдылығымен ғана аты шыққан кісілер емес, қол бастаған әскербасы, ел билеген саяси қайраткерлер де. Атап айтқанда, Жиембет жырау 1598—1628 жылдар аралығында Қазақ хандығының тізгінін ұстаған Еңсегей бойлы Ер Есімнің Кіші жүзді басқарған үзеңгілес серігі болса, Марғасқа - Ташкент билеушісі Тұрсын ханның 1627 жылғы бүлігін басуға тікелей қатысып, батырлығымен көзге түскен әскербасы. Ал мұнан кейін, яғни XVIII ғасырда орақ ауыз шешендігімен де, қол бастаған батырлығымен де, "тура жолдан таймаған" әділдігімен де, суырыпсалма жыраулығымен де би, батыр, ақын-жырау ұғымдарын бір басына сиғыза білген қоғамдық-саяси қайраткерлердің жаңа толқыны, бүтін бір шоғыры келгендігі белгілі: Ақтамберді жырау (1675-1768 жж. өмір сүрген), Тәтіқара ақын (туған-қайтыс болған жылдары белгісіз),Үмбетей жырау (1706-1778 жж.), Бұқар жырау (1668-1781 жж.), Шал ақын (1748-1819 жж.), Жанақ ақын (1770-1856 жж.) және т. б.

Аталған есімдер төңірегі - өз алдына бөлек әңгіме. Сондықтан, қазір тек дербес Қазақ хандығының қоғамдық өмірінде би институты қандай да бір қилы кезең, қыруар оқиғалардық қай-қайсысына да үн қосып, бедер қалдырған елеулі әлеуметтік құрылым рөлін атқарғандығын атап көрсету қажет.

XV-XVII ғасырларда өмір сүріп, халықтың алдында адуын ақын, жыраулығымен ғана емес, сөзге тапқыр шешен, "қара қылды қақ жарған" әділетті кесімімен би есебінде жатталып қалған қайраткерлердің де батыр аталғандары бар. Мәселен, Ұлы жүздің беделді биі Есет Алдамұратұлы (шамамен 1693-1740 жж. өмір сүрген) жайлы мынадай әңгіме бар: Ташкентті билеп тұрған Төле биден өзбектің бір байы "Есет қандай адам?" деп сұрағанда:

- Есет, ат сүрінгенше амал табады, қас қагым сәтте қайрат көрсетеді. Есет би, жанып тұрған жалын ғой, Жалпы өзбекке мәлім ғой, —деп жауап беріпті.

- Ал "Есет сіздің кіміңіз?" деген сұраққа Төле би:

- Есет әрі батырым, әрі ақылым,
Ешкімге есесін жібермейтін,
Сөзге шешен ақыным.
Жауға алдырмайтын,
Жанашыр жақыным.
Елдің сүйеніші - Есет,
Халықтың тіреніші - Есет.
Жауды бүлдіретін де - Есет,
Дауды тындыратын да Есет - деп жауап қатқан көрінеді [2, 135].

Ал енді, халық ауызындағы көптеген аңыздардың кейіпкері, атышулы Әмір Темірдің (1336-1405 жж. өмір сүрген) замандасы Бәйдібек Қарашаұлы (1356-1419 жж. өмір сүрген) тек би емес, сонымен бірге батыр [3, 37-38]. Үш жасында жетім қалып, ағайындарының қолында тәрбиеленген ол, кезінде көп уақыт жылқы бағып, бапкерлікке, ептілікке, мергендікке, сайыскерлікке үйренеді. Елдегі билердің айтқан сөздерін көңіліне тоқып, зеректігімен, шешендігімен аты шыға бастайды. Он бес жасын-да алғаш рет билік айтып, келе-келе Арыс пен Жетісу алқаптарына, Ташкент пен Қаратау өңіріне әйгілі болып, асқан абырой иеленеді.

Көшпелі тұрмыс-тіршілік үрдісіне сүйенген қоғам жағдайындағы билер институты дегеніміздің өзі, ең алдымен, мұрагерлік заңына негізделген дәстүрлі бекзаттық билік - хандық институтына қарағанда, халықтың қайнаған ортасының өзі тарихи қалыптастырып шығарған демократиялық билік тұтқасы. Өзінің XVIII ғ. дәстүрлі қазақ қоғамына тән классикалық үлгісіне дейін билер институты бірнеше сатыдан өтті.

Билер институтының қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны ерекше. Кез келген қоғамдық құбылыстың сан-салалы талдамасы оның туындау, пайда болу және әрі қарайғы дамуының ішкі мүмкіншіліктерін байқататын басты белгілері айқындала бастайтын уақыттан бас алады деген болатынбыз. Болашақ билер институты үшін мұндай белгі көшпелі қоғамға тән қарым-қатынастардық бүкіл жиынтығын құрайтын ру-тайпалық құрылым еді.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтының басты әрі бірден-бір қызметі аталған байланыс формаларын іс жүзіне асыру болып табылған еді.

Осы кезге дейін зерттеушілер билер институтының тарихи маңызын тек құқықтық тұрғыдан қарастырып келе жатыр. Ал оның саяси, мәдени және әлеуметтік-этикалық мән-мағынасына назар аудартатын салмақты еңбектер кемде-кем. Мұндай олқылықтың орны соңғы уақытта біршама толықтырылғандай. Алайда, әлі де болса тереңдей зерттеуді қажет ететін мәселелер жетерлік.

Мәселен, өзінше бір "дала конституциясы" ретінде билер институтының қоғамдық-әлеуметтік рөлін айқындауда аса құнды жанама дерек болып табылатын "Жеті жарғының" "Хандар мен сұлтандар, ақсақалдар мен рубасылар күздігүні даланың орта кіндігіне жиналып, халық мәселелерін талқылауы тиіс" [4, 53] дейтін арнайы бабына сәйкес XVIII ғ. қарай жыл сайын көктем мен күзде Сайрам маңындағы Мәртөбеде де халық мәслихаты өтіп отырған. Көңіл аударуға тұрарлық нәрсе сол, әңгіме, біріншіден, өкілеттік билік туралы (халық өкілдерінің жиналысы түрінде), екіншіден, бұл өкілеттік биліктің хан, сұлтан немесе рубасы, билердің жеке басы мәселелері емес, "халық мәселелерін" талқылауы туралы М.Гродековтың айтуынша мұндай халық мәселелерінің саны негізінен төртеу: жайлау, қыстау, соғыс және бітім жариялау [5, 25], үшіншіден, сөз жоқ, мұндай халық мәслихаты - құрылтайдан хан сайлау мәселесі де тыс қалмағандықтан, іс жүзінде сайлау туралы сөз қозғалып отыр. Олай болса, біздің көз алдымызда - көшпелі қоғам талаптарына сәйкестендірілген демократияльщ саяси жүйе. Қазіргі заманғы саясаттану ғылымында мұны плебисцитарлық, яғни "тікелей бұқаралық" демократия деп атайды .

"Жарғының" аталған бабынан көрініп тұрғандай, хан мен сұлтандар бар да, ақсақалдар мен рубасылар бар. Алғашқыларының қоғамдық-саяси қызметі атқару билігі болса, халық атынан өкілдік ету рубасылар мен ақсақалдар кеңесіне, яки дала парламентіне тиесілі. Қоғамдық құрылымның ата, ру, тайпа, жүз тәрізді әлеуметтік буындарының жетекшілері ретінде соңғылары қашанда жергілікті өзін-өзі басқару ұстанымдарының сақталуына мүдделі. "Многочисленный киргизский народ живет в неограниченный вольности... Каждый киргиз живет так, как вольный господин... Однако каждое поколение или аймак имеет над собой главного, которому все происшедшие от одного колена оказывают добровольное послушание" — деп жазады П.С.Паллас [6, 229] Ал, бір жағынан, хан мен халық арасындағы, екінші жағынан, ауыл мен ауыл, ру мен ру, тайпа мен тайпа, жүз бен жүз, яғни халықтың түрлі топтарының өз арасындағы қарым-қатынастарға төрелік ететін үш жүз немесе "алты алаштың" өкілдерінен тұратын билер

кеңесі - жоғарғы сот мүшесі емей немене? Мұның өзі қазіргі заманғы мемлекеттік жүйе шеңберіндегі биліктің көлбеу (горизонталды) және жоғарылы-төменді (вертикалды) бөлінісін еске түсіреді. Ендеше, демократиялық үрдіс XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси құрылымына ғана емес, сол сияқты мемлекеттік құрылымына да тән нәрсе екен.

Тағы бір айтатын нәрсе сол, "Жеті жарғының" баптарынан байқалатындай, билердің мақсаты - қандай да бір жаза белгілеу, айып кесу, кінәліні тұқыртып, жазалау емес, адамгершілікке тәрбиелеу. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып нормаларының қайнар көзі мемлекет емес, қоғам мүшелері болды. Қандай да заң немесе құқықтық ереже болсын, халықтың талай ғасырғы сынынан өтіп, нақты қалыптасқан жағдайдың талабына жауап беруі тиіс-тін. "Көшпелілер ұғымы бойынша адам үшін ең басты әрі негізгі сот - ол адамның өз соты, ішкі соты, ар соты" [7, 93]. Бұл енді "Жеті жарғының", оны жасаушы заңгерлердің көшпелі қоғам мен көшпелі мемлекеттің табиғи, өркениеттілік ерекшеліктерінен туындайтын әлеуметтік-этикалық, психологиялық мәтіні.

Тереңірек үңілсек, хан мен халық бірлесіп талқылайтын жоғарыда айтылған бес мәселе, яки жайлау, қыстау, соғыс және бітім, хан сайлау мәселелерінің бесеуі де билер институтының еркінен тыс шешіле алмағандығын аңғарамыз. Қыстау мен жайлау түптің түбінде жер мәселесі болғандықтан, соңғы сөз ру-тайпа жетекшілері ретіндегі билерге тигендігі анық. Соғыс және бітім мәселелеріне байланысты сыртқы жаумен келіссөздерге көбіне билер жүргендіктен, түпкі шешімді шығару сөз саптаған шешендерге - билерге жүктелгені даусыз. Ал, хан сайлау тәрізді аса маңызды қоғамдық рәсімді сонау Шыңғыс ханнан бастап негізінен билер атқарып келгені ақиқат.

Батыр институтына қарағанда би институтының әлеуметтік табиғаты анағұрлым күрделі. Батыр деп хан тұқымы да, қара сүйек те атала берген. Тәуекел баһадүр хан, Тәуке баһадүр хан, Абылай баһадүр хан және т. б. Алайда хан тұқымынан шығып би атанған кісі жоқ.

Хандық институты әлсіреп, қоғам өмірінің алдықғы қатарына сыртқы жаудан қорғану, орыс өкіметі тарапынан жүргізілген қазақ даласын кеулей отырып бодандандыру саясатына қарсы тұру жағдайында, әрине, батыр институты тек әскери ғана емес, сол сияқты саяси мәселелерге де араласа бастағаны анық. Алайда әлеуметтік институт ретіндегі батырлардың үлес салмағы бел алған кезең XVIII ғасырда үзаққа созылған жоқ.

Айтылған жәйттердан шыға отырып XVIII ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында би институты формалды түрде хан, сұлтан тәрізді әлеуметтік топтардан кейін орналасқанымен, іс жүзінде қолына бүкіл ішкі саяси-әлеуметтік билік тетіктерін шоғырландырған және нақты іс-әрекетке қабілетті бірден-бір қоғамдық институт рөлін атқарды деуге толық мүмкіндік бар.

Мұның кезекті дәлелі ретінде халықтың ауызша тарих айту дәстүрі туындыларын кеңінен тарта аламыз. Мәселен, ескінің жолын жоқтап, хан институтының Әз-Жәнібек, Қасым хан, Хақназар, Есім заманларындағыдай қуаттылығын ақсаған, елдің өз бірлігінен айырылғанын осы хан билігінің дағдарысынан көрген Бұқар жыраудың (1668—1781):

Мамыр асып, бай болып,
Байсал тауып жортқан жұрт,
Ханға тізгін салмады,
Хан жарлығын алмады,
Баяғыдай баршындап,
Бірауызды болмады" деп күйзеле жырлайтыны бар.

Хан билігінің дағдарысын аз уақытқа болса да ел бірлігін қалпына келтіріп, оңындағы Ресей мен солындағы шүршіт, қытайларды қазақпен қатар санасуға мәжбүр еткен Абылай тәрізді аса беделді билеушінің өзі, қарадан шыққан кісінің өлімі үшін жауапты болуынан байқауға болады. Көтеш ақынның (1745-1818 жж.) он жеті жасында:

Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер жазығы жоқ, неге өлтірдің?
Хан басың, қарашамен даулы болып,

Үстіне ақ орданың қол келтірдің.
Абылай, күйіп кетті салған қалаң.
Мейрамға не еді сенің жапқан жалаң?
Жанайды дәл бүгінгі күн босатпасаң,
Болады ертең жесір қатын-балаң - деуіне және Абылайдың осыған байланысты құн төлеп құтылуына қарағанда [8, 124], XVIII ғасыр ортасында би институтының рөлі әлі де болса жоғары екендігін байқаймыз. Бірақ, Абылай хан билігінің аяқ тұсында, яғни XVIII ғасырдың 80-жылдарына қарай би институтының біртіндеп әлсірей түскені байқалады және мұның себеп-салдарлы негізі де жоқ емес-ті:

- біріншіден, тек бірді-екілі ру немесе тайпа емес, бүкіл қазақ даласына сыйлы Төле, Қазыбек, Әйтеке тәрізді аса ірі қоғамдық қайраткерлер бұл кезде дүниеден өткен-ді;

- екіншіден, жоңғарлар тарапынан төнген қауіп жағдайында би институтына арқа сүйеген Абылай хан, мұндай қауіп жойылған тұста жергілікті ру-тайпа игі-жақсыларының ықпалына шек қоюға, сөйтіп, хан билігін нығайтуға ұмтылғаны белгілі [9, 111]. Бұл туралы Ш.Уәлиханов «Қазақта Абылай тәрізді шексіз билікке ие болған хан болған емес. Рубасылар мен сұлтандардың еркіндігін тыйып, өз бетінше дербес билік етуге қол жеткізгені былай тұрсын, ол бүрын халық жиналысының нұзырына қарайтын өлім жазасына кесу құқығын өзіне таңып алған алғашқы хан» деп жазған-ды [10, 111];

- үшіншіден, XVIII ғасырдың ортасына қарай қазақ даласындағы хандық биліктің патша өкіметінің қазақ жерлеріне дендеп кіре бастағанына қарсылық білдіре алмауына байланысты Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттың қозғалыс басталғаны белгілі. Патша өкіметі мұны өз пайдасына жаратып қалуға ұмтылды да,

1786—1787 жж. атышулы "Игельстром реформасы" жүргізіліп, Кіші жүздегі хан билігі жойылды. Реформа бойынша қазақ қоғамының дәстүрлі би институты Ресей әкімшілік жүйесіне орайластырылып, ендігі жерде билер ру сотының төрағасы рөлін ғана атқарып қалды. Алайда «Игельстром реформасы» сәтсіз аяқталып, 1791 жылы Кіші жүзде хан билігі аз уақытқа қалпына келтірілгенмен, дәстүрлі би институтын қалпына келтіру мүлдем мүмкін болмай қалған еді. Деректер XVIII ғасырдың соңғы ширегіне қарай би институтының өз ішінде жіктелу процесі белең ала бастағандығын айтады.

Қорыта айтқанда, Ресейдің патшалық өкіметі Қазақстан жерін отарлау барысында қазақ еліндегі билердің қоғамдық қызметі мен билер сотын арнайы қамдалған экспедиция қорытындылары негізінде жан-жақты зерттеп, қазақтың әдет-ғұрып ережелерін жинақтаумен айналысты. Патша өкіметі 1822-1824 жылдары «Сібір қазақтары туралы» және «Орынбор қазақтары туралы» жарғылар шығарып, Орта және Кіші жүздердегі хан лауазымын жойды. Аталған жарлыққа сәйкес би лауазымына сайлау жолымен қол жеткізуге болатын болды. Сондықтан бұдан былай би мәртебесіне тек халықңа абыройлы, жұртқа сыйлы, атақты адамдар ғана емес, қалтасы қалың ауқаттылар да сайлана бастады. Орыс шенеуніктері қазақ даласына Ресей империясындағы сот жүйесін енгізуді көздеді. Осы мақсатта 1854 жылы «Сібір қазақтарын Ресей империясының жалпы заңдарына қарату» деген арнайы заң қабылданды. Сол сияқты, 1867-1868 жылдары қабылданған келесі реформаларға сәйкес, бүкіл қазақ даласы ішінара ауылдарға, уездерге, болыстарға бөлінген, алты облыстан тұратын үш генерал-губернаторлыққа енгізілді. Қазақ даласына Ресей империясының сот жүйесі ендіріліп, уезд және болыс билерін әскери губернатор бекітетін болды. Өз кезегінде бұл қазақ жерінде сот, би лауазымын орыс өкіметінің шенеуніктеріне пара беріп сатып алуға болатын күн туғызды, ал дәстүрлі қазақ қоғамына тән шынайы билер соты тек бірен-саран шеткі аймақтарда ғана сақталып қалды. 1917-1920 жылдары Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы сияқты алаш зиялылары қазаққа тән билер ұғымы мен билер сотын қалпына келтіру мақсатында көп еңбектенгенімен, мұнан кейінгі кеңес өкіметі тұсында да қалып-тасқан жағдай түбегейлі өзгеріске ұшыраған жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қарғабойлы Қазтуған //Қазақ халық әдебиеті: Көптомдық. –Алматы, 1986. Т.6
2. Төреқұлов Н., Қазыбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1, 2-кітап. –Алматы,1993
3. Төреқұл Н. Билер сөзі – ақылдың көзі. –Алматы: Жазушы, 1996.- 178 б.
4. Радлов В.В. Тюркские степные кочевники //Абай, 1995. №1-2.
5. Гродеков Н. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. –Ташкент., 1889
6. Сарсембаев М.А. Международные-правовые отношения государств Центральной Азии. – Алматы: Ғылым, 1995. – 368 б.
7. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. –Алматы: Жеті жарғы, 1997.- 214 б.
8. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XYIII века (о внешней политике Аблая). –Алматы: Наука, 1988.- 155 с.
9. Зиманов С. Общественный строй казахов первой половины XIX века. –Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958.- 296 с.
10. Валиханов Ч.Ч. Аблай /Собр. Соч. Т.4. –Алма-Ата, 1985

ӘОЖ 94(574)

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА»

Оналова Г. С.
Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған мектеп-интернат колледжі, Орал қаласы

Резюме.*Данная статья посвящена изменнениям, происходящим в среднем и высшем образовании в процессе обновления и модернизациии Нового Казахстана. На базе этой темы расширеятся сфера образования,происходят новые реформы,рассматривается послание Президента Касым-Жомарта Камеловича «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации». На примере статьи «Нужды школы» просветителя Ахмет Байтурсынова в «Казахских ведомостях» (1914 г.) расмсмотрено, что развитие образования в стране базируется на новых направлениях и подходах.*

Ключевые слова*:сфера, статья, реформа*

Қазіргі жеделдету, демократияландыру жағдайында еліміздің басты міндеттерінің бірі-жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін жетілдіру қажет. «Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, әр адамның кәсіби біліктілігін арттыру қоғамның міндеті болып табылады». Кез-келген іргелі елдің ертеңі мен баяндылығы білімді әрі заманауи жастардың қолында екені даусыз. Әсіресі ұлттық рух пен табандылықты жаһандық үрдіспен үйлестіре алған жас буынның орны ерекше. Міне осы тұрғыдан қарайтын болсақ қоғамға білімді, жан-жақты дамыған, жоғары білімді жеке адам қажет. Ондай адамды орта және жоғары оқу орындары дайындайды. «Білім беру» ұғымының қазіргі таңда бұрынғыға қарағанда мағынасы да, қолданылу аясы да кеңіді. Себебі бұрын жоғары білім алған адамға бүкіл өміріне алған білімі мектептен соң басқа қандай да сала бойынша азық болатын еді. Сондықтан да бұл оқу орындары жететін білім

беруге күш салатын. Бұл күнде қазір адамның бүкіл өміріне жететін білімді қандай мықты оқу орны болсын бере алмайды. Оның басты себебі – жоғары жылдамдықпен қоғамның дамуы болып отыр. Соның негізінде қазіргі таңда адамның ақпараттар кезеңінде өмір сүруі деп ойлаймын. Ол – кез-келген адамға үнемі білім алу үшін өз қатарынан кейін қалып қоймау қажет деп есептеймін.

Бүгінде білім саласына жаңа реформалар бүкіл әлем елдерінде ең өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны айқын. Сондықтан кез-келген жағдай ұзақ уақыт бойы қоғамдағы елеулі өзгерістер өзгеріссіз тұруы мүмкін емес. Олай болса әлем елдерінде білім деңгейі әр түрлі. Мысалы, мәліметтерге қарасақ, Африка және Таяу Шығыс елдері оқушыларының бір пайызы ғана орташа немесе өте жақсы Сингапур оқушысы деңгейінде білім алады екен. Бұл елдер осылай отыра бермей алға ұмтылуды қажет етіп отыр. Міне, осындай себептермен жоғары дамыған елдерде білім беру реформалары бүкіл әлемде үнемі жүріп жатыр. Сондықтан біріншіден, қазір мүмкіндігінше өз білімін өзі көтерумен әр адам өмір бойы айналысуы керек. Екіншіден, қазіргі кезде экономикасы қарқынды дамып жатқан мемлекеттерді алып қарайтын болсақ, олар – Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония, Гонконг, Қытай Тайбэйі сияқты мемлекеттер. Бұл мемлекеттердің қазба байлық мөлшері көп емес және жер көлемі шағын. Алайда соған қарамастан олардың дамуы қарқынды. Бұлар ненің есебінен қарқынды дамып жатыр дейтін болсақ, сарапшылар «бұл мәселенің кілті – адам» деген қорытынды жасап отыр. Демек XXI ғасырда ең негізгі фактор бұл экономиканың дамуы үшін мемлекеттің экономикасының алға басуының негізі – адам, оның денсаулығы, білімі, икемділігі. Бұлардың барлығының негізгі айтпақ ойы – адам білімінің қазіргі замандағы құндылығы. Тіпті адам денсаулығы да оның біліміне тікелей тәуелді. Атап айтқанда, мәліметтер бойынша адам денсаулығы 10-15 пайыз – денсаулық сақтау жүйесіне, 20-25 пайызы – генетикалық факторларға, ал 50-52 пайызы өмір сүру салтына байланысты екен. Ал осыған қарап, қай адамның өмір сүру салтының қандай болатынын өзіңіз ойлай беріңіз. [1, 15].

Ал бізде ше? Мектеп реформалары тәуелсіздікке ие болған кезден бастап басталды. Демек, Тәуелсіздіктің негізінде, бейнелеп айтқанда, бұрын бір бағытта ағып жатқан алып өзенді енді қарама-қарсы бағытқа қарай ағызу қолға алынды. Ал ол бір жылда бір күнде, бір аптада, тіпті шешіле қоятын мәселе емес. Сондықтан бізде де үнемі жаңару жүріп жатқаны – біріншіден шындық, екіншіден оны дұрыс түсіну керек, әрі оның басқаша болуы мүмкін емес те еді. Жаңғыру дегеніміз әлем елдеріндегі сияқты бізде де қазіргі қоғамның талабына сәйкес келетін ұрпақ, бұл айтылғандарды бір сөзбен айтсақ, адам қандай болуы керек» деген сұрақтың жауабы тынымсыз ізделуде. Жаңғыру бүгін ғана басталған іс емес екені білгілі. Ол сонау жеке ел болып, егемендік алған тұстан, көк туымызды тіктеп, әнұранымыз шырқалған сәттен бастау алады. Шекарамызды шегендеп, жұмыр жердің әр түкпірінде жүрген қазақ баласын көк туымызды бір тудың астына жинап, атамекеніне шақыру ісімен ұласты. Әлемдік қауымдастық алдында ҚАЗАҚ деген барын таныту секілді ұлы істерге жалғасты. Сол ұлы істің бірі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауы. Президентіміздің бұл жолдауы қоғамның, мемлекеттің сан саласын қамтыған, әбден таразыланған салмақты әрі тарихи мәні зор құжат. Бұл жолдаудан өзіндік жолы айқын, әр қадамы нық, нақты жоспары бар тұлғаның лебізінен әрбір сауалға жауап алуға болады. Мемлекет басшысы Жолдаудың алғы сөзінде бұл құжаттың мән-маңызы ерекше екенін әрі одан туындайтын міндет-тапсырмалардың ұзақ мерзімді қамтитынын да баса айтып өтті. Атап айтқанда, бүгінгі Жолдау, еліміздің тарихи құндылықтары мен осы кезеңнің күрделі тұстарын қабыстыра отырып қабылданған шешімдерге толы болды ден санаймын. «Біз өзіміздің басты игілігіміз – Тәуелсіздігімізді сақтауға, ұлттық бірегейлік негіздерін бекемдеуге, елімізді трансформациялауға жұмылуға тиіспіз. Жаңа Қазақстанда біз басты қағидатты ұстануымыз керек: әртүрлі көзқарастар, бірақ біртұтас ұлт» – деген Президент сөзі, болашақ мамандар даярлайтын колледж оқытушылары үшін сапалы, бәсекеге қабылетті маман даярлаудың маңыздылығын ұқтырғандай. [1, 1].

Ағартушы- педагог Ахмет Байтұрсынов «Қазақ газетінде» (1914 жылы) , «Мектеп керектері» деген мақаласында: «Ең әуелі мектепке керегі-білімді педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екінші оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істемейді, һәм құралдар қандай болса, істеген істе сондай бомақшы. Үшінші – мектепке керегі белгіленген бағдарлама. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мезгілді өлшеуі болуы керек. Үлгісіз я өлшеусіз істелген іс-ол я артық, я кем шықпақшы....», деп оқытудың дидактикалық принциптерін ғылыми тұрғыда нақтылап белгілеп берді. [1, 14].

XXI ғасырда еліміздегі экономиканың орнықты дамуы үшін екінші онжылдығындағы білім берудің мақсаты- сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру деп айқындалған. Қазақстан қоғамының трансформациясы жағдайында мемлекет алдында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін қалыптастыру өзекті мәселесі пайда болды. Бұл мәселені қарастыруда Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін реформалау үрдісін зерттеу керек. Бұл жерде білім жүйесін реформалау жаңа құбылыс болып табылмайтындығын атап кету өтпелі кезеңді басынан өткізіп жатқан елдер үшін қажет. Мұндай реформалау білім жүйесінің жақсаруын, даму динамикасын, эволюциясын көрсетеді және әрдайым болып тұрады.

Қазіргі Қазақстанда жоғары білім мәселесі экономикалық жағдайға тікелей байланысты. Бірақ, бұл мәселені шешуде тек қаржылық-экономикалық жағдаятқа ғана сүйенуге болмайды. Білімді реформалауға кешенді түрде қарап, әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторларды да ескеруі керек. Әрбір білім беру жүйесінің өмір сүруіне қажетті шарт қалыптасқан жағдайларға бейімделуі тиіс, өйткені ол оның басты бағыты болып табылады. Біздің еліміздегі білім беру жүйесінің реформасы басқа да өтпелі мемлекеттердегідей «жоғарыдан» жүргізіледі. Әлем кеңістігіндегі білім беру жүйесіне де өзіндік әсерін тигізіп отырғаны өзгермелі жағдайлар екені белгілі. Елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігіндегі басымдылық мақсаты- жалпы білім берудің ,өзгермелі өмірде өз жолын дұрыс таңдайтын, өмір жағдайына тез бейімделетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға дайындау болып отыр. Еліміздегі білім беруді дамыту ісі жаңаша бағыттарға және көзқарастарға негізделіп отырғаны мәлім. Қазіргі кезеңде елдердің бір-бірінен салыстырмалы тұрғыдағы артықшылығы, көбінесе инновациялық технологияларды және ақпарат ағымын ұтымды бәсекелестік күш-қуаты олардың табиғи ресурстарымен емес, оларды пайдаланумен анықталып отыр. Дүниежүзі көлемінде постиндустриалдық қоғамға көшудегі білім беруді жаңарту қоғамдық бағыттар жүйесін қазіргі заманғы маңызды әлеуметтік құндылықтар мен дұрыс қалыптастырудың шешуші жағдайы есебінде көрінеді. Білім құндылықтары тұлғалық, ашық, вариативті, рухани және мәдени қанықкан толерантты, қоғамның және табиғаттың игіліктеріне сәйкестендіріліп, отаншылдық және шынайы азаматтықтың қалыптасуын қамтамасыз ететін жүйеге бірігуі тиіс. Білім беру экономикаға мамандар даярлау емес, қоғамның интеллектуалдық және мәдени деңгейін көтеру, өмірдің қазіргі заманғы стилін қалыптастыру оның бәсекелестік қабілеттерін инновация мен демократиялық прогреске лайық дамыту құралына айналуы тиіс. Ең күрделі және маңызды нәрсе-білім жүйесін білім сапасын арттыру тетіктері мен формаларын жетілдіру, мазмұндық өзгерту, оның ішкі мүмкіндіктерін пайдалану болмақ. Білім жүйесінің ішкі мүмкіндіктерін оқушыларға берілетін білімнің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын , білім жүйесінің жаңа үлгісін жасау, оқыту технологиясын өзгерту арқылы жүргізіледі. Алған білімді өмірдегі қажеттілікке айналдыру және пәрменді қолдана білуге үйретететін ең жаңа оқыту технологияларына және құралдарына негізделген тәжірибелік-зертханалық сабақтарды өткізуге тиісті жағдай жасалуы тиіс.

Халыққа наннан кейін ең қажетті-мектеп”-деп Ж.Дантон жай айтпаған шығар. Мектепке оң көзбен қараған мемлекеттің болашағы өте зор. “Балам дейтін жұрты болмаса,

елім дейтін бала қайдан шығады” дейді ел даналығы. Балаға, мектепке, ұстазға деген жақсылық – ол мәңгілік сөнбейтін, өлмейтін жақсылық.

Пайдаланылған әдебиеттер

-Қазақстан Республикасы президенті жолдауы
- Педагогика, Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев, алматы,2000 ж.
-htth// 7astana-mektep.kz
- htth//malimtter.kz/ 1970-80/
- htth//bigox.kz
- htth//malimets.clan.
- htth//www diplom kaz.

ӘОЖ 94(574)

СҰЛТАН ҚАРАТАЙ НҰРАЛЫҰЛЫНЫҢ ИМПЕРИЯЛЫҚ ӨКТЕМДІККЕ ҚАРСЫЛЫҒЫ

Бопылова Ш.М.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.-** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме. В статье проведено исследование крупной фигуры колониальной эпохи. Достойное место в казахской истории занимает внук Абулхаир хана Каратай Нуралыулы. Он стоял у истоков движения за освобождение народа после Сырыма Датова в Младшем жузе. В советской историографии его личность исследовалась с идеологической позиции, как реакционная-монархическая движение. В данной работе личность Каратай Нуралыулы изучается с высоты нового национального подхода в условиях независимого казахского государства..

Ключевые слова: Младший жуз, султаны, вожди, батыры, историческая личность.

Қазақстанның жаңа заман тарихындағы, отаршылдық дәуіріндегі батыс өңірінде саяси беделімен, күрескерлік қызметімен ел аузында қалған қайраткерлердің бірі Қаратай сұлтан.

Ел ішінде Әбілқайыр ханның азаттық үшін күрескен батыр немересі ретінде ерте танылған Қаратай Нұралы ханның 1771 жылғы атақты «шаңды жорық» кезінде қалмақтардан қолға түсірген Ырыс деген әйелінен туған. Кіші жүзді 38 жыл билеген Нұралының 12 әйелінен 75 ұрпақ тараған [1, 294] болса, Ырыстан туған бес ұлды ел-жұрт «бес қалмақ» атапты. Шеттерінен өжет, бірбеткей, өр жаратылған Есім, Қаратай, Орман, Шотқара, Елтай сұлтандар заманында ажырамас ағайындылар болып орыс отаршылдығына ашық қарсылық танытқан екен.

Қаратайдың дүниетанымдық, елшілдік, ұлтжандылық көзқарастарының қалыптасуын бірінші кезекте Кіші жүздің билігін жүз жыл бойы ұстап келе жатқан шаңырақта дүниеге келіп тәрбиеленуімен байланыстыру керек. Саяси билікке қол жеткізу Қаратай үшін әулеттік дәстүр сияқты болып көрінді деп те айтуға болады. Қазақ хандығының тарихында өз іздерін қалдырған хан, сұлтандар легін құрайтын ата-баба

өнегесінің ерекше әсері Қаратайға қалайда ықпал еткендігі сөзсіз. Бір ғана Әбілқайыр, оның бәйбішесі Бопай ханша ғана емес, Кіші жүзді билеп, Ресей, Қытай, Жоңғария, Хиуамен байланысқа шыққан әкесі Нұралы ханның ықпалын ерекше атап өту керек. Қаратай сұлтан жасынан атасы Әбілқайыр секілді өжет, тәкаппар, тік мінезді, әскери қолбасшылық қабілеті өте күшті, дипломатиялық сезімталдығы жетерлік қайраткер ретінде танылады. Оның өмірлік ісінен өле-өлгенше ата-бабасының рухына бас иіп өткендігін көруге болады.

Патшалық отаршылдық дәуірдің көрнекті қайраткері болғандығы өз кезеңінің ресми билігі тарапынан мойындалмаса да, Қаратай сұлтан хақында жазбалар сол XIX ғасырдың өзінде-ақ баспа бетін көріп жатты. Ол басылымдарда орыс зерттеушілері Ресей империясының геосаяси мүддесі тұрғысынан ғана баға берді.

Ғылыми мақаламыздағы тарихи тұлғаның Ұлы даланың отарлық кепке түскен дәуірі мен тағдырын байланыстырып зерделей отыра, ол жайында жазылған негізгі зерттеулерге тарихнамалық талдау жасауымыз қажет. Осы тұрғыдан алғанда қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихнамасының ірі өкілі А.Ф.Рязановтың еңбектерін бөліп көрсетуге міндеттіміз. Белгілі тарихшы А.Ф.Рязановтың «Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздік жолындағы қырық жылдық күресі (1797-1838 жж.)» атты көлемді зерттеуінің бірінші бөлімі Қаратай сұлтанның көтерілісіне арналған. Қаратай Нұралыұлының қайшылықты тұлғасы, мықтыларға ерік бермей, әлсіздер мен өзіне берілгендерді ғана хан етіп қойған патша өкіметінің зымиян саясаты бұл еңбекте айқын көрінеді.

А.Ф.Рязановтың деректеріне қарағанда Сырым батыр мен Қаратай сұлтан өздерінің ұстанған позициялары бойынша бір-біріне қарама-қарсы тұрған, ымыраға келмей кеткен тарихи тұлғалар, өйткені Сырым қозғалысының басты мақсаттарының бірі – Кіші жүздегі хандық дара билікті «Хан Кеңесімен» алмастыру, Орданың саяси билігіне Нұралы әулеті өкілдерін жақындатпау болғандықтан да, А.Рязанов хан мұрагері ретінде Қаратай сұлтан мен Сырымның бір-бірімен компромизмге келуі мүмкін еместігін түсіндіреді.

Автор 1797 жылдар шамасында Есім ханды өлтірген Сырым көтерілісшілерінің тегеурінді қимылдарына қарамастан Кіші жүзде Датұлы позициясының төмендеп, Қаратай сұлтан қимыл-әрекетінің күшеюін патша үкіметінің Сырым батыр сүйенген халық жиналысына емес, сұлтан тобына, былайша айтқанда, хандық өкіметке саяси бағыт ұстағандығында деп пайымдайды.

Қазақстанның тәуелсіздік жағдайындағы ғасырлар тоғысында отандық тарих ғылымында тарихи тұлғалардың шығармашылық ұмырнамасы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу батыл қолға алынғаны белгілі. Осыған орай атыраулық тарихшы А.Ахмет Қаратай Нұралыұлы хақында арнайы зерттеу жүргізіп, кандидаттық диссертация қорғады, ғылыми туындысын жарыққа шығарды [2]. Еңбекте отарлау езгісіне ашық қарсы күрескен, қазақ мемлекеттігін сақтауға талпынған қайраткерлердің бірі ретінде бейнеленген Қаратай хан тұлғасы жаңа методологиялық ұстанымдар негізінде қарастырылады. «Соңғы хандардың бірі – Қаратай хан» [2, 4] деп байлам жасаған автор еңбегінен заманында қоғамдық, саяси белсенділігімен қазақ халқына, көрші елдерге кеңінен танымал болған отаршылдық дәуірдің ірі қайраткерінің күрескерлік өмірі туралы барынша мол мағлұмат аламыз.

Жайық бойына жағалай салынған орыс бекіністерінің әскери отарлауды күшейтуі, Жайық казачествосының көшпелілерге деген үстемдік пиғылдары мен тонаушылық әрекеттері, патша үкіметі қолдауы мен дем беруіне арқа сүйеген төменгі Еділ бойы халықтарының (башқұрт, қалмақ) Кіші жүзге бағытталған барымташылық саясаты, жүздің ішкі өміріне империялық отаршылдықтың терең араласуынан туындаған дәстүрлі хандық биліктің әлсіреуі, мемлекеттік тұтастықтың келмеске кетер көріністерінің тұрақты сипат беруі жігерлі де қажырлы, батыл да биліккұмар қазақ сұлтандарын алдыңғы қатарға шығарды. Сондықтан Қаратай секілді билікке ұмтылған жеке қайраткерлердің мүддесі сол кезеңде халықтық, мемлекеттік мүддемен астасып жатты.

Кіші жүздегі хандық институттың іргетасын шайқалтып, қазақ жерін отарлауға кең көлемде жағдайлар жасауға бағытталған Ресей саясатына қарсы тұтас бір ұрпақ өкілдері ұлт-азаттық қозғалысты бастағанда, Қаратай Нұралыұлы сол аттаныстың бел ортасында өзінің қызу қанды қимылымен, саяси таным ұшқырлығымен, әскери белсенділігімен көзге түсті.

Қаратай Нұралыұлының күрескерлік өмірі түпкі мақсаты, идеясы анықталған, бұқара қолдауын тапқан қазақтың отарлыққа қарсы күрес тарихының маңызды беттерінің бірі.

Қаратай сұлтанның саяси көшбасшы ретінде тарих сахнасына шығуына, ұлт-азаттық күрес жолына түсуіне сол заманның әлеуметтік-саяси өмірі ықпал етті. Күрескер тұлғаны өз дәуірінің қайшылықты да қиыншылықты жағдайынан бөліп қарай алмаймыз. Ол қазақ даласына ұмтылған жоңғар шабуылы, туған халқының азапты босулары мен айбынды жеңістері туралы жас кезінен естіп өсті. Бұл тарих қазақтың отаншыл перзенттерін ұлттық, азаттық рухта тәрбиелеген бір мектеп болатын. Башқұрттар, Еділ қалмақтары, Жайық казак-орыстары арқылы арандатылған империялық саясаттың талайына куә боп өскен ұланның бойында елшілдік рухы әкелері мен ағалары арқылы ерте бастан қалыптасты.

Қаратай сұлтанның тағдырына белгілі тарихи тұлға, қазақ азаттық қозғалысының даңқты көсемі Сырым Датұлы ерекше әсер етті. Өзі батыр, өзі би Сырымның ұзақ жылғы күресі патша отаршылдығын кері серпілтуімен қатар, Нұралы ханның билігіне соққы берді. Кіші жүздегі халық қозғалысын пайдаланып хандық басқаруды жойып жіберуді мақсат тұтқан Ресей империясы, оның алғышарты және алғашқы қадамы ретінде Нұралыны тақтан айырғанда ордадағы сұлтандар арасына алауыздық енді. Қаратай 1797 жылы ағасы Есім хан қаза тапқан тұста, бар кінәні Сырымнан іздеді. Қаратай Нұралыұлының өршеленген қуғынынан құтылу үшін Сырым батыр Хиуаға өтіп кетті. Тарих шындығы солай. Бірақ Датұлына қарсы күресіп жүріп, 1797 жылы Сырымның көтерілісті тоқтатқаннан кейінгі Кіші жүздегі азаттық үшін арпалыстың Қаратай сұлтан басшылығымен жалғасын тапқандығын да тарих жоққа шығармайды. Осылайша Сырым Датұлының Кіші ордадағы екпіні саябырлаған тұста метрополияға сол кезеңнің өзінде «Ресейге сенімсіз» танылған Қаратай Нұралыұлы тарих сахнасына шықты.

Қаратай Нұралыұлы өзінің қоғамдық-саяси қызметінде Кіші жүздің белгілі тұлғаларының қолдауына ие болып отырды. Мәселен, Сырым бастаған көтерілістің аяқталар кезеңінде Орынбор әкімшілігіне Қаратай сұлтанды хан сайлау туралы Кіші жүз қазақтарының ұсыныстары көптеп түсе бастаған. Тарихшы Ә.Мұқтар 1797 жылдың тамызында байбақты, шекті, ысық, шеркеш, беріш, алаша руларының 63 старшын, би, батыр, мырзаларының патша әкімшілігіне Қаратайға көрсетілген қолдау хаттар жолдағандығын атап көрсетеді [3, 108]. Олардың ішінен беделді ысық Қаратау би, шеркеш Құлмамбет би, беріш Саржала би, Шойтас батыр және алаша тархан Сыпыра бидің кездесуі Қаратай сұлтанның қаншалықты саяси ықпалға ие болғандығынан хабар береді. Сондай-ақ сұлтанмен тізе қосқан халық батырлары Көтібар, Арыстан, Мұса, Сүйінқара секілді тұлғалардың Қаратай көтерілісінің өн бойында күрес жүргізуі азаттық үшін арпалыстың әлеуметтік қуатын дәлелдейді. Жалпы Қаратайдың ел арасындағы беделі мен ел басқарудағы қабілетін патшалық-дворяндық және кеңестік-таптық зерттеушілердің ешқайсысы да жоққа шығара алмаған.

Саяси белсенділігімен мәшһүр болған Қаратай сұлтан күресінің бірінші кезеңі Кіші жүзге Айшуақ хан болған 1797-1805 жылдармен байланысты. Кіші жүздің жаңа ханы болып бекітілген немере ағасы Айшуаққа Әбілқайыр ұлдарының көзі тірі жалғызы, сұлтандардың үлкені, ақсақалы ретінде сыйластықпен қараған Қаратай үкіметке бұл жылдары ашық қарсылық көрсетпеді. Бірақ патшалық Ресейдің қазақтар тарапындағы жүргізген саясатына барынша кедергі жасауға ұмтылды.

Алдына қойған мақсатын орындау жолында ештеңеден тайынбайтын бірбеткей сұлтан жөнінде ел арасында 1802 жылғы Сырым батыр өлімін Қаратай ұйымдастырған сияқты дәлелденбеген әңгіменің бар екені де жасырын емес.

Қаратай сұлтан XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Орталық Азиядағы аса жарқын әрі тағдыры қайшылыққа толы тұлға атасы Әбілқайырдың жеке билігін әлсіретіп, бағына бермейтін ханның көзін жойған, жат жерліктермен халықтық соғысты ұйымдастырушылардың бірі, шебер дипломат әкесі Нұралы ханның билігін саяси дағдарысқа киліктіріп, құрдымға жіберген, ағасы Есім ханның билігін шектеп, отарлық саясаттың қолшоқпары етуге ұмтылып, құрбан еткен патшалықтың империялық сұм саясатын терең сезінген қайраткер ретінде танылды.

XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласында шетелдік сауда керуендерін тоқтату орыс отаршылдығына қарсы күрестің бір формасы еді. Ресей, Хиуа, Қоқан, Бұхара сауда керуендерін тоқтату Қаратай сұлтанның да патша үкіметінің Кіші жүздегі отарлау саясатына қарсы белсенді қарсылығын қалыптастырды.

Сұлтанның бұл әрекетін Ресейдің Орта Азиядағы саудасына кедергі келтіру немесе империяға экономикалық соққы беру деп қана түсінбеу керек. Өйткені патша үкіметі орта азиялық сауданы дамыту арқылы болашақта шығысқа ілгерілей жылжуды мақсат етті. Бұл жерде Қаратай сұлтанның керуендер саудасын өз бақылауына алмақ ниеті империяның стратегиялық мүдделеріне қайшы келетін. Сондықтан сұлтанның жігерлі қимылдары түптеп келгенде отарлауға қарсы күреске сайды. Орта азиялық сауда саясатына бірден-бір кедергі Байұлы, Әлімұлы руларынан құралған көтерілісшілердің Қаратай сұлтан маңына топтасуы Орынбор әкімшілігінің назарын аударды. Орынбордан Қаратай Нұралыұлына қарсы бірнеше жазалаушы қосындардың жіберілуі де, сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін казак-орыстарға керуендерді қорғауды жүктеуі де еш нәтиже берген жоқ. Қарулы казактар күзетіне қарамастан, керуендер тоқтатылып, салық салынды. Салық төленбеген жағдайда сауда керуендерінің сөзсіз тоналуы үрдіске айналды.

Қазақ мемлекеттігінің негізі – хандық институтты сақтап қалу жолында күрескен Қаратай сұлтанның қайраткерлік қызметі тұтас тәуелсіздік идеологиясы тұрғысынан аса прогресшіл, мемлекетшіл, азатшыл қозғалыс. Сұлтанның билікке ұмтылысы өз уақытында бұқараның да, элитаның да қолдауын тапты. Бірақ осындай жігерлі де ықпалды, қажырлы да қабілетті ел басқарушының билікке қол жеткізуі патша үкіметі үшін аса зиянды құбылыс әрі қажетсіз саясат болып табылды. Отаршылдықтың құрық бойламас қулық-сұмдығы әр уақытта өз үдесінен шығып отырды. Біз оны хандық биліктен үнемі аластатылып отырған Қаратай тағдырынан білеміз.

Зерттеуші И.Казанцев 1867 жылғы «Қырғыз-қайсақтардың суреттемесі» еңбегінде «Қаратай мінез-құлқы өзіне сенімді, тәкаппар, бірақ әділ және адал болған» [4, 229] деп сипаттайды. Белгілі тарихшы А.Ф.Рязанов «әскер көсемі, батыр ретінде Қаратай ешқандай қауіптен сескенбеді, қайта жауға өзі шапты, жорықта бірнеше рет жаралы болды. Бұл қасиеттері жігіттерді жігерлендіре түсті» [5, 164] десе, С.Н.Севастьянов Қаратай сұлтанның аса сақтығына, тіпті соңына түскен 1550 әскердің ештеңе жасай алмағандығына таң қалады [6, 105-106]. Жалпы ұлт-азаттық күрес жылдары Кіші жүз рулары Қаратайдың батырлығы мен әскери қолбасшылығын түгелдей дерлік мойындады, сөйтіп сұлтанның соңынан ерді, оған сенім артты деп тұжырымдауға толық негіз бар.

1806-1816 жылдарды қамтыған ұлт-азаттық қозғалыстың екінші кезеңінде Қаратай Нұралыұлы отарлыққа қарсы күрестің керуендер тоқтату, әскери шептерге шабуыл жасау түрлерімен бірге дипломатиялық жолын да шебер қолданды. Орынбор, Астрахан губернаторларымен жазысқан хаттары, орыс үкіметі алдына қойған шарттары, 1816 жылы орыс керуендерін Хиуаға жеткізудің сұлтанға тапсырылуы, хиуалық билеушілермен мәмілегерлік байланыстары Қаратай Нұралыұлының азаттық жолында күрестің қай түрінен де бас тартпағандығын айқындайды. Ал Қаратайдың атақты Арынғазы ханмен шиеленісті мәселелерді шешудегі саяси бірлігі, сондай-ақ XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Кіші жүздің қоғамдық-саяси өміріндегі ықпалды тұлғалар Темір Ералыұлы,

Шерғазы Қайыпұлы, Бөкей Нұралыұлы, т.б. келісімпаздық позициясы оның қабілетті дипломаттығын ұлттың азаттығы жолындағы күреспен байланыстырғандығын дәлелдейді.

Қаратай сұлтанның Жантөре ханды өлімге қиған әрекеті сол дәуірдегі Кіші жүздің саяси өмірінен көп хабар береді, бұл оқиға өз зерттеушісін түрлі ой-пікірге жетелейді. Біріншіден, жүздегі ішкі саяси жағдайдың шегіне жете шиеленіскендігі, екіншіден, патшалық отаршылдық саясаттың мақсатты жетістігі Кіші ордадағы бұдан кейінгі оқиғалардың сипатты белгісіне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, провитель и политик. – Алматы: Санат, 1999. – 366 с.
2. Ахмет А. Қаратай хан. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 176 бет.
3. Мұқтар Ә. Тарих тұңғиығындағы тұлғалар (XVIII-XIX ғғ.). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 240 бет.
4. Казанцев И. Описание киргиз-кайсак. – СПб., 1867//Букеевской Орде 200 лет. Кн.1. – Алматы, 2001. – 229 с.
5. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838). – Кзыл-Орда: «Общество изучения Казахстана», 1926, – 298 с.
6. Севастьянов С.Н. Событие в Оренбургском крае, подготовившие экспедицию в Хиву 1839-1840 гг. Оренбург, 1905. – 155 с.

ӘОЖ 94(574)

АБЫЛАЙ ХАН ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН ЖОЮҒА ҚАРСЫЛЫҒЫ

Тәжиев Р.Қ.- магистрант

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.-** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме. К реформам царского правительства, осуществленным в 20-х годах XIX века, потомки Абылай хана не хотели поддаваться. Потому что эти политико-административные изменения привели бы к свержению Казахского ханства. Сопротивление нарастало в Среднем жузе. Упомянутое в статье оппозиционное движение под руководством султанов Касыма и Губайдуллы является частью истории всего казахского национально-освободительного движения.

Ключевые слова: ханство, освобождение, колониализм, реформа, движение.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде Орта жүз аумағында үлкен саяси өзгерістер орын алды. Атап айтқанда патша үкіметі бұл өңірде хандық билікті жоюға ұмтылды. Сөз жоқ оған Абылайдың ұрпақтарының бір бөлігі қарсы шықты. Біз мақалада нақтырақ ұлы ханның кіші ұлы Қасым сұлтан мен үлкен немересі Ғұбайдолла сұлтан қызметінің мысалында қазақ мемлекеттілігін жоюға деген бұқараның қарсылық қозғалысын талдаймыз.

Қазақ ақсүйектерінің едәуір бөлігі, сондай-ақ ежелден орныққан рулық өзара көмек дәстүріне сәйкес оларға ерген номадтар қайтыс болған Уәли ханның үлкен ұлдарының бірі Ғұбайдоллаға үлкен үміт артты. Омбы облыстық бастықтары ықпалды сұлтандарға елемеген көзқарас көрсетілген жағдайда Уәли ханның тікелей ұрпақтары тарапынан қауіп-қатер төнетінін ұғынды. Ғұбайдолланың Көкшетау округінің аға сұлтаны болып, Тұрсын Шыңғысовтың Қарқаралы округінде нақ сондай қызметке сайлануын осымен түсіндіру керек. Округтік приказдар құрудың алғашқы қадамдарының өзі көрінеу оппозицияға тап болды – Көкшетау округінде Сартай Шыңғысов; Қарқаралы округінде – Саржан Қасымов, Шоң батыр, Торайғыр би жаңа тәртіптерге ашық қарсылық білдірді, алайда кейбір рулар сол кезде-ақ хан деп жариялаған Ғұбайдолла сұлтанның өз көзқарасын білдіретін кезін дегенмен де күтіп отырды. Омбы облысы қарауында болған сұлтандардың үстем тобының едәуір бөлігі Жарғыға жақтырмай қарағанынан едәуір дәрежеде хабардар Батыс Сібір губернаторы П.М.Капцевич өзіне бағыныштыларға реформаларды жүзеге асыру кезінде «бейбіт азаматтық өкімдермен әрекет ету, қатаң әділеттілікті ұстану» керек екенін көрсетіп, «азиялық халықтарға толық үстемдікке ақырын жүріп, анық қадамдар арқылы қол жеткізу үшін асқан сақтық» көрсетуге пәрмен берді [1, 97].

Алайда округтік приказдар жанына орналастырылған казак отрядтарының оппозицияның қаруланған топтарымен алғашқы қақтығыстарының өзі-ақ патша Жарлығының іске асырылуына қарсы қимылдауға бел байлағандықты растады.

Ал Ғұбайдолла сұлтан империялық әкімшілік-саяси жаңалықтарға наразыларды өз төңірегіне топтап, қалыптасқан жағдайды хан мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін пайдаланбақшы болып ұйғарды. Қасым төренің ықпалды тобы қолдаған Ғұбайдолла өз ниеттерін іске асырудың қиын екеніне бірте-бірте көз жеткізіп, аға сұлтан өкілеттіктерін шебер пайдаланып, үкіметке қарсы күштерді топтастыруға бағыт алды, мұны Омбы облыстық басқармасының өкілдері мен казак отрядының командирі, әрине мүлдем байқамай отыра алмады.

І Александр Жарғыны бекіткен бойда Уәли ханның мұрагері және ерекше ықпалды адам ретінде Петропавл бекінісіне шақырылып, генерал-губернатор П.М.Капцевичпен жеке кездесу өткізді, реформаның татар тіліне аударылған мәтінімен танысып, оның кейбір баптарын халық үшін пайдалы деп есептеді.

Солай бола тұрса да, ол үкіметтің сыңаржақ әрекеттеріне өзінің ренішін жасырмады. Генерал-губернаторға хатында Ғұбайдолла оның көзқарасын Көкшетау дуанының заңсыз құрылғанына аударды. Император ағзамның көзін жеткізу үшін Петербургке жіберілген баласы Болат сұлтан астанадан қайтып келе жатқан кезінде күштеп ұсталады; сұлтан құрылған округтік приказ арқылы жүзеге асырылған жүгенсіздік туралы фактіні губернаторға баяндау қажет деп тапты. «Сізді қанағаттандырмаса да, Үлкен және Орта ордалардың бүкіл халқы осындай зорлық-зомбылық бар екенін көріп отыр. Сонан соң Сізден, ұлы генерал, Көкшетау дуанын жоюды сұрайды», - деп жазды Ғұбайдолла, өлкенің бас әкімшісінің назарын алғашқы округтік приказдардың бірін жою қажеттігіне аударады [2, 60].

Атақты Шыңғыс ұрпақтарының Батыс Сібір губернаторына жолданымдарында қазақтардың орыстармен одақта болу ниеті туралы ойлар арқау етіледі. Осы жайды кейіннен Ресей бодандарын – дипломаттарды, керуендері өз ауылдары арқылы өткен көпестерді қабылдаған кезінде Кенесары хан да талай рет атап көрсеткен. Бұл мәселеде Ғұбайдолла сұлтан да кесімді көзқарас ұстанып, П.М.Капцевичке Орта жүзде биліктің жаңа нысандарын енгізуге қарсылардың орыс халқымен карым-қатынасты қиындату ниеті жоқ екенін білдірді.

Үкіметке қарсы Абылай ұрпақтарының қолдауымен Ғұбайдолла сұлтан бастаған оппозицияның бүкіл іс-әрекетінің түкпі мақсаты округтік приказдар құрыла бастаған жерлерде оларды жоюға қол жеткізуді көздеді. «Егер дуанды жоймасаңыз, - деп түсіндірді сұлтан генерал-губернаторға, - біз үшін аспанның асты қаңырап (қалады), жер бетінде бос кеңістік көбейеді, өйткені біз Ресей мемлекетіне ұнамайтын ешнәрсе істеген жоқпыз...» [2,

61]. Ғұбайдолла өзінің П.М.Капцевичке кезекті жолданымын осылай түйіндей келіп, оған қол қойған және өз таңбаларын басқан адамдарды тізіп келтіреді, олар: атығай, төртуыл, тоқпақ руларының мүдделерін білдірген Ақмырза, Алыбай, Шектібай, Итқара, Жүзбай, Құдайменді, Азынабай билер, Шама батыр, Сіртесен сұлтан, сондай-ақ Ғұбайдолланың өзі. Үкіметке қарсы оппозицияны бастап, сонымен бірге Көкшетау округтік приказының аға сұлтаны қызметін атқаруды жалғастырып отырған Ғұбайдолла өзінің хан тағын иелену тілегінен бас тартпады және «орыс үкіметі арқылы хан құрметіне жету» мүмкін еместігіне көз жеткізіп, өз мақсаттарына жету үшін қытайлар жағымен құпия байланыстар жасады.

Көршілес екі империяның Ғұбайдолла сұлтанға ықпал ету жолындағы күресі, шынына келгенде, олардың стратегиялық аймақтағы өмірлік маңызы бар жағдайлар үшін тайталасының көрінісі болды, әсіресе Англияның алдына түсу және Орта Азия хандықтарына қарай ілгерілей отырып, жағдайлардың орайы келу мүмкіндігіне қарай оңтүстік-шығыс Қазақстан мен Шығыс Түркістан түйісетін жерде орнығып алу мақсатын көздеген Ресейдің әскери-саяси қайшылықтарын шешуі едәуір дәрежеде осы аймақты бағындыруға байланысты еді. Осыған байланысты Орта жүз ханы болуға бірден-бір үміткер Ғұбайдолланы оқшаулау және оның қытайлармен қандай да болсын байланыстарын тыю П.М.Капцевич үшін күрделі міндет болды. Генерал-губернатор сұлтанды Ресейге бағынышта ұстауға тырысып, «Омбы облысында шептік округтердің біреуін болса да» құруға келісім берген жағдайда оны үкімет атынан Абылай да, Уәли хан да пайдаланғандай «жалақымен марапаттауға» үміттендірді, бұл орайда «қажет болған жағдайда өз бодандарын тыңдауға көндіру үшін оған қызмет ететін әскер отрядын жіберуге» уәде берді.

Уәли хан қайтыс болғаннан кейін оның жесірі, ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың әжесі - ақылды, көреген және өз заманында білімді болған әйел Айғаным Сарғалдаққызы Абылай әулетінің басшысына айналды, ол Азия департаментінің, Сыртқы істер министрлігінің және Сібір комитетінің шенеуніктерімен жиі хат алысып тұрды. Алайда оның бойындағы даналық қасиеттерге қарамастан, ол халықтың қарулы қарсыласуы жетекшісінің рөліне жарамады. Бұл қиын міндет Абылайдың отыз ұлының ең кенжесі Қасым сұлтанның үлесіне тиді, оның бәйбішеден туған еркек кіндікті балалары – Саржан, Есенгелді, Ағытай, Бопы, Көшек және Кенесары, кіші әйелінен туған баласы Наурызбай жиырма жылға жуық уақытқа созылған титықтатарлық күрестің табанды қатысушылары, ал солардың ішіндегі Саржан, Есенгелді, Кенесары оны ұйымдастырушылар ретінде тарихқа енді, ал ол күрестің барысында патшалық режимге зор моральдық-саяси нұқсан келтірілді.

Қиын міндет халықтың қарулы қарсыласуы жетекшісінің рөлі Абылайдың кенже ұлы Қасым сұлтанның үлесіне тиді.

Қасым Абылайханұлы округтік приказдардың құрылуына қарсы алғашқы наразылығын 1825 жылы 14 маусымда білдірді [3, 58]. Патша шенеуніктеріне жолдаған хаттарында Қасым төре империяның әкімшілік-саяси реформаларын заңсыз әрекет деп есептеді және округтік приказдардың таратылуын үзілді-кесілді талап етті. Ержүрек сұлтан бір жағынан, округтік приказдардың ықпал өрісін кеңейте алатын казак отрядтарының әскери-тірек базаларын құру үшін дала кеңістігіне тереңдей ілгерілеуін тоқтату; екінші жағынан, шаруалардың қоныстандырылуын болдырмау талаптарымен патша губернаторларына талай рет хат жазды. Казактардың жүгенсіздіктеріне мазасызданған Қасым төре әрдайым патша әкімдерін дұшпандық ниеттерден тартынуға және Абылай хан кезінен жасалып келе жатқан өзара түсіністік рухын сақтауға шақырды.

Орынбор губернаторына жазған бір хатында өзін қолдаушылардың халық арасынан көп табылатындығын ашық айтқан Қасым сұлтан сонымен бірге, өз ауылдарының бару қиын және отаршылдық әкімшіліктің ықпал өрісіне тартылмаған далалық аудандарға көшіп кетуінің орыс өкімет орындары үшін болуы ықтимал зардаптары туралы ескертті [3, 64].

Қасым төре ұлан-байтақ далада атақты чингизидтердің арасында Орта жүзге әкімшілік басқару жүйесінің ресейлік тәртіптерін енгізуге қарсы шыққан жалғыз адам емес еді.

Қазақ ақсүйектерінің едәуір бөлігі және оларға ерген көшпенділер қайтыс болған Уәли ханның үлкен ұлы Ғұбайдоллаға үлкен үміт артты. Көкшетау округінің аға сұлтаны қызметінде бола отырып, Ғұбайдолла сұлтан империялық әкімшілік-саяси өзгерістерге наразыларды өз төңірегіне топтап, қалыптасқан жағдайды хан мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін пайдаланбақшы болып ұйғарды. Қасым төренің ықпалды тобы қолдаған Ғұбайдолла өз ниетін іске асырудың қиын екеніне бірте-бірте көз жеткізіп, аға сұлтан өкілеттіктерін шебер пайдаланып, үкіметке қарсы күштерді топтастыруға бағыт алды. Ал Омбы облыстық басқармасының өкілдері мен Сібір казачествосының командирі, әрине бұл жәйттен бейхабар болмады.

Ғұбайдолла да үкіметтің сыңаржақ әрекеттеріне өзінің ренішін жасырмады. Абылай ұрпақтарының қолдауымен сұлтан бастаған оппозицияның бүкіл іс-әрекетінің түпкі мақсаты – округтік приказдарды жоюға қол жеткізу болды. «Біз Ресей мемлекетіне ұнамайтын ешнәрсе істеген жоқпыз» [4, 324] деп мәлімдеген Ғұбайдолла үкіметке қарсы оппозицияны бастады және Көкшетау округының аға сұлтаны қызметін жалғастыра берді. Ол хан иелену тілегінен бас тартпады және оған орыс үкіметі арқылы жетудің мүмкін еместігіне көз жеткізіп, өз мақсаттарына жету үшін қытайлар жағымен құпия байланыстар жасады.

Атасы Абылайдың сыртқы саяси бағытының дәстүрін жеткілікті дәрежеде жалғастырған Ғұбайдолла сұлтан Ресей мен Цин империясы жөнінде қосбірлік саясатын өмірінің ақырына дейін ұстанды. Ғұбайдолла Петербург сарайының барған сайын өсе түскен ықпалын қайткен күнде де бейтараптандыруға және шығыстағы көршісінің қолдауына сүйене отырып немесе екі империяның Қазақстанға ықпал жасау үшін тайталасы үрдісінде Орта жүздің бұрынғы оқшаулығын біршама қалпына келтіруге ұмтылып, қытай жағымен шын мәнінде достық байланыстар жасады. Оның осы кезеңде Қытайдың қолдауымен Орта жүз ханы танылуына мүмкіндігі болды. Екі империя Ғұбайдолла сұлтанға ықпал ету арқылы өмірлік маңызы бар стратегиялық аймақ үшін тайталасты. Осыған байланысты Орта жүз ханы болуға бірден-бір үміткер Ғұбайдолланы оқшаулау және оның қытайлармен қандай да болсын байланыстарын тыю Батыс Сібір генерал-губернаторы П.М.Капцевич үшін күрделі міндет болды.

1825 жылға қарай Ғұбайдолланың ықпалы айтарлықтай өсті және аймақтағы даулы саяси мәселелерді шешуде маңызды факторға айналды. Енді қазақ халқы оны дала билеушілеріне тән барлық міндеттері бар заңды әмірші деп есептеді.

Ғұбайдолланың кеңінен мәлім болуы патша үкіметін қатты алаңдатып, ол аға сұлтандық қызметінен босатылады. Сұлтанның қуғынға түсуі жақтастарының топтасуын тездете және күшейте түсті.

Осы кезеңде бастауында Қасым төре тұрған халықтық қозғалыс өрши түссе де, қазақ қоғамының ішінде жіктеліс көрінді. Орта жүздің ықпалды феодалдары Қоңырқұлжа Құдаймендин, Жамантай, Қарқаралы округінің аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысов және басқалар Ғұбайдолланың көзқарасына қосылмады. Олар үкімет жағына шығып, өздерінің ықпалындағы ауылдарды отаршылдыққа қарсы көптеген рулар тартылған, кең өріс алып келе жатқан күреске жолатпауға тырысты.

Қызметінен кеткен Ғұбайдолла сұлтан Орта жүздің көптеген руларын азаттық күресіне тарту мақсатымен патша округтерінің әкімшілік билігі әлі қамтымаған аудандарға өзінің сенімді адамдарын жіберіп, болашақ көтеріліс ошақтарын әзірлемекші болды. Ғұбайдолла сұлтан қиын жағдайда ғажайып күш-жігер көрсеткен қайтпас қайсар тұлға болды. Дипломатиялық әдептілікті сақтап, Ресей бодандығына берген антты сөз жүзінде сақтауын жалғастыра берді. Осы арқылы шеп маңындағы ауылдарды өз жағына тартып, жақтастар санын көбейтуге ұмтылды.

1825 жылдың көктемінде хандық басқарудың жойылуына қарсы көшпелілердің кеңейе түскен жаппай қарсылығы жағдайында Цин үкіметінің ресми адамдарының қолдауымен Ғұбайдолла сұлтанның Орта жүз ханы болып сайлану және қытайлықтардың бұл актіні тану ықтималдығы орын алды. Бұл жәйт-губернатор П.М.Капцевичті мазасыздандырды, ол осы этносаяси бірлестіктің нақты жіктелу болашағынан алаңдаулы болатын. Орта жүздің Ғұбайдолла сұлтан бастаған бөлігінің Цин империясының билігіне кетіп, оқшауланған протекторат құруы көпес керуендерінің дәстүрлі маршруты өтетін стратегиялық маңызды ауданды Ресейдің ықпал өрісінен шығарып әкетуі мүмкін еді. Қытай Ғұбайдолланы Орта жүздің заңды жетекшісі деп таныған жағдайда болуы мүмкін ауыр зардаптарды ескере отырып, генерал-губернатор П.М.Капцевич Карбышев бастаған казак отрядын Ғұбайдолланы тұтқындау және қытай делегациясын кері қайтару мақсатында Қарқаралыдан Баянауылға шұғыл аттандырады. Нәтижесінде жеке Сібір казак корпусының штабында әзірленген жоспар жүзеге асырылып, Ғұбайдолла мен оның туған нағашысы ықпалды Шама сұлтан қолға түсіріледі, Қытай делегациясы бейтараптандырылады. Сонымен Ғұбайдолла сәтсіздікке ұшырады, Омбыға апарылып, абақтыға қамалады. Сібір әкімшілігі оның беделді атынан, даңқынан және дала көшпенділеріне ықпалынан қауіптеніп, оппозицияны мүлде басшысыз қалдыру жолын ойластырды. Сөйтіп сұлтанды алыстағы Сібір қалашығы Березовқа жөнелтті. Ол жерден 1840 жылдың қарашасында, халық қозғалысының көсемі Кенесарының табандылықпен талап етуінің арқасында босатып алынды.

Сонымен Қасым төренің наразылық білдіруімен басталған патша реформасына оппозиция, оның әскери-күштеу шараларымен басып-жанышталуына дейін Ғұбайдолла сұлтан басшылық еткен бұқаралық қозғалысқа ұласты. Ғұбайдолланың қозғалысты ұйымдастырудағы тактикалық қателіктері, қоғамның қарама-қарсы екі лагерьге жіктелуі тереңдете түскен саяси жағдайдың қиындығы қозғалысты сәтсіздікке ұшыратты. Алайда Жарғыны күш қолдану әдісімен іске асырудың жалғастырылуы, көрнекті Шыңғыс ұрпақтарының қарсылығын елемеу оппозицияның бытыраңқы күштерінің біртұтас қозғалысқа бірігуін тездетті, оны сұлтан Саржан Қасымұлы басқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
2. Рысбеков Т. Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 528 б.
3. Қойгелдиев М. Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы). – Алматы: Дәстүр, 2014. – 432 б.
4. Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы: оқулық-хрестоматия. – Астана: Фолиант, 2003. – 264 б.

ӘОЖ 94(574)

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ (XIX Ғ.): МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Дуйсенбаева Н.Б.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.**- тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме. Научная проблема, поднятая в статье, является актуальной. Исследователей всегда интересовал вопрос традиционных общественных отношений в

истории Казахстана. Социальная структура казахов претерпела большие изменения в условиях XIX века. В статье рассматривается уровень исследования этих вопросов в отечественной историографии.

Ключевые слова: историография, общество, исследователи, исторический взгляд.

Бұл мәселе бойынша орыс зерттеушісі А.И. Левшин өз еңбегінде [1] XVIII ғасыр мен XIX ғасыр басындағы Орта жүз бен Кіші жүз халықтарының жалпы әлеуметтік жағдайын сипаттай отырып, XIX ғасыр басындағы әкімшілік-территориялық өзгерістердің қазақ көшпелі қоғамы әлеуметтік құрылымының даму эволюциясына ықпалын қарастырады және қазақ қоғамының басқару құрылымындағы ақсақалдар, билер, батырлардың атқаратын рөлін көрсете отырып, әдет-ғұрпы туралы баяндайды [1, 360-374].

Генерал-лейтенант, әскери топограф И.Ф.Бларамберг белгілі еңбегінде [2] қазақ даласының солтүстік-батыс бөліктері және Каспий теңізінің жағалауын мекендеген қазақтар туралы мәлімдей отырып, қазақ қоғамы әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер, оның ішінде шенеуніктердің қалыптасуы туралы деректер береді. Еңбекте Бөкей Ордасында құрылған Уақытша кеңестің басқару құрылымына сай оның құрамы, ру басқарушылары - сұлтандар туралы баяндалады және рулардың бөлімшелерге бөлініп, оны басқаратын жергілікті билеушілер - старшындардың саны 180-ге жеткендігі туралы мәліметтер бар [2, 16].

Кіші жүз қазақтарының саяси құрылысы және әлеуметтік құрылым туралы Л.Мейердің [3] жазбаларының маңызы зор. Автор қазақтардың саяси-әлеуметтік қатынастары туралы, дистанциялық бөліктер, ондағы тұрғындардың міндеткерліктері жайында баяндайды және 1822 ж., 1844 ж. реформаларға елдегі кейбір әлеуметтік топтардың көзқарастары туралы құнды деректер келтіреді. Сонымен бірге, аймақтағы Орынбор генерал-губернаторына тікелей бағынған билеуші-сұлтандар, олардың орыс шенеуніктерімен қарымқатынастарына қатысты мәліметтер бар [3, 260-270].

XIXғ. ортасынан бастап сыртқы және ішкі саяси қатынастарға байланысты қазақ халқының тарихы жүйелі зерттеле бастады. Әсіресе қазақ жеріндегі жүргізілген әкімшілік-территориялық өзгерістер кеңінен қарастырылды. Әкімшілік-территориялық өзгерістердің қоғамның әлеуметтік құрылымына әсері К.Гейнс, Л.Ф.Баллюзек еңбектерінде бейнеленді. Әкімшілік-территориялық өзгерістер жасауда өзіндік үлесі бар Орынбор губернаторларының бірі К.Гейнс еңбегінің [4] ерекшелігі, онда Орынбор ведомствосындағы билеуші-сұлтандар мен одан төменгі басқару ұйымдарының қызметтерін сипаттай отырып, басқаруды жетілдіру үшін облыстарға бөлу және билікті нақтылау мақсатында атқарушы, әскери полициялық билікті облыс басқарушысының қолына шоғырландыру керектігі жөніндегі пайымдаулары ұсынылған.

Қазақ даласында жүргізілген әкімшілік өзгерістерді жасауға белсене атсалысқан XIX ғасырдағы қазақ өлкесін зерттеушілердің бірі, Торғай облысының тұңғыш губернаторы, ОГҚ Орынбор бөлімшесінің төрағасы Л.Ф.Баллюзек өз еңбегінде [5] 1868 жылғы 21 қазандағы ереже бойынша Торғай облысының әкімшілік-территориялық бөлінісіне тоқталады. Еңбекте облыстағы болыстар, уездер, ауылдар мен шаңырақ санын бейнелейтін мәліметтер кездеседі.

Хандық биліктің жойылуынан кейінгі жергілікті әкімшілік-шенеуніктік аппараттың, яғни билеуші-сұлтандар, болыс басқармалары, ауылдық басқарушылардың қалыптасуы туралы кеңінен баяндайтын. А.Добросмысловтың «Торғай облысы. Тарихи очерк» атты еңбегі құнды болып табылады. Ол дистанциялық жүйе қызметінің сипаттамасын береді және жаңа басқарушылар - билеуші-сұлтандар жайында биографиялық мәліметтер келтіреді.

Атақты ғалым Ш.Уалихановтың еңбегінде [6] қазақ қоғамында елеулі рөл атқарған билер соты, патшалықтың хандық билік бағытындағы реформалары және билердің әлеуметтік рөлі зерделенеді. Бұдан басқа ғалым қазақтар арасына орыстар жіберген татар молдаларының отаршылдық кері тартушылық әрекеттерін сынайды.

Қазан төңкерісіне дейінгі зерттеушілердің арасында И.И.Крафтың [7] еңбегінің ерекшелігі ол тұңғыш рет қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының эволюциясын береді. Еңбектен әлеуметтік топтар - старшындар, билер мен тархандардың қоғамдағы орны туралы мәліметтер алуға болады.

XIX ғ. қазақ қоғамында қалыптасқан дворяндық туралы зерттеуде Ресей империясындағы дворяндық сословиенің қалыптасуы мен құрылымы, әлеуметтік және құқықтық ерекшеліктері туралы білудің маңызы зор. Бұл бағытта П.Н.Петров [8] екі кітаптан тұратын еңбегінің «Князья Чингисы» атты бөлімінде тұңғыш рет дворяндық сословиені құраған қазақ хандары мен сұлтандары туралы мәліметтер келтіреді. Ресей мемлекетінің дворян статусын иеленген сұлтандар - Нұралы, Ералы, Айшуақ есімдері және Бөкейдің ұлдары - Жәңгір, Әділ, Меңдігерей, сол сияқты Ішкі орда ханы Жәңгірге генерал-майор шені берілгендігі жөнінде айтылған. Сонымен қатар, Жәңгір балаларының орыс армиясының әскери және азаматтық шендерін иеленгендігі туралы деректер берілген. Олай болса, қазақ дворяндары туралы мәліметтер орыс тарихнамасында қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде де мәлім болды.

Қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген еңбектерді саралай отырып, қазақ халқын зерттеумен айналысқан орыс шенеуніктері мен шығыстанушыларының еңбектерінде қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы арнайы зерттеу обьектісіне айналмағаны және зерттеу жұмыстары патша үкіметінің отарлық саясатын жүзеге асыру мақсатында жүргізілгендігі байқалады. Бірақ соған қарамастан қазан төңкерісіне дейінгі еңбектердің зерттеу тақырыбы үшін маңызы өте жоғары.

Қазан төңкерісінен кейінгі 20-30 жж. Қазақстан тарихына қатысты жазылған А.П.Чулошниковтың «Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских народов», еңбегінде қазақ елінің әлеуметтік-саяси дамуы басқа түркі тілдес халықтардың тарихымен жалпы байланыста қарастырылады. С.Д.Асфендияровтың зерттеуінде саудагерлер мен алыпсатарлар пайда болуы қарастырылса, М.П.Вяткиннің «Батыр Сырым» еңбегінде әлеуметтік құрылымның эволюциясына сипаттама бере отырып, хандық биліктің жойылуы және қазақ көшпелі қоғамындағы старшындардың рөлі туралы баяндайды.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның жалпы сипаты белгілі тарихшы Е.Б.Бекмахановтың еңбектерінде [9] жеткілікті айтылады, әрі аталмыш кезеңдегі қоғамның әлеуметтік құрылымына талдау жасалады. Қазақ қоғамын басқарушы аға сұлтандар мен билеуші-сұлтандардың Ресейдің дворяндық статусын иеленгендігі туралы патша шығарған заңдардың үзінділері келтірілсе де, дворяндар мен құрметті азаматтар тегі зерттеудің негізгі обьектісіне айналмаған. Ақсүйек пен қарасүйек өкілдерін құрайтын жекелеген әлеуметтік топтарға талдау жасалады, бірақ кеңестік идеологияға сай ақсүйек топтың өкілдері сұлтандарға, шонжарларға үстем, қанаушы тап ретіндегі көзқарас сипатталған. Е.Б.Бекмаханов қазақ қоғамында қалыптасқан әлеуметтік топтар - құлдар мен төленгіттердің шығу көзі, пайда болуының әлеуметтік-экономикалық негізін талдай отырып, олардың еңбегін пайдаланудың формаларын анықтайды. Сол сияқты, автор еңбекте, батырлар мен жатақтар категориясы және олардың жағдайы, патша үкіметінің жатақтарға қатысты отырықшыландыру саясаты және жатақтардың санына, жас құрамына, кәсібіне, олардың мүліктік жағдайына тоқталады. Заман ағымына сай марксистік тұрғыдан зерттелген еңбектерде пролетариаттың рөлі мен мәні жоғары көрсетіліп, жаңа әлеуметтік топтар туралы айтылмайды.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы туралы мәліметтер В.Ф.Шахматов [10] пен М.П.Вяткин [11] зерттеулерінде де кездеседі. Олар әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді азаттық қозғалысының бір себептері ретінде сипаттайды. Олардың барлығы байлар, батырлар, жатақтар мен қоңсы әлеуметтік топтары туралы қарастырғанмен жаңа әлеуметтік топтарға назар аудармайды, сөйтіп, қазақ қоғамының сословиелік-топтық құрылымы зерттеушілердің назарынан тыс қалып отырды.

Жекелеген әлеуметтік-сословиелік топтар туралы кеңестік дәуірде жарық көрген

зерттеулер қатарындағы Н.Е.Бекмахановаңың Орта жүздегі сұлтандық пен оған қатысты патша үкіметінің саясатын бейнелейтін еңбегі [12] қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік құрылымының эволюциясын зерттеуде маңызды болып табылады.

XIX ғасырдағы қазақ жерінде патшалы Ресейдің жүргізген территориялық-әкімшілік өзгерістерінің дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымына ықпалы жүйелі түрде зерттеле бастады. Олардың қатарында Б.С.Сүлейменовтың, С.З.Зимановтың еңбектерін атауға болады. Белгілі тарихшы Б.С.Сүлейменовтың «Об административном устройстве казахской степи по реформе 1867-1868 гг.» атты еңбегінде 1867-68 жж. Ресей үкіметі жүргізген реформалардың мақсаты, сипаты мен оның кейбір салдары және қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтар - сұлтандар туралы баяндалады.

Қазақ елінің XIX ғасырдағы саяси-әлеуметтік қатынастарын анықтауда ғалым С.З.Зимановтың «Политический строй Казахстана в конце XYIII и первой половине XIX вв.» зерттеуінің маңызы зор. Онда мұрағат деректеріне сүйене отырып, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның саяси құрылымының жағдайы және оның өзгеріске ұшырауы қарастырылады. Хандық билік кезіндегі және хандық билік жойылғаннан кейінгі жергілікті басқару ұйымдарының құрылымына терең талдау жасалады. Әсіресе хандық билік жойылғаннан кейінгі жаңа басқару жүйесінің орнауы және олардың қазақтардың қоғамдық өміріндегі роліне назар аударады.

Мемлекеттік қызметтердегі қазақ билеушілерінің қызметтік өсу тарихын, дворяндық статусқа қол жеткізудегі мүмкіндіктерін анықтауда бұл еңбектің үлесі зор болып табылады. С.З.Зимановтың келесі «Общественный строй Казахстана в конце XYIII и первой половине XIX вв.» атты зерттеуінде қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік құрылымына жан-жақты талдау жасалады, көшпелі шаруашылықтың өндіргіш күштері қарастырылады. Әсіресе жерге феодалдық меншіктің пайда болуын, осының негізінде әлеуметтік топтардың жіктелісін ашып көрсетіп, Ресей экономикасының қазақ хандықтарына әсері болғандығын айтады. Тархандар, билер және басқа да әлеуметтік топтар туралы айтылса да, құрметті азамат және дворяндық статусты иеленгендер, діни қызметкерлер, қалалық сословие өкілдері - мещандар, көпестер туралы сөз қозғалмайды.

Ғалым Г.С.Сұлтангалиеваның еңбегінде [13] қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының эволюциясы арнайы талданады. Әкімшіліктерриториялық шаралар, діни ұйым - Орынбор мұсылмандық жиынының қызметі, көпестердің кәсіпкерлік қызметтері туралы мәлметтер кездеседі.

Соңғы жылдары жарияланған қазақ халқының дәстүрлі әлеуметтік институттарын зерттеуге бірқатар еңбектер арналған. Солардың бірі Ж.М.Жанпейісованың диссертациялық еңбегінде [14] XIX ғ. ортасы мен XXғ. басындағы Ресей империясының саяси жүйесінің қазақ қоғамына ықпалы зерттелген. Автор қазақ көшпелі қоғамындағы әлеуметтік топтар сұлтандар, хандар, билер, ақсақалдардың XIX ғ. бірінші ширегіне дейінгі кезеңдегі дәстүрлі рөліне сипаттама бере отырып, реформалардан кейінгі дәстүрлі қоныстану мен генеалогиялық байланыстарға әсері жайында сөз қозғайды және әлеуметтік топтардың қоғамдық рөлінің өзгере бастағанын көрсетеді.

Осы сынды қазақтардың әлеуметтік құрылымындағы билер институты А.Оразбаеваның зерттеу жұмысының [15] негізгі нысанына айналған. Автор билердің қалыптасу тарихы мен эволюциясын, оның әлеуметтік, саяси, идеологиялық қызметтерін, тарихтағы ролін жан-жақты қарастырады. Бірақ еңбек тек XVIII ғасырға арналған.

Қазақ жеріндегі хандық биліктің эволюциясы және Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселесі И.В.Ерофееваның зерттеулерінде [16] қарастырылады. Патша үкіметінің әкімшілік территориялық өзгерістерді енгізуі нәтижесінде ресейлік үлгіде құрылған басқару аппаратының құрылымына талдау жасалады. Отандық тарихнамада тұңғыш рет халық санағы материалдары бойынша қазақ арасынан шыққан дворяндардың саны келтіріледі. XIX ғасырдың аяғында қазақтар арасында 876 ата тегінен бергі дворян және 94 жеке дворян болған. Олардың ішінде 752 ата тегінен бергі дворян, 51 жеке дворян - Дала қазақтарына тиесілі болса, 124 ата тегінен бергі дворян және 43 жеке дворян -

Түркістан өлкесіне тиесілі болды [16, 182]. Еңбекте патша үкіметінің қазақ сұлтандары мен басқа да әлеуметтік топтарды мемлекеттік қызметке тартуы және олардың орыс дворяндары сияқты кейбір жеңілдіктер алғандығы туралы айтылады.

Әлеуметтік жағынан үстем болған қазақ сұлтандарына деген біржақты таптық көзқарастан арылған зерттеу жұмыстардың қатарында ғалым Ж.К.Қасымбаевтың орыс армиясының әскери шенін иеленген қазақ сұлтанының бірі - Баймұхамбет Айшуақов туралы зерттеуін атауға болады. Монографияда [17] тұңғыш рет XIX ғасырдағы қазақтың көрнекті мемлекет қайраткері, генерал-майор, Кіші жүздің билеуші-сұлтаны Баймұхамбет Айшуақовтың өмірі мен қызметі баяндалады. Оның Орынбор Шекаралық Комиссиясы басқармасымен, Шыңғыс ұрпақтары - қазақ сұлтандарымен, сол сияқты ұлт-азаттық қозғалыстың көрнекті басшыларымен, Астрахань және Саратов сияқты ірі губерниялардың шенеуніктерімен қарым-қатынасы жанжақты сөз болады. Бірақ бұл еңбекте Баймұхамбет Айшуақовтың дворяндық сословие ретіндегі қоғамдағы орны, әлеуметтік құқықтық артықшылықтары туралы айтылмаған.

Тақырыптың зерттелу деңгейін саралай отырып, мәселенің бұрын зерттелмегеніне көз жеткізуге болады, мұның өзі тақырыптың өзектілігін арттыра түседі. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында болған әлеуметтік саяси құрылыстардың әлеуметтік-сословиелік құрылымын өзгерісіне ықпал еткендігі, сонымен бірге қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік-мәдени құрылымында басты дамытушы күш болған олар әлеуметтік сословиелер толық зерттелмеді. Олардың қоғамның экономикалық мәдени дамуына қосқан үлестері жеткілікті бағаланбады.

Қазақстан тарихы ғылымында аталмыш мәселе жөнінде бірде-бір дербес ғылыми зерттеу болған жоқ. Тақырыптың өзектілігі мен ғылыми талдау жағдайына орай мынадай мақсаттар мен міндеттер туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей.- Алматы: Санат, 1996.- 656 с.
2. Бларамберг И.В. Военно-статическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) Орды.- Оренбург, 1848.- 245 с.
3. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб, 1865.- 144 с.
4. Гейнс Л. Киргизские очерки // Военный сборник, 1856, Т.YIII, IX, X. № 1,6,7
5. Баллюзек Л. Новое административное деление Тургайской области, пространство ее, народонаселение и населенность. // Записки Оренбургского отдела РГО // вып. 1, 1870
6. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе. Суд биев в древней народной форме // Собр. соч.: в 5 т. – Алматы: Наука, 1985.- 554 с.
7. Крафт И.И. Из киргизской старины.- Оренбург, 1900.- 240 с.
8. Петров П.Н. История родов русского дворянства. СПб, 1886.- 126 с.
9. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Санат, 1994.- 416 б. О зависимых феодальных категориях – рабах и тюленгутах (первая половина XIX в.) // Вестник АН КазССР, 1947. №6
10. Шахматов В.Ф. К вопросу о расслоении казахского аула в первой половине XIX в. // Вестник АН КазССР, 1957. №7
11. Вяткин М.П. Тюленгуты в XYIII-XIX вв. // Известия Каз. филиала АН СССР. Серия историческая. Вып. 1, 1940
12. Бекмаханова Н.Е. Царское правительство и институт султаната среднего жуза в XIX веке. // Известия АН КазССР, 1968, № 2
13. Султангалиева Г.С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XYIII – начало XX вв.). Уфа, 2001.- 208 с.

14. Жампеисова Ж.М. Функционирование традиционных властных институтов казахов в колониальной системе Российской империи. Автореф. дис. к.и.н. Алматы, 2004
15. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты.- Алматы: Ана тілі, 2004.- 175 б.
16. История Казахстана: народы и культуры.- Алматы: Жалын, 2000.- 315 с.
17. Касымбаев Ж. Казахи-генералы Российской империи. Генерал, султан-правитель Баймухамед Айшуаков (1790-1847).- Алматы: Өлке, 2000.- 188 с.

ӘОЖ 94(574)

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ

Акдаулетова К.Х.- «Шетел тілі:екі шетел тілі «мамандығы
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Түйіндеме. *Берілген мақала ұлы қоғам қайраткері, ұлт жанашыры, қазақтың ұлы тұлғасы, жазушы, ақын Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына жасаған орасан зор еңбегі туралы жазылған. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының қоғамға жасаған қызметтері мен өмірбаяны қысқаша түрде берілген. Ахаң құрған идеяның қазіргі Қазақстан республикасына тиіп жатқан орасын зор септігі де талқыланып өтілді.*

Тірек сөздер*:алауыздық ,ұлт жанашыры, отаршылар, құндылықтар*

Ұлт жанашыры, аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынов (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) – Алаш қозғалысының көсемі, ұлттық ғылымның негізін салушы, ақын, аудармашы болып табылады. Ахмет Байтұрсынұлының тұғырлы тұлғасын, ұлттың рухани ұстазы ретіндегі көшбасшы көсемдігін бәрінен бұрын оның қоғамдық-әлеуметтік қызметтері айқындайды. Ахмет Байтұрсынов Алаш қозғалысы аясындағы қоғам қайраткері ғана емес, кеңестік Қазақстанның алғашқы жылдарында лауазымды мемлекеттік қызметтер атқарған адам. Ол өзіне бірінші кезекте басты нысана етіп жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді таңдап алды да, оларды туған елінің мүдделеріне сай шешу үшін еңбектенді. Ахмет Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі – Байтұрсынов болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылады. Оған тағылған айыпта: халық арасына іріткі салып, «өзін-өзі автономиялық басқару идеясын таратты, орыс пен қазақ арасында өшпенділік қоздыру ісімен айналысты» деп көрсетілген. ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсыновты қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборда 1910 -1917 жылдары тұрды. Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Осы қалада 1913-1918 жылдары өзінің ең

жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Ұлы ұстаздың туған халқына істеген қызметінің үлкен бір арнасы – қазақ баспасөзін қалыптастыру. Ол өзі аяғынан қаз тұрғызған қазақтың тұңғыш бейресми «Қазақ» газеті арқылы ұлттық баспасөздің негізін қалады. «Қазақ» газеті – алғашқы шынайы жалпыұлттық саяси-қоғамдық газет болды. Өз кезінде газет бүкіл қазақ қоғамына қатысты мәселелерге ой жіберіп, өзіндік көзқарасын, беттүзер бағыт-бағдарын үнемі білдіріп отырды. Бұл басылым қазақ зиялыларының саяси орталығы ретінде барлық саясиәлеуметтік іс-әрекеттердің ұйымдастырушысы да бола білді. Газет қазақ халқын өнер-білімді игеруге шақырды.

А.Байтұрсынов Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынов пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру-жүз аралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары мойындады. Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсыновты бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынов 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

1920 жылы В.И.Ленинге Кеңес үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 жылы 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы Байтұрсыновтың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 жылы тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920-1921 жылдары Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.

1921-1925 жылдары Орынбордағы, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ береді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына профессор қызметіне ауысады.

Ф.И.Голощекиннің нұсқауымен Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңында тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 жылы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынов ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды. 1937 жылы 8 желтоқсанда ату жазасына кесілді. Абақтыда отырған кезінде тергеушілердің қойған сауалына: «Менің идеалым – қазақ халқының тұрмыс жағдайын, мәдениетін мүмкін болғанша көтеру, ал мұның өзі оның игілікті дамуының алғышарты болғандықтан мен осы мұратты қандай билік қамтамасыз ете алса, соған риза болмақпын» деп жауап қайтарған еді. Байтұрсыновтың алғашқы шыққан «Қырық мысал» (1909) кітабында Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жеткізсе, «Маса» (1911 ж.) кітабында ақынның азаматтық арман-мақсаты кестеленген. Ел тағдырының келешегіне алаңдаған ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының көсемі болды. Алаш қозғалысы тұсында 1918 – 1919 жылдары Ахмет Байтұрсынов жаңа өткел, соны өріс іздейді. Ұлт азаттығы жолындағы күрес басшыларының бірі болады. Азапты толғаныс, күрес революциясынан өтіп барып, 1919 жылдың наурыз айында бұрынғы ұлт интеллигенциясының кейбір өкілдерін өзімен бірге алып, қазақ халқының мүддесі үшін қызмет етеді деген үмітпен Кеңес өкіметі жағына

өтеді. Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық Комитеттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады.

«Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш - ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш - ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді. Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды. Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін елім, жерім деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. Қазақ халқының үздік білім алған, кең ойлы патриот саңлақтарының пайда болуымен тұңғыш ұлттық Алаш үкіметі құрылып, қазақтың саяси идеясының негізі қаланды. Алаш қозғалысының лидерлері халықтың өзіндік санасын жоғары көтеріп, ұлттық бостандық идеясын ұсынды, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бойынша бірізді бағыт ұстанды. Алаш жетекшілерінің ұлт-азаттық ұрандары сол дәуірдің оқыған талапты, талантты жастарын баурап алды. Туған халқының халін сезіп, біліп өскен өрелі жас буын өкілдері ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің идеяларын қолдап, солармен бірге қимыл жасады. Қозғалысқа қатысты құжаттардан Алаш қайраткерлерінің оларды іске жұмылдырып, қажет жерінде тиісті тапсырмалар беріп отырғандығын байқауға болады. Алаш қозғалысына қатысқан 17-25 жас аралығындағы жастардың ішінен кейін көптеген мемлекет, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар шыққаны белгілі.

Алаш қозғалысы совет өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы. Тарихтан білетініміздей, 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында Бірінші жалпықазақ съезі өтті. Осы съезде Алаш партиясының бағдарламасы жарияланды. Ал оның негізгі ұстанымдары: Біріншіден – Ресей демократиялық федеративтік республика болуы керек. Оның құрамындағы әрбір мемлекет тәуелсіз түрде әрекет етеді. Екіншіден – Ресей республикасында тең құқықтық, тұлға, сөз, баспа, ұжымдар ерікті болады. Үшіншіден – дін мемлекеттен бөлінеді. Барлық діндер тең құқылы. Төртіншіден – билік пен сот әр халықтың ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет, би мен сот жергілікті халықтың тілін білуі шарт, т.б. Алаш қозғалысының, Алашорда жетекшілерінің аса ірі тарихи еңбегі қазақ жерін сақтап қалуымен байланысты. Осы күнгі Қазақстан Республикасы жерінің тұтастығы мен сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің орасан зор еңбегі бар. Олардың кеңес үкіметінің басшыларымен келіссөздері, әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының осы

бағыттағы қажырлы еңбегі кейін, Қазақ автономиялық советтік социалистік республикасын құру кезінде осы автономияның аумағын белгілеуде шешуші маңызға ие болған. Қозғалыс көшбасшысы Ахмет Байтұрсынов: «басқалардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек! Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек!» деген еді. Уақытынан оза туған Алаш қайраткерлерінің идеялық мұрасын терең зерттеп, бүгінгі күннің қажетіне жаратып, олардың ісін жалғастырған абзал. «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы мемлекет үшін қажетті саяси, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық атрибуттарды қалыптастыруды қажет етті. Алаш қайраткерлері бұл салада да өнімді еңбек етті. Олардың қазақ ұлтын ұйыстырудағы, оятудағы бірнеше жылдық пәрменді әрекеттерінде жоғарыда аталған қажеттіліктер көрініп жатты.

Дербес мемлекет болып қалыптасқан бүгінгі күнде алаштық идея саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі: Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты – ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында. XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі – тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі қазақ зиялы қауымының ісіндегі, ойындағы алашшылдық сана. Бұл алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек.

Рухани жаңғыру мәселесі – ұлттық құндылықтық бағдарларымызды жаңаша мазмұнда қарастыруға жол ашатын негізгі ұғым. Қоғамның рухани жаңғыруы – бірден бола салатын құбылыс емес, сол себептен де ұлттық құндылықтар жүйесі туралы толғамды ойларды, тұщымды пікірлерді тәуелсіз ел болғанымызға ширек ғасыр болғанда тереңінен қозғап талдаудың және оны жүзеге асырудың мүмкіндіктері туып отыр. Осыдан бір ғасыр бұрын ұлт тарихында ойып тұрып орын алған, алты Алаштың арманын ұлттық идеяларымен Алаш ұранды қазақтың басын біріктіргісі келген бірден-бір үкімет – Алаш Орда. Ол қуатты мемлекеттің ұлы тарихы мен ұлттық әскері болу керектігін сол ғасырда ойластырды.

Сахарадай жазық, ұлан-байтақ жерімізді сақтап қалып, ұлт ретінде династиялы өмір сүруімізге – Қазақ Ордасы жәрдемші болды десек, дербес мемлекет құрып, ұлтымыздың рухын көтеріп, саяси элита бір ортаға шоғырланып, тарих аренасына шығып, Қазақстан мемлекетінің қалыптасуына Алаш қозғалысы сүбелі үлес қосқан болар еді. Мемлекет басшысы: «Ұлттық идеяны қалыптастыру біздің өз тарихымызды жаңадан оқу негізінде ғана мүмкін болады. Сондықтан ұлттық идеяның формуласы ұлттық тарихта жатыр», – деген еді. Ендеше Ұлт тарихы, Қазақ хандығының тарихы, Алаш Орда үкіметінің тарихы бүгінгі жаңа тұрпатты Қазақстан мемлекеттінің қалыптасуына маңызды рөл атқарды. Жоғарыда айтқанымыздай мықты мемлекет болу үшін әскері қуатты, қилы заманды бастан кешкен тарихы қатпарлы, саяси элита да ұлттық партиясы мен ұлттық идеясы ұштасқан, ұлтын бір шаңырақтың астында ұлттық бірігуге ұйыстырған болуы қажет. Алаш мұрасы – ұлттық құндылықтар жүйесінде маңызды орын алатын рухани игілік. Алаш қозғалысының тарихы – отандық ғылым үшін қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. «Ұлтының мәңгілігін ойлаған ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық еңбектерін бағалау – есі бар ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы» деп білеміз. Алаш қайраткерлері өмір сүрген кезең мен бүгінгі кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар екендігі рас. Алайда заман өзгергенмен, Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру сияқты іргелі мәселеде олардың сан-салалы мұрасы мен ұлы істерінен алар тағылым мол. Алаш қозғалысына өткен дәуірдің тарихы ретінде ғана қарамай, оны бүгінгі заманымызбен үндес өміршең көзқарастар жиынтығы ретінде бағалап, яғни, бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатқандығына мән беріп, одан өрісті өнеге, ғұмырлы ғибрат алуымыз керек.

Алаш идеясына біз адалдық танытып жүрміз бе? Осы сауал кейінгі уақытта жиі мазалайды. Мемлекеттік тіл де – елтаңба, әнұран, мемлекеттік ту секілді Қазақ мемлекетінің символы, елдігіміздің нышаны. Осы орайда кейінгі ұрпақ санасына осы бабаларымыз салып кеткен сара жолға бағыттай отырып тәрбиелесек, алдағы келешектің жарқын болатыны сөзсіз. Қазақстанның қазіргі жағдайы мен, келешегі қалай боларын тек болжап қана отырмай әрекет жасау біздің ең бастапқы мәселелеріміздің бірі болуы қажет деп ойлаймын.

Пайдаланылған дереккөздер

1. https://bilim-all.kz/article/12289
2. https://tbi.kz/wp-
3. https://e-history.kz/kz/news/show/3485/
4. https://www.google.com/search?q
5. https://ulagat.com
6. https://qazaquni.kz/alash/13832-ahmet-bayt-rsyin-lyi-zh-ne-alash-ta-lyimyi
7. https://tbi.kz/wp-content/uploads.pdf
8. Источник: https://e-history.kz/kz/news/show/3485/
   © e-history.kz

ӘОЖ 081

А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ДИДАКТИКАҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Серикбаева Г.Ж.
Алматы технологиялық университеті,
МТжШТ кафедрасының сениор -лекторы, п.ғ.к.
Алматы, Қазақстан
gulshat.serikbaeva@inbox.ru

Резюме*.В данной статье духовный лидер казахского народа А. Байтұрсынова. Описаны педагогические взгляды и вклад Байтурсынова в языкознание. Рассмотрен анализ лингвопедагогических аспектов произведения «Учебник».*

Ключевые слова: *Учебник, педагогическое наследие, фонетика, казахское языкознание, термины, переводчик, ученый*

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып

қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады.Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім- тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі- бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек, нұсқау болатын түзу жол емес пе?! Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі — қазіргі жаңа заманға өте керек. Ахмет Байтұрсынов бай педогогикалық мол мұра қалдырды. Ахмет Байтұрсынов өзінің ғылыми педогогика тәрбие процесінің ерекшеліктерін негізгі кезеңдерін басқа құбылыстармен байланыстырып қарастырады.Олардың заңдылықтарын анықтайды.[1,]

Ғылыми философия құлықтық және эстетикалық тәрбиеге байланысты мәселелер зерттеуде педогогика этикамен, эстетикаға ал оқыту мен білім беру проблемаларын зерттеуде таным теориясына сүйенеді. Педогогика ғылымы философиялық білімді басшылыққа алып, тәрбиенің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге үлесін қосады.

Ахметтің жастарға ұсынған адамгершілік жолы адалдық және ғылымды игеру. Ол үшін жастарды адал еңбек етуге, өз мінін өзі көріп түзете білуге шақырады, бар білмнің түп төркіні ақыл деп қорытындылайды[2,] Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, қазақ жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін «фонетика», қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі педогогикаға қосқан үлесі екенін көруімізге болады.

Ахмет Байтұрсынов бай педогогикалық мол мұра қалдырды. Ахмет Байтұрсынов өзінің ғылыми педогогика тәрбие процесінің ерекшеліктерін негізгі кезеңдерін басқа құбылыстармен байланыстырып қарастырады. Ғылыми философия құлықтық және эстетикалық тәрбиеге байланысты мәселелер зерттеуде педогогика этикамен, эстетикаға ал оқыту мен білім беру проблемаларын зерттеуде таным теориясына сүйенеді. Педогогика ғылымы философиялық білімді басшылыққа алып, тәрбиенің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге үлесін қосады. Ахметтің жастарға ұсынған адамгершілік жолы адалдық және ғылымды игеру. Ол үшін жастарды адал еңбек етуге, өз мінін өзі көріп түзете білуге шақырады, бар білмнің түп төркіні ақыл деп қорытындылайды. Байтұрсыновтың оқулықтары, мақалалары Қ. т. б-нің грамматика саласының қалыптасуына да негіз болды. Ғалым сөз жүйесі мен түрлері, сөйлем жүйесі мен түрлері деп атаған оқу құралдарында қазақ тілінің морфология, синтаксис салаларын арнайы зерттеп, оқушыларға түсінікті де жеңіл тілмен жеткізуге тырысты. Осы еңбектер арқылы сөз тіркесі, сөйлем, бастауыш, баяндауыш, зат есім, етістік, толықтауыш, т.б. атаулар қалыптасып, тұрақталды. Байтұрсыновтың грамматика саласындағы еңбектерінде функционалды грамматика, сөзжасам мәселелері де сөз болды. Ғалымның сөзжасамға қатысты тұжырымдары кейінгі еңбектерде дамытылды[3,6]

«Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың

жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. А.Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді [4,]

Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсыновтың ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсыновтың 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922 жылы қалаларында салтанатты түрде аталды. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсыновтың қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады [5,] Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хүкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясында]]» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М.Баталов пен М.С.Сильченко|Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-тың қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаха- наларында жарық көрген [6].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегенциясы өкілдерін баулуынан танылады. Ахммет Байтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы — ағартушылық идеясы болды.

Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл плдтформаны мықтап ұстауға итермелеген- оның туған халқының тағдырын ойлаған қам- қарекеті.XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын.Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал- әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, «наландық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты».

Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәллдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап- түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі- үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны — халқының білім- ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп — қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді[7].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды- жіңішкелі үндестік зааңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаха- наларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды[8].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша[1],

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі. Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды. Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды:ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің граматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған[9,]. Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегенциясы өкілдерін баулуынан танылады. Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. “Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол… Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет.

Қорыта келсем кеңес дәуірінде Ахмет Байтұрсынов есімін атаудың өзі қылмыс саналса, еліміз тәуелсіздік туын тіккеннен кейін халқымыз өзінің ұлы перзентімен қайта табысып отыр.Тау сілеміндей мол мұра оқырман қолына тие бастады.Қазақстан Республикасының арнаулы қаулысы бойынша республикамыздың әр жерінде шаруашылықтарға, мектептерге, көшелерге және Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынов есімі берілді. Сөйтіп, тарихи әділет, шындық салтанат құрды; халқының бостандығы, тәуелсіздігі, еркіндігі үшін тар заманда жан аямай күрескен ұлы замат Ахмет Байтұрсынов ұлт күрескерлерінің сапына келіп қосылды.

А. Байтұрсынұлы өзін ең әуелі мұғаліммін деп санаған. Сондықтан педагогикалық қызметін ең қиын кездердің өзінде тастаған жоқ, қайта сәл мүмкіндік болса соны пайдаланып отырған. Балалар үшін «Әліппе» жазды. «Айқап» жұрналында «Дұрыс жазу емлесін» жариялады. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, жас республиканың халық ағарту комиссары болып тұрған кезінде сауатсыздықты жою мәселесінде көп істер тындырды. Оның басшылығымен жаңа мектептер, жоғары оқу орындары, орта кәсіби білім беретін училищелер ашылды. Ең бірінші ашылған педагогикалық институтта Ахметтің өзі сабақ берді.

Байтұрсынұлының сол замандағы әлемдік дидактика ғылымындағы оқыту әдістерін талдаған мақалалары, әдістемелік «Баяншы» кітабы отандық кәсіби дидактика ғылымының дамуына негіз қалады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Р.Дүйсенбаев «Қазақ алфавиті туралы мәселеге, ДУГ, 1897, №10
2. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. Алматы, «Ғылым», 1993, 18-20 – беттер
3. «Айқап», 1912, № 4 – 5, «Жазу тәртібі» деген мақаласында
4. Н.Әміржанова латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929-40жж.). канд. дисс. автореферат. Алматы, 2010ж.
5. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 1991..
6. Әбілова З. Этнопедагогика. -А., 1997.
7. .Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет. ISBN 5-7667-2616-3
8. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса – Алматы: “Аң арыс” баспасы, 2009
9. “Қазақстан”: Ұлттық энцклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123

ӘОЖ 94(574)

БИЖАН ЖАНҚАДАМОВ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байболова С.С.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.**- тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме: *Научная статья посвящена проблеме историографии. Бижан Жанкадамов - один из видных деятелей Западного отделения Алашорды. Его жизнь и деятельность мало изучены в отечественной истории. В публикации анализируются труды об исторической личности.*

Ключевые слов: *историография, деятель, исторический анализ, алаш.*

Отан тарихы ғылымында соңғы кезде Алашорда проблемасы алға шықты. Мұны түсінуге де болады. Кезінде бұл тақырыпқа байланысты маркстік-лениндік кеңес тарихнамасының өкілдері тарихи шындықтан тым алшақ тұжырымдар жасады. Сөйтіп, монокоммунистік өктем идеологиялық нұсқа бұл мәселеге қатысты шынайы ғылыми ой-пікірдің қоғамдық санада орын алуына жол бермегені түсінікті. Осы тұрғыдан алғанда бұл зерттеудің өзектілігі ешқандай күмән тудырмасы хақ.

Қазақстан егемен ел ретінде тәуелсіз өркениетті даму жолына түсіп, барлық ұлттық-рухани байлығымызды қайта жаңғыртқан тұста, елдің өткен тарихын жаңаша зерделеуге мүмкіндік берді. Қазақ тарихын қайта қалыптастыру бағытында, бүгінге дейін бұрмаланып, ақиқаты айтылмаған немесе біржақты бағаланған тарихи оқиғаларды жаңаша саралау шаралары жүзеге асырылып, тарихта өзіндік із қалдырған тұлғалардың ғұмырнамасын жасау қолға алынды. Соған байланысты ұлт қайраткерлерінің туған еліне, халқына сіңірген еңбегін, қоғамдық-саяси және әлеуметтік процестердегі алар орнын ашу және олардың қайраткер ретінде қалыптасу мәселелеріне көп көңіл бөліне бастады. Олардың қатарына XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында қалыптасқан қазақ зиялыларын жатқызуға болады.

XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар мен процестерде ел мен жер тағдырын тереңнен ойлаған ұлт зиялылары қазақ халқын Ресейдің отарлық езгісінен босатып, елді өркениетті тәуелсіз мемлекет етіп қалыптастыру бағытында саяси күреске шықты. Қазақ қоғамының ең өзекті мәселесі болған - отарлық езгіге қарсы халықтың ұлттық санасын оятып, өзара бірлікке жеткізу мақсатында біртұтас идеологияның қажеттілігін түсінді және оны жаңа кезеңге сай жүйелеп, қалыптастыру жолында орасан зор жұмыстар атқарды.

Бүгінде қазақ халқының рухани, ұлттық санасының қалыптасуына зор үлес қосқан ұлт зиялыларының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтерін зерттеу отандық тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Шоқтығы биік тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін кеңінен зерттеу, ұстанған бағыттарын айқындап көрсету және олардың қайраткерлігіне, еңбегіне объективті баға беру, ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса қажет.

Қазақстанның ірі тарихи тұлғаларының бірі – көрнекті қоғам қайраткері, алаш азаматтарының көшбастаушысы деңгейіне көтерілген Бижан Әбілқасұлы Жанқадамов. Кешегі орыс империясы қазақ халқының саяси билігін біржола айырып, мемлекеттік басқару тізгінін түбегейлі өз қолдарына алып, қазақ игілерін жік-жікке бөліп, орыстандыру, қоныстандыру, шоқындыру сипатындағы неше түрлі қулық-сұмдықтарды жүзеге асырған заманында патша мен оның шенеуніктеріне де, бұл жантүршігерлік саясатты жаңаша өрбіткен Кеңестік билік әкімшілігіне де бас имеген Бижан Жанқадамовтың өмір жолын, саналы қызметін зерттеуге жасаған талпынысымыз - тарихымыздағы олқылықтардың орнын толтыру бағытындағы әрекетіміздің көрінісі.

Бижан Жанқадамовтың өскен ортасын, атқарған қызметін және шығармашылығын зерттеу отандық тарих ғылымында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы қазақ зиялыларының орнын айқындауға, оларға қатысты нақтылы объективті ғылыми баға беруге өзіндік игі ықпалын тигізеді.

Тақырыптың тарихнамасы. Біз зерттегелі отырған тарихи тұлға – Бижан Жанқадамов турасында көлемді арнайы зерттеулер болмағанымен, жалпы Алаш қозғалысына қатысты іргелі еңбектерде оның еңбегі мен жалпы есімі туындыларда айтылып отырады.

Негізінен 1980 жылдардың соңына қарай еліміздегі қоғамдық-саяси өмірдегі қайта құру мен оң өзгерістер Алаш қозғалысы тарихын және белгілі алашшыл қайраткерлердің өмір жолын жаңа сапалық деңгейде, объективті тұрғыдан жаңаша зерделеуге жол ашып берді. Алғашқы шара 1989 жылы шілдеде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтында «Алашорда: пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы» деген тақырыпта пікір алысу ұйымдастырылды. Онда республикаға белгілі тарихшы, қоғамтанушы ғалымдар өз ойларын ортаға салды. Бұл пікір алмасудың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары баспасөз бен жеке арнаулы еңбектер ретінде қоғам назарына ұсынылды [1]. Әрине көптеген алаш жетекшілерімен қатар еңбектерде Бижан Жанқадамовтың да есімі аталды. Ал, 1990 жылы Алашорда тарихына байланысты ғалым А.Сармурзиннің еңбегі жарияланды [2]. Бұл еңбекте

Алашорда үкіметінің қызметіне талдау жасалған және оның күйреуінің объективті себептерін жан-жақты ашып көрсетеді. Сонымен бірге Батыс Алашорда бөліміне қатысты маңызды құжат деректері берілген бөлімде Бижан Жанқадамов жөнінде де мәліметтер ұшырасады.

Тәуелсіздік таңының атуымен бірге Алаш және оның жетекшілері бағытында ғылыми жұмыстар жүйелі жүргізіле бастады. Түпнұсқа деректер, жаңа мұрағат материалдары, құжаттық деректер талданып, сарапталып ғылыми айналымға енгізілді. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің, оның жетекшілерінің сан-салалы қызметіне сол тарихи кезеңнің даму үрдісі контексінде ғылыми баға берілді, тұжырымдар мен қорытындылар негізделді. Ал, Алаш қозғалысы сияқты өте күрделі мәселенің теориялық және методологиялық негізін тарихи-объективтілік заңдылықтарына сүйене отырып жасаған тарихшы-ғалымдар М.Қозыбаев [3], Д.Аманжолова [4], К.Нұрпейісов [5], М.Қойгелдиев [6], Т.Омарбеков [7], Ө.Озғанбай [8] болды. Бұл белгілі алаштанушылардың еңбектерінің маңызы ерекше, олар үлкен ұлттық мәселені көтерді және тарихнамаға қомақты үлес қосты. Сондықтан Бижан Жанқадамов секілді тарихи қайраткердің өмірі мен қызметін ғылыми саралауда бұл еңбектер бірінші кезекте көмек береді және берік әдіснамалық негіз болып табылады.

Алаш қозғалысы мәселесіне, әсіресе Күнбатыс Алашорданың тарихына қатысты жағдаяттарды жүйелеп, өнімді еңбек етіп жүрген белгілі алаштанушы, тарихшы-ғалым Д.Д. Сүлейменованың еңбектері де бұл ғылыми жұмыстың тарихнамасынан лайықты орын алады. Автор «Алашорданың батыс бөлімінің тарихы» тақырыбында 2004 жылы кандидаттық диссертация қорғады және 2007 жылы диссертация қолжазбасын «Арыс» баспасынан монография ретінде жарыққа шығарды [9]. Онда қазақ тарихының аса күрделі бөлігі – Алаш қозғалысының тарихы қамтылып қана қоймайды, XX ғасырдың басында құрылған «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметінің қоғамдық-саяси өмірі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, өлке тарихының сындарлы сағаттары жан-жақты талданып суреттеледі. Саяси күрес барысында халқының қамын ойлаған Бижан Жанқадамов секілді Алаштың арыстарының атқарған қызметтері мен саяси тағдырлары ерекше көрсетіледі.

Д.Д.Сүлейменова 2010 жылы жария болған екінші монографиясында [10] халқының дербестігін сақтау, ұлттық намыс, ұлт абыройы өмірлік армандары болған Алаш арыстарының қатарына Бижан Жанқадамовты да қосады.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Алашорда тарихындағы «ақтаңдақтарды» ашуға республикамызға белгілі ғалымдармен қатар жергілікті тарихшылар да араласа бастады. Бұл бостандық желінің есуі тарих ғылымында зерттеуге «тиым салынған» тарихи оқиғаларды жаңа деректерге сүйеніп, мазмұнын ашуға мүмкіндік туғызды.

Атап айтсақ ұзақ жылдардан бері батыс өлкенің арғы-бергі тарихын мұрағат деректері мен даланың ауызша тарихнамасы негізінде мұқият зерттеп жүрген белгілі өлкетанушы Қайыржан Хасанов өз кезегінде өз оқырманына Күнбатыс Алашорданың белгілі қайраткері, қазақ халқының алғашқы жоғары білімді мал дәрігерлерінің бірі Бижан Әбілқасұлы Жанқадамовтың өмірі мен тағдырына арналған тарихи очерк ұсынды [11]. Сөз жоқ, аталмыш зерттеу өте қызықты. Біздіңше еңбектің артықшылықтарын тарихнамалық тұрғыдан былайша саралауға болады:

Біріншіден, автор зерттеудің «Бижан туралы не білеміз?» бөлімінде Б.Ә.Жанқадамовтың туған күйеу баласы, әдебиетші-ғалым Шериаздан Елеукеновтің «Алашшыл азамат тағдыры» деген көлемді мақаласы мен «Әттең, дүние» кітабындағы «Жеңеше» эссесі негізінде Б.Жанқадамов өмірінің кейбір тұстарына барлау жасаған. Әсіресе, Қазан ветеринария университетінің студенті болып жүргендегі фотосуретіне ерекше мән берген.

Екіншіден, «Бижан-түрмеде» деген бөлімінде 1937 жылы жазғытұрым оны нквдшылардың түрмеге қамағаны, бәйбішесі Бибінің күйеуіне қыста киетін киім-кешек,

азық-түлік алып келгендегі кездесуі, Бижанның түрме азабынан адам танымастай қатты өзгергендігі еңбекте әсерлі баяндалған.

Үшіншіден, Бижанның отбасылық жағдайы туралы зерттеуші төмендегідей назар аударарлық мәліметтер келтірген: бәйбішесі табын руының қызы Бибі есімді әйел екендігі, одан төрт бала көрігендігі, екінші әйелі Сұлтан деген байдың Алуаш атты қызы болғандығы және бәйбіше-тоқалдың өмірінің соңдарына дейін апалы-сіңлідей болып ұмыр кешкендігі, Бижанның әрқашан әсем киініп, ит жүгіртіп, құс салған саятшы, дауысы зор әнші болғандығы – атақты әнші Ғ.Құрманғалиевтің әйелі Рабиға апайдың естеліктері арқылы дәйектелген.

Төртіншіден, «Бижан – халық жауы» атты бөлімде Бижан Жанқадамовтың «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 1-сәуірдегі 224-санындағы «Жолсыз әуре қылмаңдар» атты мақаласына қысқаша шолу жасалып, 1917 жылғы сәуір мен 1919 жылдар аралығындағы Батыс Қазақстанның қайнаған қоғамдық-саяси өміріне оның белсене араласқаны, Ж.Досмұханбетовпен қарым-қатынасы және оның 1937 жылы 15-сәуірде тұтқындалғаны, оған тағылған айыптар тарихи деректер негізінде дәлелденген.

Бесіншіден, көпшілікке бұрын беймәлім деректер оқырманға алғаш рет жол тартып, сарғыш тартқан көптеген фотосуреттер еңбектің тарихи құндылығын арттыра түскен.

Өлкетанушы Қайыржан Хасанов «Бижан Жанқадамов» атты зерттеу еңбегінде бастан-аяқ өз ұлтына, туған өлкесіне, оның тар жол, тайғақ кешулі тағдырына шын жанашыр перзенттік адал жүрекпен, ыстық ықыласпен ой оздырып отырады.

Қ. Хасанов бар зейінін ізденіс пен еңбектенуге жұмсаған өлкетанушы талай жылдар таң күзетіп, халық ауыз әдебиетінің үлгілері мен мерзімдік баспасөз мәліметтерін жүйелеп, оны талдап, Батыс Қазақстанның бай тарихын зерек ақыл-оймен зерделеуші болып табылады.

Сонымен ғылыми жұмысымызды қорытындылай келе тарихи тұлға жөнінде қысқаша төмендегідей баяндауға болады.

Бижан (Бижанғали) Әбілқасұлы Жанқадамов бұрынғы Ілбішін уезінің Қалдығайты болысында (қазіргі Қаратөбе ауданы Ханкөл ауылы) 1889 жылдың 23 желтоқсанында дүниеге келген. 1937 жылы 2 желтоқсанда Орал қаласында саяси репрессия құрбаны болды.

Б.Жанқадамов Алашорда үкіметінің Батыс бөлімшесінің мүшесі және оның белсенді қайраткері. Руы – Байұлы ішіндегі қызылқұрт. Оралдық реалдық училищесінің негізгі (1904-11) және қосымша курстарын (1911-12) бітірген. 1913 жылы Қазан малдәрігерлік институтына оқуға түскенімен, онда 3 жыл (2 курс) ғана оқыған, бітіре алмаған. 1915 жылы қаражат жоқтықтан оқуын үзіп алғандығы жөнінде курстасы Мұқаш Бөштаев «Қазақ» газетіне жазды. 1916 жылы К.Жәленов, М.Балтанов, М.Баймұхамедовпен бірге қазақтан майдандағы тыл жұмысына адам алуды тоқтату жөніндегі Жайық сырты қазақтары делегациясы құрамында Петроградқа барды. Сол жылғы қазан айында Қазан қаласында оқитын бір топ қазақ студенттерінің қатарында майдандағы тыл жұмысына алынғандарға, олардың үй-ішіне көмектесу жөнінде «Қазақ» газетінде хат жариялауға қатысты. 1917 жылы наурыз айында Ә.Бөкейхановтың шақыруымен құрамында А.Кенжин, Б.Сүлеев, Е.Омаров, Ғ.Бірімжанов, т.б. қазақ оқығандары тобында Батыс майданға келіп, жігіттерді елге жеткізу ісін ұйымдастырды.

Бижан Жанқадамов «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 224-санындағы «Жолсыз әуре болмаңдар» деген мақаласында тыл жұмысындағы қазақ жігіттерінің елге уақытша демалысқа жіберуді сұраған өтініш-тілектеріне жауап жазып, бұл мәселені өзінің шеше алмайтыны және оның тәртібін түсіндірді.

Сол жылы сәуірдің ортасында Орал қаласында өткен 1-Орал облысы қазақ съезінің делегаты. Осы съезде Орал облысы қазақ комитетінің мүшесі болып сайланды. 1917 жылы күзде 2-Қазақ облысы съезі шешімімен жүргізілген земство сайлауында С.Омаров, К.Отаров, Ғ.Жетпісов тәрізді ел ішіндегі ықпалды адамдардың ұсынуымен Жымпиты

уездік земство басқармасы төрағалығына Жәленовпен баламалы негізде шарға түсіп, басым дауыспен төраға болды. 1917 жылы күзде облыс земство төрағасын сайлау кезінде қазақ оқығандары арасындағы топқа бөлінген күрестен өзін аулақ ұстады. Земство жүйесін бірден-бір жергілікті билік органы деп біліп, оның демократиялық негізде жұмыс істеп, халық шаруашылығы міндеттерін толықтай атқаруына күш жұмсады. Ойыл уәлаятында үкімет пен земство билігінің қосарланбай, екі билік органының ара-жігі дәл ажыратылуын жақтады. Осындай тура да, шыншыл, принципшіл мінезімен ел ықыласына бөленіп, аз уақытта Ойыл уәлаяты басшылары санатына енді.

Бижан Жанқадамов 1918 жылы 22-25 тамыз аралығында Комуч пен Уақытша Сібір үкіметі Челябі қаласында өткізген кеңеске М.Шоқай, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтермен бірге Ойыл уәлаяты земствосы атынан өкіл болып қатысты. 26 тамызда делегацияның күш салуымен айталмыш кеңесте Комуч Алашорда үкіметін таныды.

Б.Жанқадамов Алашорда делегациясы құрамында 1918 жылы 8-11 қыркүйек аралығында өткен Уфа мемлекеттік кеңесіне қатысты. 1918 жылы желтоқсандағы Жымпиты Алаш гарнизонының бас көтеруі тұсында Б.Жанқадамов уездік земство ауруханасы үйінде Жаһанша және Халел Досмұхамедовтердің, И.Қашқынбаевтың, Балтановтың, т.б. қатысуымен өткен кеңесте Ойыл уәлаяты бойынша билік тұтқасын уақытша облыстық земство басқармасына беруді қолдады.

1919 жылы ақпанда большевиктік «Яицкая правда» газетінде Б.Қаратаев жариялаған Батыс Алашорда қызметкерлерінің 1-тізімінде аталды. 1919 жылы күзге қарай екінші рет өткізілген земство сайлауынан кейін қараша айында Батыс Алашорда үкіметінің Ойыл уәлаяты земство управасы жанындағы комиссары болып тағайындалды. Сол шамада көшкен үкімет мекемелерімен бірге Ойыл бекінісіне келді. 30 қылыштан тұратын жедел отрядты басқарып, Ершовтың ақ партизандар отрядымен бірге барлау операцияларына және Қызыл армияның шолғыншы отрядтарымен болған ұсақ қақтығыстарға қатысты. 1919 жылы желтоқсанның басында Қызылқоға маңындағы Миялы жайлауында тұрған Жаһанша Досмұхамедовтың Жымпиты отряды мен қызылдардың 1-Армиясы құрамындағы 3-Татар атқыштар полкі арасында келіссөзге жүрген екі делегаттың бірі. Татар полкінің командирі Х.Мәулидов пен әскери комиссары Ғ. Қасымовқа Батыс Алашорда үкіметінің Қызылқоғада тұрған Елек казак корпусын бірлескен тұтқиыл шабуылмен алу жоспарын жеткізді. Қызылдар екінші тұлғаларды кепілге ұстап қалып, Б.Жанқадамовты «3-Татар полкінде бірқатар уақыт болған, Кеңес өкіметінің аз халықтар жөніндегі саясатымен жете танысқан, сондықтан Батыс Алашорда үкіметіне мән-жайды толық түсіндіріп бере алатын адам» ретінде қайтарды. Бұдан кейін Б.Жанқадамов Қызылқоғадағы қалыптасқан жағдайды талқылау үшін жиналған земстволық және қалалық өзін-өзі басқару орындары, саяси және қоғамдық ұйымдары өкілдері, ақсақалдар мен дін иелері кеңесіне (1920ж., 10 желтоқсан) қатысты. Шын мәнінде, сәл кейінірек, 27 желтоқсанда түнде Батыс Алашорда үкіметі Б.Жанқадамовтан бұрын Ойылға жеткізген әскери қимыл жоспарын дербес жүзеге асырып, тұтас Елек корпусын өз күшімен қолға түсірді.

Батыс Алашорда үкіметі таратылған соң Б.Жанқадамов өзге үкімет мүшелерімен бірге елден аулақ ұсталды. 1920 жылы Орынборға әкелінді. Сол жылғы 1 шілдеден Қазақ әскери революциялық комитетінің редакциялық коллегиясында аударма комиссиясын басқарды. 1920 жылы соңында елге оралып, 1924 жылына дейін Жымпиты уезіне қарасты Қалдығайты, Көкөзек болыстарында әр түрлі кеңес қызметінде болды. 1920 жылдың соңы – 1930 жылдың басында Тайпақ ауданында мал дәрігері.

«Халық жауларына» қарсы науқан өршіген 1936 жылдың басында қызметінен босатылады. 1936 жылы қыркүйектен бастап Казталов ауданы жер бөлімінде аға мал дәрігері боп қызмет атқарып жүргенде 1937 жылы 10 сәуірде Орал қаласында «белсенді Алашордашы, халық жауы» ретінде тұтқындалады. Жауап алу кезінде Б.Жанқадамов Досмұхамедовтерді құрметтейтінін, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Ш.Бөкеевтің

талантына бас иетінін тайсалмай айтты. Бұрынғы Батыс Алашорда құрамында болғанын, кейін Батыс Алашордашылар Ғ.Манкеев, М.Жақанов, М.Байшеркешов, А.Қитаровтармен байланыс ұстағанын жасырмады. Ішкі Істер Халық Комиссариаты Батыс Қазақстан облысы басқармасы «үштігінің» 25 қарашадағы қаулысымен 1937 жылы 2 желтоқсанда атылды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты коллегиясының 1992 жылы 16 қыркүйектегі ұйғарымымен ақталды. Мұхит Мерәліұлының зор дауыс шеңберін тілейтін, кең тыныстыы «Алуаш», «Айнамкөз» әндерін келістіре шырқаған, осы өңірдегі әншілік-серілік дәстүрді ұстанған Б.Жанқадамов бәйбішесі Бибі мен кіші әйелі Алуаштан Қалы, Шәрипа, Бриллиант, Жаңылдық, Сара, Ұлмаш есімді ұл-қыз көрді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сармурзин А., Григорьев В. Бөкейханов және тарих шындығы // Қазақ әдебиеті, 1989, 7 шілде; Алаштың ақиқатын кім айтады: Григрьев В. Кадеттер жолын ұстанған партия; Нұрпейісов К. Саяси партия болып санала ма?; Кәкішев Т. Шындықты бұрмаламай, жұлмаламай айтайықшы! // Қазақстан коммунисі, 1990, № 5; Қойгелдиев М. Қуандым түнде жүріп, күн шығар деп (Ә.Бөкейхановтың саяси көзқарасы хақында) // Социалистік Қазақстан, 1990, 14,16,17-қаңтар; сонікі. Алашорда // Егеменді Қазақстан, 1992, 18 қаңтар.
2. Сармурзин А.Г. Крушения Алаш-Орды // О прошлом для будущего.- Алматы: Жалын, 1990.- 171 с.
3. Қозыбаев М. Ақтандықтар ақиқаты.- Алматы: Жазушы, 1992.- 231 б.
4. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш.- Москва: Россия молодая, 1994.- 216 с.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда.- Алматы: Ататек, 1995.- 256 б.
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.- Алматы: Санат, 1995.- 368 б.
7. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті.- Алматы: Санат, 1997.- 320 б.
8. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917жж.).-Алматы: Ана тілі, 1998.- 465 б.
9. Сүлейменова Д.Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы - өлке тарихының құрамдас бөлігі.- Алматы: Арыс, 2007.- 203 б.
10. Сүлейменова Д.Д. Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов.- Орал: Полиграфсервис, 2010.- 224 б.
11. Хасанов Қ. Бижан Жанқадамов.- Орал: Полиграфсервис, 2008.- 98 б.

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ЖӘНЕ 1836-1838 жж. ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Балгенжиева Г.З.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.**- тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме. *Важным периодом в истории казахской освободительной борьбы стало национально-освободительное восстание 1836-1838 года. Это движение, возглавляемое Исатай-батыром, возникло в результате феодального гнета и имперской власти. В статье изучена историческая роль Махамбета Утемисова в этой проигранной борьбе.*

Ключевые слова: *восстание, угнетение, освобождение, движущая сила, батыры*.

1836 жылдың басында Махамбет Исатаймен бірге Астрахан қаласына барып, губерния әкімдерімен сөйлеспек болады. Бұл жайды естіген Жәңгір хан шағымдарыңды өзіме келіп айтыңдар деп хат жазып, Исатайды шақырады. Бірақ ханға бұлар сенбейді. 1836 жылғы 17 наурыздағы Жәңгір ханның үндеу хатынан кейін Исатай мен Махамбет Қарауылқожаға қарсы күресуге бел байлап, елді үгіттеп, шаруаларды қашырады. Махамбет осы уақытта бұқараны ханға қарсы батыл күреске шақырып, Исатайдың өзін де жігерлендіріп, шаруаларды топтандыра бастайды. Аз уақыттың ішінде Исатайдың Манаштағы қыстауына 200-ге тарта адам жиналады. Қарауылқожа бұл уақытта 800 адам әскер жинап, 1836 жылы 24 наурызда Манаштан 1,5 км. жердегі Қиялы бейітінің түбіне келіп қонады, бірақ ашық қарулы шабуылға бата алмайды. Махамбеттер ауыл төңірегін арбалармен қоршап, орлар қазып, аша қойып қорғанып алады. Хан адамдары бұларды қорқытумен бағындырғысы келеді. Ол әрекет нәтиже бермеген соң ашық соғысқа шақырады. Махамбет пен Исатай 200 жігітпен Қиялы бейітіне келеді. Бұлардың батылдығынан қорыққан Қарауылқожа түрлі сылтауайтып, қару жұмсай алмайды. Кешіне екі жағы өз орындарына қайтып кетеді. Он күн бойы қалмағаннан кері қайтады [1, 145]. Бұл бас көтеруші шаруалардың еңсесін көтерген оқиғасы бүкіл хандыққа жайылады. Махамбет шаруаларды бұрынғыдан батыл ашық, жаппай қарулы күреске шақырады. Ақынның "Ереуіл атқа ер салмай, ерлердің ісі бітер ме?!"-деген ұранды шақыру өлеңі сол уақытта шығарылған болар.

Ішкі Ордада қобалжу, наразылық ашық өрістей береді. Ханға бағынбаушылар көбейіп, оларға билеушілер ештеңе істей алмай, абдырайды. Бұл қозғалысты бастаушы Махамбет екенін білген хан, сұлтандар мен старшындар оны жою амалын іздестіріп жанталасады. Кешікпей бір жаланы жабады. Осы уақытта, яғни мамыр айының басында Күшік Жапаров деген шал өлген. Сол өлімді хан табанда Махамбетке жаба салады. Бұл кезде жиі болатын орыс, татар, ноғай, башқұрт қашқындарын ұстауға Оралдан 20 адамнан құралған қол келеді. Олардың басшысы офицер Донсков көлік, тағам тауып беру ісіне Исатай мен Махамбетті пайдаланбақ болады. Ал Жәңгір хан осы сәтті өз мүддесіне ойластыра, Махамбеттің үстінен өтірік арыз түсірттіріп, Донсковқа сол бойынша тергеу жүргізуді талап етеді.

Бұл уақытта Махамбет шаруаларды хан, сұлтан, қожа, би, байларға қарсы ашық күресуге үгіттей береді. Манаш түбінде Қарауылқожаның тауы шағылған соң, Махамбет тобына шаруалар келіп қосылуы көбейеді. Хандықтың әр жерінен жекелеп немесе тобымен шаруалар келе береді. Ол хан жақтастарынан көрген жәбірін айтып, Махамбетке талай шағым етіп, өз билеушілеріне қарсы күреске шығады. Шаруалардың бұларға қосылуынан қауіптенген сұлтандар мен старшындар бас көтеруші топқа қысым жасай бастайды. Махамбетке ерген ауылдардың шабындық жерін уақытында шапқызбайды, оның пікірлестерінің ауыл үйлеріне маза бермейді. Мысалы, Хан ордасы маңында, Жасқұсқа жазғы жәрмеңкеге барған Есмайыл деген Махамбеттің туған інісін старшын Төлеген Тыныштықұлы ұстап алып, жібермей, тек 237 сом ақша, 1 ат алады [1, 147].

Ал көтерілісшілердің қалың тобы өз алдына хан, билерден тәуелсіз көшіп-қонып, хан, сұлтан адамдарына бағынбайды және оларды өздеріне жолатпады. Дегенмен ру басшылары көтерілісшілер арасына өз жансыздарын жіберіп, олардың қимылын, кейбір істерін, әрекеттерін біліп отыруға тырысады.

Әр түрлі ойда болған Исатай мен Махамбет 1836 жылғы маусымда 17 жолдасымен Қандыағаштағы ханға барып, өз қолымен Балқы мен Қарауылқожа үстінен халық мұңын айтып, шағым бермек болып аттанады. Бұлардың бұл ісін естіген шаруалар ханға өз арыздарын айту үшін Махамбеттерге қосыла барады. Бірер күннен кейін ханға барушылардың саны жүзден асып кетеді. Бұл жайды естіген хан шошып кетіп, өз дуанын, билерін шақырып, көп ақылдасып, бірталай қарсы шаралар белгілейді.

Хан Исатай, Махамбет тобына қарсы елшілерін жібереді. Олар өтетін ауылдарды арызшыларға тамақ, қонақасы, көлік бермеуге міндеттеп қояды. Балпан басатаған елшінің бір тобы Исатай, Махамбетке келіп қайда барасыздар, арыздарыңды бізге беріңдер, біз ханға тапсырамыз, әмір солай, ал өздерің ауылдарыңа қайта беріңдер, 12 күннен кейін жауап беріледі,-дейді. Бұл талапқа көнгісі келмеген ереуілшілерді сұлтандар мен старшиналар ілгері жібермеуге тырысады. Ханның тағы да елшілері келіп, уәде береді, шаруалар кейін қайтады. Бірақ хан уәдесі орындалмайды, керісінше Жәңгір бұл уақытта Орынбор әкімшілігіне Исатай мен Махамбетті қаралап, оларды тұтқындау туралы ұсыныс береді [1, 147-148].

Ханға берген арыздан ештеңе шықпағасын Махамбет Орал әскери линиясының бастығына Қарауылқожа 1836 жылы 24 наурызда бұларға шабуыл жасағанын айтып, басқа да озбырлықтарды тізіп мәлімдеме береді, ел арасына келіп тергеу жүргізуді сұрайды.

Осы кезеңде Орынбор губернаторының нұсқауымен Шекара комиссиясы Орал әскерінің атаманына Махамбетке жабылған жаланы тергеуге офицерлер жіберуді міндетттейді. Келген тергеушілер 1836 жылғы қазанда Каспий жағасындағы Пороховин ватачасына (балық өңдейтін кәсіпшілік) келіп, Махамбет бастаған топтан жауаптар алады. Осы жерде біз тарихи маңыздылығына байланысты Махамбеттің 1836 жылғы 8 қарашада тергеушілерге берген жауабының толық мәтінін беруді жөн көріп отырмыз.

"Мені Махамбет деп атайды, Өтемістің ұлымын. Жасым 33-те. Мұхаммет дінінен. Бұдан бұрын 1829 жылы Калмыков қамалында Оралдың ар жағынан ішкі жағына Жайық өзенінен жасырын өткенім үшін күдікпен тергеуде болдым. Сол үшін қамалда бір жылдай жаттым да, Орынбор әскери губернаторы болған граф Сухтелиннің шешімі бойынша жазалаудан босатылғам. Татарша оқи және жаза білем және тағы да орысша да аздап оқи және жаза білем. 1834 жылы 9 шілдеде Жәңгір хан берген №572 санды ашық хаты бойынша старшина деп аталамын [1, 149].

Ақынның берген жауабына назар аударсақ оның сөздерін бұрмалап, айыпкер қылуға бейімдеп жазғаны көрініп тұр. Тергеуші Өзбеков Исатайдың, Махамбет, Үбі мен оның жолдастарының жауабын толық жазбай бұрмалап, арасынан сөз тастап кететінін ашық айтады. Сондықтан көтерілісшілер басқа тергеуші, басқа тілмаш сұрайды. Жаңадан келгендер де соны істейді. 1837 жылы ақпанда Шекара комиссиясы ханның өтішішімен тергеушілерге Исатай мен Махамбетті жауапқа шақырып, сосын ұстап алып Оралға шұғыл жөнелтіңдер деп нұсқау береді. Мұны көтерілісшілер біліп қойып, тергеуге келуден бас тартады.

1836 жылдың жазы мен күзінде көтерілісшілер саны 1000 адамнан асып, 26-ға тарта ауыл ханға бағынбай өз алдына болады. Исатай мен Махамбеттің жеке бастарын қорғаудан басталған наразылық күзде өрістеп, көпшілікті қамтиды. Отаршылдық пен феодалдық қанауға қарсы қозғалыстың басына Исатай мен Махамбет келеді. Олар:

Қорлықта өскен халқыма
Бостандық алып берем деп,
Қырық бір жасқа келгенде
Ауыр әскер қол ертіп, -

Ашық күреске шығады. Махамбет Исатаймен бірге Қамыс, Самар, Қарасамар көлдерімен Нарындағы ауылдарды аралап, хан мен сұлтандарға қарсы көтерілуге шаруаларды шақырып, жердің иесі өзіміз, Орал әскері сұлтандар алған жерді қайтарып алуға үгіттейді. Бұл шақыру қысым көріп, жерсіз қалған шаруалардың көкейінен шығып, олар өз бетімен, не Исатайдың көрсетуімен жерді иемдене бастады.

Махамбет бастаған қозғалыс мақсатын ақын былай суреттеген:

… Қапыда өткен дүние-ай,
Халқымның көрген қорлығы,
Хандардың еткен зорлығы,
Ақ жүрегін тебірентіп,
Ақсүйектің баласын

Қара ұлына теңгеріп,
Қоңыраулы найза өзгеріп,
Жетімдерге – жем бердім,
Жесірлерге – жер бердім,-

Дегені шындығында да іске асырылды. Бұл әрекет билеуші топ зәресін алып, олар қарсы амал қолдана бастады. Каспий жағасындағы көтерілісшілер жерін хан, Қарауылқожа адамдары күзде басып алды. Бірақ Исатай мен Махамбетті басшы қойып, жайылым мен қыстауларды тартып алып, өздерінше тәуелсіз өмір сүреді. Ханның сенімді адамдарының бірі сұлтан Медет Шөкин осы Махамбетке жабылған жаланың тергеуі кезінде хан депутаты болып, басынан аяғына дейін көп оқиғаны көзімен көріп, көтерілісшілердің дүбірін бірталай басынан кешкен. Міне, сол Медет шынында да көтерілісшілер өз еріктерімен жан-жақтан қосылып, қолына түскен қару-құрал, көлікті ала келіп, қатарын көбейтіп, еркін көшіп, кең жайлағанын соңынан айтқан, тіпті өзінше бір республикаға ұқсас ұйымшылдық танытты деген [2, 108].

Бұл көтерілістің даму, жайылу жайын тыңшылар арқылы үнемі қадағалап отырған хан, сұлтандар көтерілген халықтың басшысы Махамбет екенін хабарлаған. Жәңгір хан Орынбор соғыс губернаторына жазған бір рапортында Исатай Түзелмейтін Махамбеттің ыңғайында жүр деген. Көтерілісті басуға келген жазалаушы әскердің қолбасшысы Геке де өз рапортында көтерілісшілердің бас жорықшысы Махамбет деген. Көтерілістің негізгі басшысы деп Махамбет Исатайды атағанымен, өзінің ықпалы басшыға да, басқаларына да күшті болған. Іс жүзінде ол көтерілісті ұйымдастырушы Махамбетті А.Рязановтың "осы көтерілістің жаны болды" деуі өте орынды. Орысша және татарша сауатты ол халық бұқарасына талай үндеу жазған. Ел аралап үндеу таратқан. Исатай мен халық атынан патша өкіметі мен ханға хат жазған [3, 121].

Махамбеттің басшылығымен ел арасындағы дау, айтыс, талас, жайылым, қыстау мәселелері шешіледі. Жаяу келген шаруаларға ат, киім, құрал, тамақ тауып беру ісін, оларды орналастыру, қосынға біріктіріп, белгілі бір іс атқаруды ұйымдастырады. Бұл істерде оған әр рудан жиналған, көтеріліс барысында ысылып, жетілген Нәдір Қашқынұлы, Тәни Түменұлы, Қабыланбай Қадырбайұлы (Ысық руынан), Айтыс Сесепұлы (Тана), Ырсалы Көсепұлы (Беріш), Досақан Жәнібекұлы (Адай), Көбек Алғаұлы (Байбақты), Еділбай Сәрсенбіұлы (Қызылқұрт), Наурызалы Қаржауұлы (Тама), Айтмағамбет Өтегенұлы (Табын), Рахметолла Бекұлы (Кердері), Аманбай Көбекұлы (Масқар), т.б. көмектеседі [1, 154].

1837 жылдың басынан көтерілістің жаңа кезеңі басталып, көтерілісшілер батыл қимылға көшіп, жау пиғылдағы билеушілерге тікелей ашық шабуыл жасау жиілей бастайды. Махамбет, Бекмұқамбет Өтеміс ұлдары, Тінәлі, Үбі бастаған тағы бір топ старшын Төлеген Тыныштықұлының 160 түйе, жылқысын әкетеді.

Көтерілісшілер 1837 жылдың жазында Махамбеттің үндеуімен ашық, қарулы күресті онан әрі үдете түсті. Шаруалар халықты зар қақсатқан Балқы, Егіз, Қарауылқожа, Шомбал, Бекжан секілді билер мен сұлтандарға қарсы батыл қимылдады. 1837 жылғы 4 маусымда Теректідегі Балқы ауылының түбінде Исатай мен Махамбет басқарған қанды ұрыс болады. Көтерілісшілер бидің әскерінің, ауылының тас-талқанын шығарады. 1837 жылғы 16 қыркүйекте Махамбеттің бастауымен 200 адам Қарауылқожаның ауылына шабуыл жасайды. Бұл секілді көтеріліс барысындағы көтерілісшілер пайдасына шешілген, бұқараның екпінді қимылын көрсететін оқиғалар тізбегі Исатай-Махамбет қозғалысын зерттеген бұрын-соңды тарихшылардың еңбектерінде атап айтқанда А.Рязанов, В.Шахматов, И.Кенжалиев еңбектерінде егжей-тегжейлі баяндалған. Сондықтан біз жұмысты жазуда тек оларға сілтеме жасаймыз, қарулы қимылдардың бәрін бірдей тізбектеп жатудың қажеті бола қоймас дейміз. Әрине, осы оқиғалардағы тақырыбымызға сәйкес Махамбет Өтемісұлының қызметін, тарихи тұлғасын айшықтайтын жәйттерді талдап, саралап ой түйеміз.

Жәңгір хан көтерілісшілер қимылынан қорқып, Орынбор әкімшілігіне жиі хат жазып, көмек сұрап, Исатай мен Махамбетті ұстап, аластатуды өтінеді. Оның халық қозғалысын "бүліншілік", "тәртіп бұзушылық" дегені патшаға да жетеді. I Николай Орынбор генерал-губернаторы В.Перовскийге бұл "бүліншілікті басу үшін" оның басшыларын қолға түсіруді тапсырады. Сөйтіп, тергеушілер арқылы Исатай мен Махамбет жауапқа шақырылады. Бірақ бұл шақырудың мәнісін түсінген Махамбет тергеушілерге бармайды және Исатайға да ескертеді. Бұдан ештеңе шықпағасын, үкімет енді бұларды ауылдарымен көшіп әскери шепке жақындағанда ұстап алыңдар деп тапсырады. Махамбет көтерілісшілердің қалың ортасынан шықпайды. Бекетай, Жаманқұмда өз күштерін жинап, үй салдырып, ұстахана ашып, қару-жарақ жасайды. "Исатайдың Көк татыры" атанған жерден күкірт өндіріп, оқ-дәрі дайындайды. Екінші жерде – Бекетайда атқоралар салып, атты әскер ұйымдастырған.

Бұл уақытта Исатай мен Махамбет хан мен патшаның біріккен қарулы күшіне қарсы қатты әзірленіп жатыр деп хабарлайды тыңшылар.

Ал Орынбор әскери губернаторы қалайда көтеріліс басшыларын жою амалдарын жанталаса іздейді. Бұларды алдап қолға түсіру үшін генерал В.Перовский Исатайды Орынборға шақырады. Тіпті оны Орынборға баруға көндіру үшін Орал казак әскерінің атаманы генерал Покотилов қырға келеді. "Бірақ, - дейді генерал өзінің В.Перовскийге жазған рапортында, - Исатай Орынборға келгісі келсе де, Махамбет, Қожақмет Өтемісұлдарының ықпалы күшті екен, келмеді" [1, 157].

Ел аузындағы әңгімелерде де, мұрағат құжаттары бойынша да көтерілістің дем берушісі, Исатаймен қатар ұйымдастырушысы Махамбет болғаны баса айтылады. Махамбет өз қолымен хат, жалынды үндеулер жазып, елге шешендігімен де шаруаларды күреске, батыл қимылға жігерлендірген. Махамбет жеке өзі де үлкен ерлік көрсетіп, хан, патша әскерлерімен шайқастарда қол бастап, үлгі көрсеткен. Оның қайраттылығы мен қайсарлығы туралы талай аңыз-әңгімелер әлі де сақталған.

1837 жылы күзде Махамбеттің шақыруымен Орданың жан-жағынан, оның сыртынан жиналған шаруалар қаулап, Нарын құмының батысындағы Жәңгір хан ордасы тұрған Жасқұс құмына топталады.

Жасқұста талай шайқастар болып, бұл кезде жалпы саны 3000-нан асқан көтерілісшілер хан қолын жеңген. Хан сасып, Орынбор мен Астраханьға емшілерді бірінің соңынан бірін жіберіп, неше түрлі айла-амал істеген. Шыман төре (Шыңғали Орманов) осы уақытта Исатайға жақтас болғансып, екі арада келіссөз жүргізіп, уақыт ұтуды Жәңгірге түсіндірген. Қашуға әзірленген Жәңгірді би-сұлтандар: "Қашпа, қашсаң тағыңнан айрылып, атаң Нұралы секілді далада қаңғып өлесің",-деген сөзбен тоқтатады.

"Хан қорқып Исатайдың әскерінен,
Жәңгір хан "ат әзірле қашам" деген.
Шомбал мен Шыман төре қашырмаған,
Хандық жоқ, енді қашсаң саған деген.
Алдында сенен бұрын біз өлелік,
Билігін бер осының маған деген
Ханға еріп Шомбал, Балқы жүргені рас,
Қапыда Шыман ақыл тапқаны рас.
Билері қара қазақ азғындықпен
Бауырын хан ұлына сатқаны рас
Хан ұлы қара жылан жойып шабалық деп,
Махамбет көп ішінде айтқаны рас".

Бұл өлең жолдарынан сол кездегі Махамбеттің де тарихи ролін көреміз. Махамбет бұл келіссөздердің алдау екенін түсініп ханның елшісі Еспембет Исатайға келгенде, хан сұраған 10 күн мерзімді бермейік деп деп қарсы тұрған. Ақынның сол жерде Исатайға:

"хан баласы қабан-ды,
Қайырылып соқса жаман-ды…

Шабар күнің бүгін-ді,

Бүгіннен кейін қиын-ды", деген сөздер осы кезде айтылса керек. Исатай дегеніне көнбегесін Махамбет қалың қолды 2-3 рет атпен айнала шауып, көпке ханның тілегін айтып, оның алдау екенін, сенбеу керегін түсіндіреді. Махамбеттің пікірін белгілі батырлар Науша Қаржауұлы, Қаратоғай Мәмбетұлы, Қабыланбай, Үбі, т.б. қолдайды. Мәселе қалың көтерілісшілер мәслихатының талқысына салынады. Түрлі пікірлер, әрекеттер орын алады. Махамбеттің талабымен қалың қауым ашық алаңға жиналып, хан тілегін орындайық, не хан ордасын шабайық деген мәселе қояды. Нәтижесінде көтерілісшілер Исатайды қолдап, Жәңгір ханмен келіссөз жүргізуге ұйғарады.

"…Көк бедеуді бауырлап,
Шабамын деп сен тұрдың
Исатай басшы білсін деп,

Қалың әскер қол тұрды",-деген жағдай болады. Бұдан кейін көтерілісшілер қатары ыдырайды, белгілі батырлардың бірқатары кетіп қалады. Кешікпей патша әскері де келіп, Теректі мен Жаманқұмдағы ауылдарға шабуыл жасайды. Бұл жәйт – көтерілісшілердің жеке-жеке, не топ-тобымен тарауына және себепкер болады.

Исатай мен Махамбет жанындағы 300 адаммен амалсыз Жаманқұмға аттанып, Жиделі түбінде 400 солдаты бар полковник Меркульев әскерімен шайқасып, ұзақ арпалыстан кейін бала-шағаларын құтқарып алады [1, 159-160].

Сол уақыт ішінде Орынбор губернаторы көтерілісшілерді қоршауға алып, оларды жойып жіберу жөніндегі операцияны жүзеге асырды. Жақсы қаруланған тұрақты бөлімдер мен казак бөлімдері, Кулагин, Горск бекіністерінен, Зеленов форпостынан, Орал мен Астраханнан әкелінген жекелеген әскери бөлімшелер шабуылға шығады. Көтерілісшілерге қарсы бүкіл операцияларды үйлестіру және оларға басшылық ету үшін Орынбордан подполковник Геке шықты. Босқындар мен төлеңгіттер арасынан хан жанынан шамамен 600-700 адам болатын қарулы топ ұйымдастырылды. Көтерілісшілердің шегінетін жолын байлап тастау үшін бүкіл Өзен және Приурал шептері бойындағы қарауыл бекеттері күшейтілді.

Орыс әкімшілігімен және оның үстіне патша үкіметінің қарулы күштерімен қақтығыстан аулақ болуға тырысқан көтеріліс басшылары әскери отрядтардың келуін күтпеген еді. Бастапқыда ханмен, одан соң хан ордасына 30 қазанда келген Гекемен бірнеше күн бойы хат алысқаннан кейін көтерілісшілер патша үкіметінің көрінеу күші басым, жақсы қаруланған жазалау отрядтаының қоршап алуын және олармен кездесуді болғызбау үшін орданы қоршауды тоқтатады. Алайда олар жазалаушылардың қуғыннан көп ұзап кете алмады.

1837 жылдың 15 қараша күні таң алдында 2 мың солдат пен хан адамдарынан тұратын Геке отряды мен көтерілісшілер арасында Тастөбе алқабы ауданында қысқа уақытқа созылған, бірақ кескілескен шайқас болып, онда көтерілісшілер 100-ге жуық адамынан айырылды [4, 132-137]. Ұсақ топтарға бөлініп, олар әртүрлі бағыттарға бытырап кетеді. Исатай мен Махамбеттің оларды қайта жинауға жасаған әрекеттері табысқа жетпеді. Бұдан кейін жазалау отрядтарының іс-қимылы көтерілісшілердің Исатай мен Махамбет бастаған негізгі шағын тобын жоюға бағытталады, бірақ аумағы жағынан жердің шектеулілігін шебер пайдаланған олар жауға өздерінің ізіне түскен отрядтармен ашық қақтығыстан жалтарып кетіп отырады.

Ханға және бай-сұлтан шонжарларға қарсы тегеурінді күрес жүргізуден үміт үзген Исатай мен Махамбет бостандық жолындағы күрестегі ең табанды сарбаздарының шағын тобымен бірге Жайықтың арғы бетіне өту мүмкіндігінің жолдарын іздестіруді ұйғарды. Күш жинап, қайта күресу үшін Жайықтың шығыс бетіне өтуге шақырған негізінен Махамбет еді. Осы уақытта Махамбет өзінің "Ал кетелік, кетелік" деген өлеңін айтса керек.

"… Уа, Иса-еке, Иса-еке.
Кел, кетелік, кетелік,

Кетіп бір Жайық өтелік,
Атаның жұрты хазірет,
Басына зират етелік".

Жайықтың екі жағына қойылған әскери тосындардың тығыз желісіне қарамастан, Исатай мен Махамбет тобы 1837 жылдың 13 желтоқсанынан 14 желтоқсанына қараған аязды да боранды түнінде Жаманқала форпысты түбінен өтіп, Жайықтың арғы жағындағы кең далаға сіңіп үлгереді.

Бөкей хандығындағы шаруалар қозғалысы осылай аяқталады. Бірақ ол Жайықтың сол жағасына ауысты. Исатай мен Махамбет мұнда да патша өкіметінің және жергілікті феодалдардың жазалау отрядтарымен шешуші шайқас үшін күштері шоғырландыру жөніндегі қызметін өрістетті. Олар 1838 жылдың көктеміне қарай билеуші-сұлтан Б.Айшуақов пен оның жақтастарына ғана емес, Жәңгір ханның өзіне де қорқыныш туғызған көтерілісші ірі отряд құрып алады. Орынбор генерал-губернаторлығы Кіші жүз аумағындағы Исатай, Махамбет қозғалысын басып-жаныштану үшін дала өңіріне жаңа отрядтарды жіберген үстіне жіберіп жатады.

1838 жылғы 12 шілдеде көтерілісшілердің шамамен алғанда саны 500 жігіт болатын негізгі тобы Ақбұлақ және Қиыл өзендері арасындағы ауданда подполковник Геке басқарған біріккен ірі жазалау отрядымен түйіседі. Болған ұрыста көтерілісшілер нағыз ерлік пен жанқиярлық көрсетеді, бірақ күш мүлде тең емес еді, көтерілісшілер талқандалып, олардың басшысы Исатай Таймануұлы қаза табады.

Халық бұқарасының 1836-1838 жылдардағы шырқау шегінде шаруалар көтерілісіне айналған азаттық күресі өзінің өрлеуі кезеңінде ханға қарсы және отаршылдыққа қарсы бағытта болды. Ол жер үшін күрес шеңберінен шығып кетті, дегенмен бұл оның әлеуметтік-экономикалық себептерінде айқындаушы жәйіт болып қала берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кенжалиев И. Исатай – Махамбет.- Алматы: Қазақстан, 1991.- 192 б.
2. Кенжалиев И. Бөкей Ордасы (1801-1850 жж.).- Орал: Университет баспасы, 2002.- 203 б.
3. Рязанов А.Ф. Исатай Тайманов көтерілісі (1836-1838) / ауд. М.Неталиев – Алматы: Қазақстан, 1996.- 176 б.
4. Народно-освободительное движение казахов в 1836-1838 годах. Документы, материалы, статьи.- Алма-Ата: Наука, 1992.- 178 с.

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚ-БАШҚҰРТ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ 1917 ЖЫЛҒЫ ҚОС ТӨҢКЕРІС КЕЗЕҢІНДЕГІ ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ САЯСИ КҮРЕСІ

Берикбосынова М.У.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.**- тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме. *В начале прошлого века, особенно в период Февральской и Октябрьской революций 1917 года, освободительная борьба в национальных регионах империи набирала обороты. Казахи и башкиры были колониями России. В статье*

рассматривается совместное развитие политической борьбы двух народов за национальное освобождение.

***Ключевые слова**: казахи, башкиры, национальная, освободительная, политическая борьба*

Кеңес Одағы ыдырағаннан бергі кезеңде жарық көрген еңбектерде түркі-мұсылман халықтарының азаттық күрес тарихына, Башқұрт автономиясы мен Алашорда, Түркістан сияқты ұлттық автономиялық үкіметтердің құрылуы мен қызметіне объективті тұрғыда ғылыми бағалар беріліп, оның түркі халықтарының мемлекеттілігі тарихында ерекше маңызға ие екендігі нақтылана түсті. Соған орай, Алашорда үкіметі мен Башқұрт ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты зерттеулер жүргізудің ауқымы да кеңейді. Бұған соңғы жылдары Алаш қозғалысы қайраткерлерінің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне және Алашорда үкіметіне жекелеген өңірлердің қатысы мәселесіне арналған зерттеулердің жүргізілуі дәлел бола алады. Дегенмен, Алашорда үкіметіне қатысты әлі де қарастырылмай келе жатқан мәселелер баршылық. Ондай мәселелер қатарына Алашорда үкіметінің түркі-мұсылман халықтарының ұлттық саяси элитасы өкілдерімен байланысын жатқызуға болады.

Алашорда үкіметімен әзірбайжан, татар, қырғыз, өзбек, башқұрт секілді бірқатар түркі-мұсылман халықтарының ұлттық саяси элитасы өкілдері байланыс орнатуға күш салды. Тіпті, қырғыз ұлттық саяси элитасы өкілдері «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына сайлауға түсті және екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда үкіметі бағдарламасы аясына тартылуға әзір екендіктерін де танытқан болатын. Сол тарихи кезеңде башқұрт саяси элитасының өкілдері Алашорда үкіметімен бірлесе отырып ұлттық мүддені қорғауды көздеді.

Башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері 1917 жылы мамырда 830 делегаттың қатысуымен Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысы мәселесі талқыланған кезде ұлттық-территориялық автономия идеясын қуаттап, Башқұртстанның Қазақстанмен және Түркістанмен бірлесе территориялық автономия құруын жақтайтындықтарын танытты. Бұл жәйтті башқұрт халқының көрнекті қайраткері Зәки Уәлиди Тоған өз естелігінде атап та көрсеткен.

1917 жылы 20-21 шілде күндері 70 делегаттың қатысуымен Орынбор қаласында өткен бірінші жалпыбашқұрт съезінде де башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері ұлттық-территориялық автономияны жақтап, бұны өзге түркі-мұсылман халықтарымен бірлесе жүзеге асыру қажет деген шешімге келген еді.

Бірінші жалпыбашқұрт съезімен бірге сол сәтте Орынбор қаласында бірінші жалпықазақ съезі де өткен-ді. Соған орай екі жақтың бірін-бірі қуаттап отыруына, өзара құттықтаулар жолдауына мүмкіншілік жеңіл болды. Екі съезде де қабылданған бірқатар қаралар өзара үндесіп жатты. Дегенмен екі съезде қабылданған шешімдерде өзгешелік те болатын. Мәселен, бірінші жалпықазақ съезінде қазақ халқының саяси партиясының құрылуы қажет деп саналып, бұл партияның жобасын жасау Бүкілресейлік мұсылман кеңесіне сайланған қазақ өкілдеріне жүктелсін деген шешім қабылданса, ал бірінші жалпыбашқұрт съезінде башқұрттардың ұлттық қозғалысына жетекшілік ететін, Шуро (Кеңес) құру туралы қаулы шығарылып, Шуроның құрамы бекітілді.

Құрамына Шариф Манатов, Гариф Мутин, Сағит Мрясов, Ильдархан Мутин, Усман Куватов, Харис Юмагулов, Зәки Уәлиди Тоған секілді башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері енген Шуро башқұрт халқының мүддесін өзге халықтармен бірлікте қорғау қажет деп санап, бұл бағытта бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруға талпынды. Осындай талпыныс барысында Әзірбайжанмен және Украинамен байланыс орнатылды.

Шуро территориялық автономия жариялауға ашық ниет танытқан халықтармен байланысты қарқынды жүргізді. Ал мемлекеттік құрылыс мәселесінде мәдени автономия идеясын жақтаушылармен Шуроның байланысы қайшылықты жағдайда өрбіді. Бұл ретте Шуроның мәдени автономияны қолдаған татар ұлттық саяси элитасы өкілдерімен

байланысын атап өтуге болады. Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде татар қайраткерлері мұсылман халықтарының мәдени автономия алуы ұлттық мүддені қорғауда тиімді екенін негіздеуге күш салған еді. Олардың пайымдауынша, мәдени автономия жағдайында мұсылман халықтары бір-бірінен бөлектенбей, бір мемлекет аясында бірлесе ұлттық мүддені қорғауға мүмкіндік туатын, сондай-ақ әр жерде шоғырланған (Астрахандағы, Қазандағы, Қырымдағы, Сібірдегі, Балтық бойындағы) татарлар территориялық автономия жағдайында бір-бірінен ажырап қалатын [1, 74].

Мәдени автономия идеясын С.Мақсуди, Гаяз Исхани секілді бірқатар татар халқының саяси элитасы өкілдерімен бірге Солтүстік Кавказ мұсылмандарының өкілі саналатын Бүкілресейлік мұсылман кеңесінің төрағасы А.Салихов (Цаликов) та қолдады. Олар өздерінің мұндай ұстанымын 1917 жылы 21 шілдеде Әзірбайжаннан, Түркістан өлкесі мен Қырымнан келген делегаттардың қатысуымен Қазан қаласында өткен екінші Бүкілресейлік мұсылман съезінде дәлелдеуге тырысып бақты [2, 41].

Екінші Бүкілресейлік мұсылман съезімен қатар сол кезде Қазан қаласында мұсылман дін иелері мен мұсылман әскерилерінің съезі өткен еді. Осы үш съезге қатысушылар 22 шілде күні бас қосқан жиналыс өткізіп, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына қарамастан ішкі Ресей және Сібір мұсылмандарының мәдени автономиясын жариялады [2, 64]. «Түркі-татарлардың ішкі Ресей мен Сібірдегі ұлттық-мәдени автономиясы» деп аталған бұл құрылымның астанасы ретінде Башқұртстанның орталығы – Уфа қаласы белгіленді [2, 67]. Мұны башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері С.Максуди жетекшілік еткен татар мәдени автономиясының шектен шығушылық әрекеті деп бағалады. Бұл өз кезегінде башқұрттар мен татарлардың саяси байланыстарын шиеленістіре түсті.

Зәки Уәлиди Тоған татарлардың мәдени автономияны қолдауын С.Мақсудидің кадеттер партиясының мүшесінің болуымен байланыстырды. Ол кадеттер партиясының бағдарламасында ұлттық-территориялық автономия мәселесі көтерілмейтіндігін, бұл партияның бағдарламасы түркі-мұсылман халықтарының мүддесімен үйлеспейтіндігін алға тартты. Сонымен қатар, ол бірінші жалпықазақ съезінің «қазақ облыстары ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс» деген шешімінде ұлттық-территориялық автономия идеясымен үйлесімділік болғанымен онда нақтылық жоқ, өйткені оған қазақтардың көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың кадеттер партиясының мүшесі болуы ықпал етті деп те бағалады [3, 197].

1917 жылы 25-29 тамыз аралығында Уфада екінші жалпыбашқұрт съезі өтті. Бұл съездің осында өткізілуінің астарында «Түркі-татарлардың ішкі Ресей мен Сібірдегі ұлттық-мәдени автономиясының» орталығы Уфа қаласы бола алмайтындығын таныту да жатты. Съезге қатысушылар Ресейдің унитарлық мемлекет болуын жақтаған татар қайраткерлерінің әрекеттерін сынға алып, Ресейдің федеративті мемлекет болуын, елдегі ұлттардың территориялық автономия алуын жақтайтын күштермен бірлесе әрекет етуін жалғастыра беретіндіктерін танытты. Уақытша үкіметті қару күшімен құлатқан большевиктердің әрекеті башқұрттардың ұлттық Шуросы тарапынан айыпталып, башқұрттардың кеңестік биіктікті мойындамайтыны мәлімделіп, 2 қараша күні Башқұрт автономиясы жария етілді.

Башқұрт автономиясын заңдастыру мақсатында Орынбор қаласында жалпыбашқұрт құрылтайы шақырылды. 194 делегаттың қатысуымен 8 желтоқсан күні өткен бұл құрылтайға қазақтардан да өкілдер келді. Сол кезде Орынбор қаласында Алашорда үкіметін жария еткен екінші жалпықазақ съезі өз жұмысын аяқтаған еді. Осы екінші жалпықазақ съезінің делегаттары атынан С.Қадырбаев пен М.Шоқай жалпыбашқұрт құрылтайына бақылаушы ретінде қатысты [3, 218].

Жалпыбашқұрт құрылтайы Жетір, Қыпшақ, Усерган, Бурзян-Тангаур, Тамян, Барынтабын, Кувакан, Ичкин-Катай, Ток-Чуран деп аталатын 9 кантоннан тұратын Башқұрт автономиясының заң шығарушы және атқарушы органдарын құрып, оның

мүшелерін белгіледі. Зәки Уәлиди Тоғанның ұсынуымен Башқұрт үкіметінің төрағасы болып заңгер Ю.Бикбов сайланды.

Башқұрт үкіметі Орынбор қаласына орналасып, ондағы кеңестік билікке қарсы күштермен байланыс жасап, генерал А.И.Дутовтың қолдауына да ие болды. Алайда, көп ұзамай қызыл әскерлердің қысымымен Дутов Орынбор қаласын тастап кетуге мәжбүр болды. Осылайша 1918 жылы ақпанда Орынбор қаласындағы билік кеңестер қолына өтті. Қалыптасқан мұндай ахуалға қарамастан, Башқұрт үкіметі Орынборда қалып, автономиялық мемлекеттілікті жүзеге асыру жолындағы жұмыстарын онан әрі жалғастыра берді және кеңестік биліктен Башқұрт автономиясын мойындауды талап етті. Орынбор губерниялық революциялық комитетінің төрағасы Цвиллинг болса Башқұрт үкіметінен кеңес өкіметіне қарсы келмеуді, большевиктер саясатын қолдауды талап етіп жатты.

Кеңестік билік пен Башқұрт үкіметі арасындағы текетірес жалғаса берді. Орынбор губревкомы Башқұрт үкіметін айтқанына көндіру мақсатында қуғын-сүргін әрекеттеріне де барды. Кеңес өкіметі Башқұрт үкіметінің бірқатар мүшелерін контрреволюционерлер ретінде тұтқынға алып, башқұрт әскери жасағын құруды ұйымдастырушы Г.Идельбаев пен Г.Магазовты атып тастады. Мұндай жағдайда башқұрттар арасында кеңестік билікке деген наразылық өрши түсті. Башқұрттар кеңестік билікпен ашық қақтығысқа дейін барды. Халықты өзіне қарсы қойып алудан сезіктенген Орынбор губревкомы тұтқынға алынған Башқұрт үкіметі мүшелерін босатып жіберуге мәжбүр болды. Осындай оқиғалардан кейін Башқұрт үкіметі Орынбордан кетіп, Челябинск қаласына келіп орналасты. Башқұрт үкіметі қонысын ауыстырған бойда кантондардағы билігін қайта қалпына келтіріп, Уақытша Сібір үкіметімен және Самарадағы Комучпен байланыс орнатып, ұлттық әскери жасақ ұйымдастыру шараларын жүргізді. 1918 жылдың ортасына қарай Башқұрт үкіметі қарамағында 2670 адамы бар 13 отряд болды [4, 125].

Башқұрт үкіметі ұлттық әскери жасақ құрумен қатар Самарадағы Комучпен, Алашорда үкіметімен және Жайық казактарымен бірлесіп қарсыластары жөнінде мәлімет жинайтын құпия қызмет жүйесін құрды. Баку қаласына құпия тапсырмамен Башқұрт үкіметі атынан Г.Үмбатаев жіберілді. Башқұрт үкіметінің агенттері кеңестік билік тарапынан талқандалған Қоқан автономиясының бірқатар мүшелерімен байланыс жасап, кеңестік билікпен бірлесе күресу жолдарын қарастырды. Кеңестік билікпен күресте Башқұрт үкіметі өз әскерінің қолбасшысы генерал Гришин-Алмазовтың нұсқауларын басшылыққа алып отыратындығына келісім беріп, Сібір үкіметі тарапынан қаржылай көмек алуға Алашорда үкіметімен өз әрекеттерін бір ізге түсіру мақсатында Семей қаласына Башқұрт үкіметінің мүшесі Сейітгерей Магазов жіберілді.

С.Магазов Семейде Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейхановпен және Түркістан (Қоқан) автономиясының бұрынғы премьер-министрі М.Тынышбаевпен кездесіп, Башқұрт үкіметі мен Алашорда үкіметінің қалыптасып отырған саяси ахуал жағдайдағы ұстанымдары қандай болуы керектігі жайлы мәселені қарастырды. Күн тәртібіне қарастыруға қойылған мәселелердің қатарында Германия мен Жапонияға қатынас мәселесі де болды. Башқұрт үкіметі мен Алашорда үкіметі егер де Германия казактармен байланыс орната қалғандай болса, онда Германиядан қол үзіп, Жапонияның Сібірдегі өкілдерімен байланыс жасауға, сонымен қатар ұлттық қозғалыстың Ресейдегі күрес ауқымынан шығып кетпеуіне көңіл бөлінетін болды [4, 249].

1918 жылы маусымда атаман Дутовтың Орынбор қаласын азат етуіне орай Башқұрт үкіметі Орынборға қайта көшті. Сол кезде Алашорда үкіметінің өкілі болып табылатын С.Қадырбаев та Орынбор қаласына келіп орналасты. Орынборда Башқұрт үкіметі төрағасының орынбасары міндетін өз қолына алған Зәки Уәлиди Тоған Алашорда үкіметінің өкілі С.Қадырбаевпен башқұрт және қазақ әскерлерін бірлестіріп, біртұтас қарулы күш етіп құру мәселесін қарастырып, қазақ-башқұрт әскери бөлімдерін азық-түлікпен, қару-жарақпен қамтамасыз ету жайын бірлесіп шешіп отырды [5, 18]. Зәки Уәлиди Тоған мен С.Қадырбаев Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті

мен Уфа директориясына башқұрттар мен қазақтардың ұлттық-территориялық автономиясы жайлы талап-тілектерін білдіріп, оны қорғау жолында әрекеттер жасады.

1918 жылы тамыз бен қыркүйек айларында Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті Мемлекеттік кеңес өткізіп, оған түркістандық, қазақстандық және Еділ-Орал өңіріндегі татарлар мен башқұрттардың өкілдерін де шақырды. Мемлекеттік кеңес жұмысы кезінде Башқұрт үкіметі мен Алашорда үкіметі мүшелері бірдей ұстанымда болып, ұлттық-территориялық автономия идеясын жақтайтындықтарын танытты. Осы кеңеске қатысқандардың қатарында Алашорда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейханов пен Башқұрт үкіметінің төрағасы Зәки Уәлиди Тоған да бар еді. Самарада өткен Мемлекеттік мәжіліске қатысқан түркістандық өкілдермен бірге Алашорда үкіметі мен Башқұрт үкіметінің мүшелері «Оңтүстік-шығыс мұсылман облыстарының федерациясын» құру жайын да қарастырды. Бұл мәселені талқылауға көрнекті татар қайраткері Ж.Ақшора да қатысқан еді. Ол Башқұртстан, Қазақстан және Түркістанды қосу арқылы жасалатын мемлекеттік құрылымды «Шығыс түріктерінің федерациясы» деп атауды ұсынды. Бірақ Ә.Бөкейханов бұл ұсынысқа түзету енгізіп, «келешекте осылай атау дұрыс болар, ал әзірше орыстардың «пантүркизм» деген жаласынан сақтану үшін «Шығыс Ресейдің мұсылман федерациясы» деп аталғаны жөн дейді [6, 28]. Өкінішке орай, аталмыш идеяны сол тарихи кезеңде жүзеге асыру мүмкін болмай қалды.

1918 жылы 18 қарашада адмирал Колчак Уфа директориясының мүшелерін тұтқынға алып, Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетін мойындамайтынын жариялады, ұлттық автономия идеясын қолдамайтынын білдірді. Кеңестік билікпен күрестегі күштер Колчактың бұл әрекетін «мемлекеттік төңкеріс» деп бағалады. Соған орай, эсерлер партиясы Колчакқа қарсы күш біріктіру керек деп шешіп, оған түркі-мұсылман халықтарының өкілдерін де тартуды көздеді. Эсерлер партиясының жетекшілері Орынбор мен Жайық казактарының демократиялық қанатының өкілдерін және Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетінен өкілдер шақырып, Башқұртстандағы Қызылмешітте арнайы жиналыс ұйымдастырды. Бұл жиналысқа түркістандықтар атынан М.Шоқай мен В.Чайкин, Алашорда үкіметінен Зәки Валиди Тоған қатысты. Бірақ та бұл жиналыста Колчакқа қарсы күш біріктіре қимылдаудың жоспары жасалынып үлгермеді. Өйткені, бұл жиналыс жайлы Колчак армиясына мәлімет түсіп, жиналысқа қатысушыларды тұтқынға алу үшін арнайы әскер жіберілуіне орай жиналыс жұмысын тоқтатуға мәжбүр болған еді.

Осы оқиғадан кейін 1918 жылы 5 желтоқсанда эсерлер партиясының орталық комитеті «большевиктерге қарсы күрес тоқтатылсын, демократияның барлық күші Колчак диктатурасына қарсы жұмылдырылсын» деген қаулы қабылдады. Колчактың режимі Башқұрт үкіметіне де ұнай қоймады. 1918 жылы 21 қарашада Башқұрт үкіметінің мәжілісінде Башқұрт автономиясын кеңестер мойындайтын болса, онда онымен келіссөз жүргізу мәселесі қаралып, Башқұрт үкіметінің әскерлері қызыл әскерлерге қарсы әскери қимылдарын тоқтатсын деген шешім қабылдады. Башқұрт үкіметінің кеңестік билік платформасын қабыл алатындығы жөніндегі шешімін Алашорда үкіметінің батыс бөліміне Зәки Уәлиди Тоған хат жолдау арқылы білдірді. Ол бұл хатында большевиктермен жақындасу шарасыздықтан, Колчактың башқұрт қозғалысына дұшпандықпен қарауынан туындағанын атап көрсетті [7, 112].

1919 жылы 22 ақпанда Башқұрт үкіметі арнайы бұйрық шығарып Башқұртстан жеріндегі билік Башқұрт революциялық комитетінің қолына көшетіні жөнінде бұйрық шығарды. Келесі күні Башревкомның мәжілісі өтіп, халық комиссариаттарына сайлау өткізілді. Башревкомның төрағасы болып Зәки Уәлиди Тоған сайланды.

Осылайша ендігі жерде Қызыл армияға қарсы күрескен башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдеріне кеңестік билік үшін, «Башқұрт кеңестік республикасы» үшін күресуге тура келді. Бірақ та бұл ендігі жерде башқұрт және қазақ ұлттық саяси элитасы өкілдерінің ұлттық мүддені бірлесе қорғау жолындағы әрекеті доғарылды дегенді білдірмейтін.

Кеңестік билік жағдайында да башқұрттар мен қазақтардың саяси элитасы өкілдері ұлттық мүддені қорғауда ұйымшылдық таныта білді. Бұл әсіресе Калинин мен Рыков жетекшілік еткен «Қазақ-башқұрт комиссиясының» жұмысы кезінде айқын аңғарылды. Бұл комиссия өз жұмысы барысында орыс халқының мүддесін көздеп, Қазақстан мен Башқұртстан аумағында орыс губернияларын – «Орынбор орыс губерниясы» мен «Орал орыс губерниясын» құруды мақсат тұтқан еді. «Орал орыс губерниясы» құрылған жағдайда Ішкі Орда (Бөкей Ордасы) аумағы Қазақстаннан жырақ қалатын, «Орынбор орыс губерниясы» құрылған жағдайда Еділ-Орал өңірлеріндегі башқұрттар мен татарлар Орталық Азиядағы түркі-мұсылман халықтарының көршілесі болудан айырылатын. Міне, осындай жағдайда Башқұрт ревкомының төрағасы Зәки Уәлиди Тоған қазақтардың А.Байтұрсынов секілді қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ-башқұрт комиссиясының» жымысқы әрекетіне қарсылық танытып, 1919 жылы 13 желтоқсанда В.И. Лениннің атына мынандай мазмұндағы хат жолдады: «Қазақ-башқұрт өлкесінде кеңестік ұлттық-территориялық автономия» құруда мыналар ескерілсін:

1) Қазақ-башқұрт билік орындары мен орыс билік орындары арасындағы жанжалдар доғарылсын, бірақ та бұл жанжалды доғару келімсек орыс кулактары болып табылатын тұрғындар пайдасына шешілмесін.

2) а) Қазақ және Башқұрт республикалары біріктірілсін, ә) қазіргі Орынбор губерниясы Орынбор қаласымен бірге Қазақ-Башқұрт Республикасы құрамында болсын, б) Орынбор қаласы қазақтар мен башқұрттардың саяси, мәдени-экономикалық орталығы болсын, в) Орынбор қаласы мен Орынбор губерниясы Қазақ-Башқұрт Республикасы құрамына енгізілісімен облыстарға бөлініп, онда казактар мен орыстардың қоныстана беруіне мүмкіндік жасалсын.

3) Қазақ-башқұрт үкіметі жанында орталықтан тағайындалған екі өкіл болсын, оларға орыстар мен түземдіктер арасында туындаған жанжалды ушықтырмай жергілікті жерде шешу міндеті жүктелсін.

4) Саяси жұмыстар жүргізуді биік деңгейге жеткізу үшін оны түземдіктер арасындағы саяси жұмыс деп екіге бөле жүргізу қажет» [8, 144].

Осы хаттың мазмұнынан башқұрттар мен қазақтардың ұлттық саяси элитасы өкілдерінің ұлттық мүддені бірлікте қорғауға деген талпынысын айқын аңғаруға болады. 1919 жылы қазақ, башқұрт және өзбек халықтарының саяси элитасы өкілдері кеңестік билік жағдайында ұлттық мүддені қорғауды жүзеге асыратын саяси ұйым құру жолында да әрекеттенді. Бұл істе Зәки Уәлиди Тоған белсенділік танытты [3, 153]. Кейіннен бұл партия «Түркістан социалистік «Ерік» партиясы» деген атпен бой көтерді.

Жалпы қорыта айтқанда, Алаш қозғалысы мен башқұрт ұлттық саяси элитасы өкілдері арасындағы байланыстың негізінде екі халықтың жарқын болашағына қол жеткізу деген ниет жатты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Султан-Галиев М. Статьи. Выступления. Документы.- Казань:Китап, 1992.- 383 с.
2. Акчура Ю. Жаңа түрік мемлекетінің жолбасшылары /Ұлық Түркістан/ М.Қ. Қойгелдиевтің жетекшілігімен; құраст., ауд.: Д.Қыдырәлі.-Алматы: Ел-шежіре, 2008.- 70-84 бб.
3. Тоған З.У. Түркістандықтардың бірігу жолындағы әрекеттері // Ұлық Түркістан / М.Қ. Қойгелдиевтің жетекшілігімен; құраст., ауд.: Д.Қыдырәлі.- Алматы: Ел-шежіре, 2008.- 304-309 бб.
4. Шоқай М. Таңдамалы.- Алматы: Қайнар.- Т.1.- 1998.- 512 б.
5. Веживи Сефа Хекиметоғлу Түркия және Ресей мен КСРО-да түрікшілдіктің даму тарихы (1900-1930 жылдардың басы) Автореферат. Алматы, 2010.- 30 б.
6. Бөкейханов Ә. Шығармалар.- Алматы: Қазақстан, 1994.- 384 б.
7. Сүлейменова Д. Күнбатыс Алашорда тарихы.- Орал: Полиграфия, 2005.- 217 б.

8. Валеев Д.Ж. Очерки истории общественной мысли Башкортостана.-Уфа: Китап, 1995.- 291 с.

ӘОЖ 94(574)

ЖАНТӨРЕ ХАН ЖӘНЕ КІШІ ЖҮЗДЕГІ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ КҮШТЕР (XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Ізімов І.С.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.**- тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме. *Научная статья повествует о напряженной политической ситуации в Западном Казахстане в начале XIX века. В ходе внутриполитической схватки в Младшем жузе погиб Жанторе хан. Ситуация, приведшая к гибели хана, исходила из имперско-колониальной политики царской власти.*

Ключевые слова: *имперская политика, внутренняя борьба, освободительная борьба, восстание.*

Ел ішіндегі беделді азаматтар арасындағы шиеленістің өзара талқыға түсуі, кездесуі 1807 жылы 2 шілдеде Орловск және Зеленовск форпостары аралығында өтті. Біздіңше бұл кездесуді ұйымдастыруда Бөкей беделі басты роль атқарғанымен, Жантөре хан, Орман сұлтанның да мүдделі болғандығын ескеруіміз қажет. Хабарды жеткізген Скрыпкин қазақтар 2 рет Кеңес өткізді, екеуінде де мені қатыстырмады деп хабарлады. Кездесу барысында талас мәселелерді шешудің 2 түрлі жолы байқалады. Біріншісі, хан ұсынған, халықты келістіру үшін "әскер және 10 зеңбірек" қажеттігін алға тартып оның астына сұлтандар мөрін басқызып, губернатордан көмек сұрау жолы. Екіншісі, сұлтандардың өзара, ешкімді араластырмай келісімге келтіру жолы.

Бөкей мен Орман сұлтандар әскер алдыруға ашық қарсылық білдірген. Содан келісе алмаған қазақтар жайылымдарына кеткен. Сөйтіп өзара келісу Жантөренің "күш көрсету, орыс әкімшілігін пайдалану" бағытының кесірінен сөзсіз аяқталды. Жантөремен кездесу барысын алдын-ала болжаса керек, Қаратай сұлтан Кеңеске қатыспады.

Кейін 1807 жылы 10 шілдеде Орман сұлтан Г.С. Волконскийге ханның қателіктерін дәлелдемек болды. Сұлтан пікірінше: Біріншіден, Хан Орда ішіндегі талас-тартыстың себебін анықтамады, сондықтан да елде тыныштық орнамады.

Екіншіден, халықтан бөлініп, тек Жетіру руларымен шектелді. Жайықтың дала бетін иемденіп, Байұлдары руларын жайылымдарға өткізбеді, орыс қорғандарына керек-жарақтарын алуға барған қазақтарды ұстады.

Үшіншіден, осы әрекеттен қазақтардың бірі аштыққа ұшырады, екіншілері бізге келіп көмек сұрады.

Төртіншіден, халқымның қиналған сәтінде маған менің рұқсатымсыз Шекаралық комиссияға шықтың деп өкпеледі [1, 170].

Орынбор губернаторы қазақ даласындағы жағдайға басты кінәлі Қаратай сұлтан деп түсінді. Сондықтанда 1807 жылы жазда Ордада керуен тоқтатылды дегенді естіген бойда Орынбор гарнизоны полкінің командирі, генерал-майор Д.И. Гертценберг бастаған 1023 жауынгерді 3 зеңбірекпен, 1471 жылқымен қарсы аттандырды. Д.И.Гертценберг Г.С. Волконскийге 28 тамызда берген рапортында Қаратай иелігіне жете алмағандығын, қосымша келген полковник Струковта сәтсіз кері оралғандығын жеткізді. Әскердің шығуынан хабардар болған Қаратай шекті руы қазақтары алған 8 түйедегі тауарды

шектілер Мұсылман би және Сарышоңқай ұсынысымен керуенді 400 адамымен Елек бойымен кейін Ресейге қайтарды [2, 105].

Бұл саясаты арқылы Қаратай сұлтан өз дегеніне жетті. Алдымен өзіне Жантөренің күші жетпейтіндігін әкімшілікке дәлелдеді. Екіншіден, керуенді тоқтатып, оны, кейін қайтаруы сұлтанның сөзінің халық алдында өтетіндігін көрсетті. Үшіншіден, Г.С.Волконский Қаратайға әскер жіберу арқылы мәселені шешуге болмайтындығын түсінді.

Мұндай жағдайда ханда сұлтанның кейбір пікірлерімен санасуға мәжбүр болды. Осыған дейін, шекара бойынан кетуді жөн көрмеген Жантөре, енді губернаторға өзінің ел ортасына баруы қажеттігін сендіруге жұмыстанды. Губернатор 1807 жылы 1 қыркүйекте оны қолдағанымен ханға "кейбір қазақтар жағдайы анықталмайынша, ел ортасына көшуге рұқсат етпеймін" деп бұйырды. Сөйтіп Байұлдарының билері мен старшындарының Жетіру руларымен таластарды шешу үшін көтерген осы ұсынысы тағы да жүзеге аспай қалды. Енді оған тікелей жауапты губернатор болды. Оның түсінігінше қазақтар бар мәселені шекара бойында, орыс шенеуніктерінің қатысуымен шешуі тиісті еді. Қаратайдан қайтарылған керуендермен шекаралық комиссияға сұлтаннан Бекберген би бастаған елшілер келді. Мақсат Өзбекқали сұлтанды босату еді. Бірақ Г.С. Волконский 17 қыркүйекте комиссияға Қаратаймен еш байланыс болмасын, жауап қайтармандар деп бұйырды. Губернатор мен Жантөре ханның Қаратайға деген көзқарасына қарамастан оның халық алдындағы абыройы, ықпалы ерекше өсуде еді. А.И. Добросмысловтың "Герценбергтің сөзсіз жорығынан соң Қаратай өзін ашық хан деп атай бастады; өзін мойындамаған қазақтарды жазалап, күшпен бағындырды. Бүлікшіл топтар бүкіл шеп бойында, Гурьевтен бастап "Сібір қорғандарына дейінгі аралықта шабуыл жасады" деп бағалауы да содан. Осы генерал-майор Герценберг жорығын Л.Мейер еш негізсіз 1808 жылға жылжытады [2, 184].

1807-1808 жылдары Кіші жүз қазақтары Жайықтың ішкі бетін еркін пайдаланды. Қазақ рулары ішкі бетке өтуде губернатордың арнайы билетін алып, аманатын қалдырып, ақы төлейтін. Мұндай мүмкіндікті жібермейтін Жантөре хан қорғандарға аманат ретінде өзіне қарсылас қазақтарды ұстауды ұсынды. Бірақ хан жоспары тағы да жүзеге аспай қалды.

1808 жылы 15 ақпанда Г.С.Волконский патшадан Жантөренің Бөкейге өшігіп, өз қазақтарын ішкі бетке енгізіп, тәртіпсіздікті тыя алмай отырғандығын дәлелдейтін құжаттар алды. Сол бойынша патша жарлығы жарық көрді. Ол бойынша Жантөре қарамағындағы қазақтарды дала бетке шығару, тоналған керуендер, мал-мүліктерді қайтару, оның жұмысына Астрахань кардонынан депутаттар қатыстыру, Жантөре ханның және оның "жауыздарының" еркінсулеріне тиісті шара қолдану бұйырылды. Әрине мұндай ханға деген батыл шешімнің Астрахань губернаторы ұсынысымен жүзеге асқандығын байқаймыз. Себебі көп үзамай Г.С. Волконский патшаға жауап хатында ішкі бетке қазақтарды өткізбеу мүмкін емес, өйткені малы қырылса Кіші жүз рулары аштыққа ұшырайды, екіншіден, бұрынғы жылдардағыдай жиналған халықты тоқтату қиын, үшіншіден, әскер оларды тоқтатса, қазақтар Орда ішіне алыстап,, шекараға соққы береді,- деген шындықтың бетін ашты [3, 217].

1808 жылдың қаңтар-ақпанында Г.С. Волконский шекарадағы талас мәселелерді шешу мақсатында төменгі Орал шебіне майор Некрасовты жібереді. Комиссия құрамына қазақтар атаман Д.М.Бородинді қосуға шақырады. 28 ақпанда Жантөре хан, Орман сұлтан, Үкі Төлеповтер, кейін Байұлы руларынан 43, Жетіру руларынан 17 старшындар атаманды қосу себебін "ол бұрыннан көршілес, қазақтарды біледі" деп түсіндіреді. Біздіңше, ел игілері реті келгенде ол арқылы қазақ, қазақ-орыс мәселесінде көтеруді көздеген. Хат жазушылар арасынан сұлтан Алмәмбет Қарабаев (Батыр ұрпағы) беріш Атанбек Бөденеұлы, масқар Қожақ Дөненұлы байқалады [3,217].

Осы тұста Жантөре ханға бағынатын дала беттегі Кіші жүз рулары соның ішінде есенқұл-беріш, жайық-беріш, есен-беріш, құңғыр-алаша, тоқбаш-алаша, қалқаман-тана,

тана-Ашет,Асан-тана-масқар, қаракұл-ысық, батақ-байбақты бөлімдері Бөкей басқаратын ішкі бетке көшуге ниет білдірген. Оның негізгі себебі дала беттегі бей-берекесіздік пен Жетіру руларының күшеюі еді. Ішкі бетке мал өткізер уақытта Шекаралық комиссия атынан келген ассесор Созонович жасаған тізімде 1808 жылы наурыз айында Артықғали сұлтан басқаратын кеңшалбар-адай, тазеке-адай бөлімдері өзге де рулар Бөкейге қосылуға шығып, еш рұқсат сұрамастан 830 түтінді бастап Жайықтан өтіп кеткен. Бөкей атынан ноғай руынан Айтбай Мамбетқазиев шекараға қаруланып келіп, ассесордан ішкі бетке өтуші қазақтарға кедергі жасамауын талап етеді. Қазақтардың көшу себебін Созонович Бөкейдің пайдакүнемдігі мен мансапқорлығынан көреді". Ассесор қорытынды пікірінде, біріншіден, Бөкей Астрахань бағытына көшкенде тек ноғай бөлімімен көшті, ал басқа рулар кейін өткендер, сондықтан оларды дала бетке қайтару, екіншіден, қазақтар Нарын құмында ерекше көбеюде, орыстардың жайылымдарына зиян келтіруде, кейін қайта дала бетке өтеді. Қауіп күшеюде деген ұсынысын білдіреді. Мұның бәрінен хабардар жоғарыда аталған Орынборда ұйымдастырылған комиссияны генерал-майор Д.И.Гертценберг басқарған. Ол Бақсай қорғанына Жантөре хан, Бөкей сұлтанды келтіріп, тағы да келісімге қол қояды [4, 210].

Ішкі беттегі жайылым мен қазақтардың көшуі туралы мәліметтер алған соң, патша 17 маусымда жаңа жарлық шығарды. Жарлықта ішкі бетке өткен қазақтар өр жылдың наурыз айында Нарыннан дала бетке кейін қайтуы тиіс делінді. Сонымен бірге ішкі бетке өткізудегі Бөкейге берген артықшылықтар да жойылып, енді рұқсатты тек қана Шекаралық комиссия беретін болды. Мұның өзі бір жағынан қазақтарды бақылаудың жолы болса, екінші жағынан ішкі Орданы реттеу және Бөкейдің күшеюіне жол бермеу, Жантөре қарамағындағы қазақтарды ұстаудың бір амалы болатын.

1808 жылдан бастап Қаратай ашық Жантөрені хан деп мойындаудан қалды. 1808 жылы наурыз айында Өзбекқали сұлтан түрмеден босаған соң, оны Орда ішіне алып келген хоружный И. Искаков Қаратайдың үш айдан бері хан аталып жүргенін, оның атағының Жайықтан Сырдарияға дейін жайылғандығын хабарлады. 1806 жылдың тамыз-қыркүйегінен бері Ордада болмаған Өзбекқалиды босату арқылы губернатор Қаратай сеніміне ие болуды көздегенімен сөзсіз, сұлтан орыс әкімшілігіне сенбеді. Сұлтанның осы әрекеттеріне Сыр бойындағы шекті рулары да ашық қолдау көрсете бастады.

1808 жылы анық байқалған жағдай Нұралы хан ұрпақтарының бірлігі еді. Бұл кезеңде олар Кіші жүздегі біраз руларды басқарды. Мәселен Байұлы-жаппасты Абылай Нұралыұлы, Байұлы-адай мен Жетіру кетені Артықғали Нұралыұлын Байұлы-алашаны Шотқара, Орман Нұралыұлдары, Орта жүз-уақ уын (Кіші жүздегі бөліктерін) Қоңырау Нұралыұлы, байұлыназдарды Өзбекқали, Жетіру-таманын кейбір бөлімін Сары Есімұлын атауға болады. Ал Бөкей сұлтанға түгеддей ішкі беттегі қазақтар бағынды. Дегенмен Бөкей сұлтан 8 тамыздағы губернаторға хабарында дала бетке өту барысында оған Қаратай иелігінен Биек сұлтан бірнеше адаммен шабуыл жасады дегенді жеткізді. Бөкей сұлтан Бөлек қазір Қобда өзенінде деп ескертті. Кейін Г.С. Волконский Ішкі Істер басшысы Г.С. Курыкинге Қаратай Бөкейді шаты деп жеткізіп, оны қолға түсіру қажеттігін алға тартты. Міне осы деректі алғаш пайдаланған А. Рязанов болған шабушыға Қаратайды кінәлады. Оның анықтауынша "Қаратай 500 қазақты бастап Бөкей ауылын талқандап, малдарын тартып алған. Бөкей Кулагине қорғанына жетіп жасырынған соң ғана аман қалған". Мұрағат корындағы Бөкейдің бірде-бір хатында Қаратайға жабылған жала кездеспейді. Бөкей өз хатында анық Белек сұлтанды көретеді. Біздіңше бұл жағдай жайылымның шиеленіскен кезінде орын алған. Ал Г.Волконский пәлені Қаратайға жауып, бірден оны қылмыскер көрсетуі сұлтанды үкімет алдында қаралауы еді. Қаратай сұлтан қазан айындағы жазған хаттарында өзін алғаш рет шекара әкімшілігі алдында хан атады. 1808 жылы 13 қарашада Д.М. Бородин губернаторға Қаратайды ұстау мүмкін емес, Өзбекқали болса, Қаратай мен Жантөрені татуластырам деген уәдесін орындамады деп хабарлады. Содан соң 17 карашада Г.С. Волконский атаманға сұлтанның сеніміне кіріп ұстау үшін арнайы 4 бөлімнен тұратын тапсырма берді.

Біріншіден, Қаратайды хан да жазбай-ақ, хат алмасуды жалғастыра беру.

Екіншіден, егер сұлтан ішкі бетке мал өткізуге рұқсат сұраса, көмектесу.

Үшіншіден, қалай болғанда да оны серіктермен бірге бір қорғанға кездесуге шақыру, егер жанындағы қазақтар мал өткізуді сұраса, оларға да жағдай жасау.

Төртіншіден, сұлтанды, інісі Өзбекқалиды ұстап, Орал қалашығына әкеліп, содан губернатормен кездесу қажет деп сылтауратып, күзетші айдауымен Орынборға әкелу.

Губернатор шешімінен байқағанымыздай, ең басты мақсат Қаратайды толықтай бейтарап қалдыру, қолдан келсе мүлдем Ордадан әкету еді.

Мұны сезген Қаратай да, Өзбекқали да Орынбор түгіл, Жайық бойы қорғандарына бармады. 1809 жылдың ақпанында амалы құрыған губернатор атаманға сұлтандарды әскермен ұстауға рұқсат етті. Атаман 400 қаруланған әскермен шыққанымен, Қаратайды таба алмады. Бірақ жол-жөнекей есаул Щювтың казак-орыстары адай, есентемір руларымен шайқасты. Мұндай есерсоқтықты Орман сұлтан 1809 жылы 13 наурызда губернаторға хабарлады [4, 221].

1809 жылдың көктемі Кіші жүзде жаңа шиеленісті әкелді. Ол алдымен, ханға Жетіру-табынның кейбір бөлімдерінің ашық қарсы шығуымен көзге түседі. Хан жанындағы қазақ-орыстарға арқа сүйеп, оларды жазалай бастағанда, қазақтар Қаратайға көшті. Екіншіден, Қаратай сұлтан жақтастары жер-жерде ханға қарсы ашық үгіт жүргізіп, елді шекарадан көшуге шақырды.

Көктем мезгілінде Нарын құмынан қыстаудан Бұхар бетке шығып алған қазақтар шекарадағы орыс ауылдарына шабуыл жасауды күшейте түсті. Мұның барлығы Қаратай үгітімен және Жантөре ханның соңғы әскерді пайдаланып, елді қорқыту іс-әрекетіне деген халықтың наразылығынан туындағанды. 1809 жылы 24 маусымда Илинск қорғанына жасалған шабуылда қазақтар 280 жылқыны куып алса, артынан шыққан қуғыншы қазақ-орыстар 5 қазақты өлтірген. Содан Верхнеозерск қорғаны коменданты майор Климов губернатор рұқсатымен шекті Мұсылман, Сарышонқай билер ауылына аттанды. Кейін осы қанды әскери жорыққа қазақтар өкпе-назын білдірді. Майор өз рапортында не бәрі 406 жылқы алып кайттық дегенімен, Мұсылман би Шағатаев, Санамас Сейдалиндер шекаралық комиссияға қазақ-орыстар, башқұрттар 1084 жылқыны куып алды деп көрсетті. Арыз бойынша тексерісті жүргізген ассесор Кукуранов 1809 жылы 20 шілдеде қазақтар әрдайым асырып көрсетеді дегенімен, кейбір башқұрттардың тонау барысында асыра белсенділік танытқанын дәлелдеді. Кейін қайта ұйымдастырылған тексерісте капитан Темиреевке Озерный корғаны солдаты Астафьев 406 жылқыдан әлдеқайда көп жылқы қуылды, оның 8-ін подполковник Ханин, унтер офицер А. Семиновтер алды, командадағы солдаттар 36 ірі қараны сатып жіберді деген [4, 220].

Осы жылы Шекаралық комиссия шептегі қазақтарды далаға карай 15 шақырым алыстату саясатын жедел жүргізді. Мұны Г.С.Волконский 1783 жылғы патша жарлығымен негіздеді. Бұған қарсы Батыр хан ұрпақтары Бабы Қайыпов, Жантөре Жиһангеров сияқты сұлтандар "қыс келіп қалды, отын-шөбімізді әзірлеп қойдық. Кедей қазақтар жас балаларымен қайда көшеді" деген наразылықтарын жеткізсе, Звериноголовск қорғаны коменданты подполковник Китаев "қазақтарды ішкі бетке өткізбеу, 15 шақырым жақындатпау" қарсылық туғызуда деп анықтаған. Кейін комиссияның өзі бұл шешім "ауыл мен малға ұлы қиыншылық әкелді" деп мойындады.

Кіші жүз қазақтарының әсіресе шекара бойындағы Байұлдары" Жетіру рулары өз ауылдарының қазақ-орыстардан тоналғанын, енді мына жарлықтың батыл күшке енуін Жантөре ханның әлсіздігінен көріп ашына түсті. Қаратай сұлтанның әрекеттері оларға жаңа хан қажеттігін дәлелдеді. Мұны көре тұра қартайған Айшуақ хан Әбілқайыр ұрпақтарының үлкені ретінде өзара келісім мен татулықты жүзеге асырудың жолдарын іздеп қиналды. Ол баласы Жантөре ханмен бірге орыс шекарасына жақын жерде тұрақтап, мүлдем көпшілікпен байланысын үзіп алған-ды. Ал ел игілері бейбіт түрде ішкі мәселелерді шешіп, патша бекіткен ханды ауыстыруды Г.С.Волконскийден қайта-қайта сұрағанымен ол жүзеге аспады. Губернатор болса үкіметтің отарлау саясаты жолындағы

— хандықты әлсіретіп, халықты біржолата алауыз етіп, ел бірлігін жоюдағы қадамдарынан бас тартпады. Мұның арты Жантөре ханның өліміне ұласты. Л. Мейер, А.И. Добросмыслов, А.И. Макшеев, А. Рязановтар 1809 жылғы 2 қарашадағы ханды өлтіру оқиғасына тікелей Қаратайды қатыстырады. Бүгінгі Ресейлік зерттеушілерде осы пікірді қайталайды. Біздіңше Қаратайды кінәлау Шекаралық комиссия төрағасы Г.Ф. Гене зерттеуінен алынған. Г.Ф. Гене Жантөре ханды "ақылды, батыл жүректі, әрқашанда мұсылмандық жолда болды" деп бағалап, Сахарный қорғаны тұсында тұрғандығын жеткізеді. Сонымен қатар Кіші жүз қазақтары ханнан ел ішіне көшуді талап етті дейді.

Г.С. Волконский 1811 жылы 15 қыркүйекте Н.П. Румянцевке жазған хатында Жантөре ханды өлтірген Орман Нұралыұлы, премьер-майор Қара Есімұлы, Шожық Есімұлы, Шүкірәлі Нұралыұлы өзге де қазақтарды көрсеткенімен, Қаратайды әңгіме қылмады.

Айшуақ хан 1811 жылы 19 тамызда Г.С. Волконскийге "баламды Қаратайдың серіктері өлтірді", "енді Қаратай Жантөре орнына өз ағасы Бөкейді хан сайламақ" дегенді жеткізді [1, 228]. Міне осы деректерді сараласақ, бірнеше жүз қазақтар қатысқан қанды оқиғаға тікелей Қаратай қатыспағанымен, оның ханды өлтірушілерге ниеттес, тілектес екендігін байқаймыз. Соған қарағанда Қаратай сұлтан Орман бастаған сұлтандарға негізгі ақылшы болса керек. Жантөре ханның өлімі атадан-балаға жеткен әңгімелердің бірінде былайша дәлелденеді. "Қаратайға ерген шекті руының бір топ адамы Жантөренің ауылының шаппақшы болып кешке көз байлана хан ауылының сыртындағы қалың ағаштың ішіне келіп жасырынады. Ауылдан сиырын іздеген бір әйел "ау-хаулай" тоғай жаққа қарай шығады. Сол кезде шектінің бір қу жігіті сиыр болып мөңірейді. Сиырын іздеп келген әйелді жігіттер ұстап алып, ауылда кім барын, қанша солдат жатқанын сұрайды. Хан ауылындағы қазақ-орыстардың көбі орыстардың бір мейрамы деп ауылдарына кеткен, қалғандары арақ ішіп өздерінше мәз-мейрам болып жатса керек.

Жігіттер хан ауылына таң алдында, жұрттың бәрі тәтті ұйқыда жатқанда ат қояды. Қолдарына түскен Жантөре ханды шектілер Қаратайға алып келіп: "Шап мынаның басын!" дейді. Қаратай, қанша айтқанымен немере туысын өлтіруге қолы бармай қипақтап тұрып қалса керек. Сонда Арыстан батыр: "Сен үшін басымызды тігіп жүргенде, неге жаның аши қалды? Шап басын, әйтпесе сенің басынды мен шабамын" деп қылышын көтеріп алғанда Қаратай Жантөренің басын өз қолымен шауып түсірген екен" [5, 26-27].

Сонымен қанды оқиға жүзеге асты. Хан артында оның 4 әйелі - Апақай Шойтасова, Менілі Қарабаева, Тоқтан Мүратбекова, Маует Түркіменовалар мен 13 жасар Бекарслан, 4 жасар Рүстем, 3 жасар Беретам, 3 жасар Арсыландар калды. Қанды оқиғаны Айшуақ қарт "үлкен ағасы ханды өлтірді, кіші інісі (Бөкей) хан болуды армандайтыны маған жағымсыз" деп сипаттады [6].

Сөйтіп, Кіші жүз тарихында ханды өлтіру үшінші рет қайталанды. Сонау 1748 жылы Әбілқайыр хан Барақтан, кейін Есім хан қазақтар қолынан қаза тапса, Жантөре хан өз бауырларының келісімімен өлім жазасына кесілді. Үш оқиға да қатысты айтылар жайт оған патша үкіметінің араласуы болмақ. Әбілқайырды өлтірту арқылы империя кең түрде Кіші жүзді бақылауға алып, Нұралыны өз шенеунігі етуге тырысса, ал Жантөрені шекара бойына тұрғызып, ел ортасына жібермей, керісінше тұтас қазақтың өзара қатынасын шиеленістіріп, көре тұра халықтың Қаратайды қолдағанын ескермей тұтас хандықтың тұғырын әдейі шайқалта түсті. Халық алдында хан ел басы болудан қалды. Орыс деректері қанды оқиға себебі хандық таққа талас дегенімен басты мәселе, біздіңше, азаттық, тәуелсіздік, елдік үшін күресте жатыр. Қаратай тақ үшін күресу арқылы отарлау саясатына да соққы берді, дәстүрлі хандық басқарудың беделін көтермек болды, жік-жікке бөлініп, айтыс-тартысқа бой алдырып жатқан қазақты қайта бір қол астына жинамақ болды. Ал Жантөре хан болса елді басқарудың жолы Г.С.Волконский тапсырмасын орындау деп түсінді. Соның жолында орыс әкімшілігімен хат алмасудан әрі аса алмады. Ол хандық құрған кезеңде бірде-бір рет түгел Кіші жүз қазақтары жиналған Кеңес өтпеді.

Ел ішіне бармады. Ақыры Әлімұлдары рулары, Байұлдары рулары ғана емес, кезінде өзі басқарған Жетірудің сенімінен шықты.

Қорыта айтқанда, патша үкіметі дегеніне жетіп, ағайынды Нұралы, Айшуақ ұлдарын бір-біріне айдап салды. Орыс әкімшілігінің саясатына қарсы күрес кезінде сұлтандар бауыры Жантөре ханның әрекетін түсінуден қалды. Азаттық, тәуелсіздік, хандық басқаруды күшейту жолындағы қадамдар ханның өліміне себепші болды. Иә, бұл тарихта хандық басқаруға біржолата дағдарыс енген кезең еді. Патша үкіметінің күткені де осы болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797-1838 гг).- Кызыл-Орда: Изд-во общества изучения Казахстана, 1926.-300 с.
2. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар).- Алматы: Ғылым, 2001.- 258 б.
3. Материалы по историй Казахской ССР (1785-1828).т.IV.- Москва- Ленинград: Изд. АН СССР, 1940.- 543 с.
4. Вяткин М.П. Сырым Батыр.- Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1951.-400 б.
5. Ахмедов Ғ. Жем бойында.- Алматы: Жазушы, 1992.- 288 б.
6. Мұқтар Ә. Қаратай Нұралыұлының қоғамдық-саяси көзқарасы // Қазақ тарихы, №2, 2001

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚОҚАНДЫҚ, ХИУАЛЫҚ БИЛЕУШІЛЕРМЕН САЯСИ-ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ, ӘСКЕРИ ОДАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ (XIX ҒАСЫР)

Кадирова Н.Т.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.-** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

***Резюме**. XIX век был периодом упразднения централизованной национальной государственности у казахов. В связи с этим усилились и внешние нашествия. На пути спасения народа и не утраты территориальной целостности казахские лидеры сближались со среднеазиатскими ханствами. В статье излагаются политико-дипломатические, военно-союзнические связи казахских султанов и батыров с кокандскими, хивинскими правителями.*

***Ключевые слова:** правители, политика, дипломатия, военная помощь, союзничество*

Қоқан және Хиуа хандықтарымен қазақ қайраткерлерінде басымырақ әскери-саяси байланыстар болды. Себебі XVIII ғасырда хиуалықтар қазақтар үшін қауіп төндірді. Осы кезеңде қазақтар үшін орыс империясынан да қауіп туып отырды.

1750 жылы Батыр хан мен Хиуа ханы Қайып сұлтан Орынборға елшілерін жіберді. Ондағы мақсаттары Хиуадан Ресейге және керісінше Ресей елінен Хиуаға

жүретін керуенін Батыр хан иелігінен өткізіп, бақылауды ұстауды көздеген еді. Алдымен бұл саясат Нұралы ханның беделін төмендетіп, оны саудадан түсетін пайдадан айыруға бағытталды. Көп ұзамай Қайыпты хиуалықтар биліктен айырған кезде, тілмәш Сейіт Қасымовтың жеткізуінше, ол бала-шағасын тастап әкесінің иелігіне жеткен. Хиуада інісі, Нұралы ханның күйеу баласы Қарабай сұлтан тұтқынға қалған. Өз отбасы мен бауырын босату үшін Қайып сұлтан Нұралы ханнан көмек сұрамақ болған. Сейіт хабарынша, Әбілқайыр ханның жесірі Бопай ханым оларды татуластыру үшін жұмыстанған. Кейін Әбілқайыр хан ұлы Айшуақ сұлтан Батыр ханның қызына үйленуге аттанған. Міне, мұның барлығы қазақтың жоғарғы билік иелері арасындағы шиеністі тереңдетпеу үшін, татулыққа жүгіну үшін құдандалық жолын кең түрде пайдаланғандығын дәлелдейді.

1770-1771 жылдары Батыр хан қайтыс болғаннан кейін, Сыр бойындағы қазақ рулары Қайып сұлтанға бағынған. Қайып сұлтан үшін ең негізгі мәселе – қазақ –хиуа қатынастарын шиеленістірмеу еді. Қайып сұлтанның Кіші жүз тарихындағы тағы бір өрлеуі Сырым Датұлы бастаған ұлт – азаттық қозғалыспен тұспа – тұс келді. Әсресе 1783 жылы Нұралы хан Орынборға шақырылып, Уфаға жер аударылған сәтте Қайып Батырұлының беделі өзінің шарықтау шегіне жетті.

1785 жылы қыркүйектегі жиналыс қорытындысы бойынша, алғаш рет Кіші жүз старшындары Қайып сұлтанды хан тағына бекіту мәселесін көтерді [1, 124].

Қайып хан Бұхара билеушісі Әбілпейіздің қызына, Хиуа ханы II Әбілғазының жесіріне, Әбілхайыр ханның інісі Бұлхайыр сұлтан қызына, кейін Барақ сұлтан қызына үйлену арқылы мықты тірек жасағанымен, орыс үкіметінің сеніміне ие болмады. Ж. Артықбаевтің пікірінше, 1789 жылы, И.Ерофееваның зерттеуінше 179 жылы көз жұмған Қайып хан ратында шамамен 30 ұл қалдырды. Осынша ұрпақ ішінен екеуі - Әбілғазы мен Шерғазы Қайыпұлдары ғана ерекше көзге түседі.

Бір кезде Әбілхайыр хан мен Батыр сұлтан, Нұралы ханмен Батыр хан, Қайып хан қарым –қатынастары “ішкі феодалдық тартыстар” деп түйінделген еді. Тарихи деректер кейбір мәселелерде – қазақ – орыс, қазақ –қоқан байланыстарына қатысты өзара айтыс болғандығын көрсеткенімен, халқымыздың болашақ тағдырына байланысты - елдікті, мемлекеттікті сақтауда олардың бірлесе қимылдағанын, келесі, тіл табыса Кіші жүз ханына көмекке келгендігін дәлелдейді. Сол үшін Әбілхайыр хан Хиуа ханы, Бұхара ханы – тағы басқа да беделді ел басыларымен байланысқа түсті.

XIX ғасырдағы Хиуадағы шөлді жерлерді суландыру, каналдар құрылысы, егістік жерлердің көбеюі қол еңбегіне деген мұқтаждықты жылдан-жылға арттырды. Өздерінің егіс далаларын өңдеу үшін хиуалықтар құлдық еңбекті пайдаланды. Елде құлдарға сұраныс көп болғаны соншалық, Хиуа қаласы Орта Азиядағы еріксіздер базарының ірі орталықтарының біріне айналды. Мұнда хиуалықтар мен қазақтар тарапынан болған айдап кету салдарынан Орынбор шебінен, сондай-ақ Каспий теңізі жағалауындағы балық кәсіпшіліктерінен және Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтерілістері барысында қолға түскен тұтқын орыс адамдары көп мөлшерде сатылды.

Бір ғана дәлел 1855 жылдың тамыздың 24-інде Рошков және Емщиков деген Орал бекінісінің әскери қызметтегі казактары Кіші жүздің Орта бөлігінің территориясында ұсталып жоғалады. Билеуші-сұлтан, подполковник Мұхамбетжан Баймағамбетовтың Орынбор әкімшілігіне берген мәліметі бойынша олар Хиуа хандығына сатылып кеткен. Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы В.В.Григорьевтің ұйғарымы бойынша бұл істі істеген батыр Есет Көтібарұлының «бүлікшілері» болып табылады, себебі, бұл уақыт Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазақтары қозғалысының өршіген мезгілі [2, 116].

Бұл жағдай хиуалықтар мен қазақтардың Ресей империясының отаршылдық құлдығына қарсы саяси күресінің бір түрі еді.

Өткен ғасырдың 40-50-жылдарында Хиуа құлдығында 10 000-нан аса орыстар болған [3, 5]. Яғни, бұдан ашынған қазақ халқы патша өкіметімен аяусыз күресте көршілес мұсылман мемлекетімен сөзсіз біріккендігін көруге болады.

XIX ғасырдың ортасына қарай Ресейдің Азиядағы халықаралық саясатының өзгеруі, яғни шығыс елдері мәселесінде іс-әрекетінің қарқындылығы ортаазиялық хандықтардың өміріне үлкен дүмпу әкелді. Ортаазиялық хандықтар қайткен күнде де Ресей империясының отаршылдық саясатының өздеріне жететіндігін білді, осы жолда олар әскери одаққа бірігеді және бұған қазақ руларын барынша тартады.

Хиуа хандары XIX ғасырда Қазақ ордасының ішкі істеріне ықпалды әсер етуге тырысты, сөйтіп олар көптеген жағдайда қазақ ақсүйектерімен туыстық қарым-қатынастар орнатады. Ал XVIII ғасырда қазақ хандары Әбілқайыр мен Нұралы, сұлтандар Қайып, Пірәлі кей жағдайларда Хиуа хандығының тағына отырған еді.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар басшыларының бірі Арынғазы Әбілғазыұлының ағасы Шерғазы сұлтан орысша білім алған әскери адам, көп жыл Петербургте тұрған, шведтерге қарсы соғысқа қатысып майор шеніне дейін көтерілген, II Екатеринаның ең жақын адамдарының бірі князь П.А.Зубовтың адьютанты болған. Кейін Хиуа ханының «Сыр бойындағы қазақтардың ханы етіп қоямын» дегенінен кейін Хиуаға барған, бірақ бір жылдан кейін қайтыс болып, орнына баласы Жанғазы хан болған. Шерғазы Хиуада Аллақұл ханмен туыстасып, оған қызын береді.

XIX ғасырдың 30-жылдарындағы Кіші жүздегі ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі сұлтан Қайыпқали Есімұлы өзінің әскері полковник Мансуров отрядынан 1838 жылы Ырғыз өзені бойында жеңіліске ұшырағаннан кейін Хиуаға қашады. Ол Хиуа хандығынан «Батыс қазақтар ханы» мәртебесін алады, ал оның ұлы Ермұхамед Сырдария қазақтарының билеушісі болып Хиуа ханы тарапынан тағайындалады.

Патша өкіметіне қарсы күресте XIX ғасырдағы қазақ халқының азаттық қозғалысының көсемі Кенесары ханның өзі де Хиуа билеушілеріне арқа сүйеуге тырысты. Хиуа ханымен өзара түсіністік саясатын жүргізген Кенесарының әсіресе 1841-1845 жылдары атақ-даңқы бүкіл Орталық Азияда кең шарықтағанда хиуа билеушілері қазақ ханымен достық қарым-қатынас орнатуға тырысты, одақ құруға дайын болды [4, 32-34].

1844 жылы Хиуа ханы достықтың және сыйластықтың белгісі ретінде Кенесарыға 15 арғымақ, 2 алтынмен қапталған ер-тұрман және бірнеше түйе сыйлайды, оның екеуі оқ-дәріге толтырылған [5, 5].

«Хиуа далалық аймақтағы көптеген көтерілістердің себепшісі болды. Ол Ресейге қарсы бағытталған көтерілістерді қолдап, көмектесіп отырды. Хиуа көтерілісші хан-сұлтандарға қорғаныс берді, оларды қарумен қамтамасыз етті және өздерінің молдалары арқылы қырғыздар (қазақтар) арасында діни насихат жүргізді, сөйтіп олардың діни фанатизмін қоздырды», - деп сипаттама береді тарихшы А.Рязанов өзінің аталмыш еңбегінде [5, 5].

Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүз қазақтарының Ресейге бағынғанына бір ғасырдай уақыт өтсе де, XIX ғасырдың 30-50-жылдарында Ойыл, Ырғыз, Жем, Темір, Мұғалжар, Қарақұм мен Борсыққұм өңірлері Ф.Энгельстің «Ресейдің Орта Азияға жылжуы» деген еңбегінде көрсетілгендей Ресей үкіметінің үстемдігіне номинальды түрде ғана мойын ұсынып келді [5, 615]. Бұл өңірде патша өкіметінің билігін тек қана Әбілқайыр әулетінен шыққан сұлтандар ғана мойындады. Ал олардың қазақ руларына ықпалы тек формальды түрде болды, сөйтіп бұл жердегі қазақ рулары өздерін ерікті тәуелсіз халықпыз деп санады. Бұл кезде Ташкент, Бұхар, Хиуадан шығатын керуен жолдары Сыр мен Қарақұмның, Ырғыз бен Торғайдың үстін басып өтіп, Орынбор мен Троицкіге тура кеп құлайтын. Орта Азия хандықтары мен Ресейдің сауда-саттық жасайтын басты күре тамырдай жолында көшіп-қонып жүрген Кіші жүздің Әлім аталығынан тарайтын Шекті, Қаракесек, Төртқара, Қарасақал және Шөмекей тайпалары Ресей мен Орта Азия керуен саудасына үлкен әсер етті.

XIX ғасырдың 30-жылдарында Қазақстанға саяси-экономикалық шабуылын күшейткен патша өкіметі қазақ даласына мықтап бекініп алды, 40-жылдарда Ресей Қазақстандағы өз позициясын аса сақтықпен барынша нығайтты және болашақта Орта Азияға шабуыл жасау үшін қолайлы плацдарм жасау саясатын үдете жүргізді.

1847 жылы Кенесары ханның патша өкіметін қатты алаңдатқан қозғалысы аяқталды, сөйтіп 50-жылдардың басына таман бүкіл Қазақстанды іс жүзінде Ресей империясы жаулап алуға таяды. Бұдан кейін Ресейге ортаазиялық хандықтарға шабуыл жасап, толық табысқа жетуге аз ғана уақыт қалды. Міне, дәл осы кезеңде Хиуа мен кейбір қазақ рулары бір-біріне пана болып, көмек беруге ұмтылды.

Бұған дәлел, 1847 жылы Шекті-Табын руларының наразылығымен басталған Есет Көтібарұлының қозғалысына хиуалықтардың қолдау көрсетуі болып табылады, бұл жөнінде тарихшы А.Рязановтың архив құжаттарының ізімен жазған «1848 жылғы қазақ даласына хиуалықтар мен түркімендердің шапқыншылығы» деген еңбегі негіз бола алады.

Ресей тарапынан Қазақстанда 1845 жылы Торғай және Ырғыз өзендерінде бекіністер орнатылды, 1847 жылы Сырдария өзенінің төменгі сағасында Райым бекінісі, 1848 жылы Қарабұтақ және Қосарал қамалдары салынды. Сондай-ақ 1848-1849 жылдары Арал теңізінде флотилия ұйымдастырылды.

Ал бұл кезде Хиуа хандығы Ресейдің ең бір мазасыз көршісі болып табылып, орыс үкіметін қатты қауіптендірді. Хиуа 1832 жылы Мервті жаулап алып, Каспий маңындағы түрікмендердің бір бөлігін өзіне бағындырды. Сонымен қатар Үстірт пен Сырдария қазақтарына да бұларда хандар тағайындау арқылы билік жүргізбекші болды. Сырдарияда олар Қинджабай және Шырқайлы қамалдарын салып, кейіннен Жаңақала, Қожанияз бекіністерін тұрғыза отырып, Қуаң бойы мен Сырдың сол жағасына кеп табан тіреген-ді. Ол аз болғандай, Жем өзеніне дейінгі жерді иемденбек болады және Мұғалжар тауының солтүстігін ала, сондай-ақ Жем мен Үстірт аралығында көшіп-қонып жүрген қазақтар арасында Ресейге дұшпандық жұмысын жүргізеді.

1845-1846 жылдары Орынбор әскери шебі Ырғыз, Жем өзендерінің шығыс жағынан өтіп, Торғай-Орынбор бекіністеріне келіп тірелгеннен кейін де, Ресейдің қол астына алынды деп есептелген қазақ ауылдары патша өкіметіне мойын ұсынғысы келген жоқ, ол Хиуа хандығымен де ара алшақтығын дипломатиялық болмысқа сай дәрежеде ұстап, кейбір жағдайларда Хиуаның әскер күшін Ресейге қарсы пайдалануды көздеді.

Сырдария жағалауында орыс бекіністерінің болуына Хиуа хандары қарсы болды. 1848 жылы мамыр айының ортасында Орынбор өлкесінің губернаторы, генерал Обручев Райым бекінісінен 18-ші сәуірде жазылған хабарлама алады, онда Хиуа билеушісі Арал теңізінің батыс жағалауына құсбегі бастаған 12 000 әскерін жібергендігі баяндалған. Бұл отрядқа дала аймақтарынан көтерілісші батыр Есет Көтібарұлының 6000 адамы қосылмақ [5, 8]. Яғни, мұндағы хиуалықтардың мақсаты Орал бекінісін жойып, орыс әскерлерін Райымға жібермеу, сөйтіп патша өкіметінің екінші Хиуа жорығының алдын алу еді.

Шекті руы, Қабақ-Тілеу бөлімшесінің биі, атақты батыр Есет Көтібарұлы мен Шөмішті табын руының белгілі биі Дәуіт Асауұлы Хиуамен достық байланыста болды.

1839-1840 жылдардағы генерал В.А.Перовскийдің Хиуаға жорығы кезінде аталған екі батыр да хиуалықтардың жағында болды. Және патша өкіметіне Орынбор қарауындағы қазақтардан түйе жинауына қарсылық көрсетеді. 1839-1840 жылдардағы Орынбор губернаторы В.А.Перовский бастаған патша өкіметінің Хиуа жорығының сәтсіздікке ұшырауы мүлдем экспедицияның нашар даярлығы емес, бұл жерде хиуа-қазақ саяси күрес одағының нәтижесі. Бұл әскери экспедиция қаншалықты құпия түрде ұйымдастырылса да Хиуа билеушілері мұның түпкілікті мақсатын білген. Хиуаға әскери жорық жасалатынын дер кезінде хабарлап отырған Есет Көтібарұлы, Дәуіт Асауұлы сияқты батырлар еді. Патша өкіметінің Хиуаға жасаған бұл жорығында Кіші жүз қазақтарының қарсылығы тек түйе бермеумен ғана шектеліп қойған жоқ, ақырында олар қатты қарулы қақтығыс ұйымдастырып, кедергі келтірді. Сөйтіп генерал-губернатордың осы жорығының сәтсіздікке ұшырауына Есет батыр бастаған шекті-табынның ержүрек

азаматтарының қатысы болды. Ол кезеңде патша өкіметінің Орта Азияға жасаған кез-келген іс-әрекеті қазақ халқына үлкен нұқсан келтіретін еді.

Сонымен қатар патша өкіметінің саясатына қарсылық ретінде 1847 жылы Кіші жүздің Орта бөлігінен Хиуа территориясына көшу басталған [6, 4]. Және 1848 жылы Шөмішті табын руынан 400 отбасы Хиуа иеліктеріне қоныс аударған [7, 53-54].

XIX ғасырда патша жазалаушыларынан сескенген қазақ руларының Хиуа хандығы территориясына көшіп кетіп отыруына Хиуа билеушілерінің Кіші жүздің көптеген белгілі адамдарына қарамағындағы өз руларымен бірге Хиуаға қосылуын ұсынған тілектері де әсер етті. Бұл жерде хиуа хандары көп жағдайды ескеріп отырды, бір жағынан қарағанда Кіші жүздің көтерілісші руларының бір бөлігінің Хиуаға қосылудан басқа жол жоқтай көрінді. Хиуа территориясына көшкен қазақтар бұл елге діндес, түбі бір түркі халқы ретінде өте қатты сенді. Сондай-ақ қазақ руларының бірнеше ғасырлар бойы әлеуметтік-экономикалық байланыстары көпшілік жағдайда осы ортаазиялық хандықтармен жүргізілген еді. Қазақтар өздерінің тұрмыстық мұқтаждықтарын осы елдер арқылы қанағаттандырып отырды, бірнеше дәуірлерге ұласқан осы әлеуметтік тығыз байланыс XIX ғасырда қазақ қоғамында белгілі орын алған би, батырларды ел басына ауыр күн туғанда туысқан Хиуа хандығынан көмек алуға итермеледі.

Негізінен 1847-1858 жылдардағы Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысының негізгі себептерінің бірі және көтерілістің өршуіне ықпал еткен жағдай патша өкіметінің 1853 жылғы Ақмешіт қаласын алардағы екінші Хиуа жорығына байланысты еді. Бұл жорыққа дайындық кезінде «түйе жинау» науқанына қатысудан Кіші орданың билері Есет Көтібарұлы мен Дәуіт Асауұлы бас тартқан, яғни ешқандай түйе бермеген [7, 65]. Тіпті Шөмішті табын руының биі, атақты батыр Дәуіт Асауұлы Қоңырат бекінісіне орналасып, Хиуа ханы Мұхаммедәминнен көмек ала отырып, Мұхаммедәмин ханға Ақмешітке қарсы шыққан орыс отрядының барысын әрдайым баяндап отырған [7, 26].

1894 жылы Қазан қаласында жарық көрген И.В.Аничковтың «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы» деген еңбегінде «Жанқожа батырдың көтерілісі Хиуа ханы мен Орынборға қараған далада тірлік кешетін Көтібарұлы Есет батырмен келісіліп барып жасалынған» делінеді [8,18]. В.А.Перовскийдің тұсында, Орынборда Хиуа ханының Сыр бойындағы беделді ру билеушілеріне, соның ішінде Жанқожа батырға әдейі арнап, жасырын түрде хат жібергені білініп қалады. Батырға жазылған сондай хаттың бірінде «бәрінің мұсылман екендігі, ескі өкпені ұмытып, мұсылмандардың кәпірлерге қарсы болатын шайқаста бір біріне көмек беріп, қол созуы керектігі, сол себепті өзінің батырға иек сүйеп, Райым мен Сыр бойынан орыстарды қуып шығуға бар күшін салады деп сенетіні» жайында жазылған [8,14].

XIX ғасырдың 40-50 жылдарында Хиуа хандары Сыр, Жем, Елек, Жайық, Ырғыз, Торғай бойларына өз адамдарын үнемі астыртын түрде жіберіп отырған, олар әрбір қолайлы жағдайды құр жібермей, қазақтардың атақты билері мен басқа да беделді адамдарына сөз салып, өздерінше олардың діни сезімін оятып, ғазауат соғысына шақырған еді. Бұған Хиуа ханының жоғарыда жалпы мазмұны баяндалған, Жанқожа батырға арнайы жолдаған хаты бірден бір дәлел бола алады. Жанқожа Нұрмұхамедұлының 1857 жылы Ресейге қарсы көтеріліс ашуының себептерінің бірі осында жатыр.

Жанқожа батырдың 1857 жылы қаңтардың 9-10 – күндерінде 3000 қолмен барон Фитингоф бастаған орыс әскеріне қарсы шыққан Арықбалықтағы шайқаста көтерілісшілердің жеңіліс тапқаны белгілі. Бұдан кейін батыр өз қолымен Қызылқұмға шегініп, Боқан тауларына қарай ығысады. Ол одан әрі асып, Хиуамен шекаралас Дәуқара деген жерге барып тоқтап, сол жерден баласы Итжеместі Есет Көтібарұлына жібереді. Сосын өзі Хиуа ханына барып, осы төңіректі мекендейтін қазақ, қарақалпақ, түрікмендермен бірігіп қол құрап беруін өтінеді, сөйтіп өзінің Қазалыны шабатынын айтады. Бірақ батырдың бұл өтінішін Хиуа хандығы қанағаттандыра алмаған [8, 19].

Жалпы қазақ тарихына белгілі атақты батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлының ең басты жауы Хиуа болды, тіпті, 1844 жылы Хиуа ханы Есет Көтібаруұлына хат жазып Жанқожаны не тірілей, не өлілей әкеп беруін сұраған болатын [8, 8]. Осындай жағдайларға қарамастан XIX ғасырдың 50-жылдарының аяғында жалпы Орталық Азиядағы түрік әлеміне төнген қатер Ресей империясына қарсы Хиуа мен Қазақстанның бір бөлігін табыстырып жіберді, бұлар өздерінің бұрынғы саяси қарама-қайшылықтарын ұмытып, сыртқы отаршылдыққа қарсы күресте бірігіп кетті деп айта аламыз.

XVI ғасырда Ермактың қанды жорығы түрік тілді туысқан халықтардың баршасының тәуелсіздігіне қауіп-қатер төндірсе, XIX ғасырда сол Ресей империясының отаршылдық саясаты Қазақстанмен қоса ортаазиялық хандықтардың бас бостандығына шек қоя бастайды. Осындай жағдайда әлімсақтан бері бір тудың астында болған қазақ пен өзбектің бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруы мүмкін жағдай, тарихи заңдылық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К.Козыбаева).-Алматы: Санат, 1996.-656 с.
2. Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде.-Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.-240 б.
3. Рязанов А.Ф. Набеги хивинцев и туркмен в киргизскую степь в 1848 году. Оренбург, 1925.- 23 с.
4. Қасымбаев Ж. Последний поход хана Кенесары и его гибель (декабрь 1846-апрель 1847 гг.). – Алматы: Ана тілі, 2002.- 200 с.
5. К.Маркс, Ф.Энгельс. Шығармалары, 12 том.- Алматы, 1960
6. Құрманалин С.Б. Кіші жүз және Есет Көтібаруұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1847-1858 жж.).-Орал: Полиграфсервис, 2019.-256 б.
7. Рязанов А.Ф. Исатай Тайманов көтерілісі (1836-1838).-Алматы: Қазақстан, 1996.-176 б.
8. Аничков И.В. Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы.- Алматы: Терме бірлестігі, 1991.- 32 б.

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙДІҢ ГЕОСАЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ АЯСЫНДА (XVIII ғ. бірінші ширегі)

Курманалина Ж.Б.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Балыкова А.М.**- тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Резюме. *Статья посвящена изучению политико-дипломатических отношений Казахстана и России в современную эпоху. Первая четверть XVIII века характеризуется бурным развитием казахско-русских отношений. Вовлечение Казахского ханства в геополитическую систему Российской империи стало началом новой эпохи.*

Ключевые слова: *геополитика, посольства, союз (союзничество), интересы, военная помощь.*

І Петрдің шығыстық саясатының қазақтарға бағытталуының қалыптасуы уақыты жағынан орыс қоғамында Ресейдің халықаралық аренадағы тарихи рөлін қайтадан ой елегінен өткізумен және империялық доктринаның ресімделуімен тұстас келді. І Петр Астрахан сапарында «бағы заманнан есітіліп келген және сол кезде беймәлім деуге болатын қазақ ордасын» Ресей бодандығына келтіру туралы тілек білдіріп, осы жорықта тілмаш міндетін атқарған А.И.Тевкелевке «миллионға дейін жұмсалса да, аса көп шығындарға қарамастан, жан-тәнін салуды, бір парақ қағазбен-ақ Ресей империясының қарамағанда болуға міндеттенетін болсын» деп ұсынған еді [1, 112].

Орыс-қазақ қоныстарының даму серпінділігінің жеделдеуі мен мазмұнының тереңдеуі ол кезеңде Ресейдің стратегиялық мүдделерімен және сыртқы саясатының мақсаттарымен ғана анықталған жоқ, сонымен қатар бүкіл халықаралық қатынастар жүйесінің даму серпінділігімен, аймақаралық географиялық шекаралардың айқындығымен және тұтастығымен, Ресей державасының халықаралық беделі мен еуразиялық дүниедегі халықаралық ықпалының бір факторы ретіндегі оның әскери-саяси құдіреттілігімен, демек, Қазақстанның билеуші топтарындағы солтүстік көршісімен сауда-экономикалық, әскери-стратегиялық және саяси байланыстардың маңызын түсінумен, қазақ қоғамы саяси көшбасшыларының Ресеймен жақындасуының артуымен анықталды.

XYIII ғ. алғашқы үштен бірінде қазақтардың көршілерімен саяси қатынастарының шиеленісуі орыс-қазақ және қазақ даласы арқылы өтетін Ресей-Орта Азия саудасының дамуына елеулі кедергі болды. Сондай-ақ өткен ғасырларда ашылған географиялық ұлы жаңалықтардың маңызды мәдени-тарихи салдары да қазақтардың сыртқы сауда қатынастарын қиындата түсті. Қазақстан аумағындағы дәстүрлі сауда жолдары мен маршруттардың құрлықаралық маңызының мүлде төмендеуі және Сыр өңіріне жоңғарлардың талай рет басып кіруінің зардаптары XYIII ғ. 30-ж. Қазақстанның оңтүстігінде халықаралық сауданың іс жүзінде тоқтап қалуына салқынын тигізді. Өлкенің бір кезде гүлденген оңтүстік қалалары маңызы төмен, халқы аз орталықтарға айналды, уақыт өте келе аграрлық сипат алды. Азияның көршілес елдерінен Сыр өңірі мен ортаазиялық рыноктарға түскен тауарлар көшпелі қазақ халқының өскелең тұтыну тілектерін қамтамасыз ете алмады. Солтүстік-батыс бағытта да әскери-саяси жағдайдың шиеленісуінен қазақтардың Ресейдің ірі, тауарлы рыноктарына баруы өте қиындап кетті. Сауда-экономикалық саладағы осындай келеңсіз жағдайларды қазақтар көршілес отырықшы-егінші халықтан қажетті өнімдер мен бұйымдарды күш қолданып тартып алу жолымен жоюға ұмтылды. Бұл объективті түрде шекаралық жанжалдардың өршуіне әкеп соқты.

XYIII ғ. басында Ресей мен қазақтар арасындағы дипломатиялық қатынас жандандырыла түсті. Екі тараптың өкілетті өкілдері дүркін-дүркін келіссөздерінің аясындағы талқылау мәселелері: тұтқындар алмасу, қазақтар мен Ресей бодандары арасындағы әскери жанжалдарды реттеу, орыс көпестерінің қазақ халқымен сауда байланыстарын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болды.

1) 1715 ж. күзінде Әбілқайырдың елшісі Тайқоңыр Құлтабаев Қазан қаласында губернатор П.С.Салтыковпен келіссөз жүргізді;

2) 1716 ж. қыркүйекте Бекболат Екешев пен Байдаулет Бөриев бастаған Қайып хан елшілігі Тобылда Сібір губернаторы М.П.Гагаринмен келіссөз жүргізді;

3) Сібір губернаторы 1716 ж. 16 қазанда Қайып ханға Никита Белоусов бастаған арнаулы жауап елшілігін жіберді;

4) 1717 ж. аяғында Қайып және Әбілқайыр хандарға Қазаннан дворян Федор Жилин жіберілді, ал 1718 ж. қаңтарында Тобылдан Түркістанға Борис Брянцев пен Яков Тарыштин және тілмәш Қабай Мамеевтен құралған елшілер аттанып, олар қазақ ордасында жазға дейін болады [2].

Патша өкіметімен бейбіт келіссөздердің жаңғыртылуын Қайып пен Әбілқайыр хандар I Петрмен жоңғарларға қарсы әскери-саяси одақ жасасу үшін пайдалануға үнемі әрекет жасап отырды. Осы мақсатпен 1718 ж. мамырда қазақ елшісі Елмет Баулықов; 7 қазанда Шаба, Баһадур, Сапа, Итмәмбет және Бақұрман; 28 қазанда Бәйбек пен Төлебай губернатор М.П.Гагаринмен келіссөздер жүргізеді. Ал сол жылдың желтоқсанында Тантай Арыстанов пен Тоғынұр Құлтабаев губернатор П.С.Салтыковпен жоңғарларға қарсы ұрыс қимылдарын келісе отырып жасау мәселесін талқылайды.

Алайда қазақ хандарының жоңғарларға қарсы соғыс жорығын бірлесіп жасау туралы ұсынысын Ресейдің орталық үкіметі мақұлдамады. Қазан губернаторы П.С.Салтыков 1719 ж. 8 қаңтарда Қайыпқа жіберген жауап хатында қазақтардың жоңғармен соғысу ниетін жалпылама мақұлдаған емеурінмен шектелді және әскери көмек туралы қандай да болсын нақты уәде беруден тартынып, Қайып ханның қонтайшыға өз дегенін істей беруін мәлімдеді [3, 49].

Әбілқайыр ханның және Кіші жүз ақсақалдарының атынан Арал өңірі даласынан 1725 ж. жазында Қойбағар Қөбеков бастаған елшілік Петербургке аттанады. Бұл елшіліктің ұйымдастырылуына Ресейдің Бұхарадағы елшісі Флорио Беневенидің пошта тасушысы, қазақтар мен қарақалпақтар 1724 ж. тұтқынға түсірген башқұрт саудагері Мақсұт Юнусов себепші болған еді. Кіші жүздің алшын руларымен және қарақалпақтардың билеуші бетке ұстарларымен белсенді әңгіме жүргізген Мақсұт Юнусов қазақтарға Ресей бодандығын қабылдау туралы патшаға өтініш жасауды ұсынды, сонда ғана Ресейдің әскери көмегін ала алатындықтарын сендіреді. Міне, Қойбағар Көбековтің дипломатиялық миссиясына осы өте көкейкесті міндетті шешу жүктелді. 1726 ж. 18 қаңтарда Петербургке барып, Сыртқы істер алқасының шенеуніктеріне қазақ және қарақалпақ ақсақалдары жазған екі хатты тапсырған Қойбағар Көбеков сапары өз мақсатына жеткен жоқ. Патша әкімдері сол кездегі жағдайда қазақтарды Ресей бодандығына қабылдау Ресей үшін тиімсіз деп тапты.

Орыс–қазақ, қазақ-қалмақ және қазақ-башқұрт қатынастарын реттеу мен аймақтың солтүстік-батысында және солтүстігінде Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының кедергісіз көшіп жүруінің берік құқықтық кепілдігін алу проблемасы қазақтың көшпелі бірлестіктері үшін, әсіресе олардың жазғы жайлауы Ресейдің кең-байтақ жер иеліктерінің шекарасына жапсарлас жатқан бөлімшелері үшін жыл өткен сайын барынша көкейкесті сипат ала берді. Сондықтан 1730 ж. мамырында Ресеймен бітім туралы шарт жасасу мақсатымен Кіші жүз бен Орта жүз өкілдерінің жиналысында патша үкіметіне арнайы елші жіберуге бірлескен шешім қабылданды. Бұл дипломатиялық міндетті іс жүзіне асыру тікелей Әбілқайырға жүктелді.

XVII ғасырдың аяғы-XVIII ғасырдың басында Ресей мен қазақ жүздері арасындағы дипломатиялық қатынас жандандырыла түсті. Екі тараптың өкілетті өкілдері дүркін-дүркін келіссөздердің аясындағы талқылау мәселелері:тұтқындар алмасу рәсімдері, қазақтар мен Ресей бодандары- қалмақтар, орал және сібір казактары және башқұрттар арасындағы әскери жанжалдарды реттеу, сондай-ақ орыс көпестерінің Кіші жүз бен Орта жүздің қазақ халқымен сауда байланысындамыту үшін қолайлы жағдай жасау болды.

Әбілхайыр ханның 1715 жылғы башқұрттар жнріне жасаған әскери жорығы мен башқұрттардың жақын жердегі Кіші жүз ауылдарына жауап ретінде басып кіруі қазақ билеушілерінің Қазан губерниясы мен Батыс сібірдегі орыс шекаралық өкімет органдарымен саяси қарым-қатынастарының жаңғыртылуына тікелей себеп болды. Осыған байланысты 1715 жылдың күзінде башқұрт және қырғыз-қазақ дауларын тыю және олардың тұтқындар алмасуы туралы мәселені шешу мүдделерін көздеп, Әбілхайырдың жеке елшісі, Тайқоңыр Құлтабаев батыр Қазанға барып, онда жергілікті губернатор П.С.Салтыковпен келіссөз жүргізді. Келіссөз аяқталмай қалып, үш жыл өткен соң, қазақ ханының өз бастамасымен қайта жалғастырылды.

Келесі жылдың қыркүйегінде Тобылға құрамында Бекболат Екешев пен Байдәулет Бөриев батырлар бар қайып ханның елшілігі келді, оларға қазақтардың

солтүстіктегі көшпелі көршілерімен шекаралық жанжалдарын реттеп, Сібір губернаторы М.П.Гагаринмен «мәңгілік бітім» жасасу, Ресеймен Жоңғарияға қарсы әскери одақ туралы келісімге қол жеткізу және оларға сауда-саттық жолымен Тобылға бару үшін мүмкіндік беру үшін Ресейдің жақын жердегі рыноктарына қазақ малшыларының кедергісіз баруына кепілдік алу тапсырылған болатын.

Қазақ елшілерінің Тобылға келуі және оның жоңғарларға қарсы Ресеймен әскери одақ жасасу туралы ұсынысы Сібір губернаторын 1716 жылы 16 қазанда Қайып ханға Никита Белоусов бастаған арнаулы жауап елшілігін жіберіп, оған орыс шекаралық өкімет органдарының Орта және Кіші жүз қазақтарының «тату тұруға »әзір екендігіне сендіруге және бір кезде өзінің ұлы мәртебелі патшасы қонтайшыға әскер жіберуге құзыры түссе, осы келісімді ескеретінін және сонда оларға ведомость жіберетінін» хабарлауды тапсырды. Есей елшілері Түркістанға аман-есен жетіп бір жылдай уақыт бойы Қайып ханның жанында болды. Тобылға қайтып барғаннан кейін 1717 жылы 26 қыркүйекте Н.Белоусов губернатор М.Гагаринге қазақ билеушісінің хатын береді, онда хан өзінің қонтайшымен соғысу жөніндегі бұрынғы ниетін қуаттап, сол жылдың жазғы айларында башқұрттар айәдап әкеткен көптеген жылқы табындарын қазақтарға қайтарып беру туралы өтініш жасаған еді. Алынған өтінішке қайтарған жауабында М.П.Гагарин ханға айдап әкетілген жылқыны табуға және Тобыл қаласында орыс-қазақ айырбас саудасын дамыиуға қамқорлық жасуға тырысатынын хабарлады.

Алайда 1717 жылы күзде Әбілқайыр Қазан губерниясының ішкі уездеріне тағы да бір ірі жорық жасады, содан кейін башқұрттар мен Сібір қазақтары шекаралас қазақ ауылдарына жауап ретінде басып кірді. Осы кезде тұтқындар алмасу мен мал жағдайы, сондай-ақ Қазақстанның Ресеймен шекарасындағы әскери-саяси ахуалды ретке келтіру мәселесі қайтадан маңыз алды [4, 25].

Аталған мәселелерді шешу үшін 1717 жылдың аяғында Қайып және Әбілхайыр хандарға Қазаннан Уфа дворяны Федор Жилин жіберілді, ал 1718 жылдың қаңтарында Тобылдан Түркістанға Борис Брянцев пен Яков Тарыштин және тілмаш Қабай Мәмеевтен құралған Ресей елшілеріаттанып, олар қырда 1718 жылдың жазына дейін болды. Ресей елшілерімен кездесуі барысында Әбілқайыр және Қайып хандар «ұлы патша ағзаммен», Ресейдің Қазан және Сібір губернияларындағы оның өкілетті өкілдерімен «мәңгі татулықта және одақтасып» тұруға, орыс көпестерімен сауда байланысын дамытуға және өз бодандарының көршілерінен малды ұрлап әкетуіне» бірлесіп жол бермеуіне мүдделі екендерін білдірді.

Патшалық шекаралық әкімшілікпен бейбіт келіссөздердің жаңғыртылуын Қайып және Әбілқайыр хандар І Петрмен жоңғарларға қарсы әскери-саяси одақ жасасу үшін пайдалануға тағы да әреке жасады және сол мақсатты көздеп, еліне қайтқан Ресей елшілерімен бірге Тобыл мен Қазанға аталған мәселелерді талқылау үшін өздерінің жеке өкілетті өкілдерін қосып, оларға губернатор П.С.Салтыков пен М.П.Гагариннің атына өздері хат жазып жіберді. Атап айтқанда, Сібір губернаторымен 1718 жылы келіссөз жүргізген батырлар: Елмет Баулықов; Шаба, Баһадүр, Сапа, Итмәмбет және Бақұрман; сондай-ақ Бәйбек пен Төлебай. Нақ сол жылдың 10 желтоқсанында қырдан орыс елшісі Федор Жилинді Қазанға жеткізген Тантай Арыстанов және Тоғынұр Құлтабаев батырлардың қазақ елшілігі Қазан губернаторымен жоңғар ханына қарсы ұрыс қимылдарын келісе отырып жасау проблемасын талқылады.

Алайда Қайып пен Әбілқайырдың хаттарында айтылған бірлесіп жоңғарларға қарсы соғыс жорығын жасау туралы ұсынысты Ресейдің орталық үкіметі қолдамады, ол Жоғарғы Ертіс өңірі ауданындағы орыс-ойратшекаралық қайшылықтарын тез арада шешуге және күмәнді «Еркеті»қаласының орналасқан жерін табудың сәтті болуына мүдделі болатын. І Петрдің ресми өкімін негізге ала отырып, Қазан губернаторы П.С.Салтыков өзінің Қайыпқа 1719 жылғы 8 қаңтарында жіберген жауа хатында оның жоңғар ханымен соғысу ниетін жалпылама мақұлдаған емеурінмен шектелді және әскери көмек туралы қандай да болсын нақты уәде беруден тартынып, оған, оған оның, Қайып

ханның, оған қонтайшыға, өз дегеніне істей беруін мәлімдеді. Кейінгі жылдардағы сияқты, бұл жағдайда да жоңғар хандығы жөніндегі Петербургтің ресми көзқарасы оның Цин империясының тез өсіп келе жатқан әскери күш-қуаты мен экспансиялық дәмелеріне іс жүзіндегі қарама-қарсы маңызды стратегиялық рөл атқаратынымен анықталды, соны ескере отырып, патша үкіметі Жоңғарияның едәір әлсіреуін қаламады, барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуді жөн көрді және бұл орайда ойраттардың Ресей бодандығын қабылдауынан үміт үзбеді.

Жоңғар әскерлерінің Орта жүз бен Ұлы жүз жеріне ендей басып кіруі жағдайында қазақтар өздеріне тиесілі көшіп-қонып жүрген орындарынан аймақтың солтүстігінде-Жайық, Елек және Тобыл ауданына ығысуға мәжбүр болды, онда оларға басқа да көшпелі халықтармен- Сібірдің оңтүстігінде және Еділ-Жайық аумағында мекендеген Ресей бодандарымен жайылым үшін күресуге тура келді. Соның нәтижесінде қазақ руларының алдында Жайықтың төменгі және орта ағысы бойындағы шөбі шүйгін қоныстарды өздеріне қаратып алу проблемасы тұрды, онда оң жағалауындағы көз қызықтыратын жайылымдарға жол ашылатын еді және орыс рыноктарымен байланыстарды кеңейтуге мол мүмкіндіктер болатын.

Аймақтың солтүстігі мен солтүстік-батысындағы жайылымдық жерлерді күш қолданып кеңейту әдістерімен қатар қазақ билеушілері өздерінің көшпелі көршілерімен қарым-қатынастарында қатты шиеленіскен жер мәселесін Астрахан мен Қазандағы патшалық шекаралық өкімет орындарымен бейбіт дипломатиялық келіссөздер арқылы шешуге тырысты. Кіші жүз ақсақалдары Арал өңірі даласынан 1725 жылдың жазында жіберген қазақ елшісі Қойбағар Көбековтың Петербургке барған дипломатиялық миссиясы сол бағыттағы алқашқы практикалық қадамдардың бірі болды.

Бұл елшіліктің ұйымдастырылуына Ресейдің Бұқарадағы елшісі Флорио Беневенидің пошта тасушысы, қазақтар және олармен одақтас қарақалпақтар 1724 жылы Аралдың Солтүстік-шығыс өңіріндетұтқынға түсірген, «Әміремзей» деген лақап аты бар башқұрт саудагері Мақсұт Юнусовтың Кіші жүз қазақтары руларының қоныстарында амалсыз жүруі нақты себеп болды. Қазақ ақсақалдары бұл тұтқынды жарты жылдай аманат жағдайында ұстап, М.Юнусовқа өздері орыс императорынан «өздерінің бітім туралы өтінішіне мақұлдаған және жақсы жауап алған» кезге дейін оны ауылдарынан жібермейтінін мәлім еткен еді.

Осындай ерекше жағдайда Кіші жүздің алшын руларымен және жергілікті қарақалпақтардың билеуші бетке ұстарларымен белсенді түрде әңгіме жүргізген Мақсұт Юнусов оларға «ақ патшаға» Ресей бодандығын қабылдау туралы өтініш жасауды ұсынды және соның есе,сіне қазақтар мен қарақалпақтарға, бейнебіржоғары мәртебелі тақ иесінің мақұлдағаны іспетті, Жоңғар хандығына қарсы Ресейдің әскери көмегіне уәде берді.

Кіші жүз қазақтары ақсақалдары Соғыр, Едікбай, Қажыбай және басқаларының атынан молда Мақсұт Юнусовтың ақылы бойынша 1725 жылғы шілде-тамыз айларында Петербургке жіберілген Қойбағар Көбековтың дипломатиялық миссиясына осы өте көкейтесті міндеті шешу жүктелді. М. Юнусовты ерткен қазақ елшісі 1726 жылы 18 қаңтарда Ресей астанасына барып, онда сытқы істер алқасының шенеуніктеріне қазақ және қарақалпақ ақсақалдары жазған екі хатты табыс етті.

Алайда Сырдарияның сағасы жанындағы қазақ ақсақалдарының Мақсат Юнусовтың алдын ала үйіп-төгіп сөз бергеніне қарамастан, Қ.Көбековтің ақ патшадан көмек сұраған өтініші ол кезде Ресей үкіметін қызықтыра қоймады. Патша төрелері сол кездегі жағдайда қазақтарды Ресей бодандығына қабылдау Ресей үшүін тиімсіз деп тапты, өйткені бұл Сібірдің оңтүстік шекара маңы аудандарында паишалық өкімет орындарының әскери-саяси шептері жалпы әлсіз болып тұрған жағдайда оның Жоңғар хандығымен өзара қатынастарын едәір қиындатып жіберуі мүмкін еді. Осы екі себеп бойынша Көбеков Петербургтен ешқандай жауап ала алмай кетті. Бұл сапар жөнінде Сыртқы істер алқасының ресми бұрыштамасында былай делінген: «Ұлы мәртебелі императордың қамқорлығында болатындай, пайдасы көрінбейді».

Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының солтүстік аймақтағы ең ұзын шекарасы Башқұртстанмен шектесіп жатты. XVIII ғасырдың басына дейін башқұрт жері Ресейдің Қазан және Сібір приказдарының қарауында болды, ал 1708 жылдан бастап, губерниялар құрылуына байланысты, олардың негізгі аумағы Қазан губерниясы Уфа уезінің құрамына кіргізіліп, Қазан губернаторының құзыретіне жатқызылды [5, 34].

Көптеген жылдар бойы патша әкімшілері қолданған империяның оңтүстік-шығыс шет аймақтарын әскери және аграрлық-өнеркәсіптік отарлауы, башқұрттардың қоныстарын оңтүстік-шығысқа қарай, қазақ жүздері бағытында ығыстыруы, жергілікті халықты салық арқылы езгіге салу мен христиандандыру саясатын күшейтуі салдарынан башқұрт жеріндегі ішкі саяси жағдай XVIII ғасырдың басына қарай өте шиеленісіп кетті. Башқұрттар қоғамының кең әлеуметтік топтарының қазан және тобыл шенеуніктеріне наразылығының өршуі 1704-1711 жылдары башқұрттардың Ресей самодержавиясінің отаршылдық саясатына қарсы жаңа қарулы көтерілісіне ұштасты. Бұл көтеріліс тарихқа Ноғай жолының бурдян руы ақсақалдарының ең басты және ең беделді жетекшісі, атақты тархан Алдар Есенгелдиннің атымен «алдар көтерілісі» деген атпен енді.

Көтеріліске шыққан башқұрттардың күресі 1708-1710 жылдарда шырқау шегіне жетті, бұл кезде орыстың өкімет орындарына қарулы қарсылық көрсету Башқұртсанның еуропалық бөлігін ғана емес, сонымен қатар Оралдың сыртқы аймағын да қамтыды. Қазақтардың әскери жасақтарының және олармен одақтас қарақалпақтардың башқұрт көтерілістерінің қарулы орыс отрядтарымен қақтығыстарына қатысуы туралы дерек көздерінің алғашқы азын-аулақ дәлелдері халық қозғалысының нақ осы кезеңіне жатады. Мәселен, 1708 жылы 13 маусымда Жайық қалашығынан Уфаға қайтып келген қалмақ загалдай жергілікті жүзбасы және воевода И.Бахметовке өзіне жол бойындағы кездескен «бүлікшілердің» айтуына қарағанда, олардың «қазақтар мен қарақалпақтар арасында келісім бар» екендігін және солармен бірге қимыл жасағандалы жатқанын хабарлаған.

1715 жылдың басында Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өзі бастаған қазақтардың қалың қолы Қазан губерниясының ішіндегі Черемшан өзені аңғарында орналасқан башқұрт болыстарына жорық жасады, оның барысында казактардың Кама сырты шебіндегі Новошешминск станциясына дейін жетіп, «қала төңірегін өртеп жіберді».

XVIII ғасырдың 20- жылдарының аяғында башқұрттардың соғыс ашып басып кірулерімен қатар шектес жатқан қазақ ауылдарына жайық және сібір казактарының шапқыншылық жасауы жиелей түсті. Қазақтарға Батыс Сібірдің казак станцияларынан шабуыл жасаған казак полковниктері Леонтий Парфентьев мен Федор Матигоров мейлінше соққы берді. Нақ сол жылдарда Оңтүстік Ора тарапынан Кіші жүз қазақтарына еділ қалмақтары мен жайық казактары дүркін-дүркін әскери жорықтар жасады.

1730-1732 жылдардағы тарихи құжаттардың мазмұнынан 20-жылдардың аяғында қазақтардың башқұрт тархандарымен қарулы қақтығыстарының жиелей түсіп, шиеленіс ауқымы өскені аңғарылды. Башқұрттардың көршілес қазақ ауылдарына ірі көлемде шапқыншылық жасауы салдарынан жаз жайлаулары башқұрттардың оңтүстік-шығыс жеріне жақын жатқан Кіші жүз бен Орта жүз хандары жалпы қазақ тылын нығайту жөнінде шаралар қолдануға мәжбүр болды, сондықтан Оңтүстік-шығыс Қазақстаннан Ресей шекарасына қарай асығыс көшті. Саяси жағдайдағы атап өтілген өзгерістерді ескере отырып, қазақ билеушілері ойрат-қазақ шекараындағы шиеленістің біршама бәсеңдеуін, өз бодандарының солтүстіктегі көршілерімен қатынатарын қаыпқа келтіру және жоңғарларға қарсы ойдағыдай күрес жүргізуді жалғастыруға қажетті жағдайлар жасау үшін пайдаланып қалуға тырысты.

Оқиғалардың осылайша өрбігенін Әбілқайыр ханның өзі орыс императрицасына жазбаша өтініші мен оның 1730жылғы қазан айында Петербургке жіберген елшілері айтқан сөздерінің хатамалық жазбалары айқын дәлелдейді, онда Кіші жүз ханның Ресейден қолдау тауып, қамқорлық көру тілегі қазақ-башқұрт қатынастары тұрғысынан баяндалған және қазақтардың жоңғарлармен, еділ қалмақтарымен, өзге де көршілерімен емес, нақ башқұрттармен әскери жанжалдарын реттеу қажеттігі дәлел етілген [6, 17].

XVIII ғасырдың 20-30-жылдары шебіндегі қазақ жүздерінің халықаралық жағдайын сипаттай келіп, Тевкелев былай деп пайымдайы: ол кезде қазақтарға «барлық жағынан... қауіп төніптұрды, барлық жерден тазыдан қашқан қоян сияқты безіп, күйзеліске ұшырады және қашып бара жатып, өз малын өздері тастап кетті, ал кейде өте қажет болғанда бала-шағасын тастап, өздерінің бас сауғалайтын кездері болды». Басқаша айтқанда, Ресей мен Цин империяларының аймақта жүргізетін белсенді экспансионистік саясаты Еуразия құрлығының ішкі бөлігіндегі номадизмнің азаюына және көршілес көшпелі халықтармен өзара қатынастарда жер мәселесінің шиеленісуіне едәуір дәрежеде себепші болды. Қазақтардың, башқұрттардың, қалмақтар мен ойраттардың екі державаның отаршылдық шаралар менжасалған жаңа жайылымдарға деген асқан мұқтаждықтары салдарынан XVIII ғасырдың алғашқы үштен бір ширегінің аяғына қарай көшпелілер арасындағы қатынастар едәуір қиындап кетті, мұның өзі Әбілқайыр ханның Кіші жүз бен Орта жүз үшін сыртқы қауіптен қорғаныс іздеуінің алғышарты болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қинаятұлы З. Жылаған жылдар шежіресі. -Алматы: Жазушы, 1995.- 120 б. Мағауин.М. Қазақ тарихының әліппесі.-Алматы: Жазушы, 1994.- 235 б.
2. Казахстан, Средняя Азия и Центральная Азия в XVI-XVIII вв.- Алма-Ата: Наука, 1983.- с.425
3. Уәлиханов Ш.Ш. Шығармалар жинағы. Бес томдық. 4-том,-Алматы: Ғылым, 1985.- 350 б.
4. Ерофеева И.А. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик- Алматы: Санат, 1999.- с.336
5. Рысбеков Т.З. Менің Қазақстаным.- Орал: Полиграфсервис, 2007.- 228 б.
6. Рысбеков Т.З. Диалог с историей.- Уральск: Полиграфсервис, 2007.- с.185

ӘОЖ 94(574)

ТАМА ТАЙПАСЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Олжабаева А.Н.- магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Ғылыми жетекшісі – **Құрманалин С.Б.-** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Резюме. *В статье анализируется литература, в которой исследован один из пунктов казахской летописи. Статья, посвященная уровню изученности истории племени Тама, написана с соблюдением принципов историографии. Имеется много информации о научной ценности и новизне публикуемых работ.*

Ключевые слова*: историография, данные, исследования, генеалогия, племена.*

XV-XVIII ғасырлар Қазақстан тарихында сан алуан дүбірлі оқиғаларға толы. Төрт ғасырлық бұл тарихи дәуір қазақ халқының тарихында бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Бірінші кезең - XV ғасырдың басы мен ортасына дейінгі аралық. Бұл кезеңде моңғол дәуірінен кейінгі дәуірде Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің ыдырауы орын алады. Екінші кезең - XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңде Қазақ хандығы құрылып, ол XVIII ғасырдың басына дейін бір

орталыққа бағындырылған мемлекет түрінде өмір сүреді. Үшінші кезең - XVIII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығы. Бұл кезең -Қазақ хандығының бытыраңқылығы мен Ресейге саяси жағынан жартылай, толық тәуелділікке түсу кезеңі болып саналады.

Көрсетілген әрбір тарихи кезендегі этносаяси мәні бар тарихи оқиғаларды қазақ халқының этникалық тарихы тұрғысынан қарастырсақ, онда біз ең алдымен, сол этникалық процестерге қатынасқан этникалық компоненттердің, яғни, қазақ этносының негізін құраған тайпалардың орны мен рөлін көре аламыз. Біздің тақырыбымызға айналып отырған Тама тайпасы да осы процестерге қатынасып, қазақ халқының қалыптасуы кезеңінде, одан кейінгі дәуірлердегі әртүрлі сипаттағы оқиғаларда өзіндік тарихи орнын иемденіп, із-таңбасын қалдырады. Тама тайпасының тарихи жылнамасы сол дәуірлердегі жазба деректерде, ауыз әдебиетінің үлгілерінде жалпылама түрде бейнеленген.

Енді жоғарыда аталған деректер топтамасын жеке-жеке қарастыралық. Алдыменен XV- XVIII ғасырлардағы Шығыс деректеріндегі Тамалар жөнінде айтылатын мәліметтерге көңіл бөлейік. Әзірге дейін Тама тайпасы туралы мәліметтер беретін шығыс деректерінің бірнешеуі ғана белгілі. Олар: XVI ғасырда жазылған "Маджму ат-тауарих" [1, 217-233], XVI ғасырдың екінші жартысы немесе XVII ғасырдың басында жазылған "Насаб-наме-йи Өзбек" [2, 129-130], "Асами-йи наваду ду фирка-йи узбек" [2, 131], "Тухфат ат-тауарих-и хани" [3, 228-232] шығармалары. Оқырмандар үшін түсініктірек болуы үшін осы аталған деректер туралы және олардағы Тама тайпасы туралы мәліметтерге кеңірек түсініктеме беруді жөн санап отырмыз.

Әуелі "Маджму ат-тауарих" шығармасы жөнінде. Аталған еңбекті XVI ғасырда Ферғанада Мулла Сайф ад-дин бен Дамулла Шах-Аббас Ахсикенти мен оның ұлы Нұр Мұхаммед жазған. Еңбектің негізгі бөлігін әкесі жазған да, ол қайтыс болғаннан кейін ұлы қалған бөлігін аяқтаған. Қазіргі күнде "Маджму ат-тауарихтың" үш түпнұсқалық тізімі ғылымда белгілі. Екі тізім Санкт-Петербургте, үшіншісі Қырғызстанда, Қырғыз Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтында сақтаулы. Бұл деректегі тарихи оқиғалар XIV ғасырдың соңы - XVI ғасыр басындағы кезеңдерді қамтиды. Сондай-ақ әкелі-балалы авторлар осы шығармада тоқсан екі "өзбек" тайпаларының атауларын келтіреді. Осы деректегі тайпалар атауларына терең ғылыми талдау жасаған белгілі тарихшы Т.И. Сұлтанов: ""Маджму ат-тауарихта" келтірілген тайпалар атауы жиі кездесетін тоқсан екі "өзбек" тайпалары тізімінің ең алғаш кездесуі" - деп тұжырым білдіреді [3, 45]. Біз қарастырып отырған Тама тайпасының атауы осы деректе 59-шы болып кездеседі. Осы тізім арқылы біз Тама тайпасын, XV-XIX ғасырлардағы шығыс деректері ішінен алғаш рет кездестіреміз. Бұл еңбектегі тайпалар ішінде қазіргі кездегі қазақ халқының құрамында кездесетін 17 тайпамен бірге Тама атауының кездесуін біз, біріншіден, Тамалардың XV-XVI ғасырларда Дешті Қыпшақтың белді тайпаларының бірі болғандығынан деп білеміз. Екіншіден, Алшын, Үйсін, Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңырат, Керей, Жалайыр, Қаңлы тайпаларымен қатар бір тізімде тұруы Тамаларды XV-XVI ғасырларда қазақ халқының негізін құраған тайпалар қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Келесі тарауларда біз XV-XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақ тайпаларын басқа да шығыс деректерінің мәліметтерімен орыс деректерінің негізінде құрастырылған ноғай бірлестігіндегі ру-тайпалармен салыстыра қарау барысында Тама тайпасына арнайы тоқталамыз.

Тама тайпасының атауы кездесетін келесі шығыс дерегіне "Насаб наме-йи Өзбек" еңбегі жатады. Еңбектің қазақша атауы - "Өзбектер шежіресі". XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың басында жазылған бұл еңбекте өзбек тайпаларының шығуы екінші халиф Әбубәкір Сыдықтың есімімен байланыстырылады. Деректе Ибрагим пайғамбар мен әйелі Бибі Сарадан тараған 92 жауынгердің Мұхаммед пайғамбардың кәпірлермен жүргізген соғыстарында ерліктер жасап көзге түскендігі, ол жауынгерлерге риза болған пайғамбар "Түрік - менің қосыным" - деп айтқандығы баяндалады [4, 129-130]. Шежіреде өзбек тайпалары пайғамбардан мақтау алған 92 жігіттен тарқатылады да, әрбір тайпа өз атына 92 жігіттің есімін алған делінеді. Шежіренің соңында сол 92

тайпаның аттары беріледі. Мұнда да Жалайыр, Қоңырат, Алшын, Арғын, Найман, Қыпшақ, Керейт, Меркіт, Керей, Табын, Телеу, Рамадан, Кердері тайпаларымен қатар, Тама тайпасы да айтылады [2, 130].

Келесі бір шығыс дерегі - "Тухфат ат-тауарих-и хани" еңбегі. Еңбек авторы - Аваз бен Мулла Руз Мухаммед Суфи Аттари. Еңбек XIX ғасырдың екінші жартысында жазылып, онда XVI ғасырдан XIX ғасырдың 60-шы жылдарына дейінгі Ферғана мен Қоқан хандығының саяси тарихы баяндалады да, кейбір оқиғаларға байланысты тағы да 92 "өзбек" тайпаларының атаулары беріледі. Тізімде келтірілген тайпалар арасында басқа да тайпалармен бірге біз қарастырып отырған Тама тайпасы да аталып, 55-ші болып беріледі [1, 228-232].

Жоғарыда атап өткен шығыс деректеріндегі мәліметтер Тама тайпасының басқа да тайпаларымен бірге XY-XYI ғасырларда Дешті Қыпшақ тарихында өзіндік орны бар екендігін көрсетеді. Қазақ халқының негізін құраған Алшын, Үйсін, Жалайыр, Қоңырат, Қаңлы, Қыпшақ, Арғын, Найман, Керей тайпаларымен бірге Тама тайпасының барлық дерек мәліметтерінде кездесуі - бұл тайпаның XV-XVI ғасырлардағы оқиғаларға белсене араласқандығын және қазақ халқының негізін құраушы тайпалардың бірі болғандығын көрсетеді.

Башқұрт халқының ауыз әдебиетіндегі ру-тайпалар туралы тарихи аңыз-әңгімелер мен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Башкириядағы болыстар мен тайпалар туралы ресми орыс деректерінің мәліметтері Тама тайпасының башқұрттардың этногенезіне үлес қосқандығын, башқұрт халқының этносаяси тарихында өзіндік орны болғандығын дәлелдейді.

Тама тайпасының тарихына қатысты келесі бір деректер тобын қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі материалдар құрайды. Оған батырлық жырлардағы мәліметтер, аңыз-әңгімелер, тарихи әңгімелер, шежірелік сипаттағы жырлар мен дастандар, шежірелік материалдар жатады. Халық ауыз әдебиетіндегі материалдар мен шежірелік сипаттағы жыр-дастандар мәліметтерді қарастырып отырған мәселені сырттай емес, іштей танып білуге көп көмегін тигізеді. Сол себепті де біз, тайпалар тарихы үшін төл деректердің, яғни халық ауыз әдебиеті материалдарының маңызы өте жоғары деп есептейміз. Нақты Тама тайпасына қатысты айтар болсақ, қазақ ру-тайпалары арасындағы ауыз әдебиетінің материалдарында көп айтылатын тайпалардың бірі - Тама тайпасы. Тама тайпасынан XV-XVI ғасырларда шыққан Шора батыр туралы туындының ел аузында өлең түрінде де, қара сөз түрінде кездесетін 10 шақты нұсқасы бар. Олар: "Шора" эпосының Мұрын жыраудан жазылған нұсқасы [5, 337-374], "Шора" эпосының Майлықожа Сұлтанқожаұлынан жазып алған нұсқасы [6, 44-79], "1942 жылы Мұрын жыраудың орындауынан Мәриам Хакімжанова жазып алған нұсқасы", "Шора батыр" эпосының Ә.Диваев жазып алған прозалық нұсқасы [7, 75-85], "Шора батыр" эпосының Б.Залесский жазып алған нұсқасы [8, 40-44], "Академик А.С.Орлов "жазып алған" Шора батыр туралы аңыз" нұсқасы, Мәшһүр Жүсіп қолжазбасындағы "Қырық үйлі Тамалар және Шора батырдың өмірбаяны" [9, 12] атты нұсқасы және тағы басқалары. Бұл көрсетілген нұсқаларда "Бұрынғы өткен заманда, Қазан деген қалада, қырық үйлі Тама деген ел тұрады екен. Сол Тама деген елдің ішінде ағайынды үш адам бар екен. Ел олардың үлкенін Кәрібай, ортаншысын Нәрік, кенжесін Есім би деп атайды екен..."[9, 12], "Тама руынан Нәрік деген батыр өз жұрты Тизан (Қазан) шаһарына өкпелеп, Өргеніш шаһарының бір тәрөфиде болған Ақуахан деген жұртына келіп, көп замандар жүрді ..." [7, 75], "Ерте, ерте ертеде Қазан шаһарының маңында Қара, Тама және Жақай есімді үш батыр өмір кешіпті. Әрқайсысының ұлдары бар екен, олар да өсе келе батыр болады ... Тек қана Қараның ұлы Нүрек бала көрмепті...", "Бұрынғы өткен заманда Қазан деген қала бар екен. Оның ішінде Тама деген ел бар екен. Осы елдің ішінде ағайынды үш жігіт бар екен: үлкенінің аты Көріпбай, ортаншысының аты Нәрікбай, кішісінің аты Есім би деген екен ...", деп басталады. Біз төменде осы жырдың нұсқалары негізінде жеке бір тарауша арнайтын болғандықтан, жырдың нұсқаларын талдап жатпай, тек қана Тама тайпасы мен сол тайпадан шыққан Кәрібай,

Нәрік, Есім би, Шора секілді тарихи тұлғалардың ХУ-ХУІ ғасырларда ел аузына ілігіп, іс-әрекеттері ауыз әдебиетінде бейнеленіп, көрініс тапқан дейміз. "Алпамыс" жырында Қоңырат, "Қобыланды" жырында Қыпшақ тайпалары кездессе, "Шора батыр" жырында Тама тайпасы ғана аталады. Бұл әрине, Тама тайпасын басқа тайпалардан артық санау немесе жоғары қою емес, XV-XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақтағы саяси оқиғаларға белсене араласқандығын көрсету, жыр мәліметтері арқылы дәлелдеу боп табылады.

Сейітқали Жанғалиевтың "Есет батыр" туралы "Қандыағаш", "Есетке Барақтың келуі", "Есет және Ханзада қыз" атты дастандары XVIII ғасырда Тама тайпасынан шыққан әрі батыр, әрі әулие Есет Көкіұлы жөнінде жырлайды [10].

Жырдағы кейіпкерлер өмірде болған тарихи тұлғалар және оқиғалар шындыққа негізделген. Жыр мәліметтері арқылы біз XVIII ғасырда қазақ халқының Еділ бойындағы қалмақтарға, шығыстағы жоңғарларға қарсы күресіп, Тамадан шығып қол бастаған Есет батырдың ерлік істерін көре аламыз. "Айман-Шолпан" жыры мынадай жолдармен басталады:

"Кезі еді күні өткен үлкен соғыс, Маман бай мал біткенге қылған тоба. Жайлауы ел Шектінің Еділ, Жайық, Қараған Орынборға жүз отыз болыс... Маманды рулы елге қылған баға, Маманбай мал біткенге қылған тоба. Байлыға Маманбайдың жаннан асқан, Сұрасаң ата-тегін түбі - Тама".

Жырда Тамадан басқа Шекті, Алшын-Жаппас, Шөмекей ру-тайпалары және сол тайпалардан шыққан Айман, Шолпан атты қыздар, Көтібар, Арыстан секілді тұлғалар кездеседі. Негізгі кейіпкерлер Айман мен Шолпан Маман байдың қыздары болып келеді. Жырдағы оқиғалар XIX ғасырдың бірінші жартысында Кіші жүздегі тайпалар арасында өтеді. Қазақ халқының керемет рухани және әдебиет ескерткішіне айналған "Айман-Шолпан" жыры - "Шора батыр" жыры секілді Тама тайпасымен байланысты.

Тама тайпасының тарихына қатысты ауызша мәліметтердің бір тобы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басында ел аузынан жиналып, жарыққа шығарылады. Г.Н.Потаниннің ел арасынан жиыстырып, жариялаған еңбегінде қазақ халқының ру-тайпаларына, Жетіру бірлестігіне және Тама тайпасына қатысты қызықты-қызықты тарихи аңыз-әңгімелер келтіріледі. Онда бүкіл қазақ халқының Алаштың үш ұлынан тарайтындығы, Кіші жүздің құрамы жөнінде мәліметтер беріледі [4, 13]. Мұндағы кейбір мәліметтердің шынайлығы өте күмәнді болса да, кейбір мәліметтер Жетіру бірлестігіндегі тайпалардың қазақ халқының құрамына кейін қосылғандығын дәлелдей түседі. Біз бұл жерде дерек мәліметтеріне сипаттама беріп отырғандықтан, олардың толық мәліметтерін осы еңбектің қосымшалар бөлімінде беруді жөн көріп отырмыз.

Тама тайпасының тарихына қатысты келесі бір құнды материалдарға шежірелік сипаттағы қара сөзбен және жыр-дастан түрінде жазылған мәліметтер жатады. Бұрындары ел аузында көне көз шежіреші қариялардың айтуымен кең таралған бұл шежірелік мәліметтер соңғы жылдары әр ру мен тайпаның тарихына байланысты жарық көре бастады. Кешегі кеңестік тарих ғылымында халық ауыз әдебиетінің деректері, шежірелік материалдар ел, халық тарихын жазуда дерек көзі ретінде қызмет ете алмайды деген жаңсақ пікірдің салдарынан қаншама ауыз әдебиетінің материалдары назардан тыс қалдырылды. Ресми тарих ғылымы оларды мойындамағандықтан, ол материалдар жинастырылмады, жарыққа шығарылмады. Дегенмен де көнекөз шежіреші қариялар өз білгендерін көк дөптерлерге жаздыртып, сандық түбінде сақтатты, ауызша түрде өзінен кейінгі ұрпақтарға жеткізуге тырысты. Олар халық ауыз едебиеті материалдарының түбінде ел тарихы үшін, халық тарихы үшін қажет болатынын көрегендікпен сезе білген сияқты. "Ел іші алтын қазына" деген сөз бекер айтылмаған. Соңғы жылдары Отан тарихы идеологиялық құрсаудан босағаннан кейін, халықтың тарихын жазуда сол халықтың өзі тудырған төл деректерінің бірі - шежірелер мен шежірелік мәліметтер ел арасынан жиыстырылып жарыққа шығарыла бастады. Сондай еңбектер қатарына қазірдің өзінде жиырмадан аса еңбектерді жатқызуға болады [11, 168]. Біздің негізгі ойымыз - Тама тайпасына қатысты деректерге шолу жасау болғандықтан, біз бұл жерде тек қана Тамаға

қатысты мәліметтері бар еңбектерге ден қоямыз. Т.Дайрабаевтың "Кете-Шөмекей шежіресі" атты кітабында [12], Қанатбай Елеусізұлының [13] Теңізбай Үсенбаевтың [14] еңбектерінде Кіші жүз тайпаларының тарихына қатысты шежірелік материалдар өлең түрінде де, қара сөз түрінде де беріледі. Т.Дайрабаев Әлиакбар Жұматайұлының шежіре өлеңін жариялап, онда Кіші жүз тайпаларының шығу тегіне қатысты өлең түріндегі шежіре деректі келтіреді.

Өлең жолдары ұзақ болғандықтан, Тама тайпасының шығуын біз қысқаша мазмұнда былайша көрсетелік: "Алаудан Құдияр, Құдиярдан Байқожа, Сәдірқожа және Нәдірқожа атты үш ұл туады. Сәдірқожадан жеті бала дүниеге келеді. Олар: Кердері, Керейт, Табын, Тама, Жағалбайлы, Рамадан және Телеу.

Ал Қ.Елеусізұлының ел аузынан жинап, жариялаған "Шежірелік материалдарында" Тама тайпасының шығуын былайша өрбітеді: "... Қазақтан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс тарайды ... Бекарыстың тұқымын Кіші жүз деп атап, одан Алау мен Арғымақ тарайды. Алаудан - Алшын, Алшыннан -Әлімұлы мен Байұлы. Арғымақтан Жетіру тарайды" [13]. Автордың осы еңбегіндегі "Шежіре-дастанда" Жетіру бірлестігіндегі тайпалардың шығуы және Тама тайпасы туралы жырланады.

Жалпы, өлең түрінде кездесетін шежірелердің бірнеше нұсқасы қазір белгілі. Шежіре жинаушылардың пікірінше, өлең түріндегі де, қарасөз түріндегі шежірелерге негіз болған - XIX ғасыр ортасында Меккеге қажыға барғандар әкелген мұсылмандар шежіресі мен сол кездегі қазақ ортасында шығарылған қазақ руларының шежіресі. Кейінгі ақын-жыраулар алғашқы нұсқалық шежіреге толықтырулар енгізіп, әркім өз ру-тайпасынан шыққан белгілі тұлғаларды қосып отырған.

Орыс тіліндегі еңбектерде Тама тайпасының атауы 1748 жылғы 24 қыркүйектегі А.И.Тевкелевтің ру-тайпаларының құрамын баяндау жөніндегі жазбасында алғаш рет кездеседі. Бір жағынан бұл жазба біз үшін дерек көзі болса, екінші жағынан тарихнамаға жатады. Алғаш рет автор Кіші жүздің рулық құрамын баяндай отырып, Жетіру бірлестігіндегі Жеті тайпаның атауларын береді [15, 406]. Оларды Кіші жүздегі әлсіз рулар деп атайды. Одан әрі А.И.Тевкелев Жетіру бірлестігінің Тәуке хан тұсында құрылғандығы жөніндегі ел аузындағы мәліметті келтіреді. Біз А.И.Тевкелевтің мәліметін осы кітаптың қосымшалар бөлімінде толығымен беретін болғандықтан, автордың Жетіру бірлестігі мен Тама тайпасы туралы жазғандарын талдауды артық деп санаймыз. 1762 жылы Санкт-Петербургте "Топография Оренбургская" деген атпен жарық көрген және 1887 жылы екінші рет "Топография Оренбургской губернии" деген атпен қайта басылған П.И.Рычковтың еңбегінде Орынбор өлкесінің географиялық, тарихи-этнографиялық сипаттамасы баяндалады. Сонымен бірге, бұл еңбектерде Кіші жүздегі рулар да беріледі. Бірақ та П.И.Рычковта Кіші жүз ру-тайпалары толық емес. Жетіру бірлестігіндегі үш тайпа: Табын, Тама және Жағалбайлы атаулары жазылып, қалған төрт тайпа атауы кездеспейді.

А.И.Тевкелевтің Кіші жүз ру-тайпаларының құрамы туралы материалынан (1748 ж.) А.И. Левшиннің қазақтар туралы үш томдық көлемді зерттеуіне дейін (1832 ж.) қазақ халқының, оның ішінде жүздердің рулық-тайпалық құрылымы туралы материалдарды В.Н.Татищевтың, П.С.Палластың, И.Фальктың, И.Г.Георгидың, П.И.Рычковтың еңбектерінен кездестіреміз. Бұл авторларда ру-тайпаларға қатысты материалдар жалпылама түрде берілгендіктен, Тама тайпасы нақты айтылмайды да, Жетіру бірлестігі және оның территориясы айтылады.

XIX ғасырда орыс зерттеушілері арасында қазақ халқының географиялық тарихы туралы құнды еңбек жазған авторға А.И.Левшин жатады. Автор еңбегінің үшінші бөлімі 17 тараудан тұратын этнографиялық материалдарға негізделген. Қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы, саны мен орналасуы осы бөлімнің алғашқы үш тарауында баяндалады. А.И.Левшин бүкіл қазақ халқының санын 2,5-3 миллион деп, рулық құрылымын барынша анық көрсетеді. Тама тайпасы Табын, Телеу, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Рамадан тайпаларымен бірге Жетіру бірлестігінің құрамында жазылады. Үш

жүздегі әр тайпаның территориясын көрсете келе, "Тама мен Кердерілер Орынбор мен Уральскіге дейін қыстайды да, жазда Доңыз, Қобда, Қанлыз, Елек өзендері бойында жайлайды" - деп жазады. Жалпы А.И.Левшиннің еңбегін қазақ халқының тарихын оның ішінде ру-тайпалық құрамын зерттеуде зор үлес қосқан еңбек деп бағалаймыз.

XIX ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Ресейдің Қазақстанды толық бағындыруы мен жүргізген реформаларына байланысты тарихи зерттеулер көбейеді. Зерттеулердің бәрі "Шығысты зерттеу шығыс халқы үшін емес" деген қағидамен жүргізіледі. Дей тұрсақ та, сол кезеңдегі орыс зерттеушілерінің кейбір кереғар пікірлерінің шығу себептерін ескере келе, біз олардың объективті тұжырымдарын ғылыми негізде жасалған дейміз. Және де олардың еңбектеріндегі қолданылған материалдар, авторлардың өздері халық арасынан тапқан мәліметтері қазіргі күнде біз үшін өте құнды болып саналады.

XIX ғасырдың ортасы мен екінші жартысында қазақ халқының ру-тайпалық құрамы, саны және олардың орналасуы мен көш-қондары, өмірі мен шаруашылығы жөнінде материалдарды И.М.Казанцевтың, Г.Ф.Генстың, И.Ф.Бларамбергтың, П.И.Небольсиннің, А.В.Терещенконың, Л.Мейердің, А.Н. Харузиннің, Н.А.Аристовтың және тағы басқа авторлар еңбектерінен табамыз.

И.М. Казанцев 1867 жылы шыққан еңбегінде Кіші жүз руларының құрылымына, ұрандары мен таңбаларына назар аударып, біз қарастырып отырған Жетіру бірлестігі және Тама тайпасы туралы да мәліметтер береді. Жоғарыда біз келтірген авторлардың ішінде Н.А.Аристовтан басқасы негізінен қазақ ру-тайпалары жөнінде жалпылама мәліметтер берсе, Н.А.Аристов өзіне дейінгі авторлардың мәліметтері мен тұжырымдарын талдай келе, қазақ ру-тайпаларының әрқайсысына жеке-жеке тоқталады. Жалпы алғанда XIX ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі бір ерекшелік, оларда Кіші жүз тайпалары, оның ішінде Жетіру бірлестігіндегі тайпалар толық аталады да, тек қана Тама, Табын және Кердері тайпаларына терең талдау жасалады. Ал Жетірудың қалған тайпалары туралы қысқаша ғана атап өтіледі. Н.А.Аристов Кіші жүз құрамы ала-құла, олар Моңғолиядан шығысқа қарай жылжыған түркі тайпаларынан құралған деген ой білдіреді.

XIX ғасырдағы орыс тархшыларының еңбектерінен қазақ ру-тайпаларының саны жөнінде мәліметтер алуға болады. Мысалы, Н.А.Аристов XIX ғасырдың басында Тама тайпасының санын 2 000 отбасы деп көрсетеді.

М.Тынышпаев 1925 жылы шыққан "История казахского народа" атты еңбегінде қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың шығу тегін зерттей келе, Тама тайпасының атауын Таман географиялық атауымен байланыстырады, бірақ нақты Тама тайпасының шығуы мен тарихы жөнінде нақты ғылыми ой-пікірлер білдірмейді.

XX ғасырдың екінші жартысындағы ру-тайпалар тарихына қатысты зерттеулер ішінде С.Аманжоловтың еңбегін ерекше атауға болады. Автор қазақ руларының шығу тегіндегі жақындықты олардың таңбаларына қарап, салыстыру арқылы анықтауға тырысады. С.Аманжоловтың дәлелдеуінше, Тамалардың таңбасының Қыпшақ тайпасы таңбасына ұқсас болуы - олардың этникалық жақындығынан делінеді [16, 221-222].

Х.Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров "Қазақ шежіресі хақында" атты еңбегінде Тама тайпасын X-XII ғасырлардағы Енисейдегі Тума тайпасымен байланыстыра келе, "Тамалардың әлдебір бөлігінің дербес ру ретінде алшындар құрамына енуі әбден мүмкін" [17, 189], - деген ой білдіреді. Авторлар Тамалар таңбасының Қыпшақ тайпасының таңбасымен ұқсастығын, олардың ұзақ уақыт бір аймақта мекендегендігінен деп түсіндіреді. Тама тайпасының XV-XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақтың тарихында алатын орны туралы мынадай тұжырымдар жасайды: "XIV- XV ғасырларда батыр Шора бастаған Тама тайпасы Дешті Қыпшақта, Қазақ хандығының, Ноғай Ордасының саяси өмірінде зор рөл атқарды. Осының бәрі Тамалардың Дешті Қыпшақпен тығыз байланысын, олардың қыпшақтармен этникалық жағынан туыс екенін көрсетеді" [17, 194].

Жалпы, Тама тайпасының тарихына қатысты еңбектерге қысқаша шолу жасай келе мынадай қорытындылар жасауға болады. Біріншіден: барлық зерттеушілер Тама тайпасын Кіші жүздің Жетіру бірлестігіндегі тайпа ретінде көрсетіп, оның таңбасын, ұранын, санын, қысқы және жазғы орындарын атап өтеді. Екіншіден: Тама тайпасының таңбасына ұқсас таңбалар біріктіріліп, шығу тегінде жақындық болған деген ой білдіреді. Үшіншіден: Кіші жүздің көптеген тайпалары, оның ішінде Тама да бар, шығыстан көшіп келген деген пікір айтылады. Төртіншіден: бұған дейінгі әдебиеттерде қаншама жерден Тама тайпасы жөнінде мәліметтер кездесіп, ой-пікір айтылса да, олардың бәрі әзірге этнографиялық сипатта ғана. Әлі күнге дейін Тама тайпасының тарихы азаматтық тарих тұрғысынан жазылған жоқ. Сондықтан да, біз, келесі тарауларда XV-XIX ғасырлардағы қазақ халқының тарихы шеңберінде Тама тайпасының тарихын көрсетуге тырысамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Материалы по истории киргизов и Киргизии. (второе издание) –Алматы: Наука, 2004.-314 с.
2. Ахмедов Б.А. Историко-географичесая литература Средней Азии XYI-XYIII вв. Ташкент: Наука, 1985.- 445 с.
3. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XY-XYII вв. –Алматы:Наука, 2004.- 345 с.
4. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Тама. I том. Екінші кітап. –Алматы: «Алаш» тарихи зерттеу орталығы, 2005. -648 б.
5. Батырлар жыры. Бесінші том. Қырымның қырық батыры. -Алматы: Жазушы, 1985.- 296 б.
6. Майлықожа. Қарасөз. Төртінші кітап. –Шымкент: Атасу, 1993.- 125 б.
7. Диваев Ә. Тарту. –Алматы: Ана тілі, 1992.- 193 б.
8. Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат. –Алматы: Жазушы, 1991.- 258 б.
9. Көпейұлы М.Ж. Таңдамалы. –Алматы: Жазушы, 1992.- 448 б.
10. Жанғалиев С. Дастандар. Есет батыр. –Алматы: Жазушы, 1992.- 125 б.
11. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі. –Алматы: Ана тілі, 1993.- 94 б.
12. Дайрабаев Т. Кете-Шөмекей шежіресі. –Алматы: Ана тілі, 2003.- 58 б.
13. Елеусізұлы Қ. Адамның сұңқары. Тарихи-танымдық жинақ. –Алматы: Өлке, 2001.- 188 б.
14. Үсенбаев Т. Алшын шежіресі. –Алматы: Өлке,1999.- 138 б.
15. Казахско-русские отношения в XYI-XYIII вв.(сборник документов и материалов) – Алма-Ата: Наука, 1961. -440 с.
16. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. –Алматы: Наука, 1959.- 330 с.
17. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. –Алматы: Жазушы, 1988.- 389 с.

ӘОЖ 930:314

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ХАЛҚЫ

Тапалова А.А.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің докторанты.
Алматы қаласы.

Резюме.*Важно изучить демографические процессы в регионе в годы Великой Отечественной войны. Отличие западного региона от других регионов Казахстана в эти годы было связано с тем, что он находился непосредственно на линии фронта. Во-вторых, по сравнению с другими регионами Казахстана, в годы войны в западном регионе произошла резкая убыль населения. В-третьих, за эти годы население города, отдельных городов претерпело обширные демографические, социально-экономические изменения и инновации.*

Ключевые слова: *население, национальность, армия,эвакуация,демография.*

Соғыс жылдарында қала халқының демографиялық сипаты өзгерістерге ұшырап, урбанизациялық үдерістер одан әрі жалғасты. Қалаларда ірі өнеркәсіптер жүйесі қалыптасып, жұмысшы табының саны өсті.

1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанның халқы 6 151 102 адамды құраса [1, 21 бб.], мемлекеттік статистикалық комитеттің 1941 жылғы 1 қаңтардағы мәліметі бойынша 6 425 000 адам болды [2, 35 б.]. Соғыс жылдары бойы Қазақстаннан әскери комитеттердің деректері бойынша 1 196 164 адам әскер қатарына алынды. Толық емес мәлімет бойынша оның 329 508 адамы қаза болып (шайқаста, жарақаттан, аурудан және тұтқында қаза болғандар мен тұтқыннан оралмағандар), 271 503 адамы хабарсыз кеткен [2, 35-36 бб.].

Батыс Қазақстан аймағындағы жекелеген облыстар бойынша соғыс жылдарында қанша адамның, оның ішінде, қанша қалалықтардың әскер қатарына алынғандығын анықтауда қиындықтар бар. Солардың ең бастысы барлық облыстарда 1995 жылы «Жеңістің 50 жылдығына» арналып шығарылған «Боздақтар» жинағы. Жинақтарда облыстар бойынша әскерге алынғандардың саны жан-жақты нақтыланып, барынша толық берілген. Дегенмен, бұл бағыттағы ізденістер бүгіннің өзінде жалғасуда.

«Боздақтар» жинағы бойынша Батыс Қазақстан облысынан майданға 1941-1945 жылдары 74083 адам алынған. Ал, жалпы 1938-1945 жылдары ұрыс даласында 76635 адам шайқасты. Оның ішінде, 1941 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша 67575 адамдық тұрғыны бар Орал қаласынан 11015 адам әскер қатарына алынды. Бұл жалпы қалалықтардың 16,3 %-ы. Осы дерек бойынша облыстың жалпы әскери шығыны 36548 адам (әскер қатарына алынғандардың - 47,7 %-ы). Оның 15695-і (42,9 %) ұрыстарда өлгендер, 2803-і (7,7 %) госпиталдерде өлгендер, 157-сі (0,4 %) тұтқында өлгендер, 17893-і (48,9 %) хабарсыз кеткендер [3, 22-23 бб.; 2, 35-36 бб.]. Статоргандардың мәліметі бойынша Батыс Қазақстан облысында халық саны 1941 жылдың 1 қаңтарына қарай 395631 адамды құрады. Оның 15 мыңнан астамы облысқа 1940 жыл бойы қоныс аударып келгендер. Соғыс жылдары бойы осы халық саны 1945 жылғы 274284 адамға дейін азайды. Осылайша, халық саны 121347 адамға дейін қысқарған [4, 159 б.]. Олардың арасында жоғарыда келтірілген 36548 адамды құраған соғыс шығыны да бар.

Соғыс жылдары басқа ұлттармен салыстырғанда әскери шығын қазақтар арасында басым болды. Оның ең басты себебі қазақтардың майданға көптеп алынуы болатын. Мысалы, сол кезеңде өзбектермен салыстырғанда қазақтардың жалпы саны аз болғанмен, майданға екі есе көп мөлшерде мобилизацияланған. Одан басқа қазақтар арасындағы әскери шығынның көп болуының тағы бір себебі, көпшілігі ауылдық жерден келгендіктен

қазақтардың әскери дайындығының төмен деңгейде болуы, орыс тілін, орысша әскери бұйрықтарды түсінбеуіне байланысты орын алған. Осындай факторларға байланысты түрлі ұлттар арасындағы әскери шығын тең болмады: орыстарда – 6 %, украиндықтарда – 8 %, белорустарда – 10 %, қазақтарда – 12 % [5, 174 б.].

Соғыс жылдарындағы аймақтағы қала халқының қысқаруына халықты еңбекке мобилизациялаудың да ықпалы болды. Тылдағы жұмыс кезінде еңбек ету және әлеуметтік жағдайдың күрделілігіне байланысты халықтың бұл тобының түрлі ауруларға шалдығу, өлім-жітім факторлары орын алды. Оның үстіне тылда еңбек етушілердің көпшілігі әйелдер мен жас балалар болатын. Мысалға, соғыс жылдары Батыс Қазақстан облысында байланыс жүйесінде қызмет етушілердің 88 %-ы, Орал механикалық зауыты жұмысшыларының 61 %-ы, Орал ет-консерв комбинатының жұмысшыларының 53 %-ы, өнеркәсіптік комбинат жұмысшыларының 65 %-ы әйелдер болды. Түрлі мамандықтар бойынша оқу курстарында дайындалған мамандардың да көпшілік бөлігін әйелдер құрады. 1943-1944 жылдары облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындары мен жол-көлік саласында 8 мыңнан аса әйелдер қызмет етті [6, 142 б.]. Негізінен қалаларда шоғырланған ауыр және жеңіл өнеркәсіп нысандарында, көлік саласында әйелдер көптеп еңбек етті.

Тылдағы жұмыс күшінің негізін әйелдер және жас балалар құраған еді. Ауыл еңбеккерлері кейде өз еңбектері үшін жалақы алмай, тіркеу кітаптарына жұмыс істегені жөнінде белгі ғана соғылды. Бұл жылдары эвакуацияланған халықтарға да оңай болған жоқ. Олардың еңбек және тұрмыс жағдайлары өте төмен болатын. Соғыс жылдарында халықты карточкі бойынша қамтамасыз етудің өзі үнемі сақталып қала бермеді. Кейбір жағдайда қалаларда жұмысшыларға күніне тек 600 грамм нан берілді. Ауыл халқы болса өзін-өзі қамтамасыз етті. [4, 162 б.]. Жалпы, Қазақстанда халықты қамтамасыз етудің карточкалық жүйесі облыс орталығы болған қалаларда 1941 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген еді. 1942 жылдың басына қарай республика халқының 55 %-ы ғана мемлекет тарапынан нанмен қамтамасыз етілді [7, 92 б.].

Сондықтан, қалалардағы халық санының қысқаруына соғыс жағдайында туындаған осындай көптеген объективті факторлар әсер етті. Соған қарамастан соғыс жылдары қалалардағы халық саны эвакуацияланғандар, соғыстан мүгедек болып оралғандар, ауылдан қалаға қоныс аударушылар есебінен тез толығып отырды. Бұл үдерісті қалалардың соғыс қарсаңындағы халық саны мен соғыстан кейінгі жылдағы көрсеткіштерін салыстыру арқылы бағамдауға болады. Мысалы, 1939 жылғы санақ бойынша Орал қаласының халқы 67575 тұрғын болса, 1946 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша олардың саны 66613 адамды құраған [8, 7 п.]. Сонда Орал қаласының халқы осы уақыт аралығында 962 адамға кеміген болып тұр. Бұл тұста Орал қаласы халқының соғыстың соңғы жылдарындағы күшті көші-қон үдерістерінің есебінен толығып отырғанын ескеру керек.

Орал қаласы халқының қазіргі заманғы демографиялық құрылымына соғыс жылдарындағы көші-қон үдерістері де маңызды ықпал етті. Бұл кезеңдегі көші-қон үдерістері майдан шебіндегі халықтардың Қазақстанға эвакуациялануынан және халықтарды күштеп жер аудару оқиғалары арқылы жүзеге асты. Соның нәтижесінде, этникалық құрылым күрделеніп, халық құрамында жаңа ұлттар мен ұлыстар пайда болды, негізгі ұлттардың арақатынасының өзгерісі одан әрі жүрді. Соған сай, жергілікті ұлт - қазақтардың үлесі қысқарды.

Халықтарды эвакуациялау үдерістерінің нәтижесінде Орал қаласы халқының саны өсті. Эвакуацияланған халықты қабылдау үшін эвакопунктер құрылды. Бірақ, босқындар толқынының күшеюіне байланысты облыстарда арнайы қоныс аудару басқармалары ұйымдастырылып, жұмыс істей бастады. Олар тікелей Қазақ КСР-ның Халық комиссарларының кеңесі мен КСРО ХКК Қоныс аудару басқармасына бағынды. Батыс Қазақстан облысында бұндай басқарма 1941 жылдың шілдесінде құрылды [4, 165 б.].

Батыс Қазақстан облысына да халықтарды эвакуациялау қарқынды жүргізіліп, 1941 жылы тамыз айының алғашқы жартысында 1178 адам көшірілді. Олардың ішінде 526 адам

Орал қаласына орналастырылды. Оның 186-сы ерлер болса, 340-ы әйел адамдар болатын. Бұл уақытқа дейін облысқа 2647 адам эвакуацияланған еді. Бұдан кейінгі уақыттарда Орал қаласына көшірілгендердің саны тұтас облыс территориясына эвакуацияланғандар санына қарай ауытқып отырды. Мысалы, 1941 жылы тамыз айының екінші жартысында қалаға 906 адам келсе, қыркүйек айының бірінші жартысында – 776, екінші жартысында – 441, қазан айының бірінші жартысында – 373, қараша айының бірінші жартысында – 61, ал екінші жартысында – 969 адам орналастырылған. Деректерге сай, Батыс Қазақстан облысына 1942 жылдың қаңтар айының екінші жартысына дейін барлығы 17320 адам эвакуацияланған. Олардың 6853-і ерлер болса, 10467-сі әйел адамдар болатын [9, 18-55 пп.]. Сонда эвакуацияланғандардың 60,4 %-ын әйел адамдар құраған.

1941 жылы Батыс Қазақстан облыстарындағы қалаларға 1941 жылдың өзінде толық емес мәлімет бойынша 56574 бала эвакуацияланған. Оның ішінде Орал қаласына 16 жасқа дейінгі 5473 бала келген [10, 24-59 пп.]. Балалар үйінің көпшілігі Харков, Тула, Полтава, Ворошиловград, Могилев, Хотимск және басқа да қалалардан көшірілді. Алғашында жатын орын, жылы киім-кешектер жетіспеді. Орал комсомолдары қалалық білім беру бөлімімен бірлесе отырып, қысқа уақыт ішінде халық арасынан 1 мыңнан астам жылы сыртқы киім, аяқ киім жинады. Балаларды тұрақты ыстық тамақпен қамтамасыз етіп отырды.

Эвакуацияланған халықтың қатарын аймаққа көшіріліп әкелінген кәсіпорындар жұмысшылары да толықтырды. Дегенмен, соғыс жағдайында кәсіпорындардың жұмысшылар құрамын толық көшіру қиын болды. Кәсіпорындардың құрал-жабдықтарымен бірге тек біліктілігі жоғары санаулы маман-кадрлар көшірілді. Қалған жұмысшылар майданға алынды немесе тылдағы еңбекке жұмылдырылды. Мысалы, 1941 жылдың 17 қыркүйегіне дейін Қазақстан территориясына 36 кәсіпорын келсе, оның ішінде 8 кәсіпорын Батыс Қазақстан аймағына жолданған. Осы кәсіпорындармен бірге Орал қаласына – 6430 маман, инженер-техникалық жұмысшылар және қызметкерлер келген [9, 3 п.].

Келгендердің көбі Ленинград және Мәскеу облыстары мен Ленинград, Мәскеу қалаларынан, майдан шебіндегі қалалар – Курск, Орлов, Воронеж, Тульск, Ростов, Мурманск, Калинин, Смоленскіден эвакуацияланушылар құрады [11, 11 п.]. 1941 жылдың өзінде Батыс Қазақстан облысына 25 ұлт өкілдері келген екен [4, 167 б.]. Өлкемізге көптеген ұлттар мен ұлыстардың келуі жалпы халықтың, оның ішінде қала халқының этникалық құрамының өзгеруіне әкелді. Нәтижесінде, Қазақстанның көпұлтты халқының қалыптасу үдерісі жалғасты.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орал қаласы халқының санындағы өзгерістерді төмендегі кесте мәліметтерінен бағамдауға болады. Соғыс жылдары Орал қаласы халқының саны 67 575 адамнан 66613 адамға кеміген (жалпы шығын - 962 адам) [12, 6 б.]. Ал Орал қаласынан майданға 11015 адам аттанса, майдан даласынан 5972 адам оралмаған. Орал қаласы халқының санының азаюына соғыс жылдары көшірілген халықтардың кері Отандарына оралу үдерістері де ықпал етті.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Орал қаласы халқының демографиялық ахуалы төмендегі кестеден көрінеді:

4-кесте-Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан облысы бойынша халық санының кемуі (адам)

Қала	1941 жылғы 1 қаңтардағы халық саны	Әскерге алынған халық саны	Соғыстан оралған халық саны	Жалпы шығын	1946 жылғы 1 шілдедегі халық саны	Халық санының кемуі
Орал	67575	11015	5043	-5972	66613	-962

қаласы						
Батыс Қазақстан облысы	395631	76635	16417	-60218	285830	-114048

Сонымен, Ұлы Отан соғысы жылдарында Орал қаласының демографиялық үдерістерін талдай келе, бірқатар қорытындылар шығаруға болады. Біріншіден, Орал өңірінің майдан шебіне жақын орналасуына байланысты мұнда ерекше демографиялық ахуал қалыптасты. Екіншіден, Қазақстанның басқа өңірлеріне қарағанда Орал өңірінен майданға көп адамның алуына байланысты халық саны қысқарды. Үшіншіден, соғыс жылдары Орал қаласы халқының этникалық құрамы үлкен өзгерістерге ұшырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Всесоюзная перепись населения 1939 г.: Основные итоги. – Москва: Наука, 1992. – 254 с.
2. Боздақтар: Жинақтама том. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 480 б.
3. Боздақтар. Батыс Қазақстан облысы. – Орал, 1995. – 1-т. – 285 б.
4. Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана: история формирования и развития (1897-1989 гг.). – Алматы: Ғылым, 1995. – 220 с.
5. Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды). – Алматы: Ғылым, 2006. – 272 с.
6. Букаткин П.Р. Западноказахстанцы в годы суровых испытаний. –Уральск: 2005. - 199с.
7. Султангазиева М.Н. К истории снабжение городского населения Казахстана в годы Великой Отечественной Войны 1941-1945 гг. // Вестник КазНУ. – 2004. – №4. – С. 91-93.
8. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза. 1941-1945. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Наука, 1964. – Т. 1. – 596 с.
9. ҚР ПМ. 708-қор, 5-тізбе, 1191-іс.
10. ҚР ПМ. 708-қор, 5-тізбе, 1188-іс.
11. ҚР ОММ. 698-қор, 14-тізбе, 251-іс.
12. Казахская ССР. Административно-территориалное деление на 1 января 1945 г. – Алма-Ата: Каз.ОГИзд., 1945. – 100 с.

ӘОЖ 94(574)

АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Шуренбаева Э. Ә.
философия магистрі, Тарих және құқық кафедрасының аға оқытушысы,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Резюме. *В статье рассматривается жизненный путь Ахмета Байтурсынова, его вклад в казахское общество. Известно, что история нации складывается не только из политических, социально-общественных событий, но и из преемственности поколений, из жизнеспособных традиций. Поэтому, учитывая такие добрые традиции, государство, общество, личность корректируют свои силы и определяют направление.*

Ключевые слова: *история, нация, народ, личность, традиция, государство*

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ақыны, публицист, ұлы ғалым, педагог, қазақтың біртуар қайраткері. Ол 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай округі, Торғай уезі, Тосын болысының 5-ауылына қарасты Сартүбек елді мекенінде дәулетті отбасында дүниеге келген. Қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасаған ұлы реформатор. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ әліпбиін (төте) қолданысқа ұсынады. Осы жылы «Оқу құралы» қазақша әліппесінің бірінші кітабы шығады. «Айқап» журналында «Қазақ жерін алу турасындағы низам» тағы да бірнеше мақалалары жарық көреді. Кейіннен «Қазақ» газетінде «Көшпелі һәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Земство», «Білім жарысы», «Оқу жайы» т.б. келелі мақалалары басылады. 1913-1918 ж.ж. қырғыз атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шығарады. Өзі осы газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметін атқарады. А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауында былай деп келтіреді: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету қазақ баласына міндет. Қызмет етем десеңдер, азаматтықтың зор жолының бірі осы» [2, 3 б.].

«Қазақ» газетінің ел қоғамында алатын тарихи мәні жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы осы басылымда: «Әуелі, газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын білу жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Газет жұрттың уланбасына медет нәрсе. Олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық етіп тұрады. Газет халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттерден жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте молайып, пікірі ашылып, қыр асты жетпекші. Газет халықтың дауысы. Халқым, елім деп халықтың сөзін сөйлеп мерзімді баспасөздің қоғамда алатын орнын, оның саяси маңызын барынша айқындап береді.

«Қазақ» газеті либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдірді. Тұтас алғанда қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуымен таныстыра білген «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының дауысына айналды.

Осы кезеңде оған әлеуметтік жағдайды айтып, цензураға жақпайтын мақалалар жариялағаны үшін әкімшілік А.Байтұрсынұлына бірнеше мәрте (1914-1915) айыппұл төлетіп, кейіннен абақтыға қамайды [1, 18 б.].

1918-1919 ж.ж. «Алаш» партиясының жетекшісі, «Алашорда» үкіметінің жетекшілерінің бірі әрі оқулықтар жазу жөніндегі комиссияның құрамында қызмет етеді. Осы жылы «Революция и киргизы» мақаласы «Жизнь национальностей» атты басылымда жарияланады. «Алаш идеясы» - қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Себебі, Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Қазақ тарихында Алаш арыстарының алар орны ерекше. Алаш арыстары қазақ елінің сонау ғасырлық дамыған тәжірибесін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін өзгерту емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін бақылай отырып, одан ары қарай дамытып, білім алып, сауаттылығымызды артып дамуды, басқа елдермен теңесуді көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз жеріне ие болуын мақсат етеді. Сол жолда аянбай күреседі. XX ғасырдың алғашқы ширегінде қоғамдық саяси ойларға белсене араласқан Ә.Бөкейханов, М.Қаратаев, Ж.Сейдалин, М.Шоқаев, Ж.Досмұхамедов және тағы да басқа бір топ қазақ жастары болды. Сондай-ақ, біраз қазақ жастары Ресейден тыс, шетелдік жоғары оқу орындарында оқыған.

XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының басым бөлігін гимназия мен мұғалімдер даярлайтын семинариялардың түлектері құрады. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Омаров, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров секілді белгілі қайраткерлер болды. Олар өз кезеңдерінде қазақтарды ояту барысында көп ұрандады. Бостандық, теңдік

мәселелеріне басты назар аударады. Қазақ жеріндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларды шешуге сонымен қатар ұлттық сұраныстарға барынша жауап беруге тырысты. Қазақ зиялы қауымының шығармаларының өзекті тақырыптарына теңдік, еркіндік мәселелері, ұлттың тең провалық халықтық мәдениетін көтеру, әйел теңдігі мәселесі, отаршылдардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру сияқты мәселелер қаратырылды. 1917 жылғы патшаның тақтан құлауы Ахмет Байтұрсынұлы үшін үлкен жақсы жаңалақтардың бірі болады. Ол Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласады. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кіріседі. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынады. І-ші жалпықазақтық съез қортындасында «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылады. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының көсемі, партия басшысы болып сайланады. Бірақ қоғамда аласапыран ахуал қалыптастырған большевиктердің төңкерісі Ахмет Байтұрсынұлы және оның серіктерінің қазаққа дербес ұлттық автономия алып береміз деген әрекеттерін тұйыққа тірейді. Алаш қозғалысы білімсіз кедей-кемшіктің қалың тобырына арқа сүйеген жүгенсіз коммунистік қозғалысқа қарсы тұруға ол заманда қауқарсыз еді. Осыны түсінген және халқымен бірге болуды ойлаған Ахмет 1919 жылдың наурызында Кеңестер өкіметі жағына өтіп, алғашқы өлкеде құрылған Революциялық комитет құрамына енгізіледі. Осындай кезеңде ірі тарихи тұлғаның беделі уақытша болса да большевиктерге де қажет болды. Ол екі жылдай Республика халық ағарту комиссары қызметінде болып, қазақты ағарту ісіне, осы саланы аяғынан тұрғызуға көп еңбегін сіңіреді.

Қазақ халқының қоғамдық ой-санасының дамуындағы барлық саяси қозғалыстар А.Байтұрсынұлының есімімен байланысты еді. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Ақынның алғашқы өлеңдері "Қырық мысал" атты аударма жинағында 1909ж. Санкт-Петербургте жарық көреді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады.

Байтұрсынұлының екінші еңбегі- "Маса" (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке жалқаулық секілді қазақтың бойындағы кемшіліктерді сынады. Ахмет Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы ойларды жалғастырушы десек қателеспейміз. Ахмет Байтұрсынұлы қаламынан туған, бірақ оның 1911 жылы Орынбордағы «Маса» жинағына цензура енгізбей тастаған мына жолдары:

Қазағым, елім
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып
Талауда малың
Қамауда жаның
Аш көзіңді оянып

Қазақты ояту, оны қараңғылық пен мешеуліктен құтқару «өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандар» мен өсіп келе жатқан көзі ашық жастардың іс-әрекетіне байланысты екендігін жазады. "Қазақ салты", "Қазақ, қалпы", "Досыма хат", "Жиған-

терген", "Тілек батам", "Жауға түскен жан сөзі", "Бақ" және тағы басқа өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Ахмет Байтұрсынұлы халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруға да өзінің зор үлесін қосқан ақын. Қазақтың "Ер Сайын" атты эпостық жырына алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 жылы Мәскеуде шығарады.

Алаш қайраткерлері өз өмірлерінің алдына төнген қауіпке қарамастан халықты ағарту, оның өзіндік санасын дамыту жолында қазақ зиялылары тоқтап не болмаса шектеліп қалған жоқ. Өйткені олар қазақ халқының болашағын көруді армандады, ерте ме кеш пе халық өз егемендігіне жететіне сенді. Сол сенімнің негізінде олар бәрін сарп етті. Ахмет Байтұрсынұлының:

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып саңқылдаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,

Не қалды тәнімізде шарпылмаған,-деген шумақтары қазақ халқының тәуелсіздігін алу жолындағы еркіндікті, бостандықты арман еткен ойлары адамды ойландырары сөзсіз. Алашорда қайраткерлерінің идеясы азат Қазақстанның мақсат-мүдделерімен үндесіп жатыр. Ахмет Байтұрсынұлы кезінде қазақ әліпбиін ең бірінші болып қолға алған болатын. Қазіргі таңда елімізде қолға алынып жатқан латын әліпбиін жүзеге асыру мәселелері қаралып жатыр. Латын әліпбиіне көшу еліміздегі басым бағыттардың бірі. Ұлт зиялыларының бірі Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлттың тәуелсіздігін елестету мүмкін емес» деген болатын. Қазіргі таңдағы іске асып жатқан «Рухани жаңғыру» бағытындағы жұмыстар осы мақсаттарға сай деп айтуға болады.

Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» деген болатын.

Н.Ә. Назарбаев "Тарих толқынында" атты еңбегінде: "Сырым Датов, Кенесары Қасымов және басқалар бастаған көтерілістер қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, ортақ жау - Ресей патшалығына қарсы күресте қазақтардың барлық күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді",-деп көрсетуі тарихи ақиқатқа негізделген [3, 28 б.].

Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған, армандаған Алаш қайраткерлерінің мақсат, ниеттерінің орындалғанын қазіргі таңнан көре аламыз.

Сәкен Сейфуллин «... Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды...халықтың арын іздеп, өзінің ойған алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті»,- деп жазған болатын.

Ахмет Байтұрсынұлын қазақ мәдениетінің тарихындағы үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға, өз талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен, еңбекпен шыңдаған ғалым. Ахмет Байтұрсынұлы жұлдыздай жарқыраған, жан-жағына білім нәрін сусындатқан ағартушы. Қазақ халқының болашағына үмітпен қараған көсем тұлға. Ол ұлтына, еліне, қазақ қоғамына қызмет ете білді. Шын мәніндегі қазақтың ұлт ұстазы елдің рухани көсемі бола білді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. - Алматы, 1992. -Б. 18.
2. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. - Алматы: Ата мұра, 1998. -360 б. -Б. 33.

3. Назарбаев Н. Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра, 1999. -296 б.
ӘОЖ 94(574)

АЛАШ АЗАМАТЫ - БИЖАН ЖАНҚАДАМОВ

Дауесова А. Ж.
тарих магистрі, аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме. Главной проблемой, которую алашское движение пыталось реализовать, было освобождение и создание национального государства. В то же время, в условиях колониального гнета казахи поддерживали национальные интересы, став страной с мировым именем и наравне с другими развитыми странами. Даны подробные сведения о Бижане Жанкадамове, известном деятеле Западной Алашорды, который в те годы внес значительный вклад в выполнение этих задач. Он общественный деятель, много работавший для своего народа в советское время.

Ключевые слов: Алашская автономия, газета «Казах», интеллигенция, личность, алашская идея, деятель.

XX ғасырдың аяғы-дүние жүзі тарихында зор саяси оқиға кезеңі болып табылады. Өйткені бұл кезеңде ғасырлар бойы келе жатқан азаттық күрес жаңа формаға ие болды. Бұл кезең тарих сахнасына қазақ интеллигенциясының шыға бастағанымен ерекшеленеді. Интеллигенция өкілдері халықтың қолға қару алып көтерілуінен гөрі олардың осы іске жан-жақты дайындалуына, саяси саналығының шындалуына көп көңіл бөлді. Бұл кезең алаш қозғалысына тікелей қатысты. Алаш қозғалысы тарихта Алашорда үкіметі, «Алаш партиясы», Алаш автономиясы деген ұғымдармен белгілі болды.

Алаш қозғалысының іске асыруға тырысқан басты мәселесі азаттық пен ұлттық мемлекет құру болды. Алаш зиялы қауым өкілерінің ортақ мәселесі отарлық езгі жағдайында ұлттық мүддені қолдап, қазақ елінің әлемге танымал ел болып, өзге дамыған елдермен терезесі тең болып дамуының көрсеткіші еді. Сол жылдары осы міндеттерді атқару үшін елеулі еңбек сіңірген, шоқтығы биік, біртуар, бірегей тұлға, Батыс Алашорданың белгілі қайраткері Бижан Жанқадамов туралы атап өткен жөн. Ол Кеңес дәуірінде өз жұртына аянбай еңбек еткен қоғам қайраткері.

Бижан Жаңқадамовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі қиыншылықтар мен қайшылықтарға толы тарихи драма іспеттес.

Ол - қазақ халқының алғашқы жоғары білімді мал дәрігерлерінің бірі. 1889 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Ханкөл ауылында дүниеге келген. 12 ата Байұлына жататын Қызылқұрт руынан шыққан. Әкесі Әбілқас орта шаруалы адам бола тұра, өз балаларының білім алуына қолында бар мүмкіндікті пайдаланған.

Бижанның азан шақырып қойған аты негізінен Бижанғали болған. Әкесі баласын еркелетіп Бижан атап кеткен. Бижан шамамен 1906-1912 жылдары болыстық, орыс-қазақ училищесін, Орал реальдық әскери училищесін бітіреді. 1913-1917 жылдар аралығында Қазан ветеринарлық университетінде оқыған. Осы жерде айта кетерлік жайт, 2002 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы» 244 бетінде Бижан Жаңқадамовтың білім алу жолы жөнінде «1913 ж. Қазан малдәрігерлік институтына оқуға түскенімен, онда 3 жыл (2 курс) ғана оқып, бітіре алмағандығы, 1915 ж. қаражат жоқтығынан оқуын үзіп алғандығы жөнінде курстасы Мұқаш Боштаев «Қазақ» газетіне жазды» - делінген [1]. Алайда Қазан ветеринарлық институтын оқып жүрген Бижан Жанқадамовтың оқудан уақытша қол үзу себебін мына архив дерегінен байқауға

болады. 1916 ж. Орал облыс губернаторының сұранысы бойынша Оқу ағарту министірінің 25.08.1916 жылы № 9092 санды хаттамасы негізінде оқуын соғыс біткен соң жалғастыру құқымен уақытша үзіліс берілген. Архив құжаттары бойынша «1916 жылы 25 маусым заңы бойынша Орал облысы Әскери Губернаторы қызметін атқарушы Қазан ветеринар институтының студенті Бижанғали Жанқадамовты соғыстың аяқталуына және жұмысшы шаруалар қатарынан шығарылуына байланысты, осы институтты қайта бітіріп шығуына Министірлікке өтініш береді. Министірлік көрсетілген себептерге байланысты аталған студентті оқуға қабылдау жөнінде шешім шығарады» [2].

Бижан Қазан қаласындағы оқуын бітірер қарсаңында әкесі Әбілқас Сегізсай жағындағы табын руының бір азаматымен құда болысып, ертеректе айттырып қойған қалыңдығы Бибі деген қызға қосылады. Одан төрт баласы болады. Сондай ақ оның екінші әйелі болған. Көрші ауылдағы байдың қызы Алуашты ұнатып жүргенін бәбішесі Бибіге айтып, Бибі қарсылық танытпай Алуашты сыйлап қарсы алып, өле-өлгенше апалы-сіңілідей тату болып ғұмыр кешкен. Қазіргі таңда өз кіндігінен тараған ұл-қыздарынан өрген немере, шөберелері, жиендері баршылық. Бәрі де Ақ Жайық өңірінде еңбек етіп, Бижан әулетінің қадір-қасиетін жоғары ұстап жүр.

Бижан Жанқадамов 1916 жылы К.Жәленов, М.Балтанов, М.Баймұхаметовтермен бірге қазақтың майдандағы тыл жұмысына адам алуды тоқтату жөніндегі Жайық сырты қазақтары делегациясы құрамында Петроградқа барады. Сондай ақ ол сол жылы қазан айында Қазанда оқитын бір топ қазақ студенттерімен майдандағы тыл жұмысына алынғандарға, олардың отбасыларына көмектесу жөнінде «Қазақ» газетіне хат жолдағандардың бірі.

Қоғамдық-саяси саладағы күрестерге толы осы бір аумалы-төкпелі қиын кезеңде «Қазақ» газетінің ұйымдастыру-насихат жұмыстарының маңызы қомақты болды. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 1 сәуір күнгі 224 санына «Жолсыз әуре қылмаңдар» деген мақала жазады. Бұл мақаласында тыл жұмысындағы қазақ жігіттерінің елге уақытша демалысқа жіберуді сұраған өтініш-тілектеріне жауап жазып, бұл мәселені өзінің шеше алмайтынын және оның тәртібін түсіндірді.

1917 жылдың наурыз айында Әлихан Бөкейхановтың шақыруымен құрамында А.Кенжин, Б.Сүлеев, Е.Омаров, Ғ.Бірімжанов, тағы басқа да қазақ оқығандары тобында Батыс майданға келіп, жігіттерді елге жеткізу ісін ұйымдастыруға қатысады.

Қазандағы жоғары оқу орнын бітірген соң Бижан Жанқадамов 1917 жылғы Ақпан революциясы мен Земство сайлауы аралығында саяси қызметке белсене араласады. Ол ең алдымен 1917 жылдың сәуір айының ортасында Орал қаласында өткен Қазақ Орал облыстық I съезінің делегаты болып сайланды.

1917 жылдың күзінде Қазақ облыстық II съезінің шешімімен жүргізілген земство сайлауында С.Омаров, Қ.Отаров, Ғ.Жетпісов тәрізді ел ішіндегі ықпалды адамдардың ұсынуымен Жымпиты уездік земство басқармасы төрағалығына Кәрім Жәленовпен баламалы негізде сайлауға түседі. Басым дауыспен Бижан Жанқадамов төраға болып сайланады. Осынау саяси науқанда Жымпиты земство төрағасы болып сайлануында атақты батыр, әрі шешен Сырым Датұлының шөбересі Салық Омаров өзіндік үлес қосты [3].

Бижан Жанқадамов земство жүйесін бірден-бір жергілікті билік органы деп біліп, оның демократиялық негізде жұмыс істеп, халық шаруашылығы міндеттерін толықтай атқаруына күш жұмсады. Ойыл облысында үкімет пен земство билігінің қосарланбай, екі билік органының ара-жігі дәл ажыратылуын жақтаған. Осындай тура мінезінің арқасында елдің ықыласына бөленіп, аз уақыт ішінде Ойыл облыстық басшылары санатына енеді.

Ақпан төңкерісінен кейін басталған қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси белсенділіктің келесі бір және жарқын көрінісі – 1917 жылғы көктем айларында өткен облыстық және уездік дәрежедегі ұлттық немесе қазақ комитеттері жүйесі болды. Олар 1917 жылы негізінен сәуір-мамыр айларында өткен облыстық және уездік қазақ съездерінде құрылды. Атап айтқанда, мұндай съездер сәуір айында Орынборда (Торғай

облыстық), Оралда (Орал облыстық), Семейде (Семей облыстық), 27 сәуір – 7 мамыр аралығында Омбыда (Ақмола облыстық), т.б. қалаларда болды.

1917 жылдың 19 сәуірінде Орал қаласындағы цирк үйінде күндізгі сағат 12-де қазақтардың батыс өңіріндегі съезі ашылды. Оған сегізжүзден астам өкіл жиналды. Бижан Әбілқасұлы Жаңқадамов Батыс Қазақстан облыстық қазақ комитетінің съезде сайланған жиырма адам құрамына тоғызыншы реттік санмен кіргені оның көрнекті қызметте жұмыс жасап жүргені, студент кезінен елге танымал болғандығының белгісі еді.

1918 жылы 22-25 тамыз аралығында Комуч пен Уақытша Сібір үкіметі Челябі қаласында өткізген кеңеске М.Шоқай, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедовтермен бірге Ойыл уәлаяты земствосы атынан өкіл болып қатысқан. 26 тамызда делегацияның күш салуымен кеңесте Комуч Алаш үкіметін таныды. Осы жылы 8-11 қыркүйек аралығында Алашорда делегациясы құрамында Уфада өткен мемлекеттік кеңеске қатысады. Желтоқсан айында Жымпиты Алаш гарнизонының бас көтеру тұсында уездік земство ауруханасы үйінде Жаһанша Досмұхамедов және Халел Досмұхаамедовтың, И.Қашқынбаевтың, Балтановтың қатысуымен өткен кеңесте Ойыл облысы бойынша билік тұтқасын уақытша облыстық земство басқармасына беруді қолдайды.

1919 жылы 13 қарашада екінші рет өткізілген земство сайлауынан кейін Батыс Алашорда үкіметінің Ойыл облыстық земство управасы жанындағы комиссары болып тағайындалады. Желтоқсанның басында Қызылқоға маңындағы Миялы жайлауында тұрған Ж.Досмұхамедовтың Жымпиты отрядымен қызылдардың І-Армиясы құрамындағы 3-Татар атқыштар полкі арасында келіссөзге жүрген екі делегаттың бірі болған.

Татар полкінің командирі Х.Мәулидов пен әскери комиссары Ғ.Қасымовқа Батыс Алашорда үкіметінің Қызылқоғада тұрған Елек казак корпусын бірлескен тұтқиыл шабуылмен алу жоспарын жеткізген.

Батыс Алашорда үкіметі таратылған соң, Бижан Жанқадамов өзге үкімет мүшелерімен бірге елден аулақ ұсталды. 1920 жылы Орынборға әкелініп, 1 шілдеден Қазақ әскери-революциялық комитетінің редакциялық коллегиясында аударма комиссиясын басқарады. Жылдың соңында елге оралып, 1924 жылға дейін Жымпиты уезіне қарасты Қалдығайты, Көкөзек болыстарында әртүрлі кеңес қызметін атқарады. 1930 жылдың басына дейін Тайпақ ауданында мал дәрігері болып жұмыс жасайды. Осы кезеңде ол Мұхит Мерәліұлының зор дауыс шеңберін тілейтін, кең тынысты «Алуаш», «Айнамкөз» әндерін келістіре шырқап, осы өңірде әншілік-серілік дәстүрді ұстанған.

1934 жылы Казталовкіге көшіп келіп, мал дәрігері болып жасап жүргенде бір жылдан соң оны бұл жұмыстан шығарып жібереді. 1935 жылы жұмысына қайта орналасып, жұмыс жасап жүргенде тіс протезі сынып қалып, Оралға емдетуге келе жатқанда, 1937 жылдың 10 сәуір айында темір жол вокзалында органның қызметкерлері ұстап «белсенді Алашордашы, халық жауы» ретінде тұтқындайды. Алаш қайраткерлеріне Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімдерімен амнистия жарияланса да, Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен кейін, олардың өткенін еш уақытта ұмыта да, кешіре де алған жоқ. Түрлі әдіспен бүркемеленген қудалау арқылы, Алаш зиялыларының көзін жоқ қылуға әкелді. Кешірім берілгеніне қарамастан Алаш басшыларын елден кетіру әрекетінде олардың есімдерін ұмыттыру, рухты басудың және ұлттық тұтасудан сескенудің сесі жатыр.

Батыс Қазақстан Қауіпсіздік Комитетінің архивінде Бижан Жаңқадамовтың № 2018 ісі сақталған. Ол жауап алу кезінде Жаһанша Досмұхамедовті құрметтейтінін, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Ш.Бөкеевтың талантына бас иетінін тайсалмай айтты. Бұрынғы Батыс Алашорда құрамында болғанын, кейін Батыс Алашордашылар Ғ.Манкеев, М.Жақанов, М.Байшеркешов, А.Қитаровтармен байланыс ұстағанын да жасырмады.

ІІХК Батыс Қазақстан облысы басқармасы «үштігінің» 1937 жылғы 25 қарашадағы қаулысымен 1937 жылдың 2 желтоқсанында түнде атылды. 1993 жылы 14 сәуірде

«Жаппай саяси қуғын сүргін құрбандарын ақтау» туралы ҚР заңының 2 бабына сай Бижан Әбілқасұлы Жаңқадамов толық ақталып, саяси қуғын сүргін құрбаны деп танылды[4].

Алашорда қозғалысы қайраткерлерінің халық үшін жасаған ерен еңбектері мен қызметтері халық жадында мәңгілік сақталатыны сөзсіз. Қазіргі уақытта қоғамымызда Алаш идеясы – тәуелсіздік идеясы деген ой-пікір берік қалыптасуда. Алаш қайраткерлерінің өмір жолын, қазақ халқының рухани, саяси тұрғыда дамуына үлес қосқандығын толыққанды зерттеу Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап өз күшіне ене бастады. Бижан Жанқадамовтың өмірбаянын, қызметін, еңбектерін жинақтау біздің борышымыз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. / Құраст.: Ғ.Әнес - Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 592 бет.
2. https://egemen.kz
3. Бижан Жанқадамов / Қ.Хасанов – Орал, 2008. – 64 б.
4. Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов. / Сүлейменова Д.Д. – Орал: «Ағартушы», 2010 – 236 б.

ӘОЖ 94(574)

БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Климова Л.А. – заң ғылымдарының магистрі
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме. *Историю казахского народа начала XX века невозможно представить без Бакытжана Каратаева, Алихана Бокейханова. Изучение жизни и общественно-политической деятельности Бакытжана Каратаева является одной из актуальных проблем в исторической науке, достойной быть объектом научного исследования. Общественно-политическая деятельность, перспективы общества, судьба казахского крестьянства, отношение к земельным вопросам журналиста, юриста начала XX века Бакытжана Каратаева не утратили своего значения и по сей день.*

Ключевые слова: *Алаш, независимость, общество, юрист, интеллигенция*

Кеңес Одағының күйреуі, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуы қоғамдық ғылымдарда назардан тыс қалып келген мәселелердің шешімін табуға, соның ішінде тарих ғылымында бұрын сыңаржақ қаралып келген, идеологиялық себептермен айтыла бермейтін жабық тақырыптарды зерттеп, ғылыми талдаудан өткізу үшін жаңа міндеттер жүктеп отыр. Бүгінгі таңда осы проблемаларды пайымдылықпен зерттеудің нәтижесінде тарихымыздың көмескі беттерінің шындығы ашылып, оларға шынайы баға берудің ғылыми деңгейі жаңа сатыға көтерілді.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде, еліміздің тарихына жаңаша ой-пікірлердің қалыптаса бастаған шағында халқымыздың азаттық жолында қызмет атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық- саяси қызметі туралы мағлұматтарды ғылыми арнада жүйелеп, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік туды. Халқымыздың шынайы тарихын қалпына келтіру, Қазақстан тұрғындарына тарихи сананы қалыптастырудың

мемлекеттттік концепциясында маңызды мәселе ретінде қойылды. “Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы” атты Халық бірлігі және Ұлттық тарих жылына арналған ғылыми сессияда да: “Мыңжылдыққа аяқ басарда бізге өткен-кеткенімізді қайтадан сараптамасқа жағдай жоқ. Өйткені тарихи жадымызды қалпына келтіріп, тағдырымызды қайта таразылау тәуелсіздігіміздің де мән-маңызын тереңірек ұғындыра түседі”,- деп көрсетілді[1, 513].

Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев — қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Туған халқын құлдық бұғаудан құтқару мақсатында патша үкіметімен ымырасыз күрес жүргізген көрнекті қоғам қайраткері, алғашқы қазақ заңгері болған Бақытжан Қаратаевтың есімі 20 жылдай бойы Ресей мен қазақ баспасөзі беттерінен түспей, қаламы “Айқап”, “Қазақстан”, “Орал” сияқты т.б. көптеген басылымдардың бағыт-бағдарына үлкен әсерін тигізген еді. Терең публицистикалық мақалалары болса қазақ қоғамының көкейкесті мәселелеріне арналып, Ресей мұсылмандарының назарын аударған-ды. Өткір сынды, ашын жазылған мақалалары халықты азаттық пен бостандық идеяларына баулумен қатар, қазақ халқының рухани өсіп, шыңдалуына да өлшеусіз үлес қосты.

Бақытжан Қаратаевтың табиғатынан ұшқыр ойы, отты жүрек дара тұлғасы, асқан білімділігі, халықтың жарқын болашағы үшін әр салада атқарған қызметі мен заңдылықтарды басқару процесін ауадай қажетті талап ретінде енгізу мәселесін көтеруі- оны даланың дарынды перзенттеріне жатқызады. Энциклопедиялық білім иесі, ірі гуманист, реформатор, публицист, ағартушы демократ, қазақ қоғамының демократиялық жолмен дамуын көксеген қайраткер сонымен қатар, қарама-қайшылықтар мен аумалы-төкпелі өзгерістерге толы өз заманының да ұлы еді.

Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев - Орал облысының Қаратөбе аумағының Ақбақай ауылында 1860 жылы мамырдың 10 жұлдызында Дәулетжан сұлтанның шаңырағында дүниеге келген. Жарық дүниеге енді есік ашқан кішкене Бақытжанды үлкен әкесі Бисәлі Қаратайұлы бауырына басқан екен. Бақытжан Қаратаев сұлтан тұқымы әулетінен тарайды және Кіші Жүздің ханы Әбілхайыр ханның шөбересі болып келеді. Оның атасы Қаратайдың анасы Ырысқа тоқталар болсақ, ол 1771 жылы тарихтағы “қалмақ көшу” немесе “шаңды жорық” кезінде қазақтардың қалмақтармен шайқасында қолға түсіп, Нұралы ханның күңі болған. Өз шежіресінде Бақытжан Қаратаев: “ Нұралы хан осы күңге үйленіп, одан: Есім, Қаратай, Орман, Шотқара және Елтай атты бес бала көреді. Ел арасында оларды “бес қалмақ” деп атап кеткен”,-деп көрсетеді. Одан тараған Нұралы ұлдарының бесеуі де мүмкіндігінше орыс отарлауына ашық қарсылық танытты. Солардың ішінде 1805-1815 жылдары патша әкімшілігіне қарсы табанды күрес жүргізген — Қаратай Нұралыұлы еді. Бақытжанның әкесі Бейсәлі ауқатты адам болған және өзінің сұлтан тұқымынан шыққандығына қарамастан өте қарапайым, жағымды мінездерімен жұртшылыққа сыйлы адам болған. Қайсыбір адамды болмасын біліміне, ақыл-ойына қарап баға беріп отырған. Бақытжан Бисәліұлының тәрбиелік болмысы бала жастан ел арасындағы ғасырлар бойғы көшпелі өмір салты мен кең даланың әдет-ғұрпы ықпалында қалыптасады. Әбілхайыр ханның шөбересі, атасы Қаратайдың тәрбиесінде болып, қазақ дәстүрі бойынша оның есімін өзінің тегі етіп алады. Жасынан зерек болып өскен жас сұлтан алғаш ауыл мектебінен сауат ашады. Білімге деген ынтасын байқаған әкесі оны Орынбор қаласының азаматтық гимназиясына оқуға береді. Бақытжан Қаратаев гимназияны ойдағыдай аяқтап, тәртібі “өте жақсы” деген дәрежемен аяқтап шығады. Өз біліміне сенген Бақытжан Қаратаев Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургте, университет қабырғасында білім алуды көксейді. Оның мұндай жауапты шешім қабылдауына Орынбор қаласының өзі дәріс алған гимназиясындағы Нева жағалауынан арнайы жолдамамен немесе саяси қуғынға ұшырап, қудаланып келген озық-ойлы, демократиялық бағыт ұстанған орыс зиялылары зор ықпал етті. Олардың бірсыпырасы гимназияда тек ғана бағдарлама бойынша оқытылатын пән көлемінде дәріс беріп ғана қоймай, сонымен қатар оқулық шеңберінен шығып, гимназистерге сабақ арасында оларға саясаттан, дүниежүзілік азаттық қозғалысынан, Санкт-Петербургте болып жатқан саяси

жағдайлардан мәліметтер беріп отырды. Кеудесінде сәулесі бар зерделі шәкірттер, әрине, олардың бәрін саналарына сіңіріп отырды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін күреске толы кезең. Өйткені, Ресей үкіметінің қол астында болып, патша мен оның шенеуніктерінің езгісі мен тепкісін көрген қазақ халқы басқа бұратана халықтармен қатар өз азаттығы үшін күреске шықты. Бұл кезде қазақ қоғамында ұлттың еңсесін көтеріп, патша саясатына ашық түрде қарсы шыққан қазақ интеллигенциясының қатары қалыптаса бастаған болатын. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының жаңа легінің пайда болуы азаттық күресін сапалы жаңа сатыға көтеріп, елдің мәдени-рухани өсуіне үлкен жол ашып берді.

Осы зиялы топ қазақ елін отарлық езгіден құтқарып, ұлт-азаттық жолындағы күресте көш бастаушы болды. Қазақ интеллигенттерінің бұрыннан алдына қойған мақсаттарының бірі- жер мәселесі еді. Жер мәселесін шешуде қазақ интеллигенттері Ресей Мемлекеттік Думасын, патша үкіметінің әкімшілік органдарын пайдалануға тырысты. Осы кезеңде қазақ мүддесі үшін күрес жүргізген нар тұлғалы тұлғалардың бірі, II Мемлекеттік Думаның депутаты - Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев болды.

XX ғасырдың басындағы журналист, заңгер Бақытжан Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметі, "Айқап" журналы мен "Қазақстан" , "Орал" газеттерінің беттерінде жарияланған қазақ қоғамының келешегі, қазақ шаруаларының тағдыры, жер мәселесіне қатысты көзқарасы бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Жеке тұлғалар тарихы ешқашан халқынан бөлінген емес, керісінше ұлтымыздың әйгілі қайраткерлерін тану арқылы тұтастай еліміздің тарихы жазылады.Сондықтан бүгінгі қазақ тарихнамасына ғасыр басында қазақ қоғамының көкейкесті мәселелерін шешуге тырысқан

Бақытжан Қаратаевқа арналған зерттеулер біраз болғанмен, оның өмірбаянын ғылыми тұрғыда неғұрлым толық әрі жүйелі тұрғыдан талдауға алған зерттеу еңбектер әлі жазыла қойған жоқ. Бақытжан Қаратаевтың Қазақ төңкерісіне дейінгі кезеңде қалыптасқан көзқарасы туралы әр кезеңде әр түрлі жазылып келді.

XX ғасырдың басындағы патша үкіметінің саясатына қарсы мақсаттағы азаттық қозғалыстар мен көкейкесті мәселелерді шешуде жол сілтеп, жол көрсеткен Бақытжан Қаратаевтың саяси мақсатын Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов еңбектері айқындайды. Сонымен қатар, 1923 жылы Орынборда жазылып, 1995 жылы профессор Ә.Тәкенов пен архивист-ғалым Б.Байғалиев, жас ғалым Г.Жүгенбаеваның құрастыруымен жарық көрген Телжан Шонанұлының "Жер тағдыры – ел тағдыры" еңбегінде қазақ жерін талан-таражға салып, қоныстандыру саясатын жүргізіп келген патша үкіметінің заңсыз әрекеттері батыл әшкерелеген. Ол қазақ жеріндегі отарлауын кезеңдерге бөліп, тигізген зиянын, осының нәтижесінде қазақ- орыс арасында туындаған қақтығыстарды баса көрсетеді[2, 213].

Бірінші орыс революциясынан кейінгі Б.Қаратаевтың көзқарасы туралы зерттеуші- ғалым А.Ф. Якунин "Қазақстанда 1905-1907 жж революция" атты еңбегінде 1905-1907 жылдар аралығында Қазақстанда екі түрлі бағыттағы зиялы қауым тобының болғандығын атап өтеді. Ол буржуазияшыл-ұлтшыл бағыттың өзін екіге: "батысшылдар"(Ә.Бөкейханов басқарған), "мұсылмандық" (Б.Қаратаев басқарған) деп екіге бөліп, олардың патша шенеуніктеріне қарсы жүргізген күрес барысын айқындап беруге тырысты [3,351]. Ұлттық интеллигенция тарихы мен қызметі 20-40 жылдары сол заман ағымымен зерттелгені белгілі. Қазақ интеллигенциясының саяси қызметін шынайы түрде көрсетуге тырысқан ғалымдар Т.Рысқұлов пен С.Асфендияровтар үкімет тарапынан қудалануға түсті. Т.Рысқұлов қазақ интеллигенциясының пайда болуы мен қалыптасуына зор көңіл бөліп, олардың саяси қызметін саралап көрсетуге ұмтылса, ал С.Асфендияров қазақ интеллигенциясының пайда болуын XIX ғасырдың аяғына жатқызып, олардың іс-әрекеттерін дәйекті түрде көрсетуге тырысты[4,45]. Кеңестік кезеңдегі әміршіл-әкәімшіл жүйенің салдарынан көптеген зерттеушілер Бақытжан Қаратаевты бай- феодалдар мүддесінің қорғаушысы ретінде танып, таптық көзқарастың шырмауына маталған

пікірден алшақ кете алмады. Ғылыми тұрғыда әділетті баға беруге цензорлық тосқауылдар қойылды. Мысалы, танымал, ірі тарихшымыз Е.Бекмахановтың 1957 жылы жарық көрген еңбегінде Бақытжан Қаратаевтың есімі тікелей аталмаса да, II Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттарының бәрі "Ұлтшыл көзқарастағы қазақ зиялыларының өкілдері және бай феодалдардың мүддесін қорғаудағылар"-деп бағаланған еді [5.317].
Сонымен қатар, Бақытжан Қаратаевтың Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі көзқарастарын зерттеген ғалымдардың бірі- К.Бейсембиев болды. Ол өзінің еңбегінде Бақытжан Қаратаевтың атқарған мен қоғамдық — саяси көзқарастарына коммунистік-тоталитарлық идеология талаптарына тән талдау жасады. Бақытжан Қаратаевтың жар құлағы жастыққа тимей өз халқының саяси құқын, бар байлығы- жерін қорғап, өз елін әлеуметтік дамуға қоса толыққанды мұсылмандылық пен имандылыққа шақырған еңбектерін К.Бейсембиев: "панисламизм мен пантюркизм реакциялық қозғалысының диірменіне су құйды" – деп бағалады[6, 116].

70-жылдары Б.Қаратаевтың және XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының экономикалық көзқарастарын зерттеген М.Жақсалиев болды. Коммунистік идеологияның таптық талаптарынан еркін шыға алмаған зерттеуші қазақ зиялыларының көзқарастарын бағалауда көптеген тосқауылдарға тап болды. Соның салдарынан, мысалы, Бақытжан Қаратаев прогрессивтік-демократиялық бағыт ұстанған, қазақ халқының әлеуметтік прогресін жақтаған ағартушы - демократ және ірі қоғам қайраткері ретінде танылса, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Досмұхамедовтар сияқты қайраткерлер діни-ұлтшыл ағымның өкілдері ретінде сипатталады. 80 жылдары Бақытжан Қаратаевтың II Мемлекеттік Думада сөйлеген сөздеріне ғылыми тұрғыда талдау жасаған академик С.З.Зиманов пен Бақытжан Қаратаевтың мол мұрасына біршама көңіл бөлген М.Ш.Ысмағұлов болды.

Қаратаев Бақытжан Бәйсәліұлы – көрнекті заңгер, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, демократ. Орынбор гимназиясын үздік бітіріп, 1890 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетін кіші алтын медальмен бітірген соң Әділет министрлігінің құзырына кіргізіліп, басқарушы сенаттың екінші департаменті шенеунігі қызметіне қалдырылды. 1891 жылы Кутансиде (Грузия) сот тергеушісі, 1897 жылы Орал облысында адвокат болып қызмет істеді. 1907-1916 жылдары ағартушылық жұмыстарымен айналысты. Ол 1911-1913 жылдары «Қазақстан» газетінің идеологиялық бағыт-бағдарын айқындауына тікелей жәрдемдесті. «Айқап» журналының (1911-1915) беделді авторларының бірі ретінде, оның заман талабына сай жаңару, даму, өркендеу шарттарын уағыздаған демократиялық мазмұнын аша түсуге атсалысты. Қазақ халқының жер-суына өзі ие болу құқын қорғауда Қаратаев екі мемлекетпен Дума мүшесі ретінде айрықша белсенділікпен күресті. Ішкі Ресейден ағылған көші-қонның шұғыл тоқтатылуын талап етті. Бақытжан Қаратаев- халқымыздың бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі, оның жарқын болашағы үшін аянбай күрескен ұлы даланың дарынды перзенті. Бар ғұмырын халқының мүддесі үшін сарп еткен ол өмірінің соңында болашақ ұрпақ үшін туған халқының басынан өткерген тарихын жазып, артына мол мұра қалдырды.

1931 жылы 16 тамызда Б. Қаратаев Орталық архив басқармасының ғылыми қызметкері болып тағайындалады. Басқарма Б.Қаратаевты, арнайы бағдарламасы бойынша, Қазақстанның 1916-1919 жылдар аралығындағы тарихын зерттеу мақсатында, Ақтөбе, Орал, Саратов, Орынбор қалаларына іссапарға жібереді. Ол іссапарда жүріп мұрағат, кітапхана қорларымен жұмыс жасап, халқымыздың тарихына қатысты құнды деректер жинайды. Сонымен қатар, Б.Қаратаевтың артында қалған шығармашылық мұрасының біразын өзі көріп куә болған және өзі қатынасқан революциялық-саяси оқиғалар, яғни «К истории революционного движения в Уральской губернии», 1905-1907 жылғы бірінші орыс революциясы тұсындағы Орал қаласындағы астыртын ұйымдардың қызметін баяндайтын бұл еңбекті зерттеуші М.Ысмағұлов Б.Қаратаевтың жазғандығын айтады. 1919 жылы Торғайдағы Ә.Жангельдиннің екінші жорығын бейнелейтін «Первый полководец казахских частей - А.Джангельдин», Орал қаласын орыс-казактардан азат

етілуі туралы «Взятие города Уральска», «Гибель Чапаева» және т.б жөніндегі естелік жазбалар құрайды.

Б.Қаратаев ғылыми жұмыспен өмірінің соңында, яғни 70 жастан асқан шағында айналысты. Денесін ауру меңзеп, төсек тартып жатса да, «біздің ұзақ өмірден көргеніміз, естігеніміз, тарихи әдебиеттерден кейбір білгеніміз қағазға түсе берсе игі еді деген мақсат» санаған Б. Қаратаев өз естеліктерін, көзқарастарын парақтарға жазып қалдырған.

1917 жылы 16 мамырда өткен Думаның мәжілісінде қазақ халқының мүддесін қорғап, қайта қоныстандыру саясатының «қазақтарды қатты қинау» жолымен жүзеге асырылатынын ескертті. Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусымдағы бұратаналарды майданның қара жұмысына алу туралы жарлығынан кейін Қаратаев «Қазақтар жайындағы естелік жазба» атты құжат әзірлеп, Петроградқа сапар шекті. Дума төрағасы мен Соғыс министрлігіне тапсырылған бұл хатта жарлық шығару мен оны жариялауда заң тәртібінің бұзылуына жол берілмегендігі, сондай-ақ, жергілікті әкімдердің оның мәнісін халыққа өз мағынасында дұрыс жеткізе алмағандығы әшкереленді. 1917 жылы мамырда монархия құлағаннан кейін Қаратаев большевиктер партиясына кіріп, Орал облысында Кеңес өкіметін орнатуға қатысты. Орталық ағарту комитетінің заң істері комиссары болып сайланды.

1918 жылы көктемде ақ қазақтар Оралда төңкеріс жасап, облыстық кеңес атқару комитетінің өзге мүшелерімен қатар оны да тұтқынға алды. Тоғыз айдан соң қызылдар Оралды азат еткенде, өлім жазасынан құтқарылып, түрмеден босатылады. Ақтөбеде халық алдында БК (б) П Қазөлкомының 1-хатшысы Ф.И.Голощекинге қарсы шығып, халықты қырған, аштыққа ұрындырған қылмысын бетіне басты. Сол нәубеттен ұзамай, өзі де дүние салды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қаратаев Бақытжан // Алаш. Алашорда: Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова.- Алматы: Арыс баспасы, 2009.- б.213
2. Қаратаев Бақытжан // Тлешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2014. – б.213-215.
3. Батыс Қазақстан облысы: энциклопедия / бас ред. Ғ.Әнес. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – б.351
4. Ықсанғали С. Бақытжан Қаратаев – қайталанбайтын тұлға // Түркістан. – 2010. – 23 қыркүйек. – 45б.
5. Қаратаев Б.Б Обзор материалов по истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов.- 317б.
6. Қойшыбаев Б. Бақытжан Қаратаев.-Алматы: Ана тілі, 1993.-116 б.

2-СЕКЦИЯ. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚИСЫНДАРЫ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ

ӘОЖ 37013

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Кинжекова Р.С.- п.ғ.к, доцент
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Резюме. *В статье проанализированы статьи А. Байтурсынова, опубликованные в общественно-политической газете «Казах» по различным аспектам образования. Автор показывает что просветитель был убежденным сторонником открытия национальных школ, организации ее работы, превращения национальных языковых школ в основной источник образования. Подробно анализируется научно-методологический характер статей ученого.*

Ключевые слова*. Газета «Казах», школа нации, обучение на родном языке, народное образование, школьные принадлежности, звуковой метод.*

Белгілі қоғам қайреткері, тюрколог, жазушы, публицист, ағартушы педагог А. Байтұрсыновтың Қазақстанның білім беру жүйесіне қосқан үлесі зор. Ол 1895-1909 жылдар арасында Батыс Қазақстанның Ақтөбе өңірінде, Қостанай, Қарқаралы уезінде мұғалімдік қызмет атқарды. 1896ж. Омбыда жұмыс істей отырып Ақмола, Семей оқу жүйесін басқарады. Кеңес үкіметі жылдары 1920-21 ж. Қазақ АҚСР халық ағарту комиссары қызметінде болды.1922ж. Өлкелік халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың басшысы қызметін атқарды. Мұсылман мектебінде де, орыс мектебінде де тамаша білім алған патриот-ғалым қазақ балалары үшін нағыз, шын мәнісіндегі қазақ мектебін ашу қажеттігін түсініп, өзінің бүкіл қажыр-қайратын, заңғар талантын, ғұмырын осы биік мұрат жолында сарп етті.Ол қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, ана тілінде оқыту үшін күресіп, ана тілінде оқытатын оқулықтар жазып, халық ағарту кадрларын дайындап, қазақтың зиялы қауым өкілдерінің негізін қалауымен ерекшеленеді. Бұл қызметтерге қол жеткізуге дейін біраз жолдардан өтеді [1].

Ол 1913-17 жылдары Орынборда шығарылып, өзі редакторы болған «Қазақ» газетінде ұлт мектебін құру, халыққа білім беру, қазақ балаларын ана тілінде оқыту жөнінде көптеген көкейтесті мақалаларын жариялады. 1913ж. бір мақаласында: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады. Сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік.Надандық –халықтың білім-ғылымнан қалыс қалғандығы.Қалыс қалуға үлкен себеп-қазақ жерінде мектептер аз, мектептерде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ»- дейді. Ахметтің бұдан 80 жылдай бұрын айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатырған мәселелермен үндес келіп жатуы таңқаларлық. Оның надандық деп отырғаны –халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға себеп-қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын дайындайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе?»-деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Оқу - ағарту идеясы –Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген –оның туған халқының тағдырын ойлаған қам-карекеті. Ол

қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін амал-әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу екендігін жақсы түсінді.[2.93]

Халықты ағарту мектептен басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды талап етуі бүгінгі күні де ұстанатын басты принципіміз болса болашақ ұрпақты тәрбиелеуде жақсы жетістіктерге қол жеткізеріміз сөзсіз еді. «Бастауыш мектептер оқуы бес жылдық боларға керек. әуелі үш жылда балалар кілең қазақша оқуы тиіс»-деген пікір айтқан. Бүгінгі күні үш тұғырлы тіл саясатын енгізіп, өз тілінде жазу-сызуды толық меңгермеген балаларымызға орыс, ағылшын тілдерін оқыту қаншалықты орынды болар екен? Ол сол кездегі қазақ –орыс мектептері жұмысына баға бере келе былай дейді:» Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек.»-деді. Қазақ тілін,қазақ әдебиетін оқыту-үйрету жолдарын көптеген кітабына арқау еткен Ақаң қазақша оқудың, ана тілімен ауызданудың пәрменді насихатшысы болды.[166]

А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62-санында «Мектеп керектері» деген мақаласында «Ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екіншісі –оқыту ісіне керек құралдардың қолайлы, һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді. Құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болады. Үшіншісі –мектепке керегі белгіленген Программа. Әр іс көңілдегідей болып шығуы үшін оның үлгісі, я мерзімді өлшеуі боларға керек.» -деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш айқындап берді. Оқыту үрдісін дұрыс жүргізуде әдістерді таңдай білудің мәнін тұңғыш бағамдап, бұл турасында: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдіс болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйеніш қолғабас нәрсе есебінде қолдану керек.»2. «Әр әдіс өз орнында жақсы» 3. «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе Әдістің жақсы – жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен сауаттану әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттану ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттану ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды» -деген пікірлер айтқан. Бүгінгідей әдістердің жаңа технологиялармен ұштастыру ісінде де ғалым-әдіскердің ойлары дәл қазіргі талапқа да сай келетіндей.

Одан әрі оқытудың әдістерін жан-жақты талдап, сауат ашу әдістерінің ішінде тұңғыш *дыбысты әдісті* оқу процесіне енгізді. Дыбысты әдісті үйреткендегі істелетін істің негізі бес түрлі дейді: 1) Балалармен әңгімелесу; 2) Оқу үйретуге даярлайтын жұмыстар; 3) Сөзден дыбыстарды айырып шығару; 4) Әріптермен таныстыру; 5) Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу.

Әлемдік әдістемеде кең қолдау тапқан жалқылау, жалпылау әдістерінің мәнін мұғалімдер қауымына түсіндіріп, қолданудың жолдарын көрсетті. Бұл әдістің қолданылуын бірнеше түрге бөледі:1)Кітапта сүгіреттер болмақ.2)Сүгіреттегі нәрселердің атын көрсететін баспа да, жазба да сөздер болмақ. 3) Сол сөздерге ұқсас басқа да сөздер болмақ. 4) Үйретілген әріптерден жасалған сөздер, сөздерден жасалған сөйлемдер, сөйлемдерден жасалған қысқа-қысқа әңгімелер болмақ. Әріптерді үйретуді мына әдістер арқылы жүргізуді ұсынады:1. Әліп-би кітабының бірінші бетінде сүгіретті оқытушы тақтаға салады да, сол нәрсе жайында әңгіме қозғайды.балалар мен оқытушы әңгімелесе-әңгімелесе барып, сол нәрсе турасында жұмбақтар, өлеңдер айтқызады немесе өзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы –алынған нәрсені балаларға анық танытып білім береді, сөйлесуге тілін де, бойын да үйретеді. 2. Салынған сүгіретті балалар дәптерлеріне көшіреді.Бұл көшіру балаларды сүгірет салуға үйрету емес, салғандары ұқсасын, ұқсамасын әркім әлінше салса болғаны. Мұның пайдасы –сүгірет салуға балалар әуес болғандықтан, сүгірет салғандарына мәз болып өздері рақаттанады, қарындаш ұстауға қолдары үйренеді.3.

Сүгіреттегі нәрсенің атын көшіру. Оқытушы сөзді тұтас күйінде тақтаға жазады. Балалар дәптерлеріне көшіреді.

Бұл әдістер - дыбыстың қолданылуын, сөзді сөйлеу тіліне енгізуде қазіргі кезге дейін қолданылып келе жатырған әдістер. Әсіресе, сурет салу арқылы заттың атынтану, жазылуын меңгеру талай ұрпақтың сауатын ашуда жақсы нәтижеге қол жеткізгені белгілі жайт.

Ол туған халқының білім-ғылымға ұмтылуын әр қазақтың ең болмағанда бастауыш білім алуын аңсады. Мұғалімдерді педучилищелер ашып, арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келе, ондай оқу орындары қазақ даласында жоқ екенін ескеріп, орыс мектептерінен де қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медреседе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз, ал орыс мектептерінде оқығандардың мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді. 1912-1915 жылдар аралығында отыз шақты мақала жазған: «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Оқыту жайынан» т.б.

Ақаң «Бастауыш мектеп» деген мақаласында «Қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек?» деген өткір сұрақтан бастап, қазақ ұлттық мектебіне байланысты көптеген мәселелерді байланыстыра отырып, олардың шешілу жолдарын көрсетеді. Ол бастауыш мектептерде қандай пәндер оқытылуы керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді оқу, жазу, ұлт, дін, ұлт тарихы, есеп, қолөнер, жағрапия, жаратылыс оқытылу керек дейді.[4.]

1910 жылдардан бастап А. Байтұрсынов қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақ мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтары да пайдаланып отырғандықтан араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады. Қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Ол қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор,1924), құрылтайында (Баку, 1926ж.) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Кейін осы жазуды үйретететін әліппе жазады. 1912-25 жылдар аралығында «Оқу құралы» деген атпен әліппе 7 рет басылып шығады. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912ж. жарық көрді. Одан әрі қазақ тілін пән ретінде үйретететін оқулықтар жазумен айналысады [5.22]

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйретететін оқулықтар жазумен ұштасты. Осы тұста оның атақты «Тіл-құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танытудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды.

1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» еңбегі белгілі. Сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты әдістемелік еңбегінде көрсетеді. 1927-28 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі әдістемесіне арналған бірнеше мақала жариялайды.

М.Әуезов Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер дегені дәл келіп, халқы ұлының еңбегіне адал бағасын берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Байтұрсынұлы А. «Тіл - құрал» Шығармалары Алматы, 1989 ж.
2. Қыдыршаев А. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу. (А. Байтұрсынұлының оқу-ағарту, әдістеме мәселелері хақындағы ойларынан) //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы - №10,11, 12 12-93.
3. Кәрімұлы Х. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеге қосқан үлесі. //Қазақ тілі мен әдебиеті журналы - №6, 2004ж.
4.Әбдіманов Ө. Ахметтану /Оқу құралы.-Қазақ университеті, 2015-166 б,
5. Қыдыршаев А. Ахаңның әдістемелік мұрасы. –Ақиқат. Ұлттық-қоғамдық саяси журнал.№3 2022-22б.

ӘОЖ 83.5

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Көпбаева М.Р. - ф.ғ.д., профессор
Кемалов Б.Б. - 1 курс магистранты
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті, Тараз қ.

Түйіндеме. *Мақалада электрондық оқулықтарды қолданудың мәселелері және тиімділігі зерттеледі. Электронды оқулықтың дидатикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолданудағы басты көмекші құрал екендігіне жан-жақты тоқталады.*

Тірек сөздер*: Европа, мультимедия, электронды оқулық, құзырет, ғылым, техника, дәстүрлі уақыт, масштаб.*

Заман талабына сай білім берудің парадигмасының өзгеруіне сәйкес құзыретті білім беру басшылыққа алынып,оқу-білім үйретудің жаңа әдістері пайда болды. Құзыретті білім беру көбіне Еуропа елдерінде ұлттық білім беру стандарттарында қолданылады. Әр мұғалім өз пәнінде ақпараттандыру технологиясын пайдалануы: Мультимедия, электронды оқулықтармен жұмыс істеу, керекті ақпараттарды интернеттен шығарып алып пайдалануды іс жүзінде үйренуі керек. Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде «Жаңа ғасыр – адамгершілік ғасыры, ал адамгершілік бастауы – мектеп. Ауыл баласының білімі мен тәрбиесі жаһандану аясында ұлтты рухани мәңгүрттіктен сақтандыру ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағы» [1]- деген еді. Ал, әлемдік өркениетке жету, мектепті компьютерлендіру, интернет желісіне енгізу және қолданудан көрінбек. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана. Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасы мен ішкі және сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас ұрпақ. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені

мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді.

Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын мұғалім қалыптастыруға бағытталады. Педагогикалық жаңалықтарды жасау, игеру қолдауды біріктіретін инновациялық процесстер білім беруді жаңарта алатыны сөзсіз. Сондықтан да, инновациялық процестерді игеру, жасау, қолдану мәселелерін талдау және жүзеге асыру білім беру жүйесінің әр түрлі баспалдақтарында кеңінен қолдануда. Мұғалімдер мен практикалық қызметкерлердің педагогикалық жаңа білімге деген қажеттіліктің күшеюінен келесі тенденция туындайды. Педагогикалық жаңалықтарға объективті баға бере алатындай, инновацияларды игере алатындай педагогикалық қауымның құрамын және құрылысын жаңарту жүзеге асып жатыр. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

Ертеңгі күнімізге аттамас бұрын бүгінгі ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрейік. Бүгінгі мұғалім ата – ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері. Мұғалім – оқытушы, мұғалім – ұстаз, мұғалім – оқулық авторы, мұғалім – технолог, мұғалім – жаңалықты дәріптеуші, таратушы.

Қазіргі мектептің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әр түрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде.

Қазіргі кезде электрондық WEB оқулықтың қандай екендігі туралы біртұтас ой жоқ. Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес, сондықтан электронды оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Әр оқушы таңдалған тақырып бойынша тапсырмалар орындап, тестілер шешіп, карталар мен схемалармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез жән жәй түрде көрсетуге пайдалы. Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электрондық оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудиохабарлар. Мысалы: құстардың дауыстарына қарай қандай құс екенін ажырата білу, жүрек қағысын байқау.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видокөірінстер, дыбыс және музыка тыңдатыр көрсетуге болады. Бұл әрине мұғалімінің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын.

Электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Сондай – ақ мұғалімдерге де өзіне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Электронды оқулық – бұл дидатикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негіделген түбегейлі жүйе. Электрондық оқулықпен оқыту, мұғалімнің оқушымен жеке жұмыс істегеніндей болады. Дәстүрлі оқытуда кейбір оқушылар түсінбей қалған матриалды мұғалімнен қайталап сұрай берге кейде қысылады, сол себепті жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына әкеп соғады. Ал электрондық оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті түсінбеген сөзді бөліп анықтама бөлімінен қарауға, сол сөздің түсіндірмесін білуіне, оның грамматикалық жасалу жолдарын білуіне көптен – көп көмегін тигізеді.

«Электронды оқулықтар оқушының білім сарасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушы оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қолуы да кездеседі, ал электрондық оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр тарапын бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайды оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпарға сілтемлер беріп отырады» [2.53] дегенді үнемі назарда ұстау керекпіз. Бұл оқушы үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдкітер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімт алуға мүмкіндік жасайды.

Сонымен қатар оқушы грамматикалық анықтамаларды оқи отырып білімін тереңдете алады. Міне, осындай мүмкіндіктердің барлығы оқудың мотивациясын күшйетеді, оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырады, оқытудың дәстүрлі ұйымдастыру формасынан шығып, оқытуды даралауды күшейтуге көп көмегін тигізеді.

Электронды оқулықта берілген мәтіндік материалдар белгілі бір қатынас жағдаяттарында қолданылатын сөйлемдерді құрайды. Сұхбаттар көлемі жағынан шағын және жеңіл жатталады. Сұхбаттық жағдаяттар қазақ тілінде бір – біріне сұрақтар қойып және жауап қайтара алуға үйретеді. Сонымен қатар берілген тақырып төңірегіндегі сөйлемдер мен әңгімелерді микрофонның көмегімен компьютерге басып, өздері тыңдап, өзін – өзі тексеруге, дұрыс сөйлеуге көмектеседі.

Мысалға, электронды оқулықтағы бір тақырыпқа тоталатын болсақ, алғашында сол тақырып бойынша мәтін берілген.

1. Осы мәтінді оқушы тыңдайды, оқиды, сонан соң барып тақырыптық сөздіктерге көңіл аударады.
2. Жаңа сөздердің аудармасын іздеп тауып алғаннан кейін, сол сөздермен басқа жағдаяттарда қолдануға болатын сөйлемдер құрастырады.
3. Осы құрастырған сөйлемдерін қолдана отырып жағдаяттар ойластырады.
4. Өздері ойластырған жағдаяттарды қолдана отырып сұхбат құрастырады
5. Сқхбаттарды бірінші жақтан құрастырғаннан кейін, оны үшінші жаққа аударып айтып береді
6. Берілген тақырып көлемінде түрлі жаттығулар мен тапсырмалар орындайды.
7. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қою арқылы сөйлем құрастырады.
8. Сөйлемдегі жетпей тұрған сөзді табу арқылы сөйлемнің мағынасын түсінуін аңғартады.
9. Компьютермен сұхбаттасу арқылы қойылған сұраққа дұрыс жауап бере алатындығын көрсетеді.
10. Әңгімені қостай отырып, сол тақырып көлемінде сөйлесе алатындығын байқатады.
11. Сөйлемдегі сөздердің жалғауларын дұрыс қоюы грамматиканы түсінгендігін білгізеді.

12. Сөйтіп көптеген жаттығулармен тапрсырманы дұрыс орындағанда барып өз өмірінде осы тақырыпты қолдана отырып әңгіме құрастыруға дейін жетеді.

Электронды оқулықтар оқушылардың

- білім деңгейін тереңдетуге
- ауызекі тілде сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға
- өз бетінше іздену қабілетін қалыптастыруға
- ойларын дамытуға
- оқушылардың сөздік қорының молаюына
- тілді үйренуге деген ынтасы мен қызығушылығының артуына
- сабақта өзін еркін ұстап, өз мүмкіншілігін кеңінен пайдалана алуына
- өз ісіне талдау жасай алуға көптен – көп көмегін тигізеді

Қорыта келе айтарым, оқу үрдісінде электронды оқулықты қолданудың маңызы өте зор.

Тіл үйренуші электронды оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан тілді меңгеруіне үлкен мүмкіндіктері бар. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электронықдық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой – өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім берру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір – бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік – жетістіктерді айтып отырсаақ жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. – Астана,2014жылғы17қаңтар.

2.Башмаков М.А. Разработка компьютерно- обучающих систем и компьютерных учебников. М. 2012.60с.

ӘОЖ 372.2.01

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сапашева К.Х – п.ғ.к, доцент,
Сатыбалдиева А.М – п.ғ.м, оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Орал қаласы.

Резюме: *Представления дошкольников об эстетической сфере жизни выше, чем у подростков, а их мировоззрения и мнения становятся более системными. Особое внимание он уделяет искусству, искусству, своей дисциплине. Знание эстетического развития детского возраста помогает воспитателю целенаправленно совершенствовать его эстетические вкусы и дополнять сенсорный опыт.*

Ключевые слова: *эстетика, этика,воспитание, вкусы, чувство*

Эстетикалық тәрбие дегеніміз - баланың қоғамдық өмірде, еңбекте, табиғатта көркем өнерде бар әсемдікті сезіне білуге уйрету, тәрбиелеу деген сөз.

Эстетикалық тәрбие тек қана көркемдік деңгейді жетілдіру, оқыған кітап, көрген кинолар мен музыкалық шығармалар санын көбейту ғана емес. Ең бастысы, адамгершілік, этетикалық сезімді, жеке бастың рухани деңгейін кеңейту, мінез – құлқын түзету,

әсемдікті түсіне білу. Егер оқушы өзін жаман әдеттен алшақ ұстап, өз әрекеттерінің әдемілігін, қажеттігін түсініп, еңбек нәтижесінен көркемдікті сезіне білсе, бұл оның эстетикалық талғамының, сонымен қатар адамгершілік қасиеттерінің жоғары жетіле бастағанын көрсетеді.

Эстетикалық тәрбие балалардың әсемдік жөніндегі түсінігін кеңейтіп сұлулықты сүйе білу, оны шығармашылықпен өмірге ендіре білу қабілетін, эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Эстетикалық тәрбие көркем өнер құралы ғана емес қоғамдық өмірдің, оқудың еңбектің, табиғаттың әсемдігін тану кезінде адамдармен қарым-қатынас үстінде тәрбиеленеді. Көркем шығарманы табиғат әсемдігін адамның жақсы тәртібін, тамаша мінез құлқын мәдениеттілігін көріп сүйсіну, қабылдау адамның адамгершілік парасатына эстетикалық сезімдеріне үлкен әсер етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасындағы, мектепалды топ балалары арасындағы таза адамгершілік қатынастардан өзіндік эстетиканы байқауға болады. Қатынас кезінде олар өзара түсінушілікке дағдыланады, ортақ тіл табысады, өмірге өздерінің көзқарастарын қалыптастырады, Сократ дана айтқандай "әдемілікті бірлесіп іздеуде" таптырмайтын мүмкіншіліктер алады. Қатынас - ол тек қана оймен ғана алмасу емес, сезім және әсерленушілікпен де алмасу. Қатынас неден құралады немесе басқаша айтқанда, қатынастың әдістері қандай? Олар: - көзқарас, сөз, дауыс ырғағы, ым, ишарат, дене қимылы. Бұл амалдар жеке түрде болсын, біріккен түрде болсын көп мағынаны түсіндіреді[1, 22].

Эстетикалық сезім әлеміне қатысы бар құбылыстарды зерттейтін философияның бір саласы болса, эстетикалық тәрбие көбінесе адамның сезіміне тәрбиелеу арқылы санасына әсер етіп, іс-әрекетіне бағыт-бағдар беруді көздейді. Жүріс-тұрыс адамдар арасындағы қарым-қатынас талаптарын түсініп, сезіну оның эстетикалық жағын қамтиды. Этика мен эстетика іс-әрекет, жүріс-тұрыс, мінез-құлық көріністері арқылы бір-бірімен байланысып жатады. Әр нәрсенің мөлшері мен өлшемін білу эстетикалық жақтан сезіну арқылы келеді. Эстетикалық тәрбиенің басты мәселесі – сезім әлеміне әсер ету, оны дамыту, қалыптастыру. Сезім мен дағдылар арқылы сұлулықты түсіне-сезіне білуге тәрбиелеу баланың дара қасиеттерін, барлық мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Баланың эстетикалық дамуы сәтті болу үшін тәрбиеші, педагог жас ерекшелігіне сай әртүрлі ойындар, сабақтардың түрлерін қызықты, әрі танымды өткізеді. Танымдық ықпалдар эстетикалық қобалжулармен неғұрлым байланыста болса, соғұрлым нәтижесі де, әсер етуі де жақсарады. Педагогтың балалар қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, әр біреуімен жұмыс жасауы, бала тұлғасының дербестігін көркемдік шығармашылық арқылы айқындауы, баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.

Балаларға жағымды жағдай жасайтын болсақ, олар көркемдік-эстетикалық түсініктерді еркін меңгереді. Оқыту мен тәрбиелеу арқылы оларға білім беріп қана қоймай, тұлғалық дамуына жағдай жасай отырып, әрекеттілік қабілетін (интеллектуалды, эмоционалды, еңбектік, ерікті) дамыту керек. Бала адекватты, өнімді және нәтижелі дамиды. Осыған орай көркемдік-эстетикалық тәрбиенің мектеп алды мекемелерге қоятын міндеттері:

– Баланың қиялын, эстетикалық сезімін, қабылдауын жүйелі және биік мақсатқа бағытталған түрде дамыту; өнердің барлық түрі қажеттілік сияқты сезімдерді тудырады;

– Баланы өнер саласындағы әрекетке, алғашқы көркемдік білімді игеруге және көркемдік деңгейді бағалауға баулу.

– Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Балабақшалардағы эстетикалық оқу-тәрбие үрдісінің барлық жақтарымен тығыз байланысты. Эстетикалық тәрбие жұмысын нақты, нәтижелі ұйымдастыру үшін, оның мазмұнын әрбір жас ерекшелік талаптарын анықтап алу қажет [2,56].

Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың күнделікті өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көріп, түсіне, бағалай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, одан ең жоғары рухани ләззат алуға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілік,

тұлғалық келбетін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдік пен жексұрындықты, адамгершілік пен ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады.

Қазіргі кезде эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу – тәрбие барысыда тұрақты зейін салуды, күн сайын талапты күшейтетін мәселе. Біздің қоғам адамына тек қана өнердің ғана емес, сондай-ақ еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдік жақтары да ықпал етеді. Эстетикалық көзқарастар адамның шындыққа деген бағамын анықтайды.

Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңінен бастап, әсемділікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар – құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс-әрекеті тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені оң қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылады. Еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс-әрекет әсемділігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге дем береді. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің экономикалық мәселелерге әрі тікелей, әрі жанама қатынасы бар. Бұл біздің қоғамдағы қоғамдық өндіріс адамдардың өскелең рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығынан туындайды. Сонымен оқушылардың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу – дамыған әсемдік сана мен талғамды, оны қабылдау және бағалау қабілетін қалыптастырудың мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған үрдісі. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу оқушыны жан- жақты үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде, ең алдымен өзіне тән қызмет атқарады. Ол іс-әрекеттің барлық түрлеріндегі әсемдік нышанын анықтап, оны оқушының әсемдікке көзқарасының даму, білім алу, қалыптасуы құралына айналдырады.

Кең ой-өрістілік сөйлеу, іс-әрекетінің мазмұнынан сөз өнерін, ақыл-ой еңбегін, шындықтың обьективтік жақтарын, көркем сөз сұлулығын, бөліп қарайды. Еңбек іс-әрекетінде еңбек мақсаттары және процесі, оның нәтижесі, сұлулығы ерекше көрсетіледі. Құқықтық іс-әрекетінде қоғамдық мұраттардағы, дамудағы оның, ынтасы мен тәртібіндегі сұлулыққа баса назар аударылады. Бейнелеу іс-әрекеті барысында балаларға көзге көрінетін әлем, музыкада адам жасаған дыбыс үйлесімділігінің сұлулықтары ашылады. Дене тәрбиесі мәдениеті және гигиена негіздері арқылы бала адам денесінің тән және жан сұлулығын таниды т.б. [3,102]

Баланы әсемдікке тәрбиелеудің, жан-жақты және үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде жанама қызмет те бар. Әсемдіктің адам үшін зор тартымды күші бола отырып, сонымен бірге оның іс-әрекетінің белсенді және тиімді дем берушісі де болады. Бала өнегелігінің әсемдігі, оның жан дүнисінің байлығы, шешендігі оны басқа адамдарға тартымды етеді. Балалар алдында ашық көрініс берген еңбек әсемдігі, оның еңбегін тартымды етеді және еңбек іс-әрекетінің үрдісін жеңілдетеді. Ерлік пен шын азаматтық әсемдігі адамдарды қоғамдық тәртіп және құқықтық әрекеттерін орындауға жетелейді.

Баланың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу, әсемділік қасиеттері бар әртүрлі өмірдегі қатынастар мен әсерлер ықпалымен жүзеге асырылады. Мектепалды даярлық топ балалардың эстетикалық көзқарасы үздіксіз дамиды. Оған себеп болатын нәрсе – оқу, қоғамдық және тұрмыстық еңбектің жаңа жүйе деңгейіне көтерлуі.

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы – өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімі мен санасына әсер етіп, оның өмірлік көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді. Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланыста қаралады. Балалардың ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті, еңбек мазмұны мен үрдісін танымай саналы тәртіп пен мінез құлықты тәрбиелеу мүмкін емес.

Сондай-ақ, әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды. Бала әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйреніп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен талпынысын тәрбиелейді.

Сонымен эстетикалық тәрбие – табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды.

Эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді қалыптастыру – эстетикалық тәрбиенің тағы да бір міндеті. Әдемілікті сүю, оған түсіну үшін балаға негізінен көмектесетін білім. Сондықтан бала бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді игеруі қажет. Осыған байланысты ол эстетикалық терең түсінуге тырысады, пайымдай және бағалай алады.

Көркемдікке және сұлулыққа баға беру үшін эстетикалық танымның маңызы өте зор. Эстетикалық таным – бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың аражігін ажырата білу, өнер шығармаларына жоғары талап қою.

Қазіргі жағдайда біздің қоғамдық өміріміздегі қажетті мәселелердің бірі баланың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Ол әдемілікті сезіп және оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. Өмірге кіріккен эстетика (еңбек, табиғат эстетикасы, адамдар қатынасы және жай-жағдай эстетикасы) адамды сүйсіндіреді. Адам белсенді түрде өмірдегі әдемілікке, көркемдікке өз үлесін қосып, оны көріксіздіктен, ұсқынсыздықтан қорғауы қажет.

Балаларды эстетикалық белсенділікке тәрбиелей отырып, оларды өздігінен ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға баулу керек. Балалар әдебиетті оқуға, кинофильмді, теледидарды, спектакльді көруге, музыканы тыңдауға өте ынталы болады. Әртүрлі әдеби, музыкалық шығармалардағы іс-әрекеттің оқиға желісін дұрыс түсіну үшін балаларды көп ізденуге үйрету, бағыт беру ұстаздардың басты міндеті. [4, 11]

Эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдары – әдебиет және өнер. Олар зор идеялық тәрбиелік роль атқарады. Әдебиет пен өнер адамдарды қуанышқа бөлейді, жігерлендіреді, олардың идеялық жағынан баюына игі әсер етеді. Өнер және әдебиет адам санасына белгілі көзқарастарды әртүрлі құралдар арқылы (әдебиетте – проза, поэзия; кескіндеме жанр, баталия, пейзаж; мүсінде – бюст, т.б; музыкада – симфония, оратория, ән енгізіледі). Белгілі орыс суретшілері П.А.Федотовтың, В.Г.Перовтың, И.Е. Репиннің, В.В.Верещагиннің, И.И.Шишкиннің, И.Н.Левитанның және қазақ суретшілері Ә.Қастеевтің, М.Кенбаевтың, Қ. Шаяхметовтың т.б. шығармашылығы биік талғам деңгейлікке көтерген бейнелеу өнері адамдардың тәрбиесіне үлкен ықпал етеді.
М.Горький, Н.А.Островский, А.А.Фадеев, М.А.Шолохов, М. Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, т.б. еңбектеріндегі адам баласының бақыты және бостандығы үшін күрескерлердің бейнелері жастарды үлкен ерліктерге рухтандырады.

Сонымен өнер және әдебиет шындықты түсінудің және танудың бірден-бір құралы. Өнер мен әдебиет адам дамуының және рухани өсуінің басты шарттарының бірі болып табылады.

Әдемілікті сезуде, эстетикалық көзқарасты қалыптастыруда табиғат зор роль атқарады. Табиғат адамды қуанышқа бөлейді, сезімін дамытады, эстетикалық түсінігін байытады. Адам табиғаттағы бақылаушы ғана емес, ол тұтынушы, сұлулықты жасаушы шығармашылық тұлға. Сондықтан өзінің күшін, қабілетін адамдар бақыты үшін табиғатқа өзгеріс жасауға жұмсауы керек. Мысалы, қала мен селоны, тұрғын жерлерді көгалдандыру, бақ және гулдер өсіру, мәдениет және демалыс орындарын безендіру – бұл маңызы зор эстетикалық шаралар.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық түсініктері, олардың еңбекке әсемдік тұрғысынан қатынасы, өзіндік белсенді іс-әрекетімен байланысты екенін көрсетеді.

Мәселен өзі шешу мүмкіндігі болғанда ғана оның әрі мінез-құлықты, әрі әсемдік көңіл-күйі жай табады. Балалардың оқу еңбегіне талғампаздық көзқарасын дамыту, білімдегі оқудың қозғаушы күші, дем берушісі ретінде пайдалану үшін балалардың өзіндік белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру, көркемдік ләззат және құлықтық әсер алуды қамтамасыз ететін еңбектің нәтижесіне жетуіне көмектесу қажет. [5, 75]

Бала өзін қоршаған ортадан әсемдікті сезінуі, оны бағалай білуге талпынуы бүкіл жан дүниесіне, сезіміне әсер етеді. Дегенмен, баланың көркем өнерге деген қабілетінің дамуы, оның шығармашылықпен ұштасуы, бала кезінен тәрбиенің сол түрлерімен айналыстыруға және жеке-дара ерекшеліктерін ескеріп, тәрбиені белгілі мақсатқа бағыттап жүргізуге байланысты. Баланың эстетикалық мәдениеті және белсенділігі тұтас педагогикалық процесте дамиды. Сондықтан оның барлық еңбегі, демалысы эстетикалық бағытта тиімді ұйымдастырылса, ол өз өміріне әдемілік элементтерін енгізе алады.

Баланың эстетикалық мәдениеті және белсенділігі тұтас педагогикалық процесте дамиды. Сондықтан оның барлық еңбегі, демалысы эстетикалық бағытта тиімді ұйымдастырылса, ол өз өміріне әдемілік элементтерін енгізе алады.

Жас ұрпақтың эстетикалық талғамын дамыту мынау – «жақсы, әдемі, ал мынау – жаман, көріксіз» деп ауызша айтумен жүзеге асырылмайды, бала өнер шығармаларын түсініп, нәр алумен қатар табиғаттың өнердің, еңбектің, тұрмыстың, ән сазын,қолөнер шығармаларын танып білу, өзі жасау арқылы талғамы дамиды. Бұнда оқыту ісі ерекше роль атқарады. Ұйымдастырылған оқу қызметінде балалар көркем әдебиет, музыка, кескіндеу туындыларымен танысады, әсемдік әлеміне саяхат жасайды, содан рахаттанады, түсіну, көру, сезіну талғамы қалыптасады. Бұның өзі болашақтағы рухани дүниесінің баюына негіз болады.

Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыру процесінде мына міндеттерді шешу қажет: балалардың эстетикалық қабылдауын, эстетикалық сезімі мен ұғымын, көркемдік-шығармашылық қабілетін үздіксіз дамыту, эстетикалык талғамын қалыптастыру. Бала алғашқы жастарынан-ақ өзі түйсінбеген нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, сезімі мен жылтыраған ойыншықтарды, әдемі гүлдер мен заттардың көрсе қуанады. Осының бәрі оның рақаттану, қызығу сезімін туғызады. «Сұлу» деген сөз балалардың өміріне ерте енеді. Олар алғашқы жастарынан бастап ән, ертегі тыңдайды, суреттер қарайды; болмыспен бірге өнер олардың қуаныш сезімдерінің қайнар көзіне айналады. [6,114]

Қорыта келе, эстетикалық тәрбие барысында оларда жарқын, әсем атаулының бәріне жай ғана ұмтылудан сұлулықты саналы түрде қабылдауға көшу жүзеге асады.

Айналадағы дүниемен таныстыру сабақтарында балалар қазақ халқының тарихы мен мәдениеті жайында біраз мағлұматтар алады, халық өнерінің әсемдік әлемін таниды. Тәрбие баланы әсемдікке баулиды, жағымды эмоция туғызады, қабілеттерін дамытады. Балалардың қабілеттерін дамытуда, педагогтың жеке басы, мәдениеті, білімі, өз ісін жете меңгеруі үлкен рөл атқарады. Эстетикалық талғам балалардың өнерде, өмірде, тұрмыста шынайы әсемдіктен қанағат, рухани азық алуынан көрінеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға үйрету үлкен рөл атқарады. Оқу үстінде балалар әдебиеті, музыкалық, сурет өнерінің классикалық шығармаларымен толық игеруді үйренеді. Тәрбиенің қай саласы да негізінен балаларға, жас өспірімдерге арналады. Ал оларды әсемдікті сезініп, қадірлей білуге баулу эстетикалық тәрбие жүргізу арқылы іске асырылады. Балаларға эстетикалық тәрбие беруді халқымыздың дәстүрлерімен сабақтастыра жүргізе білу бүгінгі күн талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құлшанова С. Табиғатты қорғау. // Отбасы және балабақша. – 2015, №6 22 бет
2. Балабақшадағы экологиялық тәрбие /Отбасы және балабақша 2018, №11-12, 56 бет
3. Веретенникова С.А. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру: Педагогика училищелерінің оқушыларына арналған оқулық/С.А:Веретенникова.-

Алматы: Мектеп, 2000.-102 бет.
4. Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің бағыттары //Ұлт тағлымы.-2003.-№2.11бет
5. Аймағанбетова.К.А. Дүниетануды оқытудың теорялық негіздері.Алматы,2001ж, 75 бет
6. Груздева Н.В.,Морозова Г.Н. Думаем, играем, творим, познавая окружающий мир.М.1994ж, 114 бет

ӘОЖ 372.2.01

БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ, ҰЛТТЫҚ РУХ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тлегенова К. К. – М.Өтемісов атындағы БҚУ 2-курс магистранты,
Орал қаласы

Түйіндеме. *Мақалада халқымыздың ұлттық дүниетанымын, ұлттық мінезін айқындайтын тақырыптар сөз етіледі. Бауыржан Бабажанұлы шығармашылығы сан тараулы, соның ішінде халқымыздың болмысын, ұлттық құндылықтарды қазақи жырлауы өзіндік қолтаңбасын байқатады. Ақынтуындыларындағы суреттеу, тілдік ерекшеліктер, сөз оралымдары ерекше сипатқа ие екендігі сипатталады.*

Кілт сөздер*: ұлттық мінез, ұлттық намыс, қамшы, қайрақ, ұлттық тәрбие, Бауыржан Бабажанұлы поэзиясы*

Төл мәдениетімізді, бабалар мұрасын сақтап, көркейтіп, халықтың адамгершілік мұрат-мүдделері мен үндесетін рухани қазыналарымызды бүгінгі күнге жеткізу – әдебиеттану ғылымының маңызды мәселелерінің бірі. Соңғы отыз жылға жуық уақыт ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Ұшқыр да оңтайлы жанр – поэзияда жаңа заман биігіне сай жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттер мен әдебиетімізді байыта түсті. Бұл ретте академик С.Қирабаев: «Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көпұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке келуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді», - деп көрсетті [1, 10].

Ұлттық дүниетаным тұрғысынан халық мұрасын, оның адамгершілік мұрат-мүдделері мен үндесетін рухани қазынамызды ұрпақтан- ұрпаққа жыр жолдарымен жеткізу – поэзияның биік талабы. Белгілі ақын Бауыржан Бабажанұлы шығармалары негізінде ұлттық мінез, ұлттық рух, ұлттық идея мәселелері зерделенеді. Ақын өлеңдеріндегі туған жерге сүйіспеншілік, ұлтжандылық, отаншылдық идеясы негізінде тілдік құбылыстардың ерекшелігі сараланады.

Қазақ ақындарының қазіргі уақыттағы жаңаша мазмұндағы шығармалары ойдың небір нәзік иірімдері мен бояуларын дөп басып, адамның рухани кедейлігін бейнелей алады. Ақындарымызды халықтың болашағы қатты толғандырады. Зерттеу еңбектерінде ұлттық мінез ұлттық психологиямен, сезіммен, әдет-ғұрыппен, дәстүрмен тығыз

байланыста болатыны айтылады. Ұлттық мінез көркемөнер мен әдебиеттің, өлеңнің ұлттық сипатын дәлелдеп көрсететін басты белгі, басты категория екенін ескерсек, тұлғалы ақындар поэзиясының басты ерекшелігі ретінде ұлттық мінез туралы сөз қозғауымыз заңды. Ұлттық мінез, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік, салт-санамен байланыста ашылады. Ақын Б.Бабажанұлы поэзиясында моральдық, адамгершілік ізденістерімен бірге ұлттық қайнарларға үңілу белгісі табиғат, туған дала, қазақы тіршілік хақындағы өлеңдерінен айқын аңғарылады [2, 36].

Ақын жырларының басым көпшілігі оқиғаға құрылады. Сол оқиғаны айта отырып, өзінің тұжырымын ұсынады. «Қайрақ», «Қазақ» деген өлең-дерінде ұлттық мінезімізді айшықтайтын құндылықтар намыс, рух туралы жырланады.

Мәселен «Қайрақ» өлеңінде:

Жан көрінді (кеше аттан құлағам)
Аяқ... шыдап көршіенді,
Ақырды әкем: «Тый жасыңды, жылама,
Көтер, кәне, еңсеңді!

Тізгінге ие бола алмайды шіріктер,
Қарық қылар өзге не?
Көздің жасын көрсетпейді жігіттер,
Өй, әкеңнің ... ез неме».
... Палуан – өмір жықты тағы шалқамнан,
Қазақтығым азап күн боп жолығып.
Қаным шығып ерім батқан арқамнан,
Құлазыдым дүниеден торығып.

Қапелімде тоқ ұрғандай селк еттім,
Тосын қуат құйылғандай қаныма.
Күрес қана жалғыз бағы еркектің,
Атқа қону керек шығар тағы да!.. [3, 170]

Қазақта жалпы «қайрақ» сөзі пышақтың жүзін шығарып, өткір қылу үшін пайдаланатын құрал ретінде айтылады. Ал енді осы сөз етістікке айналғанда, тек затты қайрау емес, адамның жігерін, намысын қайрау деген мағынаны білдіреді. Сөзбен қайрау ер адамдарды бір сілкіндіріп, қайраттануына септігін тигізетін болған. Бұрын ер жігітті атқа қондырып, тай үйретіп, физикалық тұрғыда епті қылатын болса, қазір іспен дәлелденетін әрекеттерінесөзбен қолдау береді. Сол бұрынғы әкелердің айқайы, қайрауы, қайраттауы Бауыржан сынды мықты, намысты ұлдарды тәрбиелеп, осындай қайратты өлеңдердің тууына өз септігін тигізді десек болады. Осы тәрбие кей кезде қазіргі заманның ұлдарына жетпейтіндей көрінеді, өйткені шетелге еліктеп, ата-анасын тыңдамай жүгенсіз кеткен ерлерге керек-ақ.

Көне заманнан біздергеескінің көзіндей болып жеткен «елім-жерім» деп атқа қонған батыр бабамыздың қолына ұстаған, жауына айбаты, ер жігіттің қайраты болған құнды жәдігерлердің бірі – қамшы. Қарапайым қамшының сырын ашу, оны зерттеу ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі әрі қызықты, әрі терең мәні бар қажетті мәселеекені анық. Қамшыға қарапайым қолданыс құралы ретінде қарауға әсте болмайды. Ол-«дала данышпаны» атанған дана бабамызбен бірге жасап, айнымас бөлігіне айналып, салт-дәстүрінен орын алып, қадір-қасиетін жете бағалаған, тұрмысында төрден орын берген қасиетті бұйым. Өткен замандардағы түсінік бойынша: «Қамшының ұшар басында, алақанында пәле-жаладан, ауру сырқаудан қағатын құдырет ұялайды», - деп түсінген, сонымен қатар, ел мен жер үшін болған жаугершілік заманда жауға шапқан батыр бойына бес қаруын асынып, жауға шабар сәтінде аузына қамшысын тістеп шапқан деседі. Ел түсінігі бойынша – «қамшы ер жігіттің бойына күш-қуат беріп, қарсыласынан айбатын асырып, жаудың мысын басады» деген түсінік болған. Бұл, әрине, қиял емес, сөзсіз

шындық. «Қамшы – ұстаған адамның қайрат-қуатын арттырып, жамандықтан, тіл-көзден сақтап жүретін қазақ мәдениетінің киелісыйы» - деп танығаң. Сал-серінің танытатын, отағасының, отбасының қорғаны екенін танытатын қазақ шаңырағының төріндеілулі тұратын қамшыны көргенде: таспадай, тіліп өтетін тілі бар, қазақтың қанына біткен қайсарлығы бар азаматтың шаңырағы екендігін түсіндіреді. Міне, нағыз байлық, нағыз ұлттық құндылық[4]. Тілге тиек етіп баяндап кеткен ол өткен ғасырларымыздың өшпесестеліктеріекені айқын. Осы туралы ғалым Арқабаев Жандосесімді ғалым өзінің «Қазақ тіліндегі «Қамшы» сөзінің генезисі» атты зерттеуінде осылайша тарихқа үңіліп, терең сипаттаған. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге келгенде Бауыржан Бабажанұлының да өз миссиясы бар, яғни өмірде көрінген нәрселер мен құбылыстар өлеңінде әдемі өріліп, өз мақсатына жетуде. Осы орайда ақынның «Қамшы құдыреті» атты балладасы туралы сөз қозғағым келіп тұр.

Ал, енді, жаршыларым, жар салыңдар,
Әскерім, жауға қарай қарсы ағыңдар.
Қылыш, сүңгі, найзаның бәрін тастап,
Тек қана қолдарыңа қамшы алыңдар.

Хан сөзі екі болмас.
Барсын ерлер,
Қиқулап,ұлы айқайға салсын ерлер,
Құйғытып келе жатыр, міне, ұрандап,
Найзагер емес, кілең қамшыгерлер.

Бір-бірлеп қуып жетіп, құрықтайды...
Тарихтың тағылымын кім ұқпайды:
Иығына алтын тон ілсе-дағы,
Құл ешқашан қамшыны ұмытпайды [3, 73].

Ел басына күн түскенде, «Ақыл жастан, асыл тастан» деп ханға жас баланың айтқан ақылымен, яғни қарудың орнына қамшы алу арқылы жеңіске жеткендігі туралы аңыздың желісіндегі оқиға суреттелген. Бауыржан ақын осылайшы қамшының құдыретін өз оқырманына жыр қылып ұсынады. Қазіргі заманның ерлерінің қолынан, үйлерінен төрінен түсіп қалған қамшы қазір тек жәдігер ретінде мұражайларда тұратыны жанды ауыртады. Бұл да ақынның өз заманындағы қозғап жүрген, жырлап жүрген тақырыптарының бірі.

Жастарды ұлт бірлігі мен отаншылдыққа тәрбиелеудің басты факторларының бірі тарихи сана қалыптастыру екенін, оның халықтың зердесі, қайнар күші екенін ұстаздар қауымы мен аға ұрпақ өкілдерінің естен шығармағандары жөн. Өйткені, әр халық өз тарихынан ғана қуат алады, өз болмысын қалыптайды, сонысымен де ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Қирабаев. Көп томдық шығармалар жинағы/Т.8.–Алматы: Қазығұрт, 2007. – 48 б.
2. О.Қ.Сұлтанғалиева. Мақала: Бауыржан Бабажанұлы поэзиясындағы этномәдени дүниетаным сипаты. Хабаршы БҚМУ, 2020. 35-42 б.
3. Бауыржан Бабажанұлы. Ниетқабыл. -Хантәңірі б.-Алматы., 2014.
4. Арқабаев Жандос. «Қазақ тіліндегі «Қамшы» сөзінің генезисі». Мақала.https://ulagat.com/2021/08/29 /.

ӘОЖ 394.3(574)

"ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАҚ" ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орынбасаров Д.И.
М.Өтемісов атындағы БҚУ «Дене шынықтыру және спорт»
мамандығының 1 курс магистранты
БҚО, Орал қаласы

Резюме: *Сложно найти современные способы использования национальных игр на уроках физкультуры в школе. В сегодняшнюю компьютерную эпоху очень трудно сказать ученикам играть в пять камней. Поэтому особое место в развитии детей занимает тогызкумалак. Упорядоченное использавание его элементов при сохранинии той же естественности в течение урока приучает учащихся действовать ловко и терпеливо.*

Ключевые слова: *логическое мышление, национальные игры, знакомство с традициями,духовная ценность*.

Көне заманда жазу, сызу болмаған кезінде ата – бабаларымыз ұлт ойындарын жан – жақты тәрбиелеудің негізгі құралы ретінде қарастырып, күшті, төзімді, түрлі жарыстарда жеңімпаз атанатын адамды анықтау рөлін ғана атқарып қоймай, тәрбиеге пайдалы ықпал ететін негізгі күш ретінде қарастырған. Қазақтың ұлттық ойындарында адам өміріндегі балалық шақ, ер жеткен кез, үлкен адамдарға қатысты барлық кезеңдер ескерілген. Әр халықтың ұлттық ойындарының негізінде педагогикалық мақсаттар жатады [1]. Қазіргі кезде ұлттық ойындар құнды тәрбие құралы ретінде бұқаралық түрде танымдылығы төмен төмен болып келеді. Кейбірі ұмытыла бастаса, кейбірі тәрбие құралы ретінде оқу орындарында, отбастарында пайдалануы азайып кеткендігін көруге болады. Бірақ, атадан аманат болған ойындар ұмытылып, тарих кітаптарының ғана бетінде шектеліп қалған жоқ. Еліміде ұлттық ойындарының біраз түрлері қолға алынып, ұлттық федерациялар құрылған. [1,24-87б]

Балаларға ұлттық тәбие беруде ұлттық ойындардың орны ерекше. Ұлттық ойындар барысында балаларға дене тәрбиесімен қатар, қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, баланы ұлттық рухта тәрбиелеу үрдісі жүзеге асырылады. Мысалы, «Ақсерек пен Көксерек», «Соқыр теке», «Орамал тастамақ», «Алтыбақан», «Бәйге» сияқты көптеген түрлері қимыл – қозғалыс, белсенді іс - қимыл жасауына себеп болса сонымен қатар тәртіпті сақтау, әділетті болу, қоршаған ортамен танысу тағы басқа тәрбиелік, мәдени жақтарды жетілдірумен ерекшеленеді. Логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын «Тоғызұқмалақ», «Бестас» секілді ұлттық ойын түрлері де бар. Ұлттық ойынның нәрімен сусынданған жас ұрпақ қашанда ұлтжанды болып өседі. Сол үшін де патриотты, рухы мықты ұрпақ тәрбиелеуде осыны ескерген жөн. Тоғызқұмалақтың шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын. Қазіргі кезде республикада оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында тоғыз-құмалақты үйренемін деушілерге федерация бөлімшелері мен үйірмелері ашылған. Бүгінде Қазақстанда осы жұмыстардың ұйытқысы болып отырған танымал бірнеше азаматтар бар. Солардың ішінде тоғыз-құмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов, вицепрезиденті Сардар Шәріпов пен «Таңғажайып тоғыз-құмалақ» кітабының авторы, тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Мақсат Шотаевты есімін атауға болады. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері тоғыз-құмалақ жылдан-жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған тоғыз-құмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгі таңда осы

қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, тоғызқұмалақтан жарыстар жиі өткізіліп келеді[3].

Ойын мен еңбектің ұқсас сипаттары көп. «Жақсы ойын – жақсы жұмыс, жаман ойын – жаман жұмыс» сияқты. Баланың ойыны да, үлкендердің жұмыстарындағыдай жауапкершілік болуы шарт. Бала ойын барысында: ережесін бұзбай, жолдастарын еш ренжітпей, ұқыпты, тиянақты болуға дағдылануы керек. Психолог А.В.Запорожец: «Ертегі сияқты, ойын да баланың бейнелейтін адамдарының ойы мен сезімдеріне терең бойлауға үйретеді күнделікті әсер шеңберінен адамның алға ұмтылыстары мен қаһармандық істерінің кең әлеміне шығарады», - деген [4]. Яғни бала ойынға бар ынта, күш-жігерін, қиялын жұмсайды. Баланың ойынын терең бақылайтын болсаңыз, онда баланың жандүниесін, қызығушылықтары мен қай сала бойынша икемді екенін ерте жастан ақ аңғарасыз. Ал ендеше ұлттық ойын арқылы баның ерік-күшін, патриоттық мінез-құлқын, эстетикалық талғамын ұжымдық қарым қатынасқа, еңбексүйгіштікке тәрбиелей аламыз. Ұлттық ойындар ең алдымен баланың ақыл ойы мен танымдық белсенділігін арттырады. Ұлттық ойындарды халық арасында насихаттау жұмыстарына мен де өз үлесімді қосу мақсатында, жетекшімнің тың идеясын пайдаланып «Бес тас» ойынын негізге ала отырып, заманауи ойын нұсқасын түрін жасап шықтым. Ол ойынның негізгі мақсаты, ойыншының логикалық қабілетін дамыта отырып, шапшаңдыққа үйрету. Бұл ойын әлемдік интеллектуалдық ойындардан еш қалыспайды деп ойлаймын. «Бес тас» ойынының тарихы еңбек құралдары ағаш, тас, сүйекті пайдаланған ғасырларда жатыр. Ойынның негізгі құралы ретінде қарапайым асықты немесе 5 домалақ тасты пайдалануға болады. Ойын құралы тым қарапайымдылығымен-ақ өзінің сонау көне дәуірден келе жатқанын дәлелдейді. «Бес тас» ойыны «тоғыз-құмалақ», «асық» және т.б. ойындары секілді үстел басында бүкіл отбасы мүшелері жиналып, «Бес тас» ойынының қорапшадағы арнайы кілемшесін ортаға жайып жібереді. Бес тастың 19 ойнау түрін ойнай отырып, қызықты тапсырмаларды орындайды. Ол тапсырмаларда «жеті атаңды атап бере ғой» деген секілді ұлттық тәрбиеге баулыйтын бірнеше сұрақтар кездеседі. Қазіргі кезде бүкіл дүниежүзіне танымал «монополия», «мафия», «дженга», «твистер» секілді ойындардың орнын басатын өзіміздің ұлттық ойындарымызды заманға сай етіп жасап шығуымыз уақыт талабы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай «Отандық өнім ұлттық құндылығымен бағалы болады» деп атап көрсетеді. Асық ойнына қойдың асығын дезинфекциялап, арнайы қалташаға немесе қораптарға салып, ойын ережесі 3 тілде жазылған нұсқаулығымен алыс-жақын шетелдерге экспорттауға шығаруға келеді. Жоғарыда аталып кеткен шетелдік ойындардан, өзіміздің ұлттық ойындар, атадан аманат болғаны үшін де біздерге қымбат қазақ даласындағы ең кең тараған ойындардың бірі[2,123б]

Қорыта келе қазақтың ұлттық ойындары мәдени-патриоттық тәрбие беруде ұтымды құрал екендігін дәлелдеп отыр. Ұлттық ойындар мектепке дейінгі, мектеп жасындағы, жастар мен ересектер арасында бұқаралық дене тәрбиесі құралы ретінде пайдалану, ұлттық ойындарымызды сақтау, насихаттау, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын таратуға септігін тигізері сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова Ф.Н . Мектепке дейінгі педагогика.- Астана 2008 .

2. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9

3. Қазақстан - спортшылар елі. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: "СөздікСловарь". ISBN 9965-822-57-3

4. Ядешко В.И., Сохин Ф.А. Мектепке дейінгі педагогика. - Алматы, Мектеп 1982

ӘОЖ 796.42

6 -7 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Садыров А.Е.
7М01401-Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасының магистранты
Собянин Ф.И.
п.ғ.к., профессор
Бакесова Р.М.
философия докторы, БҚИТУ қауымд.профессоры
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Резюме: В статье рассматривается физическая подготовка детей 6-7 лет в период подготовки к обучению в школе. Проблема воспитания подрастающего поколения в сложных социально- экономических условиях выходит на первое место. Отмечено, что количество детей, имеющих отклонения в здоровье и поступающих в школу увеличивается с каждым годом. Физические упражнения во многих образовательных программах дошкольного воспитания рассматриваются как вспомогательные при решении задачи - подготовка ребенка к школьному обучению. Однако работ связанных с подготовкой ребенка к школе, т.е. к новой среде, новым требованиям к режиму дня и снижению двигательного режима очень мало. Предлагается комплекс подвижных игр применяемые для детей этого возраста.

Ключевые слова *дошкольники, физическая подготовка, физическая подготовка к школе, физкультура, спорт, упражнения, игроки, здоровье*

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «Біздің балаларымыз білімі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, банкирлермен өнер қайраткерлері, кәсіпкер, мұғалімдер мен дәрігерлер, заводтар мен фабрикалардың иелері, биржа делдалдары және спортшылар болады», - деп атап айтқан болатын.

«Сау дене, азат ақыл, адал көңіл,Үшеуімен болады бақытты өмір»-деп сыршыл ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай мектептің басты міндеті –бастапқы білім беру мен қатар жан-жақты жарасымды, жүйелі интеллектуалды, рухани тәрбие беру және оларды денсаулығы мықты етіп өсіру болып табылады. Әрбір өркениетті мемлекеттің алдына қойған басты мақсаты-өз халқының денсаулығын жақсартуды қамтамасыз ету болып табылады. Еліміздің даму бағытында бекіткен «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында салауатты өмір қалыптастыру, дене тәрбиесімен, спортпен шұғылдану мәселесі қаралған. Әрбір адам өзіне, халқына, Отанына көбірек пайдасын тигізу үшін дені сау, күшті, епті, қиындықтан қорықпайтын, төзімді, қабілетті болуы тиіс. Дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттерінің өзгеруі –дене шынықтыруға арналған жаттығу түрлерін көбейтеді.

Күнделікті тұрмыс-тіршілікке керекті қимыл-қозғалыстарға, әскери дайындыққа қажетті спорт түріне арналған күрделі жаттығулар келіп қосылады.Уақыт өткен сайын адам өз денесін жетілдірудің мол мүмкіндіктерін біліп, дене жаттығуларымен арнайы шұғылдану жүйесі қалыптасады.

Дененің жетіліп, мүсіннің дұрыс қалыптасуы үшін күнделікті жаттығуларды неден бастап, қалай аяқтау керек екендігін білген абзал. Ұйқыдан оянғаннан кейінгі тіршіліктің бастамасы-таң ертеңгі бой жазу жаттығуларын орындау.

Ертемен алғашқы рет бой жазғанда демді ішке алу, демді сыртқа шығару кезінде-ақ, өкпе кеңейіп оттегімен толады да, көмірқышқылы сыртқа шығарылады. Жүрек соғуы жиілеп, барлық органдарға, олардың ішінде дене шынықтыру кезінде біртіндеп қызу жұмысқа араласа бастаған бұлшық еттерге де қан жүгіре бастайды. Кеудеге, аяққа, қолға, мойынға арналған әр түрлі дене жаттығулары барлық бұлшық еттерді созылғыш, буындарды икемді етеді.

Адамның дене тәрбиесінің негізі ерте балалық шақта қаланады, өмір сүру ұзақтығына байланысты жедел түрде кеңейтіліп және тереңдей түседі.Кейінгі онжылдық көлемінде халық денсаулығының нашарлауы байқалады. Дені сау адамдардың саны 23,2%-дан 5-7%-ға дейін төмендеген.

Баланың жан-жақты дамуының негізгі оны дұрыс күту мен дене тәрбиесіне тікелей байланысты туылғаннан берілетін қимыл әрекеттерді меңгеру (еңбектеу, домалау, жүру,жүгіру, өрмелеу, кедергілерден өту, қозғалыс ойындары) интелектуалдық және фунционалдық дамуына көмектеседі, бойы мен денесінің өсу үрдісін тездетеді, денсаулылығын нығайтады, әр түрлі ішкі және сыртқы ортаның факторларына ағзаның қалыптасуын арттырады.

Адам өмірінің алғашқы жылдарындағы жан-жақты дамуының негізі-ол дене тәрбиесі.Дұрыс дамып келе жатқан бала қозғалысқа талпынады.Қозғалыстың арқасында баланың тыныс алу органдары,қан айналым жүйесі, нерв жүйесі, ас қорыту жүйелерінің қызметі жақсарады.Олар баланы әр-түрлі ауыру-сырқауларға төзімді етеді,организмнің қорғаныс қызметін арттырады. Бала қозғалыс арқылы өмірмен танысады, жүйке процессі дамиды, өз беттілігі, жігері, тәртіптілігі дамиды.Қимыл-қозғалыс жиынтығы оған белгілі бір іс-әрекетті(жұмысты)жасауға мүмкіндік береді.

Қол салалары мен саусақтарының қимылы баланың дамуына көп әсерін тигізеді:үлкен қабаттының жұмысын белсенді етеді,сөйлеу-қозғалыс (речедвигательный)орталығының өсу қабылетін арттырады.Осы жағдайда бала миының шеке бөлігінің дамуына қалайлы кезең туады, ол баланың ақыл-ойының өсуіне негізгі себепкер болып табылады.Сондықтан бала неғұрлым әр-түрлі қимылдарды меңгерсе,соғұрлым оның сезімталдылығы,қабілеттілігі және тағы басқа мүмкіндіктері толығынан жетіледі.

6 -7 жас аралығындағы балалардың дене тәрбиесінің міндеті- негізгі қимыл әрекеттерін меңгеру,мектептегі дене тербиесіне даярлау,ауырулардың алдын алу және дене мәдениеті амалдарын қолдану арқылы денсаулықты нығайту болып табылады.

Дене тәрбиесі амалдарына базалық спорт түрлерінің бастапқы негіздері (жеңіл атлетика,гимнастика, қозғалыс және спорт ойындары, шаңғы тебу, жүзу) және қимыл-қозғалыс әрекеттерінің элементтері(төмпешіктен түсу, жылтыр мұзбен сырғанау, кедергілерден өту, өрмелеу және т.б.) кіреді.

Дене қуатын жан-жақты дамыту үшін бүлдүршіндерге дене тәрбиесі процесі кезінде қимыл шеберлігін, дағдысын,бастапқы икемділктерін игеруге көмектесу керек.Сондықтан мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі жеткіншектерді дене тәрбиесіне баулу және тәрбиелеу ісі негізгі мектепке дейін жүргізілгені жөн.

Жалпы дене шынықтыру денсаулықты нығайтуға, дене қуатын барынша арттыруға, қимыл ептілігіне дағдылануға бағытталған. Барлық дене тәрбиесі жаттығулары, сабақтары, адам денсаулығын нығайтуға арналуы тиіс. 6 -7 жас аралығындағы балалардың сабақтар нәтижесі олардың көлемі мен жаттығуды орындау қарқынына байланысты.Оқытушы өсіп келе жатқан организмнің биологиялық заңдылықтарын,жас ерекшеліктері мен барлық мүмкіндіктерін білуі керек, педагогикалық тәсілдерді және дәрігерлік бақылауды жақсы меңгеруі қажет.Сонда ғана ол денсаулықты нығайту жолында жемісті жұмыс істей алады.

Дене тәрбиесі сабағы оқу бағдарламасының және сабақтың өткізілу жоспарының негізінде жүргізіледі.

Бала өмірінің бірінші күнінен бастап оның қимыл-қозғалыс жасауына барлық мүмкіндіктерді жасау керек және де қозғалыс әрекетерін режиммен дамытқан пайдалы. Мысалы:алдымен екпетінен жатқызып еңбектеуге,содан соң отыруға үйреткен жөн; бірінші аяқты нық басуға, адымдауға; содан соң жүруді үйреткен орынды.

Бір жасынан бастап негізгі көңілді баланы дұрыс жүруге үйретуге бағыттау қажет.Мынандай әдістемлік нұсқауларды есте ұстаған жөн:

1) баланы жиі-жиі екпетінен жатқызу (төңкерген,қорғансыз(поза) безопастная поза).

2) еңбектеуге гимнастикалық және қауіпсіз жағдай жасау...

3) баланы вертикальді түрде қолда жиі аз уақыт бойы ұстаған дұрыс (мойын және арқа бұлшық еттерді бекітуге арналған).

4) әр түрлі заттарды іліп және жететін жерлерге қойып баланың өз бетінше қимылдауына (стимулировать)беру.Баланың алдына мақсат қойып сол мақсатқа жету үшін оны мараппаттау, мақтау керек.

5) жаттығуларды тамақ ішілгеннен 40 минуттан соң бастаған дұрыс,қол- аяқ және дене қозғалысын ретімен ауыстырып жасау.

6) ішке және арқа бұлшық еттерінің дамуына арналған жаттығулар әр сабақта қамтылуы керек.

7) жаттығуды сөйлеммен айтып көрсету.

6 -7 жас аралығындағы балаларға арналған келесі қимылды ойындар топтамасы қолдануға болады:

Өз үйіңді тап. Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде -ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді,жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

Жүгіріп қағып ал. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады.(қашықтығы1,5-2м) « Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.

Құстың қауырсыны кімге барады. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан — жаққа қаша жүгіреді, ойын жалғасады.

Жалауға қарай жүгір. Балалар тәрбиешіге қарама-карсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.

Шарды ұста. Ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады, 10-15 сек. Ойын жалғасады.

Күн мен жаңбыр. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

Ұшақтар. Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар

қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

Автобус. Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.

«Балықшы мен балық» ойыны. Ойыншылар арасынан бір жетекші алынып балықшы болып сайланады, ал қалған ойыншылар балық болады. Белгі берілісімен балықшы балықтарды ұстау керк болса, ал балықтар керісінше ұстатпай қашу керек. Ойын барысында ұсталған ойыншылар балықшыға қосылып қол ұстасып тор құрады. Осылайша сонғы ойыншы қалғанша барлығы тізбектесіп тор құрып балықшыға айналады. Соңынан қалған ойыншы жетекші болып ойынды қайта бастайды.

Аңшылар мен қояндар. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Аңшылардың саны қояндардан екі есе кем болуы керек.Алаң ортасынан екі шеңбер сызылады.Сол шеңбердің ішіне қояндар орналасады.Шеңбер шетінде тұрған аңшылар қояндардың «інін» аяқпен тықырлатып, жерді тепкілейді.Сол кезде қояндар бірінші шеңберден екінші шеңберге қашады.Сол аралықта аңшылар қояндарды доппен атқылайды.Қояндар біткенше ойын осылай жалғасады.Ұсталған қоян аңшылар қатарына қосылады.

«Күн мен түн» ойыны. Алаң ортасының арасы 1м болатын 2 параллель сызық сызылады.Ойыншы екі топқа бөлінеді де, осы сызықтың бойына екі жаққа қарап қатарға тұрады. Осыдан кейін бұл екі сызықтан екі жаққа қарай 20м жерден бір-бір сызық сызылады.Бұл сызықтар әр команданың көмбесі болып есептеледі. Ойын жүргізушінің нұсқауымен екі команданың біреуі-«күн», екіншісі «түн» болып аталады.Ойын жүргізуші екі командаға бірдей жаттығулар орындатқызады:орындарында түзу тұру, отырып-тұру, қолдарын жоғары көтеру, қолдарын белдеріне қою, қолдарын желкелеріне қою, жүресінен отыру, сол аяқпен отырып, оң аяқты жанға созу немесе оң аяққа отыру.Осылайш, әртүрлі жаттығуларды орындата отырып, күтпеген жерден «Күн» дейді.Осы кезде аты аталған команда ойыншылары өз көмбесіне қарай жүгіреді.Екінші команданың ойыншылары оларды қуып жетіп ұстаса,қарсыласын қолынан жетектеп, сөреге алып келеді.ойыносылай қайталана береді.

Тышқан мен мысық. Ойын мақсаты:балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдыққа үйрету. Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады.Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін,қақпадан тышқанды шығарып діберіп мысықты шығармауға тырысады.Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса,ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.

Түлкі мен балапандар. Ойын шарты: Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «түлкі» етіп сайлап,қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетпердке кигізіп ойын ойналады. Ойында балапандар түлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін,тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.

Боран. Бұл үлкен кең залда болады. Бұл ойынға қажетті заттар «боран» киімі (ақ түсті беп перде,гимнастикалық қабырға болуы тиіс). Ойын шарты:ойынға 8-10 бала қатыса алады.Бір баланы боран киімін кигізіп,қалған балалар боран алып кетпеуі үшін, Боран у-у-у деп келе қалғанда гимнастикалық қабарғаға өрмелеп шығуы керек. Боран соғып балаларды бір айналып өтеді. Ұсталып қалған баланы,боран алып кетеді. Ойын 2-3 рет қайталанып ойналады. К\Құралдар: Боран киімі ақ матадан тігілген жамылғы бептерде.

Ұйқыдағы аю. Бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады. Ойын шарты: Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізі\п лорындыққа отырғызып қояды. Балалар орманда серуендеп келе жатып,ұйқыдағы аю көреді. Аю болса балалардың шуылынан

(дыбысынан) оянып кетіп,балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызып қояды.ойын қайта жалғаса берекді.

Алақан соқпақ. Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да дөңгелене отырады. Орталарынан бастаушы белгілейді. Оған сүлгі (орамал)беріледі. Бастаушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге –Алақанды тос!-дейді. Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп-Сүлгі қайда?-деп сұрайды. Сонда ойыншы «анада» -деп бір баланың атын атайды. Акты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады. Бастаушы-сүлгі қайда?-деп атын айтады. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды.

Қара құлақ. Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылапр қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі.Таяп келіп мынау кім? –деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ойбай бұл қарақұлақ қой!-деп қаша жөнеледі.Қалғандары да – қарақұлақ, қара құлақ!-деп бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады.Ұсталған бала қарақұлақ болып,ойын әрі қарай жалғасады.

Допты қуып жжет. Ойын мақсаты: балаларды шыдамды,сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға,тез жүгіругі,түсетеріңн көлемін ажырата білуге баулу. Ойынның шарты:бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады.Тәрбиеші доптарды себетке салып алып,балалрдың алдына домалатып жібереді.»Допты қуып жет»деген белгі бойынша, балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек.

Үш табан. Бұл ойынды үш-төрт баладан топтап екі-үш жерде ұйымдастыруға боладыОйын шарты бойынша әр балаға бір-бірден асық,бір-бір сақа беріледі.(Бұл ойынның жылдам әрі қызықты өтуіне сеп)Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.Сақасы алшы түскен бала бірінші болып одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке,бүк,ішік) «ұшуға» кіріседі.Ұшу дегеніміз-көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіру.Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атуға жолдама алады.Осылай болмаған жағдайда асқ ату бәрі ұшып болған соң бастапқы кезек бойынша жалғасадыАлысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса,көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншыны қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана ойынды тоқтатып,өзінен кейінгі бәсекелесіне кезек беруіне мәжбүр болады.

Ереже бойынша ұтылған бала ойыннан шығып қалады.Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып,олар енді орталық көмбеде ақтық (финал) сайысқа түседі.Бұл шешуші жарыса бірінші,және екінші орынға ие болған мергендерге арнаулы арнаулы жүлделер тапсырылса нұр үстіне нұр.

Белбеу соқ. Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып,екіншісін қууға тиіс.Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады.Егенр қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның орнын келесі ойыншы басады.

Орын тап. Екі жұп арқасын түйістіріп қойған екі орындыққа айналып музыканың сүймелдеуімен билейді.Музыка кілт тоқтағанда, тұрған екі орындыққа отырып үлгеруі керек,орын алмай бос қалған екі адам айып төлейді, ән салу,би билеу, жұмбақ , жаңылтпаштар кайту

Қортындылай келе 6 -7 жас аралығындағы баланың дене бітімінің жақсы дамуына ересек адамның атқаратын рөлі үлкен. Бұл жастағы балаларды тәрбиелеу кезінде күн тәртібін ұйымдастыруға, дене тәрбиесі сабақтарында қозғалмалы ойындар қолдануына көп көңіл аударылуы тиіс.

:

Пайдаланған әдебиеттер
1. Р.М.Қоянбаев. Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы 2005 ж.
2. Теория и воспитания физического воспитания и развития ребенка Э.Я.Степаненкова.М.2006;
3. Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990;
4. Флерова Ж.М. Логопедия. - М., 2001;
5. К.Бержанов, С.Мусин. Педагогика тарихы. - Алматы: Мектеп, 1972.
6. Е.Сағындықов. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында қолдану. - Алматы, 1992.
7. К.Сейталиев. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1986.
8. Ж. Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. - Алматы, 1998.
9. Савин Н.В. Педагогика. - Алматы, 1983.

ӘОЖ 159.9.072

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДАҒЫ МАЗАСЫЗДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Умбетова Г.М. п.ғ. магистрі., аға оқытушы
Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті., Орал қ.

Резюме *.В этой статье рассмотрены психологические особенности тревожности у детей дошкольного возраста и методы коррекции тревожности. А также рассмотрены причины тревожности у детей дошкольного возраста.*

Ключевые слова.*Тревожность, дошкольный возраст, дети*

Қазіргі кезде эмоциялық тұрақсыздықпен, сенбеушілікпен, жоғары алаңдаушылықпен ерекшеленетін мазасыз балалар саны едәуір көп ұлғайған. Мазасызданудың пайда болуы және орнығуы баланың жас кезеңіндегі қажеттіліктерінің қанағаттанбауымен байланысты. Мазасызданудың тұрақты бейнесі, көбіне жеткіншек жас кезеңінде көрініс табады. Ал оған дейін бұзылыстардың кең шеңберін өндіруші болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы баланың жаңаны тану, алынған дағдылар мен үйренулерді тексеру әрдайым балалардың мазасыздануының жоғарылауымен байланысты екенін психологтар байқады және де кейбір мазасыздану деңгейінің жоғары шегіне жетуі оқытуды белсендіріп, оны тиімді етеді. Бірақ егер де мазасыздану деңгейі осы шегінен асып кетсе, адамды байбалам жаулайды. Сәтсіздікке ұрынбауға тырысып, ол қызметіне көңіл аудармай кетеді немесе нақты жағдайдағы жеттістікке жетуге түгелімен беріліп кеткендігі соншалық, басқа ситуацияларда ол жеңіліс табады. Осының барлығы сәтсіздікті күшейтіп, баланың мазасызданuы жоғарылап, күнделікті өмір кедергіге айналады. Мазасыз балалар үшін оқу жылдарының қаншалықты ауыр өтетінін ата – аналар да, тәрбиеші де жақсы біледі. Ал балалық кезең негізгі және балалық шақтың негізін қалаушы: бұл тұлғалық қалыптасу уақыты, өмірлік жолды таңдау, әлеуметтік нормалар мен ережелерді иемдену, бойға сіңіру кезеңі болып табылады. Егер де балада уайымының себебі өз - өзіне сенімсіздіктен болса, онда жеке тұлға да күмәншіл болып қалыптасады. Мамандық таңдау бұл адам үшін өзін сәтсіздікке ұшыраудан сақтану бағытына негізделген болып табылады. Құрдастары және тәрбиешімен қатынас жасау – қуаныш емес стресс болып табылады. Ауыртпашылық және де мазасыздық бойын алып тұрған баланың интеллектуалдық дамуы оның ойлау бірегейлігімен, құмарлығымен,

шығармашылық қабілеттерінің дамуымен сәйкес келмейді, өйткені шығармашыл адам - ол ерікті және тәуелділікке бел буатын адам. Ерікті бала жаңа қалыптаспаған көзқарас пен шешімді ұсынуға қорықпайды, өз жолымен жүргісі келеді, көпшіліктің мақұлдағанына қарсы келеді. Ал мазасыз балалар - кешеннен қабылданған, нақтыланған бірақ көптеп тексерілген өмір нұсқаларының құлы болып қалады. Әр жас кезеңдері үшін, мазасыздануды тұрақты көрінісі немесе шынайы қатерсіз – ақ, көптеген балаларда жоғары үрейді тудыратын белгілі бір аймақтар ақиқат объектілер болады. Бала өзінің күшіне қабілеттілігіне күмандана бастайды. Бірақ мазасыздану сабақтағы әрекет қана емес, жекелеген құрылымды да бұза бастайды. Сондықтан жоғарылаған мазасыздануды пайда болуы себептерін білу, мектеп жасына дейінгі балалардың адекватты құлығының қалыптасуы және мазасыздануды төмендеуіне септігін тигізетін түзету – дамыту жұмыстарын жасап шығаруға және уақытында жүргізілуіне әкеледі[1].

Көптеген авторлардың ойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың бойында мазасыздануды қалыптасу себептерінің бірі-бұл ата-ана мен балалар арасындағы конфликтілі қарым-қатынас болып табылады. Е Брюль мектеп жасына дейінгі балалардың мазасыздануының қалыптасуына әсер ететін психологиялық-әлеуметтік факторларды анықтауға арналған зерттеулер жүргізген. Осы зерттеулердің қорытындысы бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың мазасыздануына жанұядағы ата-ананың конфликтілі қарым-қатынасы, өз жұмысымен қанағаттанбауы, жанұядағы табыстың төмен болуы үлкен кері әсерін тигізіп отырады екен.

А.И.Захаровтың пікірініше, мектеп жасына дейінгі балалардың мазасыздануы нақты қалыптасқан мінез бітісі болып саналмайды, оны әлі де болса психологиялық жұмыстану арқылы түзетуге болады. Бірақ дәл мектеп жасына дейінгі кезеңде мазасыздану пайда бола бастайды. Ол тәрбиеші мен ата- ананың қойған талаптарын орындай алмауынан пайда болатын қорқыныш пен үрейдің салдарынан пайда болады. Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиешімен және ата-анамен конфликтілі қарым-қатынастың орныгуынан үрейленіп, мазасызданады. Мазасыздану қыз балада да, ер балада да бірдей көрінуі мүмкін. Мектеп жасына дейін ер балалар арасында мазасыздану жиі байқалса, 9-11 жаста қыз балалар арасында жиі байқалады. Бірақ қыз бала мен ер баланың мазасыздану себептерінің айырмашылықтары бар. Қыздарды басқа адамдармен қарым қатынас мазалайтын болса, ер балаларды құрбыларымен агрессивті қатынас мазалайды екен. Көбіне мектеп жасына дейінгі мазасыздану конфликтілі қарым қатынастың салдарынан жиі пайда болады. Мазасыздану балада ішкі күйзеліс жағдайында болғанда жиі байқалады. Ол келесі себептерден пайда болуы мүмкін:

1. Балаларға оның беделін төмендететін, тәуелді ететін жағымсыз талаптар қою;
2. Жоғары талап қоюдан;
3. Ата-ананың қарама-қайшы талап қоюынан.
4. Үрей – уайым қайғының өте ауыр түрі болып табылады. Белгісіз бір жақтан келе жатқан қорқыныш, алақан терлеу, жүректің соқпай қалуы, «бір нәрсені лезде істеу керек» деп жағымсыз сезіну сияқты бәрімізге таныс сезімдер бір орында отырғызбайды. Ал бірақ нақты нені және неден қауіптену, қашу керектігін білмейді [2].

Үрей – белгісіз нәрседен қорқыныш болып табылады. Неміс философы Пауль Тилих жазды. Үрей – болмыстың жоқтығына қорқыту реакциясы болып табылады. Үрейді нақты емес анықталмаған, бағытталмаған қауіп, түсініксіз қатар сезімі ретінде анықтайды. Қорқыныш пен үрейдің біріктіруші басы алаңдаушылық сезімі болады. Бала қатты алаңдаған кезде сасқалақтап, қажетті жауап таппай, толқыннан дірілдей сөйлеп және көбіне мүлдем сөйлемей қорыққан кейіпте болады. Ішінде бәрі «түседі» салқындайды, дене ауырлайды, аузы құрғап алақан ылғалданады, жүзі бозарып, адам түгелімен «терге батады». Бір уақытта ол көп қозғалыс жасайды, аяқты қайта – қайта айқастырып, тынымсыз киімін түзулеп немесе мүлдем қозғалыссыз қалыпқа енеді. Қатты алаңдаушылықтың осы көріністері ағза қызметінің психофизиологиясын қысымын

айтады. Мазасыздану басым болып алаңдаушылық күй мен қоса қозғалыс қозуы көрінеді. Бұл қатынас одан да көп үрейленуді туғызады[3].

Алаңдау күйіндегі қорқынышқа жай қозғалыс бір жерде қатып тұру және аяғымен бір жерді қайта-қайта басу тән. Осыған орай мазасыздану холерикті, ал қорқыныш – флегматик темпераментті байқатады. Ұзақ жасалған үрейлену аффекті және қорқыныш шынында да темпераменттің болып тұрған типтерін күшейтуге қабілетті. Ұйқы сезімі болмайды және ертерек оянуға тырысады. Қатынас таңдамалы эмоционалды тура емес болып ескі алаңмен шектеледі. Бейтаныс адамдармен қатынас қиындап, сөйлемді бастау ауырлап, сұраққа жауап беруде келеңсіздік туындайды. Үрейлену абыржу, көбіне өзіндік намыс сезімі дамыған, жауапкершілік, өзін тануда басқалардың пікіріне жоғары қарайтын адамдарға тән. Осыған орай мазасыздық өзінің өмірі үшін де жақындарының өмірі үшін де жауаптылық сезімінде көрініс береді. Осыдан келіп, қорқыныш – одан өмірі мен саулығы үшін қатердің аффектті көрінісі болып табылады [6]. Үрейленудің қорқыныштан айырмашылығы ол тек кері сезімнен емес, көңілді толқудан да туындайды. Алаңдаушылық сезімі адамның психикалық құрылымына, өмір тәжірибесіне тәуелділіктен айналадағылармен қатынасқа байланысты және қорқыныш мәнге де ие болады.Үрейленудің екі үлкен белгісін бөліп көрсетуге болады. Біріншісі – толқудан туындайтын ішкі семантикалық белгі, (гректің «сама» -дене) екіншісі – мазасыз ситуациясына қарсы сыртқы құлықтың реакциялары болып табылады.Үрейленудің құлықтық белгілері сомантикалыққа қарағанда кездейсоқ және алуан түрлі кейде үрейлікпен біршама жоғары болғандығы адам өзіне еріксіз зиян келтіреді. Осыдан – желінген тырнақ, тырнаған қол, кездейсоқ соққы мен құлаулар келіп шығады. Сәтсіздіктен құтылу, қашу барысында бала қиялдап өтірік айтып және селсоқ, ұмытшақ келеді. бұл үрейленуді емес, оны жеңу жолы екенін айтады. Ситуациядағы үрейленуді танып, білу үшін, бала онымен қалай күресуді білу үшін, мазасызданудың өзгеру формасын көріністерін білу қажет. Үрейдің туындау себебі ішкі конфликттің әсері болып саналады. Баланың бір қалауы екіншісіне, бір қажеттігі екіншісіне қарама – қарсы болғандағы пайда болатын қайшылықтар болып табылады. Баланың ішкі қайшылық күйі: түрі бастаудан келетін балаға деген қайшылық (мысалы ата – ана біресе рұқсат беріп біресе қатаң түрде тиым салады); баланың мүмкіндігі мен ұмтылысына сай келмейтін адекватты емес талаптар; баланы пәс, тәуелді жағдайда болатын жағымсыз талаптардан келіп шығады. Үш жағдайда да «сүйенішті жоғалту» сезімі өмірдің бекем бағытын жоғалту, айналадағы ортаға сенімсіздік туады. Ішкі конфликт негізінен балада сыртқы конфликт жатады. Оған ата-анамен, отбасы және мектеппен, құрдастарымен үлкендермен қатынасы жатады. Барлық уақытта қоршаған орта жағдайы басының ішкі қайшылықтарына айналмайды. Бала жанында тәрбиелену жүйесі емес, өзіндік қалауы – анасын ренжітпеу, әжесіне ұнау қайшылыққа түседі. Осылайша отбасының ажырасуы да балаға әсерін тигізеді. Неге осы сияқты сыртқы конфликттер бір балаларға тереңінен батып, ал кейбір балаларға онша әсер етпейді. Егер балаға тәрбиешінің пікірі қымбат болмаса, ол конфликттен құтылуға тырысады, бірақ жаны күйзелмейді. Қатынас шеңбері кең болған сайын, үрейленудің қалыптасуына негіз болатын ситуациялар да көп болады. Бірақ баланың әлеммен қатынасы тар болса да, бала толығымен өсіп дами алмайды. Егер де бала үшін мәнді тұлға тек анасы ғана болса, онда олардың арасындағы қатынастың мәнді емес жақтары да жан күйзелісіне айналады. Үрей бала жанына егер оның маңызды қажеттілігі қалыптасуы кедергі болатын конфликт кезінде ғана енеді. Баланың адалдық, тіл алу, тиянақтылық сапаларын шыныктыруды тырысуда тәрбиеші баланың күйін одан әрі қиындатады. Тәрбиеші жауапкершілікті көп артып, сөзсіз жұмысқа адал қарауы қажет бірақ оқушы жұмысы – ерекше онда нәтижеден гөрі процесс маңызды. Егер жұмысшы өндірістегі қандай болмасын бөлшек үшін яғни нәтижесі үшін еңбектенсе, онда бала есепті шығару үшін оқымай оны процесс қызықтырады. Бала онымен қатынас жасаушылар үлгеріміне байланысты екенін сезінеді. Сөйтіп баға оқушы үшін ата – ана мен сенімінен шығу құралы болады. Мазасыздану деңгейі ұл бала мен қыз балада әртүрлі.

Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларда қыздарға қарағанда мазасыздануы көп болып келеді. Балалар мен қыздардың ерекшеліктері мынада: олар үрейді қандай ситуациямен байланыстырады, оны қалай түсіндіреді, неден сескенеді. Адам жасын физикалық деңгейі ғана емес оның қоршаған әлемге байланысты мінездемесі уайымдау ерекшелігі де бейімделеді. Қауіп –қатердің белгісіз емес анық емес болуы жағдайдан шығу жолын күрделендіріп қиындатып жібереді. Адам бойындағы ашу ызамен алыса алады, көңілсіз мұңайып тұрғанда жұбаныш іздей алады. Ал үрей күйінде қорғана да күресе де алмайды, өйткені неге қарсы күресіп қорғанатынын білмейді. Үрей туындай салысымен –ақ балада белгілі бір күй пайда болады. Бала сырт көзге байсалды және өзіне сенімді көрінуі мүмкін, бірақ «жасырын бет пердедегі мазасыздануды» ажырата алуымыз қажет. Эмоционалды тұрақты емес баланың ішкі мақсаты: үрейлену теңізінде кішкене жағажай тауып оны толқындардан жауып қауіпсіз қылуы.

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың мазасыздану себептерін анықтау, диагностикалау, болжамдау, қажетті жағдайда түзету-дамыту өзекті мәселе болып отыр. Мектеп жасына дейінгі балалардың мазасыздану деңгейін анықтап, онымен түзету-дамыту жұмыстарын өткізу жағымды әсерін тигізері айқын.

Бұл сұрақ әсіресе мектепке дейінгі кезеңде негізгі орын алады, себебі дәл осы жас уақытында баланың психологиялық ерекшеліктері, мінез- құлық нышандары дами бастайды. Бала өміріндегі дәл осы шақ сензитивті кезең болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларға жағымды психологиялық жағдай жасау өте маңызды, ол оның жағымды қасиеттерінің дамуына көмектеседі. Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалар психологиялық даму ерекшеліктері, бала психологиясы психикалық дамуға әсер ететін тиімді жағдай жасау баланың бір кезеңнен екінші кезеңге тиімді өтуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте (психологическое исследование) М., Просвещение, 1968 с. 231-235
2. Бреслав Г.М. Эмоциональная особенность формирования личности в детстве: Норма и отношение. – М.: Педагогика, 1990 – 144 с.
3. Имедадзе И.В. Тревожность как фактор учения в дошкольном возрасте / Психологические полследования – Тбилиси, изд-во: Мецнисреба, 1960 – с. 54-57.
4. Козлова Е.В. Тревога – как одна из основных проблем, возникающих у ребенка в процессе социализации // Теоретические и прикладные проблемы психологии. Сборник статей. – Ставрополь, 1997 – с. 16-20
5. Нетреба С. Влияние коррекции тревожности на формирование адекватной самооценки младшем школьном возрасте с учетом этническо й принадлежности детей. //Ұлт тағылымы. 2004. №3, 122-126б.
6. Овчарова Р.В. Практическая психология в начальной школе. – М.: Сфера, 1996 – 240 с.
7. Психолог в детском дошкольном учреждении: Методические рекомендации к практической деятельности / Под ред. Т.В. Маврентьевой, - М.: Новая школа, 1996 – 144 с.

ӘОЖ 159.922.7(075.8)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Султангалиева А.И.- педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Жумасейтова А.Е. - педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Калкенова Г.Б. - педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Орал қ.

Резюме. *В статье рассматривается тема использования инновационных технологий в ДОУ. На современном этапе в системе образования важно и значимо разнообразие методик, их развитие и использование инновационных технологий в ДОУ.*

Ключевые слова: *инновационные педагогические технологии в дошкольных организациях, современное образование*

Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру- басты мәселенің бірі.осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануға байланысты білім берудің барлық жүйесін жаңғырту үдерісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға жоғары талаптар қояды, осы үдеріске жаңа, барынша тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдемені іздеуді қарқындатады.

Қоғамның заманауи даму сатысында инновациялық үдерістер, бірінші кезекте, баланың әлеуетті қабілеттіліктерін ашудың бірінші деңгейі ретінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне әсер етеді. Мектепке дейінгі білім берудің дамуы, жаңа сапалы деңгейге өтуі инновациялық технологияларды дайындаусыз мүмкін емес [1,23].

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде өзгерістер орын алуда: мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтардың назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда.

Мұндай өзгермелі жағдайда мектепке дейінгі білім беру педагогтарына балалардың дамуында интерактивті тәсілдемелердің көп түрлілігіне, заманауи технологиялардың кең таңдауына бейімделе алуы қажет. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту құрылымына мемлекеттік талаптар және білім беру саясатындағы инновациялық үрдістерді талдау негізінде инновациялық әдістемелік қызметті дамыту технологиясын жобалауға және іске асыруға жаңа тәсілдемелер ұсынылды.

Қазақстанның заманауи білім беру саясатының білім беру парадигмаларының ауысуымен, жаңа педагогикалық технологияларға өтуімен сипатталуы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дара-шығармашылық нысандар мен әдістерге бағдарлануы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі тәрбиешілері мен педагогтарының инновациялық әдістемелік қызметінің маңызын арттырады [2,23].

Алдымен «технология» ұғымына тоқталайық. Бұл жерде ол «инновациялық педагогикалық технология» мәніне ие болып тұр. Оның мағынасын түсінуіміз үшін

әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымына көз жүгірткеніміз жөн. Ол «техника» сөзінен шыққан, оның екі мағынасы бар.

1. Өндірістік құралдарының жиынтығы
2. Бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жиынтығы.

Технология - грек сөзі, түсіндірмелі сөздікте бұл – қандай да болсын жаңа істегі шеберлік, өнерпаздық, іскерлік деген ұғымды білдіреді.

Энциклопедиялық сөздікте өнімді өндіру үрдісінде шикізаттың немесе материалдың формасын, қасиетін, күйін өзгертетін, оларды өңдеу мен дайындаудың әдістерінің жиынтығы", - деп көрсетілген.

Анықтамалық әдебиеттерде techno - өнер, шеберлік және logos - ғылым, заң, яғни технология дегеніміз — шеберлік (өнер) туралы ғылым деп берілген.

Білім беру саласындағы "технология" ұғымы өндірістік үрдістердегі технология ұғымының басты қасиеттерін осы саланы жетілдіру үшін пайдалану ұмтылысынан туындағаны анық. Өндірістік үрдістердегі технология деп қолданғанда алдын-ала көздеген нәтижеге жеткізетін, белгілі бір сапалық және сандық деңгейлердегі өнім алуға кепілдік беретін, ғылыми негізделген алгоритмдер, әдістер мен құралдардың жүйесін айтады.

Педагогикалық технология — оқыту мен тәрбие құралдарының арнайы формаларының, әдіс-тәсілдерінің, жолдарының жиынтығын анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулар жиынтығы.(Б.Т.Лихачев).

Алдын ала жобаланған оқу-тәрбие үрдісінің практикада жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы. (В.П.Беспалько).

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесі жаңашыл педагогтар (Ш.А. Амонашвили, И.П. Волков) еңбектерінде арнайы сөз етіледі. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларының қабілеттерін дамыту (Б. Тұрғымбаева) эстетикалық тәрбие беру мәселесі (С.А. Ұзақбаева, Б.А. Әлмұхамбетов, А. Қомақов) зерделенген еңбектерінде балалардың көркем мәдениеттік тәрбиесін жетілдіру жолдары қарастырылып, педагогикалық мүмкіндіктерін ашып, көрсетілген [3,336].

Инновация" термині педагогикада қазіргі таңда кеңінен қолданылуда.

Югославияның педагог-ғалымы К.Ангеловски педагогикалық инновация ммиәселесін терең түрде зерттеген. Ол инновация терминінің экономика немесе техника ғылымдарынан педагогика саласына келген дейді де, "кейб1р педагоггар инновация терминінің орнына реформа, жаңаландыру, жетілдіру, опти¬мизация, оқыту модернизациясы ұғымдарын пайдаланады" деп көрсетеді.

Инновация дегеніміз — мазмұнды жаңашалау, ал жаңалық енгізу дегеніміз — инновациялық мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, ал "жаңаша" дегеніміз жаңа мазмұн, оны енпзудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын қамтитын құбылыс деп түсінеміз.

Г.В.Селевко «инновациялық педагогикалық технологияны» үш жақты сипатын былай белгілейді:

- ғылымилық: педагогикалық технология – оқытудың мақсатын, мазмұнын және әдіс-тәсілдерін жасайтын, педагогикалық үрдісті жобалайтын, оларды зерттейтін педагогика ғылымының саласы;
-үрдісті-сипаттаушы: үрдісті сипаттау (алгоритмі), оқытудың жоспарланған нәәтижесіне жетуде қолданылатын мақсат, мазмұн, әдіс-құралдар жиынтығы;
- үрдісті – іс-әрекеттік: технологиялық (педагогикалық) үрдісті жүзеге асыру, барлық тұлғалық, құралдық және әдіснамалық педагогикалық құралдардың жұмысы.

Инновациялық технологияларды жіктеу мәселесі В.П.Беспалько, М.В.Кларин, В.Т.Фоменко, Г.К.Селевко және т.б. еңбектерінде қарастырылған. В.М.Монахов “педагогикалық технологиялар – оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру және өткізудің ойластырылған моделі” деп көрсеткен [4,57].

Инновациялық технологиялар жіктемесін түрліше көрсетуге болады:

1.Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы

а. Педагогикалық шеберхана
б. Оқытуды зерттеу ретінде ұйымдастыру
в. Ұжымдық ойлау қызметі
г. Эвристикалық оқыту
д. Жобалау әдісі
е. Дамыта оқыту (Л.В.Занков, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин),
з. "Мәдениетті сұхбат мектебі" (В.С.Библер),
и. Ізгілікті-тұлғалық "Өмір мектебі" (Ш.А.Амонашвили),
к. Әдебиетті өнер және адамтану ретінде оқыту (Е.Н.Ильин),
л. Дизайн-педагогика.
м. Сенсорлық даму ақыл-ой тәрбиесі
2. Ақпараттық технология
а. Компьютерлік оқыту бағдарламалары
б. Компьютерлік ойын бағдарламалары
в. Жаттықтырғыш бағдарламалар
г. Интерактивті тақта
д. Қашықтан оқыту
3. Интерактивті технология
а. Сыни тұрғыдан оқыту
б. Ойын
в. Тренинг

«Әрбір бала - болашақ данышпан» деген ойлы қағидаға мән берсек, яғни табиғи таланттарды ашу, жас ұрпақтың жарқырап көрінуі үшін тәрбиешіге жүктелер міндет аз емес, Ол міндет - баланың шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін, ой-өрісін дамыту үшін аянбай еңбек ету, баланың жеке тұлғалық күшін дамыту. Осы идеяларды дамыту үшін оқытудың және тәрбиелеудің инновациялық технологияларды пайдалана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай жасау.Негізгі құндылық - бала және оның жеке тұлғасы.

Мектепке дейінгі ұйымдарда пайдаланылатын инновациялық технологияларды атап өтейік:

- білім берудің ізгілендіру технологиясы (Ш.А. Амонашвили). Бұл технологияның мақсаты: баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату, адамгершілік тәрбие беру.
- тірек-белгілерді (сызбасы, сигналы) арқылы оқыту технологиясы (Шаталов В.Ф.). Яғни, бұл технологияның мақсаты: білім, икемділік, дағдыны қалыптастыру. Үнемі қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, тірек қолдану, еркімен оқыту, оқыту мен тәрбиенің бірлігі.
- ойын арқылы оқыту технологиясы. Мақсаты мен мағынасы: ойын арқылы қызықтырып, баланың бойындағы білімдік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсу.
- дамыта оқыту технологиясының мақсаты: жеке тұлғаны және оның қабілеттілігін дамыту. Барлық баланың дамуы жолындағы жұмыстарды қамту.
- оқытудың комьютерлік технологиясы баланы «ақпараттық қоғамға» даярлау мақсатын алға қояды.
- өздігінен даму технологиясы. Мақсаты мен мағынасы: дербестікке тәрбиелеу. Әркім табиғат берген даму жолымен жүріп, өзін- өзі дамытады.
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Мақсаты білімнің болашақта қажетке жарауын қалыптастырады. сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс кезеңдерін түзіледі. сабақ кезінде үйренуші не үйрегенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді; қайта қарап, өзгерістер енгізеді.

Қазіргі технологияда білімді меңгертудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум таксоманиясы жиі пайдаланып келеді. Американдық психолог Б.Блумның “Толық меңгерту теориясы” бойынша мақсаттар шағын мақсаттарға жіктеледі.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру тәрбиешінің интелектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқыту-тәрбиелеу үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [5,250].

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшелоіктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді.Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға тқойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тусупова А.Қ. Программа по внедрению инновационных методик и технологий дошкольных организациях. Астана, 2015
2. К.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология.Оқулық.Тараз.ТарМУ.2013.-23б.
3. Ф.Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика. Астана .2008.-336б.
4. Белая К.Ю. /Инновционная деятельность в ДОУ. – Москва. Творческий центр Сфера. 2004. – с.57.
5. Ф.Н.Жұмабекова / Мектепке дейінгі кезеңде білім беру мазмұнын жаңартудың әдіснамалық негіздері. Монография – Астана, 2010.-250 б.

ӘОЖ 379.8(075.8)

МУЗЫКА АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Таспаева С.Ж. – п.ғ.м., **Мажитова А.А.** – қ.к.м., **Тулегенов Қ.А.** – аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Резюме: *В данной статье рассказывается о значении культурно-досуговой деятельности в формировании личности. Показаны способы эффективной организации досуга ребенка через музыку. Во внеклассной работе рассматриваются пути познавательного, эстетического воспитания учащихся.*

Ключевые слова: *культурно-досуговая деятельность, досуг, музыка, эстетическое воспитание.*

Адамзат тарихының негізі – мәдениет, ал мәдениеттің негізі – адамзаттың ақыл-ойы мен іс-әрекетін дүниеге әкелген материалдық құндылықтар болып табылады. Әр ұлттың, әр мемлекеттің болмасын өзіне тән даму тарихы мен ұлттық құндылықтары топтастырылған мәдениеті болады және сол мәдениет сан түрлі заман талқысынан өтіп одан әрі дамытылады. «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-

ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» деп Елбасы атап көрсеткендей, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамыған заманында, тарихи құндылықтарымызды, ұлттық мәдениетімізді заманауи бағыттағы мәдениетпен ұштастыра отырып, қоғамда заман сұранысына сай әлеуметтік мәдени орта қалыптастыру қажеттілігі артады. Қоғамдағы мәдени ортаны қалыптастыруда мәдени - тынығу жұмысы қызметін ұйымдастыру үлкен рөл атқарады. Мәдени-тынығу қызметінің тарихы терең, ол адамзат пайда болғалы бері, қоғаммен бірге дамып келе жатырған үздіксіз әлеуметтік процесс. Мәдени-тынығу қызметі тарихын меңгеру – қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігі, оның үлкен тәрбиелік мәні бар. Ол адамда азаматтық қасиеттерді қалыптастырады, өз ұлтының мәдени дәстүрлеріне қызмет көрсету сезімін оятады, тарихи ескерткіштерді дамытуға ықпал етеді [1, 9]. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, адамдарда тынығу түсінігі алғашқы дәуірлерде пайда болды. Бұл дәуірдегі адамдар тіршілік етуге көп мән беріп, тынығуды күш-қуатты қалыпқа келтіру деп түсінді. Сәл кейінірек өнер пайда болды және ол кейінгі барлық кезеңдерде де белсенді қолданылды. Діннің пайда болуымен адамдар құлшылық пен діни рәсімдерді өткізуге көп көңіл бөле бастады. Тынығудың діни сипаты ерекше мәнге ие болды. Жоғары күштерге сену мәдениетпен тығыз байланыста бола бастады. Бұл әсіресе Ортағасырлық мәдениетте айқын көрінеді. Жаңа дәуірлерде мәдени-тынығу қызметі мүлдем басқа мәнге ие болды. Қоғамның дамуында ғылым маңызды рөл атқара бастады. Ғылымның дамуымен қоғамның қажеттіліктері мен сұранысы артып, тынығудың формасы өзгерді. Адамдардың демалысы өнімді бола бастады. Бүгінде тынығу қызметі өнердің, ғылымның, мәдениеттің, бастысы адам еңбегінің үлкен базасына ие әлеуметтік құбылыс. Қысқаша айтқанда, мәдени-тынығу қызметі – бұл мәдениетті материалдық және рухани формада таныту. [2, 56].

Мәдени-тынығу қызметін ұйымдастырудың маңызды құралы бұл – музыка. Музыка арқылы тынығу дұрыс ұйымдастырылса, адамның эстетикалық көзқарасы кеңейіп, ой-өрісі дами түседі. Өйткені ол эмоционалды әсердің үлкен күшіне ие, адамның сезімдерін тәрбиелейді, оның талғамын қалыптастырады. Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің үйлесімділігі барлық жастағы адамдар үшін маңызды. Музыка - рухани қарым-қатынастың жетілдірудің қайнар көзі. Оның халықтық, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді жеткізудегі рөлі зор. Музыка сабақтарының дамушы рөлі музыкалық іс-әрекеттің көркемдік және шығармашылық сипатымен өзін-өзі көрсетуге бағытталған. Музыканы игеру ойлауды дамытуға көмектеседі - бейнелі және логикалық, дерексіз және нақты; музыка ырғақ пен үйлесімділік сезімін, байқауды, есте сақтауды, қиялды, дауыстық аппаратты, саусақтардың ұсақ моторикасын қалыптастырады. Музыка тұлғаны дамытуға көмектесе алады, интеллектуалды өсуді қамтамасыз етеді. Бүгінде балаларды тәрбиелеудің, оларға дүние танытудың алуан жолдары бар. Бұл реттен мектепте музыка өнері мен көркем әдебиеттің бірігуі, олардан шыққан туындылар- басты құрал болып табылады. Көркем әдебиет пен музыканың мәні мен құнын арттыратын ең қолайлы нәрсе - мектеп сахнасы екені даусыз, яғни балалар көркем әдебиеттен көркемдікті, тілді, ой – сана мәліметтерін үйренетін болса, ал музыка саласынан әсемдікті, өнер атты әлемнің құпияларын, оның адам санасына әсерінің қандай екенін біледі. Мектептегі көркем әдебиет пен музыка саласымен тығыз байланыста өткізілетін тәрбие шараларының кең таралған формасы түрлі тақырыптарда өткізілетін кештер, кездесулер, ойын сауықтар болып табылады. Бұл істерді сыныптан тыс сабақ уақытында тақырыппен байланыстыра жүргізіледі. Халқымыздың ұлы перзенті Абайдың “Артыңа із қалдырғың келсе, кейінгі ұрпаққа білім нұрын сеп, білімге тәрбиелеу, болашағымызды өз ұлт өнері мен мәдениетінің тұнығынан сусындап, тарихын терең түсінетін болсын” деген өсиеті де болашақ ұрпақты өнер білім арқылы тәрбиелудің қажеттігі мен маңыздылығын дәлелдейді. Бүгінгі оқушы, тәрбиеленуші - ертеңгі дүние тұтқасын ұстап, халық мәдениетін көтеретін азамат. Ұстаздықтың,

соның ішінде музыка мұғалімі қызметінің қиындығы да осында. Мектептегі музыка мұғалімі өз сабағында білім беруші, білікті маман ғана емес, музыкалық - тағылымдық жұмыстарды жүргізуші мерекелік кештер мен концерттерді, түрлі кештерді үйірмелерді ұйымдастырушы.

Оқушылардың өткізілетін әрбір даталық, тақырыптық, өнертанымдық кештерді әзірлеу барысында балалар өз бетімен ізденуге, шығармашылық қабілетін танытуға мүмкіндік алады. Өнерпаздық қабілеттері ұшталып, арман қиялдарына қанат бітеді. Сондықтан жалпы білім беретін қазақ мектептерінде оқушыларды дәстүрімен, өнер атты әлемнің шоқтығы биік жұлдыздары шығармашылығымен таныстыру, олардың ой- пікірін оқу тәрбие ісінің тірегіне айналдыру - бүгінгі күннің өзекті мәселесі деуімізге әбден болады. Алайда мектептердің іс - тәжірибесінде оқушылармен сыныптан тыс уақытта жұмыс жүргізу жүйесінде музыка мәдениетіндегі рухани дәрежесі мен тәрбие деңгейін қалыптастыру негізінде жүргізілетін жұмыстарда кемшіліктер мен қайшылықтар бар. Атап айтсақ, мектеп педагогикасында ғасырлар бойы ерекшеленіп, өмір сынынан өтіп, халықтың ұрпақ тәрбиесіндегі жинақталған тағылымы, тәлім - тәрбиесі мен салт- дәстүрінің озық үлгілерін пайдаланбау - жастар арасында өрескел мінез- құлықтың етек алып, тәрбиелік мәні, мағынасы таяз жат рухани кедейшілікке әкеп соқты. Халқымыздың ауыз екі әдебиетінде, халық ән - күйінде, толғау термелерінде қаншама педагогикалық мәдениет бола тұра, оны тәрбие мәселесіне дұрыс қолдана алмағандықтан инабаттылық, ізеттілік қасиеттеріміздің таяздап бара жатқанын аңғардық.

Сондықтан өскелең ұрпаққа музыкалық тәрбие берудегі біздің алдымыздағы ең басты міндет - оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені айтарлықтай толық, өнер шығармалырының, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру. Осы мақсатта әрбір оқу пәнінің, әсіресе, зор танымдық және тәрбиелік күші бар әдебиет, музыка өнерінің эстетикалық мүмкіндіктерін жақсы пайдалану қажет. Жеткіншек ұрпаққа музыкалық тәрбие беру мәселелері бойынша материалдарда бүгінгі мектептердің практикалық тәжірибесі бар болғанына қарамастан бұл проблеманың көптеген жүйелері әлі толық зерттелмеген. Мәселен, егер қазақ халқының музыка өнерін игеруде сабақ пен сыныптан тыс әрекеттердің өзара байланыстылығы мен халықтың музыка мұрасын игеруге тартуда қазақ музыкасының өзіндік ерекшеліктері ескеріліп, мақсатты бағытталған әдіс- тәсілдермен жүзеге асырылса, онда оқушылардың музыкалық тәрбиесінің тиімділігі анағұрлым артады. Сондықтан, әртүрлі шараларда халықтық педагогика, ұлттық музыка тәрбиесі негізінде жұмыстар жүргізу, онда жаңа жолдарды іздестіру, жас жеткіншектерге рухани тәрбие беру, музыкалық тәрбие беру тұлға қалыптастырудың тиімді жолдары болып табылады.

Қазіргі кезде мектеп жастарын тәрбиелеу жолында мектеп өмірінің мектептегі әрбір сабақтың, соның ішінде музыканың, сабақтан тыс көркемөнер үйірмелерін жүргізудің маңызы ерекше болып отыр. Музыкалық тәрбиенің, оның ішінде сыныптан тыс жұмыс жүргізудің мақсаты жастарды білімді, жоғары саналы, өнерлі, жан- жақты етіп тәрбиелеу болып отыр. Бұл орайда балалар мен жасөспірімдер арасындағы музыкалық тәрбие жұмысын жетілдіру мәселесіне зор көңіл бөлінеді.

Білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі оқушылармен жүйелі түрде сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын жүргізу. Сыныптан тыс жұмыстар деп оқушылардың білімін тереңдетуге, іскерлік пен дағдысын дамытуға, қабілеттілігі мен қызығушылығын арттыруға, демалысын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндіктер туғызатын арнайы ұйымдастырылған жұмыстарды айтады. Бұл жұмыстарды пән мұғалімдері мен ата - аналар, қамқоршы мекеме қызметкерлері немесе оқушылар ішіндегі ең белсенді, дарындыларды жүргізеді. Әр педагог сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмысының жүйесін ұтымды ойластыруға міндетті. Сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны оқушының теориялық білімін кеңейте, толықтыра түсуге лайықталып, оқушылардың жеке қабілетін

дамыта түсерліктей болғаны жөн. Мұндай істердің барлығы да, бұл тәрбие жұмысының материалының мазмұнылығы методикалық сапасы мұғалімнің шеберлігіне, ұйымдастыру тәсіліне байланысты. Ең алдымен, оқушыларға әңгіме тақырыбын ұғындырып, ізденуге тапсырма берілуі қажет. Балалар мұғалім тапсырмасын орындай отырып, бұл жұмыстың мазмұнына қанығады, оның пайдалы жағын ұғынады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүргізгенде еңбек және эстетикалық тәрбиенің қалыптасуына жүргізілген жұмыстардың әсерінің болуын қарастырған жөн. Ол үшін мұғалім оқушыларды түгелдей қатыстыра отырып, оларға түрлі тапсырмалар беріп, әр оқушының шамасына қарай нәтиже алып, ұялшақ, бұйығы, үлгерімі нашар балаларға көмектер көрсетіп, қабілетін арттыру үшін үздіксіз жаттықтыурға міндетті. Мұның өзі жүйелі және шығармашылық жоспарлы еңбек арқылы іске асады.

Сыныптан тыс жұмыстарды мазмұнды жүйелі жүргізу арқылы осы жұмыстар жөнінде оқушылармен үнемі пікірлесіп, ақылдасып, келісе отырып, оқушылардың жеке істер жүргізуіне, еркін ұсыныстар айтуына шек қойылмауы керек.

Бос уақытын тиімді өткізу мақсатында ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың өз қалауымен олардың белгілі бір өнер түріне бейіміділігін ескере отырып ұйымдастырылады. Осы мақсатта алуан түрлі үйірмелер, қоғамдар, клубтар мен студиялар құрылуда. Олардың ішінде оқушыларға тәрбие беруде әсіресе көркемөнерпаздар үйірмелері ерекше орын алады. Қазіргі кезде көркемөнерпаздар үйірмелері жоқ мектептер кемде-кем. Бұл үйірмелер, оқушылардың жан-жақты мәдениетті тұлға ретінде қалыптасуына көмегін тигізеді. Оқушылар тәрбиесін жаңа деңгейге көтерудің тағы бір тиімді тәсілдері лекция - концерттер жүргізу, тақырыптық кештер, маусымдық шаралар (күзгі балл, көктем аруы) ұйымдастыру, факультативтік курстар жүргізу. Факультативті курстарды, әсіресе, қазақ ұлттық өнер саласына, мысалы: айтыс, әншілік, жыр - терме және т.б. өнерлерден ұйымдастырған жөн.

Музыкалық тәрбие - ұзақ, күрделі әрі сан қырлы процесс. Ол ең алдымен балалардың мектепке дейінгі мекемелерінде басталады. Ал жалпы білім беретін мектепте тікелей ықпал ету - музыка, өнер, эстетика жөніндегі факультативтер, сабақтан тыс уақыттағы көркемөнер үйірмесі арқылы тәрбие беруді жалғастыра түседі. Жыл өткен сайын ортаңғы және жоғарғы сыныптарда балалардың жас ерекшеліктері сараланып, музыка сабағында, әр түрлі елдерде өмір сүрген композитор шығармашылығымен, түрлі музыкалық аспаптармен танысады [3, 32].

Жоғарғы сыныптарда эстетика, бейнелеу өнері, музыка және өнер бағытының басқа салалары жөнінде қосымша сабақтар енгізу музыкалық тәрбие беруге шексіз мүмкіндік береді. Сондай-ақ сыныптан тыс жүргізілетін музыка мен эстетика жөніндегі арнаулы сынып сағаттарының алуан түрлі тақырыптары оқушыларға жан - жақты тәрбие беруге көмектеседі. Ойын-сауықтағы музыка әртүрлі тәсілдермен қолданылады:
- негізгі мазмұнды құрайды (музыкалық ойындар, концерттер, дөңгелек билер);
- ішінара қолданылады (спектакльдер, музыкалық-әдеби композициялар).

Қазіргі кезде жеткіншектерді өнерге баулу бүкілхалықтық іс болып отыр. Бұл орайда музыка пәні мұғалімі, сыныпта сабақ беру шеберлігін ғана жетілдіріп қоймай, балалар мен жасөспірімдер арасында музыкалық тәрбие беру ісінде, лекция- концерттер жүргізу арқылы тәрбиелеу ісіне ерекше көңіл бөлген жөн.

Сыныптан тыс жұмыстардың бірі –лекция- концерт өткізу музыкалық-ағартушылық тәрбие негізінде іске асады. “Лекция- концерт” деп аталатын жұмыс түрі оқушылардың музыка әлеміне терең үңілуіне, халық мұрасының өте бай мұрасымен танысуға терең үңілуіне, қазақ музыка өнері, шетел музыкасының қайраткерлері, композиторларының шығармашылығымен танысып, одан нәр алуға баулитын салалы жұмыс. Лекция - концерт дайындап өткізуде қоятын мұғалімге қоятын үлкен талаптар бар. Ол “сегіз қырлы, бір сырлы” болса, істеген ісі сапалы болмақ. Мұғалім өзінің орындаушылықы мүмкіндігіне қарай ғана сүйеніп қоймай, сөзді сөйлеу шеберлігін ұстартқан жөн. Сондықтан, біз алдында айтып кеткеніміздей, лекция- концерттер өткізу

кезінде сөз бен саздың үйлесімділігіне, үндестігіне қатты назар аудару керек. Осы орайда Б.Сухомлинский былай дейді: «Сөз ешқашанда музыканың шын мәніндегі тереңдігін шегіне жеткізе түсіндіре алмайды, бірақ сезім дүниесінің осы бір өте нәзік саласын сөзбен ғана сезініп түсінесіз. Сөз жүректің аса сезімтал қылын басып, құлақ күйін еліктіруі тиіс, музыканы түсіндіру поэтикалық тұрғыда, сөзбен музыканың байланыстылығы негізінде жүзеге асырылады». Ендеше лектор - музыкантқа творчестволық ізденіс, тапқырлық, зеректік қажет. Лекция- концерттің тартымды болуы, тыңдаушыларды қызықтырып, келесі лекция - концертке деген ынтасын жоғарлатуы лектордың жүргізу шеберлігіне көп байланысты. Сөзді тыңдаушыларға айқын, әрі әсерлі өткізіп жеткізу, сөйлеу техникасы мен логикасына көңіл қою амалдарды қамтамасыз етілсе, саздың әсемдігі мен әсерлі сөзбен бірге қуаныш, үндестік табу арқылы жүзеге асады. Ал, орындалатын музыкалық шығарма өзінің әсемділігімен ғана емес, жүрекке әсер ететін мағыналы сөзімен, үндеуімен қымбат. Бұған сөзді анық, бұзбай жеткізетін тамаша дауысты әншілер, аспапта орындаушылар сол лекция - концерт тыңдаушыларының жүрегіне жол табады. Лекция - концерт дайындаудың мынадай қажеттіліктері бар: тақырып таңдау, әдебиеттерді ретімен орынды пайдалану, музыкалық шығармаларды іріктеп, дайындау, ұйымдастыру жұмыстарын қадағалау. Лекция - концерт өтетін бөлменің эстетикалық талғаммен безендірілуі тыңдаушылар мен өткізушілердің көңіл - күйіне жағымды әсер қалдырады. Бөлме іші таза, қойылған мүліктер ретті болып, тақырыпқа сай, тәрбиелік мәнге толы нақыл сөздер мен нақты, әрі ұтымды суреттер салған плакаттар ілсе артық болмас еді. Мектеп - оқу процесінде баланың бойына жақсы қасиеттер мен сапалары қалыптастырады. Мектеп баланың дүниеге көзқарасы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады дейтін болсақ, баланы сабақ үстінде ғана тәрбиелеп қоймай, сабақтан тыс уақытта да әр түрлі жұмыстарға тарту арқылы (мысалы, лекция- концертте) баланың жеке орындайтын номерлері болмаса, көркемдеу жағына, әр түрлі көрнекіліктерді жасауға қатыстырған жөн, ал соңында әр баланың еңбегіне қарай бағалаған жөн. Бұл жағдайда баланың еңбекке деген талпынысы күшейіп, бойында өнерге деген қызығушылық күші пайда болады. [4, 25]. Оқу мен тәрбие ісін бөліп қарамай, олардың үнемі байланысты болуын оқыту мен білім беру ісінің жаңаша қазіргі заманғы тәрбиеге негізделгенін есте ұстағаны абзал.

Музыка пәнімен байланыста берілетін тәрбие шаралары мазмұны мен көркемдігі арқылы оқушылардың идеялық көзқарасын, қоғамға, Отанға деген сезімдерін қалыптастырады, өмір құбылыстарын дұрыс түсінуге, дұрыс қабылдауға жәрдемдеседі. Сондықтан да музыка арқылы берілетін эстетикалық тәрбие сабақта және сабақтан тыс жұмыстар жүйесінде беріле береді.

Бұл жерде музыка пәні мұғалімінің атқарар ролі зор. Ол өткізілетін лекция-концертті жоспарлаушы, бағдарламасын жасаушы, өлең, тақпақ, инсценировкаларды таңдап, жәрдемдеседі, өзі де белсене қатысады. Балаларды қабілеттеріне қарай әр түрлі топтарға бөледі. Осы өткізілетін лекция- концерттер арқылы оқушылардың уақытын дұрыс пайдалануына көмек көрсетіп, тәртіп бұзуына жол бермейді. Мүмкіндік болған жағдайда оқушылардың бәрін де қатыстырған жөн. Жалпы лекция- концерттер арнайы тақырыптық немесе мерекелік және танымдық түрінде жүргізіледі. Мәселен, тақырыптық лекция - концерттерді арнайы бір мерекелерге, композиторлар (мысалы, “Құрманғазы Сағырбайұлы- 200 жаста” т.б.) негізінде жүргізуге болады. Сонымен бірге мерекелік күндерге, 8 наурыз мерекесіне “Анамызға мың алғыс”, “Бас иеміз Анаға” деген тақырыптарда “Батыр ана” немесе ұстаз арқылы толықтыру. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына арнайы ұлттық салт- дәстүрді негізге ала отырып, халықтық дәстүрмен байланыстыра лекция - концерт жүргізу. Бұдан басқа ұстаздар күніне арнап әр түрлі жұмыстар жүргізу арқылы балаларға эстетикалық тәрбие негізі етіп, музыкалық тәрбие беруге болады. Танымдық лекция- концерттерді оқушыларға ақыл-ой, музыкалық түсінік беру, музыкалық қабілеттеріне ары қарай дамыту, эстетикалық

тәрбиенің негізі болып табылатын балалардың өнер атты сұлулық әлеміне деген құлшынысын арттыру негізінде әр түрлі тақырыптарда жұмыстар жүргізіледі.

Педагогикалық тұрғыдан дұрыс және жүйелі ұйымдастырылған музыкалық кештер балалардың өнер туралы, музыка туралы түсінігін молайтып, тереңдетіп қана қоймай, сонымен қатар көркемдік туралы белгілі бір ой тудырып, ой - өрісі әрі қарай дамып, оны игерудің шеңбері, сондай-ақ музыканың мәнін терең түсінудің сипаты да өзгеріп отыратындығы байқалады. Сондай-ақ, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу, балалардың жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына септігін тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ержанов М.Е., Мәдени-тынығу қызметі. Орал, 2016
2. Шулунова Л.И., Уалиханова А. Бос уақытты ұйымдастырудың көркемдік-педагогикалық әдістемесі. Алматы, 2015
3. Энциклопедия для детей. Искусство, музыка, театр, кино. – М., 2004.
4. Қалиев С. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. -Алматы: Білім., 2001

ӘОЖ 81.2

МИФОФИТОНИМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Кенжебай Р.Д. - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистранты, Ақтөбе қ.

Резюме:*В данной статье рассматриваются лекарственные свойства растений казахского народа, которые относятся к числу лечебных растений как мифофитонимы. Лекарственное растение Алдыраспан - в переводе из древнетюркского означает дельта, разделение. Выделяется этимология лекарственного растения под названием Мендуана, происходящая от комбинации персидских слов, исходной формой растения, которой считается мята. Выявлена не только этимология других лекарственных растений, но и этнопознавательная природа.*

Ключевые слова: *мифофитоним, лекарственные травы, адыраспан, мята, этимология мифофитонимов.*

Материалдық мәдениетке жататын әрі адам өмірінде қолданылатын дүниелер адамзаттың тұрмыстық қажеттілігін ғана қамтамасыз етпегенін, одан да жоғары дәрежедегі символикалық, эстетикалық, социогендік қажеттіліктерін өтейді.

Ж. Манкееваның пікірінше, материалдық мәдениетке жататын өнімдер интегралды процестің нәтижесі екенін атап өткен жөн. Рухани мәдениеттің көрінісін материалдық мәдениеттің жемісінен көрінетінін, мәдениетті материалдық және рухани деп ажырату мәдениет терминінің мағынасын ашпайтынын көреміз [1] дейді. Көретініміздей, бұл екеуі бірлікте, тығыз байланыста қарастырылғанын, шартты түрде ғана ажыратынымызды көретінімізді айтады. Әрбір халық өзінің тұрмыстық қажеттілігін өтеу үшін қоршаған ортаны өз игілігіне пайдаланады. Тұрмысына қажетті, өмір сүруін жеңілдету үшін жасаған

дүниесі сол халықтың материалдық мәдениетінің көрсеткішіне айналады. Зерттеушінің бұл еңбекті жазудағы мақсаты табиғатпен астас өмір сүрген қазақ жұртының болмысын танытатын өсімдік әлемінің тіл арқылы көрініс табатын бір саласы – олардың күнделікті тұрмыстағы пайдасы мен қызметі. Жалпы адамзат тарихының ең алғашқы дәуірінен бастау алған дәстүрлі емес халық медицинасының қызметін көп жағдайда бүгінде дәстүрлі медицинамен қатар қолдана бастағанын, сонау XV ғасырдың өзінде ғұлама ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы 758 түрлі шөп дәрілер мен 318 түрлі жан-жануарлардың мүшелерінен, 70-ке жуық метал-металоидтың қоспасынан 1250-ден аса дәрі жасап, 13000-нан аса рецепт ұсыну арқылы медицина ғылымына өлшеусіз үлес қосқанын, ғұлама ғалым Әл-Фарабидің адам денесінің жетілуінде денсаулығы мықты болуын, жетілуі денсаулығында екенін, дене сау болмаған жағдайда, денені сауықтыру қажеттігін айтқан пікірін келтіру арқылы өсімдіктердің денсаулыққа деген пайдасын айта өтеді. Сейітқамза Қалиев деген халық емін отыз жылдан аса уақытта неше түрлі сырқаттарды емдеумен айналысқан емшінің сөзінше, дәрілік өсімдіктерді пайдалануда әр елдің өзіндік салт-дәстүрі мен жинау, сақтау, қолдану ерекшеліктері болатынын, Үнді, Қытай, Тибет сынды жазба деректерімен танымал елдердің емшілері өсімдіктер мен жануарларды, минералдарды т.б. ұтымды пайдаланып, адам өміріне төнген қауіппен қарсы күресуде бай тәжірибе жинақтағаны көне дәуірден мәлім екенін көреміз дей келе қазақ халқының да мұндай тәжірибеден аулақ еместігін айтады. Қазақ халық емшілерінің тәжірибесінде ауруды шөппен емдеу тәсілі жиі қолданылады. Төрт түліктің қамымен мыңдаған шақырымға көшіп жүретін қазақтар әрбір өсімдіктің гүлдеу, ұрық шашу, өсіп-өну, құрау мерзімдерін жақсы білген. Жыл маусымына сәйкес өсімдіктердің шипалық немесе улы қасиеттерінің артатынын білген, кезеңдеріне сай өсімдіктердің шипалық немесе улы түрінен сақтанған және емдік шөптерді күш-қуаты бойында тұрған кезінде, дәл уақытымен жинайтын болған. Мифофитонимдер қатарына емдік шөптердің атауына сакралды өсімдіктерді жатқызу халқымыздың танымының бір қыры ретінде анықталатына көз жеткіземіз. Қазақ емшілер арасында емдік шөп ретінде қалақайды, ащы жалбызды, андыздың жапырағын, шытырды, шайшөптің гүлдерін, емен, қарашіліктің қабығын, қарағай мен жалбыздың бүршігін, итшомырт, арша жидегін, дермене, итмұрынның жемістері мен тұқымдарын, рауғаштың тамырын қолдану кең таралған үрдіске жатады.

Халқымыздың танымында емдік қасиеті ерекше өсімдіктердің бірі – адыраспан. Бұл өсімдіктің емдік қасиеті туралы көптеген сөздіктерде көрсетілген: «гармала обыкновенная или могильник обыкновенный. В азиатской медицине применяют семена как антиспастическое, снотворное, противорвотное и противоглистное средство. Использовалось в качестве абортирующего средства на Среднем Востоке и в Средней Африке. Для этих же целей используют в Западной Европе. Растение находит применение и в гомеопатии. Семена используется также в шаманских практиках арабских кочевников» [2]. Халқымыздың тұрмысында, өмірлік тәжірибесінде дәлелденген адыраспанның емдік қасиетін төмендегіше жіктеп көрсетуге болады:

- Адыраспанды қайнатып, малдың қотырын жуған;
- Кесіртке сынды жәндіктер малды жаралағанда, шаққанда адыраспанға аунатып алады;
- Адыраспанды жапырағы мен сабағын қосып қайнатса, ұмытшақтыққа ем;
- Адыраспан шөбін ыстағаннан соң тіс қақсауы басылады;
- Адыраспанның жапырақтары мен сабағын қайнатып құяңмен ауырған адам екі апта қатарынан ішсе жазылады;
- Адыраспан суына суықтан тиген аурулар мен терісі бөрткен кезде жуындырады;
- Адыраспанның жас сабағын қиып, жаншып буынға тартса, жел-құздан қозған ауруды емдейді;

- Адыраспанды қайнатып, сол сумен адамның буынының сырқырауын, аяқ-қолының қақсауын үш мәрте булау арқылы кетіретіні анықталған;

Кейбір еңбектерде бұл қасиеттерінен бөлек өсіп тұрған жеріне шыбын-шіркейдің жоламайтындығы, оған тек «ханның қызы» сияқты қасиетті қоңыздар ғана қонатындығы туралы айтылады. Сонымен қатар, жүнге қатысты қолөнерде қолдананылатын түрлі жіптерді бояу үшін адыраспанды көп мәрте қайнатып, қызылкүрең түсті бояу алады [1, 112].

Келесі кезекте адыраспан сөзінің этимологиясына назар аударатын болсақ, «адыр» бөлігінің көне түркі тіліндегі адыр\айыр етістіктерімен қатар анықтап, д мен й дыбыс сәйкесін көре отырып, Б.Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» деген еңбегінде [3] ажыраумен мағынасымен қатар атырау сөзінің келетінін айта келіп, теңізге құятын өзеннің сағасында арал пайда болса немесе бөлініп қалған жерін атырау деп айтатынын айта келіп, атырау мен ажыраудың вариант сөз деп табылатынын, адыра қал деген фразеологизм негізінде келетінін, бұл екі сөздің берер мағынасы бөлініп қалу мәнінде келетінін көреміз. Атырау, ажырау, адыра сөздерінен т-ж-д сәйкестігі түзіледі» – деп түсіндіреді. Е.Керімбаев «Казахская ономастика в этнокультурном, номинативным и функциональном аспектах» деген еңбегінде [4] де көне түрік тілінде адырдың ажырау, айырылу мағынасында қолданылып, тау, көл, бұлақ сынды географиялық атаулардың негізі болғанын айтады. Қазіргі қазақ тіліндегі айыр = етістігімен сабақтас ескі түркі тілінде adir тұлғасы да қолданылған. Мысалы, adir – «айыру», «ажырату», adril – «айрылу, ажыратылу», «бөліну» т.б. [2, 62]. К.Брокельман мен Г.Вамбери сынды зерттеушілер еңбектеріне сүйене отырып, адыр тұлғалы сөздердің ай // ad // ab деп санайтынын көреміз [4, 78]. Сонымен қатар, А.Шормакованың айтуы бойынша, адыраспан өсімдігінің тамырлары бір-бірінен ажырап өсетініне байланысты Көк тәңіріне табынған түркілердің аспан сөзіне тіркесіп, адыраспан өсімдігі атағанын көреміз. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 15-томдық сөздігінде адыраспанның емдік қасиеті күшті, ауруларды емдеуге қолданылатын өсімдік екені әрі көпжылдық шөптесін өсімдік деп анықталады. Сонымен қатар, адыраспанды жинау тұқымы толық пісіп, қауызы толғанда ғана болады әрі ер адамдар жинауы керек болған, жинақы, дәреті бар тап-таза адам таңдалатынын айтады. Діни ұғымда жын мен шайтаннан аластау үшін «Адыраспанмен үйді аластау» рәсімі жүргізілген. Үйдің босағасын, үй ішін тазалап қана қоймай, медициналық тұрғыдан бактериялардан да тазарту үшін қолданатынын, тіл мен көз тигенде де ұшықтау кезінде адыраспанды қолданатынын көреміз.

Алас, алас, баладан алас,
Түрлі-түсті пәледен алас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Алас, алас, алас,

Қыла гөр Алла пәлеңнен қалас – деп отқа тұз тастайды [5]. Ертерек уақыттарда адыраспан тәрізді меңдуана өсімдігін де тұтатып, түтінімен аластайтын қасиетті шөп ретінде пайдаланған. Бұл шөп өте улы өсімдік болғандықтан оны мейлінше мөлшерімен, мұқият пайлануға тырысқанын, мөлшерден тыс пайдаланылса адам уланып, басы айналып, беті мен мойны қызарып, құсады, яки миы уланады. Халық арасында кездесетін меңдуана жегендей тіркесі осы улылығына қатысты:

Мына көктем қайтеді, мына көктем,
Қылаң еткен алдымнан сылаң еткен.
Меңдуана жегендей, мына баққа
Тағы келдім,

Бақ бар ма бұдан өткен?! (Кенжебай М. «Никольский базары скверіндегі көктем»). Немесе: «Не деген топас едім, а!? Меңдуана жеген кеще біреу болса, сол мен шығармын! Апырмау, миында бір шөкім ақылға аялдама жоқ, санасында ескіретін саңылау жоқ,

ақымақ болғаным ба?» (Наймантаев А. «Жиналыс жүріп жатыр»). Халық емшілігінде меңдуананың тұқымы мен жапырағы пайдаланылады әрі оны тұқымы піскенде жинап алып, қараңғы жерде кептіреді. Меңдуананың тұқымын тіс ауруларын емдеуде жиі қолданады әрі қолдануының екітүрлі тәсілі бар: біріншісі, талқандап, ұнтақтаған меңдуана тұқымын темекі секілді тарту (түтінін ішке жібермей), екіншісі, меңдуана тұқымын өртеп, оның түтіні ауызға жеткен кезде құран аяттарын айтып емдеу, бұл тәсілді ел арасында тістің құртын шақыру деп атайды [6]. Ішкірне деп аталатын құрсақтың түйнеп ауыратын жіті сырқатына меңдуананы талқандап ішкізеді. Сол сияқты шиқан аузын шығаруға да тартады. Халқымыз меңдуананы мал емдеуде де кеңінен пайдаланған. Осы меңдуананың этимологиясынаталдау жасайтын болсақ. Ә.Қайдаров меңдуана сөзінің этимологиясына байланысты сөздікте иран тілдерінде банг және девона ақылынан адасқан, есерсоқ, есуас деген екі сөздің бірігуі арқылы, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес бангүндіқарасорасы сөзімен формасына, девона дуана формасына ауысу арқылы жасалған деген пікір білдіреді. Сонымен қатар, иран сөзінің меңдуана атануын фонетикалық құбылыс деп атап, мең сөзінің қазақ тіліндегі меңзеу, меңіреу, мең-зең сынды туынды түбірлерге негіз болғандығын айтады [7].

Халқымыздың тілдік қолданысымызда көп кездеспейтін, улы өсімдіктің бірі – итсигек. Итсигек өсімдігі туралы мынадай аңыз-әңгіме кездеседі: «Ауылдың қадірлі қариясы Шөптібай ақсақал ауыл жігіттеріне ылғи да итсигектің уын жинап қоюға кеңес беріп жүреді екен. Басқа өсімдіктер жер астынан дүркірей көтеріліп, шілденің соңына қарай қурай бастағанда, итсигек қана қан-сөлсіз қуарып, бунақталып ербиген қалпында тұрады. Тек шілде айында ғана серейген бұтақтарына жан бітіп, әр жерінен ұсақ көк түйіндер пайда болып, шілде ортасы ауғанда көкбұтаның басынан қан-сөлсіз, күн қуратқан шүберектей болып бес тілді ұсақ гүл бүр жарады. Жігіттер гүлін көп салған, буыны көп, бойы аласа итсигекті таңдап жүріп жинап, үш-төрт шойынқазанды Былқылдақтың сорына апарып, қазандарды улы шөптің үстіне төңкеріп жабады да, қазан ернеуін айналдыра топырақпен көміп, таптап тастайды. Шілде мен тамыздың ми қайнатқан ыстығында қара қазан итсигектітұмшалап, төңкеріліп жатады. Тек қыркүйек айында әлгі жігіттер қайта келіп, қазанды жел жағынан төңкеріп (олай етпегенде шөптің уы бетті шалып кетеді) қазанның қабырғасынакөк-шұбар болып жабысқан уды қырып алады да, қыста өлген малдың етіне жағып қояды. Көкжалдар улы етті бірер қарбытқан соң, сенделіп масс болып, сеспей қатады» [8]. Тіршілігінің тірегі төрт түлік еткен қазақ халқы үшін, жер қойнынан өсіп шығатын әрбір түп өсімдік сол төрт түлігіне азық болумен қатар, оларды ит-құстан да қоритын қару ретінде пайдаланылып отырған. Сонымен қатар, бұл өсімдіктің малдың қышымасы мен қотырына мыңнан бір ем екендігі халық арасында жиі айтылады. Ол үшін тамыз айында итсигек тамырын жинап, кептіріп, келіге түйіп ұнтақтайды. Ұнтақты шүберекке түйіп, аздаған суға қайнатып алады да, буына бұқтырып қояды. Осы суды ұнтағымен қосып, темір бөшкеге сақтап, малдар қышымамен ауырғанда шетінен пайдаланып отыруға болады. Бұл өсімдіктің улылығы туралы «Қазақстанда кездесетін улы өсімдіктер» кітабында: итсигектің бойында: анабазин, афилин т.б. бар. Анабазин – күшті у. Оның әсері темекі никотинінің әсеріне ұқсас. Аз мөлшерінің өзі адам мен малдың тыныс мүшелерін зарарлап, өлімге дейін апарып соғуы мүмкін. Бұл алкалоидтың түрліше ұсақ жәндіктерді улайтын қасиеті бар. Мысалы, бүргелердің, биттердің, кенелердің денесіне тисе болды, оларды қатты уландырады. Кейбір жәндіктер үшін иісі де жеткілікті» [2, 39] деген ақпарат берілген.

Емдік қасиетімен қазақ танымында ерекшеленетін өсімдіктердің бірі – жалбыз. Сыздауыт пен сулы жерлерде, тау шатқалында өсетін әрі дәстүрлі емшілікте жиі қолданылатын жұпар иісті, емдік шөп ретінде жалбыз танылады. Жапырағы ирек келетін жалбыздың сабақтары – қырлы, өзегі – қуыс. Өсімдік атауларына арнайы зерттеген М. Бимағамбетовтің ойынша, жалбыздың әуелгі формасы ретінде «жел бұз» келеді. Оның себебі бұрынғы кезде халық оны қайнатып, жел ауруына ішкізіп, соған ем ететін болған. Яғни, желді бұзады деген ұғымға байланыстырып, «жел бұз» атаған. Ал қазіргі кезде қазақ

тілінде жалбыз аталып кеткенін көреміз. Жалбыздың мәдениетімізге етене сіңісіп кеткенін «Жалбызды жерде жан қалады» деген мәтелден айқын аңғаруға болады. Сондай-ақ, жалбыздың емдік қасиетіне байланысты аңызды «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиядан кездестіреміз: «Бір-бірімен кәсіби өрісі туралы шен таластырған екі емші кез келген ауруды емдеп жаза алатынығын алға тартып бәстеседі. Бәстің аяғы ту ешкінің бүйрек майын балаларына жегізіп, онан келетін кесапаттан айықтыру болады. Емшінің бірі май ерітудің құпиясын біледі екен де, екіншісі онан мақұрым болса керек. Ақыры екінші емшінің жалғыз баласы қатқан ешкінің майынан айықпас дертке душар болып көз жұмады. Емші әкесі баланың асқазанына байланған ешкінің тоңмайын кесіп алып, пышаққа сап жасап алған екен дейді. Ішқұса болып тау-тасты кезіп кеткен емші бірде дамылдап отырған кезде беліндегі пышағы абайсызда жалбыздың үстіне түсіп кетеді. Жалбыздың пышақтың сабын ерітіп бара жатқанын байқаған емші «Жалбызды жерде жан қалады екен, жалбызды білгенде жалғызым өлмес еді» немесе «Жалбызымның жоғынан жалғызымнан айырылдым» деп күйінген екен. Дәстүрлі емшілікке қатысты бұл аңыздың негізгі лейтмотиві күллі аурудың емін тапқан, ұзақ өмір сүрудің құпиясын ашқан Лұқман хәкімге қатысты аңыздың қазақыланған нұсқасы деуге болады» [9]. Лұқман хәкімге қатысты аңыздардың бірінде баласының ауырып қайтыс болуына себепкер болған жүрегінің басына байланған мүйіз болған деседі. Сол мүйізді таяғына сап қылып, оны бір жерге сүйей салған екен, оянғанда саптың шөпке (жалбызға) тиген жағы ери бастаған екен. Жалбыздың қасиетін білетіндер оны гүлдемей тұрып жинап алады. Көлеңке жерде баппен кептірілген жалбыз өзінің емдік қасиетін жақсы сақтайды. Халық емшілігінде жалбызды суықты тартатын, майды ерітетін, асқазан-ішек жолдарын тазалайтын қасиеті үшін жоғары бағалайды. Жалбыздың қазақ өміріндегі маңызы мен қасиеті туралы өлең-жырларда да көп айтылады. Мысалы, Сейфолла Оспанның «Жалбыз» өлеңінде Құдай адамды жаратқанда оның жанына керек неше түрлі хайуандар мен өсімдіктерді жаратады. Бірақ адамның көңілі бір нәрсеге алаң болып, тынши алмайды. Сол кезде Жаратушы: «Сен үшін не жаратайын? – деп сұрағанда, адамның берген жауабы мынадай болады:

«Жапырағы жайылған,
Болсам егер өсімдік.
Ессе ізгілік бойымнан,
Алар едім есім ғып» – дей отырып, өзінің қалауын сұрайды. Сонда Құдай «жалбызды» жаратады.

Содан жалбыз ем болып,
Талайларға жағыпты.
Сыйлайды екен ел болып,
Жанын оның таныпты.
Аңыз болып тараған
Кім білмейді жалбызды.
Сыйлап бар ел, бар адам

Жалбыздайын жан дейді (Сейфолла О. «Жалбыз»). Жазушы Тұрдыбек Алшынбаевтың «Жалбыз иісі» шығармасында бұл өсімдіктің барлық қадір-қасиеті көрінеді. Кішкентай Дәуіржанның атасымен бірге қыстауға, жай ғана қыстау емес, Ата қонысқа көшіп келуі. Атасының снаряд жарықшағы тиген көзінің ауырғаны, күйбең тіршілікпен шауып жүрген әке-шешесінің бұларға көңіл бөле алмауы жас баланың үлкен кісілерше шешім қабылдауына, сөйтіп атасының көзіне ем ретінде түнделетіп барып жалбыз теріп әкелуі баяндалады. Шығарманың өн бойында өсімдіктің бар қасиеті ашылады. Атасының: – Жәй, көздің ұшынғанына жалбыз жақсы болушы еді, мына қараңғыда қайдан табамыз! – деген бір ауыз сөзі баланың қараңғы түнде бұлақ бойында қарауыта ырғалып, хош иісі мұрын жарған барқыт жапырақты жұмсақ шөпті құшырлана жұлуына себепші болды. «Айнала қою қараңғылықтың өзі байқалмай кетті. «Әне, анау қарауытқан атасының Ата қонысы, ескі қыстау ғой. Қасиетті мекен! Бұл жердің әр тал

шөбіне дейін ойға медеу, бойға шипа! Дәуіржан хош иісті жалбызды құшақтап келе жатып, бір сәт міне, осылайша шалқыды...» (Алшынбаев Т. «Жалбыз иісі»). «...Мен тас жықпылына біткен бір түп жалбызды жұлып үлгергенше шың кемерінен табаным көтеріліп үлгерді. Қыркүйек айында буыны қатып, толысқан жалбыздың иісі ерекше екен. Менің қазіргі сәттегі әрі-сәрі көңілімді орнықтырғандай, осы бір шүйкедей ғана жапырақтың саумал иісі сарайымды ашып жіберді. Есіме тағы әжей марқұмның: «Тауға біткен жалбызым-ау!» - деп отыратын сөзі түсті. Есіме түскені мұң екен қолымдағы жалбыз елбіреп, саусағын созған әжемді елестетті, ұсақ түк басқан қара көк жапырақтар көзіме оттай басылды. Жалбыздың да буын-буыны босағандай, алпыс екі тамыры иігендей, жұпар иісімен ағыл-тегіл шомылдырып жатыр...» (Сейдімбек А. «Тауға біткен жалбыз»). Жоғарыдағы шығармалардан келтірілген мысалдар арқылы зерттеушінің жалбыз өсімдігін барлық болмысымен жарқыратып, соны айқындауға, соны даралауға жұмсалғанын, жалбыздың халқымызда ерекшеленетінін көрсетеді [2, 39].

Көлден кетсе, жалбыз мұң,

Елден кетсе, жалғыз мұң, - дегендей, жалбыздың емдік қасиетінің орасан екенін этнограф Ж. Бабалықовтың жинаған деректерінен дәлелдер келтіру арқылы оның мынадай қасиеттері бар екенін көрсетеді:

- Адам ыстықтан да кейде тұмауратып жатады. Сол уақытта жалбызды суға қайнатып ішеді.
- Адамның басының ыстығымен қатар, ішкі ағзалардың да ыстығы көтеріліп, көз қызарып ісінгенде, ұшынып қалып, ерінге ұшық шыққанда жалбызды суға қайнатып, күніне екі мезгіл ішсе болады;
- Жас бала тұмауратып қалса, жалбыз алып, суға бір қайнатып, бір метрдей көк түсті шүберекті жалбызға малып, осыған баланы орап, тағы да қалың етіп жауып терлетеді;
- Кейде адамның мұрнынан қан тоқтамай жатады. Сондай сәттерде жас жалбызды суға қайнатып, сол суға мақтаны салып, мұрынға суын тамызу керек. Құлақ ауырғанда да жалбыздың суын сығып, соны құлаққа тамызады [2, 39], [10].

Емдік өсімдіктер этимологиясына қарап отырып, олардың кейбірінің сөздердің бірігуі арқылы, тіптен өзге тілден енгенін де көреміз. Бұл өсіміктер халқымыздың рухани мәдениетінің бір белгісі болып, мифофитонимдер қатарында этномәдени сипаты халық арасындағы аңыз негізінде көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.
2. Шормакова А. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің линвомәдени бейнесі. Философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, ҚР, Алматы, 2020. – 178 бет
3. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.
4. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативным и функциональном аспектах. – Алматы, 1992. –92 с.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
6. Оразақов Е. Қазақ халық медицинасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 бет
7. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы. Алматы, 1966. – 240 бет
8. Сейдімбек А. Шығармалары. Алты томдық. – Астана, 2010. Т.2. – 816 б.
9. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия 2 том. – Алматы, ТОО «Алем Даму Интеграциясы», 2012. – 736 б.
10. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.

ӘОЖ 821.512

А.БАЙТҰРСЫНОВ ЕҢБЕГІНДЕГІ ТІЛ ТАНЫТУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Ажкеева Г.А. – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
«Облыстық дарынды балаларға арналған Абай ат. мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ, Теректі ауданы, БҚО

Резюме:*В статье анализируются взгляды А. Байтурсынова на познавательную функцию языка. При этом обобщаются и излагаются концептуальные взгляды ученого на идеологическую функцию национального языка. Также дается собственное мнение ученого о труде «Язык-это инструмент».*

Ключевые слова: *А.Байтурсынов, национальный язык, язык, познание, национальное мировоззрение.*

Қазіргі таңдағы ұлт тілдерін дамытуға және тануға жан-жақты мән беріліп отырған кезеңде тілді зерттеудің нақты үрдісі ұлттық ойлау жүйесіне тән ерекшеліктер мен заңдылықтардың тілдік деректері арқылы қарастырылу бағытымен сипатталады. Тіл мен ойлаудың бірлігінің арнасында қарастырылатын сондай жекелеген өзекті мәселелердің бірі – тіл мен танымның арақатынасы. Осымен байланысты жеке ұлт тілі ретінде қазақ тілінің дүниетанымдық қызметі қарастырылуының маңызы оның ұлт мүддесі үшін қызметін анықтауында. Керісінше, ұлт дүниетанымындағы қасиеттердің, арнайы ұғымдардың ана тілімізде көрініс табуы олардың қолданыс ерекшеліктерін, тілдік айналымдағы орнын көрсетіп беру сияқты сұрақтар ауқымын жан-жақты аша түсуді қажет етіп отырғандығы да ақиқат.

Осы бағыттағы зерттеулердің алдыңғы легінде мақаламызда сөз етілетін ғалым А.Байтұрсынұлының есімі тұрады.

Қазақ тіл білімінде тілге тек құрылымдық ерекшелік ретінде емес, адамзат болмысының өзгеше бір бөлшегі деп қарау XX ғасырдың басында-ақ негізделе бастады. «Тіл-құрал» деген ұстанымды басшылыққа ала отырып, қазақ зерттеушілері тілдің әлеуметтік, психологиялық, танымдық қызметтеріне назар аударды. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры...» деген А.Байтұрсынұлының пікірі де сол бастаманың алғышарты болды [1]. Тілші 1914 жылы Орынборда шыққан еңбегін «Тіл – құрал» деп атай отырып, оның алғашында өзгелерге қаншалықты жат естілгеніне қарамастан, болашақта соншалықты маңызды болатындығын ерекше сеніммен ескертеді.

«Тіл құрал деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат...» [1, 142] деген автор сөздері соған айғақ.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін өз алдына оқшауланып тұрған, бір халықтың игілігіне ғана қызмет ететін қазына ретінде ғана емес, тіл туралы ғылымның іргелі бір тармағы есебінде жалпыадамзаттық құндылықтың жүйелі көрсеткіші сияқты зерттеу керектігін алғаш дәлелдеген ғалымдардың бірі. Сондықтан Р.Сыздықова бұл еңбекке «... қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс» [1, 20] деп жоғары баға береді. Тек қазақ тіл білімінде ғана емес «қазақ мәдениетіне» қосылған зор үлес тұрғысынан бағаланған бұл зерттеудің жалпы танымдық, этнографиялық, ұлттық-мәдени өзгешелігі ерекше. Сол себепті «Кітап бетінің төменгі тұсындағы сілтемеде хат таныту жолы көрсетіліп, сабақ әдісі қоса беріледі. Барлық әріптерді өтіп болған соң, танымдық материалдар ұсынылады»

деп жалғастырады ойын Р.Сыздықова [2]. Таным көзін құраған сөздердің «туысқан-туған іліктес» деген тақырыпта, кімдердің, ойындар мен ойыншықтардың т.б. атаулары» түрінде топталып берілгенін де тілші асқан көрегендікпен ескертеді. Демек, тілдік материалдар сол кездің өзінде таза теориялық қағидаларға ғана емес, идеялық-рухани тәрбиеге де, халықтық дүниетанымға да арқау болған. Ғалым бастауыш мектептерден бастап, оқушыларға тілді үйрету аз, тілді таныту қажет деп есептейді [1, 174]. Осыған орай, еңбегінің жазылу мақсатын да өзгеше зейінмен баяндайды: «Бұл әліп-би кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақындату шарасын табу түрде шығарылып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа программа болуы көзделді» [1, 50].

Халық қабылдауына жақындатылып, түсінік-пайымдауына негізделіп жазылған бұл еңбек, біріншіден, терең этнолингвистикалық зерделеудің үлгісін танытты. Оқулықта, бір жағынан, Р.Сыздықова атап көрсеткендей, әріптерді оқуға, жазуға жаттықтыру, «дағдыландыру мақсатында сөздердің халықтық ұғымдары, олардың лексика-семантикалық топтары негізге алынса, екінші жағынан «Сауат ашқыштың» мәтіндері халық ауыз әдебиеті үлгілерінен жинақталды. Айталық, «Алдар көсе», «Қожанасыр», «Атақозы би», «Жәнібек би», «Әділ би» және т.б. келер ұрпақтың танымын тереңдету, өз халқына сүйіспеншілігін арттыру, шығу тегін, жалпыадамзаттық құндылықтарды ұмыттырмау мақсатында тілші Абай өлеңдерінен, Ы.Алтынсарин дерекнамаларынан («Қыпшақ Сейітқұл»), алуан түрлі танымдық мақалалардан мысалдар ұсынады. Мәселен, «Қазақ салты», «Шаруа жайы», «Дағдылы жол мен айлалы жол», «Қазақ малының тұқымын асылдандыру жайында». А.Байтұрсынұлы тілдік құралдардың бала санасына әсер етер ерекшелігін ескере отырып, мақал-мәтелдердің, жұмбақтардың, аңыз-әңгімелердің, өлең-жырлардың тәрбиелік маңызын жоғары бағалады. Ол тілді халық тағылымы деп сипаттау арқылы оның этнос болмысын танытар барша мүмкіндіктерін зерттеуіне нысана етеді: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады» [1, 14].

Екіншіден, «Тіл-құрал» атауының өзі жеке қазақ тіліне емес, жалпы тіл ұғымына, оның қызметіне арналып тағайындалған. «Тіл-құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал» [1, 335] деген ғалым пікіріне сүйенер болсақ, тіл бір ғана ұлтқа немесе этносқа ғана қызмет етпейді, ол барша адамзатқа ортақ «есепсіз бөлшектер» жиынтығынан құралады. А.Байтұрсынұлы тілдік фактілерді сұрыптай келе, кез келген лингвистикалық еңбектің бір ғана тіл негіздеріне сүйене жазылмайтындығын ескере отырып, тіл ғылымындағы салыстырмалы, салғастырмалы зерттеулердің маңызын атап көрсетеді. Осы мақсатта еңбекте «дүниядағы жұрттың тіліне» талдау жасалынады: «Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршік тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай һәм жапон тілдері. Жалғамалы тіл – сөздің аяғына жалғау қосылып өзгертілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі» [1, 143]. Демек, тілші назарынан барлық дүние жүзі тілдерінің типологиялық жіктемесі де сырт қалмаған.

Үшіншіден, ғалым тіл табиғатын зерделей келе, тілдің ойлау жүйесімен байланысына ерекше мән береді. Ол сөйлемнің құрылымдық, мазмұндық сипатын оның қатысымдық қызметімен ұштастыра келе, «ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді» [1, 264] деген қорытынды жасайды. Зерттеуші айтушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынастың ерекшелігіне тоқтала отырып, ой мен сөздердің «қиындасуын» маңызды фактор ретінде қарастырады: «...айтушының ойын тыңдаушы

ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады. ...Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне бірінің қырын келтіріп, қиындастырады» [1, 263-264]. Аса қажет психологиялық мінездеме ретінде тілші «бұйрық, өтініш, үгіт, жай тілек» секілді адам көңіл-күйінің эмоционалды-экспрессивтік реңктерін білдіре алатын тілдік құралдарға шолу жасайды, оның барлығын «көңіл тілегі» [1, 298] деп топтайды.

Қорыта келгенде, «Тіл-құрал» шын мәнінде, тілдің барлық дерлік функционалды-семантикалық ерекшеліктерін қамтыған, оның сыртқы құбылыстармен байланысын пайымдай зерттеген құнды еңбектердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992.
2. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: «Санат», 1997.

ӘОЖ 811. 411. 003.081

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИІМІЗДІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Курманова Ж.Б., Джубаналиева Р.М.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, БҚО,
Орал қ.

Резюме: *В данной статье автор обращает внимание на изменения в казахском алфавите. Автор удиляет особое значение вкладу Ахмета Байтурсынова в в новый алфавит. Цель исследования определение актуальности перехода с кириллицы на латиницу.*

Ключевые слова: *алфавит, латиница, арабский алфавит, письменность, слово.*

Адамзат мәдениеті тарихында алфавит пен жазудың маңызы ерекше. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс ретінде жазу – өткен мен бүгінгіні, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Еліміздің бүгінгі жеткен биігіне шығуы жолында жазу мәдениетіміздің де өз үлесін қосқанын жоққа шығармаймыз. Себебі жазу – мәдениеттің ажырамас бір бөлшегі. Халықтың ғасырлар бойы игерген барлық жетістіктері жазу мұрасы арқылы танылады. Бір жазудан екіншісіне көшу халықтың осы рухани байлықтан сусындауынан қосымша қиындық келтіруі мүмкін. Сондықтан алфавит пен жазу мәселесіне әлеуметтік лингвистика тұрғысынан жете назар аударған жөн деп білеміз.

Осы орайда, қазақ жазуы тарихында алғашқы түрен салушы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынов есімін құрметпен еске аламыз. Халқының келешегі үшін Қазақ әліпбиіне түрен салған, ұлт мүддесіне арымен қызмет еткен, түркі еліне есімі мәшһүр Ахмет Байтұрсынұлының ғұмыр жолы – барша қазаққа үлгі, өнеге. Сол кезеңде, яғни XIX ғасырдың соңынан бастап, Ахмет Байтұрсынов еңбек еткен алғашқы кезеңде, қазақ халқының өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы қолданып келген араб жазуы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алмайтыны, оның түркі тілдеріне жарамсыздығы мен кемшілік жақтары баспасөз

беттерінде айтылып, қазақ жазуын жетілдіру керек деген мәселе көтеріле бастаған еді.

Адамзаттың даму тарихына зер салсақ, жұрт жұмысын жасаған, елі үшін еңбек еткен ұлдарын пір тұтып, ұлықтай білген. Әрі ұрпақ тәрбиесінде кемеңгерлердің күресіндері мен тыныс-тірлігін тәлім еткен. Бұл күні тағылымы – тарих, білімі – мұхит, сөзі – әфсана Ахмет айшықтарын ұлттың рухани темірқазығы деп мақтаныш тұтамыз. Ал, ұстаз ұлағатына тағзым жасау – ұрпақтан ұрпаққа ауысар ғибратты игі шараға айналып келеді.

Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі – араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін (алфавит) құрастыруы. Осы арқылы ғалым қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. А.Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырады. Жазу дегеніміз – шын мәнінде, кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Ғалым осы құралды ұлттық деңгейге көтеру жолында жан аямай еңбек етіп, тер төкті. Себебі сол кезеңге дейін ұзақ ғасырлар бойы қолданыста келе жатқан араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында үлкен кедергілері мен қиындықтары бар еді. А.Байтұрсынұлы осы кедергілер мен қиындықтарды жоюдың ең басты тәсілі – араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалау деп білді. Ғұлама осылайша ұзақ ғасырлар бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан араб графикасын қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын көтеріп, оны іс жүзінде реформалады.

Жазу – адамзат дамуындағы қол жеткен ең маңызды құндылық. Бүгінгі тарих тағылымы жазуы бар, сол жазуын сақтаған елдің рухани мәдениетін терең бағалап, өз бетінен ең бір қадірлі орнын белгілейді. Төл жазуын қасиеттеп, киелі санап, ие болған ел мәдениет тарихынан өзінің тиянақты орнын тұрақты белгілей алады.

Қазақ жазуының өткен тарихы ауыр болғаны сөзсіз. Қазақ еліне өз өктемдігі мен өкімдігін жүргізгісі келгендердің барлығы оның рухани болмысына жасайтын шабуылын, ең алдымен, жазуды өшіруден бастаған екен. Кез келген жазу сол ұлттың дәстүрлі мәдениетін, елдігін, тарихи жадын сақтайтын жәдігер екенін ескерсек, мұның мәнісі түсінікті де. Араб жаулаушылары атының тұяғы жеткен жерлердің барлығында түркілік таңбаларды жоюға күш салыпты, орыс колонизаторлары қазақ еліне кең тараған араб жазуымен, араб мәдениетімен күресіп, жазуды өшіріп, ақыры өз әліпбиін енгізген.

А. Байтұрсынұлының төте жазуының тағдыры қалай болғаны бүгінгі көзі ашық қауымға белгілі. Қазақтың қайран тілі көшпенді ғұмыр-тіршіліктің арқасында жазуға мойынсұнбағандықтан, өзге тілдердің ырқына көне қоймай, өз болмыс-бітімін сақтай дами берген. Жазу болған жерде тарих - бар, білім – жүйелі, ой – тиянақты, ғылым – сапалы, рухани қазына – жинақы. Ғылымның бар болуы жазумен тікелей байланысты, сондықтан сөйлеу мен жазудың қатынасының басты анықтағышы да, ойлаудың таразыланып, ортақ игілікке айналуының да басты әрі негізгі көрсеткіші – жазу.

Елдің, ұлттың тарихы таразыланғанда, рухани мәдениетінің парқы мен нарқы зерделенгенде жазудың қадірі арта түседі. Жазумен таңбаланып, анықталмаған тарихқа мұрагеріңді қалай сендірмексің, бабадан қалған мұрам еді деп кімді иландырарсың? Қандай формада болса да, жазумен қалған тарих – еліңнің еншісін бөлмей сақтауының басты кепілі. Жазусыз тарих көптеген талас-тартыстарға жол ашып, Елдің кешегісін көз алдына келтіре алмай, ертеңіне деген кемел сенімін әлсіретері даусыз.

Байтұрсынов әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), Түркітанушылардың бүкілодақтық 1-құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы

әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады [1].

Ғалым сауатсыз халықтың болашағын ойлап, жаны күйзелді. Қазақ халқы тұтынып отырған араб алфавитінің теріс жақтарын, кемшілік тұстарын көріп, өзгеріс енгізуді қажет деп санайды. Ол туралы ойын «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» сөйлеген сөзінде айтады. А.Байтұрсыновтың ойынша, жақсы әліпбидің мынадай қасиеттері болу керек: жақсы әліпби тілге шақ болу керек; Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады; әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс; Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ [2].

А. Байтұрсынов қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Жас ұрпақтың сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбасының керектігін ұғады. Оған дейінгі мұғалімдер баланы өз ыңғайларына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланып, түрліше оқытатын. Сондықтан, ол оқу жүйесін бір қа-лыпқа келтіру мақсатымен, балаларды оқытуда, әріп үйретуде жеңіл болуы үшін жас ерекшеліктеріне, ой-өріс, сана-сезімдерінің қалыптасу ыңғайына қарай әліппе оқулық кітабын жазуды қолға алады.

Ол үшін ең алдымен алфавиттегі әріптердің қолданылу ретін, жұмсалу орнын анықтауды мақсат етеді. Екінші орынға оқыту жүйесі мен мектеп, медресе, оқулық, т. б. Мәселелерді қояды. Шамамен 1910 жылдан бастап, араб жазуы таза сол күйінде қазақ тілі үшін жайлы еместігін байқап, оны қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзетуді қолға алады. 1913 жылғы «Қазақтың» № 35 санында жарияланған «Жазу мәселесі» деген мақаласында А. Байтұрсынов дауысты дыбыстарды таңбалау жөнінде өз ұсыныстарын айтты. Ол өзінің айтқан пікірлерін Ғ. Мұса мырзаның айтқан пікірімен салыстыра отырып, араб графикасы негізіндегі қазақ жазуында о, у, ы, е әріптерінің қалай таңбалануы жөнінде өз концепциясын ұсынады [3].

Латын әліпбиін қабылдау не қабылдамау мәселесі бүгін ғана көтерілген, айтылған жаңалық емес. 1924 жылғы Орынбор қаласында өткен сиезден бастап, осы таңбаны саралауға қанша жиын арналғаны бүгінгі зиялы қауымның көз алдында. Латын таңбасын енгізу немесе енгізбеу туралы көзқарастарды тұжырымдап, олардың мынадай сипатын айқындауға болар еді:

Артықшылығы:

- Әлемдік деңгейде ақпарат алу жеңілдейді;
- Әлемдегі барлық түрік жұрты латын таңбасында болады; алайда бұл бәріне бірдей ортақ таңба болады деген сөз емес, өйткені көнеден келе жатқан түркі тілдерінің арасындағы дыбыстық және грамматикалық айырмашылық бүгінгі оғыз тобындағы тілдер мен қыпшақ-ноғай тобындағы тілдердің өзіндік ерекшелігін танытатын басты белгі.
- Компьютер мен интернет желісінде жұмысістеуоңтайлы болады;
- Ресми тілде жазылған ресми құжаттар да латын қарпіне көшуі міндеттелуі тиіс.

Кемшілігі:

- Латын қарпіне көшу сауаттылық деңгейін төмендетеді.
- Латын қарпіне өтудің ар жағында жаһандану жолына терең ену, өзге діндердің, мәдениетің әсері болуы ықтимал;
- Кирилл жазуындағы көркем шығармалар мен ғылыми зерттеулер қолжетімсіз болып қалмау жағы жан-жақты шешілуі тиіс.

Әліпбиді өзгерту алдында алдымен мәмілеге келетін нәрсе – А. Байтұрсынұлы түзген араб таңбасына негізделген әліпби қазақ тілінің сөйлеу тілін дәл таңбалайды;

барлық емлелер нақтылығымен, ғылымилығымен ерекшеленеді; бүгінге дейін қолданыста бар (Қытайдағы қандастарымыздың қолданысында).

«Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» деп жазған Ахмет Байтұрсынұлы әріптердің тіл дыбыстарын нақты таңбалауына, оқуға және жазуға жеңіл келуіне, үйретуге оңай болуына басты назар аударады [4]. Ғалым жасаған әліпбидің басты ерекшелігі ретінде қазақ сөзін дәл таңбалап, әрбір таңбаның мәні мен ерекшелігін нақты сипаттап, әрі осы дәлдік пен нақтылықты ғылыми тұрғыдан терең талдауында дер едік.

Араб жазуын қазақ тіліне лайықтап өзгерту үшін оған мынадай өзгерістер енгізу керек дейді.

1. Егер дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, егер дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады, яғни, дыбыстар үндестік заңына бағынсын деген пікірді білдіреді.
2. Дауысты дыбыстардың жіңішке айтылуы үшін жіңішкелік белгісі «дәйекшені» енгізу, оны сөздің алдына қою, ол қазақ тілін көп әріптіліктен құтқарады.
3. Әрбір дауысты дыбыстың өз таңбасын белгілеу.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тіліне тән дыбыстардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың жазылу ретін, орнын, ерекшеліктері мен айырмашылықтарын көрсетеді. Араб жазуының түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіне сай келмейтін тұстарын, басы артық әріптерін алып тастау керектігін тәптіштеп түсіндіреді. Сондай-ақ ол араб жазуын мүлдем алып тастап, басқа алфавитті алуға қарсылығын білдіреді.

Қазақ жазу ілімі теориясында әріп саны фонема санымен бірдей болуы жетілген жазу екенін танытады деген тұжырым А. Байтұрсынұлы еңбектері арқылы қалыптасты. Әріптің фонемадан аз болуы түркі тілдеріндегі сингармония заңының сөздің негізгі құрылымы мен мағыналық ерекшелігін аша алу қасиетімен байланысты. Дауыстылардың бірыңғай жуан-жіңішкелігі сөздің барлық буындарында сақталатындықтан, көп таңбадан гөрі, сөздің алдына дәйекші белгісін қою арқылы жазу экономиясына жетуге болатынын табуы – Ахмет Байтұрсынұлының реформаторлығы ретінде танылады. Қазақ тіліндегі жиырма төрт түрлі дыбысты таңбалаудың өзіндік ерекше жолы мен жүйесін ұсынған ғалым «қ» мен «ғ» дыбыстарының ылғи жуан, «к» мен «г», «е»-нің ылғи жіңішке айтылатынын ескерте отырып, былай деп жазады: «Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны қосқанда дайым жіңішке айтылатын «к» мен «г», «е»-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі керек» [5].

Қазақ жазу ілімінің атасы А. Байтұрсынұлы «Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды» деген ойын бірнеше жерде жұмырлайды, дыбыстар мен әріптер арасындағы қарым-қатынасты терең барлай келе, «дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті» екенін анықтайды [5, 359-360 б.]. «Тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі бар болса», тәртіпті жазу болатынын қайталай ескертіп отырады [5, 380 б.].

А. Байтұрсынұлының қазақ жазуына икемдеген араб алфавиті мектеп оқытушылары және басқа да қазақтың, татардың зиялы азаматтары тарапынан қолдау тауып, күнделікті өмірде қолданыла бастады. Осы алфавитпен «Қазақ» газеті (1913-1919), көптеген көркем әдебиет шығармалары шығып тұрды. Алайда бұл алфавит ресми түрде тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ғана қабылданды [6]. Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы оның тек тұңғыш оқу құралын жазғанымен өлшенбесе керек, ең бастысы алғашқы оқулық тілінің терең халықтығында, сапалылығы мен біліктілігінде.

«Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды...Яғни қазақ сөзінің қисынын келтіріп, өз нақышында жазу үшін сол тілде сауатын ашып, дағдыланған абзал». Ғалым мұны көрегендікпен айтқан-ау. Қазіргі таңдағы тілдік жағдай бұған толық көзімізді жеткізіп отыр [7; 13 б.] – деп баға береді А. Б. Салқынбай.

А. Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының араб жазуын жақтаудағы негізгі дәлелдері – бұл алфавиттің 12-13 жыл бойы қолданылып, орнығып қалғандығы, қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып, өзгертіліп, қазақ мәдениеті мұқтаждығын толық өтеп отырғандығы және оның дыбыс әдісімен оқыту ісіне айтарлықтай қолайлы болып шыққандығы. Сондай-ақ, А. Байтұрсынұлы бұл алфавиттің полиграфиялық мүмкіндіктері мен экономикалық тиімділік жақтарын да баса көрсетеді, жаңажаңа сауаттанып келе жатқан халқымыздың қайтадан сауатсыз болып қалатындығына, араб графикасымен жазылған дүниелерімізден қағажу қалып, тарихи санамыздың күңгірттенетініне де көңіл аудартады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2 т. 1993. 720 б.
2.Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. А., 2005. – 114 б.
3.Машқанова Н. Т. Ахмет Байтұрсынов – қазақ жазуының реформаторы. Ф. ғ. к. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. /Ғыл. жет.: проф. Серғалиев М. С. Алматы, 1994. – 154 б.
4.Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы, 2009. 27 б.
5.Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 б.
6.Әбілқасымов Б. Алфавитті өзгертудің тарихын зерделесек... // «Қайнар» университетінің хабаршысы. 2001. № 1. 15-21 бб.

ӘОЖ 821.512

«ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҰЛТТЫҚ ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ»

Құрбанбай М.Ы. – Кітапхана ісі білім беру бағдарламасының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, **Бегилова Г.С.**
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
Орал қ.

Резюме: *Жизнь и деятельность Байтурсынова в Оренбурге находились под строгим контролем российского правительства. Его посадили за безосновательную клевету на «казахов». Байтурсынов в 1917 г. обр. Байтурсынов был членом небольшой группы, готовившей программу партии «Алаш». Байтурсынов и Дулатович сознательно не входили в состав правительства Алаш-Орды из-за давней национальной розни между казахами, но их современники знали и признавали, что они входили в группу, создавшую идею казахского национального государства.*

Ключевые слова*: литература, особое изменение, пробуждение.*

А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген еді. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану

ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ, қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы пен Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады.

Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсынұлының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И.Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябі облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан

құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде жұмыс жасады.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу болатын. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылтуға тырысты. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге дейін көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

1919 жылғы жаз бен күзде Ахмет Байтұрсыновтың инициативасымен Қазревком өз мәжілістерінде Алашорданың батыс бөлігімен байланыс жасау және оның басшыларымен келіссөздер жүргізу үшін арнаулы өкілдер жіберу мәселесін талай рет талқылады. Қазревкомның және оның төрағасы қызметін көп жағдайда өзі атқарған Ахмет Байтұрсыновтың осы мәселедегі табандылығы Торғайда болған оқиғаларды қайталамау және Алашорданың батыс бөлімінің түгелдей Совет жағына шығуын қамтамасыз етпесе де, оның Совет өкіметіне бейтарап жағдайда болуын жүзеге асыру ниетінен туындаған еді. Түптеп келгенде Алашорданың батыс бөлімін ақтардың одақтасы болудан совет өкіметі жағына шығару Орал өңіріндегі азамат соғысын тезірек аяқтаудың алғы шарттарының бірі еді .

Ахмет Байтұрсынов және оның серіктері, шын мәнінде кеңестік билікті амалсыз мойындады. Ол 1920 жылы 17 мамырда В.Лениннің атына хат жолдап, «... Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда аз немесе мүлде жоқ», — дей келе қазақ жерінің билігін қазақтан шыққан комунистер қолына беруді талап еткен еді. 1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссиариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. 1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындагы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. Өкінішке орай, И.Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсыновты және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голощекин жандандыра түсті. Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынов, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті.

Осылайша жастайынан білімге құштар Ахмет Байтұрсынов жазасыз «ұлтшыл,шоқаев» дейтін айыппен абақтыға қамалады. Денсаулығының әлсіздігіне қарамастан қазақ тілі мен қазақ әдебиетіндегі ең керемет дүниелерді қалдырып кетті десекте болады. Себебі қазақ тілі мен әдебиеттану Байтұрсыновтан басталды. Осыншама қиын-қыстау өмірді басынан өткізген Ахмет Байтұрсынов әрбір қазақ баласының жадында қалса керемет болар ма еді?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.“Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.

2.Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.

3.«Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007

4.«Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;

5.Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. –

6.Алматы. “Алматыкітап баспасы”,

7.Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет. 8.Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса - Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл

9.Әліппе

10.“Қазақстан”: Ұлттық энцклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев –

11.Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998

ӘОЖ 821.512

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ

Бөкенбай Е.М.-ізденуші, Орал қаласы

Түйіндеме. *АхметБайтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы - ағартушылық идеясы болды.*

Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген - оның туған халқының тағдырын ойлаған қам - харекеті.

Тірек сөз: *әліпби, оқу-ағарту, дыбыс, жуанды-жіңішкелік үндестік.*

«Өнер алды – қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары, жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы. Ол - өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып,

болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет Байтұрсынұлы. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім- тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі - бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек, нұсқау болатын түзу жол емес пе?! Қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

Ахмет - қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері - әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі - қазіргі жаңа заманға өте керек.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей үкіметіне жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интеллегенциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы - ағартушылық идеясы болды.

Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген - оның туған халқының тағдырын ойлаған қам - харекеті. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал - әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты».

Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын, ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәллдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап- түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі - үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны - халқының білім- ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп - қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды- жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйретін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу- ағарту идеясына сол кезіндегі интеллегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйретін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі - ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі.

Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын

«Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» дүниеге келген, екінші-сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің граматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына киргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды»-, деп жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат *ҚазПУ* архивінде сақталған.

Ғалым бұрын айтқан пікірін тағы келтіріп, үдетіп беру машығынан таймайды. Ахмет Байтұрсыновтың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен XX ғасырдың о жақ, бұ жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы езгінің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына киргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. “Ахметтің октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды”, — деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоқжанов пікірі де осымен сабақтас. “Бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді”.

Өз қолымен жазған “Өмірбаянында” (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов былай дейді: “Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған “Қазақ” газеті арқылы іске асты”.

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. “Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...”, – деп жазды ол.

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің

оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіз:

“Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі” Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне таңданбасқа шара жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын, өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйретін әліппе жазады.

«Тіл - құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Байтұрсынұлы десе, Байтұрсынұлын «Тіл - құралды», «Тіл құралы» десе, Ахметті қазір – Ахаң деп танитын болған.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын графикасын жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынов жазуы» (Төте жазу) дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Қорыта келгенде, қазақтың жерін ғана алып қалмай, ой-санасын да отарлауға айналған патшалық өзбырлық пен большевиктік қызыл қырғын кезеңдерде әдебиет пен саясат майданында қажымас қайратын халқына қапысыз еңбек етіп, ұлттық сананы қалыптастырған Ахмет Байтұрсындай ұлы тұлға бұрыңғы – соңғы тарихымызда сирек.

А.Байтұрсынұлы Ы.Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың аудармашылық және ақындық дәстүрін жалғастырып, қазақ әдебиетін өзінің шығармашылық ізденістерімен байыта түсті. Ахметтің шығармашылық тұлғасының қалыптасуына Ыбырай, Абай мектебі мен алдыңғы қатарлы реалистік орыс поэзиясының да әсер-ықпалы айтарлықтай болды. Жалпы, А.Байтұрсынұлы шығармашылығы XX ғасыр басындағы демократтық әдебиетке тән дәстүрлі ағартушылық, сыншылдық сипатта қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Б.Табылдиев. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы, 2001 жыл.
2.С.Қалиұлы. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері. Алматы Білім. 2013 жыл.
3.К.Ыбыраимжанов. А.Байтұрсыновтың білім алудың қажеттігі жайлы. Үздіксіз педагогикалық білім берудің үрдісі мен стратегиясы. Алматы. 2

ӘОЖ: 81:37.018

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Исатаева Ж.И.
«Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент **Г.Н. Кисметова**

Резюме: *В статье рассматривается о важности повышения эффективности и интеграции информационных технологий в учебном процессе образования подрастающего поколения. Интерактивные средства позволяют творчески работать учителю и ученику. Большое значение имеет использование интерактивной доски в качестве интерактивного инструмента. Применение информационных технологий на занятии способствует расширению кругозора обучающегося, повышению мотивации и также познавательного интереса к предмету.*

Ключевые слова: *информационные технологии, презентация, электронная почта, компьютерное программное обеспечение*

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның тиімділігі - келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскерлігі мен шығармашылығын еркін дамытуға жол ашатын педагогикалық-психологиялық жағдай жасауында.

Білім беру орындарында оқу үрдісін бүгінгі күнге лайықтап өзгерту-заман талабы. Ғылым ғасырының табалдырығынан аттағалы тұрған қазіргі таңда компьютер өмірдің барлық саласына кеңінен енуде. Қазіргі таңда жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне онталандыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Интерактивті құралдар мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс жасауына жол ашып отыр. Интерактивті құрал ретінде интерактивті тақтаны қолданудың маңызы зор. Оны сабақта пайдалану дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі: пән бойынша базалық білімді меңгеру; алған білімді жүйелеу; өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру; жалпы оқуға деген ынтасын арттыру; өз бетімен жұмыс істеуге үйрену; уақыт үнемдейді; түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жүргізеді; пәнаралық байланыс қалыптасады; өзге студенттермен топтасып бірге жұмыс жасау мүмкіндігі; Internet желісін пайдалану; шығармашылық бағытта жұмыс істеуіне мүмкіндік туады.

Интерактивті тақтамен жұмыс жасаудың сол сабаққа дайындалу барысында мұғалім сабақ мазмұны студенттер үшін танылуылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсай отырып, нәтижеге бағытталған мақсаттары мен міндеттеріне жете алуында.

Интерактивті тақтамен жұмыс жасаудың сол сабаққа дайындалу барысында мұғалім сабақ мазмұны студенттер үшін танылуылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалды іздеу мен жүйелеуге жұмсай отырып, нәтижеге бағытталған мақсаттары мен міндеттеріне жете алуында.

Мұғалім сабақ материалын презентация түрінде береді. Сонымен қатар, материалдың құрамына кесте, диаграмма, сурет, графиктер қоса алады. Түсіндіру барысында мұғалім тақтаның алдында тұрып жасырулы ақпаратты және объектілерді көрсете және өзгерте алады. Қолданылған материалды есте сақтап, қажет жағдайда қайталап қолдана алады. Мұндай әдістеме сабақты белсенді түрде өткізуге мүмкіндік береді.

Интерактивтік тақта сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға

жинақтап, қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Алдын ала дайындалған оқу материалдары-презентациялар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер-сабақтың жақсы әрі тиімді өтуін және ақпарат ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді.
Microsoft Office құралдары арқылы құжаттарға немесе программалау ортасының көмегімен құрылған файлдарға, интернет беттеріне сілтемелерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. ”Прожектор” және “Шторка” құралдары экранның белгілі бір кішігірім аумағын көрсетуге арналған. Тақырыпты қорытындылау сабақтарында тест тапсырмасын бере отырып, дұрыс жауапты “Шторкамен” жауып, лезде дұрыс жауаптарға тексеруге, қатемен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Оған қоса,бұл режимде студенттерді түрлі сөздіктермен жұмыс жасауға үйретуге болады.

Шетел тілі сабағында Интернет жүйесін қолдану қазіргі кезде дүние жүзінің дамыған елдерінде дұрыс жолға қойылған. Интернет арқылы оны қолданушылар электронды почта, телеконференция, видеоконференциялардан мәліметтер алып, іздеу және желіден сөйлесу жүйесіне ене алады. Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетітің оқытушысы Е.В.Сычаева өз тәжірибесімен бөлісе келе Интернет желісін қолдана отырып, оқу үрдісін интеграциялап, шетел тілін оқытуда бірнеше дидактикалық міндеттерді шешуге болатынын айтады:
- студенттер бойында Интернеттегі түрлі мәліметтерді қолдану арқылы оқуға қажетті білік дағдылар қалыптасады;
- жүйеден алынған материалдар арқылы монолог және диалог түріндегі сөз біліктілігін жетілдіруге болады;
- әріптестерімен қарым-қатынас жасай отырып шәкірттер реферат дайындауға, шығармалар жасауға төселеді, яғни, жазу шеберлігін ұштайды [1].

Әлемнің барлық үлкен газеттерінің интернетте арнайы Web-беттері бар, сондай-ақ BBC ақпарат агенттігі тарататын әлемдегі адам баласының өміріне байланысты жаңалықтарды оқып қана қоймай, тыңдауға да мүмкіндік бар. Электронды почтаны қолдану барысында балалар өзара достық қарым-қатынас орнатып, шетел тілін түрлі салада, түрлі деңгейде қолдануға жаттығады. Электронды почтаны қолданудың шетел тілін үйренуде мынадай тиімді жақтары бар:
1) электрондық коммуникация тіл үйренудің өте тиімді практикасы;
2) хат жазу арқылы студенттер өз қателерін түзетуге дағдыланады;
3) e-mail қолдану шетел тілін үйренуге деген қызығушылық арттылады.

Ғалым М.Ушаков ағылшын тілін оқыту әдістемесін зерттей отырып, компьютерлік телекоммуникациялар ағылшын тілінде тірі, шынайы қарым-қатынастарды ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін айтады. Бұл телекоммуникацияның дидактикалық қасиеті шынайы тілдік орта құру үшін керемет мүмкіндіктер туғызады [2,32].

Егер ағылшын тілінен оқу материалдар иллюстрация, анимациялық, дыбысы бар объект ретінде құрылса, студенттердің даму ерекшеліктеріне сәйкес ағылшын тіліндегі материалдардың мазмұнын тез қызыға қабылдауға, түсінуге, білімін өз бетімен жетілдіруге негізгі түрткі бола алады.

Ағылшын тілі сабақтарында видеофильм, мультимедиялық презентациялар, дыбыстарды, анимациялық суреттердің көмегімен монолог, диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыруға болады. Мұғалімнің маңызды тапсырмаларының бірі-ағылшын тілі сабақтарында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады.

Ағылшын тілі сабақтарында төмендегідей компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдалануға болады. Олар: Project teaching, Student team learning, Learning together, Self English, English Practice, Bridge to English т.б. [3,275] Аталмыш бағдарламалар студенттердің есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын, дұрыс оқу, сауатты жазу мен аудару қабілеттерін дамытуға жәрдемдеседі. Білім беруде “Электронды оқулықтарды” пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін

қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Электронды оқулықты пайдалану мұғалімнің ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі жұмысын жеңілдетеді. Мұғалімнің жұмысы тиімді болып, шығармашылық реңкке ие болады.

Орта білім мекемелерінде ағылшыни тілін оқытуда ақпараттық технологияны қолданудың педагогикалық шарттарын төмендегідей анықтауға мүмкіндік тудырады:

-Бірінші шарт оқу тәрбие үрдісінде қарқынды оқыту мақсатында студенттердің танымдық іс-әрекеттік қызығушылықтарын анықтау. Егер студенттердің ағылшын тілін үйренуге қызығушылықтары артса, онда ағылшын тілін білу мүмкіндігі де артады;

-Екінші шарт ақпараттық техологияларды қолданудың жалпы бағыттары мен ғылыми-әдістемелік тұғырларын сәйкестендірудегі іс-әрекеттерді шығармашылықпен үйлестіру.

Жаңа білім парадигмасы бойынша бірінші орынға баланың білім, білік дағдыларын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Мұның негізі ретінде ағылшын мақалын айтуға болады ”There are two things we can give our children”, ”One is roats,the other one is wings”. Шындығында, адам баласы аяғына нық тұру үшін, оған тамыр мен қанат қажет.

Қазіргі жағдайдағы негізгі мәселе-оқушының өзінің жеке білімін шығармашылық жұмыс арқылы байқауы және оған жаңа ойларды қосуы. Шығармашылық дегеніміз-адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Студенттерді шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуға әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Демек, табиғи таланттарды ашу, жас талапкердің жарқырап көрінуі үшін ұстазға жүктелер міндет-студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту үшін еңбек ету.

Ақпараттық технологияларын тиімді пайдалана отырып, өз сабақтарымды студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатына жетуге бағыттаймын. Мысалы: әр сабақта студенттерге жоспарлы тақырыптарға сай тіл жаттықтыру үшін фонетикалық жаттығулар ретінде шағын тақпақ, өлеңдер, мақалдарды тыңдатып, қайталатамын. Жаңа сөздердің мағынасын түсіндіргенде заттың сурет көрнекілігі қолданылады. Жаңа сөздерді сөйлемдерде қолдану жолдарын түрлі әдістер арқылы қарастырамын. Мысалы: ”адасқан сөздер”, ”қосымшасын тап”, ”мәтін құра”, ”әңгіме құра”, ”әңгімені аяқта”, ”сөздердің антонимын тап” т.б. Мұндай тапсырмалар студенттерді ойландыру, іздендіру, сол арқылы өз бетінше еңбектеніп оқуға баулиды.

Сөз байлығы молайса, ой қабілеті шыныққа, білім көлемдері де артады, тереңдейді және сапалы болады. Шығармашылық жазба жұмыстары - тіл дамыту жолдарының бір түрі. Шығармашылық жазба жұмыстарының мақсаты - логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық, қиялды, нақты нәрсені еркін қызықты түрде беруге қалыптастырады.

Осыған орай, ой-толғау түрінде студенттерге түрлі тақырыптарда тапсырма беремін. Мәтінмен жұмыс - маңызды жұмыс. Кейбір тақырыптарға студенттердің өздеріне жоспар жасату, сұрақтарға жауап боларлық сөйлемдерді мәтіннен іздеп тапқызу, мәтіннің ішінен кейбір негізгі ойлар мен кейіпкерлерге мінездеме боларлық жерлерін теріп оқыту жұмыстарын жүргіземін.

Баланы ізденушілікке баулу оған зерттеу дағдысы мен білігін игеру бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады. Осыған орай, студенттерге белгілі бір тақырыпқа реферат жазуға, жобалау тапсырмаларын беруге болады. Тапсырма бойынша оқушы кітаптардан, интернеттен керек мәліметтерді іздеп, тауып, қысқаша мазмұнын ағылшын тілінде айтып береді. Студенттерге мұндай жұмыстар ұнайды. Бұл шығармашылық жұмыс болып табылады. Студенттердің шығармашылығын, ізденушілігі дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыруымыз керек.

Шәкірттер білімінің сапалы болуы сабақ жүйесіне, әр сабақтың ішкі мүмкіндігіне, студенттердің шығармашылықпен жұмыс істеп, біліктіліктері мен дағдыларын

іскерлікпен дамытуға байланысты. Студенттердің өз бетінше, дербес ізденуіне жол ашатын, қызығушылығын, белсенділігін дамытатын технологиялардың бірі - ақпараттық технология. Шығармашылық жазу, мәтінмен жұмыс жасау, жобалау, суреттеу, сипаттау, қиялдау, өз ойын еркін жеткізе білу тәрізді шығармашылық жұмыстарды орындау деңгейлері байқауға алынды.

Сонымен, мәтінмен жұмыс, жобалау сияқты шығармашылық-ізденіс жұмыс түрлері бойынша студенттер жоғары нәтиже көрсете білсе, сондай-ақ суреттеу, сипаттау, қиялдау, шығармашылық жазу және өз ойын еркін жеткізе білуі сияқты жұмыс түрлері бойынша студенттер орта және жақсы нәтиже көрсете алады.

Қазіргі кездегі барлық белсенді оқыту технологияларының алдына қоятын мақсаты-білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшіліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Шетел тілінде белсенді оқыту технологияларының оқыту үрдісіндегі жүйесі – мақсат, мазмұн, әдіс-тәсіл, амал — жол екендігін ұмытпаған жөн. Себебі, жаңа педагогикалық технология ұстаз шеберлігін жетілдіруге ықпал жасап, шәкірттің ойлау қабілетін ұштала түсуінен әсері мол, сонымен бірге әлеуметтік рухани жан дүниесінің маңыздылығын іріктеуге, ізгілікті жағын дамытуға бағыттайды және өзінің психологиялық даралық сипатын анықтауға ниеттендіреді.

Бүгінгі таңда танымал болып отырған оқыту технологияларын белсенді түрде қолдана білсек, жаңа мазмұнды білім беру процесі Нәтижелі және оның сапалық көрсеткіштерін арттыру қиынға соқпас еді. Олай болса оқытуды ізгілендіру жағдайында, өздігімен даму бағдарын анықтап, дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін — өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады. Адам баласы сәби кезінен бастап айналадағы дүниенің түрлілігі мен қайталанбас болмысын танып үйрене бастайды. Сәби оны көзімен көру, сезу және ойлау қабілеттері арқылы танып, зейініне тоқиды. Сондықтан да әлем, өмірге енді ғана араласа бастаған кішкентай сәби көзімен қарағанда, ол бір үлкен, әдемі де бай әлем секілді. Ал кішкентай бала оқып-үйрене бастағаннан кейін айналадағы қоршаған ортаға жаңаша көзқараспен қарай бастайды. Кітаптар сол жарқын да кең болашаққа апарар жол секілді. Осы білімнің қайнар көзі болып саналатын кітаптар адамды қоршаған ортамен таныстырып, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеп қана қоймай, адамның ішкі рухани жан дүниесін де байытады, ойлау қабілетін, сана — сезімін қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, сабақта ақпараттық технологияны пайдалану студенттің дүниетанымын кеңейтуге, пәнге деген ынтасын, танымдық қызығуын арттыруға, алғырлыққа, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа жетелеуге, нақты, тұжырымды айта білуге, дербес ой-қиялын дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бим И.Л. Методика обучения иностранным языка как наука и проблемы школьного учебника. М.: 1997.
2. А.Қ. Рысбаева, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының оқытушысы, Алматы. «Сабақта ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері» // Ағылшын тілін оқыту әдістемесі. 2011, №6, 19-22 бет.
3. АзимхаНова Г. МагистраНт, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, «Шетел тілін үйретуде электронды оқулықты пайдалану. »// Мектептегі шет тілі», 2011, №3, 10-12 бет.

УДК: 81:42

ФУНКЦИИ ПЕРЕДАЧИ ЦВЕТА В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Каракулова Р.Н.
магистрантка 2 курса образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка». Научный руководитель: д. ф.н., профессор **М. К. Бисималиева**
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

Түйіндеме: *Мақалада* ***т****ілдің фразеологиясы халықтың ұлттық ерекшелігі мен өзіндік ерекшелігі, оның өмір салты, салт-дәстүрі, дүниетаным ерекшеліктері және көпғасырлық еңбек қызметі процесінде қалыптасқан халық даналығын көрсетіледі. Фразеологиялық қор түс атауларының символдық функцияларын зерттеудегі ең жарқын мысал.*

Кілт сөздер: *фразеологиялық бірліктер, ағылшын идиомалары, түстер, түс атауларының таңбалық функциялары*

Способность различать цвета составляет существенную часть возможностей зрительного восприятия человека. Цвет является объективной характеристикой окружающего нас мира, наряду с длиной или шириной материальных объектов. Однако цвет, хотя и является объективным свойством материальных предметов, вместе с тем обладает некоторой психологической нагрузкой, способной влиять на эмоции человека и даже на его физиологическое состояние.

На современном этапе развития лингвистической науки проблема исследования цветового восприятия сквозь призму языковых фактов приобретает большую актуальность в связи с осознанием необходимости изучать языковую картину мира, которая отражает именно наше понимание действительности, порой наивное и совершенно далекое от научной картины мира. Несмотря на то, что цвет является базовой характеристикой мира как космоса, представитель каждой национальности видит этот мир по-своему, в рамках своего менталитета, национальной культуры. В данном контексте можно говорить о существовании определенных концептов («представлений»), выражающихся прежде всего в языке. Подобного рода исследования помогут глубже понять своеобразие менталитета нации.

Фразеология любого языка отражает национальную специфику и самобытность народа, его уклада жизни, традиций и обычаев, особенности мировосприятия и народную мудрость, выработанную в процессе многовековой трудовой деятельности [1,60]. Поэтому мы считаем, что фразеологический фонд является самым ярким примером при изучении знаковых функций цветонаименований.

Для данного исследования методом сплошной выборки были отобраны английские идиомы, в составе которых присутствуют цвета палитры.

1. White – белый:

- White coffee, white tea – чай/кофе с молоком. Слово «сливки» в данной идиоме заменено на слово «белый» по признаку цвета. Значение второго компонента не меняется. Например: I prefer to drink white coffee in the morning.

- A white lie – ложь во спасение. У большинства народов белый цвет символизирует чистоту, свет, святость, добро и т.д. В вышеприведенной идиоме слово «белый» использовано именно с этими коннотациями. Таким образом, оно смягчает негативную окраску слова «ложь». Например: I know it was white lie.

- To show a white feather – показать страх, струсить. В этом примере «белое перо» используется по ассоциации с «белым флагом», который означает сдачу или перерыв на переговоры. Но несмотр на то, что «белый флаг» не всегда плохо, представленная идиома несет явно негативную оценку. Например: Young soldier showed a white feather.

2. Purple – фиолетовый:

- To be born in purple – родиться в знатной семье, т.е. иметь знатное происхождение. Фиолетовый считается королевским цветом в Англии, поэтому он содержит коннотацию богатства, власти и знатности. Например: The princess was born in purple.

3. Black – черный:

- Black look – мрачный, угрожающий взгляд. Так же как белый цвет в большинстве стран ассоциируется с добром, черный подразумевает зло. В данной идиоме нейтральное слово «взгляд» приобретает негативный оттенок, так как его определяет черный цвет. Например: She has black look.

- Black sheep –белая ворона. «Черная овца» в английском, так же как «белая ворона» в русском – устоявшиеся выражения, обозначающие человека, сильно отличающегося от других, часто необщительного, обладающего каким-либо серьезным недостатком. В данном случае слово «черная» употребляется как определитель слова «овца», чтобы подчеркнуть, что это явление ненормальное. Например: I feel myself a black sheep.

4. Blue – синий:

- To feel blue, to look blue быть грустным, печальным. Голубой цвет в Англии ассоциируется с грустью и тоской. В вышеприведенном примере слово «голубой» используется не в основном значении цвета, а в значении состояния. Например: I am feeling blue. He is as blue as the devil. (мрачный, угрюмый).

- Out of the blue – вдруг, полностью неожиданно, как гром среди ясного неба. В данном случае «голубой» используется как синоним чистоты, безоблачности, спокойствия. Например: And out of the blue he asked me about my family.

- Blue-eyed boy – любимчик. Голубые глаза считаются красивыми не только в Англии, но и во многих других странах. Более того, этот цвет глаз в Англии редко встречается в чистом виде. Отсюда и идиома. Например: He's the director's blue-eyed boy!

5. Green – зеленый:

- The green-eyed monster – ревнивец. В английской культуре зеленый цвет ассоциируется с ревностью и завистью. Например: My neighbor is the green-eyed monster.

- To be green about the gills – быть очень бледным, бледным как полотно. Зеленый также ассоциируется с болезненной бледностью. Например: Suddenly a student is green about the gills.

- To have green fingers – быть хорошим садоводом. В данной идиоме зеленый цвет символизирует растения. Таким образом, «зеленые пальцы» не переводятся буквально, но подразумевают, что человек умеет пользоваться руками, чтобы выращивать растения. Например: Alevtina Semyonovna has green fingers.

- Green as grass – совсем зеленый (неопытный). Такая идиома есть и в русском языке, она основана на природном явлении. Как известно, большинство плодов на начальной стадии зеленые, и лишь поспев они приобретают свой цвет. По этой ассоциации возникла вышеприведенная идиома. Например: Young driver was green as grass.

- have got the green light – иметь разрешение. Эта идиома обязана своим появлением такому чуду техники, как светофор, в котором зеленый цвет означает разрешение продолжить движение. Например: Finally we have got the green light and our parents will buy us a dog.

7. Grey – серый:

- Grey area – что-либо, чему не так легко дать определение и поэтому с этим трудно иметь дело. В данном случае свойства цвета переносятся на описываемый предмет. Свойствами серого цвета являются неприметность, неопределенность, неясность. Например: The law concerning e-mail is still a grey area in some countries.

8. Red – красный:

- To see red – разозлиться. Считается, правда ошибочно, что, когда бык видит красный цвет, он становится очень сердитым, агрессивным. Эту "особенность" поведения быка люди быстро взяли на вооружение в язык, чтобы описывать степень гнева других людей. Например: It really makes me see red when I see many trees are thoughtlessly cut down by people.

-To put out the red carpet – данное выражение используется и в переносном смысле. Например, если ученик стал победителем олимпиады, учитель может шутливо предложить «To put out the red carpet» (расстелить красную ковровую дорожку). Студент, едущий к родителям на каникулы, также может использовать эту фразу. В таких ситуациях идиома означает приветствовать. Значение красного цвета для европейцев двойственно — это и опасность, угроза и одновременно праздник. Красный день календаря — это не только реалия Советской эпохи.

-A red letter day – красный день календаря, праздник. Это выражение основано на правиле обводить в красный круг праздники в календаре. Например: It's a red letter day tomorrow in the company. It's our fiftieth birthday!

В большинстве своем фразеологизмы английского языка являются исконно английскими оборотами, авторы которых неизвестны. Такие ФЕ связаны с обычаями и традициями английского народа или с реалиями и историческими фактами.

Например, Blue stocking (презр.) - синий чулок («собранием синих чулок» был назван адмиралом Босковеном один из литературных салонов середины 18 века в Лондоне; причиной тому послужило появление известного ученого Бенджамина Спеллингфлита в этом салоне в синих чулках). Интересно, что сейчас так принято называть женщину, слывущую сухой педанткой, лишенной женственности.

Другая фразеологическая единица связана с поверьем: A black sheep – «паршивая овца», позор семьи (по старому поверью считалось, что черная овца отмечена печатью дьявола).

Фразеологизм является частью пословицы There is a black sheep in every flock, что в русском языке звучит как «В семье не без урода».

At the thin red line- небольшая группа отважных людей, защищающих местность или принципы, не уступающие своих позиций.

Этот фразеологизм был впервые использован в 1877 году В.Расселом. Имелись в виду британские войска в период крымской войны, носившие красную униформу.

Библия является важнейшим литературным источником фразеологических единиц.

«О колоссальном влиянии, которое оказали на английский язык переводы Библии, говорилось и писалось много; в течение столетий Библия была наиболее широко читаемой и цитируемой в Англии книгой; Не только отдельные слова, но и целые идиоматические выражения (часто буквальные переводы древнееврейских и греческих идиомов) вошли в английский язык со страниц Библии. Число библейских оборотов и выражений, вошедших в английский язык, так велико, что собрать и перечислить их было бы весьма нелегкой задачей» [2,110].

Библейские ФЕ являются полностью ассимилированными заимствованиями.

A whited sepulcher- гроб повапленный. В современном языке фразеологизм прижился в значении «лицемер, двуличный человек».The golden rule- «золотое правило», мудрое правило, помогающее всегда и всем. В первоначальном варианте звучало следующим образом: «Как хотите, чтоб с вами поступали, так поступайте и вы с ними».

Фразеологизмы библейского происхождения зачастую сильно расходятся с их библейскими прототипами. Этот сложный и не изученный вопрос требует особо тщательного рассмотрения и выходит за рамки данной работы. «По числу фразеологизмов, обогативших английский язык, произведения Шекспира занимают второе место после Библии. Число их свыше 100» [3, 217]. Такие ФЕ называются

шекспиризмами, и, так как большее их число встречается в произведениях драматурга лишь однажды, форма их четко фиксирована. Пример одного из самых известных ФЕ взят из трагедии «Отелло»: the green- eyed monster (книжн.) –«чудовище с зелеными глазами», ревность.

В современном английском языке в шекспировские фразеологизмы могут вноситься некоторые изменения. Примером такого случая может служить ФЕ Buy golden opinions – заслужить благоприятное, лестное мнение о себе, вызвать восхищение или уважение. Иногда вместо глагола buy употребляется глагол win . В современный язык данные ФЕ вошли в результате переосмысления их метафорического значения.

Кроме Шекспира многие другие гениальные писатели обогатили английский язык и, в частности, его фразеологию.

Среди них Джефри Чосер, Джон Мильтон, Джонатан Свифт, Чарльз Диккенс, Вальтер Скотт и другие. Так, следующий фразеологизм впервые встречается в романе В. Скотта «Айвенго»: Catch/ take smb red- handed- застать кого- либо на месте преступления, захватить с поличным.

Большое число английских ФЕ связано с античной историей и культурой. Неудивительно, что многие из них носят интернациональный характер и встречаются в ряде языков. Например, к античной мифологии восходит фразеологизм The golden age- золотой век. Данное выражение впервые встретилось у греческого поэта Гесиода в поэме «Труды и дни».

Автор описывал век Сатурна, когда люди жили, подобно богам, без забот, раздоров, войн и тяжелого подневольного труда.

В современном языке фразеологизм традиционно обозначает период рассвета культуры и искусства. В истории Англии золотым веком называют 18 век, период господства классического направления в искусстве.

Ряд выражений восходит к басням Эзопа и другим древнегреческим басням или сказкам. Примером такого выражения может служить следующий фразеологизм:

Kill the goose that laid/ lays the golden eggs- убить курицу, несущую золотые яйца. Некоторые фразеологизмы впервые встречаются в произведениях древнеримских писателей. Выражение, которое у Горация выглядело как aurea mediocritas(лат.), в современном английском языке является фразеологизмом и звучит следующим образом: the golden mean –золотая середина. Число фразеологизмов, заимствованных из французского языка достаточно велико. В английский язык они пришли путем калькирования исходных выражений. Многие английские фразеологические кальки с французского восходят к латинским прототипам. А если французский оборот в свою очередь является полной калькой латинского варианта, иногда трудно решить, заимствована ли калькированная английская ФЕ непосредственно из латинского или через французский. Что касается фразеологических заимствований из немецкого языка, то они немногочисленны. В качестве примера можно привести пословицу, которая впервые встречается у Томаса Карлейла: Speech is silvern, silence is golden- «слово- серебро, молчание- золото».

Этимология данного выражения не вызывает сомнений [Кунин 1996]. Но во многих случаях совпадение английских и немецких фразеологизмов не означает, что английский оборот является переводом с немецкого. Скорее, наоборот, так как английская литература оказала большое влияние на немецкую литературу.

Наконец, в английском языке имеется всего несколько фразеологизмов, пришедших из испанского языка и культуры: Blue blood- голубая кровь, аристократическое происхождение. Голубая кровь – так говорили о человеке дворянского, аристократического происхождения; выражение - калька с французского le sang bleu, которое, в свою очередь, - калька с испанского la sangre azul. Первоначально так называли ребят аристократические семьи испанской провинции Кастилии,

гордившиеся тем, что их предки никогда не вступали в смешанные браки с маврами и другими народами со смуглым оттенком кожи.

Полагают, что в выражении подразумевается, что у людей со светлым оттенком кожи вены имеют голубоватый цвет, чего не наблюдается у людей со смуглой кожей.

В английском языке встречаются заимствования и из других языков.

Следует проявлять большую осторожность, устанавливая факт заимствования того или иного оборота, так как параллельное существование в различных языках выражений, одинаковых по значению и образности, может не иметь никакого отношения к заимствованию. Это может объясняться общностью общественно-политических условий жизни, обычаев и традиций народов, говорящих на этих языках. Фразеологические параллели объясняются часто происхождением из одного общего источника, возможно, и без заимствования одним языком из другого.

Обращает на себя внимание и тот факт, что, например, античные понятия по-разному оформлены в различных языках. То, что в английском, французском и испанском языках в большинстве случаев является словосочетанием, в немецком языке зачастую выражается одним сложным словом.

Из приведенных примеров можно сделать вывод, что в состав фразеологизмов в основном входят термины цветообозначения более древнего происхождения, то есть наименования для тех цветов, которые составляют группу из 11 базовых оттенков спектра.

Много ФЕ пришло в Англию из США. Такие заимствования относятся к внутриязыковым. Некоторые из таких фразеологизмов настолько ассимилировались, что в английских словарях после них снята помета, указывающая на их американское происхождение. К подобным «американизмам» относится, например, выражение a/ the green light- зеленая улица, свобода действий; Paint the town red- предаваться веселью, кутить.

В приведенных выше, как и во многих других фразеологизмах американского происхождения, нет чисто американских слов.

Следовательно, эти обороты можно легко принять за исконно английские. Их американское происхождение устанавливается на основании лексикографических данных и анализа источников.

Совершенно естественно, что в состав некоторых других ФЕ входят американские слова, например: A red cent? медный грош.

Англоязычная форма американских фразеологических заимствований в британском варианте английского языка полностью исключает перевод. Американские фразеологические заимствования, особенно сленгизмы, отличаются яркой образностью и повышенной экспрессивностью.

Таким образом, значительная часть ФЕ характеризуется некоторым переосмыслением значения цветового признака. Так, черный цвет ассоциативно связывается с неприятностями, несчастием или с чем-то плохим, что осуждается обществом. Среди ФЕ с элементом цвета black преобладают группа, обозначающие негативные эмоциональные состояния человека (give someone a black look ‘look at someone as if you are angry’, black picture ‘a depressing one’) или негативные действия (on the black list ‘be on a list of undesirables’, pot calling the kettle black ‘someone with a fault accusing someone else of having the same fault’, black sheep (of the family) ‘a person who is a disgrace or embarrassment to a family’).

Что касается белого цвета, то он, напротив, символизирует нечто положительное и противопоставляется черному (хотя два этих слова антонимами не являются) — white lie ‘a harmless lie (told to be polite or to do something not seriously wrong)’, whitewash ‘cover up the truth’, white man ‘honourable person’. Такое же противопоставление черного и белого существует и русском (черные силы, черная смерть — белый свет) и калмыцком (цаһан хаалһ ‘белая дорога’ — хар дарна ‘кошмары снятся’) языках.

Серый, который получается в результате смешивания белого и черного, носит нейтральный характер и имеет и положительную, и отрицательную оценку (grey power ‘the political or economic power of elderly people’ — to be grey ‘to be boring and unattractive’), является цветом неизвестности (a grey area ‘something which is not definite’). Голубой имеет неоднозначную коннотацию: с одной стороны — ассоциация с чем-то позитивным (blue-chip ‘financially secure; sound and profitable’, clear blue water ‘the advantage of space’); с другой — с чем-то негативным, чаще всего с тоской (blue fit ‘attack of mental distress or shock’, to get the blues ‘to become sad or depressed’) или паникой (blue funk ‘panic’). Этот цвет также символизирует и преданность, вечность, вспомним blue blooded ‘the blood (heredity) of a noble family, aristocratic ancestry’, true blue ‘staunch or loyal to one’s principles; very Conservative’. Зеленый связан с неопытностью (to be green ‘inexperienced, immature’), завистью (green with envy ‘full of envy, very jealous’), доверчивостью (green as grass ‘very naive’) или ревностью (green-eyed monster ‘jealousy’).

Что касается красного цвета, то он символизирует жизненную силу, любовь, радость, жизнь (roll out the red carpet ‘greet a person with great respect, give a big welcome’, a red letter day ‘a day of great importance’). Но вместе с тем он связан с отрицательными чувствами, эмоциями — агрессией, стыдом (see red ‘become extremely angry’, like a red rag to a bull ‘likely to make someone angry’, catch (someone) red-handed ‘to catch someone in the act of committing a crime, usually a theft’). Желтый цвет символизирует трусость, робкость (a yellow streak ‘cowardice in character’, yellow-bellied ‘extremely timid, cowardly’).

Таким образом, каждый цвет имеет определенную символику. Как видно, ФЕ — это не просто устойчивые выражения, а зеркало, в котором отражается все своеобразие народа. На основе анализа можно понять ход мышления народа, например, ФЕ white elephant ‘a useless possession’ основано на переосмыслении образа слона. Слон животное достаточно больших размеров, а точнее самое большое на суше, а также неуклюжее (вспомним ФЕ как слон в посудной лавке). Если слона поместить в квартиру или дом, то он занимает слишком большое пространство, к тому же совершенно бесполезное. Или as yellow as snow: снег обычно белого цвета, но здесь, в этой ФЕ, желтого. Снег становится желтым, когда он начинает таять, т. е. когда смешивается с землей перед тем, как он исчезнет полностью. Видимо, здесь ассоциация с болезнью или со смертью, когда цвет кожи болеющего или умирающего человека желтого цвета. Картина мира англичан носит антропоцентрический характер. Больше половины ФЕ связано с жизнью человека, с различными аспектами его жизни. Каждый цвет несет свою коннотативную и ассоциативную нагрузки, что является немаловажной частью жизни человека.

Список использованной литературы:

1. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и культурный аспекты. – М., 1996.
2. Kollins. English dictionary. 2000.
3. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. М., 1984.

ӘОЖ: 81:37.016

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ДҰРЫС АЙТЫЛУ ЖӘНЕ ДЫБЫСТАЛУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нуржанова Г.А.
«Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент **Г.М. Гауриева**

Резюме: *В статье рассматриваются особенности развития навыков правильного произношения на уроке английского языка на начальном этапе обучения, то есть то, как правильно поставить интонацию, сделать паузу, знать акценты, которые необходимо расставить в словах в предложении, а также соблюдать правильную артикуляцию. Закрепление учащимися правильного произношения звуков подготавливает их к речевой деятельности. Овладение фонетическими навыками позволяет обучающимся произносить английские звуки в соответствии с правилами, осваивать их признаки в зависимости от вида звуков.*

Ключевые слова: *фонетика, интонация, слух и речь, артикуляция*

Фонетика – тілдің дыбыстық құрамы, яғни тілдің материалды жағын құрайтын барлық дыбыстық құралдардың (дыбыстар, дыбыстық тіркестер, екпін, ритм, мелодика, интонация, пауза) өзара байланысы. Дағды – жаттығулар арқылы қол жеткізілген қабілеттер. Фонетикалық дағды – дыбыстарды дұрыс айту, керек жерде екпін қою, барлығын интонациялық жағынан дұрыс айту қабілеті.

Оқытудың бастапқы этапында интонацияны дұрыс қою, пауза жасау, сөйлемдегі сөздерге қойылу керек екпіндерді білу, сонымен қатар дұрыс артикуляцияны сақтауды меңзейтін дұрыс айтудың негізін қалау қажет. Бұл оқушылардың ауызекі сөйлеу қабілетінің дұрыс жұмыс жасауына аса қажет.

Дыбыстық материя сөйлеудің ең бірінші элементі және сөйлеу дағдылары тілдік әрекеттің барлық түрлерінің негізінде жатыр. Сондықтан дұрыс сөйлеуге оқыту бастауыш сыныптан басталады және шет тілін оқытудың барлық курстарында жүреді.

Бастапқы этапта оқыту арқылы есте сақтау мен сөйлеудің базалық негіздері қалыптасады, ал басқа этаптарда бұл дағдылар әрі қарай дамиды. әр этап дұрыс айтылуды оқытудың өзіндік міндеттері бар. Бұл жерде келесі жағдайларды ескрген жөн: егер бастапқы кезеңде әлде қандай нәрсе көзден тыс кетіп, ұмытылып қалса, кейін дұрыс емес сөйлеу дағдылары қалыптасып, оларды өзгертудің өзі қиынға соғады. Соынмен қатар, оқыту үрдісін тоқтатпаған жөн, өйткені тілдік емес жағдайда қол жеткізілген деңгей жоғалып кету мүмкін. Бұндай жағдайда меңгерген дағыдлар құрдымға ұшырайды [1, 31].

Оқушыларды дыбыстарды дұрыс айту дағдыларының дұрыс бекітілуі оларды сөйлеу әрекетіне дайындайды. Фонетикалық дағдыларды жете меңгеру оқушыларға ережеге сай ағылшын дыбыстарын айтуға, дыбыстардың түріне орай олардың белгілерін меңгеруге мүмкіндік береді. Фонетикалық қабілеттер оқушыларға ағылшын сөз тіркестеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың кезекпен-кезек айтылуы ретін, яғни ритмиканы, мағыналы сөздерге қойылатын логикалық екпінді, көмекші сөздерге қойылатын екпіндерді меңгеруге көмектеседі.

Айтылуда қателіктер жіберу тілдің басты мақсатын орындауға – қарым-қатынас жасауға кедергі жасайды.

Айтылуды оқыту сөйлеу механизмі және айтылу нормаларын практика жүзінде меңгерудің, сонымен қатар тілдік қабілеттерді дамытудың маңызды кезеңі болып табылады. Оқушылардың тұрақты дыбыстарды дұрыс айтып, оларды ажырата алуы тілдік

материалды тез әрі жақсы меңгеруіне, ауызекі сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды [2, 16].

Есту және сөйлеу дағдыларының қалыптасуы өзіне мыналарды кірістіреді: дыбыстармен таныстыру, оларды дұрыс айтуда жаттығулар жасау, меңгерген дағдыларды ауызекі сөйлеу кезінде немесе дауыстап оқыту кезінде қолдану.

Фонетикалық құбылыстармен танысу дыбыстық ерекшеліктерін көрсететін көрнекіліктер арқылы жүзеге асырылады. Фонетикалық материалдарды көрсету реті қарым-қатынаста маңыздылығы бойынша жүреді. Сондықтан алғашқы қадамнан бастап туған тілде еш аналогы жоқ дыбыстарды енгізуге тура келеді, өйткені тіл меңгерудегі ең қиын деген аспектілердің бірі болып табылады.

Дұрыс айтылу дағдысын қалыптастыруда аналитикалық-имитативтік тәсілдің маңызы зор. Бұл тәсіл бойынша фонетикалық құбылыстар артикуляциялық негізде түсіндіріледі. Кейін бұл дыбыстар буын, сөз, сөз тіркесі, фраза құрамына еніп, оқушылар үлгі бойынша оларды қайталап айтып отырады. Артикуляциялық ережелер дұрыс айтылуға жақын сипат алады. Бұл оқушыларға сөйлеу органдарының қайсысын қолдану керектігін айтып отыратын ереже-инструкциялар болып табылады. Бұл оқушыға сөйлеу органдар негізінен сөйлеу немесе дыбыстарды айту барысында көптеген қиындықтарды иеленеді. Мысалы, [w] ағылшын дыбысын айту үшін ерінді дөңгелетіп, кішкене алға қарай созса, қазақ тіліндегі «у» дыбысын айтқандай болады [3,46].

Кейбір ережелерде ағылшын тілінің дыбыстарының қазақ тілінің дыбыстарымен салыстырылып беріледі. Бұл жағдайда оқушыларға ағылшын тілін меңгеу жеңілдейді.

Ағылшын тілінде фонетикалық дағдыларды қалыптастыру жөніндегі жұмыстардың мазмұнын дыбыстар, дыбыстық тіркестер, интонациялық модельдер мен тілдік бірліктер, яғни фразалар, әртүрлі сөйлемдердің коммуникативті түрлері мен өзара байланысқан мәтіндер, сонымен қатар осы бірліктермен жүщеге асатын әрекеттер – айту дағдыларын қалыптастырудан тұрады.

Айтылудың ең басты талабы Фонетика ережесіне сай болуы, яғни сөйлеудің Фонетикалық жағынан дұрыстығы болып табылады.

Дұрыс айтылуды меңгеру ағылышын тілінің Фонетикалық негізін буын, сөздік екпін, интонация деңгейінде ғана жүзеге асырылады. Оқушылар ағылшын тілінің артикуляциялық негізін, сонымен қатар соған сәйкес екпін пен интонацияның ерекшеліктерін жете меңгеру тиіс.

Ағылшын тілінің Фонетикалық негізін меңгеру үшін ең алдымен осы тілде сөйлейтіндердің артикуляциялық салтын, яғни артикуляциялық қозғалыстың болмағанда сөйлеу мүшелерінің қалыпты жағдайын зерттеліп білу керек.

Мұғалім арнайы жаттығулар арқылы кейін шет тілінің артикуляциялық ерекшеліктері оқушыларға қалыпты дағдыға айналатындай етіп жұмыс жасау тиіс. айтылуды оқытудың мазмұнын анықтағанда фонетикалық материалдар мен оны ұйымдастыруды саралап зерттеуге көп көңіл бөлген жөн [2, 10].

Фонетикалық материалдарды таңдау оқытылып жатқан тіл негізінде жүреді; ал туған тілдің құбылыстары мен ерекшеліктері шет тілінің жүйесінің призмасы арқылы қарастырылады.

Фонетикалық курстарда материалдарды жіктеу белгілі бір жүйеге тәуелді, оның барлық элементтер бір-бірімен тығыз байланысты. Фонетикалық материалдарды таңдау және оның жүзеге асырылу деңгейі ағылшын тілін оқытудың мақсаты мен оқыту шарттарына тәуелді болып келеді [4, 65].

Шетел тілінің айтылуын үйреткенде сол тілдегі дыбыстардың ерекшеліктеріне, жергілікті диалектіге де көңіл аудару керек, себебі ағылшын тілінде дыбыстық ерекшеліктер және Англиядағы диалектің өзі бірнеше түрге бөлінеді. Ал қазақ тілінде дыбыстық ерекшеліктер болғанменде олар айқын көрінбейді, ал жергілікті диалектінің адамдардың бірін бірі түсінуне қиыншылық әкелмейді. Қазақ тілінде дыбыстық

ерекшеліктерінің өте аз болу себебі қазақ халқы көшпенді өмір сүрген, сондықтан халықтың барлығы бір тілде, бір тілдік бірліктерді және дыбыстарды қолданған.

Ал, қазақ тілінде оқитын балаларға ағылшын тіліндегі айтылуды үйреткенде біраз қиыншылықтармен кездесеміз. Ол қиыншылықтар ағылшын тіліндегі кейбір дыбыстардың туған тілдегі дыбыстардан қатты айырмашылығы болуынан.

Құрылымдық лингвистика мен лингводидактиканың өкілдері Л.Ельмсиев, Л.Блумфилд, Ч.Фриз, Р.Ладо өз жұмыстарында былай деп танытқан: « Шетел тілінің айтылуын дыбыстарға еліктету жаттығуларымен үйрету керек». Л. Блумфилдтің айтуы бойынша шетел тілінің айтылуын шетел тілімен туған тілідегі дыбыстарды талдау және салыстыру арқылы үйрету керек десе, Ч. Фриздің айтуынша сөздердегі бір ғана дыбысты өзгертіп бір біріне қарама –қарсы қойып салыстыра үйрету керек деген, мәселен: nais-naiz, pleis-pleiz. Ч.Фриз алдымен дыбыстардың артикуляциясын суреттеп, еліктеу әдісімен жаттықтыру керек деген. Тілді үйренуші ағылшын тілінде сөйлегенде кейбір дыбыстарды айтқанда өз тіліндегі дыбыстармен ауыстырып айтуға үйір болады [5, 69].

Шет тілімен ана тілін салыстырмалы зерттеу арқылы екі тілдің ұқсастығы мен айырмашылығын айқындауға болады. Қандай да бір шет тілін алсақ, ана тілінен өзгеше дыбыстарды кездестіре аламыз. Және де сол дыбыстарды қабылдап, оны дұрыс айту бірнеше қиындықтар туғызады. Шет тілінде дұрыс сөйлеуі, ол шет тіліндегі дыбыстарды танып, оларды жақсы білу, яғни үйреніп жатқан тілдің дыбыстар қатарын өзінің ана тіліндегі дыбыстар қатарынан ажырата білу.

Ағылшын тілімен қазақ тілінің дыбыстар қатарын салыстыра отырып, ағылщын тіліндегі бірнеше фонемалар қатары қазақ тілінде жоқ екенін көреміз: дауыссыз дыбыстар[ð,θ,w], африкат[ʤ], ұзақ дауысты дыбыстар [a:,i:,ɔ:,u:], және дифтонгтар [iə,uə,eu,ou].

Қазақ тілінде сөздер көбінесе қатаң дауыссыз дыбыс «t» ға аяқталады,бірақ ұяң дауыссыз «d» ға аяқталмайды. Қазақ тілінде ұяң дауыссыз дыбыс «d» тек кірме сөздерде ғана кездеседі, мысалы: лорд, этюд, гибрид, секунд, эпизод, аккорд. Сондықтан қазақ тілінде білім алатын студент бірнеше рет қатесін жөндегеннен кейін де did, said,could деген ағылшын сөздерін *dit, set, кut* деп айтады.

Сонымен қатар ағылшын тілінде сөздердің соңында кездесетін ks, kt деген дауыссыздар қазақ тілінде білім алатын студенттерге қиындық туғызады. Қазақ тілінде сөздердің соңына екпін түсіріледі, сондықтан дауыссыздардың ортасында «і» дыбысы айтылады, мысалы: бүркіт, іркіс..... Сондықтан көбінесе ағылшын тіліндегі books,asked деген сөздерді қазақша оқитын студенттер bukis, a:skit деп айтады.

Ал дауыссыз дыбыс [ŋ] мысалы: hang, hoping, керісінше қазақ студенттеріне қиындық тудырмайды, себебі қазақ тілінде дауыссыз мұрынды қ «ң» дыбысына ұқсайды, мысалы: аң, таң, заң және т.б. Бірақ ұқсастықтан гөрі айырмашылықтар өте көп, тағы бір қиыншылық ол ағылшын тіліндегі сөздердегі екпін. Қазақ тілінде екпін көбінесе сөздің соңына түссе, ағылшын тілінде екпін сөздің басына келеді.Мысалы: *DIFFIcult* деген сөзде екпін бастапқы буынға түссе, қазақ студенті *diffiCULT* деп сөздің соңқы буынына екпін түседі.

Соның салдарынан difficult сөзінің соңғы буынында әлсіз дыбыстың орнына дауысты дыбыс [ʌ] пайда болады. Ағылшын тілінің ритмі әрбір фразада тек негізгі екпінмен сипатталады, ал қалғандары қосымша және әлсіз болады.Ағылшын тілінің ритміне Фриз және Ладоның оқулықтарын қолдана отырып Фонетикалық жаттығулармен үйретуге болады [6, 55]. Мысалы: The man is a doctor. The man is a good doctor. The old man is a good doctor. The old man is a very good doctor.

Негізгі екпін doc буынына түсіп тұр, ал қосымша екпін man сөзіне түссе, әлсіз екпін қалған буындарға түсіп тұр. Негізгі мақсатымыз ол әр сөйлемді бір уақыт аралығында айту.

Айтылған Фонетикалық жаттығулар қазақ оқушыларынан тұратын сыныптарда міндетті түрде жүргізу керек, себебі ағылшын тілінің ритмикасы қазақ тілінің ритмикасы

сияқты емес, қазақ тілінде ритмика әдетте қатаң түрде сақталмайды. Ағылшын тілінің айтылуын лингвистикалық негізде үйрету.

Лингвистикалық негізде ағылшын тілінің айтылуын үйрету екі бөлімнен тұрады. Олар: физиологиялық фонетика және фонология. Физиологиялық фонетика дыбыстардың құрылуын және тіл арқылы айтылуын зерттейді және түсіндіреді.

Фонология, ол тілдің Фонетикалық қатарындағы компоненттердің атқаратын рөлін зерттейді және түсіндіреді. Фонология – функционалды Фонетика. Ол үш функцияны қарастырады:

1. Конститутивтік (құрастырушы);
2. Дистинктивтік (айырмашылықты білдіретін);
3. Рекогнитивтік (тану).

Конститутивтік функция, ол қандай да сөйлем тіпті ол бір буынды сөзден тұрса да, ол дыбыстардан құралады. Мысалы: I [аі]- мен, бұл сөз белгілі бір буыннан тұрады, бір екпін бар және белгілі бір тонмен(төменгі немесе жоғарғы) айтылады. Дыбысты немесе сөздің құрамындағы дыбысты айтқанда сөйлеуші немесе дауыстап оқып отырған адам бұл сөзді немесе фразаны басқа дыбыстардан тұратын сөздерден шектетіп айтады. Рекогнитивтік жаттығулар дыбыстарды және олардың тәртібін ажырату қабілеттерін дамыту үшін арналған. Есту қабілеттерін дамыту үшін мұғалім ауызша естіп тану әдістерін қолдануы керек. Мұғалім бірнеше сөздерді айтады, ал оқушылар жаңа дыбысты естігенде қолдарын көтереді.Сөйтіп мұғалім оқушыларының дыбыстарды ажырата алатынын біледі. Немесе мұғалім екі сөзді айтады да олардың қайсысы етістік екенін оқушылар ажырата алатынындығын білу үшін, олардан етістікті естігенде қолдарын көтеруін сұрайды. Ағылшын тілінің айтылуын қалай үйрету керек? Ағылшын тілінің айтылуын үйретуде екі методологиялық мәселе бар. Олар:

1. Егерде ауызша сөйлеу мүшесін саналы түрде пайдалану міндетті болса, және егер жай ғана еліктеуді қолануға болса;
2. Жаттығулардың түрін және оларды қолдану әдістерін анықтап алған жағдайда;

Оқушылар алдымен екі тілдегі дыбыстардың әр түрлілігін түсіну керек және еліктеу әдісін қолдану керек. Мұғалім қолын жоғары немесе төмен көтеру арқылы дауыс ырғағының өзгеруін түсіндіре алады. Шетел тілінің айтылуын Фонетикалық әдістер арқылы үйрену. Фонетикалық әдістер ағылшын тілінің айтылуын еліктеу арқылы емес, дыбыстарды саналы түрде қабылдап, оларды түсіну арқылы үйренуге бағыттайды.

Артикуляциялық оқытудың міндеті болып оқушыларды дыбыстардың айтылуын саналы түрде үйрену, дыбыстарды айтуды жаттықтыру арқылы танып білген дыбыстарды автоматты түрде айту. Сонымен қатар ол оқушылардың есту қабілеттерімен есте сақтау қабілетін дамытады. Ол дыбыстарды тек дұрыс айту үшін ғана емес сонымен қатар естіп түсіну қабілетін дамыту үшін керек. Мұғалім көбінесе оқушыға шетел тіліндегі дыбыстардың айтылуы қиындық түсіретінін естен шығарады. Дыбыстардың айтылуын үйрену барысында алдымен, оқушылар дыбыстардың айтылуын ана тілінде талдап, берілген элементтерден шетел тіліндегі дыбыстарды жинақтап алу.

Мұғалімнің ең басты міндеті ол оқушыларды дыбыстардың қорымен таныстыру және оқушының дыбыстарды еліктеу процесі арқылы үйренуі емес, ол шығармашылық таным екенін түсіну керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Демьяненко М.Я., Лазаренко К.А. и др. Основы общей методики обучения иностранным языкам. Теоретический курс. - Издательское объединение «Высщая школа», 1976.
2. Иностранные языки в школе. № 1, 2011
3. Гез. Н.И. «Роль условий общения при обучении слушанию и говорению»: Ж. «Иностранные языки в школе». - 2000.
4. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы. – Алматы:2012

5. Сахарова Т.Е., Рабинович Ф.М., Рогова Г.В. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. - М.: Просвещение, 1991.
6. Галатенко Н.А. Английская транскрипция. Учебное пособие с упражнениями и ключами. - М.: 2001.

ӘОЖ 82:81-26

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Бөкенбай Н.М.
Магистрант БГПУ им М.Акмуллы, г. Уфа

Аннотация: *В статье были сопоставлены пословицы и поговорки казахского и турецкого народов. Пословицы и поговорки являются свидетельством исторического сознания и мировоззрения, источником народной мудрости, философией размышления, эстетического познания, учения и культуры присущего казахскому и турецкому этносу. Паремия двух языков в статье сравниваются и классифицируются на две группы. Во-первых, абсолютно (полностью) сходные пословицы, полностью совпадающие по смыслу и структуре. Во-вторых, имеющие небольшие изменения в компонентах, но похожие по содержанию.*

Ключевые слова: *казахский язык, турецкий язык, пословицы, поговорки, лексика, общность, особенности.*

Annotation. *Proverbs and sayings of the Kazakh and Turkish peoples were compared in the article. Proverbs and sayings are evidence of the historical consciousness and worldview inherent in the Kazakh, Turkish ethnic group. The source of folk wisdom and philosophical reflections, aesthetic knowledge and teaching, culture is widely disclosed. It was formulated that proverbs and sayings are an indicator of the common sources of two languages, the source of ancient eras.*

Key words: *Kazakh language, Turkish language, proverbs and sayings, vocabulary, similarity, commonality, features*

Түркі халықтарының ұлттық болмысын танытатын бай мұралардың бірі- мақал-мәтелдер. Жаңа ғасырдың басынан бастап тіл білімінде, түркітануда мақал-мәтелдердің лексикалық, семантикалық және синтаксистік жақтары ғана емес, сонымен бірге көркемдік, этномәдени ерекшеліктерін, олардың тіларалық ұқсастық, айырмашылық деңгейлері де қарастырыла бастады. Мақал-мәтелдерді қазақ тіл білімінің жеке-дербес жаңа бір саласы-паремиологияның нақты зерттеу нысаны ету, оларды ұлттың рухани мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, ділімен сабақтастықта қарастыру енді қолға алынуда.

Мақал-мәтелдер әдеби тілдің көркемдігін, байлығын, бейнелілілігін көрсететін лексикологиялық категория. Олар ұлт тілінің ғана емес, ұлт мәдениетінің айнасы. Қазақ және түрік тіліндегі мақал-мәтелдер сан, сапа жағынан әртүрлі, сонымен қатар ұқсастықтары да көп. Мақал-мәтелдер ұлттық менталитеттің белгісі, қазақ, түрік этносына тән дүниетаным, эстетикалық тағылым мен мәдениеттің көрсеткіші[1, 68].

Қазіргі кезде түркітануда әр халықтың ұлттық болмысын танытатын бай мұралардың бірі мақал-мәтелдерді жан-жақты салыстыра зерттеу кешенді түрде қолға алына бастады. Жаңа ғасырда Қазақстан түркітанушылары мақал-мәтелдердің лексикалық, семантикалық және синтаксистік жақтарын, көркемдік ерекшеліктерін, тіларалық ұқсастық деңгейлерін, әр тілдегі өзіндік айырмашылықтарын да зерттеу үстінде. Кеңес Одағы тұсында да, Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте де Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тілдік, тарихи байланысы Орталық Азия, Шығыс-оңтүстік Сібір, Орта, Төменгі Еділ, Каспий жағалауларын мекен еткен жалпы түркі тектес ру-тайпалармен байланысынан іздеу дәстүрлі орында болды. Өйткені Орта Азия мен Қазақстанда тұратын қазіргі қазақтар, өзбектер, түрікмендер, ұйғырлар, қарақалпақтар, қырғыздар өзінің ұлттық әдеби тілі қалыптасқанға дейін ортақ кезеңдерді бастан кешірген. Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамындағы түркі тілдес ұлттар тәуелсіздігін жариялағаннан бері олардың арсындағы саяси байланыстар жаңа кезеңге аяқ басты.

Әсіресе Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы болып таныған Түркия Республикасының орны бөлек. Ғылымда Анадолы түріктері деп жүрген осы ағайындармен тарихи тамырластығымыз тым тереңде жатыр. Олар оғыз тобында, біздер қыпшақ тобында болғанымызбен ежелгі батыс хуннан бастау аламыз. Қазақ тіліндегі «көкте күн жалғыз, жерде ғұн жалғыз» деген мақал тегін айтылмаған.

Түркі халықтарының Шығыс Еуропаға қарай оқшауланған бөлігін оғыз тайпалары құрайды. Оғыз тайпалары Шығыс Еуропаға үш түрлі жолмен өткені тарихта белгілі. Орта Азияға VIII ғасырларда келіп қоныстана бастаған олардың бір бөлігі Еділ мен Жайық өзендерін кесіп өтіп, Шығыс Еуропаға жылжиды. Екінші тобы Арал теңізі маңын қоныстанып, Хазар теңізі жағалауын жайлай бастайды[2,23]. Үшінші тобы XI ғасырда Персия, Иран, Кіші Азия арқылы Еуропаға өтеді. Осы қоныстану ерекшелігіне сәйкес оғыз тобына жататын тілдер үш подгрупаға бөлінеді: 1)Оғыз-бұлғар подгрупппасы. Бұл подгрупаның құрамына көне печенег, көне уыз және қазіргі гагауыз тілі мен Балкан түріктерінің тілі кіреді. 2) Оғыз-түркімен подгруппасы. Бұл подгруппаға М.Қашқари еңбегінде айтылған көне оғыз, қазіргі түрікмен және Солтүстік Кавказды мекендейтін турхмен тайпасының тілі жатады. 3) Оғыз-селжук подгруппасы. Бұл подгруппаны өлі селжук, көне азербайжан, көне осман тілдері мен қазіргі азербайжан, қазіргі түрік және Қырым татарлары тілінің оңтүстік диалектісі құрайды.

Ал қазақ тілі қыпшақ тобына жататыны белгілі. Қыпшақ тобы тілдері қыпшақ тайпаларының ортасында қалыптасты. Қыпшақ тайпалары Шығыс Еуропа мен Азияға IX-XI ғасырларда печенегтермен, XI-XII ғасырларда половецтермен, кумандармен бірге келіп, XIII-XY ғасырлардағы Алтын Орда мемлекетінің негізгі тұрғындарын құраған. Қыпшақ тайпалары Астрахань, Қазан және Қырым хандықтарының, Үлкен Ноғай ордасының құрамына кірген. Н.А.Баскаков Қыпшақ тобын үш подгруппаға бөліп қарастырады: 1) қыпшақ-бұлғар подгруппасы; 2) қыпшақ-половец подгруппасы; 3) қыпшақ-ноғай подгруппасы.

Міне, осылай оғыз, қыпшақ тобында жатқан қазақ және түрік ұлттарының әлеуметті өміріндегі тамырластық, тектестік олардың мақал-мәтелдерінен көрініс тапқан. Екі тілдегі мақал-мәтелдерге тақырыптық топтарға бөліп, сараласақ дүниетаным ортақтығы анық көрінеді. Қазақ және түрік тілдеріндегі біріне өте ұқсас, ортақ мақал-мәтелдер екі халықтың рухани, мәдени, тарихи жақындығын білдіреді.

Екі тіл бойынша салыстыра отырып, жинақтаған ұқсас мақал-мәтелдерді зерделей қарастырғанымызда ұқсастықтың екі түрлі деңгейі болатынындығы байқалды. Олар:
Бірінші деңгей – мақал-мәтелдердің мағынасы мен құрам-құрылымы жағынан толық сәйкес болып келетін абсолюттті (толық) ұқсасты.
Екінші деңгей –компоненттерінде азды-көпті өзгерістер бар, бірақ мазмұны ұқсас мақал-мәтелдер.

Бірінші деңгей қатысты мақал-мәтелдерді қарастырсақ, Мәселен, қазақтар *Көрінген таудың алыстығы жоқ* десе, түріктер *Görünen dagın uzagı olmaz* -(көрүнен дағын узағы

олмаз) дейді. Мағынасы ортақ екені айқын. Көрінген нәрсенің, болатын істің орандалуының анық мүмкіндігін айтып тұр. Қазақтар *Не ексең соны орарсың* десе, түріктер *Ne ekersen onu biçersin*(нэ экэрсэн ону бичерсин)деп, қалай еңбек етсең, соған сай нәтижелі болатын айтып отыр. Қазақтар жас баланың қылығынан қарап, баға бергенде *Адам болар бала боғынан белгілі* дейді, ал түріктер де *Adam olacak çocuk bokundan belli olur* (адам олажак чөжук бокундан белли олур) дейді. Адамның жақсы –жаманын немес ішіне жасырар пейілін ажыратудың қиындығын қазақтар *Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында* деп тұжырымдаса, түрік мақалында да осы ой қайталанады: *Adamın alacası içinde hayvanın alacası dışında* (адамын алажасы ичинде, хайуанын алажасы дышында)[3].

Екінші деңгейге қатысты мақал-мәтелдерді сараласақ, ой-тұжырымның қайталанып тұрғанын байқаймыз. Тек кейбір сөздердің орнын басқа сөздер басқанын байқаймыз. Мәселен, түрікше *Gönülsüz davara giden köpekten hayır çıkmaz*(Көниулсиуз давара гиден көпектен hайр чикмаз)- Құлықсыз аңға шыққан итттен қайыр күтпе (түрікше). Ал қазақ тілінде бұл мақал нақтыланып, иттің орнына *тазы*, ал аң *түлкі* болып анықталған: Сүйреп қосқан тазы түлкі алмас.

Түрік тілінде *İnsan söyleşe söyleşe, hayvan koklaşa koklaşa* (инсан сөйлече сөйлече, hайван коклача)-«адам сөйлескенше, хайуан дыбыстағанша»,-деген мақал бар. Ал қазақ тілінде *Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше* деп осы ой қайталанады. Түрік тіліндегі мақалды зерделесек, *инсан* сөзі араб тілінен енген элемент, жалпылама *hайуан* сөзі қолданылған. Ал қазақ тілінде hайуан сөзі нақтыланып *жылқы кісінескенше* деп көрсетілген. Қазақтар *Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ* десе түріктер бұл ойды нақтылап: *Hiç yanılmamış alim yoktur* (хич йанылмаш алим йоктур)-«Бір рет жаңылмас білгір жоқ»деп нақтылап берген. Түрік тілінде *Aş tavık tüsinde özin arpa kambasında körer* (аш тавык түсинде өзин арпа камбасында көрер)-Аш тауық түсінде өзін арпа қамбасында көрер. Қазақтар осы тұжырымды *Қораздың түсіне тары кірер* деп қайталайды. Түріктер *Akıl jaska karamaz, baska karar*(акыл йаска карамаз, баска карар)-Ақыл жасқа қарамас, басқа қарар, десе, қазақтар *Көп жасаған емес, көп көрген білер* деп көпті көргеннің білері көп екенін айқындап айтады.

Екінші деңгейге жатқызылған жұп мақал-мәтелдердің бәрі де мағына жағынан ұқсас, бір ғана ұғым-түсінікті білдіретін мақал-мәтелдер. Бірақ олардың құрам-құрылым жағынан байқалатын айырмашылықтар бір ұғымның орнына екі түрлі сөз қолданылуы. Мәселен, түрікшеде хайуан десе, қазақшада жылқы деп анықтай түседі. Түрікше де көпек (ит)десе, қазақшада тазы деп нақтылып айтамыз. Бірақ бұл өзгерістер олардың жалпы мағынасына әсер етпейді.

Түркі тектес халықтардың мақал-мәтелдеріндегі уәжділік сәйкестік пен айырмашылықтар олардың ұлттық тілдінің өзіндік айшықтарымен, белгілерімен тығыз байланысты[4].

Түркілік біртұтас дүниетанымды қалыптастырған әрекеттерді, жағдаяттарды кеңістік пен уақыт бедерінен іздейтін болсақ-басты сүйеніміз түркі әлеміне ортақ мақал-мәтелдер. Түркі әлемінің ортақ тілдік бейнесі осы мақал-мәтелдер бойында жатыр.

Сонымен қатар елбасы Н.Ә.Назарбаев «ұлттық тілмен ұлттық сана» қалыптасады деп атап айтқандай мақал-мәтелдер мазмұнынан әр ұлттың өзіндік бойы да, сойы да, қоршаған ортаны танып, баға беру ерекшелігі де көрінеді. «Тіл мен ұлт біртұтастығы» қағидасын толықтыру үшін мақал-мәтелдерді этномәдени тұрғыдан зерттеудің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Сабыр М.Б., Исина Ж.А. Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты. -Орал: Ағартушы, 2014.188б.
2.Қайдаров Ә, Оразов М.Түркітануға кіріспе. -Алматы: Арыс, 2004. -360б.
3.Сидорина Н.П. Турецко-русский словарь пословиц и поговорок. -Москва:Толмач, 2006 - 352 б.

4.Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. –Алматы: Жібек жолы, 2008.-356б.

ӘОЖ: 81:42

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ГАЗЕТ МӘТІНДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН СЫЗЫҚШАНЫҢ ФУНКЦИЯСЫ

Калакбасова У.Т.
«Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент **Г.М. Гауриева**

Резюме: *В статье рассматривается функция тире, встречающаяся в газетных текстах на казахском и английском языках. Установлено, что в казахском языке тире заполняет пробелы, а в английском языке тире не свойственна такая черта. Общая черта, которая присуща казахским и английским газетным текстам, заключается в передаче смысловых, прагматических отношений в тире.*

Ключевые слова: *функция тире, газетный текст, интонация, пунктуация*

Қазіргі кезде сызықшаға көп функциялы және көп қолданыстағы белгі ретінде зерттеушілер ерекше назар аударуда. Бұл белгінің қолданылу диапазоны (ауқымы) өте үлкен. Ең алдымен ол мәтіннің таза құрылымдық, мағыналық және экпрессивтік қызметтерін атқарады. Зерттеулерге сүйенсек, сызықша сөздің синтаксистік құрылымының ешбір заңдылығына бағынбайды: бұл белгі оқырманға сөйлемнің мағыналық құрылымын жете түсіну үшін қандайда бір синтаксистік тұрғыда келуі мүмкін. Д.Эйтчисонның ойынша сызықша жалпы стилистикалық ережеде берілгендей мағынаны қалыптастыруда пунктуация қыстырылғыш қасиетке ие болу керек дегенді жоққа шығарады [1, 191].

Сызықшаны қолдану негізінде мазмұнды критерий бар. Қазақ және ағылшын лингвисттерінің зерттеулеріне сүйенсек, әртүрлі семантикалық және стилистикалық реңктерді беруде бұл белгінің қолданылуы, не қолданылмауы екі тілде де пунктуация ережелерінің байланыстылығын көрсетеді. Ағылшын тілінде сызықша сөйлем мазмұнын шешімді түрде үзу, оқырман назарын аударту, сөйлемге (сөйлем мағынасын үдету) экспрессивтілікті беру, сөйлеудің коммуникативтілігін белгілеу, сөйлемнің бағытын немесе үндестілігін өзгертуді меңзеу, барлық қосымшаларды енгізу, негізгі ойды дәлдеу үшін қолданылады. Ал қазақ тілінің пунктуациясында сызықша бір жақты болса, онда ол сөйлемді ішкі бөлінуге әкеліп, түрлі қызмет атқарады [2,24] Сызықшаның қолданылу ширегі өте кең: біріншіден, ол барлық «грамматикалық» бос орындардың фиксаторы, яғни, құрылым жағынан бос орындарды толықтырады; екіншіден, арнайы лексикалық-грамматикалық айтылу жағынан толық болмаса (шылаусыз, есімдіксіз, демеуліксіз) сызықша жазуда ерекше мағыналық әсер береді; үшіншіден, сөздің эмоционалды-экспрессивтілік қасиетін қалыптастырады.

Бірнеше мысал келтірсек:

1) Нарықтық экономиканың демеуші саласы – кәсіпкерлік

2) Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

3) Өмірдің заңы – буынға буын ұласты, толқынға толқын қосылды.

Бұл контекстерден сызықша тек бастауыш пен баяндауыш арасындағы бос орындарды толықтырып қана қоймай контексттің мағыналық бөлігі ретінде рематикалық элементін ашық көрсетеді. Ал ағылшын тіліндегі газет мәтіндерін зерттей келе, ағылшын тіліндегі хабарлы сөйлемдерде байланыс болмайтыны анықталды, сол себепті де ағылшын тіліндегі сызықша бұлай қойылмайды. Мысалы: «He **is**a coward!»дегенсөйлем «He-a coward!» деп жазылмайды. (Ал қазақ тілінде «Ол – қорқақ!» деп айтуға болады).

Қазақ және ағылшын грамматикалық ережесі бойынша сызықшаның тағы бір қызметі – бұл оның мағыналық қызметі. Бұл жерде сызықшаны мағыналық, интонациялық жағынан «кенеттен пайда болатын» белгі ретінде қарастыруға болады, яғни сызықша арқылы сөйлем бөліктерінің кенеттен бірігуін көруге болады.

Интонациялық үзілісті көрсетіп, сөздердің тобындағы мағыналық байланыстың дифференциациясын оқшаулау үшін, сонымен қатар сөздің мағыналық жағынан маңызды болып келетін, жаңа ақпаратты әкелетін, белгіленген экспрессиялық-логикалық ерекшеленуде қолдану үшін қойылатын сызықшаны интонациялық-мағыналық деп атайды.

1/ Тілшілерді мазалаған сұрақ – ол зауытта өңделетін жанар-жағармай қандай елдерге экспортталмақ?

2/ Бай – кәсіпкер деген сөз, бай деген – жұмыс беруші.

/1/ мысалда сызықша сұраулы сөйлемде интонациялық «сынған» жерде, яғни бұл сөйлемде хабарлы сөйлемнен сөзге логикалық екпін түсіріп тұрған сұраулы сөйлемге ауысқан жерде қойылған болса, /2/ мысалда сызықша мағына жағынан жай сөйлемнің қабаттасқан екі сөз топтарына бөлініп, одан әрі нақтылау үшін, дифференциациялау үшін қолданылған.

Бұл жерде сызықша арнайы ережеге бағынбайды, бұл жерде сызықша қазақ және ағылшын газет мәтіндеріндегі мәнерлілігін күшейтіп, жазушының сезімін білдіру қызметін атқарып тұр.

Қазақ және ағылшын тілінің тыныс белгілері туралы анықтағыштар мен нұсқаулықтарды сараптай келе, сызықша арқылы оқшауланған сөз тіркестері семантикалық-синтаксистік құрылым жағынан, стилистикалық жағынан коммуникативтілігін көрсетуде үлкен өзгешелігімен айрықшаланады. Бәрімізге бұрыннан белгілі болғандай, сызықша үлкен ***айрықшалаушы*** және ***бөлуші*** қасиетке ие. Оның ерекше иілгіштігі мен қандайда бір синтаксистік тұрғыда қолданылуы, бұл белгіні оқшауланған сөз тіркестерінде жиі қолдануға әкеледі [3,69]. Негізінде сызықша сөздің эмонационалды-экспрессивтілігін көрсететін белгі болғандықтан, ол синтаксистік мазмұнды жеткізу үшін қолданбайды. Ал сызықшаны қолданудағы тәжірибе барысында грамматикалық тұрғыда шектеулі түрде айтылған сөйлемнің негізгі бөлігіне оқшауланған айқындауыштар (detached/loose attributes) тіркелгенде біз оны синтаксистік тұрғыда көре аламыз.

Мысалы:

1) Соның ішіндегі көңілге қонғаны, алысты болжайтыны, ақылға саятыны, қазаққа қажеті – жер туралы айтқаны. 2) This has been a crazy season – fast-paced, well-acted, and sloppy in the plot depertment, 3) No questions asked, no log books or documents were exchanged – apart from that piece of hand written paper.

Берілген мысалдарда оқшауланған айқындауыштар салыстырмалы түрде кішкене аралықты қамтып, стилистикалық жағынан бейтараптану қасиетке тән. Бұған қарамастан сызықша арқылы оқшауланып тұрған сөйлемдер логикалық және эмоционалды тұрғыдан ерекшеленеді. Ал оның құрамындағы сипаттаулар үлкен мәнерлілікке, айқындылыққа ие болады.

Келесі мысалдардан оқшауланған сөз тіркестерінің алуан түрін көруге болады: Бұл мысалдарда айтылғанды ***қайтадан қайталап айту*** көрінеді:

1) Халқы бай мемлекет – ең мықты мемлекет.

2) Бүгін басқара білу – болжай білу.

3) Under director Michael Hammond, it's all beautifully acted – almost overacted.

Э.Патридждің зерттеуінше, сөйлемнің синтаксистік құрылымында қайталауды қолдану оқшаулану тәсіліне ұқсайды, және ол графикалық деңгейде тек қана сызықша арқылы ғана көрінуі тиіс. Синтагматикалық тізбекте белгілі бір бөліктің қайталануы немесе мағына жағынан жақын орналасқан, бір-бірін анықтай түсетін синонимдік лексикалық бірліктердің болуы оқырманның назарын аудартып, қайталанатын бөліктің мазмұнына жаңа реңк беріп, оның ерекшелігін көрсетіп, сөздің эмоцияналды әсерін күшейте түседі. Ал сызықшаның бұл жердегі ролі – ол қайталанатын сөйлем бөлігіне үлкен логикалық ерекшелеу және қосымша көтеріңкілік береді.

Газет материалдарын және жалпы пунктуация жүйесінің функционалдануын сараптау барысында қай «күшті» тыныс белгісін (қос нүкте, сызықша, нүктелі үтір) алсақ та, әрбіреуінің айтарлықтай стилистикалық мүмкіншіліктері бар. Бұл мүмкіншіліктер арнайы коммуникативтік жағдайда ғана іске асады. Бұл «күшті» белгілер сөйлем құрылымында тең қолданылады.

Сызықша, сонымен қатар, бірыңғай сөйлем мүшелерін көрсетуде кең түрде қолданылады. Негізі бірыңғай сөйлем мүшелері жалпылауыш сөзден кейін келіп, қос нүкте арқылы бөлінеді. Әйтсе де, мұндай түсіндірмелі-анықтамалы семантика сызықшаға да тән. Мысалы:

1) Қалған арызданушылар – балабақша меңгерушілері, мектеп директорлары секілді қызметкерлер.

2) Last week, he dispatched a team to put up Christmas decorations at her house – garlands on the front columns and white lights atop the shrubbery.

Егер бірыңғай сөйлем мүшелері жалпылауыш сөздің алдында келсе, онда арасындағы мағыналық қарым-қатынасын «қорытындылау» ретінде қарастыруға болады. Мысалы:

1) Ауыздықпен алысқан арғымақтар, қару-жарақтар, қыран құстар, бала көтерген аналар, ту көтеріп, найза ұстаған батырлар – бәрі де жарасымды.

2) Ақпарат құралдары, баспасөз, радио, теледидар, кино – қазақ ұлтына қызмет жасауға тиісті.

3) Nobody can yet say with authority how many wins the additions of Shane Victorino, Ryan Dempster, Jonny Games, David Ross and Koji Uehara – and perhaps Mike Napoli and maybe Sandy Rosario – are going to add in 2013.

Қарастырылып отырған белгінің тағы бір қызметі - Э. Гауэрдің айтуынша [3,167], түсіндіруді енгізу функциясы. Сызықшаны синтаксистік тұрғыдан әдетте предикативті емес үзінділер болып табылатын, түсіндіру – нақтылауды, түсіндіру – түзетуді ажыратуда қолдану – бұл белгінің қосымша ақпаратты енгізу үшін де қолданылатынын да жоққа шығармайды. Мысалы:

1) Чемпионатта одан басқа қазақстандықтар Анастасия Кодратьева – 19, Александра Сасина – 38, Валентина Сауленко 44-орынға орналасты.

2) Congratulations are in order to three Brookline siblings – Jim and Josh Solomon and Jennifer Goorno.

Сызықшаны толық сөйлемдер арасында ***түсіндірмелі-анықтамалы мағынада қолдану*** – аталған тыныс белгінің алыстатылуына әкелетін мүмкіндік. Сондықтан сызықшаны осындай жағдайда қолдануы ағылшын пунктуациясы бойынша барлық анықтамалар да және нұсқаулықтар да тіркелмеген.

Келесі мысалдарда сызықша арқылы оқырманға сөйлемнің екінші бөлігінде бұрын айтылған ой одан әрі нақтылана түседі:

1) Оппозицияның ұстанымы мәлім – тіл табысу, адам өмірін сақтап қалу үшін әскерді майданнан алып кету.

2) Фаризаның өзін жалғыз сезінуі – оның қоршаған ортадан, туған халқынан, достарынан безінуі емес, ойларының қолдау таппай, тұншығуы.

3) Қазақстан жері – бір шетінен екінші шетіне дейін құс қанаты талатын ұлан-ғайыр кең өлке.

4) Фариза суреттейтін әйел осалдығы - махаббат алдында бас ию, сезім нәзіктігі, сүюдің азабына көну.

5) They suspect it was ovarian – a type carrying a high risk of blood clots.

6) The locks rely on a Bluetooth connection – the technology used by many wireless hands-free phone kits.

Міне, осындай ретте сызықшаны автор ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемнің түсіндірмелі-анықтамалылығын ерекшелеу үшін қолданып отыр. Алайда, қазақ және ағылшын газет материалдарындағы тыныс белгілердің қойылу ретін зерттей келе, қос нүкте де түсіндірмелі-анықтамалы көрсеткіш ретінде қызмет атқара алатынын көре аламыз.

Келесі мәтін үзінділерінен сызықша мен қос нүктенің қойылу жағынан ұқсастықтарын байқауға болады:

1) Олардың ішінде экономикалық және саяси тұрғыдан өте түрлі деңгейдегі елдер – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан.

2) «Ақ жолдың» құндылықтары сендерге жат: әлеуметтік саясат, білім, имандылық,отарсыздану саясаты, басқа да проблемалар төңірегінде еркін ойлап, пікір айтуға адами, интеллектуалдық деңгейдерің жетпеді.

3) There’s a bit of everything: a toboggan, a violin, a buggy wheel, canisters, banisters, empty picture frames, bottles of this and that, a suitcase tucked away, a Trumbull Electric fuse box, a plaid Bathrobe hanging from a knob.

4) All my belongings – my jewellery, family photos and treasured mementos – are still with him.

5) Phone, wallet, keys – it’s the usual mental checklist many of us go through before leaving the house.

Бұл мәтін үзінділерінде екі тыныс белгі өзіне тән түсіндірмелі-анықтамалы қызметін тиімді атқарып тұр. Сызықша немесе қос нүкте арқылы сөйлемнің ішінара бөлінуі сөйлемнің екінші бөлігін ерекше айқындайды.

Қазақ және ағылшын пунктуациясында сызықшаның салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерде қойылуына ерекше көңіл бөлінеді.

Сабақтас құрмалас сөйлемді сызықша арқылы бөлу алдымен оның мазмұндық ерекшеліктері және оның коммуникативтік құрылымдағы ролімен ерекшелінген бағыныңқы мен басыңқы тура мағыналы сөйлемдерде болады. Қазақ және ағылшын тілінде сөйлемнің басыңқы бөлігі мен бағыныңқы бөлігінің арасында қойылатын сызықша мейлінше мол.

Ал ағылшын тіліндегі газет мәтіндерін зерттей келе, сабақтас құрмалас сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктері – сөйлем бөліктері арасында сызықшаның қойылуына ешбір түсінік бермейді. Бұл сызықшаның мұндай «бекітілмеген» кенеттен пайда болуын, тек нақты мәтін үзінділердің құрылу ерекшеліктеріне, сонымен бірге автордың мәтінді жеткізу ниетін, ішкі пікірін білдіру ерекшеліктеріне назар аударуымен ғана түсіндіріледі. Сызықша белгілі бір жол берулерде (though, even though жалғаулықтары арқылы), мезгіл, мекен, себеп-салдар (because және for жалғаулықтары арқылы) және шартты бағыныңқы сөйлемдерде белгіленеді. Мысалы:

1) The lack of co-ordinated information means that, in an emergency, neither the out-of-hours GP, nor the 999 crew, has any idea about the patient’s wishes – which is why end-of-life plans often fall apart in these situations.

Бұл мәтін үзінділерінде, жалғаулықтар арқылы сөйлемге қосымша толықтырушы ақпарат беріп қана қоймай, сонымен қатар бастапқы сөйлеммен барлық жағынан да тең болып келеді және коммуникативті тұрғыда аса маңызды . Осындай ерекшеліктері арқылы әдеттегі бағыныңқылардан ажыратылады. Келесі мысалды қарастырайық:

The heir to the throne topped the cream with a strawberry and laughed as he attempted to pipe over some strawberry glaze – which unfortunately oozed out of the top of the bag.

Сөйлемнің бірінші бөлігі (The heir to the throne topped the cream with a strawberry and laughed as he attempted to pipe over some strawberry glaze) грамматикалық тұрғыдан толық сөйлем болып келеді; ал семантикалық тұрғыдан өз бетінше жеке сөйлем. Сөйлемнің екінші бөлігі (which unfortunately oozed out of the top of the bag) сөйлемнің екінші компоненттінің аяқталуынан пайда болған ойды құрайды. Сызықшаның көмегімен which арқылы жасалынған сөйлем пунктуациялану тұрғысынан ерекше артықшылығы бар, бұл оның коммуникативті маңыздылығын көрсетеді.

Ағылшын тілінде бағыныңқы айқындауыштардың мазмұны әртүрлі қосымшаларды қосу арқылы қиындатылады. Бұндай қосымшаларға - түсінік беру, қосымшаларды қосу, анықтау жатады. Осындай қосымшалар арқылы бекітілген ақпараттар көмекші ретінде, әрі толықтырушы, яғни факультативті болып келеді. Бейнелейтін бағыныңқы айқындауыштарда сызықша сөйлем мазмұнына және коммуникативті-прагматикалық бағытына, сонымен бірге оның құрылымына да өзгеріс әкеледі. Мысалы: They knew the subjects' characteristics at the start – their ages, whether they smoked, cholesterol levels, their blood pressures.

Бұл контексттерде сызықша, бір жағынан алсақ, формальды және логикалық түрде аяқталған сөйлемнен кейін келіп тұр, басқа жағынан қарасақ, әйтеуір әрі қарай сөйлемнің жалғасы болу мүмкіндігі бар екенін ескертіп тұр. Осындай сөйлемнің жалғасы хабарламаның өз алдына жекеленуімен сипатталады және ол алдын-ала жоспарланбаған, бірақ мағынасы жағынан бұрын айтылған сөйлем бөлігімен табиғи түрде байланысады. Келесі мысалда: The Mail doesn't presume to judge who is right – though our children's need for new energy sources makes us inclined to side with the advocates of fracking, which has transformed the American economy. пысықтауыш бағыныңқылы сөйлем бөлігін ерекшелеу - коммуникативті тұрғыдан қарасақ, сызықшаның ажыратушылық мүмкіндігінің әсерінен болып отыр. Бұл жерде сызықша синтаксистік тұрғыда емес, прагматикалық тұрғыда қойылғаны көрініп тұр: ол сөйлем бөлігінің қаншалықты маңызды екенін анықтайды.

Ағылшын тілінде сызықшаның түсіндірмелі-анықтамалы мүмкіндігі салалас құрмалас сөйлемдерде көрінеді. Сөйлемнің екінші бөлігі түсіндірмелі болып табылып, ***бағыныңқы жалғаулықтар*** арқылы жасалады:

1) But I did know that something had changed irrevocably – that thing would never be the same again.

Жоғарыда келтірілген мәтін үзінділері белгілі бір ***плеоназм*** (тілдік құралдарының артық болуы) түріне әкелетін сөйлем құрылымын жасап тұр. Әйтсе де, кейбір тілдік құралдардың артықшылығымен сөздің эмоционалды-экспрессивті ықпалының элементі ретінде стилистикалық реңк өте қажетті. Осындай синтаксистік құрылым өзіндік графикалық көрінісімен ерекшеленеді, ал осы жерде сызықша сөйлемнің құрылымдық және мағыналық тұтастығын қамтамасыз етуге керек.

Сызықша бірінен соң бірі орналасқан, тақырыптық ұқсастықтары бар, белгілі бір шиеленушілік нәтижені қалыптастыратын мәтін бөліктерін көзбе-көз алшақтатады, сонымен бірге, сөйлемнің екінші бөлігін ерекшелеуге мүмкіндік туғызады.

Қазақ және ағылшын пунктуациясында сызықша салалас құрмалас сөйлем бөліктері арасында түсіндірмелі-анықтамалы қарым-қатынасты жеткізуге қолданылады. Мысалы:

1) Мемлекет басшысының қолдауының арқасында соңғы 2 жылда ғылымды жалпы қаржыландыру 2,5 есеге жуық - 2011 жылғы 20 млрд теңгеден 2013 жылғы 48 млрд теңгеге дейін өсті.

2) Жеке сектор ғылымды толықтай қаржыландыру функциясын өз мойнына ала алмайды – бұл өндіріс шығындарының ұлғаюына алып келеді, нәтижесінде пайда азаяды.

3) It was in 1945, about six months after his father's suicide – not "when his father killed himself", in 1944.

Берілген салалас құрмалас сөйлемдерде сызықшаны қолдану - сөйлемнің бөлінуіне және белгілі бір дәрежеде сөйлем компоненттерінің мағыналық тәртіп маңыздылығын, сонымен бірге олардың араларының өзгеруіне және нақтылауға күшті әсерін тигізеді.

Қазақ тілінде ажыратушы сызықша, негізінен алғанда, компоненттері индуктивті-дедуктивті қатынаста жұмсалған ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдер мен *сол, сонша,соншалық,сондай* сөздерінің қатысымен жасалған ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерге қойылады [4,68].

Мысалы:

1) Оның бар айтатыны – «оппозиция жетекшілері Майдандағы шеруді тоқтатып, қаруларын тастасын».

Бұл мысалда берілгендей, бірінші компоненттегі есімдік баяндауыш түсіріліп айтылу арқылы сөйлем жиі эллипсистенеді. Олардың бұлай ықшамдалған түрі құрмалас сөйлем болудан қалып, оңашаланған айқындауыш мүшелі жай сөйлемге айналады .

Сызықша синтаксистік ережелермен аз ғана байланысты болғандықтан, мәтін құру барысында жазушыға жаңа мүмкіндіктерін көрсететін ең ыңғайлы тыныс белгі болып саналады. Ол оңай, әрі еркін түрде баяндаудың сөйлеу жоспарын өзгертеді. Әйткенмен, берілген коммуникативті жағдаяттар бұл тыныс белгіні ең жиі қолданатын белгі етіп көрсетпейді.

Мысалдарды қарастырайық:

1) Brian loved the attention she gave him – attention I had been too busy to offer him, he reminded me.

Бұл мәтін үзінділерінде ішкі сөз морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан өздік есімдік түрін, тура мағыналы сұраулы сөйлемнің сөз ретін, сұрақ белгісінің қойылуын көрсетеді. Автор сөзінен кейіпкер сөзіне өту – мәтін бөлігін құрылым жағынан немесе мағыналық жағынан белгілі бір өзгеріске түсіретін сызықша арқылы жүзеге асады.

Төл сөзде сызықша төл сөздің абзацтық құрылымының басында түседі: диалог репликаларының арасында; төлеу сөзден кейінгі автор сөзінің алдында. Бұндай ереже тек қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтіндеріне тән, ал ағылшын тілінде сызықша бұл жағдайда қолданбайды. Мысалы: Бұл компанияның тек құрылыс қана емес, «жасыл экономика» саласында да мол тәжірибесі бары ескерілді, - деді Қазақстан Президенті., "With time, the deficit is only going to grow" said Lissovolik of Deutsce Bank.

Сонымен, сызықшаның қолдану аясы шынымен кең. Қазақ және ағылшын тілінің газет мәтіндерін зерттей келе, біріншіден, қазақ тілінде сызықша құрылымдық бос орындарды толтыратынын, ал ағылшын тілінде сызықшаға мұндай қасиет тән еместігін анықтадық – бұл негізгі ерекшелігі болып келеді; екіншіден, қазақ және ағылшын газет мәтіндеріне тән ортақ қасиет сызықша сөйлемдегі мағыналық, прагматикалық қатынастарды жеткізеді, үшіншіден, төл сөзде сызықша төл сөздің абзацтық құрылымының басында түседі: диалог репликаларының арасында; төлеу сөзден кейінгі автор сөзінің алдында. Бұндай ереже тек қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтіндеріне тән, ал ағылшын тілінде сызықша бұл жағдайда қолданбайды. Сонымен қатар сызықша эмоционалді-экспрессивті сөйлем тудыра алады. Бірақ қазақ және ағылшын газет мәтіндерінде сараптай келе, сызықшаның бұл функциясын ашу үшін арнайы зерттеу қажеттігілін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Эйтчисон Д. Английский: грамматика, орфография, пунктуация, стилистика. – М.: аквариум, 1996. б. 191

2. Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. Алматы «Мектеп» баспасы. 1977. – 24-29 б
3. Gowers E. The Colplete Plain Words. – L., 1977. – 165-167 p.
4. Әуелбаев Ш. Қазақ тілі синтаксисі мен пунктуациясын оқытуға арналған құрылымдық схемалар, Алматы, 1971 ж, 68-69 – б

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Утесинова А.С. – 2-курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Резюме: *Ахмет-отец казахского алфавита, просветитель тюркских языковедов. Архив Ахмета служит современному поколению, нового времени своего народа.Учение Ахмета-огромная наука, которую еще предстоит изучить. Современному поколению очень нужна сердце Ахмета Байтурсынова которое бьётся для своего народа.*

Ключевые слово: *языкознание, казахский алфавит, просвещение, большая наука*.

Оқу-білімге, мәдениетке, ұлт тағдырына, ұлт рухына қатысы бар мәселелердің бәріне де араласып, негіз салып кеткен Ахмет Байтұрсынұлының есімін ешбір қоспасыз, түсініктемесіз-ақ бүгінгі ұрпақ Ахаң деп аялай атайды. Ахаң – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан дара тұлға. Ол – Құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызыңдаған үлкен ақын, талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар үлгі тұтқан түрколог, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері екені барша қазақ халқына аян. Халқының дінін, ділін, тілін қорғаудағы Ахаң атқарған істер өлшеусіз, қазақ тіл білімінің де іргетасын қалаушы екені даусыз дәлелденген.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алатыны белгілі. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтап, қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліп-би сөзі осының бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын да аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі болған. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай

жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды.

Ахмет қазақ әліпбиінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жаңа уақыт, жаңа заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері — әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсыновтың ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі — қазіргі жаңа заманға өте керек. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гауһардай асыл сөздері мен тәлім - тәрбиеге толы, адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі - бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек, нұсқау болатын түзу жол екені айқын.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегенциясы өкілдерін баулуынан танылады. Сонымен қатар қазақ тілін әсем сөздермен әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу - білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәллдейді. Ахмет бұдан 80 жылдай бұрын байқап - түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан мәселелерімізбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі - үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны — халқының білім - ғылымнан қалыс келе жатқандығы еді. Қалыс қалуға үлкен себеп — қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан құтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы — ағартушылық идеясы болды.

Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген - оның туған халқының тағдырын ойлаған қам - қарекеті. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайығы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал - әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ

таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды - жіңішкелі үндестік зааңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйретететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу - ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйретететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтары жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетасын қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — тіл ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығының айғағы деуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі. «Тіл жұмсар» кітабында оқытуға қойылатын талапты былай тұжырымдайды. *«Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі – оның білімінің ұзақ жолын қысқарту, қиналмай оңай оқу, керек білімін кешікпей, дер кезінде алып отыруы үшін балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру және баланың бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру»* деп есептейді. Қай пәнде болсын баланың алған білімін тәжірибеде қолдану барлық сабақтарда нақты тапсырмалар, өздігінен байқау, зерттеу жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан оқушы ережелерді, теориялық мағлұматтарды тәжірибе жүзінде қолданса ғана білім сапалы тиянақты болып, дағдыға айналады. Жалпы сыныптағы оқушылардың қабілеті түрліше дамиды. Көп балалардың қабілеті бір деңгейде орташа қалыпта, кейбіреуінің арнайы мүмкіндігі мол, қабылдау қасиеті ерекше болады. Мұғалімдер осыған қарап материалды меңгерту жұмысын түрлендіріп береді. Әр оқушының қабылдау, тапсырманы орындау қабілетіне қарап, белгілі бір мақсатты білімге ұмтылдырып отырады. Білім алушыға дербес тапсырма беріп, өз бетімен іздендіруге бағытталған жұмыс түрлерін жүргізеді. Жүргізілетін жұмыс түрлерін әртүрлі әдіс-тәсілдермен жандандырып, сабақ барысында қызығушылықты ояту, топпен, жұппен, жекемен тапсырманы орындату білім алушының ынтасын ашып, қабілетін дамытуға мол мүмкіндік береді. Өз жеке іс-тәжірибемде қажетті әдіс түрлерін қолданамын. Оқушының өткен тақырыпты меңгеріп, түсінуіне ықпал етемін. Бір өткен сабағымнан мысал келтірсем, қабілетті оқушылардың жеке жұмысты орындауда "Ой толғаныс" әдісін тиімді қолдануда жетістікке жеткенін, орта деңгейлі оқушылардың жұптық жұмыс орындауда берілген тапсырманы "Ойлан, жұптас, пікірлес" әдісімен жақсы орындағанын, төмен деңгейлі оқушылардың топтық жұмысын қорғауда көмек қажет еткендерін аңғардым. Әр

сабағымда оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында тыңдалым-айтылым дағдыларын дамытуға сай әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануды үнемі назарда ұстаймын.

Ахмет методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліп-би астары» атты методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына киргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне дейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол… Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды»-, деп жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми-методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат *ҚазПУ* архивінде сақталған.

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көрсек:

“Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен: түрік, финн тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі” Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне таңданбасқа шара жоқ.

Ғалым бұрын айтқан пікірін тағы келтіріп, үдетіп беру машығынан таймайды. Ахмет Байтұрсыновтың азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен XX ғасырдың о жақ, бұ жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы езгінің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады.

Өз қолымен жазған “Өмірбаянында” (1929, 8 наурыз) Ахмет Байтұрсынов: “Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен; екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен; ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған “Қазақ” газеті арқылы іске асты” – деген екен.

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. “Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман…”, – деп жазған болатын.

Ағартушының ғылыми мұрасында ең жаңашыл, ең биік орын алатын пікірі – сингармодыбыс, сингармофонема, сингармобуын, сингармосөз пікірлері. М. Жүсіпұлы осы ойды тереңдетіп, сол ой-пікірлердің біразы кейін әлем тіл білімінде танымал болған фонологиялық теориялардың, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін әдістердің алфавит және орфография жасау принциптердің негізін қалауға медеу болды деуінде шындық бар. Сонымен Ахаң – қазақ тіл білімінде, жалпы түркологияда жаңа, нағыз түркі ойлау-қабілет негізінде жасалатын ізденістердің көшбасы, бәйтерегі, қазақ тілінің, түркі тілдерінің зерттелу тарихында жаңа дәуірдің ұйытқысы, (әсіресе дыбыс жүйесі, сингармониялық алфавит және орфография, әдістеме салалары) негізін қалаушысы. М. Жүсіпұлы анықтамасына сүйенсек, «қазақ тіл білімінің ұлы ақ аруанасы – Ахмет Байтұрсынұлының кең және терең лингвистикалық ой-пікірлері тек қазақ тілінің емес, басқа түркі тілдерінің де, жалпы тіл білімінің де дамуына өзекті үлес қосты».

Ахаңның – ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

Ахмет Байтұрсынұлы тіл мен әдебиет пәні арқылы дидактикалық заңдылықтарға, өзі негізге алған оқыту ұстанымдарына («жеңілден ауырға», «оңайдан қиынға» «қарапайымнан күрделіге», «білім мөлшерінің жас және дара ерекшелігіне қарай берілу» ұстанымы) сүйене отырып, оқытудың мақсатын, білімнің мазмұнын, сабақ беру ісін ұйымдастыру және оның әдістері мен әдістемесін ашып көрсетеді. Ендеше, Ахмет мұраларындағы дидактикалық ұстанымдарды қоғам талаптарына сай қазіргі заманғы оқыту әдістемесінде қолдану оқушылардың ғылыми дүниетанымын, өмірлік көзқарастарын қалыптастыруда, белсенді, дербес тұлғаны тәрбиелеуде аса қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. 1992
2.«Қазақстан мектебі» Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал №8, 2005 ж. 25-б
3.«Маңғыстау» энциклопедиясына, Компьютерлік-баспа орталығы, 2007
4.«Мағжанның педагогикалық мұрасы жайында».
5.«Ғасыр саңлағы» Р.С.Имаханбетова. Астана. 2010 ж
6.«Аңыз адам» журналы. №24, 2014 ж. 35-б
7.«Қазақстан мектебі» Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал №5, 2004 ж. 11-б
8.«Ақиқат» Ұлттық қоғамдық-саяси журнал. №5, 2003 ж. 67-б
9.«Ақиқат» Ұлттық қоғамдық-саяси журнал. №3, 2003 ж. 68-б
10.«Қазақ тілі мен әдебиеті» Респ. ғылыми-пед/қ, әдістемелік журнал №8, 2003 ж. 33-б

ӘОЖ 159.922

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Халикова Б.Т. – псих. ғ,.м., аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Резюме: *в статье рассмотрены вопросы психологического консультирования в семейном воспитании. Семейное консультирование как вид психологической помощи: организация и осуществление. Рассмотрены модель психологической помощи, рекомендации, изучаемые направления профессионального консультирования.*

Ключевые слова: *семья, психология консультирование, психотерапия, психодиагностика, психодрама.*

Қоғамдық жанғыру кезінде Қазақстандағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Осының өзі қоғамдағы отбасының орны, оның басты міндеті-бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатады. Қазіргі педагогика, қоғамтану, саясаттану, психология, философия, әлеуметтану секілді ғылым салалары адамның дамып қалыптасуындағы отбасының өзіндік орнын көрсетуде.

Отбасылық өмірдің эмоционалды және мінез-құлық аспектілері шетелдік және ресейлік психологияда жақсы зерттелген. Әр жылдары А.Я.Варга, В.Н.Дружинин, В.Зацепин, К.Киркпатрик, В.Сатир, В.В.Столин, В.А.Сысенко, Сейгер, З.Фрейд, Э.Эриксон, К.Юнг, Т.Яценко және басқалар осы сұрақтардың әртүрлі аспектілеріне жүгінді. Отбасы тәрбиесінің адам өміріндегі маңызын бізге дейінгі, көптеген ұлы ағартушылар, ғалымдар зерттеп, ол туралы құнда пікірлер айтқан (Әбу Насыр Әл-Фараби, М.Жұмабаев, А.Құнанбаев, М.Әуезов т.б.). Қай заманның ғалымы зерттесе де, отбасы мәселесі әр кезеңде маңызды болып табылады [1.74].

Сол себепті қазіргі уақытта Қазақстан тұрғындары арасында отбасылық тәрбиедегі психологиялық кеңес беру мәселесі өзекті болып табылады. Отбасылық кеңесшілер психологиялық орталықтарда, әлеуметтік қорғау министрлігі мен отбасы мен баланы қорғау комитеттері жүйесінде жұмыс істейтін кеңес беруде, сондай-ақ басқа мекемелерде жұмыс істейді. Психологиялық көмек түрі ретінде отбасылық кеңес беру: ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Психологиялық көмектің кеңес беру моделі тек объективті ғана емес, сонымен бірге субъективті түрде отбасылық қарым-қатынас пен отбасылық тәрбиеде қиындықтарға тап болған отбасылармен және отбасы мүшелерімен жұмыс істеуді қамтиды, яғни психологиялық көмекті қабылдауға негізделген және кеңес алуға өз еркімен жүгінген. Бұл ұстаным психологиялық әсер ету әдістері психологқа өз еркімен жүгінген отбасылар үшін ғана тиімді екендігіне негізделген.

Отбасылық кеңес беру мынадай жағдайда ұсынылады:

* отбасылық проблема-бұл ерлі-зайыптылық жанжал, өгей балалар арасындағы күшті бәсекелестік, ұрпақтар арасындағы жанжал сияқты қарым-қатынас мәселесі;

* қарастырылып отырған проблема отбасының бір мүшесінде бар, ал қалғандары оның белгілеріне қатты әсер етеді; мысалы: ішімдік, нашақорлық, жасөспірімнің құқық бұзушылығы, психоз;

* отбасылық кеңес беру консультант отбасы мүшелерінің бірінде болған проблемамен қарқынды жұмыс істеген кезде және сәттілік аз болған кезде көрсетілуі мүмкін. Бұл жағдайда отбасылық психолог гомеостатикалық функцияны ескеруі керек,

онда бір клиенттің белгілері бүкіл отбасылық жүйенің патологиясын анықтайтын белгілер ретінде қызмет етеді. Мысалы: орта жастағы әйелдегі ұзақ мерзімді депрессияны күйеуі мен балаларын басқарудың жалғыз тәсілі ретінде қарастыруға болады;

* Сонымен, бұл өздері туралы көбірек білгісі, өзгергісі және жетілдіргісі келетін көптеген отбасылар. Мұндай отбасылар бізге жиі жүгінеді.

Отбасылық кеңес беру келесі жағдайларда қарсы болуы мүмкін:

* отбасы мүшелері өз мәселелерін өздері шешуге тырысады және бөтен адамдарға араласқысы келмейді;

* отбасының бұзылуы отбасы мүшелерінің тұлғааралық қатынастарында немесе психологиялық сипаттамаларында емес, отбасы мен қоғам арасындағы қақтығыс қатынастарында жатыр, тек психологиялық әсер тиімсіз;

* отбасы қоғамға қарсы бағдармен сипатталады (маскүнемдік, азғын өмір салты, балаларға қатыгездік), ол қоғамның тәрбиелік әсерінің бүкіл жүйесінің объектісі болуы керек;

* отбасының маңызды мүшелері жоқ немесе қатысқысы келмейді (ауруханаға жатқызылды, түрмеде және т. б.);

* отбасының бір мүшесінде осындай күшті патология бар, соның салдарынан сессиялар болмайды;

* отбасы құрылымы немесе неке коалициясы соншалықты нәзік, сондықтан тікелей араласу оған тым қауіпті болар еді. Бұл жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысымен бөлек кездесу жақсы болуы мүмкін.

Кәсіби кеңес беру психологиялық көмек моделі мыналарды қамтиды:

1) медициналық тұрғыдан сау, бірақ отбасылық өмірде қандай да бір қолайсыздықты бастан кешіретін, көмекке мұқтаж және ол туралы сұрайтын клиентпен байланыс орнату;

2) қолайсыздық себептерін анықтауға және көмектің ықтимал нысандарын анықтауға бағытталған психологиялық диагностика жүргізу;

3) кеңес беру жұмысының өзі, клиенттің немесе тұтастай отбасының жеке психологиялық ресурстарын іске қосу арқылы қолайсыздықты жоюға бағытталған түзету немесе психотерапиялық іс-шаралар.

Психолог-кеңесшінің жұмысында әр түрлі отбасыларда әр түрлі көрінетін, отбасының бұзылуына, терең отбасылық дисармонияға, ішімдікке, невротикалық ауруларға, отбасылық тәрбие сапасының төмендеуіне және балалардың мінез - құлқы мен дамуындағы бұзылуларға әкелетін жеке немесе әлеуметтік-психологиялық себептерді жоюға немесе алдын алуға баса назар аударылады. Барлық осы құбылыстардың артында әлеуметтік-демографиялық, экономикалық немесе әлеуметтанулық сипаттағы жалпы проблемалар болуы мүмкін, бірақ кеңесші психолог олардың әртүрлі адамдарда, әртүрлі отбасыларда әр түрлі өзгеріп, отбасы мүшелерінің жеке ерекшеліктерімен, олардың психологиялық ресурстарымен делдал болады деген болжамнан туындайды. Психологиялық құрылымдар мен процестердің делдалдық әсерінің арқасында кейбір отбасылардағы бірдей факторлар дисармонияға және дисфункцияға әкеледі, ал басқаларында жоқ. Сондықтан, консультативтік психологиялық көмек шеңберіндегі талдау мен әсер ету объектісі әрқашан өзіне тән даму ерекшеліктері, өмірлік жағдайларға жауап беру, қақтығыстарды шешу жолдары, жоспарлар және т. б. бар нақты отбасы (немесе жеке тұлға) болып табылады [1.105].

Кеңес беру жұмысының мақсаты-отбасылық үйлесімсіздіктің жеке себептерін анықтауға ұмтылу және нақты жағдайларда осы себептерді жоюға көмектесу.

Тәжірибе көрсеткендей, ата-аналардың бірдей шағымдары әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін:

- ата-аналар ескермейтін баланың темпераментінің ерекшеліктері,
- соматикалық немесе психикалық аурулар,
- ұжымда қарым-қатынастың сәтсіз қалыптасқан тәжірибесі,

- психикалық жарақат, тәрбие стилінің ерекшеліктері немесе ата-аналардың жеке басы,

- отбасылық жағдайдың ерекшелігі, қарым-қатынас сипаты және ата-аналардың (ерлі-зайыптылардың) қарым-қатынасындағы әртүрлі қиындықтар, соның ішінде жыныстық проблемалар.

Отбасында кездесетін басқа да проблемалар мен дағдарыстар мезгілсіз өлім, ажырасу, жұмысынан айрылу, тұтқындау, табиғи апат, инфляция, жұмыссыздық, соғыс сияқты оқиғалардан туындайды.

Дағдарыстық оқиғалар мен жағдайларды өмірлік циклдің әртүрлі кезеңдеріндегі отбасылар мүлдем басқаша қабылдауы және сезінуі мүмкін. Олар отбасының дамуы үшін өте маңызды дағдарыс пен дамуды сындарлы шешуге немесе отбасының бұзылуына және отбасының бұзылуына әкеледі. Нәтиже ағымдағы дағдарыстық жағдайларды қабылдау сипатына және оларды отбасымен шешу мүмкіндіктеріне байланысты.

Отбасында нормативтік және нормативтік емес дағдарыстарды шешу үшін сыртқы қолдауға жүгінудің анықталған және қалыптасқан қажеттілігі болуы мүмкін, бірақ бұл қажеттілік анықталмауы немесе тіпті қалыптаспауы мүмкін.

Негізінен, психологиялық көмекке ажырасқан отбасылар, бір ата-анасы бар отбасылар, өгей әкесі немесе өгей шешесі бар отбасылар, асырап алушы ата-аналары бар отбасылар, мүгедек балалары бар отбасылар, олардың біреуі қамауда немесе психиатриялық ауруханада жатқан отбасылар, кішкентай балалары бар отбасылар жүгінеді. орын балаларға немесе басқа мүшелерге, өз-өзіне қол жұмсауға бейім жасөспірім балалары бар отбасыларға қатысты зорлық-зомбылық.

Жақында отбасылық психолог-консультанттар жоғарыда көрсетілгендермен қатар гиперактивті балалары бар отбасылар, проблемалық неке қатынастары бар отбасылар, жоғалған отбасылар, маскүнемдер, жұмыссыздар және т.б., сондай-ақ бірнеше проблемалары бар отбасылар туралы айтады.

Стресс жағдайында жас отбасылар, оның ішінде бірінші бала туылғанға дейінгі және одан кейінгі отбасылар, бикарьер отбасылары, кедей отбасылар, кішкентай бала қайтыс болған отбасылар және т. б. көмекке мұқтаж.

Көптеген отбасылар проблемалар мен дағдарыстарды өз бетінше жеңе алмайды, тұтастығын сақтау үшін өздерін өзгерте алмайды:

-өзара әрекеттесу жүйесі өте икемді, мүшелері өз сезімдері мен тілектерін көрсете алатын, отбасында туындайтын барлық проблемалар ашық талқыланатын жетілген отбасылар, бұл қарым-қатынастың жаңа үлгілерін табуға, отбасылық құрылымды барабар өзгертуге мүмкіндік береді.;

-күш-жігердің көп бөлігі сыртқы әлем алдында келісім мен бірлікті сақтауға бағытталған, сондықтан кез-келген жеке келіспеушіліктер алынып тасталатын және тұтастыққа ерік-жігер мен қалаулардың біреуінің еркі мен қалауына бағынуы ретінде қол жеткізілетін жалған отбасылар;

-өзара әрекеттесу хаотикалық және дағдарысқа әкелетін үздіксіз даулар мен қақтығыстарға негізделген және өткен тәжірибе ештеңе үйретпейтін және болашақта мінез-құлық үшін нұсқаулық болып табылмайтын проблемалы отбасылар.

Психологиялық көмек объектілері осы үш түрдің кез-келгеніне қатысты отбасылар болуы мүмкін екені анық. Алайда, біріншіден, олардың көмекке мұқтаждығы әртүрлі, өйткені оның нақты мазмұны әртүрлі. Жетілген отбасыларға қауіпті, бірақ табиғи жағдайлар туындаған кезде (жазатайым оқиға, ауыр ауру, физикалық немесе ақыл-ой кемістігі, мезгілсіз өлім, сыртқы факторлардан туындаған бақытсыздық) қалыпты емес стресс жағдайында қолдау қажет болуы мүмкін [2.60].

Жалған отбасылар психологиялық көмекке мұқтаж болуы мүмкін, бірақ олардың сыртқы әлем үшін" жақындығына "байланысты, оған отбасының шекараларын" жарып жіберетін " және белгілі болған оқиғалар болған жағдайда ғана жүгінуге болады. Бұл

психикалық аурулар, отбасы мүшелеріне зорлық-зомбылық, суицид және т. б. болуы мүмкін.

Ішкі және сыртқы өзара әрекеттесудің хаотикалық құрылымы бар, аз ұйымдастырылған, қақтығысқан проблемалы отбасылар дағдарыстық жағдайларды шешудің өзіндік әлеуетіне ие. Сондықтан олар психологиялық қолдау мен көмекке мұқтаж.

Бұл дегеніміз, отбасылық қызмет мамандары белгілі бір бұзушылықтардың табиғатын анықтап, тиісті көмек көрсете білуі керек.

Кеңес беру барысы туралы шешім қабылдау процесі мынадай реттілік түрінде ұсынылуы мүмкін:

1) диагностика (клиент мәселесі туралы ақпарат жинау);

2) мәселені "бастаған" себепті табу (мысалы, стресс, сәтсіздік, кінә және т. б.);

3) кеңес беру мақсаттары;

4)кеңес беру стратегиясы (процестің өзін ұйымдастыру және оны технологиялық қамтамасыз ету);

5) кеңес беру тиімділігін бағалау және процестің барлық алдыңғы кезеңдерін талдау.

Отбасылық кеңес беру-бұл кеңес беру араласуының өзіндік белгілері мен шекаралары бар отбасына көмек көрсетудің бір түрі. Отбасылық кеңес бір-бірін өзара байыта отырып, отбасылық терапиямен қатар дамиды. Отбасылық кеңес берудің негізгі мақсаты-оның өзара әрекеттесуін өзгерту және жеке өсу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін отбасы мүшесінің немесе мүшелерінің проблемасын зерттеу. Отбасы мәселесін кең тұрғыда зерттеп, оны психотерапиялық жолмен кеңес беру тәсілдерін қолдану арқылы танымал болған отбасылық психотерапевттер: Т.Лиде, М.Боуэн, Ф.Фромм-Ричман, Л.Уан, Н.Аккерман, Д.Джексон, В.Сатир және басқаларын атауға болады [3.54].

Отбасымен жұмыс жасауда олар отбасылық ойындар, отбасылық стереотиптер, отбасылық мифтер, отбасылық әңгімелер, отбасылық құпиялар болсын, көптеген басқа психологиялық отбасылық құбылыстармен айналысады. Оларды диагностикалық құрал ретінде де, психологиялық түзету материалы ретінде де қолдануға болады.

Отбасыларға психологиялық және психотерапиялық көмек көрсетуде рөлдік психотерапия әдістерін, атап айтқанда психодраманы қолдану пайдалы. Көптеген отбасылық мәселелерді отбасылық қатынастар тарихына "ену" және осылайша негізгі қақтығыстарды шешу арқылы шешуге болады. Мұндай мүмкіндіктер психодрама әдісін ұсынады, бұл ескі өмірлік жағдайларды жаңа жолмен жоғалтуға және қайта ойнауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, психолог көрсететін көмек жеке және отбасылық кеңес беру, жеке немесе топтық психотерапия саласындағы, сондай-ақ даму психологиясы, жеке психология, әлеуметтік және медициналық психология және басқа да арнайы пәндер саласындағы кәсіби дайындық негізінде құрылады. Бұл ұстаным қиын өмірде, атап айтқанда отбасылық жағдайда бола отырып, адам туыстарынан, достарынан, таныстарынан пайдалы кеңес ала алатындығын көрсетеді. Ешбір қызмет жақындарының, достарының қатысуының және қоғамдық ұйымдардың мүдделі көмегінің құндылығын жоққа шығара алмайды. Алайда, ақыл-ой мен мейірімділікке негізделген кеңестермен шектелетін қызметті ұйымдастыру іс жүзінде мүмкін емес және ысырапшыл болар еді. Ақыл-ой мен ізгілік, әрине, практикалық психологтың маңызды және қажетті қасиеттері болып табылады, бірақ ол белгілі бір жағдайларда өзінің іс-әрекетін кәсіби білім мен тәжірибеге негіздейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шнейдер Л.Б. Семейная психология: учеб. пособ. для вузов. – М., 2007. – 736 с.
2. Эйдемиллер Э.Г., Юстицких, В. Психологи и психотерапия семьи. – СПб.: Питер, 2008. – 672 с. 12.

3. Сілтеме: https://psyera.ru/3288/semeynoe-psihologicheskoe-konsultirovanie

ӘОЖ 159.9.072

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫН ТҮЗЕТУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мүсон А.Ә.- «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты; Ғыл. жетекші: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор **Набидоллина Ш. С.**
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Орал қаласы

Резюме:*В этой статье рассмотрены психолого-педагогические особенности коррекции агрессивного поведения подростков. Проведена классификация методов коррекции агрессивного поведения. Кроме того, рассмотрены значимость тренинга в коррекции агрессивного поведения.*

Ключевые слова:*Агрессия, поведение, подросток, коррекция, тренинг*

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2014ж. 17 қаңтарындағы «Қазақстандық жол – 2050: Ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлт денсаулығы – біздің жетістікті болашағымыздың негізі», деп ерекше көрсетілген. Сонымен қатар, білім беру саласындағы басымдықтарды аша келе, «жоғары оқу орындар білім беру жұмысымен ғана шектелмеулері керек» [1] деп айтылған. Болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қазіргі адамның психикасына және оның бейімдік қабілеттеріне жоғары талаптар қояды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында барлық психосоматикалық бұзылулар, балалар арасындағы агрессия, әр түрлі тәуелділіктердің, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени факторлардың салдарынан болатын ауыртпалықты күйіністердің (бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінен пайда болған беймазалық қорқыныштар, ноогендік, мазасыз қынжылулардың және т.б.) өсуі байқалады. Осының барлығы жаһандық әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарысты оқиғалармен күрделене түседі. Жеткіншектердің арасында құқық бұзушылық пен агрессивті мінез-құлықтың кең таралуы жеткіншектердің деликтвентті мінез-құлыққа тап болуына да себеп болып отыр [2]. Осыған байланысты қазіргі қоғамның ғылымға жүктейтін өзекті сұранысы, тұлғаның және жалпы қоғамның психологиялық денсаулық мәселесі болып саналады. Ерекше адами көріністерге назар қоюдың сыры осында.

Агрессиялық мінез-құлықтарын түзету мәселесі күрделі және көп қырлы. Агрессиялық мінез-құлықтарын түзетуге арналған көптеген әдістер бар және оның мақсаты солардың біреуін таңдап, онда бір жағынан белгілі бір адамның жеке ерекшеліктеріне сай келетін, ал екінші жағынан нақты шарттарға, яғни дәл сол жерде, дәл сол уақытқа негізделген.

Агрессиялық мінез-құлықтарын түзету іс-шаралардың аса маңызды жолдарын мынадай келесі тәсілдермен көрсетеді: аутогендік жаттығу; түрлі релаксация әдістері; биологиялық кері байланыс жүйесі; тыныс алу гимнастикасы (жаттығуы); жағымды эмоцияларды адам өміріне енгізу; музыка; дене шынықтыру жаттығулары; психотерапия [3].

Бұл ретте қандай да бір агрессиялық мінез-құлықтарын түзету әдістерін таңдау арқылы жеткіншектердің агрессиясын бәсендетеміз. [4].

Кесте 1- Агрессиялық мінез-құлықтарын түзету әдістерінің жіктелуі



Көптеген тәсілдерін түсіну үшін, психологиялық агрессиядан арылуға бағытталған, белгілі бір ерекшеліктеріне сәйкес оларды ұйымдастыруға қажетті таңдалған жүйеге байланысты жіктеу координаталары әр түрлі болып келеді. Біз агрессияның алдын алуымыз үшін оның 2 жіктеу әдістерін ажыратуымызға болады. Бірінші жіктеуге жататын биологиялық агрессия және сыртқы орта әсерінен пайда болған агрессиялық мінез-құлықтар.

Кесте 2- Агрессия әдістерінің жіктелуі

Бірінші жіктеу. Егер төменгі деңгейден бастар болсақ, материяның ұйымдасуы бұл ең қарапайым физикалық әдістің агрессияны бәсеңдетуі –жоғарғы немесе төменгі температураның әсері, жарықтың түрлі спектрлік құрамы мен үдемелілігі. Көптеген бақылаулар ағзаны шынықтыру агрессияны бәсендетіп, стреске төзімділікті қалыптастыратынын дәлелдейді. Сонымен қатар, психотерапияның барлық түрлері, жақын адаммен эмоционалдық қатынасқа түсу, білікті маманның кеңесі, жыныстық қатынас, спорттық ойындардың ықпалы маңызы болып табылады. Кейбір жағдайларда

жоғарыда ескертілген тәсілмен, яғни маман болмаған немесе бөгде адаммен жеке бас проблемасымен бөлісу арқылы агрессияны түзету мүмкін емес. Мұндай жағдайда қолданылатын өзіне-өзі көмек көрсететін психологиялық түрлі әдістер-аутогендік жаттығу, медитация, тыныс алу техникасы, арнайы дене шынықтыру жаттығулары өте тиімді. Агрессия деңгейін реттеу үшін техникалық құралдарды пайдалана отырып өткізуге болады:

1. магнитофон, аутогендік жаттығудың формулаларын жазып отыруға арналған;
2. видеомагнитофон көмегімен табиғат суреттелетін жазбаны көруімізге болады;
3. релаксацияға арналған компьютерлік үйрету бағдарламалары;
4. биологиялық кері байланыстың әртүрлі құрылғылары[7].

Агрессияны түзетудің өзіндік жіктеу тәсілдері бар функциональдық қалып, анистрестік қорғаныс барлық тәсілдерді екіге бөледі ол ұжымдық және психопрофилактикалық.

Тәсілдердің бірінші тобы өндірістік ортаның экстремалды факторлардың дәрежесін төмендетуге бағытталған және олардың неғұрлым қызметкердің психофизиологиялық ерекшеліктеріне сай болуы керек. Мұндай тәсіл көбінесе еңбек психологиясында, инженерлік психологияда эргономикада. Оның негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1. ең жақсы алгоритмдерді жасау арқылы еңбек процесін жетілдіру, ыңғайлы мерзімдерді қамтамасыз ету;
2. адамның психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес құралдары мен жұмыс құрал-жабдықтарды жетілдіру;
3. ресурстар қызметкердің мерзімінен бұрын қажуына әкеп соқпайтын еңбек және демалыс режимдердің қолайлы етіп құрастыру;
4. жұмыс орындарын ұтымды ұйымдастыру және жұмысты оңтайлы қалыпта құру;
5. ұжымда қолайлы әлеуметтік-психологиялық климатты құру;
6. еңбек нәтижесінде туындайтын рухани және материалды мүдделерін арттыру;

Тәсілдердің екінші тобы тікелей қызметкердің психикасына және оның функциональды жағдайына бағытталған.Ол мынадай тәсілдерді қамтиды:

1. түстің және функциональдық музыканың әсері;
2. биологиялық белсенді нүктелердің әсері;
3. сауықтыруға арналған дене шынықтыру жаттығулары;
4. сендіру және ұсыныс;
5. өзін-өзі сендіру және аутотренинг;
6. тыныс алу гимнастикалары;
7. медитация.

Сонымен қатар, агрессияны түзетуде тренингтің орыны ерекше. В.В.Никандров айтуынша, агрессияны төмендетуде, стреске төзіміділік қалыптастыруда жетекші мақсат, нақты міндеттер, уақыт тәртібі, басшылық түрі әсер етеді. Тренингте әдістер мен жұмыс техникасын таңдаудың ең бірінші мақсатқа тәуелді болғандықтан ұсынылған топтардың біріншісін қарастырайық және олардың ішінен стреске қарсылық тренингінің орнын анықтайық. Жетекші мақсат бойынша барлық тренингтерді шарты түрде екі топқа бөлуге болады. Әдістемелік және психокоррекционды (психотеропевтикалық жеке даму, оқытушылық, ұйымдастырушылық). Психокоррекционды тренинг. Агрессияны бәсендететін тренингтер адамның психикалық сферасының өзгерісіне, оның жүріс-тұрысының өзгерісіне, өз танымының жетілуіне бағытталған. Ол келесі аспекттер енетін психокоррекционды тренингтер типіне жатады [8]. Аталған тренингтің түзетудің ең тиімді құралы-эмоциональды фактор. Ойындарға қатысу, жаттығулар тыңдаушыларға сәйкес эмоциональды толқулар арқылы өзін түсінуге, оларға сәйкес мәселелердің тиімді шешімін табуға көмектеседі. Агрессияны бәсендету тренингінде психоанализден алынған жаттығулар, гештальт-терапия, ән терапиясы, психикотерапевтикалық тренинг психикотерапевтикалық әсер алуға бағытталған.

Сөзсіз агрессияны бәсендету тренингі қандай да бір түзету жұмысы секілді емдік әсерінің туындауына себеп болады. Және агрессияны бәсендету тренингі қатысушыларға деструктивті жағдайын жеңілдетіп, стреске карсылығын көтеретін білім, мүмкіндіктер және біліктілік беруге бейімделген. Агрессияны бәсендетуге мүмкіндік беретін психологиялық климат және жағдайына жеткізу мақсатында нақыт ұйым шеңберінде өткізілген болса, онда ол мұндай агрессияны бәсендетуге тренинг ұйымдаструшылық деп аталуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014ж. 17 қаңтарындағы «Қазақстандық жол – 2050: Ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» Жолдауы // Егемен Қазақстан.-2014,-12 б.

2 Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде “Салауаттану–денсаулықты сақтау” бағдарламасы бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру тұжырымдамасы //Валеология журналы , №1. 2003

3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.-Алматы: Юрист,2001,-б.3-34.

4 Қарамурзаева А. Агрессивтік мінез-құлықтың теориялық мәселелері //Жантану мәселелері, №4 (4), 2008ж.

5 Күнсәләмова Т.К. Жеткіншектердегі өзіндік бағалау, өзіндік реттелу және эго-күйдің белсендірілуі мен агрессиялықтың өзара байланысын психологиялық-педагогикалық тренинг негізінде зерттеу. кан... диссер. Алматы, 2005ж.

6 Левитов Н.Д. Психическое состояние агрессии// Вопросы психологии. 1972. - №3 – 172с.

7 Ким Л.М. Некоторые особенности вербальной агрессии. //Қазіргі замандағы маңызды мәселелер. Халықаралық ғылыми журнал, «Гуманитарлық ғылымдар» сериясы, №3 (20), 2008ж.

8 Еникеев М.И. Социальная психология: Учебник для вузов. – М.: ″Издательство ПРИОР″, 2001. – 160с.

9 Ручкин В.В. О некоторых механизмах агрессии у подростков – правонарушителей: дисс. канд. мед. наук. – Архангельская гос. мед. Академия (АГМА), 1997. – 70с.

10 Налчаджян А.А. Этнопсихологическая самозащита и агрессия. Учебное пособие для вузов. – Ереван: Изд-во «Огебан», 2000. – 408с.

ӘОЖ 81'367

ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Ташаева Г.К. – қазақ тілі мен әдебиеті ББ-сының магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме:*В статье рассматриваются гендерные различия в устойчивых словосочетаниях. Устойчивые словосочетания мужчин и женщин в нашем языке анализируются индивидуально и объясняется термин «гендерлект». Также дается определение "гендерлекта", лежащего в основе лингвистического анализа.*

Ключевые слова: *устойчивые словосочетания, гендерные различия, гендерная идентичность, гендерлект.*

Соңғы онжылдықта тіл құбылыстарын зерттеудің антропоцентрлік тәсіліне негізделген зерттеудің жаңа бағыттары тіл білімінде қарқынды дамуда. Тіл біліміндегі жаңа бағыттарда гендерлік зерттеулер ерекше орын алады, оларға қазіргі уақытта біздің елімізде қызығушылық артып келеді. Гендерлік зерттеулердің негізгі тұжырымдамасы гендер болып табылады, ол әйелдер мен ерлердің әлеуметтік мінез-құлқын, олардың өзара қарым-қатынасын анықтайтын мәдени сипаттамалардың нақты жиынтығы ретінде түсіндіріледі [1].

Гендерлік зерттеулердің басты бағыты – қоғамның ерлер мен әйелдерге қатынасын, белгілі бір жынысқа жататындығына байланысты адамдардың мінез-құлқын, ерлер мен әйелдердің қасиеттері туралы стереотиптік идеяларды анықтайтын мәдени және әлеуметтік факторларды анықтап көрсету болып табылады.

Ғалымдар еңбегіне сүйенсек, қоғамда әйел немесе ер болып өмір сүру – тек анатомиялық қабілетті болу ғана емес, белгіленген талаптарға сай, гендерлік рөл атқару деген сөз. Гендерлік рөлдер – белгілі бір қоғамда, тарихи жағдайда қолданылатын әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес ерлер мен әйелдерге берілетін әлеуметтік рөлдер, соған сай, әрбір жыныс өкілінің қоғамда міндетті деп танылған сөйлеу әдебі, мінез-құлық, дене қимылы, т.б. талаптардың орындалуы [2, 23].

Гендерлік рөлдер әр халықтың таным-түсінігіне, ұлттық ерекшелігіне сәйкес түрліше болып келеді. Соның ішінде әр жыныс өкілінің өзіне тән қолданыс тілі бар. Ғалым Б.Хасановтың тұжырымынша: «Аңшылық пен құрылыс лексикасын еркектер қалыптастырған, ал үй шаруашылығы лексикасын тек әйелдер түзген» [3, 284].

Бір тіл аумағында әлеуметтік жынысқа – әйелдер мен ерлерге байланысты, олардың әрқайсысының сөз саптауында кездесетін тілдік бірліктер (сөз, сөйлем, сөйлемдер мен сөз тіркесі, фразеологизм, мақал-мәтелдер) гендерлект болып аталады [2, 23].

Қазақ дәстүрінде ұл әкенің, қыз шешенің баулуына бөлініп, тәрбиенің түрі өзгереді, біртіндеп гендерлік дағдыларға бейімделе бастайды. Халқымыздың салт дәстүрімен біте қайнасып жатқан гендерлік ерекшеліктер тіліміздің інжу-маржандары халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, мақал-мәтелдерде, тұрақты сөз тіркестерінде кең қамтылған. Жас, жыныс айырмасын сипаттайтын гендерлік фразеологизмдердің басым көпшілігі ұл балаға қатысты қолданылады. Мысалы: *ат ұстар*, *ат байлар*, *ат қосшы*, *қазан бұзар*, *қыз теке* (қыздармен қосылып ойнайтын ер бала), *отау иесі*, *ашамай міну*, *тоқым қағар,* т.б.

Қазақ қоғамында қалыптасқан мәдени дәстүр бойынша балалық шақтың әрбір кезеңінде ересек өмірге бейімделу, әлеуметтену, дәлірек айтқанда, ұл – еркек, қыз – әйел болу қағидаларын игеріп, гендерлік нормалар мен рөлдерге машықтануы маңызды болып саналған. Халқымыз қыздың әлеуметтік жасын көбірек ескерген. Ер жетіп, балиғатқа толған қызын ұзатылғанға дейін *бойжеткен, ұзатылатын қыз, атастырылған қыз, қалыңдық* деген гендерлектілермен атаған.

Ана көрген – үлгілі, өнегелі әйел бала туралы айтылады. *Жат жұрттыққа жаралған* – қыздың өзге елге ұзатылуынан келіп туған салтты білдіреді.

Тілімізде қыз бейнесін суреттейтін тіркестер де жетерлік. Солардың ішінде *беті ашылмаған*, *он екі де бір гүлі ашылмаған*, *салиқалы қыз*, *хор қызы* тұрақты сөз тіркестерімен қатар көркем тілмен оюланған гендерлектілерді де атап өткен жөн. Мәселен, *жас ерін*, *нәзік бел*, *сәбидің білегіндей торғын тамақ, мақпалдай екі беті үлбірейді, миуалы пісіп тұрған жас алмадай,* т.с.с. Келесі топтағы тұрақты тіркестер қыздың сұлулығын білдіреді: *айдай сұлу; айдай таза, күндей нұрлы; ай десе аузы бар, күн десе көзі бар; ай қабақ, алтын кірпік; ай мен күндей, әмбеге бірдей; аршыған жұмыртқадай; ауызға үріп салғандай; бетінен қаны тамған; жүзіктің көзінен өткендей; қиғаш қас; құралай көз; қырмызыдай ажарлы; сағағынан үзілген; туған айдай; үріп ауызға салғандай.*

Қазақ халқында «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі» деген мақал бар. Мақалдың мәні қыз баланың нәзіктігін, сүйкімділігін білдіреді. Сәйкесінше, халқымыз қыз баланы нәзіктіктің символы ретінде есептеп, *нәзік жан* тіркесімен атаған. Керісінше, халқымыз ер

баланы батырлықтың символы, күштің иесі деп санаған. Тіліміздегі *арыстан жүректі; жамбасы жерге тимеген; жүрегінің түгі бар; жүрек жұтқан; қасқыр жүректі; от жүрек; сайып қыран* деген тіркестер тілімізде тек ер адамдарға ғана қолданылып, «батыр, өжет» мағынасын білдіреді.

Он бесте отау иесі саналған бозбала да есейіп, бойы да, ойы да өсіп, күш-қуаты артқан, жетілген, ер-азамат болып жігіт жасына да жетеді. Халқымыз ер баланың отау құруына қатысты *үй болды, үйі түсті* деген тіркесті қолданса, қыз балаға қатысты *тұрмысқа шықты* деп айтқан.

Халық ұғымында жігіт жасына сай батыл, ер жүрек, өткір, бір сөзді, ақылды, білімді, яғни сегіз қырлы бір сырлы болуы шарт. Осы ретте мынадай гендерлектілер кездеседі: *Жігітті жігерінен таны; Жақсы жігіт: он бесінде жас емес, жүзге келсе де, пәс емес,* т.б. Бұл сияқты мақал-мәтелдер жігіттің гендерлік рөлін бекемдей түседі. Жігіттік шақты бейнелейтін *бағлан жігіт, жас жігіт, зіңгіттей жігіт, қылшылдаған жігіт, жігіт-желең, күйеу жігіт, сақа жігіт* гендерлектілері жігіттің физиологиялық толысуы ғана емес, гендерлік әлеуметтенуін де білдіреді.

Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі абыройлы әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр, би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелеген. Ұл бала – қазақта шаңырақ иесі, ер-азамат – ата-ананың отын тұтатушы болып саналады. Сондықтан да тіліміздеосы түсінікті білдіретін мына тіркестер қалыптасқан: *атадан асып туды; ата жолын қуды; ер басына күн туды; ер бесіктен танылды; ердің басы екі елу; ердің ері, егеудің сынығы; ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірді; ердің құны, нардың пұлы; ер егесі еңісте; ер кезегі үшке дейін; еркек кіндікті; еркек туды; ер қаруы бес қару; ер маңдайын бақа бер; ер мойнында қыл арқан шірімес; ер шекіспей бекіспейді.*

Ер бала шаңырақ иесі деп есептеледі, сондықтан да қыздың отбасымен бірге тұратын жігітті халықта *күшік күйеу* (үйленіп, ата-енесінің қолына кірген жігіт) деп атаған.

Адамның кемел жасқа жетіп, есейген шағында белсенділігі артады, бұл кезеңде еркек те, әйел де жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізіп, соған сәйкес гендерлік рөл атқарады. Бүгінде де әйел мен еркектің жас деңгейін бағамдайтын гендерлік өлшемдер ұлттық дәстүрімізден алшақтай қойған жоқ. Замануи талаптармен сабақтаса келіп өмір салтынан, еңбектен және қоғамдық-саяси, мәдени-танымдық, отбасылық-тұрмыстық қатынастан көрініп отырады.

Ай-күні болды; ай-күні жетіп отыр; айы-күні жақындады, аузы-мұрнынан шығып отыр, аяғы ауыр, емшектен шығарды, ерге барды (күйеуге тиді), есік көрген, етегі (пұшпағы) қанамаған деген тұрақты тіркестер тек әйел адамға қатысты қолданылады. Осы тіркестерге қарама-қарсы мәнде келетін тіркестер де бар: *бауыры құтсыз, бойына бір шала сүйек бітпеді.*

Қыздай алған әйел – қыз кезінде алған жұбайы.

Қазақ тіліндегі қарғыс мәнді тіркестердің құрамында да әйел адамдарға ғана қолданылатындары бар. Мәселен, тіліміздегі *ақша бетің тіліңсін! Қара шашы жайылсын (қазалы болсын)! Марту басқыр («Марту» шаман дінінде екіқабат әйелді босандырмай қинайтын «жын»)! Шашың жайылғыр!* деген сынды тіркестер тек әйел адамдарға ғана қолданылады.

Мақалада талдауға түскен тұрақты сөз тіркестері «Фразеологиялық сөздіктен» жинақталды [4].

Қорыта айтқанда, тілді біліктілікпен дамыту үшін тілдің әлеуметтік жіктелуі мен адамның жыныстық айырмасы арасындағы байланысты яғни гендерлік жіктелімді зерттеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

3. Макшакова М.В. Гендер в современной лингвистике // https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/25298/1/avfn_2013_02.pdf

4. Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. Алматы: «Экономика» баспасы ЖШС, 2012.
5. Хасанұлы Б. Қазақ тіл білімінде гендерлік бағытты қалыптастырудың өзекті мәселелері // Психолингвистика және әлеуметтік тіл білімі: қазіргі күйі және болашағы: халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2003. – 284, 288 бб.
6. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

УДК 81 366

ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ ФОРМЫ СЛОВА «ЗА + ТВОРИТЕЛЬНЫЙ ПАДЕЖ» С ВРЕМЕННЫМ ЗНАЧЕНИЕМ И ЕЁ ЭКВИВАЛЕНТЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Саматова Ж.М.-магистр филологических наук,
Какимова Д.М.-магистр педагогических наук
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Түйіндеме *Мақалада уақыт мағынасы бар "за+творительный падеж" сөзінің қолданылуы және оның қазақ тіліндегі баламалары қарастырылады. Синтаксема сөйлемнің минималды синтаксистік бірлігі ретінде оның құрамдас бөлігінің мәртебесін алады. Сөйлемдегі синтаксеманың қызметі екі тұрғыдан қарастырылады: байланыс тұрғысынан немесе сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің позициясы тұрғысынан.*

Тірек сөздер *Синтаксема, сөздік форма, послелог, көмекші есімдер*

Синтаксема как минимальная синтаксическая единица предложения приобретает статус его компонента. Сами же предложения с точки зрения организации и членения представляют собой комбинации синтаксем. При этом функционирование синтаксем в предложении рассматривается с двух позиций: либо с позиций связей, либо с позиций второстепенных членов предложения. Первая точка зрения напрямую связана с проблемой признания или непризнания второстепенных членов предложения.

Вопрос о второстепенных членах предложения в русской грамматике до сих пор не решён. В учении о второстепенных членах предложения выделяются два основных направления: рассмотрение второстепенных членов по значению и по виду синтаксической связи с другими словами.

И в том и другом случае выделяются в качестве второстепенных членов определения, дополнения и обстоятельства, но основания для такого выделения имеются разные, и потому один и тот же член предложения при разных подходах к классификации второстепенных членов определяется по-разному.

В работах В. А. Белошапковой все члены предложения классифицируются на участвующие и не участвующие в создании предикативной основы предложения.

Иную точку зрения на второстепенные члены предложения высказывает Н. Ю. Шведова, которая объединяет их в группу «распространяющих членов», относящихся к уровню словосочетания [1, 412]. На этом основании формы слова определяются исходя из их позиций в словосочетании – присловной или неприсловной. Соответственно формы слова могут функционировать как главный член предложения или детерминант (неприсловная связь) либо как компонент словосочетания с различными значениями:

объектным, определительным, обстоятельственным, восполняющим (присловная связь).

Г. А. Золотова определяет синтаксему с точки зрения формы, значения и функции. С позиции функционирования словоформа имеет следующие характеристики: 1) самостоятельное, изолированное употребление единицы; 2) употребление единицы в качестве компонента предложения; 3) присловное употребление единицы в качестве компонента словосочетания (или сочетания слов) [3, 4]. Таким образом, у синтаксемы выявляется еще одна функция – функция заголовка.

Эти характеристики дают возможность более объективно дифференцировать значения падежных форм. При выявлении синтаксических функций предложно-падежной формы целесообразно отталкиваться от семантики синтаксемы, что позволяет более четко представить проблему типологии самих семантических отношений.

С другой стороны, во многих семантических исследованиях последнего времени, в работах в области так называемой падежной грамматики недостаточно внимания собственно синтаксическим, конструктивным свойствам и возможностям падежных форм. Между тем, «в силу богатства и разнообразия падежных и предложно-падежных форм при разнородности их функций функционально-синтаксический аспект проблемы для русской грамматики приобретает особую актуальность» [3, 11-12].

И, наконец, ещё один важный аспект изучения функционирования предложно-падежных форм отметил В. В. Виноградов. Исследование конститутивных единиц русского языка подтверждает его мысль о том, что имена существительные служат в русском языке основой большей части синтаксических конструкций. Именные, а не глагольные синтаксемы оказались «главным ключом к синтаксическому механизму русского языка» [3, 11-12].

Анализ функций формы слова в ***творительном падеже*** с предлогом ***«за»*** и их эквивалентов в казахском языке будет проводиться с этих позиций, а также с учётом подхода к второстепенным членам предложения в школьной практике.

Словоформа ***«за + творительный падеж»*** способна функционировать в неприсловной связи, выступая в качестве главных членов простого предложения, либо в присловной, являясь компонентом словосочетания.

Форма слова ***«за + творительный падеж»*** может выполнять функцию детерминанта, который является распространителем предложения и относится по характеру и по связи ко всему предложению в целом. Детерминант присоединяется к предложению любого грамматического состава, как распространённому, так и нераспространённому, к любому высказыванию. Детерминирующий член связан с предложением свободным присоединением, внешне схожим с примыканием, но отличающим от него своим неприсловным характером. Нормативно-грамматической позицией детерминанта является позиция в абсолютном начале предложения, но он может менять свое место под влиянием правил, связанных с актуальным членением предложения.

Иначе обстоит дело в казахском языке.

Основные значения синтаксических единиц, в том числе и формы слова, в русском и казахском языке совпадают, но существенно различаются в типах связи слов в предложении и словосочетании. Связи между словами в казахском и русском языках осуществляются различными средствами, которые не всегда совпадают, что обусловлено особенностями строя агглютинативного казахского и флективного русского языков [2, 194-195].

Специфика формирования синтаксических значений словоформой в казахском языке связана с особенностями создания падежных значений и выражения обстоятельственных значений в словосочетании.

В казахском языке категории индоевропейских предлогов в функциональном

плане могут соответствовать послелоги, служебные имена и аффиксы падежей (например, для пространственных падежей - аффиксы исходного, дательно-направительного и местного).

Служебные имена не имеют однозначного толкования в тюркологической литературе. Некоторые авторы грамматик тюркских языков (П. М. Мелиоранский, Н. А. Баскаков) не выделяют их в отдельную группу, а рассматривают в составе послелогов, считая, что служебные имена являются формами послелогов, не отличаясь от последних ни по значениям, ни по синтаксическим функциям. Н. К Дмитриев, Н. П. Дыренкова, Л. Н. Харитонов трактуют служебные имена вне системы определённой части речи. В трактовке служебных имён мы присоединяемся к точке зрения М. Б. Балакаева и В. А. Исенгалиевой, которые включают их в состав служебных частей речи в виде особой группы, не смешивая их с послелогами, что, на наш взгляд, совершенно правомерно на современном этапе развития казахского языка, т. к. эти слова уже утратили свое материальное смысловое содержание и выражают разного рода грамматические отношения. Служебные имена уточняют и конкретизируют выражаемые падежными аффиксами пространственные, временные и иные отношения, представляя собой названия частей, общих для многих предметов: ***үст, бет, төбе, аст, түп, іш, сырт*** и др. [6, 13].

Послелоги и служебные слова казахского языка имеют широкий спектр значений: пространственное (***шейін, дейін, қарай, таман, жуық, әрі, бері***), временное (***салым, кезде, шақты, сәтте, мәзетте, әзірде, бетте, бойда, сайын, соң, кейін, әрі, бері*** и др.), причинное (***үшін, жөнінде, туралы, жайында, арқасында*** и др.), целевое (***бола, үшін, жөнінде, туралы, жайында***), меры и предела (***шақты, шамалы, қаралы, сайым, жақын, жуық, таяу, тарта, астам***) и др. и в основном соответствуют предлогам русского языка: ***кейін – после*** **(*сабақтан кейін – после урока*)**, ***қарай – к, по направлению к*** **(*дүкенге қарай – к магазину)*** и т. п.

Служебные же имена принимают аффикс определения ***ғы/гі,*** аффиксы множественности и падежные аффиксы: Бәрінің де сырттарында ішік (С.Мұқанов) – На всех были шубы, все были в шубах; Театр қасындағыларға барайық – Пойдем к тем, кто около театра.

Послелоги выражают как пространственные, так и отвлеченные грамматические значения: бейбітшілік туралы – о мире; білім үшін – для знаний и др.

Служебные же имена, напротив, имеют преимущественно конкретно – пространственные значения, например: стол үстінде – на столе; стол астында – под столом и др.

Послелоги выражают различные грамматические отношения между предметами или между действиями и предметами.

Служебные же имена лишь уточняют падежную форму: институт(тың) қасында – около института; институт(тың) алдында – перед институтом; институт(тың) артанда – за институтом, сзади института.

Послелоги казахского языка сочетаются с именами шести падежей: именительного (***үшін, арқылы*** и др.), родительного (послеложные словосочетания: алдын ала, үстін ала, артын ала), дательно – направительного (***дейін, қарсы*** и др.), винительного (***қоса, айнала*** и др.), исходного (***кейін, бұрын***) и творительно – соединительного (***бірге, қатар***).

Служебные имена в конструкции изафета сочетаются с именами, стоящими в родительном падеже.

Послелоги не принимают после себя служебных имен. Служебные же имена могут принимать после себя послелоги. Например: Мұның бәрі кімге айтылып жатқанын Сеит енді ғана ұққандай, Омардың ***артына қарай*** жантая кетті де, бүйірінен бір нұқып қалды (Ғ.Мүсрепов). – Сеит, сделав вид будто только что понял, к кому обращены эти слова, наклонился за спину Омара и толкнул его в бок. Катерина бір

кезде оны жалғыз тастап, кіренің ***алдына қарай*** жүгіріп кетті (Ғ.Мүсрепов). – Катерина оставила её одну и побежала к обозу (к передней части обоза). Игілік ағаш үйді ақ қайың мен терек араласқан қалың жалдың ***ішіне қарай*** төмендеу салдырып жатыр еді (Ғ.Мүсрепов). – Иглик строил деревянный дом в конце лесной чащи, состоящей из белых берез и тополей. Әйелдерден шам сұрап алып Некрасов шахтаның ***түбіне қарай*** кетті (Ғ.Мүсрепов). – Попросив и взяв у женщин лампу, Некрасов пошел в глубину шахты.

Вышеуказанное дает возможность отличить служебные имена от послелогов. Необходимо разграничивать их на основе лексико-семантических, морфологических и синтаксических признаков.

Служебные имена по морфологическим особенностям сходны с именами существительными (склоняются, обладают категорией принадлежности и т.д.). Они являются носителями падежных аффиксов и по лексическому значению дополняют значение падежа, уточняют и конкретизируют пространственные отношения, выражаемые падежом.

Пространственные падежи – это дательно – направительный, местный и исходный, поэтому служебные имена стоят в одном из этих падежей.

Таким образом, служебные имена, взятые изолированно, являются существительными ***(арт*** – зад, ***орта*** – центр, середина и др.), представляя собой названия частей, общих для всех предметов, а по смыслу обозначают простанственные отношения ***(үй***(дің) ***артында*** – за домом, сзади дома; ***қала***(ның) ***ортасында*** – в центре города и т.д.), иногда – отвлеченные значения ***(өлім үстінде*** – при смерти); по синтаксической функции они соответствуют русским предлогам и вне контекста не употребляются.

Говоря о служебных именах, необходимо заметить, что нельзя рассматривать их как образование новой части речи, здесь можно вести речь лишь о расширении значения отдельных слов.

Служебные имена могут иногда принимать аффиксы множественности. Например: Абай, Ербол, Жұмагүл және ***қастарындағы*** бар қыздар орындарынан ілезде тұрысты. – Абай, Ербол, Жумагул, а также девушки, которые были около них, быстро встали с мест.

В редких случаях между словом в родительном падеже и служебным именем, т.е. внутри изафетного сочетания, для большей конкретности может вставляться слово.Например: Жасы ***қырықтың*** жуан ***ішінде*** (Ғ.Мустафин).– Ему было(вполне) лет сорок с лишним. Жидебай***, Мұсақұлдың*** екі ***арасына*** он шақты үй тігілді (М.Әуезов).– Между Жидебаем и Мусакулом было возвигнуто десять юрт. ***Халықтың*** қалың ішінен шыққан (С.Мұқанов). – Он вышел из (глубокой) среды народа. Мынау терiскейдегі қалың қара ***биіктің*** арғы ***сыртынан*** артық жер жоқ (М.Әуезов). – Нет более лучшей местности, чем та сторона возвышенности, находящаяся на севере, покрытая темным лесом.

Иногда употребляется сочетание служебное имя плюс послелог. В этом случае оба компонента сочетания равноправны в функции обозначения грамматических отношений, например, ***үй жағына қарай*** – в сторону дома, ***ортасына дейін*** – до середины и т.д.

Если же употребляется сочетание – служебное имя (в номинативной форме) плюс другое служебное имя, - то значение первого служебного имени «перетягивает», «пересиливает»: үйдің **орта тұсында** – посреди дома; үйдің ***қарсы алдында*** – напротив дома.

В этих примерах значение служебных имен ***тұсында*** и ***алдында*** растворяется в значениях слов ***орта*** (середина) и ***қарсы*** (против, напротив).

Не все русские предлоги имеют соответствия с послелогами казахского языка. Роль послелогов в казахском языке по сравнению с предлогами русского языка

незначительна.

Служебные имена описывают расположение предмета в пространстве и часто соответствуют предлогам русского языка: ***үстінде – на, наверху, над, астында – под, алдында – перед, артында – за, ішінде – в, внутри, қасында – возле, у, жанында – около, подле, маңында – возле, около, түбінде – у, на дне, под.***

С учётом рассмотренной специфики создания синтаксических значений в словосочетаниях и предложениях русского и казахского языков будет рассматриваться функционирование формы ***«за + творительный падеж»*** с временным значением и ее эквиваленты в казахском языке.

Форма ***«за + творительный падеж»*** с временным значением обозначает время занятия каким-либо делом, названном в отвлечённом имени (***за работой, за обедом***), либо – эллептически – в конкретно-предметном (***за книгой, за столом***, ***за самоваром***) с локативным оттенком.

При конкретном имени действие выражается эллиптически: ***за книгой - за чтением книги - когда читал книгу***; ***за столом когда кушали, за чаепитием - когда пили чай*** и т. д.

Имея ограничения в лексическом наполнении, синтаксема с временным значением ограничена и в своем употреблении.

В функции заголовка и сказуемого временное значение реализуется ограниченно:

За чашкой чая – ***Шәй үстінде***. *Отец* – ***за работой***. – *Әкем* ***жұмыс үстінде.***

В казахском языке в данных позициях синтаксема ***«за + творительный падеж»*** выражается конструкциями, состоящими из имени существительного и служебного слова ***үстінде.***

В функции присловного распространителя – обстоятельства времени – форма слова употребляется с глаголами мысли, речи, восприятия (***размышлять, думать, спорить, говорить*** и т. п.):

-Домой ехать не из чего, - ***сказал за обедом*** *Пантелей Прокофьевич* (М. А. Шолохов); *А ты* ***видел*** *медведя* ***за едой!*** (А. М. Горький); *Но и в светлый день победы* ***вспомним***, *братцы*, ***за беседой*** *про солдата-сироту* (А. Т. Твардовский); ***Ругать*** *ребенка* ***за едой*** *– значит лишить его аппетита*; ***Дремать за рулем*** *опасно для жизни*; *Вспоминать* ***за кружкой пива*** *о войне стало его потребностью*; *Разговаривать* ***за работой*** *было неудобно* (Д. Н. Мамин-Сибиряк).

Сочетается она и с глаголами взаимонаправленного действия: ***увидеться, встретиться, сойтись, столкнуться*** и подобными;

В этот день они ***встретились*** только ***за ужином***; Вместе ***собирались*** только ***за праздничным столом***; Впервые и ***увиделись за свадебным столом***.

В именных словосочетаниях главным словом является отглагольное существительное той же семантики: ***встреча за обедом, беседа за ужином, размышления за работой, споры за чаем*** и т. п.

А там и дружный смех, и песни вечерком, и вальсы резвые, и ***шепот за столом*** (А. С. Пушкин); *Нет уже юноши, нет уже нашего черноглазого* ***короля беседы за ужином*** (В. В. Хлебников).

Во всех словосочетаниях связь слабая.

Форма ***«за + творительный падеж»*** может выражать последовательность сменяющих друг друга действий, занимая позицию детерминанта:

...И сразу вслед ***за первой очередью*** *самолетов* ***пронеслась*** *вторая очередь*, ***за нею*** *третья...* (А. А. Фадеев); *Они залились визгливым лаем*. ***За ними*** *дряхлым асом* ***забрехал*** *старый колхозный пес Сингал* (В. В. Бианки).

На этой основе образовались устойчивые сочетания ***день за днем, год за годом, неделя за неделей***.

В неприсловной связи в функции детерминанта позиция открыта для всех словоформ; это основная функция данной синтаксемы. Она употребляется в разных по

структуре предложениях:

а) глагольных двусоставных и односоставных предложениях:

За столом *Михаил первое время упорно молчал, внимательно вслушивался в слова Григория. –****Үстел үстінде*** *Михаил бастапқысында Григоридің сөздерін мұқият тыңдап отырды*; *И вот как-то* ***за вечерним чаем*** *несказанно* ***удивился*** *Сергей Платонович, глянув на дочь*.- *Бір күндері* ***кешкі шай үстінде*** *Сергей Платонович қызына қарап таңырқап қалды*; *А* ***за ужином*** *видала, что было*? (М. А. Шолохов) - *Ал* ***кешкі тамақ үстінде*** *не болғанын білесіз бе?; Все завидовали ... и удивлялись смелости сего последнего, когда он* ***за столом*** *у Кирилла Петровича прямо высказывал своё мнение*… (А. С. Пушкин).- *Кирилл Петровичтің* ***үстелінің үстінде*** *тікелей өз ойын айтқан кезде, барлығы оның батылдығына таңырқап, көре алмаушылық білдірді*; *...****За столом*** *его интересовала только водка да горчица с уксусом* (И. А. Бунин).- ***Үстел үстінде*** *оны тек шарап қызықтырды*; ***За чаем*** *шел общий разговор с Мари* (Л. Н. Толстой).- ***Шай үстінде*** *Маримен ортақ әңгіме жүрді*; ***За чаем*** *читали вслух сводку Информбюро* (Л. М. Леонов).- ***Шай үстінде*** *дауыстап Информбюродан ақпарат оқыды*;

б) безглагольных двусоставных и односоставных предложениях:

За хлебом - солью *всякая шутка хороша* (Пословица); ***За обедом*** *в столовой тишина*; *Утром она не встретила Сергея* ***за завтраком***; *его не было и на занятиях и* ***за обедом, и за ужином****...* (А. А. Фадеев); ***За обедом*** *- соловей, а после обеда - воробей* (Пословица); ***За накрытыми столами*** *нетрезвый гул подвыпивших гостей* (М. А. Шолохов).

В казахском языке словоформе ***«за*** + ***творительный падеж»*** в функции детерминанта эквивалентны формы со служебными словами ***үстінде, кезінде, басында, соң.*** Можно выделить 3 группы служебных слов:

1) служебные слова ***үстінде, кезінде*** в форме местного падежа (***жатыс септік***) передают значение одновременности, используются при словах, выражающих привязанные ко времени процессы ***обед, ужин, завтрак***:

За *скромным* ***обедом*** *вяло перебрасывались незначительными замечаниями… - Жұпыны* ***түстік тамақ үстінде*** *мәні шамалы қысыр сөздерді самарқау ғана айтып отырысты; Только* ***за обедом*** *Листницкий как следует рассмотрел хозяйку. - Тек* ***түскі тамақ үстінде*** *ғана Листницкий үй иесі әйелді ойдағыдай аныктап қарап алды да..; Но как вино* ***подавалось*** *у нас только* ***за обедом****, и то по рюмочке, причём учителя обыкновенно и обносили, то мой Бопре очень скоро привык к русской настойке… - Бірақ, біздің үйде* ***қызыл шарап түскі тамақ кезінде*** *бір рюмкадан беріліп және көбінесе оған соқпай кететін болғандықтан, біздің Бопре, тез арада-ақ, орыстың ақ ара/ына құныығып алды, ақ арақты өз елінің шарабынан да артық қадірлеп, асқазанға ең пайдалы зат деп дәріптейтінді де шығарды* (А. С. Пушкин);

2) служебное слово ***басында*** в форме местного падежа (***жатыс септік***) употребляется при слове ***стол***, которое обозначает временной процесс:

За столом *Михаил первое время упорно молчал... –* ***Стол басында*** *Михаил алғашқы кезде жұмған аузын ашпады;* ***За столом*** *царило весёлое оживление. -* ***Стол басында*** *көңілді шаттыққа айналды* ; ***За столом****... Петро оживился... –* ***Стол басында****… Петро жадырай түсті;* ***За столом*** *шёл оживлённый разговор* (М. А. Шолохов). – ***Стол басында*** *әнгіме өте қызу жүрді*.

3) послелог ***соң*** в форме исходного падежа (***шығыс септік***) обозначает временное следование:

Все вошли в дом....Аникушка пришел ***за Мелеховыми*** (М. А. Шолохов). ***Мелеховтардың соңынан*** *Аникушка келді.*

Таким образом, наиболее продуктивными эквивалентами форме ***«за*** + ***творительный падеж»*** с временным значением (***за столом, за обедом, за ужином*** и под.) в казахском языке будут следующие конструкции: ***түстік тамақ үстінде, түскі***

тамақ кезінде, стол басында, которые выражают различные оттенки временного значения.

Результаты проведенного анализа могут быть использованы в школьном и вузовском преподавании русского и казахского языков, в практике обучения переводу.

Список использованной литературы

1. Русская грамматика / Под. ред. Шведовой Н. Ю., Лопатина В. В. - М.: Русский язык, 1990. – 639 с.

2. Исаев С., Нуркина Г. Сопоставительная типология казахского и русского языков. – Алматы, 1996. – 18 с.

3. Золотова Г. А. Синтаксический словарь. Репертуар элементарных единиц русского языка. - М.: Наука, 1988. - 439 с.

4. Белошапкова В. А. Современный русский язык. - М.: Высшая школа, 1989. - 800 с.

5. Кадыркулова Ф. Д. Средства связи словосочетания // Вестник КНУ им. Аль-Фараби. Филологическая серия. - 2009. -№ 5 - 6 . – С. 162 - 165.

Демесинова Г. Х. Английские предлоги пространственного значения и их соответствия в казахском языке : автореф. ... канд. ф. наук. - Ал

ӘОЖ:373.24

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА КӨПМӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қайырбайқызы.А- «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты. **Джонисова.Г.Қ**- ғылыми жетекші, п.ғ.к., доцент;
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Біздің мақаламызда қазақ ертегілерінің жеке атаулары емес, жалпы ономастикалық кеңістігі талданады.

Тіліміздегі жалқы есімдер атауларынан халықтың таным-түсінігін, қоршаған ортаны, дүниені танып-білудегі ұлттық ерекшеліктерді көруге болады. Ұлттың тіліндегі сол тілдің иесі болып табылатын халықтың рухани, әлеуметтік және материалдық мәдениетіне қатысты ақпараттарға толы болады. Сол себепті де жалқы есімдердің этимологиясын (тарихи тұрғыдан), семантикасын (мағыналарындағы ақпараттарды анықтаудың) маңызы айрықша.

Антропонимдердің мағынасына терең үңіліп, оларды зерттеу арқылы біз халқымыздың тарихына, дүниетанымдық ерекшеліктеріне қатысты түрлі мәліметтерді білеміз.

Фольклорлық антропонимдердің ең басты ерекшелігі – олардың айқын көрініс табатын идиоэтникалық семантикасы, өйткені фольклордың өзі этностың тұрмыс-тіршілігі мен санасының ежелгі түрлерімен, оның рухани материалдық мәдениетімен тығыз байланыста болған.

Көркем шығарма мәтіндеріндегі барлық жалқы есімдердің қолданылу ерекшеліктерін әдеби ономастика зерттейді. Осыған орай әдеби ономастикада жалқы есімдер зерттеудің барлық аспектілері мен бағыттар, қазіргі ономастикадағы олардың таптастыру ұстанымдары, көркем мәтін түрі, оның жанры мен семантикалық құрылымы, ономастикалық кеңістікте мәтіндегі ономастикалық бірліктердің эстетикалық байланысы қарастырылады. Әдеби ономастика көркем шығармалардағы жалқы есімдер оның жанрлық, стильдік, тақырыптық және идеялық заңдылықтарына сәйкес қолданылады [1, 3]. Көркем мәтіндегі жалқы есімдердің қолданысы, стильдік ерекшеліктері, апеллятивтенуі, поэтикалық сипаты, лингвистикалық және этнолингвистикалық табиғатын экстралингвистикалық факторлармен байланыстыра зерттеу соңғы жылдары қолға алына бастады.

2007 жылы Г.Қ. Қортабаева «Қазақ ономапоэтикасы: сатиралық-юморлық кейіпкер аттары» атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Бұл еңбекте сатиралық - юморлық туындылардағы есімі “ерекше”, “сөйлеп тұрған”, “айқайлап тұрған”, “мағыналы”, “эмоциялы-экспрессивтік” кейіпкер аттары мен фамилиялар тілдік жағынан талданған, этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеліп, кейіпкер аттары ұлттық болмыспен сабақтастырыла қарастырылған [1].

Поэтикалық ономастика терминологиясы әлі күнге дейін қалыптасқан жоқ, ономастикалық ғылымда ол түрліше аталып жүр. Мәселен, стилистикалық ономастика (К.Б. Зайцева), әдеби ономастика (М.В. Карпенко, Л.М. Щетинин, Г.Қ. Қортабаева т.б.), оним поэтикасы (М. Калинкин) [2].

Біздің жұмысымызда поэтикалық ономастика термині қолданылады, өйткені ол, біздің ойымызша, жалқы есімдер қолданылатын ауызша көркем шығармалардың барлық саласын толығымен білдіреді. Бұл сала тек әдеби (авторлық) ғана емес, сонымен қатар фольклорлық шығармаларды да қамтиды.

Біздің зерттеуіміздің өзектілігі қазіргі тіл білімінің жалпы көркем мәтінге және көркем шығармалардағы жалқы есімдердің жұмысына ерекше назар аударуымен, атап айтқанда, көркем образдар жасаудағы тиісті есімдердің рөлін зерттеумен, сондай-ақ ертегі мәтіндерінің ономастикасын, әсіресе авторлық ертегілерді жеткіліксіз (негізінен, фрагментті) зерттеумен байланысты.

Апеллятивтік лексиканың әртүрлі сипатын ескере отырып, поэтонимдер тобына енуі мүмкін жалпы сөздердің шеңберін құру қажет. Біздің ойымызша, апеллятивтік лексиканы поэтонимдер қатарына жатқызу туралы мәселе апеллятивтік кейіпкердің атына тікелей қатысы бар, кейіпкерді қандай-да бір мағынада сипаттайды және ат қоюдың құрамдас элементі ретінде жалқы есімдермен бірге жұмыс істейді.

Дәстүр бойынша, поэтонимдер онимдік лексикамен түсіндіріледі. Біздің зерттеуімізде поэтонимдердің қолданылу шекарасы кеңейтіледі. Ертегілердегі кей кейіпкерлер жалпы есімнен жалқы есімге ауысу тұстары да кездесіп қалады. Мәселен, *Қобыланды батыр, Ер Төстік, Қаңбақ шал, Қамбар батыр* деген тіркестер құрамындағы *батыр, ер, шал* сияқты атауларды табамыз, оларда жалғыз немесе жалпы қосымшалар құрылымның, номинацияның ажырамас сипаттамалық (бағалау) элементтері болып табылады және оларды негізгі номинативті элемент ретінде жалқы есімдерден бөлуге болмайды.

Поэтонимдер мәні оның бірқатар негізгі қасиеттері мен белгілерінде ашылады. Біз поэтонимдердің төмендегіше маңызды ерекшеліктерін көрсетеміз:

1) Поэтоним тек әдеби шығармада ғана емес, сонымен қатар фольклор жанрларында, оның ішінде халық және авторлық ертегілердің мәтіндерінде объектілер, заттар мен тұлғалар көбінесе көркем белгілер арқылы аталады, олар атаудан басқа, саралаудан басқа, сонымен қатар визуалды-сипаттамалық функцияны орындайды. Нақты, жалпы қолданыстағы жалқы есімдерді қолданған жағдайда да, бұл номинативті бірліктер әдейі белгіленген мақсатпен – ертегінің ерекше әлемінің көркем бейнесімен екінші рет қолданылатын белгілер ретінде әрекет етеді.

2) Поэтоним динамикалық семантикалық құрылымға ие. Ертегілер контексіндегі жалқы есімдік мағынаның ерекше реңктерін ала алады (семантизацияланады), мазмұнның бастапқы жоспарын өзгерте алады, бұл ғылыми әдебиеттерде поэтонимнің семантикалық тұрақсыздығы ретінде сипатталады.

3) Әдеби поэтоним, ол түсіндірулердің шексіздігін болжайды, өйткені ол тек дүниетанымның авторлық моделімен ғана емес, сонымен бірге оқырман рефлексиясымен де байланысты. Фольклорлық поэтоним еркін түсінікке ие, өйткені ол әрқашан ұжымдық психологиялық жадқа байланысты.

4) Белгілі бір коммуникативті ақпаратты ғана емес (контекстен білетінімізді), сонымен қатар әлемдік көркемдік тәжірибені де шоғырландырады. Олар барлық фондық білімді «тартады» және нәтижесінде интертекстуалды кеңістікте семантикалық өрістің түйіндері ретінде жұмыс істейді. Олар тарихи, этнографиялық, географиялық және басқа ақпарат жиынтығын «тасымалдайды», бұл оларды жасырын немесе символдық мағынасы бар кілт сөздерге айналдырады. Ақын аттарының тек қана емес, сонымен бірге көркем мәтіннің концептуалды өзегі болу қабілеті олардың «әлемнің көркем бейнесін» қалыптастырудағы сындарлы рөлі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз поэтонимдерге келесі анықтаманы ұсына аламыз: поэтоним – бұл әдеттегі онимнен кейінгі авторлық және халықтық көркем мәтіндердегі кілт сөз, ол денотаттарды атауға қызмет етеді және семантизацияға, яғни мазмұнның бастапқы жоспарын өзгертуге және мағынаның контекстік анықталған реңктерін қабылдауға қабілетті.

Эстетикалық (көркемдік) қызметтің құрамдас бөліктері ретінде біз поэтонимдердің алты негізгі қызметін қарастырамыз: сипаттаушы, стилистикалық, идеологиялық (идеологиялық), әлеуметтік, мәдени, тарихи және этникалық. Бұл қызметтердің әрқайсысы белгілі бір поэтонимдерде түрліше көрінеді.

Сипаттаушы қызметі жалқы есімде кездейсоқ кездеспейді. Поэтонимнің бұл қызметі автордың бейнеге қатынасын ашып көрсетеді, шығарманың идеялық-бейнелі қабатын құруға қатысады. Мысалы, *жалғыз көзді дәу, қарға тұмсық кемпір, жеті басты айдаһар т.б.*

Поэтонимнің эстетикалық (көркемдік) қызметінің стилистикалық түрі шығарманың жанрына, оның тоналдылығына, авторлық хаттың ерекшеліктеріне, дыбыстық үндесімге сәйкес келеді. Мұндай жалқы есім мәндері, әдетте, контексте ойналады.

Эстетикалық қызметтің стилистикалық түріне мыналар жатқызылады:

Көркем мәтіндегі жалқы есімдер қызметінің әлеуметтік түрі поэтонимдерді бөліп қана қоймай, оларды әлеуметтік жағынан сипаттайтындығымен байланысты: кәсіп түріне, жасына, кәсіби немесе тектік тегіне, олардың әлеуметтік мәртебесіне және т.б. Поэтонимдердің әлеуметтік қызметі көп жағдайда кейіпкерлердің атау құрылымына кіретін анықтаушы аппелятивпен белгіленеді: *Атымтай жомарт, Аяз би, Ақша хан, Зәрлі хан, Бапы хан, Қаңбақ шал, Жалмауыз кемпір, Тазша бала, Алтын қыз т.б.*

Эстетикалық (көркемдік) қызметтің мәдени және тарихи компоненті кез-келген жалқы есімде бейнеленген уақыт пен кеңістіктің ономастикалық жүйесінің ерекшелігіне сәйкес келетіндігімен байланысты. Поэтоним мәдени-тарихи құбылыс, тарихи және этномәдени ақпараттың тасымалдаушысы, ұлттық менталитеттің көрінісі.

Фольклорлық онимдерге қатысты эстетикалық қызметтің бұл компонентін мәдени-мифологиялық деп түсіндіруге болады. Әдеби жалқы есімдерге қарағанда ертегі жалқы есімдері архаикалық мәдениетпен анықталғанын атап өткен жөн, өйткені олар халықтың генетикалық жадымен тікелей байланысты және ертегілердегі архетиптермен байланысты. Мысалы: *Самұрық құс, Пырақ ат, Көлтауысар, Желаяқ,*

Халық ертегілеріндегі жалқы есімдер жүйесі тарихи түрде дамыды және ежелгі дәуірмен байланысты. Ол мифологиялық ойлаудың мұрасы ретінде қабылданады, оның ыдырауынан кейін миф көркем шығармаға айналады. Халық ертегісінің белгілі бір жанрының пайда болуы мен даму тарихы оның ономастикасының ерекшеліктерін алдын-ала анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

7. Қортабаева Г.Қ. Қазақ ономапоэтикасы: сатиралық-юморлық кейіпкер аттары. Ф.ғ.к. ... дис.авторефераты. Алматы, 2007.
8. Горбачева О.Г. Ономастическое пространство русских народных и авторских сказок. Автореферат дисс. ... к.ф.н. Орел, 2008.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Доскалиева Г.С. – қазақ тілі мен әдебиеті ББ-сының магистранты
Ғылыми жетекшісі: **Раманова А.А.** – БҚИТУ қауымдастырылған проф., ф.ғ.к.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме. *В статье рассказывается об изучении учеными названий одежды на казахском языке. Анализируются труды ученых по данной проблеме, приводятся их анализы о наименованиях одежды на казахском языке. Названия одежды на языке дают большую информацию о жизни, быте, культуре нашего народа.*

Ключевые слова: *названия одежды, одежда, национальная одежда*

Ұлттық мәдениеттің ерекше бір көрініс беретін саласы – киім-кешекке байланысты атаулары. Киім – адамның өмір сүруіне аса қажетті негізгі құралдарының бірі.

Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «ақпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі» қазынасы іспетті. Сондықтан да тіліміздегі киім-кешек атауларының зерттелуі көп жайттан хабар беретіні анық.

Академик Ә.Қайдар өзінің «Этнолингвистика» деген мақаласында: «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отыр. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыстық қатарлар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағұлматтар бәрі-де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін емес», - деп жазды [1, 18]. Демек, этностың өткен жолы тілдің этномәдени қорында сақтаулы. Сондықтан да қазақ халқы туылғанда «ит көйлектен» бастап, өлгенде «ақыретке» дейін денесін киім-кешекпен қымтап, адам өмірі үшін аса маңызды киімнің жасалуына үлкен мән берген. Оны қажетіне тұтына білуіне этностың талғамы мен танымы өте жоғары болған.

Белгілі тілші ғалым Ж.А.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінде қазақ тіліндегі киім-кешек атауларының этномәдени мәніне тоқталады. Ғалым қазақ тіліндегі киім атауларын «дәстүрлі, ұлттық, тарихи киім және қазіргі күнделікті киім» деп екі түрге бөледі [2, 124]. Негізгі киім түрлерінің бұл екі тобын әрі қарай мынадай лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастырады: сырт киім; үстінен киетін киім; іш киім; бас киім; әскери киім; аяқ киім; киімнің құрамдас қосымша бөліктері; киімге тағылатын әшекей бұйымдар; киім тігілетін материалдардың түрлері; маусымдық ерекшеліктеріне қарай: қыстық киімдер, жазғы киімдер; жастық ерекшелігіне қарай киімдер; тойда, әртүрлі ұлттық мерекелерде киетін біркиер киімдер; жергілікті, аймақтық, ру-тайпалық ерекшелігіне қарай киімдер; әлеуметтік жағдайына байланысты киімдер.

Киім-кешек атаулары – ұлттық мәдениеттің ерекшелігін танытумен қатар, қазақ лексикасы байлығының бір бөлшегін құрайды. Адамдардың киім киісі олардың ақыл-парасатын, мәдениетін, әлеуметтік жағдайын, мінез-құлқын да аңғартады. Қазақ киімінің ұлттық сипатын ғалым Ө.Жәнібек өз еңбегінде былайша танытады: «Қазақ киім-кешегі – ұрпақтан ұрпаққа алмасып келе жатқан, елдің ғасырлар бойы қалыптасқан сезімталдық талғамын, сәндікке, үйлесім бірлігіне, көркемдікке ұмтылған жасампаздығы мен шығармашылығының жетістіктерін бойына сіңірген құбылыс. Оның қай-қайсымыздың болса да, ұлттық мақтаныш сезімімізді оятатыны хақ» [3]. Ө.Жәнібеков «Қазақ киімі» деген еңбегінде: «Ұлттық киімнің негізгі құрамдас бөлігі ретінде бас киім аса мәнді, сәнді де ерекше көрінеді. Өйткені, бас киім өзге киімдердің ішінде ұлттық ерекшелікті айқын білдіріп тұратын элемент. Онда жас жыныстық және жергілікті ерекшеліктер берік сақталған. Киім киюдегі әлеуметтік айырмашылықты маусымдық ерекшелік қана айқындап коймай, қандай да бір бас киімді киюдің дәстүр-жорасы бар» - деп есептейді [3, 24]. Өз еңбегінде ғалым халқымыздың басқа да ұлттық киімдері туралы ой қозғайды.

Белгілі ғалым Е.Жанпейісов М. Әуезов шығармалары тілінде кездесетін атауларға кешенді талдау жүргізеді [4].

Қазақ киімдерінің нақыштары мен ұлттық нұсқасы туралы белгілі қаламгер Жәрдем Кейкін былай дейді: «Қазақ киімдерін күнделікті тұрмыстық және салтанаттық-сәндік деп екі бөлуге болады. Алдыңғылары арзанқол, бірақ шаруа, жұмысқа берік дүниелерден, қарапайым үлгіде тігілсе, соңғылары бағалы, көргенде көз тартатын әдемі, сапалы маталардан сәнді пішіліп, үлгісіне лайық безендіріліп, әсем тігіледі. Сал-серілердің киім үлгісі өздерінің талғам туындылары, сан өрнекті, әшекейі көп. «Жын шақырып, жын буатын» бақсы киімдерінің белгілі бір үлгісі болмайды, көбінесе әлем-жәлем. Жалпы алғанда, қазақы киімдер етек-жеңі мол, қарапайым, жұмысқа және жүріп-тұруға үйлесімді, дене сымбатын ашатын сәнді» [5].

Киім атауларына қатысты арнайы зерттеу жүргізген Ә. Алмауытованың «Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты» атты зерттеу жұмысында киім атаулары ономасиологиялық бірлік тұрғысынан талданып, уәждеме (мотивация) теориясы негізінде қарастырылған [6]. Киім атаулары уәждік белгісіне байланысты жасалу материалына, формасына, жасалу технологиясына, әлеуметтік мәніне, этномәдени ерекшелігіне, түсіне, қызметіне, көлеміне байланысты топтастырылған.

Әлімжанова Айша Анықбайқызы «Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты» атты кандидаттық диссертациясында (2008) «Әйел қолөнеріне байланысты бұйым атаулары» атты тараушасында әйел қолынан тері, жүн, мата сияқты материалдардан жасалатын киім атаулары туралы айтып өтеді [7]. Әлеуметтік-гендерлік уәжіне байланысты және халық, ру, тайпаға, жер-су аттарына байланысты қалыптасқан киім атауларын санамалап көрсетеді. Сонымен бірге ғалым бір топ киім атауларының қалыптасуына заттың формасы уәж болғандығын айта келіп, оларды еңбекте атап береді.

«Қ.Жұмаділов шығармаларындағы киім-кешек атауларына қатысты көнерген сөздер» атты мақалада авторлар «Тағдыр», «Соңғы көш», «Дарабоз» романдарында кездесетін көнерген киім-кешек атауларына талдау жасайды. «Қазақ лексикасындағы киім-кешек атаулары – қазақ халқының әсем тұрмысын табиғи сұлулықта жарастыра білген мәдени өмірін, әр кезеңнің тарихын, эстетикалық талғамын танытады. Бұның барлығы сан ұрпақтың санасына тек этнографизмдер арқылы жетіп отыр» деп ой қорытады [8].

М.К. Бисенбаеваның «Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі» атты диссертациясында киім-кешек атауларындағы аймақтық сипат белгілері анықталып көрсетіледі. Ғалым еңбегінде *тымақ, зере, шарқат, жейде, көйлек* сияқты киім атауларына толық сипаттама беріледі. «Киім-кешектің ер – әйел, бала, ұл – қыз, ер адам мен әйел киімдерінің жасы, мәртебесіне қарай жіктелуінің сиволдық мәні бар...» деп есептейді ғалым [9, 157].

«Қазақтың ұлттық баскиім атауларының этнолинвгистикалық сипаты» атты мақалада авторлар: «Бас киім – дәстүрлі мәдениеттегі әлеуметтік, экономикалық, аймақтық, жастық, жыныстық және т.б. жағынан айқындауыш, анықтауыш белгі ретінде жүретін әрі тұтастық зат...» - дей келе, бас киім атауларын мынадай бес түрге бөліп көрсетеді: жыныстық ерекшеліктеріне байланысты, жас ерекшеліктеріне байланысты, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне байланысты, маусымдық ерекшеліктеріне байланысты, картаграфиялық орналасуына байланысты [10]. Мақалада бас киім атауларын осы аталған бес түр бойынша жіктеп, талдайды.

Қорыта айтқанда, талғам мен салтанаты жарасқан қазақтың киімін ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі деп қарауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

9. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек, 1985. – № 10, 18-22-бб.
10. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008.
11. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. Алматы, 1996.
12. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. Алма-Ата, 1989.
13. Құсманова К.А. Айтыс өлеңдерінде ұлттық киім үлгілерінің лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан берілуі // https://docviewer.yandex.kz/view/976963594
14. Аймауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Фил.ғ.к. ... дисс. Алматы, 2004.
15. Әлімжанова А.А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. ... дис.автореферат. Алматы, 2008.

16. Нурсултанкызы Ж., Дуйсенова Т. Қ.Жұмаділов шығармаларындағы киім-кешек атауларына қатысты көнерген сөздер // Молодой ученый, 2014, №20.1 (79.1) https://moluch.ru/archive/79/14090/
17. Бисенбаева М.К. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі. Философия докторы ... диссертация. Алматы, 2019.
18. Кенжалин К.К., Ахмет А.Н. Қазақтың ұлттық баскиім атауларының этнолинвгистикалық сипаты // https://www.elibrary.ru/item.asp?id=42579659

ӘОЖ 882.7

КӨШПЕНДІЛЕР САЛТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КИІМ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘНІ

Ербол А.Е.- 2 курс магистранты
Темірбек Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясы, Алматы қ.

Резюме.*В этой статье рассматривается значительная роль кочевой культуры в истории человечества. Автор оценивает культуру и традиционные особенности одежды в кочевой культуре с древнейших времен до современности с точки зрения новой концепции.*

Ключевые слова: *Кочевой, век, наука, традиция, концепция, время, масштаб.*

Тарихи дамудың сан түрлі жолдарынан өтіп, кемелденген, көркемдік биікке жетіп, жанрлық жағынан да, тақырыптың ауқымы тұрғысынан да кең қанат жайған қазақтың көшпенділік мәдениетіндегі этнографиялық өрнектердің көркемдік қызметін ғылыми саралау – бүгінгі күннің аса зәру мәселесі болып табылады. Әрине, көшпенділер мәдениетінің өз алдына тарихы, бай тәжірибесі мен өзіндік бағыт-бағдары қалыптасқан жеке-жеке жүйе екендігі белгілі. Оларды көркемдік тұрғыдан ұштастырып, түрлі ғылым салалары арасындағы диалектикалық бірлікті өз талап-талғамына жарату хас талантқа

Сақтардың мәдениеті мен шаруашылығы, тыныс-тіршілігі жайлы «ежелгі грек-парсы, үнді жазбаларынан, кейінгі археологиялық зерттеулерден хабар алуға болады. Олардың арасында сақтардың киген киімдері жайлы да деректер бар. Мәселен, Геродот сақтардың тығыз киізден тігілген шошақ бөрік киетінін айтады. Бүгінгі күні жаңа сапалық өзгерістерге түскен қазақ прозасының тарихи даму жолы күрделі сатылардан өтті. Әсіресе, ұлттық прозадағы этнографиялық үрдістердің көркемдік кеңістігін ғылыми тұрғыдан сарапқа салу кенже қалып келген болатын. Ол ұзақ жылдар бойына жүргізілген ұлттық сана мен сезімді тұмшалауға тырысқан саясатпен байланысты» [1.44]. Тәуелсіздігіміз өз қолымызда тұрғанда осы мәселені жаңаша зерделеудің мүмкіндігі туып отыр. Персепольдің Ксеркс сарайында, Пасаргадтағы Дарий мазарының қабырғасында бейнеленген сақтардың келбеті әлі күнге сақталып қалған. Онда бейнеленген сақтар биік шошақ бөрік, денемен дене, тізесіне дейін жететін бешпент киген, белбеу буынған, тар шалбар және өкшесіз аяқ киім киген, белбеудің оң жағына қанжар, ал сол жағына садақ ілінген. Бұдан байқайтынымыз, сақтардың шошақ бөрік кигені. Әмудария мен Оңтүстік Қазақстан өңірінде табылған обаларда сақтардың қайырылған шошақ бөрік кигені байқалады. Ал Есік обасынан табылған тымақтың төбесі шошақ, сырты жылқы, барыс, таутеке, құс, ағаш бейнеленген алтын қаптырмалармен сәнделген. Ал Алтай мен Тарбағатайдан табылған обалардан сақтардың бешпент, киіз күртеше, қысқа қонышты

етік, бұлғын терісінен тігілген киімдер, киіз бешпент пен тері кеудешелер, Жетісудан табылған обадан жалбағайлы шекпен кигені анықталды. Есік пен Шілікті обаларынан табылған сақ алтын адамдарына қарап, бұл тайпа өмірде алтын киім киді деуге келмейді. Бұл сән-салтанат пен діни түсініктің белгісі саналады. Ал өмірде тері және киізден тігілген киімдер киген.Ғұндардың киім үлгісі Қытайда киім реформасының басталуына негіз болған. Қытайлар көршілес қоныстанған ғұндардың шалбар киіп, атқа мініп, садақ ататынын көрген. Қытай императоры Шы Хуанди «мен бұдан былай ғұндардың киім үлгісі бойынша тігілген киім-кешектерді киюді және ат үстінде отырып садақ атуға болатынын бүкіл халқыма үйреткім келеді» [2.114] деген екен.Содан қытайлар көлбеңдеген ұзын етекті киімдерін тастап, әскеріне тоғалы белдігі бар қысқа жекет, атқа мінгендерге шалбар кигізген.

Бұл пікір жөнінде «Ғұндар киімдерін тері мен былғарыдан тіккен. Үстіне қаусырмалы бешпент киіп, беліне былғары белдік, тері шалбар мен киіз етік киген. Қарапайым ғұндар былғары және жүннен жасалған киім кисе, ақсүйектер жібектен, мақта матасынан және жоғары сапалы шерістен тігілген киімдер киген» [3.55] . Көшпелілік - көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. Қатал даланың табиғатын танып түсіну, оның ішкі заңдылықтарын терең білу, болжай білу - мұның бәрі көшпелілер мәдениетінің маңызды жақтарын көрсетеді. «Құрғақ даланы, - дейді ағылшын тарихшысы, социолог А. Дж. Тойнби (1889-1975), — тек бақташы ғана меңгере алады, бірақ сол далада тіршілік етіп, табыстарға жету үшін ол өзінің шеберлігін тынбай жетілдіре беруге міндетті, ол ерекше адамгершілік және парасаттылық қасиеттерді калыптастырады» [4.71]. Малшылық егіншіліктен көрі күрделілеу, өйткені дихан табиғат өнімдерін тікелей тұтынса, көшпелілерде мал табиғи өсімдіктерді өңдейтін механизм тәрізді. Белгілі бір парасаттылық, ізгілік, ұстамдылық, жоғары интуициялық кабілеттері жоқ адамдар қатал далада өмір сүре алмас еді. Кеңістікпен үйлесімді дамыған мәдениет адам мен табиғаттың арасында нәзік үндестікті білдіретін дәнекер кызметін атқарды.

Ұлттық киім – бай тарихи – мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырларды әдет – ғұрып, салт-дәстүр халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан –жақты хабардар етеді. Қазақ халқының кимі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. Соның бірі, қазақ халқының ұлттық бас киімі. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Адам баласы қай заманда да баскиімге ерекше көңіл бөліп, аса құрметпен қараған. Баскиімді жерге тастамайтын, кісіге баскиімін бермейтін ырым – тыйымдар күні бүгінге дейін сақталып келеді. Қуанғанда бөркін аспанға лақтырып, күйрегенде жерге ұрып сүйініш пен күйіністің де белгісін баскиім арқылы аңғартқан.Ертеде екі тайпа ел жауласып өзара бітімге келе алмай жағдай қиындағанда ақ жаулықты аналарымыз араша түсіп, кимешектің үстіндегі жаулығын басынан сыпырып алып екі араға тастағанда киелі баскиімнен ешкім аттап өте алмаған. Демек, кимешектің саяси, тарихи мәні бар деп айтуға болады.Әсіресе, әйелдердің тұрмыс – тіршілігінде шашты жинап, басты байлап жүрудің гигиеналық, этикалық, эстетикалық мәні зор. Тіпті, шаштың қадірі бастың қадірінен кем болмаған. Өткен заманда шашына рұқсатсыз қол тигізген бөтен адамнан сөз құнындай құн дауланған, төлем белгіленіп айыппұл алынған. Қазақта күйеу жігіт қалыңдығының шашын сипағаны үшін, қыздың жеңгесіне «шаш сипатар» ырымын жасаған. Күнделікті тамақ әзірлеу, бала күтудің өзі шашқа ерекше көңіл бөлуге мәжбүр етеді. Себебі, шаш айналадан жаман қуатты тартатын, қажетті – қажетсіз хабар – ошарды, ғарыштық қуатты жылдам қабылдайтын түкті түйсік «антенна» деп саналады.

Шылауышты басқа тартқанда шаршысының ұшы етіктің сірі өкшесіне тиіп тұруға тиісті. Шылауыштың шетіне қол кестемен қызыл, жасыл, сары, жолақ және жалғасқан

қысқа оюларды салады. Оның бұрыштарына үшбұрыш және дөңгелек оюларды кестелеп немесе сырып әшекейлейді. Шылауыштың төбесінен шекеге таман үкінің сабағын орап, маржанмен отырғызады. Жас келіншіктер тартатын шылауыштардың бұрышын кестелеп, төбесінен шашақ төгілтіп, кестеленген төбілдірік те пайдаланады. Шылауыштың әр тайпалық үлгілері болады. Моңғолия еліндегі қазақ әйелдерінің басқа тартатын Керей үлгісіндегі шылауыштың ұштарына сәндік үшін шашақ, төбесіне төбілдірік бастырып шашақтайды. Алдымен кимешекті киіп, содан кейін шылауыш тартып, төбілдірікті бастырады.

Күндік жаулық кимешектің сыртынан жартылай оралып, тартылады. Әйелдер оны үш – төрт құлаш ақ түсті матадан, жібектен дайындаған. Күндік жаулық тартқан әйел күнге қарсы жүргенде, күндіктің маңдайындағы үшбұрышты қаттаманы еңкейтіп түсіріп қояды. Күндік жаулықтың үшбұрышты қаттама шыққан жерінен және әйелдің желкесіне келетін тұсынан түйреуішпен түйреп бекітеді. Жаулықтың ішінде Қызай үлгісіндегі кестелі жаулықтың салтанатты ерекше. Шылауыш – кимешектің үстінен байланатын үлкен шаршы орамал. Керей әйелдерінің шылауыш, кимешектері де басқа жердің әйелдерінің кимешек киіп, шылауыш тартуынан өзгеше келеді. Шылауыш төбесіне «алтындалған», «күмістелген» жіптерден тоқылған шашақты төбелдіріктерді қадап, шылауышты сәндеп тартады. Сол сияқты шылауышқа ай түйреуіштерді, қоңыраулы түйреуіштерді, маржанды түйреуіштерді тағып сәндейді.Кимешектің кеуде жағын, бет жаулықтарын көмкеріп кестелейді.Әр жастағы әйелдер кимешегінің ою — кестесі жеңіл, тым жылтырақ болмайды. Ал, жасырақ әйелдердің кимешегі қызылды — жасылды, барынша сәнді етіп әшекейленеді. Киелі кимешекті қалай болса солай кез келген уақытта кие салмайды. Оны кюге қатысты өзіндік жол — жоралар бар.

Сән үлгісінің ерекшеленуі салтты саралап, ұлтты даралап, өзіндік бейнесін сомдап көшбасшы дәрежесіне дейін көтереді. Елге еліктегендер өз жолынан жаңылады, тобырға таңылады.Адамзат қай дәуірде де сұлулыққа ұмтылған. Ұмтылған да ұтылған, ұтылған да ұмытылған. Айды – алқа, жұлдызды – жүзік, Күнді қоза етіп тағуды қиялдаған. Мағжан ақын: «… Жет жұлдызым, жылжып қана жібектей, Жұлдызды – жүзік, Айды – алқа етіп берейін» — деп алқынтқан сезімін аспанмен астастырған.

Тас қашап, темір балқытқан қолөнер өндірісі қола дәуірінен пайда болып, құлағы түрік, санасы сақ, ғалам ұлыстарына нұрын шашқан түп тегіміздің талғамы биік, танымы терең екенін аңғартады. Қазақ енді ел бола бастайын дегенде сыртқы соққының салдарынан сан жылдар сансырап барының өзі барымтаға түскен. Сонда да салын суға жібермей су жағалап, ең жайлы, ең қолайлы табиғи талшықтарды танып, тағына білген.Қара тасына дейін қасиеттеп, ашық аспан астындағы тілсіз тарихқа айналдырған. Айдай әлемге әйгілі «Таңбалы тас» мәдени кешеніндегі «Күн басты Күнсұлу» болуы ғажап емес пе?! Данагөй аналарымыз күн қақтаған құла түзде күймеге мініп сауық құрмаса да, күнқағар киіп басын қорғаудың тәсілін білген.Күнді тәңірінің көзіне балап, отты күннің сынығы деп қабылдау, ошақтағы отты тек қана әйелдің тамызуы, жас келіннің отқа май құюы, отқа табынуы емес – Жаратушының жарық нұрына деген ерекше құрмет.Ежелгі түркілердің мифологиялық көне түсінігі бойынша, Күн бейнесін «Ұмай ана» деп білген. Бұл ана образы – бүкіл түркі әлеміне ортақ түркілердің анасы. Ол әлемге жарық сыйлаушы бейнеде қабылданған. Кимешектің де өзіне тұшылық тарихы, келбетіне лайық танымы бар. Ең қиыны Ұлы даланы еркін жайлаған, сұлулыққа көзін қарыған, әсемдікті әнге қосқан, табиғатпен үндескен, ақын жүрекпен тілдескен, әдептілікті әдетке айналдырған, бас киімін басты киім санаған, ақ жаулықты анасының қабағына қараған – қазақ халқының сән үлгілері туралы бізге жеткен дерек көздері – тұсаулы аттай тыпыршытқан мардымсыз әрекет. Табиғи матадан ғана тігілетін кимешектің топырақ астында көп шыдамай «топыраққа» айналатынын ескеру керек.Біздің ұлан – ғайыр даламыздағы әр ру – тайпаның киім үлгісін бүтін ұлттық бұйымға айналдырған осы ел мен елді қосқан қыздарымыз. Қай заманда да ақсүйек әйелдер қолөнермен айналысуды тектіліктің, бекзадалықтың белгісі деп санаған. Ойы тұнық, жүрегі таза, санасы сергек нәзік шебердің қолынан шыққан бұйымдардың өн

бойына саусақтан сусып, түлеп түскен жанды қуаты дарып, көңілін сергіткен. Көшпелі қоғамның тіршілік етуінің көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығы болуы олардың дүниетанымына шешуші әсер етті. Көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі — «әлем» және «адам» түсініктеріне негізделіп дамыған дүниетаным жүйесі болды. Дала көшпелілерінің акынжанды болуы, ой-қиялының жүйрік болып келетіні көшпелі тіршіліктің аркасы еді. Көшпелілердің сан ғасырларға созылған тарихи-әлеуметтік дамуы барысында материалдық және рухани игіліктер жинакталып, көшпенділердің болмыс-бітімінің, рухани өрісінің кеңдігін, өмірлік арман-тілектері мен дүниеге талғам-түсініктерін ашып бейнеледі. Ғылыми негізделген дәйектер көшпенділіктің адамзат тарихында елеулі рөл атқарғандығын дәледейді. Қазіргі уақытта көшпеліліктің отырықшы өркениет елдерінің шаруашылығынан, мемлекеттік атрибуттары мен қоғамдық билік жүйесінен, мәдени бітімінен ешбір кем емес екендігі дәлелденіп отыр.

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда еркін ой құрсаудан арылған соң дәстүр мен салттың мәніне тереңдей бойлауға қалам иелері де қанаттана кіріскені байқалады. Сондықтан, қазақ тұрмысындағы этно-мәдени сипат көріністері дәстүрлі отбасылық құндылықтарды көркем тұрғыдан зерделеп, бүгінгі жас ұрпақты отбасын, отанын, ұлтын сүюге баулитын тәрбиелік-тағлымдық рөл атқарып, киім киу мәдениетінде әке мен бала, ана мен қыз, үлкен мен кіші, жалпы ұлттық ерекшеліктерді суреттеу басымдық алды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ата салтыңды аяла (қазақ салт – дәстүрлері туралы таным). – Алматы: «Ана тілі», 1998 ж. – 150 б.
2. Бикенов А. Қазақтың материалдық мәдениеті. – Астана: «Фолиант», 2010 ж.330 б.
3. Бизақов С. Түбі бір түріктер. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000 ж. - 230 бет.
4. Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме (мәтін). – Алматы: «Дәстүр», 2010ж.- 241 бет.
5. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. — Алматы «Өнер», 1996 ж. 125 б.
6. Егізбаева М. Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2012 ж.188б.

ӘОЖ 94 (574)

«НАХДЖ УЛ -ФАРАДИС» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Сабыр Ғ.К.
БҚИТУ магистранты,Орал қ.

Резюме.*В статье анализируется язык произведения «Нахдж уль-Фарадис» Махмуда бин Али, письменного памятника Золотой Орды. Был сделан подробный обзор изучения надписи. Подробно анализируются способы словосочетания в языке письменных памятников.*

Ключевые слова: *Золотоордынская эпоха, письменный памятник, фраза*

Алтын орда дәуірінде туған түркі жазба ескерткіштерінің бірі – «Нахдж ул-фарадис» екендігі мәлім. Бұл шығарма XIV ғасырдағы Жошы ұлысында және мәмлүктер билігіндегі

Мысыр, Шам өлкелерінде жазылған еңбектердің арасында елеулі орны бар жәдігер. Белгілі түркітанушы Ә.Нәжіптің Сәйф Сарайдың «Гүлстан», Хорезмидің «Махаббат-наме», Құтыптың «Құсрау мен Шырын» сынды шығармаларының бірі поэтикалық аударма, бірі жартылай прозалық, жартылай поэзиялы аударма еңбек, ал енді бірі араб-парсылық аруз өлшемімен жазылған поэма екендігін айта келіп: «Как известно, поэтическое, тем более переводное произведение имеет меньшую ценность для истории языка. Поэтому объемистое прозайческое произведение «Нахджул фарадис» имеет большое значение для характеристики тюркского языка в XIV в. В том ареале, где создан этот памятник»,-деп жазғаны да жоғарыдағы пікірді айғақтай түседі.

Жалпы, «Нахджул фарадис» жайында алғаш дерек беріп, көне түркі қолжазбасына ғалымдар назарын да аударған татар халқының ірі тарихшысы әрі ағартушы ғалым Шиһаб ад-дин Бahауаддин ұлы Маржани болатын. Ол өзінің 1885 жылы Қазанда басылған «Мустафад әл-ахбар фи ахуали Қазан уа Булғар» атты кітабының I томында татар, қыпшақ,бұлғар тайпаларының шығу тегіне тоқтала келіп осы елдердің тілінде жазылған бірнеше ескі жәдігерлерді атайды. Соның ішінде «Башлағали», «Иусуф», «Насиғат ас-салихин» «Бәдауам», кітаптарымен бірге «Нахджул фарадисті» де атап өткен. Осы арада Маржани ескілік көзін жай ғана айтып қана қоймай, оның басты тақырыбы мен ескерткіштің авторы туралы қысқаша мәлімет берген. Сондай-ақ, ғалым шығарманың тілі жөнінде де өз пікірін жария етеді.

Алайда, бұл қолжазба Маржани қайтыс болғаннан кейін де ширек ғасыр бойы елеусіз қала берді. Себебі, татар тарихшысы пайдаланған еңбектің қолжазбасы жоғалып кетті де, тек XX ғасырдың 20 жылдары Стамбулда «Нахджул фарадистің» жаңа нұсқасы әрі көшірмесі табылады.

Рас, бұған дейін татар ғалымдары Ғ.Әзиз бен Ә.Рахим осы өңірден табылған тағы бір қолжазбаны ғылыми айналымға енгізіп, әдебиет тарихы оқулықтарына пайдаланған болатын. Бұған қоса ескерткіштің тағы бірнеше көшірмелері Татарстан ҒА Әдебиет және тіл институты мен Қазан мемлекеттік пединститутының кітапханасында сақтаулы тұрғаны да белгілі болды.

«Нахдж ул -фарадис»- төрт тараудан тұратын кең прозалық туынды. Ол төрт тараудан тұрады; бірінші тарау- Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен қызметі туралы, екінші тарауда-Хулафай Раршидиннің, Алидің, Фатиманың және төрт имамның өмірі мен қызметі туралы айтылса,үшінші тарауда тобын сөз тіркесі тұрғысынан емес, сөйлем мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін айқындау тұрғысынан қарастырады.

«Нахдж ул-фарадис» прозалық шығармасында сөз тіркестерінің байланысу тәсілдеріне қарай зерттеу барысында меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің жиі кездесетінін анықтадық. Мәселен, *азаматыдан көрсүн*- әскерден көрсін, *сөзләмишдә асығ*- сөйлегеннен олжа, *мизден айруқ*- сізден бөтен. Жоғарыда аталған сөз тіркестерінің жасалуына шығыс септіктегі сөз бен есім сөз негіз болып отыр.

Сөз тіркесі болу үшін сөздер міндетті түрде синтакситік қатынасты білдіріп тұруы қажет. Р.Әмірдің пікірі бойынша: Сөз тіркесі синтаксистік қызметі жағынан да, лексикалық мағынасы жағынан да даралығын жоғалтпаған сөздерден құралады. Ғалым мысал ретінде *өршіген жел, биік мая* тәрізді тіркестерді келтіреді. Осы айтылған пікірге орай «Нахдж ул -фарадис» тіліндегі сөз тіркестердің қай сыңарын алсақ ат даралығын жоғалтпағанын байқаймыз: *баһүдар ер*- бақытты еркек, *севинген хатун*- білімді әйел, *пишкен ет*- піскен ет, *ачыклаған хатун*- ашланған әйел, *укум макан*- ақылдың қоймасы, *зулум қамчысы*- зулымдық қамшысы және т.б. Бұл мысалдар сөз тіркестерінің синтаксистік қарым-қатынасқа түсуі ертеректен басталғандығын көрсетеді.

Түркі тілдері тарихи синтаксисінің даму заңдылықтары бойынша сөз тіркестері бірте-бірте атау мәнді сөздерге айналды. Мәселен, *сүт тиши*-сүт тіс, *тази и*т- тазы ит, *теве табан*- түйе табан сынды тіркестер мен қазіргі қазақ тіліндегі *боз торғай, қара торғай, сүт тіс, түйе табан* сөздері соңғы сыңарлардың анықтауышы емес, олардың сынын да,

спасын да білдірмейді. Бұлардың тұтас атау ретінде жұмсалатындығы нақты дәлдік дәлелдер арқылы айқындалып тұр.

Түркітануда синтаксистік бірлік ретінде жұмсалатын сөз тіркесінің табиғаты сан қилы. Сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі олардың мағыналық және грамматикалық ерекшеліктеріне негізделеді. Сөз тіркесі кем дегенде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысу арқылы жасалғанымен, кейде олар сөйлем құрамында жеке сөздің баламасы сияқты бір ғана сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқара алады. Сөз тіркесі сөйлеу кезінде жасалып, сөйлем құраудың материалы болады. Мәселен, «Нахджул фарадис» еңбегінде *тази ит*- тазы ит, *сүт тиши*- сүт тіс, *теве табан*- түйе табан секілді сөз тіркестері осыған дәлел бола алады. Мұнда сөз тіркестер құрамындағы сөздердің байланысу амалы таза грамматикалық қатынаста жұмсалғандығы байқалып тұр. Осы байланыс түркі тіліндегі сөз тіркесі синтаксисін зерттеген Н.К.Дмитриев, А.К.Боряков, Н.А.Баскаков, В.М.Насилов, А.Г.Гулямов, Е.И.Убрятова, М.З.Закиев, М.Балақаев, а.Аблақов, С.Исаев, Т.Қордабаев, Е.Ағманов, Қ.Аханов, М.Сералиев, Т.Сайрамбаев сынды ғалымдардың еңбектерінде кеңінен орын алған.

«Нахджул фарадис» еңбегіндегі тіркестердің жоғарыда сөз болғандай, әуел баста еркін тіркестер болғандығын айту қажет. Осы тіркестердің жасалуының екі жолы бар: бірі- ана тілі материалдары негізінде туған тіркестер, екіншісі-жаңа ұғымдарды атауға байланысты калька немесе жартылай калька жасау жолымен өзге тілдерден аударылу арқылы алынған сөз орамдары. Сөз тіркестері жасалу орнына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топқа жататын тіркестер ретінде шығармадағы: *қуруқ йағач*- құрғақ ағаш, *қаһил хатун*- еріншек әйел, *исик от*- ыстық от, *кари ат*- кәрі ат, *йаш от*- ыстық жалын, *йаман ат*- жаман ат және т.б. сынды сөз тіркестерді атауға болады. Сонымен, бірінші топқа жататын сөздер ежелгі дәуірде бастау алғандығын, қазіргі кезде де өз жалғасын тауып келе жатқандығын байқаймыз. Екінші топқа қатысты мағынадағы тіркестер көбінесе екінші изафет арқылы жасалады. Олардың бірінші сыңары да, екінші сыңары да байырғы сөз болуы мүмкін: *мүкл йағач*- резеңке ағаш, *тенгиз ортасы*- теңіз ортасы, *мүшүк көз*- мысық көз жіне т.б.

Үшінші топқа жататын тіркестерде, байырғы сөздер мен кірме сөздер ілік септігі мен тәуелдік жалғауларын қабылдайды. Атаулық тіркестердің бұл түрінде тіркес құрамындағы сөздер сөйлемнің жеке-жеке мүшесі болса, ондай сөз тіркестері еркін тіркес болады да, егер бөліп жаруға келмей сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарса, атаулық тіркес болады.

«Нахджул фарадис» ескерткішіндегі синтаксистік сөз тіркесінің даяр тұрған тіркес еместігі, оның сөйлеу кезінде дербес сөздердің грамматикалық заңдар бойынша еркін тіркесуінен жасалатындығы зерттеу барысында анықталды. Сөз сыңарларының ыңғайына қарай ауыстырылуға көнетіндігі ескеріліп, қарастырылды. «Нахдж ул-фарадис» еңбегінде сөздердің анықтауыштық қызмет атқарып, тілдің номинативті құралдарының қатарына жататыны секілді сөз тіркестерінің де заттардың, сапа-белгілердің, қимыл-іс әрекеттердің атауы ретінде қолданылатындығы, тілдің номинативті құралдарының қатарына енетіндігі анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Фазылов Э.Староузбекский язык. –I. II том. Ташкент: «Фан» 1971

2. Нуриева Ф.Ш. «Исследование языка памятника XIV века «Нахдж ал- Фарадис» / дис.еңбек/. –Казан: 1933 (www.kazanscy- univ.ru)

3. Абилов Ш. Неджул фарадис // татарская литература (YII-XVIII в.в.). Казан: Фэн, 1999 (www.kazanscy- univ.ru)

4.Қазіргі қазақ тіл грамматикасы. I. II том. Алматы: «Ғылым», 1967

ӘОЖ 94 (574)

«ОРТААЗИЯЛЫҚ ТӘПСІР» ЕСКЕРТКІШІ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН ОРТАҚ СӨЗДЕР

Асқарова Г.К.-магистрант
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті
Ғылыми жетекшісі- **Сабыр М.Б**. филология ғылымдарының докторы, профессор
Орал қ.

Резюме.*В статье комплексно исследуется письменный памятник золотоордынской эпохи «Среднеазиатский Тефсир». Доказано, что источником казахского языка является средневековое письменные наследие. Дифференцирована общая лексическая система языка-памятника и казахского языка.*

Ключевые слова: *Золотоордынская эпоха, письменный памятник, лексика*

Бүгінгі жан-жақты жетілген көркем де бай қазақ тілі бір ғасырдың жемісі емес. Тамырын баба тілден алған қазақ тілі сан ғасырлар бойы өсіп, жетіліп, түрленіп дами отыра осы күнгі сын-сипатына жетті. Қазақ тілі туралы талай ғұламалар тамсана айтып, жазып та кетті. Атақты ғалым С.Малов: «Қазақ тілі өзінің бейнелілігі, суреттілігі жағынан басқа түрік немес түркі тілдерінен әрдайым бөлшектеніп тұрады. Қазақ – өзінің ауызекі көркем тілімен, айшықты әсем фольклорымен бұрын да, қазір де даңқы шығып жүрген халық. Қазақ тілі бұрын да, кейбір реттерді бүгін де сомдалған және біртұтас тіл деп танылып келеді» деген еді. Шынында да, қазақ тілі сөздік қоры жағынан ешбір тілден кем емес. Әдебиет тілі, ғылым тілі бола жүріп бүгін де тұтас мемлекет тілі болу жолында өсіп-өркендеуде. Қазіргі қазақ тілінің дәстүрі өте бай, оның басты бір көзі, тамыры ұлттық топыраққа терең бойлауынан болса, сол тамырдың бір тіні, бір тіні ғана емес, арналы бір тармағы ортағасырлық қыпшақ тілді жазба жәдігерлікге барып тіреледі. Яғни орта ғасыр әдеби мұрасы - қазақ тілінің қайнар көзі. Сол орта ғасырларда бүгінгі қазақ тілінің негізгі сөздік қор, базистік лексикасы қалыптасты. Лексика - халық өмірінің айғағы, этностың тұрмыс-тіршілігінің, ойлау жүйесінің бейнесін танытатын сырлы тұлға. Әрбір тарихи сөз тарихи лексикологияның объектісі болса да, оны этимология мен этнолингвистикадан тыс зерттеу мүмкін емес. Осындай тіл білімінің бір-бірімен сабақтас салаларының тоғысында ғана көптеген мәселе дұрыс шешімін таппақ. Әсіресе, этнолингвистикалық зерттеулер тіл байлығын макросистемалар мен микросистемаларға бөліп қарастыруға мүдделі. Академик Ә.Қайдаров көрсеткен макросистемалық жүйе «Табиғат», «Адам», «Қоғам». Осы ұлы макросистема өз кезегінде бірнеше микросистемаларға жіктеліп, тіл байлығын белгілі бір қылыптасқан салаларға бөліп жүйе-жүйесімен зерделеуге мүмкіндік береді.

Тіл адам өмір сүрген ортамен, қоғамдық қатынастармен тығыз байланысты. «Кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық және семантикалық топтардың негізіндегі тілдің құрылымдық жүйесінен құралады»[1,172]. Сондықтан біз «Ортаазиялық Тәпсір» ескерткішінің лексикасын төрт үлкен салаға бөліп қарастыруды жөн көрдік. Олар: 1.Мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін ортақ

сөздер; 2. Табиғат, хайуанаттар әлемі лексикасы; 3. Адам әлемі лексикасы; 4. Материалдық мәдениет лексикасы. Бұл салалардың әрқайсысы іштей бірнеше лексика-семантикалық топтарға бөлініп зерделенеді.

1.Мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін ортақ сөздер. «Орта азиялық Тәпсір» жазба мұрағатының лексикасын зерделей қарасақ, қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, қала берді қазақ тілімен ортақ, тұлғасы да, мағынасы да сайма-сай лексикалық параллельдерді оңай анықтаймыз. Мұндай ортақ сөздер қазақ халқының, оның тілінің пайда болуына негіз болған этногенетикалық, глоттогенетикалық құбылыстарының тамыры. Олар, Зат есімдер:

Ана - ана. *Муса анасї унамадї* (29б, 36). Мұсаның анасы келіспеді; *Ата-анадїн... сорқајлар* (133б, 2). Ата-анасынан сұрасын.

Ант - ант. *Ант ічті* (143, 7). Ант берді.

Араб - араб. *Араблар адат болур ärді*... (110, 19). Арабтарда сал болды; *Арабча кітаб* (138, 22). Арапша кітап.

Сын есім сөздер:

Ақ - ақ. *Та'ам болур қардїн ақрақ* (68б, 14). Бұл тағам қардан да ақ болады.

Ақсақ - ақсақ. *Јоқ көзсўз ўзä ämгäк тақї јоқ ақсақ ўзä ämгäк...* (42б, 4) Соқырдың ұялатыны (кінәсі) жоқ сияқты ақсақтың да ұялатыны (кінәсі) жоқ. (Сүре 48, 17)

Дана - дана. E*wмäклік hакімлäр іші ермäз даналар іші болмаз* (52, 8). Асығыстық даналардың ісі емес, hакімдердің де ісі емес.

Етістік сөздер:

Ақ - ақ. *Бу ікі дар ја анда бірлä ақар ärді* (10б, 24). Бұл екі теңіз анда бірге ақты; *Ақар суw ўскўндä... олтурдїлар* (38б, 31). Ағып жатқан судың алдына отырды.

Бар - бар. *Ікäгўн бару башладїлар* (10б, 23). Екеуі де әрі қарай барды.

Біл - біл. *Білўр нä кім сірранä қїлурсіз* (92, 14). Сіздердің құпия істеп жатқандарыңды ол біледі. *Білгäјлäр кім кім за'іфрақ еруур* (112, 1). Кімнің әлсіз екенін білсін. *Білгіл... сäбрсіз мурад hасіл болмас* (112б, 4). Сабырсыз мақсатқа жете алмайтынынды біліп жүр.

Үстеу сөздер:

Аз - аз. *Азқа шўкр қїлмаса ўкўшкä тақї қїлмақај* (137, 21). Азға риза болмаған көпке де риза болмайды; *Азїн-азїн ... їндўрді* (139, 7). Аз-аздан... төменге жіберді; *Узунї ötўз аршун аз äксўк артуқ ärді* (39,30). Ұзындығы отыз аршыннан аз да емес, көп те емес болды.

Тез - тез. *Тез білгäјлäр кім кім ол азқунлуқ ічіндä äруур ачуқ* (98б, 17). Кімнің адасып жүргенін олар тез біледі.

Сонымен қоса ең, былай, көп үстеулері кездеседі. Ескерткіш тілінде күшейткіш, мөлшер, сын-бейне үстеулері орын алған.

Есімдіктер :

Анда - анда. *Қају кіші анда суwічсä häргіз суwсамақај* (144, 12). Қай адам анда су ішсе, ешқашан шөлдемейді; *Ол ташқа тägдіміз анда јатдїміз ол балїқ анда тірілді* (10б, 32). Ол тасқа жақындағанда анда жаттық, сол балық анда тірілді.

Біз - біз. *Біз бäрдіміз сäңä бізің ўскўміздін ўшкўргў* (24, 9). Біз саған тапсырма бердік; *біздä абїн* (34, 5). Бізден басқа.

Кім - кім. *Сордїлар бу ајät кімнің шанінä індї* (45б,7). Бұл өлең кімнің атына арналған деп сұрады олар.

Ол - ол. *Мägäр олоқ бар* (93, 3). Тек қана ол бар.

Олар - олар. *Оларнї тілäрлäр ду'а қїлурлар* (139б, 28). Оларды қалайды және түсінеді.

Бұл деректерден байғанымыздай ескерткіш тілінде сілтеу, жіктеу, сұрау есімдіктері қолданылған.

Көмекші есімдер:

Ара - ара. *Бізің ара сәнлі ара* (21б, 3). Біз бен сенің арамызда; *Сән jігрәк білўрсән мән оқланларїм арасїнда нәтәк қілқумнї* (39б, 15). Менің балаларымның арасында не істеу керектігін сен жақсы білесің.

Орта - орта. *Ол jер ортас ї турур* (52б, 3). Бұл жер ортасы.

Еліктеуіш сөз:

Сілк - сілк. *Ägәр мәні бір адїн сілкäсіз қамуқ андамїм ätім сөңўкўмдін адрїлур* (27, 18). Егер мені сілкісең, барлық дене мүшелерім, етім сүйегімнен ажырайды.

Шылаулар:

Соң - соң. *Ол кім соң қаліб турур* (41, 3). Ол соңынан тұрады; *анда соң* (74б, 7), *андїн соң* (96б, 9). Содан соң.

Ескерткіш тілінде келтірілген сөз таптарынан басқа да одағайлар, қаратпа сөздер, бейтарап сөздер кездеседі.

Жоғарыда келтірілген екі дәуір тіліне ортақ лексикалық параллельдер қазақ тілінің тарихи лексикологиясының дерек көзі десе болады. Екі дәуірдің тілдік деректерін, лексика-семантикалық даму процессін салыстырмалы-тарихи зерттеудің нәтижесі ұқсастықтар мен айырмашылықтардың қаншалықты екендігіне тәуелді. Ұқсастық, ортақтық лексика-семантикалық жүйенің тұрақтылығын көрсетсе, ал айырмашылық – тарихи үдере (кезекпен) жылжуды, тіл дамуының, қозғалысының кезеңдерін білдіреді.

Сонымен, жазба жәдігерлік мен қазақ тіліне ортақ сөздер адам өмірінде жиі қолданылған ежелгі сөздер. Олар есте жоқ ерте замандардан, семантикалық өзгеріске түспей бүгінге жеткен тарихтың куәгері, байырғы және мәңгі жас лексикалық бірліктер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. –Алматы: Ғылым, 1983. –145 б.
2.Майтинская К.Е. Образование и классификация суффиксов в агглютинативных языках // Морфологическая типология и проблема классификации языков. М-Л.,1965.
3.Өмірбаев Е. Ескі қазақ тіліндегі сөжасам жүйесі// Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары. Алматы,2066, Б.142-151.

ӘОЖ 17.82.10.

ҚҰТЫПТЫҢ ХҰСРАУ МЕН ШЫРЫН ПОЭМАСЫ СЮЖЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ МАҢЫЗЫ

М.Б.Сабыр -ф.ғ.д., профессор;
Т.Р. Ахметов-педагогика ғылымдарының магистрі.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Түйіндеме. *Мақалада күллі Шығыс пен түркі әлемінде мөлдір махаббат үлгісі боп жырланған Хұсрау мен Шырын тақырыбына қалам тартқан шайырларға шолу жасалған. «Алтын Орданың әдеби ескерткіштері: әлемнің тілдік және көркемдік бейнесі» жобасы аясындағы зерттеулердің нәтижесі ұсынылған. Сол дәуірдегі жазба*

әдеби мұралары, оның ішінде Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының сюжеті, көркемдік әлемі сараланған. Алтын Орда дәуірінде оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз тілінде жазылған жәдігерліктер кейінгі қазақ әдеби тілінің, қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына негіз болғандығы жан-жақты дәлелденген. Құтыптың "Хұсрау мен Шырын" поэмасы Алтын Орда әдебиетінің ерекше мұрасы. Аталмыш шығарма қазақтың ежелгі әдебиетінің жазба үлгісі болып саналады. Қазақтың ауыз әдебиетінің тарихы тереңде болса, жазба әдебиеті де тарихтың қойнауларында өсіп-өнген. Мақалада поэманы ауыз әдебиетінің ең әдемі үлгісі "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" лиро-эпос жырымен салыстыра зерделеп, тың тұжырымдар ұсынылған.

Түйін сөздер:*Алтын Орда; жазба әдебиет; қыпшақ-оғыз тілі; ауыз әдебиеті; этнопедагогика; ұлттық код; лиро-эпостық жырлар; халық романы.*

Резюме. *В статье представлен обзор поэм, написанных на тему Хусрау и Ширин, которые являются образцом чистой любви для всего восточного и тюркского мира. Также представлены результаты исследований проекта «Литературные памятники Золотой Орды: языковая и художественная картина мира». В статье проанализированы письменное литературное наследие того периода, в том числе сюжет и художественный мир поэмы Кутуба «Хусрау и Ширин». Авторами статьи доказано, что артефакты, написанные на огуз-кипчакском и кипчак-огузском языках в период Золотой Орды, были основой формирования более позднего казахского литературного языка, казахской письменной литературы. Поэма Кутуба "Хусрау и Ширин" является уникальным наследием литературы Золотой Орды. Данное произведение является письменным образцом древней казахской литературы. Казахская устная литература имеет глубокую историю, но и письменная литература выросла в недрах истории.*

В статье представлены новые выводы сравнивая поэму Кутуба «Хусрау и Ширин» с лиро-эпосом "Козы Корпеш-Баян Сулу", самым красивым образцом казахской устной литературы.

Ключевые слова: *Золотая Орда; письменная литература; кипчакско-огузский язык; устная литература; этнопедагогика; национальный код; лиро-эпические поэмы; народный роман.*

Annotation.*The article provides an overview of the poems written on the theme of Khusrau and Shirin, which is an example of pure love for the entire Oriental and Turkic world. The results of research of the project "Literary monuments of the Golden Horde: linguistic and artistic picture of the world" are also presented. The article analyzes the written literary heritage of that period, including the plot and the artistic world of Kutub's poem "Khusrau and Shirin". The authors of the article have proved that the artifacts written in the Oguz-Kipchak and the Kipchak-Oguz languages during the period of the Golden Horde were the basis for the formation of the later Kazakh literary language and the Kazakh written literature. Kutub's poem "Khusrau and Shirin" is a unique legacy of the Golden Horde literature. This work is a written example of ancient Kazakh literature. Kazakh oral literature has a deep history, but written literature also grew in the depths of history. The article presents novellas comparing the poem with the lyric-epic poem "Kozy Korpesh-Bayan Sulu", the most beautiful example of Kazakh oral literature.*

Key words: *Golden Horde; written literature; Kipchak-Oghuz language; oral literature; ethnopedagogy; national code; lyric-epic poems; folk novel.*

Кіріспе. «Алтын Орданың әдеби ескерткіштері: әлемнің тілдік және көркемдік бейнесі» жобасы аясында сол дәуірдегі жазба әдеби мұраларды, олардың сюжетін, көркемдік әлемін саралап зерттеу өте маңызды. Алтын Орда дәуірінде оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз тілінде жазылған жәдігерліктер кейінгі қазақ әдеби тілінің, қазақ жазба

әдебиетінің қалыптасуына негіз болды. Осы кезеңде дүниеге келген Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы, Сейф Сарайидың «Гүлстан бит-түрки» сияқты шығармалар түркі дүниесіне ортақ болса да көне қыпшақ тілінде жазылғандықтан бүгінгі қазақ рухани әлемімен тікелей сабақтасып жатқан асыл арналар.

Тақырыптың өзектілігіне тоқталатын болсақ, заман талабына сай Алтын Орданың мұрагері кімдер деген сауалға жауап іздеу қажеттігі туындады. Тарихта Ұлық Ұлыс аталған алып мемлекет Алтын Орданың 750 жылдығын өткен жылдары атап өттік. Алтын Орда мемлекетінің байырғы халқы қыпшақтар болса, сол қыпшақтардың бүгінгі мұрагері, жалғасы қазақтар екендігінде дау жоқ. Бірақ мұрагерлікті тарихи, тілдік, әдеби түрғыдан терең зерттеулер жүргізу арқылы дәлелдеу - парыз. Басты мақсат осы дәуір мұраларын кешенді зерттеу арқылы тың тұжырымдарға қол жеткізу. Жазба мұралардың рухани ұстанымдарына сүйене отырып, ұлттық тәрбиеге мән берген жөн. «Қазақ этнопедагогикасы - қазақ философиясы, этнопсихология, этникалық мәдениет, этнографияның түйісуінде қалыптасқан кіріктірілген білім саласы, педагогика ғылымының құрамдас бөлігі ..., қазақтың этникалық тәрбие жүйесі»[1,24] болса, тәрбие ісінде әдеби мұраларсыз, әдебиетсіз нәтижеге жете алмаймыз. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу»[2] деген еді. Сол ұлттық кодтың басты тірегі – әдебиет, тіл, ұлттың жазба мұралары.

Негізгі бөлім. Жұмыста зерттеудің лингвистикалық әдіс-тәсілдерінің бірнеше түрлері пайдаланылды. Олардың ішіндегі негізгілері – тарихи-салыстырмалы, диахронды-синхрондық, типологиялық салыстыру әдістері қолданылды.

Хұсрау мен Шырын туралы аңыз –Таяу және Орта Шығысты, Қап тауын, Орта Азия мен Үндістанды мекендеген халықтар әдебиетіне ортақ, кең тараған тақырып. Хұсрау мен Шырын аңызын негізге ала отырып, поэма жазу дәстүрі – Әзербайжанның ұлы ақыны Низами мен Үндістанның ұлы ақыны Әмір Хұсрау Дехлевиден бастап, 800 жыл бойы үзілмей, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан дәстүр. Низами шығармаларын жіті зерттеген ғалым Г.Ю. Алиевтің айтуынша, әлемде Хұсрау мен Шырын аңызына құрылған 50-ден астам дастан бар [3,19]. Олар қай тілде айтылса да, сюжеті не Низами, не Әмір Хұсрау Дехлеви дастанының негізінде пайда болғаны аңғарылады.

«Хұсрау мен Шырын» ойдан шығарылған дастан емес, оның негізінде тарихи дерек бар. Белгілі араб тарихшысы Табаридің айтуынша, Хосроу Парвиз 590-628 жылдары Иран елін билеген. Оның Шырын есімді сұлу әйелі болған. Хұсрау мен Шырын оқиғасы, ең алдымен, Фирдоусидің «Шахнамасында» айтылған, 1180-81 жылдары Низами жазған «Хұсрау мен Шырын» дастаны парсы ақындарының арасында жаңа серпін, еліктеушілік туғызады. Низамиге бұл тақырыпты арқау етіп шығарма жазуына өз жүрегіндегі махаббат әсер еткен. Ұлы ақын тұтқын қыпшақ қызы Аппаққа ғашық болып, үйленеді. Бірақ Аппақ көп ұзамай қайтыс болады. Низами Аппақтың асыл келбетін жүрегінде ұстап, «Хұсрау мен Шырын» поэмасын жазып, ару-жар Аппақ бейнесін әдебиетте сомдады.

Бұл тақырыпқа түркі шайырлары да көңіл бөлді. XIV ғасырда «Хұсрау мен Шырын» аңызын әзірбайжан ақыны Ариф Ардебили «Фархад-наме» деп жырлап, Фархадты негізгі кейіпкер етіп, бар оқиғаны соның төңірегіне жинақтайды. Осы дәуірде Алтын Орда ақыны қыпшақ Құтып «Хұсрау мен Шырынды» өз тілінде жырлады. XIV ғасырда Хұсрау мен Шырын туралы аңыздың сюжетіне көптеген парсы, түркі тілді ақындар көлемді туындылар жазды. Мыс., Харими - «Фархад уа Шырын», Хатифи - «Хұсрау мен Шырын», Садри – «Хұсрау уа Шырын», Ахи - «Шырын уа Парвиз», Ламии- «Фархад-наме», Вахши Кермаини - «Фархад уа Шырын» т.б.

XV ғасырда бұл оқиғаны түріктің әйгілі ақыны Шейх-и Германи өзінше жырлады. Ал Е. Гиббтің айтуынша, XVI ғасырда Кіші Азияның Ахи, Джалили деген ақындары да бұл оқиғаны жыр еткен. Мәселен, XVII ғасырда сарай ақыны Қаусари Хамадани «Фархад

уа Шырын», исфахандық ақын Мирза Малик Машрики «Хұсрау уа Шырын» деген дастандар жазса, XVIII ғасырда бұл тақырыпқа ақындар Мирза Абдуллах Туршузи мен Мирза Мұхаммед Садек қалам тербеді. XIX ғасырда Мұстафа аға Насир «Хұсрау мен Шырын» деп жырласа, Исмаил бей Накам өз туындысын «Фархад пен Шырын» деп атады.

Бұл аңыз Шығыс халықтарының классикалық поэзиясында XX ғасырға дейін сан рет өзгеріп, өңделіп, құлпыра жырланды. Мәселен, 1942 жылы әзірбайжан ақыны Самед Вургун Низамидің көптеген сарынын пайдалана отырып, «Фархад пен Шырын» деген романтикалық драма, 1948 жылы атақты түрік ақыны Назым Хикмет «Махаббат туралы аңыз» атты лирика-драмалық пьеса жазды. Назым Хикмет пен Самед Виргунның бұл пьесалары ғасырлар бойы ақындарды шабыттандырып келген мөлдір махаббат пен шынайы сезімді, адалдық пен шын ықыласты дәріптеу дәстүрінің сюжетін творчестволық жолмен қайта өндеудің жарқын көрінісі болды[4,28].

Ал Низамидің «Хұсрау мен Шырын» поэмасының негізгі өзегі әлеуметтік өмір. Ол парсы патшасының бейнесін сүйіспеншілікке берік, ақылды да сұлу, қала қолөнершісінің қызы Шырын махаббатына кезіктіре отырып суреттейді. Профессор Е.Э.Бертельстің айтуынша, поэмада Хұсрау патшаның халыққа тобыр, құлданудың көзі ретінде қарайтыны, ал махаббатқа тұрақсыз, өзімшіл бейнесі боямасыз суреттелген [5,53]. XV ғасырда Шейх-и Германи Низами дастанына айтарлықтай өзгеріс енгізіп, өзінше жырласа да, ғалымдар көбіне оны аударма деп таниды. Атақты ғалым У.І. Гибб өзінің «A history of Ottoman Poetry» деген кітабында Шейхидың «Хұсрау уа Шырын» дастанын жетік зерттеді. Бірақ ең маңызыдысы, Гибб бұл дастанды Низами дастанымен салыстыра талдап, Шейхидің енгізген өзгерістерін ашып көрсетпеді. Зерделеп қарасақ, Шейхи-и Германи дастанды тоғыз тарауға бөліп жырлапты. Әр тараудың басында автордың өз-өзімен сырласқан алғы сөзі бар. Шейхи дастанның өн бойында Shahнамадан, тарихшы Табари еңбектерінен қосымшалар қосып отырады. Ақын дастанның Иран әдебиеті мен тарихынан хабарсыз түрік оқырманына түсінікті болуын көздеген. Мариямның қайтыс болуын баяндайтын сегізінші тарауға Шейхи айтарлықтай өзгеріс жасаған. Содан соң Низамидың идеясы да өзгеріске түседі. Низами дастанында Хұсрау Мариямға үйленгеннен кейін Шырынды ұмыта алмайды. Шырынның таудағы қорғанға келіп орналасқанын естігенде, мүлде шыдамы таусылып, Шапур арқылы Шырынға құпия кездесіп тұрайық деп хабар салады. Тәкаббар Шырын мұндай әрекетке ренжіп бармайды, бірақ Хұсрауға деген махаббатының адал, берік екендігін білдіреді. Ал Хұсрау Мариям дүниеден өтіп, ғашықтық арманы орындалуына енді ешқандай кедергі болмаса да, Шырынға бармай, Шәкәр сұлумен әуейі боп жүре береді. Низами Хұсраудың тұрақсыздығын осылай көрсетсе, Шейхи бұл оқиғаға басқа қырынан келді. Оның дастанында Хұсрау Мариямға мемлекет мүддесі үшін ғана үйленген, бірақ Шырынға деген махаббаты тұрақты, берік. Мариям қайтыс болғасын, ол Шырынды сарайға шақыртады. Шырынға Хұсраудың сарайға шақырғаны тағы да ұнамай, өзіне көбірек көңіл бөлсін деген ниетпен тәкаппарланып, мағынасыз қарсылық көрсетеді. Шырыннан көңілі қалған Хұсрау Шәкәрға амалсыз үйленеді. Шейхидың тұжырымдауынша, бір махабаттан жолы болмаған адам кек қайтару үшін екінші махаббатты іздейді. Шейхи Низами дастаны кейіпкерлерінің мінездерін түбірімен өзгерткен. Оның дастанындағы Хұсрау – махаббатқа берік, ақылды, кемеңгер патша, Низамидегі салауатты, ақыл иесі Шырын мұнда өзін сүйген адамды мағынасыз азаптаушы, ақылсыз, тәкаппар - әйел. Шейхи-и Германидың «Хұсрау уа Шырын» дастанын түркі поэзиясында өзіндік орны бар көркем шығарма деп бағалауға болады.

«Хұсрау мен Шырын» жайлы аңызбен түркі халықтарын таныстыруды мақсат еткен өзбектің ұлы ақыны Науаи 1484 жылы «Фархад пен Шырын» деген атпен мүлде басқа қырынан жырлады. Е.Э.Бертельс, Науаи Құтыптың түркіше жырлаған дастанымен таныс болмаған деген қорытындыға келген[5,56]. Науаидың дастанында махаббат желісінің кейіпкері Низамидың дастанындағыдай үшеу емес, екеу. Сондай-ақ, махаббат машақаты

да Фархад пен Шырын арасында өтеді. Фархад Шырынды айнадан көріп ғашық болған хан баласы. Шырын сұлуды іздеп Арменияға жол шегеді. Сасанидтер ханы Хұсраумен соғысып, қолға түседі. Тұтқыннан босанған кезде Шырын өлді деген хабар естіп, өзі де дүние салады. Науаи бұл дастанның идеясы мен композициясын түгелге дерлік өзгерткен. Шығарманың өн бойында Сасанидтер билеген Иран мен Армения емес, XV ғасырдағы Орта Азия тұрмысы суреттеледі. Өзбек халқының өткен өмірі, көп болып арық қазу, су ағыту секілді қым-қуыт тірліктерін бейнелейді. Мехинбанудың сарайындағы тойды Ақсақ Темірдің сарайында өтетін тойлардай етіп суреттейді. Той ас ішіп, аяқ босататын жер емес, керісінше, неше түрлі дүлдүл ақын, әнші, дуалы ауыз ғалымдар жиналатын әдеби-мәдени - кеш. Сонымен негізгі оқиғалары басқа уақытта, басқа жерде өтсе де Науаидың қаламынан XV ғасырдағы Орта Азияның әлеуметтік тұрмысын суреттеген мүлде басқа, жаңа дастан туған.

Нәтиже. Алайда, жоғарыдағы дастандардың ішінде қазақ халқына бір табан жақын шығарма –қыпшақ ақыны Құтып жазған «Хұсрау мен Шырын» поэмасы. Бұл поэма Низами шығармасының еркін аудармасы. Идеясы мен кейіпкерлерінің мінездері ұқсас. Орта ғасырлардағы әдеби дәстүр бойынша Низами өз шығармасында Алла тағала мен оның пайғамбарларын мадақтайды. Сосын барып Шах Музаффар-ад-дин Қызыл-Арсланды мадақтап, поэмасын соған арнағанын білдіреді. Құтып та осы дәстүрді сақтай отырып, Өзбек ханның баласы шахзада Тыныбекті әйелімен қоса марапаттап өз еңбегін соларға бағыштайды. Тарихшылар дерегіне сүйенсек, Алтын Орда ханының әйелі де мемлекет ісіне ханмен бірдей дәрежеде араласып, көптеген саяси мәселелерді шешуге де қатысып отырған. Шетелдік елшілерді қабылдағанда, хан-бике ханмен бірге тақтың оң жағында отырған. Ислам дінінің үстемдік етуіне қарамастан, Өзбек ханның тұсы мен оның балаларының хандық құрған дәуірінде де ордадағы бұл дәстүр қатаң сақталған екен. Бұл пікірімізді Жәнібек ханның әйелі Тайдолой хатунның қолымен жазылған жарлықтар да дәлелдейді[6]. XVI ғасырдын басында Алтын Ордадан бөлінген Ақ Орданың ханы Тыныбектің әйелі Ханша-Мәлике-Хатун да өз ордасында осындай рөл атқарған. Тіпті, мемлекеттік дәрежедегі мәдени мәселелерді Ханшаның өзі шешіп отырды десе де болады. Асылы Құтып өз поэмасын Ханша-Мәлике-Хатунға арнаса керек. Ханымды барынша құрметтейді.

Ақ-Орду дәвләти, ол тәхт көркі
(Ақ-Орда –оның мемлекеті, ал ол-тақтың көркі)

Поэмадағы ақылды, кемеңгер, ғылымның сан саласынан хабары бар, өнерді түсініп, өнер адамын сыйлап, бағалай білетін әйел патша Шырынның бірде ақылды бірде көрсеқызар, жеңіл мінезді Хұсрауды жөнге салып, тәрбиелеп отырған образынан Ханша-Мәлике-Хатун бейнесін анық көреміз. Ақын Тыныбек ханды да мақтай отырып, уақытты босқа жібермей, адамдарға жақсылық жасауға үндейді. Дастанның өн бойында жақсылық пен жамандық, сүйіспеншілік пен опасыздық қатар жырланып, ақырында әділдік пен таза сезім үстемдік етеді. Сөйтіп, Құтып өз поэмасында Низами идеясын дамыта отырып, өзі айтпақшы, Низами балынан халуа жасады, яғни махаббатты жырлай отырып XIV ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінің ішкі және қоғамдық-әлеуметтік жағдайын, сыр-сипатын зор шеберлікпен ашып көрсетті.

Иә, «Хұсрау мен Шырын» туралы аңыз түркі поэзиясының маржаны, әрі мәңгі өлмес тақырып. Алтын Орда жазба мұрасы қыпшақ тілінде жазылып, байырғы қазақ жерінде дүниеге келгендіктен, қазақ әдебиетінің тарихында алар орны ерекше.

Құтыптың “Хұсрау мен Шырын” поэмасы Алтын Орда әдебиетінің ерекше мұрасы. Аталмыш шығарма қазақтың ежелгі әдебиетінің жазба үлгісі боп саналады. Қазақтың ауыз әдебиетінің тарихы тереңде болса, жазба әдебиеті де тарихтың қойнауларында өсіп-өнген. Біз поэманы ауыз әдебиетінің ең әдемі үлгісі “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” лиро-эпос жырымен салыстыра зерделеп көрейік. Өйткені ауыз әдебиеті үлгілері мен жазба

мұралардың арасында ерекшеліктерімен қоса ортақ сабақтастықтары бар. Қазақтың көрнекті ғалымы Ә.К.Марғұлан қазақ эпостарын былайша жіктейді: 1. Ең көне заманғы эпостық жырлар (Ер Төстік, Ақ Көбек, Құламерген, Шолпан мерген сияқты жыр-аңыздар). 2. Оғыз-қыпшақ заманында пайда болған эпостар (XI-XII ғ.ғ.): "Қорқыт", "Алпамыс", "Қазанбек", "Домбауыл", "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" т.б. 3. Тарихи дәуірлердегі эпостар (XII-XIV ғ.ғ.). Бұл кезеңнің өзі іштей екі салаға бөлінген: қазақ даласында Жошы ұлысының құрылуы, оның ішкі қақтығыстарын (Қобыланды, Ер Тарғын) және осы ұлыстың ыдырау кезін бейнелейтін эпостар ("Қамбар", "Қазтуған" т.б.), кейде бұлар Ноғайлы дәуірінің жырлары деп те аталады. 4. Жоңғар феодалдарының қазақ даласына шапқыншылығын және оған қарсы күресті сипатттайтын жырлар (Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай т.б.) 5. Феодалдық қайшылықтарға қарсы күреске байланысты туған эпостар [7,75-80]. Бұл жіктеуде эпостардың шығу кезеңі, тарихилық принцип басшылыққа алынған. Осы жіктеуге сүйенсек "Хұсрау мен Шырын" поэмасы тарихи дәуірмен үндеседі.

Уақыт пен кеңістік ұғымдарының дәстүрлі ұлттық сипаты алдымен ауыз әдебиетінде сақталған, сонан соң жазба әдебиетте де көрініс берген. Көркемдік ойлаудың тарихын уақыт пен кеңістік туралы ұғымдардың қалыптасу тарихынан бөліп қарастыруға болмайды. Хұсрау мен Шырын тақырыбының уақыты мен кеңістігін барласақ негізгі арқауы тарихи шындықпен ұштасады. IX-X ғасырлардың өзінде-ақ Хұсрау мен Шырын туралы аңыз-әнгіме, жырлар пайда бола бастаған. Олар "Фархад пен Шырын", "Хұсрау мен Шырын" деген атпен біресе екі адамның, біресе үш адамның арасындағы махаббат машақаты туралы жырлайды. Құтып жырлаған "Хұсрау мен Шырын" поэмасы туралы әр түрлі пікірлер бар. Мысалы, Е.Э. Бертельс оны Низами поэмасының тікелей аудармасы деп жориды [5,87], А.Зайончковский Низами нұсқасының аудармасы емес, жарым-жартылай өңдеп барып жазылған туынды поэма деп таниды [8,78]. Белгілі түркітанушы Э.Н. Наджип түркі тіліндегі "Хұсрау мен Шырынды" жартылай оригиналды дербес роман деп тұжырымдайды [9,114].

Талқылау. Біздің ойымызша, Құтыптың "Хұсрау мен Шырын" поэмасы Низамидің парсы тілінде жазылған осы поэмасының еркін аудармасы. Низамидің композициясы мен сюжеті толық сақталғанмен өз халқының таным-түсінігіне, ұлттық дәстүріне лайықтап жазылған реалистік роман эпосы деп тануға болады. "Хұсрау мен Шырын" поэмасының қай жерде жазылғаны туралы әртүрлі пікірлер бар. Қазақ ғалымы А. Ибатов тарихи деректер мен сол замандағы әлеуметтік қарым-қатынасты ескере келіп, поэманы Тыныбектің хандық құрған жері Ақ Орданың орталығы Сығанақта жазылған деген дәйекті пікір айтты [4,9].

Ал "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" сюжетінің пайда болу уақыты мен кеңістігі сонау V-VI ғасырларда, Түркі қағанаты кезеңінде, Алтай маңында жатыр. Бұл тақырып қазақта, башқұртта, татарда, телеуіттер мен алтайлықтарда жырланады. Оқиға Ертістің бас жағында, Алтай өңірінде өрбиді. Әр тайпа Алтын Орда құрылғанға дейін әртүрлі дәрежеде, әртүрлі сюжетте жырлаған. Алтын Орда қалыптасқаннан кейін оның құрамындағы тайпалар эпостық формада жырлай бастады. "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" хикаясы алтайлықтарда – мифологиялық эпос, башқұрттарда – батырлық ертегі[10,56], татарларда – дастан, қазақтарда – жыр формасында өріс тапты.

Сондықтан аталмыш екі мұраның пайда болу уақыты мен кеңістігі қарайлас десек шындықтан алыс кетпейміз. Осындай мұраларды уақыт пен кеңістік аясында қарастыру халықтың дәстүрлі түсінігін, дүниетанымын, оның даму жолдарын анықтауға, ұлттың ойлау жүйесінің қыр-сырын, типтік ерекшелігін ажыратуға көмектеседі "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жыры бір халықтың өткен замандардағы тіршілік үрдісінің энциклопедиясы тәріздес. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» – түркі халықтары арасында кең тараған және сюжеттік фабуласы ерте замандарда пайда болған көне эпостық мұралардың бірі. Жырдың бірнеше версиясы мен жиырмадан аса нұсқасы қазақ арасында көп ғасырдан бері айтылып келгені, оны қалың көпшіліктің ерекше сүйіп тыңдағаны да белгілі[11]. Ф. Энгельс өзінің

“Немістің халық кітаптары” деген еңбегінде немістердің бүкіл батыс Еуропаға жайылған эпостық әңгімелерін “роман үлгісіндегі шығармалар” деген. “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырында да мұндай белгі бар десек қателеспейміз. Жырдың сюжетімен таныса келіп орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің оны “халық романы” деуі тегін емес. Ә. Қоңыратбаев осынау құнды жырды зерттей келе “өзінің жанрлық белгісі жағынан “Қозы Көрпеш” қазақтың “Қобыланды” сияқты батырлық жырларынан да, орыстың “былиналарынан” да өзгеше тұрған, шығыс халықтарының “Ләйлі-Мәжнүн”, “Фархад-Шырын” сияқты орта ғасырлық реалистік роман эпосымен сабақтас, тақырыптас нәрсе” деген еді [12,6]. Ғалымның бұл сөзі көңілге қонарлық. Орта ғасырлық роман эпосының қазақта үш түрлі саласы бар: 1) Қазақтың ауыз әдебиеті дәстүрімен жасалған сюжеттерге құрылған, әйел еркіндігін аңсаған жырлар; 2) Қисса жанрындағы роман эпосы; 3) Орта Азия халықтарының көбіне ортақ “Жеті ғашық жыры” деп аталатын сюжеттері (Ләйлі-Мәжнүн, Фархад-Шырын, Таһир-Зуһра, Бозжігіт т.б.). Бұлар тақырыбы жағынан қазақтардың ғашықтық жырларына ұқсас. Құтыптың “Хұсрау мен Шырын” поэмасы да “Қозы Көрпеш” жырымен үндестігі көп. Мынадай ортақ ұқсастықтары бар: біріншіден, екеуінде де оқиға адал махаббат үшін күреске құрылған; екіншіден, образдарында реализм басым; үшіншіден, жырдың да, поэманың да композициясы трагедиямен аяқталады; төртіншіден, сюжеттері өмірге жақын, шыншыл; бесіншіден, жанрлары біреуінде лироэпостық жыр, екіншісі реалистік роман эпос болса да ортақтық “халық романдық” сипат басым; алтыншыдан, ғашықтар бірін-бірі сыртынан естіп, біліп ынтық болады; жетіншіден, Баянға Қодар құл ғашық, Шырынға Шируйа ғашық, Қодар да, Шируйа да сұлулардың сүйгендерін қастықпен өлтіреді; сегізіншіден, Баян Қодарды сүймей Қозыны аңсаса, Шырын Шируйаны сүймей Хұсрауды аңсайды; тоғызыншыдан, Баян мен Қозының досы Айбас, Хұсрау мен Шырынның досы Шапур; оныншыдан Баян Қодарды емексітіп, көл жасатып, құдық қаздырады, Шырын Фархад шеберге қорғанға құбыр тартуды ұсынады, Фархад Шырынға ғашық болып қалады, бірақ Қодар сияқты зұлымдық әрекетке бармайды, адал жігіт. Баян сүйгені Қозының басына барып өзіне қанжар салып өлсе, Шырын сүйгені Хұсраудың басына барып ол да өзіне қанжар салып махаббат үшін құрбан болады.

Енді екі шығарманың айырмашылықтарына тоқталайық. “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырының бас қаһармандары махаббат еркіндігін аңсаған қарапайым жастар болса, “Хұсрау мен Шырын” поэмасындағы жастар да махаббат үшін азап тартса да екеуі де патша. “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жыры 11 буынды қара өлеңмен жазылса, “Хұсрау мен Шырын” шығыс поэмасына тән бәйіт, ғазал өлең үлгілерімен жазылған. “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” сонау ерте заманнан жырланып келе жатса да, ауыз әдебиетінің үлгісі ретінде әр дәуірде толыға отырып, жалпыға түсінікті халықтық тілде жазылған. Ал “Хұсрау мен Шырын” жазба әдеби мұра болғандықтан өз дәуірінің дәстүрлі тілімен, оғыз-қыпшақ тілінде жазылған. Біріншісінің авторы белгісіз, халықтық мұра болса, екіншісінің авторы белгілі.

Қорытынды.“Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жыры халықтық ауыз әдебиеті үлгісімен жасалған, көшпелі елдің өмір салтын, ішкі әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін көрсетеді. Қазақ арасында көп жүріп, салт-дәстүрін, ауыз әдебиетін көп зерттеген Г.Н. Потанин “Қазақ өмірінен алынып жырланған ұлы эпостық жырлар көп. Қазақтардың айрықша қадірлейтін әңгімесі – кедей, қойшы бала Қозы Көрпешке ғашық болған сұлу қыз Баянның тарихын суреттейтін жыр. Бұл жырды Орынбордан Зайсанға дейін созылған қазақ даласы түгел біледі және ол қазақ эпосының да ең құндысы. Өзінің ғашық жары мерт болғанда, соның қайғысына шыдамай, қыз сүйген жігітінің бейітіне барып, өзіне-өзі қанжар салып өледі. Сюжеті халықаралық болса да, дәл қазақ халқы сияқты бұл оқиғаны, әңгімені өз эпосының ең қызықты, күшті және негізгі арқауы етіп жырлай білген бірде-бір халық жоқ” [13,84]. Ғалымның бұл пікірі ешқашан өз маңызын жоғалтпайды.

Ал “Хұсрау мен Шырын” да халықаралық тақырып. Ол бүкіл шығыс, түркі әлеміне таралған. Көп нұсқаларының ішінде қыпшақ ақыны Құтыптың түркіше жазған

поэмасының шоқтығы биік. Поэма оқиғасы басқа жерде өрбісе де одан Алтын Орда мемлекетінің ішкі-әлеуметтік тартысы, саяси қайшылықтары жеке адамдардың тағдыры арқылы суреттеледі. Бас кейіпкер Хұсрау махаббатпен бірге мемлекет мүддесі үшін де күреседі. Поэмадан Алтын Орданың негізгі халқы қыпшақтардың дәстүр-дағдысы, мақсат-мұраттары көрінеді. Дала өркениеті еркін, адал махаббаты пір тұтты. *Қазақта қыз бен жігіт ырысты адам*. Махаббат мәртебесін пір ұстаған. Ұялтқан өкпелесе назыменен, Қазақта қыз бен жігіт ұрыспаған [14]. Құтыптың "Хұсрау мен Шырын" поэмасы тілі жағынан да, мазмұны жағынан да өзімен дәуірлес "Гүлистан бит-турки", "Мұхаббат-наме" сияқты жазба ескерткіштерден әлдеқайда басым. Тіпті М.Қашқаридың "Диуанында" кездеспейтін сөз оралымдары, мақал-мәтелдер де бар.

ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаев «Алтын Орда – қазақтың мәдени кодының маңызды бөлшегі» деген сөзінің маңызы терең [15]. Мұрагерлік ізін рухани мәдениетіміздің басты арнасы әдебиеттен іздесек мол қазынаға тап боламыз. Ол жоғарыда айтылған Алтын Орда дәуірінің жазба мұралары, ежелгі дәуір әдебиетінің жәдігерліктері. Бұл әдеби мұраларда қайта өрлеу дәуірінің лебі сезіледі. Осы тұста қасиетті «Құран кәрімді» аударуға болмайтын, аударған адамның басы алынатын заманда «Ортаазиядық тәпсір» жазылды[16]. Махаббаттың ұлысы тек Аллаға деген сүйіспеншілік, сұлулық тек жұмақтағы хор қызына тән, жер бетіндегі қызықтың бәрі о дүниелік өмірдің қасында түк те емес деп уағыздалатын заманда, керісінше адамның қасиетті сезімін, адамгершілікті, асыл махаббатты ардақтап, сүю бақытын басқа қияли қызықтарға айырбастамайтынын жыр еткен Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қожахметова К. Қазақ этнопедагогикасы: әдіснама, теория және тәжірибе. – Алматы, «Ғылым»., 2006. – 317 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан. 12 сәуір, 2017ж.
3. М.Б.Сабыр. Қыпшақтану.Алматы, «Қазақ университеті», 2019.-250б.
4. Ибатов А. Қутбтың "Хусрау и Шірін"поэмасының сөздігі. А.,1974.-180б.
5.Бертельс Е.Э. Новои. М.-Л., 1948.С. -305.
6..Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII-XIV вв. Москва, «Наука»,1985.-240с.
7. Марғұлан.. Ә.Ежелгі жыр аңыздар, А., 1985.-230б.
8.Зайончсковский А. О некоторых избранных работах в польском востоковедении в области тюркологии, арабистики и иранистики (1946-1956 г.г.). /Советское востоковедение. №2. 1957. -С. 25-32.
9.Наджип Э.Н. "Хусрау и Ширин" Кутба и его язык. /Тюркологический сборник. М., 1966.
10.Л.Х.Самситова. Культурные концепты в башкирской языковой картине мира. Уфа,2017.350 с.
10.Сабыр М.Б. Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының лексика-грамматикалық сипаты.Алматы, «Арыс» баспасы,2016. 235б.
11.Қосанов С. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Абай нұсқасы. Егемен Қазақстан. 04 қараша, 2019.
12. Смағұлов Ж.ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы. Астана. «Фолиант». 2017.-480б.
13.Zinulla Zh. Mutiyev, Marat K. Azhagaliyev, Aigul A. Ramanova, Ganmirkun G. Turganalieva. Poetic and linguistic features of poetry of Zhuban Moldagaliev// Astra Salvensis. -1/2021. – Vol.2021. –P. 105-119. ISSN: 2393-4727E-ISSN:2344-1887. Arts and Humanities: Literature and Literary Theory.
14. Тоқаев Қ.К. Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі// Егемен Қазақстан,02 қыркүйек, 2019.

15. З.Мүтиев, Ж.Мұханбетова. Қоғамдық сананы рухани жаңғырту. Орал, «Шұғыла Принт». 2019.- 420б.

ӘОЖ 17.82.10.

АЛТЫН ОРДА МҰРАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Жантуриева Гульнур Бериковна
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының II курс магистранты,
Орал қаласы
Ғылыми жетекші: *ф.ғ.д., профессор Сабыр*

Аннотация

Кез келген мақал-мәтелдегі идея – сол ұлт өмірінің айнасы. Мұнда халықтың бүкіл өмір тіршілігі, салты мен дәстүрі, құндылықтар жүйесі жинақталған. Бүгінгі таңдағы мақал-мәтелдерді зерттеу аясы жанжақты, негізінен, конгнитивтік бағытқа негізделген. Мақалада Алтын Орда дәуірі кезіндегі мақал-мәтелдердің тақырыптық-идеялық ерекшеліктері және ондағы әлемінің тілдік бейнесі сөз болады. Мақалада Алтын Орда дәуірі кезіндегі мақал-мәтелдердегі әлемнің тілдік бейнесін зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы айтылады. Білім тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер жинақталып, талдау жасалады.

Кілт сөздер: *әлемнің тілдік бейнесі, мақал-мәтелдер, білім, Алтын орда жәдігерлері, құндылықтар*

Тіл – этномәдени құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа жалғастырушы, ұлтты біріктіруші құрал.

Қазіргі тіл білімінде сөз тек лингвистикалық категория ретінде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір халықтың, ұлттың мәдениет көрсеткіші ретінде қарастырылады. Тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі ұлттың әдеби туындыларындағы жеке сөздерден, мақал-мәтелдерден, фразеологиялық бірліктерден айқын көрінеді.

Ғылымда «тілдегі әлем бейнесі ұғымы» жаңа категориялардың біріне жатады және оның зерттелуі әлі көп уақыттық еңбекті қажет етеді. Лингвистикада тілдегі әлем бейнесі және әлемнің тілдегі ұлттық бейнесі сияқты екі түрлі термин қалыптасқан. Г.Д. Гачевтің «Опыт выявления мотивированности» (1975) атты еңбегінде былай дейді: «ұлттық әлем бейнесін анықтау үшін ұлттық өмір бүтіндей қарастырылады: табиғат, оның құбылыстары, тұрмыс, фольклор, поэзияның образдылығы, кеңістік пен уақыттың қарым-қатынасы т.с.с.». Ал осының бәрін, бірінші кезекте, тіл арқылы біле аламыз. Кез келген этностың тілін білу үшін аударма және салыстырма тәсілдері қолданылатыны белгілі [4].

Қазақ ұлтының этномәдени бейнесін оның тілі арқылы, тіліндегі қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерден, фразеологизмдерден, лексикалық бірліктерінен тануға әбден болады. Соның ішінде мақал-мәтелдерге тоқталар болсақ, мақал-мәтелдер әр халықтың

тарихынан, таным-түсінінен, қоғамдық тұрмысынан хабар береді. Қазақ халқының мақал-мәтелдері сонау ықылым заманнан сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған асыл дүние. Құлақтан-құлаққа сіңіп, ауыздан-ауызға жеткен мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің үлгісі, халық шығармашылығының жетістігі. Бүгінгі тіліміздегі мақал-мәтелдер, қанатты, нақыл сөздердің бастау бұлағы ауыз әдебиеті екені анық. Сонымен қатар бұл көркем сөз кестелері бізге ежелгі түркі заманынан келе жатқан жазба ескерткіштер арқылы да жетті.

Қазақ мақал-мәтелдерін ең алғаш қағазға түсірген Ш.Уәлиханов болатын. В.В. Катаринский 1899 жылы жариялаған «Сборник киргизских пословиц» деген кітабында бір жарым мың қазақ мақалдарын кіргізген [2].

Қазақ мақал-мәтелдерін жинауда В.В. Радлов, Ә.Диваевтардың еңбегі зор. Жас ғалым А.Нұрмаханов түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдерді тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеді [2].

Жазба ескерткіштер тіліндегі мақал-мәтелдерді саралап зерттеудің, жинастырудың игі бастамасын бастаған Ә.Құрышжанов болатын. Аға ағалым «...осыдан барып мақал-мәтелдер көбінесе «халық даналығы» деп аталады. Ежелгі түркі тілдерінде «аталар сөзі» деп те аталады, яғни бұл – «атадан мирас болып келе жатқан қазына» деген сөз» - дейді. Осы алтын қазынаның бір көмбесі, асыл арнасы XIY ғасыр жазба ескерткіштерінде жатыр.

Жазба ескерткіштер тілінде кездесетін қай мақал-мәтелді алсақ та, олардың мазмұнында көне қыпшақтар мен қазақ халқының өмірінен мәлімет беретін элементтер кездеседі. Мұрағаттар тілі өте бай, ақыл-нақыл, қанатты сөздерге, мақал-мәтелдерге толы, тақырыптары да сан-алуан. Лексика семантикалық сипаты күрделі.

Білім - қай заманда болмасын адамзат баласының ең басты құндылығы. Әлемнің білімге құштар бейнесі әдеби шығармаларда, тарихи жазба ескерткіштерде көрініс тауып отырған. Халықтың білім алуы, сауат ашуы – болашағын ойлайтын бүкіл мемлекеттің басты мақсаты. Сондықтан да білім тақырыбы барлық әдеби кезеңдердің мұраларынан табылады. XIY ғасыр жазбаларындағы ең келелі мәселе екеніне төменде келтірілген үзділер дәлел бола алады. Бірақ дерек келтірсек:

Илм икки жәхан көрки (Г, 4б3)
Білім – дүниенің көркі.

амалсыз алим балсыз занбурға охшар (Г, 173а9)
еңбегі жоқ ғалым балсыз араға ұқсайды.

Ариф билә олтурмақ жахилгә ерур зиндан
Жахил билә олтурмақ арифгә жәхәннәмдур (ХШ, 119б5)
Наданға ғалыммен бірге отыру – зындан,
Ал ғалымға наданмен бірге отыру – тамұқ.

Ердәм әйәсин хасуу севмәс,
Ватват иегүн ки севмәс нур (Г, 107б5)
Жарқанат нұрды ұнатпағандай
Білімді ерді надан ұнатпас.

Бұл мақалдарда білім әрдайым надандыққа қарама-қарсы қойып нәтижелі ой түйіледі. Өнер-білімді әрдайым жоғары қою, сонау XI ғасырлардағы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінен бастау алады. Мәселен, Жүсіп Хас-Хажиб білім туралы:

Билиглиғки сөзләдим уш бу сөзүм
Билиг сөз тилини билүмәз озум – деп түйіндейді.

Осы жазба ескерткіштерде қаланған ой мәйегі бүгінгі қазақ тілінде үндесе дамып, жалғаса жетілген. Мысалы,

Білекті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

Немесе:

Оқу-білім азығы,

Білім ырыс қазығы.

Бұл мақал-мәтелдер сонау орта ғасырларда қолдаыгылғанмен де, бүгінгі таңдағы білім тақырыбына, әлемдегі білім мәселесіне әбден сай келеді. Қазір де біз білімнің маңызын, мәнін жеткізу үшін оған қарама-қарсы «надандық», «білімсіздік», «сауатсыздық» түсініктерін қатар қойып отырамыз. Бұдан біз білімнің барша адамзатқа ортақ екенін, оның маңызы ұлтқа орай өзгермейтінін, әлемдік біртұтас бейнесін тани аламыз келтірілген мақал-мәтелдер соның айғағы.

Мақал-мәтел – көне жанрлардың бірі. Ежелден бүгінге дейін халықтың даналығын, өмір тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Орхон-Енисей жазбаларынан бастап орта ғасырлардағы түркі халқы даналарының шығармалары мен еңбектеріндегі мақал-мәтелдердің күні бүгінге дейін тілімізде қолданыста жүргені соның айғағы. Бұл мақалдар түркі халықтарының бәріне ортақ. Сонымен бірге түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі құрылымы, мағынасы, сөздік құрамы жағынан ұқсас болып келеді.

Алтын Орда дәуіріне жататын жәдігерлер тіліндегі мақал-мәтелдерде бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған, сол ұлттың әлемдік бейнесін танытатын мақал-мәтелдерді бүгінгі заманауи көзқараста талдау және оның құндылығын дәлелдеу мақсат болып отыр. Себебі Алтын Орда дәуіріне жататын жәдігерлер тіліндегі мақал-мәтелдер - түркі әлімінің, соның ішінде қазақ ұлтының өмір салтынан, тұрмыс-тіршілігінен, рухани-мәдени танымынан хабар беретін асыл қазына.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сабыров М.Б. Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының тіліндегі реликт тұлғалар. Автореферат. -Алматы, 1997. -26 б.
2. Сабыр М.Б., Исина Ж.А. Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты (XIY ғ.). Монография. – Орал: «Ағартушы», 2014 – 188 б.
3. Сабыр М.Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. (XIY ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2004 – 316 б.
4. Сәрсек Н. Қазақ мақал-мәтелдерінің ерекшеліктері және олардың өзге түркі тілдеріндегі мақалдармен ұқсастығы. Мақала. М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2021
5. Даутова С.Б. Алтын Орда дәуіріне жататын әдебиеттердің негізгі мәдени-көркемдік кодтары. Мақала, 2021, №3
6. Қазақ халқының филисофиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түрік ойшылдары. 5-том. Астана: «Айдарма», 2005. – 528 б.

ӘОЖ:398.91.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Құсайынова Ләззат

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының II курс магистранты, Орал қаласы
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор Сабыр М.Б

Аннотация. В статье всесторонне анализируется изучение фразеологизмов в казахском и башкирском языкознании. Анализируются мысли таких ученых как С.Н.Муратов, С.Кенесбаев, З.Г.Ураксин, внесших вклад в становление как науки казахской и башкирской фразеологии. При изучении фразеологии отмечается приоритетность направления лингвоэтнокультурологии.
Ключевые слова: казахский язык, башкирский язык, фразеология, тюркские языки

Қазақ тілі қазынасындағы тұрақты сөз тіркестерді арнайы зерттеуді алғаш қолға алған ғалым І.Кеңесбаев болды. Оның ХХ ғасырдың 40-жылдары жарық көрген “Қазақ тілінің тиянақты сөз таптары” (Докторлық диссертация, Алматы, 1944), “Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары туралы” (Халық мұғалімі. 1946), “К вопросу об экспрессивно - стилистических функциях фразеологизмов” (Тезисы докладов конференции “Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР”. Ашхабад, 1966) сияқты еңбектерінен кейін-ақ, қазақ фразеологиясын зерттеу даңғыл жолға түсті. Фразеологиялық мағынаның қалыптасуы, фразеологизмнің құрам сипаты және компоненттердің байланысу түрлері, фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдердің сөзден және мақал-мәтелдерден айырмашылығы мен оларға ұқсас тұстары, фразеологизмдердің грамматикалық сипаты, бірнеше фразеологизмдердің жасалуына арқау болатын ұйтқы сөздер, фразеологиялық калька сияқты фразеологияның көкейтесті мәселелерін қазақ тіл білімінің күн тәртібіне қойылып, зерделене бастады.

А.Ысқақов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Ә.Т.Қайдаров, Р.Сыздықова тәрізді қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері қазақ фразеологиясының дербес пән болып қалыптасу, даму жолында көптеген мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешуге ат салысты. Фразеология термині белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы деген мағынамен қатар, тіл білімінің фразеологизмдерді зерттейтін саласы деген ұғымда да қолданылады.

І. Кеңесбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі»(1977) қазақ фразеологиясына ғана емес, қазақ тіл біліміне де қосылған елеулі үлес болды. Ғалым аталған сөздіктегі қазақ тілінің фразеологизмдері туралы жазған мақаласында фразеология туралы: «Тіл-тілдің өзіне тән ұлттық қасиеті оның барлық тарауларынан (ярустарынан) байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Тіл байлығын сөз еткенде сөз байлығы (лексикалық қор) деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын лексикология деп атайтын болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін тіл білімі саласын фразеология деп атау әбден орынды», – деп жазады[1, 3 б.].

Қазіргі қазақ фразеологиясы – зерттелер тұсы әлі де көп тіл білімінің бір саласы. Қазіргі қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде танылып отырған фразеология – құрылымы мен құрамы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі жай-күйін және тарихи қалыптасуын зерттейді. Фразеология жеке лингвистикалық пән ретінде ХХ ғасырдың 40 жылдары қалыптасты. Фразеологияның теориялық негізін қалаушылар ретінде француз

ғалымы Ш. Баллиді, Ресей академигі В. В. Виноградовты атауға болады. Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбекте: «Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалу белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркес тиянақтылығы», – деп жазады [2, 23б]. Фразеологизмдерге тән бұл белгілер әркез бір-бірінен айқын ажыратыла бермейді. Сондықтан фразеологизмдерді топтастыру тіл біліміндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ фразеологиясының зерттелуі XX ғасырдың екніші жартысы мен Тәуелсіз Қазақстан тұсында жаңа биікке көтерілді. Г. Смағұлова, С. Сәтенова сияқты ғалымдар тың зерттеулерге жол ашты. Профессор Ө. Айтбаев фразеологизмдердің зерттелу жайы, фразеологиялық бірліктердің қызметі және эмоционалдық-экспрессивтік бояуы, фразеологизмдерді аудару мәселелері, бейнелі сөз тіркестерінің көркем шығармалардағы стильдік қызметі және оларды аударудың кейбір амалдары т.б. да мәселелерге назар аударады.

Соңғы жылдары тұрақты тіркестерді лингво-этномәдениеттану тұрғысынан зерттеулер кең өріс алып келеді. Фразеологизмдердің бойынан ұлт тарихына, төл мәдениетімізге, танымымыз бен талғамымызға, мінезіміз бен санамызға, дәстүр мен даналығымызға сай тұтастықты сақтаған тілдік құбылысты аңғарамыз. Бұлардың барлығы жай таңбалық жүйе емес, ұлт мәдениетінің көрсеткіші. Мұндағы тілдің қызметі этномәдени ақпараттарды сақтап, жеткізуші, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы, бүтін тұтастық болып танылады. Шындық өмірдің мәдени ақпаратын танытатын әрбір лингвомәдени бірлік дүниенің тілдік бейнесін айқындаушы лингвомәдени көрсеткіш ретінде қарастырылады. Олардың мазмұндық құрылымы тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыстылықты айқындайды және таңба мазмұнындағы лингвистикалық, мәдени ақпараттармен танылады. Фразеологизмдерді лингвомәдениеттанымдық бағыттағы зерттеулердің түпкі мақсаты – қазақ тілінің өзіндік жеке мәдени тілін қалыптастыруға, тілі арқылы ұлтын тану дәрежесіне жеткізуге құрылған. Тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі.

Фразеологизмдердің табиғатын тануда Қ.Т. Қайырбаева олардың шығу көздері ретінде 3 себепші факторды атап көрсетеді: «Біріншіден, фразеологизмдердің тууының себебі болып табылатын фразеологиялану процесі. Бұл тәсіл ішкі лингвистикалық заңдылықтарға байланысты жүзеге асатын құбылыс. Фразеологиялану сатысынан өткен еркін сөз тіркестері мен сөйлемдердің құрамындағы сөздердің арасында ішкі фразеологиялық, яғни семантикалық байланыс қалыптасады да, ол байланыс тұтас мағынаның дамып, өзгеріске түсуіне әкеледі. Екіншіден, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер – белгілі бір озық ойлы, сөзге шебер, дана халық өкілдерінің өмірден алған тәжірибесінің немесе нақты бір оқиға, іске қатысты айтылған ой-тұжырымдарының құрылысы, халықтың мәдени-материалдық, әлеуметтік- шаруашылық өмірінің әртүрлі жақтарының, тарихы мен тұрмыс жағдайының, рухы мен психолгиясының синтезі... Үшіншіден, кезінде еркін сөз тіркестері мен сөйлемдердің негізінде туған фразеологизмдер өздерінің тууына негіз болған синтаксистік тіркестер мен сөйлемдерден мүлдем алшақтап кетпейді, олардың арасындағы байланыс олардың фразеологиялық мәнге өтіп кеткен кезінде де байқалып тұрады» [3, 13 б.]

Башқұрт фразеологизмдердің зерттелуі лексикографияның дамуына тығыз байланысты. С.Н.Муратованың «Түркі тілдеріндегі тұрақты тіркестер» монографиясы башқұрт және татар фразеологизмдерін салыстырмалы тұрғыда зерттеген алғашқы ғылыми еңбек[4]. Х.Давлетшинаның «Ырғыз» романының нақты тілдік материалдары негізінде жазылған Х.Г.Юсуповтың «Башқұрт тілі фразеологиясы» еңбегінде көркем мәтіндегі фразеологизмидердің стилистикалық қызметі қарастырылады[5]. Дж.Г.Киекбаев «Башқұрт тілінің лексикасы мен фразеологиясы» кітабында фразеологиялық бірліктерді мағыналық және грамматикалық тұрығдан жіктейді және

олардың негізгі типтерін көрсетеді. Олар: жай фразеологиялық тіркестер, илиомалық тіркестер, мақалдар және қанатты сөздер [6]. Фразеологизмдерді теориялық тұрғыда зерттеуде ерекеше еңбек сіңірген башқұрт ғалымы З.Г.Ураксин болды. Ол өзінің «Башқұрт тілі фразеолгогиясы» атты зерттеуінде фразеологиялық бірліктерге семантикалық, грамматикалық және синтагматикалық жүйелі талдаулар жасады және этмологиялық та сараптаулар жүргізді.. Осы автордың «Орыс-башқұрт фразеологиялық сөздігі» [7], «Башқұрт тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбектерінде башқұрт тілі фразеологизмдері жүйеленді [8].

Башқұрт тілі фразеологизмдер шығу тегі жағынан таза башқұрттық, өте ертеден халық санасына орныққан тұрақты тіркестер және башқұрт фразеологизмдерінің көбі жалпытүркілік қабаттан өрбіген. З.Г.Ураксин өзінің ғылыми зерттеулерінде түркі тілдеріндегі ортақ фразеологизмдерге арнайы тоқталып,талдау жасайды. Еңбекте олар екі топқа бөлініп талданады. 1)Алыс туыстас тілдердегі ортақ фрезеологизмдер тобы; 2)Жақын туыстас тілдердегі оның ішіндегі башқұрт тілі ентін қыпшақ тілдері тобының фразелогизмдері. Алыс туыстас тілдердің қатарында ғалым башқұрт, түркімен, көне түркі және якут тілдеріндегі фразеологизмдеді салыстыра келе олардың дені негізінен соматикалық фразеологиздер екенін айтады. Жақын туыстас тілдердің қатарында башқұрт, татар, қарақалпақ, қазақ, құмық, қарашай-балқар, қырғыз, ноғай тілдерінің фразеологиздерін лексикалық,семантикалық жағынан салыстыра келе бұл тілдердің фразеологиздердегі ортақ белгілер көп кездесетініне қарамастан айырмашылықтар да жоқ емес екенін айтады. Мысалы: «жақын жер» деген мағына башқұрт тілінде *морон төбөнде* түрінде айтылса, қазақ тілінде *иек астында.* Ғалым башқұрт фразелогизмдерінің құрамының тұрақтылығына қарай отырып жіктеу барысында академик В.В.Виноградовтың үлгісіне сүйенеді. Мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасына қатыссыз фразеологиздер. (В.В.Виноградов бойынша фразеологические сращения). Оған мысал ретінде *ауыз колакка етеү* «езуі құлаққа жету», *ауызы көрәк менән тишкән кеүек* «өсекші», *ике күзе дөрт болу* «таңқалу», *лаф ороу, сафсата сатыу* «өсектеу». Мұндай фразеологиздердің қалыптасуы жайлы З.Г.Ураксин былай дейді: «Такие фразеологизмы возникают на основе переноса значения целого словосочетания в результате сложных впечетления и ассосаций, возникающих в сознании носителей языка»[8, с.35]. Екінші түріне З.Г.Ураксин беретін мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасынан алшақтай қоймаған фразеологизмдерді жатқызады. Мұндай фразеологизмдер башқұрт тіліндегі фразеологизмдердің ең көп бөлігін құрайтындығы айтылады.: З.Г.Ураксин өз еңбегінде диалектілік фразеологизмдердің мынадай түрлерін топтастырып көрсетеді. Башқұрт әдеби тілінде эквиваленттері жоқ, әдеби тілге өту мүмкіндігі бар диалектілік фразеологизмдер**:** *Ал ялы, арт койроғо юк* «жалғыз», *акыл тезеү* «ертерек ойлану», *балтаһа һыуға китеү* «жесір қалу», *тау артылыу* «кең тарау», *тояк торғозоу* «мал орнына мал алу», *койроғо төйөрзө болыу* «басы байлаулы, күйеуі бар, әйелі бар», *тупһаға ултыру* «бақытсыз болу», *сүбәк һатысуы* «сыйсыз қонақ» т.б.

Қыпшақ тобындағы халықтардың басынан өткен тарихи жағдайлары, бір кезеңдердегі тарихи байланыстарды, дифференциялану жолдары, басқа халықтармен байланыс, қарым-қатынастары дерлік тіліне, оның ішінде фразеологизмдеріне де әсер етіп, ізін қалдырған. Қыпшақ тобындағы тілдердің орналасу жағдайы олардың тілінің, сөздік қорының, соның ішінде фразеологиясының да дамуына түрліше әсер етіп отыр. Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы тілдердің ішінде татар, башқұрт, қазақ тілдерінің фразеологизмдерін зерттеу мәселесі біршама жақсы жолға қойылған. Аталған тілдердің фразеологиялық теориясы жан-жақты зерттеліп, бүгінде олардың туыстас тілдермен, әсіресе, туыс емес тілдердің фразеологиялық материалдарымен салыстыра, салғастыра зерттеулер де кеңінен орын алған, фразеологиялық қоры сөздікке түсірілген. Ортақтықтар мен айырмашылықтар қыпшақ тобының өз ішінен тармақталған бұтақтарының тілдік белгілерін толық сақтайды. Яғни, қыпшақ тобының әр бұтағындағы тілдер фразеология саласында өзіндік ортақтықтарымен көзге түседі. Атап айтқанда, қыпшақ тобының татар, башқұрт тілдерінің

фразеологизмдерінде ортақ жәйттардың қатар, әр ұлттың өзіне тән этномәдени ерекшеліктер де бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. І.Кеңесбаев. Қазақ тілі фразеологиялық сөздігі, Алматы, «Арыс» баспасы 2007, 800 б.
2. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, Алматы , «Сөздік-Словарь»баспасы,2006.-264 бет.
3. Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Ф.ғ.канд. диссертацияның қолжазбасы,-Алматы,2004.
4. Муратов С.Н. Устойчивые словосочетания в тюркских языках. М. : Изд-во вост. лит., 1961. 127 с.
5. Юсупов Х.Г. Фразеология башкирского языка.Уфа,1963.98с.
6. Киекбаев ДЖ.Г. Лексика и фразеология башкирского языка. Уфа: Башкир. Книж. Изд-во,1966.275с.
7. Ураксин З.Г. Русско-башкирский фразеологический словарь. М.: Рус яз.1989. 404с.
8. Ураксин З.Г. Фразеологический словарь башкирского языка. Уфа: Китап, 2006.344с.

3 СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҢҒЫРУЫ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР

УДК 332.1

МОДЕРНИЗАЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ СОЦИАЛЬНО – ЭКОНОМИЧЕСКИМ РАЗВИТИЕМ РЕГИОНА: АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ.

Кульматов С.Я. - к.ф.н**.** доцент
Западно Казахстанский Инновационно-Технологический Университет. г. Уральск.

Түйіндеме*:Мақалада өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын басқаруды жаңғырту міндеттері қарастырылады. Жұмыстың негізгі мақсаты-бюджетаралық қатынастарды реформалау бағыттарын және аумақтарды басқарудағы өзгерістерді көрсету. Бұдан басқа, материалда осы міндеттердің БҚО үшін ерекше өзектілігі негізделеді.*

Тірек сөз*:жаңғырту, әлеуметтік-экономикалық даму, бюджетаралық қатынастар, экономикалық субъектілер, экономикалық саясат.*

Задача модернизации управления социально экономическим развитием региона является частью общей реформы государственного управления и изменений в политической системе Республики Казахстан. Основным содержанием этого процесса должна быть передача ряда полномочий местным органам управления и повышение их ответственности в обеспечении экономического и социального развития территорий.

Необходимость кардинальных изменений в отношениях центр – местная власть сложилась как итог предыдущего развития, главным направлением которого было усиление централизации. Остановимся на выделении причин, обусловивших эту ситуацию.

Азаттықтың ақ туын күткен түркістандықтар үшін бұл шешім дербес тәуелсіздік алғандай ой қалдырды. Елдің түрлі аудандарындағы осы сипаттағы жағдайлармен таныстырған материалдар қазақтың үні, һәм тілі болып табылатын «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы» мерзімді басылымдарында жарияланып, автономия алуға әзірлік жасала бастады.

Тәуелсіздікке пен еркіндікке ұмтылған Түркістан Автономиясы мен Алаш автономиясын большевиктер қарулы күш қолданып жойды. Түркістан автономиясының басшысы М.Шоқай «Ұзақ уақыт қараңғыда қалған адамның бірден жарыққа шыққан кезінде көзі шағылысып, аша алмай қалатындығы секілді, ұзақ уақыт патшалық Ресейдің отарлық саясатының қараңғылығында жер бауырлап, еңбектеген түркістандықтардың төңкеріс әкелген азаттық жарығына шығысымен көздері шағылысып, алдын көре алмай қалған еді. Шағылысқан көздердің адасулары түркістандықтардың өз қараңғылықтарын одан ары арттыра түсті. Осы себептен құрған үкіметіміз 1-2 айдан ұзаққа бара алмады», - деп түсіндірген еді [3, 210]. Нәтижесінде Түркістан автономиясының басшысы болған М.Шоқай шетелге кетіп бас сауғалауға мәжбүр болды. Қазақ автономиясы мәселесін тұңғыш көтеріп, оны өзі іске асырған Әлихан Бөкейханов «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкіметке» қызмет етуден бас тартты. Осы «оппозициялық» қылығы үшін 1920-1922 жылдары оған «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген жала жабылып қуғындалады. 1922 жылдың күзінде Ә.Бөкейханов Мәскеуге жер аударылады. Қазақ зиялыларының ел үшін егіліп, халқы үшін қаймықпай қарсы тұруының себептерін Түркістан халық комиссарлар кеңесінің мүшесі К.Сорокиннің коммунистік партияның сұрқия саясаты туралы айтқан сөздері аша түседі. «... Мұсылмандардың барын тартып алуда, алып қана қоймай, өзерін өлтіруде. Біздің әскерлер қорғаудың орнына тонап, қанға бөктіруде...Мұны істеп отырған партия емес, зәбір-жапаны жасап жатқан қызыл армия дейтіндер де шығуы мүмкін. Бірақ осының басында партия тұр ғой. Партиядағы жолдастар жағдайды түзеу үшін ешқандай шара қолданар емес... маскүнемдік пен бейбастық белең алған, әлбетте осының бәріне партия кінәлі. Мұсылман пролетариаттары орыстан көмек сұрайды, орыс оған сенбейтінін айтады. Мұсымандарды түртпектеп, құдалап түбіне жетуде. Ақ-қарасын ажыратып жатпай, дүние-мүлкін, қатын-баласын құртып жіберіп жатқан біздің отрядтардан мұсылман кедейлерінің соры қайнауда... Осыншама қорлық-зорлық көре тұра олардың бізге деген достық сезімдерінің болары қандай деңгейде екендігін айтпаса да түсінікті емес пе? Оларды біздің өзіміз ұлтшыл етудеміз» [4, 95].

XX ғасырдың 20–30-шы жылдары – кеңестік кезеңнің алғашқы ширегінде орнаған әкімшіл-әміршіл жүйе тудырған бір жағынан саяси әлімжеттіктің, екінші жағынан қорғансыздықтың көрінісі болатын. Сондай-ақ күштеп отырықшыландыру, байларды зорлық-зомбылықпен тәркілеу белең алды. Оның үстіне «шолақ белсенділер» де адамдарды бір-біріне айдап салып, адал жолдан тайдырды, сүттей ұйыған қауымды әбден аздырды. Шынында да ол – ұлттың дамуына қарсы бағытталған зұлмат жылдар еді. Орта Азияны әкімшілік-аумақтық межелеу, қоныс аудару саясатын жүргізе отырып, өлкедегі туу мен өлім-жетім мәселесін өзгерту және бұл жерде шовинистік бағыттағы славян өкілдерінің өзге ұлттан зор болуын қадағалау большевиктердің негізгі мақсаты болатын. Бұл жұмыстардың басында идеологиялық мүдделерге сай тарих ғылымының тонын теріс айналдыру және өкімет пен үстемдік құрушы славян халқының басымдығын ұғындыру, жергілікті ұлттар санасына сіңдіру мақсатында жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілді. Азамат соғысынан кейін партияның тоталитарлық билеу жүйесіне бағыт алып шыққан Кеңес өкіметі, өзіне қарсыластардың көзін жою шараларын ары қарай жалғастырды. Күннен күнге ол адамзаттық құндылықтар мен заңдылықтарды әкімшіл-әміршіл жүйе негізінде ой-түсінік қалыптастырған негізгі мүдделері тұрғысынан ғана түсінетін қоғамға

айналдыруды көздеді. 1923 жылдың ақпанында бүкіл большевиктердің күн көсемі құпия түрде өкім жобасын жасатып, жақын уақыт ішінде жаппай террор мен репрессияға ұшырайтын, қоғамдық көзқарастары жат бірнеше адамның тізімі жасалып, көзін құртуға шешім қабылдайтын құпия құжатты дайындатты. Аталмыш құжаттың бірнеше тармағында: «көптеген реңктегі ұлтшылдар» деп көрсетіледі. «Кеңес өкіметінің астыртын жауларына» кешірім жасалғандар, бұрынғы мектептің түлектері мен ғалымдары, «негізінен, сол уақытқа дейін олардың нақты саяси көзқарастары қалыптаспаған тұлғаларға жатқызылады» деп көрсетеді әдебиеттерде [5].

Тоталитаризм – әрбір азаматтың, қоғам өмірінің барлық саласы мемлекет тарапынан, толық бақылауға алынған мемлекеттің саяси құрылыс түрі. Тоталитарлық жүйе қандай да болмасын халықтың ұлттық руханиятын қысымға алу, тарих сахнасынан жою, зиялы қауымын қуғын-сүргінге түсіру сияқты қатал саясат ұстанады. Бұл жерде тоталитарлық жүйеге берілген мына анықтамадан халқымыздың басынан өткен зұлмат пен қасірет тарихын да терең тани түсеміз. Кез келген мемлекеттің негізгі мақсаты – ұлттық рухы биік тұлғаларды тудыру мәселелері болғандығы да тарихи дұрыстық. Тұтастай алғанда қоғамға қажетті құндылықтармен сусындаған тұлғалық деңгей дәрежесіне ие болған айналасына мейірімділік пен ізгіліктің шарапатын сыйлаған, адамдық сананың жоғары дәрежесіне жеткен өз заманының тұлғалары ғана туған халқына қызмет ете отырып, ұлтын ұлы мақсаттар жолында маңызды қадам басатын келер ұрпақтың адами қасиеттері жоғары болып жетілуіне өзіндік үлесін қосып, бүгінге жеткізді. Рухани болмысы жоғары тұлғаны қалыптастыру үшін өткен тарих даналығына зер саламыз. Өкінішке орай, кеңестік тоталитарлық жүйе дәуірлеп тұрған өз уақытында, КСРО құрамындағы ұлттардың өзіндік санасын өзінің сан қырлы саясатына дәл келетін тұлғаларды шығаруға барын салды. Рухани сананың ұйқыға кетуінің нәтижесінде неше ұрпақ этникалық өзіндік сана жадынан айрылып, «кеңес өкіметінің балалары» санасымен тәрбиеленді. Оның салдары әлі күнге дейін күнделікті өмірден көрініс беріп те жататындығы мәлім. Жалпы «Сталинизм» деген не? Соған тоқталып өтсек. Біз жүріп өткен жолда өте қатаң саясатымен, қуғын-сүргінімен қан қақсатқан, қазақ халқының зиялы қауымын баудай түсірген өте ауыр тарихи кезең. Сталиндік дәуірді тоталитарлық саясатпен, яғни жалғыз ғана идеологияның үстемдік алуымен байланыстырады. Коммунистік партия идеологиясының негізінде солақай саясатты жүргізген, пікір алуандығына жол бермеген, жол бермек түгілі, өздерінің қолайына жақпайтын сөз иелерін, идеяларды аяусыз басып-жаншыған жүйенің көлеңкелі тұстары өте көп болды. Жалғыз қазақ ұлтына ғана емес, күллі адамзат қауымына сыңаржақ идеологияның соңы неге апарып соғарын көрсетіп берген жүйе болды [6, 110].

Тоталитарлық режимнің күшеюі және пролетариат диктатурасының жүргізген әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, таптық күресті күшейту және жасанды түрде қоздырудың әсерінен өткен ғасырдың аяғында еліміз аумағындағы ахуал кенеттен өзгеріп, қоғамдық өзгеріске ұшырады.

Халықтың әлеуметтік саладағы қабылдаған тың ойлары, капиталистік қоғамдағы қамалдарға жанкештілікпен шабуыл жасау идесологиясы мен практикасы өктемдік пен зорлық-зомбылық әрекеттерін туындатты. Қазақстанның партиялық және кеңестік ұйымдары да Қызыл Армия мен қалаларды азық-түлікпен жабдықтауда дәл осындай жұмыс жүргізді. Халық шаруашылығын соғысқа лайықтап қайта құру, еңбекті ұйымдастырудың әскерилендірілген түрлері, теңдей бөлушілік принципі, бұқара халықты қайыршыландыру – осылардың барлығы большевиктер басқаратын елде Кеңестердің социалистік қоғам орнату эксперименттеріне дайын емес екендіктерін аңғартты. Осылайша ол қоғамды түрлі жікке бөліп, бір-біріне қарсы қою үрдісін орнатты. Халық шаруашылығының негізіне теңдей бөлу принципін алған әскери-коммунистік аждаһа пайда болып, социализм жайлы ұшқары да тұрпайы ұғымдар қалың бұқара халықтың санасын улады. Қазақ даласы сансыз ауыртпалықтар мен құрбандыққа ұшырап жатса да, қазақ халқы жарқын болашаққа деген әрі күдік, әрі үмітпен Ресей пролетариаттарына

сенді. Өз дамуында кенже қалған басқа халықтар сияқты қазақ халқының социалистік қоғамға өтуі уақыты мен мазмұны бойынша, өзінің мәні жағынан социализмге бірте-бірте, жоспарлы, белгілі бір шамада жедел өтуді қамтамасыз етуі тиіс жаңа экономикалық саясатқа ауысуымен сәйкес келді. Алайда большевиктердің «алға озып кеткен Орталық Ресейге жетуі үшін ұлы орыс халқынан басқа халықтарға көмектесу керек» деген ұзақ мерзімді перспективалық бағдарламасы құр қиял ғана болды. Шаруалар, әсіресе қазақ шаруалары өте қиын жағдайға душар болды. Дәстүрлі қалыптасқан өмір салтын түбегейлі өзгерту, күштеп ұжымдастыру, ауыл шаруашылығы өнімін дайындаудың мемлекеттік саясаты аштықтан бұратылып, өлуге шақ тұрған оларды Кеңес өкіметіне ұйымдасқан түрде наразылық білдіруіне итермеледі. Толық емес деректер бойынша елімізде 1929-1932 жылдары 372 рет көтеріліс болған [7, 14]. Ең ірі қақтығыстар Батпаққара, Созақ, Бостандық, Ырғыз, Қазалы, Қызылқұм, Қармақшы, Ақсу, Бөрібай, Сарқант, Абыралы, Шұбартау аудандарында орын алған. Адай округінде жергілікті ұлттардың жаппай наразылық шарасына ұласқан өз жерінен көшу, жаппай халықтық сипатқа айналып, елден үдере көшу, өз жерінде өгейдің күнін кешуге әкеліп, қазақ халқының едәуір бөлігінің аймақ шекарасынан тыс аймақтарға әсіресе, соның ішінде Қытайға, Иранға, Ауғанистан елдеріне кетуіне ұласты.

Қорыта айтқанда, отарлық, тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қайраткерлеріміз жөнінде сақталған мұндай психологиялық ахуалдың өміршеңдігінің басты себебі ұлттық мінез-құлқынан, әдет-ғұрпынан, тілі мен мәдениетінен, болмыс-бітімінен айыруға бағытталған Кеңес өкіметінің қитұрқы идеологиялық саясатының салдарына байланысты екендігі анық. «Планеталық деңгейдегі ақыл-ой апатын» басынан кешірген халқымызға өзінің ұлттық құндылықтары мен мүдделерін «интернационалистік» ұғымдардан ажыратуы үшін, өзінің ұл-қыздарын танып-білуі үшін баршамыздың күш-жігеріміз, ақыл-ой парасатымыз қажет [8, 163].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан, 2017 жыл, 12 сәуір
2. Омарбеков Т., Қойгелдиев М. Тарих тағлымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993.- 207 б.
3. Мақат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті.- Алматы: Өркен, 2001.- 213 б.
4. Омарбеков Т. 20-30 – жылдардағы Қазақстан қасіреті.- Алматы: Санат, 1997.- 320 б.
5. Мақат Д. Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуғын-сүргін тарихы.- Астана: Фолиант, 2006.- 256 б.
6. Шоқай М. Таңдамалы. Бірінші том.- Алматы: Жалын, 1999.- 353 б.
7. Омарбеков Т. Зобалаң.- Алматы: Өркен, 1998.- 220 б.
8. Қамзабекұлы Д. Алаш – темір қазық.- Астана: Фолиант, 2015.- 203 б.

ӘОЖ 811.53

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Көпбаева М.Р. - ф.ғ.д., профессор
Анарбекова Н.Н. -2 курс студенті
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік университеті, Тараз қ.

Түйіндеме. *Мақалада **XXI** ғасырдағы жаңа ақпараттық технология мен жаңартылған білім беру бағдарламасының оқушының тұлға ретінде қалыптасуына ықпалы қарастырылған. Білім берудің негізгі мақсаты- білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануды арттыруда екендігі жан-жақты талданады.*

Тірек сөздер: *технология, ақпараттық, интеллектуал, педагогика, нарықтық, инновация, қоғам, курс, комплекс.*

XXI ғасырдағы жаңа ақпараттық технология баланың тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл-ойын дамытуға, интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін қалыптастыруға септігін тигізеді. Алайда, ғылыми зерттеулер және біздің тәжірибеміз көрсеткендей баланы тұлға ретінде қалыптастыру үшін, қазіргі дидактиканың көкейтесті мәселесі - мектеп пәндерін соның ішінде технология мектеп курсын педагогика ғылымына сай әдістемелік жаңарту,білім беру жүйесін инновацияландыру керек екендігін көрсетіп отыр. Технология пәнін оқытудағы тиімді жолды таңдап алу үшін эканомиканың осы қағидасын сүйгенді жөн көрдік.Әрбір бала мектепке білім алуды мақсат етіп келетіні аян. Бірақ нарықтық қатынас жағдайында оқушының білім алуға деген ынтасының төмендеп кеткені бізді қатты алаңдатады.Ұстаздың алға қойған мақсаттарының бірі оқушы белсенділігін арттыру,олардың іс-әрекеттерін басқару арқылы іздестіру, олардың іс-әрекеттерін басқару арқылы іздестіру ой – таласын туғызу. Негізінен «Сатылай комплексті талдау дегеніміз - оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай жүйелі, комплексті меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарда бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту» [1.161]. Бұл технологияның басты ерекшелігі-оқушы өз бетімен ізденіп, шығармашылықпен жұмыс жасайды,оның сабаққа деген ынтасы,қызығушылығы артады. Жаңаша педагогикалық технология- ғылым жетістігі. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады. Жаңа технологияны күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагог мақсат-мүддесін өз шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруды, мұғалім белсенділігін, шығармашылық ізденісін, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін әділ бағалауы ерекше орын алады. Білім беру –оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі қазіргі кездегі білім берудегі мақсат жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой – толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.Оқушылардың дүниетанымын кеңейту,істеген ісіне тұжырым Мектептерде жаңа технологиялық оқытудың тиімді жолдарын іздестіру жалғасуда. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, сабақта пікір таластырып, өз ойларын ортаға емін – еркін сала отырып, ашық айтуының да маңызы зор. Жаңа технологияларды қолданғанда мектеп оқушысымен жұмыс жасаудың тиімді жақтары:

1. Оқушы оқулықтағы тақырып аясынан тыс ойланады.
2. Өз бетінше ізденген материалдарын сараптап, саралай алады.
3. Публикамен жұмыс жасауды меңгереді, өз ойын айта алады.
4. Шығармашылық ізденіске қызығушылығы артып, санасы дамиды.

Көріп отырғанымыздай жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімді болуына негізгі пәндерді игеріп, сапалы білім алып, сауатты да қабілетті азамат болып шығуына бінінші кезекте әрине ұстаздар жауапты. Олай болса мұғалім үздіксіз білім жетілдіріп, ізденіспен жұмыс жасауы қажет. Қазіргі кезде жаңа ақпараттық

технологияларды пайдалану арқылы адам қоғамының барлық саласына еркін кіріп, байланыстың аймағын кеңейтуде. Мұғалім жан-жақты идеясын байытуда ақпараттық құралдарды қолдану арқылы түрлі инновациялық технологияларды сабақта тиімді пайдаланудың жолдарын табады. Тек өзінің шығармашылық ізденістерін ғана емес, әріптестерінің де жетістіктері мен кемшіліктерін қатар алып, аналитикалық талдаулар жасайды.

«Инновациялық технологияларды нәтижелі қолдану мектеп мұғалімін нақты пікір қорытып, ойлау көкжиектерін кеңейтіп, ой еркіндігіне жол ашуына мүмкіндік береді. Қазіргі заман мұғалімдерімен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педогогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси эканомикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға» [2.88]ретінде ұлағатты саналатынын ескеруіміз керек.Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.Ақпараттық мәдениет бұл әңгімелесе білу, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігіңді шектей білу. XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзаттқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеру тиіс.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытына сай жастар саясатын, ұрпақ тәрбиесін жақсарту, дамыту, болашағын аңықтау мақсатында игі жұмыстар атқарылуда. Басты мақсат білімді ұрпақ тәрбиелеу. Әрине, білім берудің негізгі мақсаты- білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етуде. Ия, заман талабы – мұғалімдік мамандықтың кәсіби құзыреттілігін, іскерлігін қалыптастыру. Ол үшін білім беру жүйесін Елбасы қойып отырған талапқа сай инновацияландыру қажет. Білім беруді инновацияландыруға қалай қол жеткізуге болады? Ол үшін педагогикалық технологиялардың теориясын меңгеріп, практикада қолданудың жолдарын білу керек.

Мемлекеттік білім беру үрдісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін еңгізу және оқытудың әдіс- тәсілдері мен әр түрлі құралдардың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі - шығармашылық ізденіс. Мұғалім өз шығармашылығы және сыни тұрғыда ойлау арқылы оқушы шығармашылығын ұйымдастырады. Сыни тұрғыда ойлай алатын мұғалім оқушыны да дамыта алады. Ал міндет - оқушыға оқу үрдісін ұйымдастыру барысында шығармашылықтың маңызын білдіру, баланың басқаға ұқсамайтын өзіндік қабілетін ашу. Біздің елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында айтып кеткендей болашақ ұстаздар білімді де білікті болу керек. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін мұғалім жан-жақты, жаңартылған білім мазмұнына сай, ой-өрісі дамыған, көзқарасы ашық болу тиіс. «Елдің болашағы жақсы болсын десең, ұстаздардың жағдайын жаса» - демекші Елбасымыз сол қауымға барлық мүмкіндіктерді беріп отыр. Ал олай болатын болса, қазіргі мұғалімге жаңа ақпаратты алу үшін еш кедергі кездеспейді, өйткені оған үш жоқтан ақпарат алуға мүмкіндік бар. Бірінші: Теледидар арқылы. Екінші: Радио арқылы. Үшінші: Ғаламтор мен баспасөздер арқылы. Теледидар арқылы мұғалім көптеген ақпарат пен хабарлар алып отыратын болса, ғаламтор арқылы ұстаздар арасында басқа да мұғалімдермен іс - тәжірибе алмасу жұмыстары жүріп жатады. Білім беру үшін тек оқулық қана емес, ғаламтор аясынан көптеген мәліметтер жинақтап, әр сабағына қолдана білген жөн. Сабақтың мақсатына жету үшін бар ынта-ықыласымен жұмыс жасау керек. Сол мақсатта

педагогтардың білім жетілдіру институттарына барып отыруы қажеттігі туады. Жаңа технологияларды өз сабақтарына пайдалана білуі, оның тиімділігіне көз жеткізуі қажет. Озық педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану арқылы мұғалімдік бейнесін анықтап алса ғана мақсатқа жете алады. Нәтижелі сабаққа қол жеткізудің бір жолы – іс-әрекетті дұрыс жоспарлау. Ал шебер ұстаз әр сабағын ұқыпты даярлап, оны көрнекі құралды пайдалану арқылы тартымды, әсерлі етіп өткізетіні баршаға аян. Оның түрі, көлемі сабақтың мазмұнына тақырыбына, мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Ғылым мен техника күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда.Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім беру мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Жаңартылған білім беру бағдарламасы озық технологиялардың барлық қыр-сырын білуге жетелейді. Осыған байланысты ұстаздар қауымы оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды еңгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Осы тұрғыдан әр пән мұғалімдерінің оқыту әдстерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану мүмкіндігі берілген. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру - мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты.

Осы орайда атап кетсек, отандық әдіскер ғалымдар жасап ұсынған «Модульдік оқыту технологиясы» авторы М. Жанпейісов, «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы» Ж. Қараев, «Сатылай кешенді талдау технологиясы» Н.Оразақынованың тәжірибелі жұмыстары мұғалімдердің қызығушылығы мен белсенділіктерін арттыруда.

Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы оқушылардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктеріне, қызығушылығына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім деңгейіне жетуіне жетелейді.

Заман өзгерген сайын білім жүйесіндегі педагогтердің ортаға салып жүрген тәжірибелерінің аясында бірнеше тиімді және белсенді әдістердің көп екендігі баршамызға мәлім. Көбінесе оларды сабақта, яғни оқу мен оқыту үрдісінде қолданамыз. Әр әдіс оқушыны белгілі бір мақсатқа жетуге жетелейді. Белсенді және тиімді әдістердің сабақ барысында маңызды рөл атқаратының ерекше ескергіміз келеді. Ендігі кезекте бірнеше белсенді әдістерге тоқтала кетсек, «Комплименттер бұрқасыны» әдеби-шығармашылық көркем туындыларды қарастырған және талдау кезінде, оқылымнан кейінгі тапсырмада автор бейнесін, кейіпкерлер бейнесін ашуда, талдауда осы әдіс өзіндік зор ықпалын тигізеді. «Белгісіз сурет» әдісі де көкейкестілігімен ерекше екендігін айтқым келеді. Шығарманың сюжеттік желісі бойынша бір-бір суреттен салу берілсе, оны сабақ барысында оны сөйлету арқылы оқыған мәліметтің жемісін ортаға салуда, қалыптастырып, дамытуға жеңілдік сыйлайтын әдіс екендігін белгілеп қойған жөн.

«Шын, жалған» - бұл әдіс оқылым дағдысынан кейін, мазмұнды , ойды оқушы жадында сақтап қалуға, бекітуге септігін тигізеді. Осы ретпен «Артығын тап» әдісінде айтып кетуге болады. Оқылған ақпарат ішінен артығын тауып алу арқылы есте сақтау қабілеттерін жаттықтырады. Осы мазмұндағы ерекше әдістің тағы бір түрі - «Серпілген сұрақ». Доп лақтыру арқылы сұрақ қою, егер де допты қағып алған бала сұрақтың жауабын білмесе, жылдамдықпен басқа балаға допты лақтырып, сұрақты жылжытуға болады. «Он сұрақ», «Екі жақты күнделік», «Айналмалы бекет», «Стоп кадр», «Тақырыптық тенис», «Балық қанқасы» т.б. Айта берсек, санына жете алмаймыз. Себебі, қазіргі жаңа инновациялық әдістердің қоймасы кеңейіп тұрған кезең.

Міне, осындай әдістерді тізбектей беруге болады. Ең бастысы - олардың саны емес, берер нәтижесі, қолдану мақсаты, пайдалану жолы.

Осы орайда айта кетерлік жайт, бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтті. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерилердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау.

Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу - ұстаздың қолында. Ия, қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады.

Ұстаздардың инновациялық технологияларды ұтымды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде инновациялық технологияларды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар инновациялық технологияларды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша қажетті материалдармен танысып, кестелер және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Жаңашыл ақпараттық құралдар арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер, дыбыс пен музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, ұлт ұстазы А.Байтұрсынов айтқандай «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек.Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» [3.71] XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше, бізге ой - өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Әрине, жаңа ғасырдағы Қазақстан елінің үміт артар ұрпағын білімді, мәдениетті, интеллектуалды азамат етіп шығару мұғалімдер алдындағы міндет болып табылады. Сондықтан қазіргі білім берудің ұлттық моделіне өту - оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс - тәсілдерін игеруді қажет етеді. Жаңа инновациялық іс - әрекетпен қаруланған психологиялық -педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл оқытушы ғана мақсатқа жете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті.-Өскемен:«Медиа-Альянс», 2004.-258б.
2. Оразахынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. (монография). –Алматы: «Фолиант», 2007. –287 б.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы.-4-т. Алматы: Алаш, 2006-320 б.

УДК 004.33.07

БИБЛИОТЕЧНЫЕ ФОНДЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Бегилова Г.С. – оқытушы,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,

Орал қ.

Түйіндеме: *Қазақстан Республикасы кітапханаларының кітапханалық қорлары – ұлттық байлық, үлкен материалдық және рухани құндылыққа ие, халықтың мәдени деңгейінің ең маңызды көрсеткіші. Кітапхана қоры жалпы қоғамның да, оның жекелеген мүшелерінің де ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырудың ғаламдық көзі болып табылады.*

Түйін сөздер: *қалыптастыру технологиялары, әлеуметтік маңызды ақпарат, ақпараттық мүмкіндіктер, оқырмандарға қызмет көрсету.*

Фонд-основа библиотеки, без него нет библиотек, и не может быть. Представления о библиотечном фонде как о системе, теория его формирования реализуются в практической работе библиотекаря по созданию и развитию фонда. Эта работа иначе называется технологией формирования библиотечного фонда.Технология формирования библиотечных фондов требует от библиотекаря точного знания задач, стоящих в данное время перед библиотекой, а также постоянного изучения контингента пользователей, их потребностей, интересов, литературных вкусов, установок, стимулов, мотивов обращения к документам[1,2]. Залог успеха состоит в умении определить, предвосхитить будущее информационные запросы, что делает технология формирования библио-течных фондов не только наукой, но и искусством.

Технология формирования и использование библиотечного фонда в определяющей мере зависит от того, насколько он изучен библиотекарем, а о результативности этого процесса можно судить по результатам соответ-ствующих положений, некоторые из которых и предстоит рассмотреть в данной работе. В дипломной работе использованы источники таких авторов как Ю.В.Григорьев, В.И.Терешин, Ю. Н. Столяров, С. В. Митрофанова и др. [3]

Состояние и степень изученности проблемы таковы, что в настоящее время накоплен определённый массив работ по данной проблематике, это работа учётности в области философии, психологии, педагогики, этики, библиотековедения

Научная значимость статьи состоит в том, что в ней содержатся конкретные и научно-обоснованные рекомендации, реализация, которых может содействовать повышению эффективности, технологии формирования библиотечного фонда.

Приступая к технологии формирования библиотечного фонда , надо проанализировать внутри библиотечную и внешнюю ситуацию и работа должна быть построена таким образом, чтобы своевременно и полноценно удовлетворять информационные запросы при наименьшей затрате времени как библиотекаря, так и пользователя, при наименьших финансовых затратах [4]. Особенности технологии формирования библиотечного фонда в каждой библиотеки, связано числом абонементов, интенсивностью использования фонда и его организацией, величиной и структурой, типом и видом приобретаемых документов и другими обстоятельствами. Началом формирования библиотечного фонда является процесс комплектования - создание и постоянное обновление библиотечного фонда документами, отвечающими задачам библиотеки и интересам абонементов.

Документ - социально значимая информация, зафиксированная на любом материальном носителе в целях хранения, распространения и использования [5,6,7]. Одной из основных проблем формирования любого фонда, кроме архивного является отбор. В процессе отбора библиотекари решают главные проблемы: что собирать и насколько должен быть широк круг собираемых источников. Во внимание принимается популярность темы. Формируя фонды библиотека должна руководствоваться содержанием документа а не формой носителя, они должны соответствовать концепции построения фондов библиотеки, разумно дополнять книжные коллекции по широкому кругу тем.

Позиция библиотекарей всех стран по отношению к технологии формирования библиотечного фонда сводится к следующему. Библиотека должна хранить все виды

печатных изданий, добавляя к ним электронные издания и ресурсы интернета. Ни одно средство или набор источников не может удолетворить все запросы пользователей, которые нуждаются в современной комплексной информации для получения образования, решения деловых и житейских проблем[8,9]. При правильном соблюдении технологии формирования библиотеч-ного фонда библиотеки представляют огромное пространство для развития различных направлений библиотечной деятельности и больше шансов на возрастание роли библиотек в современном обществе.

Это также означает, что библиотекари должны постоянно повышать свою квалификацию для решения того, какие средства являются лучшими для определения местонахождение необходимого ресурса и как научить клиентов пользоваться каждой из систем, доступных в библиотеке[10]. В заключении подводятся итоги проведенного исследования и намечаются пути совершенствования технология формирования библиотечного фонда.

В фонде библиотеки находится вся та информация, за которой читатель приходит сюда. Да и само определение «читатель» понимается как пользователь библиотеки, который получает информацию, читая книги, журналы, просматривая видеозаписи, прослушивая информацию с магнитной ленты и то есть используя библиотечный фонд [11]. Воздействие на библиотечный фонд велико и многообразно. Он является источником научной, производственной, художественной, бытовой и иной информации, плодом труда лучших представителей литературы, науки, культуры. В фонде заложены информационные возможности для общего и профессионального образования, формирования всесторонне гармонически развитой личности, трудового, нравственного, эстетического воспитания, развития научных исследований и совершенствования производства. Наконец, фонд собирает документы для отдыха читателей, для организации умного интересного досуга, развлечения. Такие возможности делают библиотечный фонд важной информационной базой не только для библиотеки, но и для других образовательных и воспитательных уч-реждений[12]. Разумеется, нельзя связывать значимость библиотеки лишь с ее фондом. Главным организатором фонда является библиотекарь. От него зависит, какая литература и документация будет в фонде, как она будет в нем размещена и отражена в справочно-поисковом аппарате. Именно библиотекарь привлекает пользователей, читателей к формированию фонда, определению его тематики, состава: без их участия в этом процессе создать оптимальный фонд нельзя. По существу, библиотекарь с помощью читателей закладывает в фонд те возможности, которые затем активно проявляются в работе библиотеки. И более того: библиотекарь как организатор спроса приводит фонд в движение, в действие как документная система, созданная для обслуживания читателей, преобладал так называемый накопительский, «книгохранилищный» уклон. Считалось, что основное назначение фонда библиотеки – сохранение произведений печати, а не организация широкого их использования. Против такого понимания функций библиотеки выступили многие библиотековеды мира. Да, библиотеки хранят литературу. Но цель их – ее широкое использование. Именно этому подчинена деятельность современных библиотек по формированию их фондов. Хранение и использование библиотечные фонды – не противоречащие друг другу, а взаимозависящие процессы. Хранение обеспечивает постоянное наличие в фонде нужных документов, а потому позволяет библиотеке полно удовлетворять запросы своих пользователей. Хранение создает высокую степень надежности фонда, оно не самоцель, а средство безотказного обслуживания читателей. [13]

Литература

1. Алексею Бекетову признательная Харьковская Общественная Библиотека / Правление Харьков. обществ. б-ки. – Харьков, 1899. – 1 с.

2. Амлинский Л. З. Библиотековедческие основы функциональной организации зданий научных библиотек как фактор совершенствования обслуживания читателей : автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – М., 1988. –
32 с.
3. Амлинский Л. З. Библиотековедческие проблемы композиционно-планировочных решений зданий крупных библиотек // Науч. и техн. б-ки СССР. – 1983. No 1. – С. 3–11.
4. Амлинский Л. З. Взаимосвязь НОТ и библиотечных технологий как факторов планировки зданий научных библиотек // Совершенствование организации труда в библиотеках в условиях ускорения научно-технического прогресса : тез. докл. и сообщ. Четвертой всесоюз. науч.-практ. конф. по НОТ (Вильнюс,
окт. 1986 г.). – М., 1986. – С. 42–44.
5. Амлинский Л. З. Проектирование зданий и техническое оснащение библиотек как библиотековедческая проблема // Науч. и техн. б-ки СССР. – 1983. – No 11. –С. 19–24.
6. Борисова Е. А. Архитектура и город // Русская художественная культура второй половины XIX века.Социально-эстетические проблемы. Духовная среда. –М. : Наука,1988. – С. 274–322.
7. Гос. архив Ростов. области. Ф. 55. Оп. 1. Д. 1451. Л. 74.
8. Гос. архив города Киева. Ф. 163. Оп. 41. Д. 6194.
9. Гушул Ю. В., Коженкин И. А., Лаврова К. Б. Современная библиотека как проектируемое социокультурное пространство (постановка проблемы) // Вестн.Челяб. гос. акад. культуры и искусств. – 2013. – No 1. –С. 80–86.
10. Дуван С. Э. Из выступления 25 февраля 1911 г.в Евпаторийской городской Думе ее гласного // Знакомимся с родным городом. Евпатория : учеб.-нагляд.стенд Евпатор. Отдния Крым. фак-та им. В. Даля Восточноукраин. нац. ун-та «Перекресток цивилиза-
ций». – Евпатория, 2010. – 24 марта. – URL: www.evp.snu.edu.ua/1/znakomimsya-evpatoriya-03-2010.html*(дата обращения: 27.06.2013).
11. Дудукина Д. А. А. Н. Бекетов (1862–1941). Творческая деятельность и вклад в развитие архитектуры юга России и Украины конца XIX – первой трети XX веков : дис. ... канд.архитектуры. – М., 2008. –190 с.
12. Киричек М. С. Строительство здания для библиотеки и музея // Центральная городская публичная библиотека имени А. П. Чехова. – Таганрог, 2010. – URL
13. Лаврова К. Б. Первые библиотечные здания в Сибири и на Дальнем Востоке (конец XVIII в. – 1917 г.) //Книжная культура Сибири и Дальнего Востока : материалы регион. науч. конф. «Книжное дело Сибири и Дальнего Востока» (Улан-Удэ, 28–29 нояб. 1995 г.). –Улан-Удэ, 1996. – С. 36–38.

ӘОЖ 796.926

ШАҢҒЫ СПОРТЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ

Балхатов А.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті “Дене шынықтыру және спорт” мамандығының 2 курс магистранты, Орал қ.

Резюме. *В статье автор описал гармонизацию всех аспектов физической, умственной, спортивной и технической оптимальной подготовки спортсмена, разделив тренировочный процесс подростков и молодежи, занимающихся лыжными гонками, подробно оформив тренировочный процесс спортсмена на каждом этапе. При этом главная цель – не только нацелиться на достижения юных лыжников на данном этапе,*

но и заложить фундамент для будущих достижений во взрослом возрасте.

Ключевые слова: *тренировочный процесс, спортивная форма, оптимальная готовность, физическая подготовка, техническая подготовка.*

Шаңғышының спорттық даярлығы дегеніміз жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған педагогикалық процесс. Жоғары нәтижелерге қол жеткізу ұзақ процесс болып табылады, шаңғы спорты бойынша жаңадан бастаған спортшыдан спорт шеберіне дейінгі жол 6 жылдан 8 жылға дейін мақсатты және жүйелі жұмысты қажет етеді. Шаңғы спортында спортшылар 21-22 жастан бастап жоғары нәтижелер көрсете бастайды, ең жоғары жетістіктер, әдетте кейінірек 25-27 жаста келеді.

Шаңғы спорты бойынша дайындық жүйесінің мақсаты жас кезеңіне сай даму серпіні мен спорттық шеберліктің қалыптасуына сәйкес жоғары нәтижелерге қол жеткізу болып табылады. Ұзақ уақыт дайындық процесінде спортшының бүкіл қызметі шаңғы спорты бойынша ең жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталады. Бұл шаңғы спортындағы дайындық және шаңғымен басқа да сабақ түрлері арасындағы басты айырмашылық.

Ұзақ уақыттық және жүйелі дайындық барысында жалпы және жекелеген міндеттер шешіледі. Жалпы міндеттер:

1. жоғары адами қасиеттер мен ерік-жігерді тәрбиелеу, патриоттық тәрбие беру;
2. жоғары деңгейлі денсаулық пен дене қабілетін қамтамасыз ету;
3. шаңғымен қозғалудың барлық әдістерінің техникасын меңгеру;
4. шаңғы жарыстарының тактикаларын үйрену және меңгеру, дене қасиеттері дамуының жоғары деңгейіне жету;
5. шаңғы спортының теориясы мен әдістемесін оқып үйрену, теория, гигиена, өзін-өзі бақылау, спорт әрекетіндегі психология саласындағы білімдерді алу.

Осы аталған міндеттердің барлығы өз кезегінде жекелеген міндеттерге бөлінеді. Жалпы және жекелеген міндеттер спортшының жасына, дайындық деңгейіне, жеке ерекшеліктеріне және басқа да факторларға байланысты бір мезгілде немесе кезегімен шешіледі.

Шаңғышы жарысушының мәредегі жағдайы кейде жарыстардың соңғы нәтижесіне шешуші әсер етеді. Тіпті жоғары дайындық деңгейінің өзінде жарыс алдындағы эмоционалдық кернеу ұзақ дайындық процесін жоққа шығаруы мүмкін. Жарыс алдында спортшылар түрлі эмоционалдық күйде болатыны белгілі. Мұндай күйдің үш түрін бөліп көрсетуге болады:

1. Тастүйін дайындық. Бұл шаңғышының жарыс жолындағы күреске белсенді ұмтылысымен, өз күшіне сенімділігімен, жинақылығымен, алдағы жарыстың мақсат, міндеттерін айқын сезінуімен сипатталады.
2. Жарыс алдындағы қобалжу. Жарыс алдында артық қобалжу, назарының шашыраңқылығы, шамадан тыс қозғалақтау, қозу, тұрақсыз көңіл-күй, өз әрекеттерін бақылаудың бұзылуы.
3. Жарыс алдындағы қайғыру. Бұл күйде шаңғышы құлшыныссыз, жарысқа, оның нәтижесіне немқұрайлы қарайды. Жарыс жолына шығып жарысуға деген көңіл күйі мен құлшынысы жоқ.

Дәл жарыс күнгі және мәре орнындағы қоршаған жағдай мәре алдындағы жағдайға әсер етеді. Жарыс алдындағы қобалжу және жарыс алдындағы қайғыру күйлері организмнің функционалдық күйі мен жұмыс қабілеттілігіне, сондай-ақ жарыстың түпкі нәтижесіне кері әсер етеді. Шаңғышының көпжылдық дайындығы барысында тәрбие процесін дұрыс қоя білу арқылы жарыс алдындағы күйдің кері әсерін төмендетуге немесе оның алдын алуға болады. Бұған сонымен қатар жаттықтырушының жарыс алдында өзін-өзі ұстауы да әсер етеді. Жаттықтырушының жарыс алдындағы жайлы, сенімді әрекеті және оның жоғары нәтижеге сенімді болуы шәкірттерінің эмоционалдық жағдайына дұрыс әсер етеді.

Шаңғышының дене дайындығы негізгі қозғалыс қасиеттерінің, яғни төзімділік, күш, жылдамдық, ептілік және иілгіштіктің дамуына бағытталған. Сондай-ақ дене дайындығы дене мүшелері мен жүйелерінің, денсаулық жағдайының жақсы болуымен тығыз байланысты. Дене дайындығы жалпы және арнайы деп бөлінеді. Жалпы дене дайындығының негізгі мақсаты шаңғышының жоғары жұмыс қабілеттілігіне жетуі, жан-жақты дамуы, денсаулығын жақсарту. Жалпы дене дайындығында физикалық қасиеттері дамуының жоғары деңгейіне жету үшін әртүрлі физикалық жаттығулар қолданылады. Осы мақсатта түрлі спорт түрлерінен жаттығулар (велосипед, қайық есу, жүзу, жүгіру, спорттық және қозғалысты ойындар) қолданылады. Бұдан басқа, негізгі бұлшық ет топтарының күш, иілгіштік, тепе-теңдік және босаңсыту қабілеттерін дамыту үшін спорттық снарядтармен және салмақсыз әр түрлі жаттығулар кеңінен қолданылады.

Жалпы дене дайындығын мөлшерлеу спортшының жасына, жылдық циклдағы дайындық кезеңіне байланысты. Жаттығудың бастапқы кезеңінде ЖДД (жалпы дене дайындығы) құралдарын және оларды пайдалану әдісін дұрыс таңдау, физикалық қасиеттерді дамытатын – шаңғымен қозғалу жаттығуына дұрыс ауыстыра білу үшін өте маңызды. ЖДД шаңғышының физикалық қабілеттері мен функционалдық мүмкіндіктерін одан әрі жетілдіру үшін негіз болып табылады.

Арнайы дене дайындығы (АДД) - арнайы қозғалыс қасиеттері мен дағдыларын дамытуға, организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға, мүшелер мен жүйелерді шаңғы спортына қатысты нығайтуға бағытталған.

АДД-ның негізгі құралдары шаңғымен қозғалу және арнайы дайындалған жаттығулар болып табылады. Оларға имитациялық жаттығулар мен тренажерлардағы жаттығулар (роликті шаңғымен қозғалу) жатады.

Бұл жаттығуларды қарсыз маусымда орындау кезінде шаңғымен қозғалуға тікелей қатысатын бұлшық ет топтары күшейеді және шаңғы қозғалысы техникасының элементтері жетілдіріледі. Бұл жаттығулар шаңғымен қозғалуға ұқсас болғандықтан, дене қасиеттері мен қозғалыс дағдыларының шаңғымен қозғалуға ауысқан кезде оң әсері болатыны байқалады.

Жыл сайынғы оқу циклының басында уақыттың көп бөлігі ЖДД-на арналды. Қысқы кезең жақындаған сайын жаттығулардың арақатынасы АДД пайдасына қарай өзгереді. ЖДД және АДД құралдарының арақатынасына және олардың жылдық жаттығу циклындағы өзгеру динамикасына шаңғышының біліктілігі, жасы, жеке даму ерекшеліктері, физикалық қасиеттері, мүшелер мен жүйелердің функционалдық мүмкіндіктері әсер етеді. Шаңғышының жасы мен біліктілігі өскен сайын ЖДД жаттығуларының көлемі біртіндеп азайып, тиісінше АДД жаттығуларының көлемі артады. Жалпы алғанда ЖДД мен АДД жаттығуларының арақатынасы әрбір шаңғышы үшін жеке болып табылады. Мұның бәрі жас шаңғышы-жарысушылардың жекелеген бұлшық ет топтарының, дене мүшелері мен жүйелерінің даму деңгейіне байланысты.

Шаңғышы жарысушының техникалық дайындығы - шаңғымен қозғалу әдістерінің техникасын мақсатты түрде зерделеу және жетілдіру процесі. Шаңғымен қозғалудың заманауи техникасын игеру шаңғы спортының таңдалған түрі бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Техникалық дайындықты жалпы және арнайы техникалық дайындық деп бөледі. Жалпы техникалық дайындық барысында шаңғышы өміріне және спорттық іс-әрекетке қажетті дағдылар мен қабілеттерді меңгереді, дене жаттығулары техникасының негіздері саласында теориялық білім алады. Шаңғышы неғұрлым көбірек қозғалыс дағдыларының қорына ие болса, соғұрлым ол шаңғымен қозғалудың заманауи техникасын тезірек меңгереді. Бұған техника элементтерін меңгеруге бағытталған әртүрлі жалпы даму және арнайы жаттығулардың кең спектрін қолдану арқылы қол жеткізіледі. Сондай-ақ тепе-теңдікті сақтауға, вестибулярлық аппаратқа әсер ететін жаттығуларға да ерекше көңіл бөлу қажет.

Арнайы тактикалық дайындық процесінде спортшы шаңғы спортының таңдаған түрінің техникасын меңгереді: шаңғымен қозғалу әдістерінің биомеханикалық заңдылықтарын зерделейді, қозғалыс дағдыларын меңгереді және ол қозғалыс дағдыларын жоғары жетілген дәрежеге дейін жеткізеді.

Теориялық дайындық шаңғышыны дайындаудың барлық жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және оқу-жаттығу процесі кезінде жүзеге асырылады. Ол дәрістер, әңгімелесу және теориялық сабақтар түрінде өткізіледі. Сонымен қатар, теориялық білімнің бір бөлігі шаңғышыларға жаттығу кезінде беріледі.

Теориялық дайындық мынадай мәселелерден тұрады: спортшыларды патриоттық тәрбиелеу, адамгершілік-ерік жігер қасиеттерін тәрбиелеу, оқыту мен жаттықтыру әдістері, шаңғы спортының таңдаған түрінің техникасы мен тактикасы, шаңғы спортының гигиенасы, медициналық бақылау және өзін-өзі бақылау, спортшының режимі, массаж, жарақаттанудың алдын алу және т.б. Таңдалған спорттың теориясын оқып үйренуге ерекше мән беріледі. Шаңғышылар жарыс ережелерін жақсы біліп, жаттығу күнделігін жүргізе білуі, сабақтарды талдауы қажет. Теориялық білім алу үшін оқушыларды әдебиеттерді өз бетінше оқуға үйрету өте маңызды. Теориядан алған барлық білімдер жас шаңғышылар үшін болашақта ең жоғары нәтижелерге жету үшін пайдалы болады.

Тактикалық дайындық. Спортшының тактикасы дегеніміз – қарсыластармен жарысты жүргізу өнері. Жарыстардағы жеңіс немесе жоғары нәтижеге жету көп жағдайда шаңғышының тактикалық шеберлігіне байланысты болады. Спортшы қарсыластан озу үшін өзінің техникалық мүмкіндіктерін, физиклық дайындығын, ерік-жігерін, барлық білімі мен тәжірибесін жақсырақ қолдана алуы. Шаңғышының тактикалық дайындығы бір-бірімен байланысты екі бөліктен - жалпы және арнайы дайындықтан тұрады.

Жалпы тактикалық дайындық – шаңғы спортының әртүрлі түрлерінің тактикасы бойынша теориялық білімдерді меңгеру. Тактика бойынша білімдерді шаңғышы арнайы сабақтарда, дәрістерде, әңгімелесу, күшті шаңғышылардың қатысуымен өтетін жарыстарды бақылау, өз бетімен әдебиеттерді оқу барысында алады. Бұдан бөлек оқу-жаттығу процестері мен жарыстар барысында білім мен тәжірибе жинақталады.

Арнайы тактикалық дайындық – шаңғы жарыстарында жер бедері мен қармен сырғанау ерекшеліктеріне сай шаңғымен жүру әдістерін қолдану, қашықтық бойына өз күшін дұрыс бөле білу, ауа-райына байланысты шаңғыны майлау нұсқаларын таңдай білу тактикаларын практикалық меңгеру.

Қорытындылай келгенде шаңғы спортындағы дайындық жүйесі спортшы мен жаттықтырушының көпжылдық ұзақ та қажырлы еңбегінен тұрады. Шаңғы спортында ең жоғары жетістіктерге жету үшін спортшының ұзақ жылдар бойы осы спортты тастамай айналысуы қажет. Ол үшін спортшының ең жоғары жетістіктерге жетуіне мотивация беріп, оның ерік-жігерін тәрбиелеу өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Антонова О.Н., Кузнецов В.С. Медодики специальной подготовки лыжников-гонщиков, Москва, 1999;
2. Абатуров Р.А. Соотношение тренировочных нагрузок различной интенсивности у лыжников-гонщиков в подготовительном периоде, Автореферат дисс. к.п.н., Москва, 1989;
3. Бутин И.М. Лыжный спорт, Учебное пособие, Москва, Владос-Пресс, 2003;
4. Богданов Г.П. Специальная физическая подготовка лыжников-гонщиков младших разрядов, Учебное пособие для тренеров, Москва, Просвещение, 1985.

ӘОЖ 02:001

КІТАПХАНА САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бегилова Г.С. – оқытушы,
Сансызбаева А.А. – «Кітапхана ісі» ББББ 1 курс студенті
Батыс Қазақстан инновациялық-технолгиялық университеті, Орал қ.

Резюме: *В данной статье представлена информация о развитии и становлении информационных технологий в библиотечной сфере. Кроме того, имеются данные об эффективности инноваций и инновационных технологий, применении в библиотечной сфере.*

Ключевые слова: *библиотечное дело, новаторство, инновация, информационные технологии*

Қоғамның қазіргі дамуын сипаттайтын түбегейлі саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер ақпараттың маңыздылығын және кітапханалардың адамзат жинаған білімге қол жеткізудің ең демократиялық көзі ретіндегі мәртебесін арттырды. Пайдаланушылардың кітапхана қызметінің сапасына, ақпаратты өңдеу және ұсыну процестеріне қоятын талаптарының өзгеруі кітапханаларды жаңа әлеуметтік және ақпараттық технологияларды игеру, ақпаратқа қол жеткізу мен түрлендірудің заманауи құралдарын пайдалану, қорытынды өнімдердің жаңа түрлерін жасау қажеттілігіне алып келеді. Кітапхана ісінің мамандарына кітапханаларды дамытудың инновациялық жолы, олардың өмірінің барлық жақтарын жаңарту, оларға жүктелген әлеуметтік миссияның орындалуын қамтамасыз ететіндігі айқын болады. Инновацияны жүзеге асыру ұйымдастырушылық, экономикалық және психологиялық сипаттағы әртүрлі қиындықтар мен кедергілермен бірге кәсіби қызметті жүзеге асырудың ең қауіпті тәсілі екені анық. Мұндай проблемаларды жою кітапхана қызметін жаңартуды ұйымдастырудың ғылыми негізделген тәсілдерін қолдануды талап етеді. Кітапханалық инновацияны сипаттаудың негізгі аспектілері: өзгеріс объектісі және жаңалық деңгейі. Өзгерістер объектісі тұрғысынан кітапханалық инновациялар өнім, технологиялық және басқарушылық болып бөлінеді. Өнім инновациялары кітапхананың бірегейлігін, оның нарықтағы дифференциалды артықшылықтарын атап көрсетеді. Технологиялық жаңашылдық - кітапхананы өзіне тән функцияларды орындауға және оның корпоративтік кітапхана жүйесіне кіруіне жағдай жасауға мүмкіндік беретін стандартты шешімдерді қолдануға бағыттайды. Басқару саласындағы жаңашылдықты іске асыру әлеуметтік қатынастарды модернизациялаумен байланысты, көшбасшының біліктілігі мен кәсібилігіне байланысты, кітапхананың ішкі ортасының ерекшеліктеріне байланысты. Кітапханадағы өзгерістердің ауқымы ретінде жаңашылдық деңгейін ескере отырып, инновациялар жетілдіруші және негіз бола алады жақсартылған инновациялар кітапхананың жұмыс істеу жүйесінің бұзылуына әкелмейді, оларды кітапханалардың барлық түрлері жүзеге асырады, тұрақты дамуға және кітапхана қызметінің сапалық көрсеткіштерін біртіндеп жақсартуға бағытталған. Негізгі инновациялар технологияға негізделген, кітапханалардың жұмыс істеуінің дәстүрлі жүйесін бұзумен, тәуекелмен және ресурстардың үлкен шығындарымен байланысты. Алайда, дәл осы базистік инновациялар кітапханаларға әлемдік ақпараттық кеңістікке кіруге, қорытынды өнімдерге сапалы жаңа деңгей беруге мүмкіндік береді. Жаңашыл технологияларды қолдануды жүзеге асыру елеулі дайындық жұмысын, жобалық басқаруды, жоғары кәсіби деңгейді және қызметкерлердің ұтқырлығын талап

етеді. Кітапханалық инновациялар оларды кәсіби ортада тарату мүмкіндігі бойынша ерекшеленеді. Кітапхананың әрбір өнім инновациясы негізгі және қосымша (сервистік) қасиеттерге ие [1, 56 б]. Кітапхананың жаңа өнімінің қасиеттері оның тұтынушылық құндылығын, ресурстық мүмкіндіктерін және қолданушы үшін де, кітапхана үшін де ықтимал пайдасын анықтау негізінде анықталады. Қосымша қызметтер инновация өнімдерінің, негізгі кітапханалық қызмет көрсетудің «сервистік нығайтудың» міндетті компоненті болып табылады. Жаңа өнімнің сапасы және «сервистік нығайту» кітапхананың дифференциалды артықшылықтарын, нарықтық ортадағы мүмкіндіктерінің бірегейлігін қамтамасыз етеді. Кітапханалардың қорытынды қызметінің өнімдерін олардың өмірлік циклінің кезеңін ескеретін біртекті ассортименттік топтарға топтастыру ұсынылады. Топтау ерекшеліктері анықталды. Кітапхананың әрбір өнім инновациясы негізгі және қосымша (сервистік) қасиеттерге ие. Кітапхананың жаңа өнімінің қасиеттері оның тұтынушылық құндылығын, ресурстық мүмкіндіктерін және қолданушы үшін де, кітапхана үшін де ықтимал пайдасын анықтау негізінде анықталады. Қосымша қызметтер инновация өнімдерінің, негізгі кітапханалық қызмет көрсетудің «сервистік нығайтудың» міндетті компоненті болып табылады. Жаңа өнімнің сапасы және «сервистік нығайту» кітапхананың дифференциалды артықшылықтарын, нарықтық ортадағы мүмкіндіктерінің бірегейлігін қамтамасыз етеді. Кітапханалардың қорытынды қызметінің өнімдерін олардың өмірлік циклінің кезеңін ескеретін біртекті ассортименттік топтарға топтастыру ұсынылады. Топтау ерекшеліктері анықталды. Кітапханалар үшін инновациялық климатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін инновациялық менеджмент құралдарының қазіргі кешенінен: жүйе кітапханалары, аймақ, ел масштабында жобалар конкурстары негізінде «идеялар банкін» ұйымдастыру; кітапхана басшылары мен қызметкерлері үшін тренинг-семинарлар өткізу неғұрлым өзекті болып табылады. Кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың бағдарламасы мен әдістемесі қорғалады. Менеджерлерге өзгерістерді басқаруға, қызметкерлерге инновацияларды жүзеге асырудың ерекшеліктерін үйретеді. Кітапханалардың инновациялық қызметін дамыту оған тартылған қатысушылардың өзара іс-қимылының тиімділігіне, кітапхана ісінде әлі қалыптаспаған инфрақұрылымның болуына байланысты. Инновациялық процестерді жандандыру осы өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық формаларды іздеуді талап етеді. Мұндай инфрақұрылымды құруда әдістемелік (инновациялық-әдістемелік) қызметтер немесе кітапханалардың өзге де мамандандырылған бөлімшелері мен дербес инновациялық орталықтар ерекше орын алуы мүмкін. Олардың қызметі белгілі бір кітапханаға, кітапханалар желісіне, кәсіби қауымдастыққа немесе оқырмандар қауымдастығына бағытталуы мүмкін. Қызмет жұмысының бағыты кітапхананың ауқымы мен мәртебесіне байланысты. Ірі кітапханалардың инновациялық - әдістемелік қызметтерінің инновацияларды ұйымдастырудағы және ілгерілетудегі рөлін күшейту іске асыру шарттары мен мазмұны белгіленген белгілі бір функцияларды кешенді іске асыруға байланысты. Инновациялық өзгерістерді ұйымдастырушылық - әдістемелік қолдауда басқарудың тиімді құралдарын таңдауға басымдық беріледі. Классификацияны басқару құралы ретінде пайдалану кітапханалардың жай-күйін зерттеуге және инновациялық даму перспективаларын анықтауға, өзгерістер процесін реттеуге, әртүрлі инновациялық құжаттарды жасауға мүмкіндік береді. Кітапханалық инновациялардың көп өлшемді жіктелуі және оны кітапханалардың инновациялық қызметін басқаруда қолдану әдістемесі қорғалады. Инновациялық қызмет инфрақұрылымының элементтері ретінде кітапханалардың әдістемелік қызметтерінің міндеттеріне мыналар кіреді: инновациялық даму мақсаттарын, саясатты, өзгерістер стратегиясы мен тактикасын, инновацияларды жүзеге асыруда кітапхана қызметкерлеріне көмек көрсету (консультативтік, әдістемелік, ресурстық және т. б.); кітапханашылардың инновацияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру; кітапханашылармен новаторлармен екі жақты байланысты қамтамасыз ету және оларда инновациялық белсенділікті қалыптастыру; басшылар мен кітапханашыларды жаңашылдыққа үйрету. Мұндай

қызметте әр қызметкер — зерттеуші, ақпарат менеджері, жаттықтырушы және кеңесші. Әдістемелік қызметтерді инновациялық-әдістемелік орталықтарға айналдыру үшін зерттеу қызметін қайта құру, оны жоғары сапалы ғылыми деңгейге қою ерекше маңызға ие.

«Технология», «ақпараттық технология» ұғымдары барлық жерде қолданылады. Технология дегеніміз - өнімді өндіру, сапаны бақылау, басқару процесінде затты, энергияны, ақпаратты түрлендіру әдісі. Дәстүрлі және жаңа технологиялар операциялар мен процедуралардың әдістерін, реттілігін бейнелейді және қолданылатын құралдармен тығыз байланысты. «Технология» ұғымы бүгінде «оқыту технологиясы», «басқару технологиясы», әлеуметтік, саяси технологиялар сияқты комбинацияларда қолданылады [2, 25 б]. Бұл жұмыста көпшілік кітапханалардың оқырмандарына ақпараттық, анықтамалық - библиографиялық қызмет көрсетудегі өзгерістер зерттеледі. Отандық библиографияда алғаш рет жаңа технологияларға көшу кезінде пайда болатын оқырмандарға анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастырудағы инновациялық проблемалық жағдайлар кездесті. «Іске асыру деңгейі» белгісі бойынша проблемалық инновациялық жағдайлар анықталды: технологияларды алмастыру (электрондық кітапхана), технологияларды біріктіру (дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологияларды ұтымды үйлестіру), оқырмандарға анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсетудің жекелеген учаскелерін толықтыратын немесе ұтымды ететін фрагменттік инновациялық жобалар. Көпшілік кітапханалар жұмысындағы инновациялық процестердің әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастырушылық, технологиялық, экономикалық проблемалары анықталды. АБҰ-да инновациялық процестердің дамуын ынталандыратын негізгі факторлар тобы, библиографиялық әдістер мен технологиялардың өзгеруіне әсер ететін объективті және субъективті факторлар (қоғамдық кітапхананың кәсіби қызмет үшін өзгеретін сыртқы жағдайларға — жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларға "бейімделу" қабілеті; кітапханашы-библиографтың бастамашылдығы мен бейімділігі, ол үнемі өзгеріп отыратын құжаттық ағын арқылы барлық басқа салалардағы инновациялармен кәсіби түрде байланысты және т.б.). Отандық көпшілік кітапханалардағы инновациялық ұсыныстар екі деңгейде жүзеге асырылады: технологиялар мен фрагменттелген инновациялық жобаларды біріктіру. Технологияларды алмастыру деңгейі - дәстүрлі баспа ақпарат көздерінің қоры жоқ электрондық көпшілік кітапханаларды құру жобалардың жоғары құны салдарынан тек перспективалы болып қалады және жаңа кітапханаларды, ОКЖ-нің студенттік қалашықтарда, демалыс аймақтарында, қаланың жаңа шағын аудандарында филиалдарын құру кезінде ғана пайдаланылуы мүмкін. Қазіргі уақытта көпшілік кітапханалар оқырмандарына анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсетудегі инновациялық процестердің негізгі бағыттары: сыртқы ақпараттық ресурстарға желілік қол жетімділікті қамтамасыз ету, мерзімді басылымдардың корпоративтік тізімі, библиографиялық өнімдер мен қызметтердің ассортиментін байыту. Ақпараттандырудың қазіргі кезеңі кәсіби қызметтің интеллектуализациясының өсуіне ғана емес, сонымен қатар мәдениетті медиациялауға және заманауи жоғары оқу орындарының кітапханаларын дамытудың инновациялық түріне әсер етеді. Егер болашақ мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру бойынша университет кітапханасының қызметін кәсіби шығармашылық ретінде қарастыратын болсақ, онда кітапхана мамандарының біліктілігін арттырудың бір бағыты-Кәсіби ақпараттық мәдениетті игеру, сонымен қатар олардың кәсіби қызметін модельдеу және болжау мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта адам өмірінің барлық салаларында болып жатқан түбегейлі өзгерістер оның рухани әлеміндегі өзгерістерді, бұрын қалыптасқан білім беру жүйесіне баса назар аударуды қажет етті. Сонымен қатар, қоғамның негізгі рухани әлеуеті ретінде білім беру жүйесін сақтау өмірлік қажеттілік болып табылады. Қоғамның жаңа мақсаттары мен міндеттері Білім берудегі басымдықтар мен бағдарлардың өзгеруіне әкеледі. Білім берудің жаңа парадигмасындағы инновациялық тәсілдер жоғары оқу

орындары үшін ғана емес, олардың кітапханалары үшін де шешуші болып табылады. Университеттің кітапханасы өте күрделі жүйе болып табылады, яғни құрылымдық, функционалды сапалық өзгерістер енгізетін барлық жаңа өзгерістер оған белгілі бір тәуелділікте енгізілуі керек. Мәдениеттің құндылықтары мен нормалары, адамгершілік, рухани өмірдің барлық жетістіктері адамға үндеу атмосферасын құруға, университет кітапханасының бүкіл қызметіне енуге, оны студенттердің жеке дамуына бағыттауға тиіс. Бұл мәдениеттің жалпы белгілері басым болатын ақпараттық мәдениеттің қатысуымен мүмкін, сонымен бірге бұл жеке тұлғаның ішкі мәдениеті. Демек, болашақ мамандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырудың тиімді жүйесін әзірлеу және енгізу қажет. Біз атап өту маңызды деп санаймыз. жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті оның дамуының тиісті деңгейімен анықталады. Зерттеу нәтижелері болашақ мамандардың ақпараттық мәдениетін құрудың негізгі принциптерін анықтауға мүмкіндік береді. Тұлғаның ақпараттық мәдениеті қоғамның ақпараттық-білім беру ортасын қалыптастыру кезінде жоғары оқу орындары кітапханаларының инновациялық қызметінде жетекші орын алады. Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті мәселесін дамыту тек зерттеу бағыттарының бірі ретінде ғана емес, сонымен қатар университеттің заманауи кітапханасының даму тұжырымдамаларының бірі ретінде қарастырылуы керек. Тұлғаның ақпараттық мәдениетінде ақпараттық қоғамның талаптарына сәйкес келетін оның жоғары деңгейін қалыптастыруды ынталандыратын келесі құралдар бөлінеді: ақпараттық-библиографиялық сауаттылық, ақпараттық құзыреттілік; құндылық-семантикалық компонент; ойлаудың инновациялық стилі; оқу акмеологиясы. Университет кітапханасын пайдаланушының ақпараттық мәдениетінің бөлінген қаражатын стандарт ретінде қарастыруға болмайды, олар жаңа құралдармен толықтырылуы мүмкін - қоғамда болып жатқан процестерге байланысты жоғалып кетуі немесе өзгеруі мүмкін. Университет кітапханасын пайдаланушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды кітапхана қызметкерлерінің кәсіби ақпараттық мәдениеті тұрғысынан қарастырған жөн. Кітапхана мамандарының кәсіби ақпараттық мәдениетінің элементтеріне: кәсіби қажеттіліктер, зерттеу дағдылары, коммуникативті және психологиялық-педагогикалық қабілеттер жатады. Кәсіби ақпараттық мәдениеттің мәні мен мазмұны пайдаланушылардың ақпаратқа деген қажеттіліктерінің артуымен анықталады. Кейінгі 2-4 жылда инновациялық дамыту және ақпараттық қызмет көрсету үшін перспективалы бағыттардың қатарына мыналар жатады: оқырмандардың ұзақ мерзімді үлгілік және бірегей сұраныстарын орындау үшін ақпараттық мониторинг технологиялары; шолу-талдау қызметінің аралас технологияларын қалыптастыру; құжаттар мен олардың сапасының белгілері бойынша деректерді іріктеу технологияларын қалыптастыру. Инновациялық библиографиялық қызмет библиографиялық қызмет субъектісінің психологиялық және кәсіби сипаттамаларын өзгертуді, оның инновациялық әлеуетін дамытуды қамтиды [3, 104 б]. Инновациялық әлеует библиографиялық қызметте қолдануға болатын жеке қабілеттер мен мүмкіндіктердің жиынтығы ретінде анықталады. Инновациялық әлеуеттің құрылымына тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктері, Кәсіби құзіреттілік, шығармашылық дарындылық және инновациялық мәдениет кіреді. Инновациялық библиографиялық қызмет тиімділігінің критерийлері: 1) тұтынушылардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейінде көрінетін инновациялық библиографиялық қызметтің нәтижелілігі; 2) көрсеткіштердің бес тобы: жалпы ұйымдастырушылық, кадрлық, техникалық-технологиялық, ғылыми-әдістемелік және үйлестіру бойынша бағаланатын инновациялық библиографиялық қызметті ұйымдастырудың оңтайлылығы болып табылады. Ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету объектісі ретінде инновациялық педагогикалық қызметті зерделеу қажеттілігі уақыт ағымымен анықталады. Инновациялық педагогикалық қызметке ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету жүйесін құрудың өзектілігі кітапхана жүйесін жаңа педагогикалық технологияларды құру кезіндегі өзгергіштік жағдайына бейімдеу қажеттілігімен байланысты, бұл өз кезегінде білім беру жүйесін экономиканың өзгеруіне бейімдеу құралы болып табылады. Білім беру

жүйесін реформалау жағдайында педагогтерге ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету жүйесін сапалы қайта құру қажет. Инновациялық қызмет маманның жаңа кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруды қамтиды. Жаңашыл мұғалімнің педагогикалық мәдениеті олардың инновациялық қызметі процесінде мұғалімдерді кәсіби даярлаудың міндетті бөлігіне айналады. Жаңашыл мұғалімге қатысты ол кәсібилік, шығармашылық және әдіснамалық мәдениеттің бірлігінде әрекет етеді. Инновациялық педагогикалық қызмет ақпараттық ізденіске үнемі қосылумен, ақпараттық мәдениеттің гуманитарлық компонентінің басымдығымен, сенімділік пен белгісіздік деңгейлерімен ерекшеленетін ақпараттық сұраулардың ерекшелігімен, білім беру бағдарламаларына корреляциясы мен бейімделуімен, динамизмімен және кәсіби бағдарымен сипатталатын жаңашыл мұғалімдердің ақпараттық қажеттіліктерін қалыптастырудың ерекшеліктерін анықтайды. Инновациялық педагогикалық қызмет мамандардың ақпараттық қажеттіліктерін қалыптастыру ерекшеліктерін анықтайды, бұл өз кезегінде ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету ерекшелігінде көрінеді. Жаңашыл мұғалімдердің ақпараттық қажеттіліктерін зерттеу қажеттілігі ақпараттық-кітапханалық қызметті жетілдірумен тікелей байланысты. Жаңашыл педагогтердің ақпараттық қажеттіліктерінің ерекшелігі (ақпараттық сұраныстардың қосарлануы, ақпараттық іздестіруге үнемі қосылу) сыртқы ақпараттық ресурстардың кең ауқымын тарту қажеттілігін негіздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Азарова, В. А. Обслуживание читателей: техника профессионального поведения библиотекаря Текст. : моногр. / В. А. Азарова. Самара: Изд-во СГАКИ, 1998.- 146 с.
2. Алейникова, О. А. Компьютеризация школьных библиотек Электронный ресурс. / О. А. Алейникова, А. С. Волох // Сибирский учитель. — 2001. №1 (11). - Режим доступа: http://www.edu.nsu.ru/~su. -Загл. с экрана.
3. Александрова, Е. К. Современный читатель и библиотека Текст. / Е. К. Александрова// Сов. библиотековедение. 1991. - №3. — С.31.

ӘОЖ 37.013

ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ

Даулетов Н.Д.п.ғ.к.қауымдастырылған доцент
Мамбеталиева А.З.п.ғ.м.аға оқытушы
Нурмухамбетова В.Е. п.ғ.м.аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

Резюме: *Формирование личностных качеств студентов связано с освоением им системы духовных ценностей, составляющих основу культуры личности, развитие личности в гармонии с общечеловеческой культурой зависит от уровня ее духовно-нравственных качеств, отсюда возникает необходимость установления культурного отношения к выбору содержания образования. Необходимо уметь приспосабливаться к изменяющимся условиям жизни, ставить цели в социально-политических условиях, опираясь на собственные взгляды и убеждения, идеалы и гуманные ценности.*

Ключевые слова:*духовная нравственность, общение, духовное воспитание, духовность, нравственность, благотворительность, культура и гармония.*

«Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса,
үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса»
А.Байтұрсынұлы

Қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе студенттердің рухани дамыту, соның ішінде менің тоқталатыным студенттердің адамгершілік, рухани -имандылық тәрбиесін қалыптастыру болып отыр. Жас ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беру заманымыздың өткір талабы. Білім беру жүйесінде тәрбие беру ұлттық және рухани негізде үйлестіре жүргізуді қажет етеді. Осыған орай адам тәрбиелеу – адамзаттың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, азаматтық борышы дер білемін.[1;124бет]

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» – деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туғанынан басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер Адамгершілік — бұл рухани тәрбие. Адамгершілік - адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз - өзін сыйламайды. Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе[2; 85бет].

Абай-ұлттың атасы, рухани әкесі: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп және хақ жолы осы деп әділетті»-деген асыл қасиетті қастерлеумен бұл дүниеден өтті. Осы қасиеті оны халқына қамқор, ұлтына жанашыр болуымен қатар, күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтеріп, әлемдік сана деңгейіне жетеледі.

Рухани бай адам ең алдымен ең әділ, мейірімді және қанағатшыл болады. Тұлғаның бай руханилық санасы-өмірдің мәнін сезінуге, өзінің өмірдегі орнын табуға, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсінуге, жақын адамдардың алдындағы жауапкершілігін сезінуге, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындауға сара жол ашады. *Ж*ас ұрпаққа рухани тәрбие, білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен үйлесімдікте ұстай білуге, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттігін түсінуді қамтамасыз етуге көмектесеміз. Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тұлға бойына сіңіреді. Жеке тұлғаның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырамыз. Жас ұрпақ бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды \руханилық, адамгершілік, қайырымдылық және т б\ сіңіру-тәрбиенің басты мақсаттарының бірі. [3; 134бет]

Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы-руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойында шыңдап жетілдіруге ұмтылады. Жеке тұлғаның іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты өзі терең түсініп қабылдаған және өзінің іс-әрекетін, тұрмыс-тіршілігін солардың негізінде құрған идеялардың жиынтығына сенім де тұлғаның дүниетанымын кеңейте түседі. Адамның көзқарасы оның ішкі сеніміне айналған жағдайда ғана оның дүниетанымы, қоршаған ортаға деген қатынасы қалыптасты деуге болады. [4; 137бет]

Тәрбиелеу мен оқыту процесінде ұлттық тәрбиенің алатын орны ерекше. Ұлттық тәрбие-тұлғаның тілін құрметтеуге, дінін қастерлеуге, ділін қалыптастыруға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге, ұлттық, құндылық қасиеттерін үйренуге, бүгінгі күн талабындағы жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға үйретететін теориялық сипаттағы ғылым.

Ұлттық салт-дәстүрлер адамның дүниетану көзқарасын қалыптастырады.Ұлттық тәрбиені салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты дәріптеп оқыту арқылы білім алушының бойына күнделікті өмір тұрғысындағы тәрбие нақыштарының сан белесінен хабардар етеміз. Сол дәстүр нақыштарымен, әдет-ғұрыптардың бүгінгі таңдағы рөлін айқындай отырып, жастардың халық үрдістеріне деген сүйіспеншілігін оятуды мақсат етуді негіздейміз. Жалпы, салт-дәстүр, әдет- ғұрып адам психологиясымен етене байланысып, замана жаңаруына сай өзгеріп отыратын құбылыс [5; 122бет].

Ұлттық ділді дәріптеп оқыту барысында өз ұрпағымызға және кез -келген өзге біздің елде мекендейтін ұлттардың сүйіспеншілігін қалыптастырарымыз анық.

Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды, бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып табылады.

Ата-ана өз баласын өнегелі сөзбен, жеке басының үлгісімен тәрбиелейді. Қазақ отбасында тәрбие басы, біріншіден, әдептілікке үйретуді көздеген, әке-шеше баласына «әдепті бол»дегенді басты міндет етіп қойған.Екіншіден, олар баланы қайырымды, иман жүзді, мейірімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек болуға баулыған. Төртіншіден, адал, шыншыл болуға үйреткен. Бесіншіден, өнегелі ұстаз бен көпті көрген қарияның сөзін тыңдап, ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол, дегенді, бойларына біртіндеп сіңіре берген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы силап құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған.Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат бол, әсіресе каріп кісілердің табиғи кемдігін мұрны пұшық, көзі қисық т б бетіне баспа деп үйреткен.Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді ерінбей, жалықпай айтып қоймай, жеке өнегелер арқылы көрсетіп отырған.

Студенттердің тұлғалық қасиеттерінің қалыптастыру оның жеке бас мәдениетінің негізін құрайтын рухани құндылықтар жүйесін игерумен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның жалпыадамзаттық мәдениетпен үйлесімділікке дамуы оның рухани-адамгершілік қасиеттердің деңгейіне тәуелді болып келеді.Бұдан білім беру мазмұнын таңдауға мәдени қатынас орнау қажеттігі туындайды.Бұл оқыту мазмұнын жаңартуда, жалпыадамзаттық құндылықтар мен олардың руханилығын айқындауды талап етеді. Мұндай құндылықтарды білім беру процесіне еңгізудің жалпыадамзаттық мәні үлкен. Өйткені, ол жас жеткіншектерге ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестіре отырып үйрете білу қажет. Өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделе білу, әлеуметтіксаяси жағдайларда өз көзқарасы мен сеніміне, идеалына және ізгілікті құндылықтаға сүиене отырып мақсат қоя білуіне жағдайлар жасау керек. Осындай қасиеттерді адам бойына қалыптастыра алатын болсақ, адамгершілік бағытындағы қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейде көрінері анық.

Рухани құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар мен нормалар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Құндылықтар — қасиеттер. Олар бізге бала кезден, ана сүтімен бірге, ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Құндылықтар әр адам үшін әр түрлі болады. Реттілігіне қарай, маңыздылығына қарай өзгеріп отырады. Жалпыадамзаттық құндылықтар адам бойында тумысынан болады. Әр адамда рух бар. Рух болмаса, дене жоқ. Рух дегеніміз жалпыадамзаттық құндылықтардың жиынтығы. Табиғи құндылықтар мен жүре пайда болатын құндылықтар жалпыадамзаттық құндылықтарды жоя бастайды. Негізгі бес жалпыадамзаттық құндылықтарды атап айтар

болсақ: ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау. Оқыту үрдісіне жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы адамның рухани өсуіне жағдай жасаймыз. Мәңгілік құндылықтар білімнің негізгі өзегі болып табылады. Жалпыадамзаттық құндылықтарды адамның бойынан жарыққа шығару ізгілікке апарады, яғни, мінезін өзгертуге болады. Адамның жақсылыққа ұмтылуы, ақиқатқа жүгінуі оның болмысынан ішкі жан дүниесінде бес құндылықтың бар екенінің дәлелі емес пе? Егер осы құндылықтарды ағашқа теңеп көрсек, ағаштың тамыры – мәңгілік құндылықтар, оны ақиқатқа теңейміз. Ағашқа құятын суды, сүйіспеншілік деп алайық. Егер мәңгілік құндылықтарды, ақиқатты,сүйіспеншілікпен түсінсек, суарсақ, әрқашан әрекетіміз дұрыс болады. Яғни, ағаштың діңі түзу өседі. Әрекетіміз дұрыс болса, ішімізде тыныштық орнайды. Яғни, ағаш бүршік жарады. Ішімізде тыныштық орнаса, біз ешқашан қиянат жасамаймыз, тіпті ойламаймыз да. Яғни ағаш жемісін береді. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау - бұл мәңгілік бес құндылық адамның ұлтына, нәсіліне, ортасына, дініне қарамайтын, уақытпен өзгермейтін құбылыс. Адамның руханияты мен мәдениетінің жиынтығы, яғни, ата, әжелеріміздің даналығы. Бүгінгі таңда рухани білім әлемге ауадай қажет болып тұр. Сондықтан әр адамның ақыл ойын жаңғыртып, санасын өзгерту керек, сонда әлем де жаңарып, өзгереді. [6; 205бет]

Қорытындылай келе, айтарым, ұлттық тәрбие - тәрбиенің қайнар көзі, оны өз сабақтарымда негізге алу, тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын жаңа қоғамға лайықты етіп тәрбиелеу, оның дүниетанымын, көзқарасын, ақыл-ойын қалыптастыру, бар күш-жігерін туған жері мен елі үшін жұмсауға үйрету, туған тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен дінін қадірлеуге баулуды басты міндетім деп санау. Келешегіміздің діңгегі білімді де тәрбиелі жастар. Сондықтан тәрбие мәселесін білім беру жолында нақтылап өз деңгейінде қоя біліп, басты назарда ұстайық!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Иманбаева С.Т. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқк құралы 2005ж
2. Сейтбеков С. «Имандылық негіздері»Алматы, Қаскелен-Б 2008 -376б
3. Білім журналы 2010ж №2,3,5
4. Төлеубекова Р.К. Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері. –Алматы, 2001ж.
5. Өтебаева Ә.Т. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы // Білім. 2007, 78-85 беттер.
6. Баширова Ж., Өтебаева А. Мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі отбасының ықпалы // Өзіндік таным, 2007 ж., №2, 10-1

ӘОЖ 796.5

СПОРТТЫҚ ТУРИЗМНІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САУЫҚТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Хатимуллина Б. Т.
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2 курс магистранты,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті. Орал қ.

Резюме. *В статье описано, как спортивноый туризм может решить многие задачи благодаря своему характеру, образовательно-воспитательному потенциалу, значительным возможностям формирования положительных эмоций, положительного влияния на здоровье детей и подростков. Спортивно-оздоровительный туризм*

рассматривается как составляющая физического воспитания, а также говорится, что он является одним из эффективных инструментов формирования экологического, патриотического воспитания подростков, ценностной ориентации, направленной на здоровый образ жизни.

Ключевые слова: *спортивно-оздоровительный туризм, походы, двигательные навыки, физическая культура, здоровье, здоровый образ жизни.*

Туризм – адамның бос уақытындағы саяхаты, белсенді демалыстың бір түрі. Туризм – халықтың рекреациялық қажеттілігін (денсаулығын жақсарту, күш-қуатын қалпына келтіру, т.б.) қанағаттандырудың ең тиімді жолы.

Спорттық туризм дегеніміз табиғи ортадағы кедергілерден (асулар, шыңдар, өзендер, каньондар, үңгірлер т.б.) өтетін маршрут бойынша жарысудан тұратын спорт түрі.

Бұрынғы КСРО да спорттық туризм спорт түрі ретінде 1949 жылы бүкілодақтық спорттық классификацияға енген. Спорттық туризм - соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан туризм саласының бірі. Спорттық туризмді кейде белсенді туризм деп те атайды. Өзінің физикалық күш-қуатын жұмсау арқылы белгілі бір бағыт бойынша саяхаттау түрлерін туризмнің белсенді түрлері дейміз. Туризмнің белсенді түрлеріне жаяу, шаңғы, тау, су, велосипед және бағыттың бойында құрамдасқан туристік саяхаттардың басқада түрлері жатады. Кейде жоспарлы түрде жүргізілетін туристік саяхаттар барысында көлік түрлерін пайдаланатын түрлері де туризмнің белсенді түрлеріне жатқызылады.

Балалар мен жасөспірімдердің спорттық-сауықтыру туризмі, басқа спорт түрлеріне қарағанда, денсаулық сақтаудың неғұрлым тиімді технологияларының бірі болып табылады. Балалар мен жасөспірім туризмінің спорт, денсаулықты жақсарту және қызмет түрі сияқты маңызды мақсаттарының бірі балалар мен жастарды тәрбиелеуде жалпы мемлекеттік маңызы зор адам мен жалпы қоғамның салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады. Балалар мен жастар еліміздің болашағы болып табылатынын ескере отырып, қазіргі экономикалық жағдайда өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен дамытудағы моральдық бағдарлар, оның ішінде туризм құралдары арқылы да өзектендіріледі. Осыған байланысты туризм индустриясының алдында мынадай міндеттер тұр:

- өскелең ұрпаққа спорттық туризмнің тамаша әлемін қайтару және оны дамыту;
- табиғи және қалалық ортада өмір сүру дағдыларына тиімді үйрету.

Елімізде болып жатқан жаңа экономикалық қатынастар балалар спорты мен сауықтыру туризміндегі проблемаларды шиеленістіріп жіберді, бұқаралық туризмнің негізгі материалдық және ұйымдастырушылық базасының қызмет процесін өзгертуді талап етті. Спорт және сауықтыру туризмі жүйесінде балалардың денсаулығын жақсартуды зерттеудің өзектілігі, бірінші кезекте, республикада жүргізілетін әлеуметтік-экономикалық реформаларға, білім беру арқылы да, әлеуметтік сақтандыру мекемелері арқылы да күшінде болатын балаларды оңалтудың жаңа жүйесін құруға байланысты. Соңғы жылдардағы педагогикалық ғылымда, спорттық-сауықтыру туризмінің нормативтік-құқықтық базасында табиғи ортада балалардың денсаулығын жақсартудың ерекше тиімділігі атап өтілді, балаларды спорттық-сауықтыру туризмінде кәсіби бағдарлау және өзін-өзі анықтау мәселелері, жан-жақты дамыған баланы тәрбиелеудің ерекшеліктері мен күрделілігі, табиғи «аренаның» қатал жағдайында жүзеге асырылатын танымдық және сауықтыру іс-шаралары көтерілді. Маңызды тұстардың бірі балалар спорттық-сауықтыру лагерьлерінде іске асырылатын бағдарламалар мен жобалар болып табылады. Сондықтан туризм құрылымдарында дамып келе жатқан жастар мен балалар туризмі туралы спорттық-сауықтыру туризмі жүйесіне арналған, жиналған материалдарды зерделеу және қорыту қажеттілігі туындады.

Жасөспірімдерге әсер етудің тиімді құралдарының бірі туризм арқылы тәрбиелеу болып табылады. Туристік жорықтарда оқушы белгілі бір өмірлік тәжірибе жинақтайды, қолайсыздықтарды сабырмен өтуге, рухы мен денесін шыңдап, туған жердің табиғатын

бағалауға, айналасындағы ортада өмір сүріп жатқан халықтардың мәдениетін, салт-дәстүрін, дүниетанымын құрметтеуге үйренеді.

Оқушылардың саяхаты демалысты күнделікті тұрмыспен, тарихпен ұштастыруға, жасөспірімдердің таным көкжиегін кеңейтуге, олардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық талғамдарын қалыптастыруға, әлемнің шынайы көрінісін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Физикалық жүктемелер ерік-жігерін тәрбиелеп, өзіне деген және табысқа жетуге деген сенімнің нығаюына ықпал етеді.

Атақты саяхатшылар өмірінің мысалдары, жорықтар мен экскурсиялар кезінде өз өңірінің қызықты адамдарымен кездесулер жасөспірімдердің жан дүниесіне әсер ету үшін шексіз мүмкіндіктерге ие. Бұл еліміздің болашақ азаматтарын моральдық тұрғыдан дұрыс ойлауға тәрбиелеудің ең сенімді тәсілдерінің бірі.

Туристтік жорық сапарларының сауықтыру мен эстетикалық салдары туралы шексіз айтуға болады. Қандай спорт залы балаға таза ауа мен батқан күннің әдемі көрінісін алмастыра алады. Табиғатпен байланыс айтып жеткізе алмастай тиімді болады. Мысалы энурез ауруы жорық кездерінде ал кей жағдайда жорықтан кейін де толықтай жазылып кететіні байқалған. Табиғатпен қарым-қатынастың басқа ауруларға, оның ішінде психикалық ауруларға қатысты да емдік әсері туралы сенімді айтуға болады.

Ғалымдардың зерттеулері ғылыми-техникалық прогрестің жетістігі, адам іс-әрекетінің барлық салаларында компьютерлендірудің, гаджеттерді ұзақ қолданудың нәтижесінде мектеп оқушылары ауруларының, жүйке күйзелістерінің саны артқанын, оқу мен мінез-құлықтарындағы өзгерістер, шаршау, таза ауада жеткіліксіз болу, бос уақыттары мен демалыстарын дұрыс ұйымдастырмау нәтижесінде көбейгенін растайды. Себебі, адам денсаулығы табиғи ортаның ағзаға тигізетін әсерімен тығыз байланысты, сондықтан бұл мәселені шешу үшін туризм ең қолайлы болып табылады. Ол әр түрлі спорттық бағдарламаларға қарағанда денсаулық үшін барлық қажетті табиғи компоненттерге ие. Бұл табиғатпен қарым-қатынас, күнделікті жалықтыратын жағдайдың өзгеруі, психологиялық жеңілдеу, ең бастысы дене белсенділігі. Туризмді ұйымдастыру оңай, арнайы жабдықталған залдар мен алаңдарды қажет етпейді. Ең үздік спорт алаңы табиғат болып табылады және солай болып қала береді. Ол кез-келген жастағы адамдар үшін қолжетімді спорттың түрі болып табылады, өйткені ондағы жүктеме демалумен кезектестіріледі, ал оның негізінде қарапайым серуендеу жатыр. Ең танымал бұқаралық спорт түрінің бірі бола отырып, дені сау әрі шыныққан адамды тәрбиелеуге ықпал етеді, сөз жүзінде емес, іс жүзінде адамды рухани байытып, туған жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелейді. Жасөспірімдердің өз жерлерін сүюі үшін бала кезінен осы сүйіспеншілікті ояту керек және мұның бәріне жорықтар, экспедициялар мен саяхаттар ықпал етеді, онда оқушылар жергілікті қасиетті, табиғаты көрікті жерлермен, туған жерлерінің өткені мен қазіргі жағдайымен, өз халқының салт-дәстүрлерімен және әдет-ғұрыптарымен танысуға, ата-бабаларының мәдени мұрасын зерттеуге, іздестіру іс-шараларын жүргізуге мүмкіндік алады.

Осылайша, туризм оқушылардың белсенді демалысы мен оларды сауықтырудың ең ауқымды түрі, салауатты өмір салтына тікелей апаратын жол болып табылады. Саяхат барысында туристер денсаулық адамның, әсіресе бала ағзасының жұмыс қабілеттілігі мен үйлесімді дамуының маңызды факторы екенін түсінуге үйренеді. Әрбір турист гигиена және медицина саласындағы ең минимум білімді меңгереді. Туризм - барлық жасөспірімдерді салауатты өмір салтының негіздерімен таныстыру процесіне тартуды қамтып, сауықтыру жұмыстары бір мезгілде жүргізілетін мақсатты дене тәрбиесі. Мұнда олар әлеуметтік маңызы бар қоғамдық жұмыстарды атқаруды, табиғатты сақтауды, оны қорғауды үйренеді.

Туристік жорық - жақсы демалыс, туристің дене бітімі мен спорттық жетілуі, оның таным көкжиегінің дамуы мен кеңеюі, тәртіп, ержүректілік пен табиғатқа деген сүйіспеншілік тәрбиесі. Туристік жорықтардағы ұйымдастырылатын жарыстар оңтайлы физикалық қозғалыс режимін тудырады, өйткені қозғалыстың ағзаның тіршілік

қызметінде маңызды рөл атқаратыны, гиподинамиямен және аз қозғалумен күресте маңызы өте зор екені белгілі. Дұрыс зат алмасу, үйлесімді даму, ептілік пен жеңілдік, ауруларға қарсы тұрушылық және төзімділік жеткілікті дене белсенділігіне тәуелді. Жорықта шыныққан балалардың ағзасы ауруларға жақсы төтеп береді.

Туристік және өлкетану қызметі жасөспірімдер тұлғасының үйлесімді дамуының ең жақсы құралы болып табылады. Командаластарымен қарым-қатынас, оларда ұжымдық, тіл табысқыштық, жауапкершілік, өзара көмек сияқты қасиеттерді қалыптастырып, жаман әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтының берік негізін құрайды.

Спорттық-сауықтыру туризмінің денсаулыққа тигізетін әсері қаланың тынысымен уланған ауаға қарағанда экологиялық таза қала маңындағы орман немесе қалалық орман паркінің аумақтарында жүргізілуіне байланысты едәуір артады. Бұл ретте табиғи ортаның емдік сауықтыру факторларының тұтас кешенін пайдалану үшін бірегей жағдайлар жасалады. Ең алдымен ағза таза ауамен қанығады. Денеге түсетін физикалық жүктеме кезінде ағзаның осы тазарту процестерінің қарқындылығы күрт артады. Әсіресе қазіргі адамға тапшылық тудырып отырған табиғи таза ауа денсаулықтың негізі болып табылады. Оның үстіне табиғат аясындағы дене белсенділігі тірі табиғатқа жақындауға және оның сұлулығын байқап, бағалауға мүмкіндік береді. Орманның, саябақтың, таудың, даланың үнемі жаңарып отыратын ортасында серуендеп жүргенде, тіпті ұзақ жолдың өзі ләззат сыйлайды, жан мен дененің үйлесімділігі күшті сезіледі. Табиғат аясында спорт залына, басқа да жабық спорт ғимараттарына қарағанда әрқашан қызық. Табиғатпен мұндай байланыс біздің күнделікті өмірімізде өте жиі кездесетін стресстік және экстремалды жағдайлардан туындайтын нейропсихиялық іркілістерді жоюдың қуатты құралы болып табылады.

Спорттық-сауықтыру туризмін дамыту және оның балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі мен белсенді демалысы құралдарының бірі ретінде үнемі өсіп келе жатқан рөлі туристік қызметтің мазмұны мен сипатына қарай оның балалар организміне әсерін анықтау үшін арнайы ғылыми зерттеулер жүргізуді талап етті. Бүгінгі таңда ғылыми зерттеулердің едәуір бөлігі спорттық-сауықтыру туризмі балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесінің тиімді құралы болып табылатынын көрсетеді. Спорттық-сауықтыру туризмінің түрлері мен ұйымдық нысандарының алуантүрлілігі оның бастауыш мектеп жасындағы балалардан бастап денсаулығының ауытқулары бар егде жастағы адамдарға дейінгі кең ауқымы үшін қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

Көптеген педагогикалық ұжымдар балаларды қоршаған ортамен, табиғатпен таныстыруда спорттық-сауықтыру туризмінің құралдары мен нысандарын белсенді пайдаланудың, аса маңыздылығын түсіне бастады.

Оқушылардың қозғалыс белсенділігі ең алдымен денсаулықты нығайтуға, содан кейін спорттық қабілеттерін анықтауға бағытталған. Өскелең ұрпақтың денсаулығы мен жан-жақты дамуы маңызы жағынан кез-келген спорттық жетістіктерден әлдеқайда артық. Түрлі жастағы жасөспірімдердің денсаулық жағдайларын зерттеген ғалымдардың зерттеулерінде спорттық-сауықтыру туризмімен айналысатын жасөспірімдердің денсаулықтарының жақсаруы туралы деректер бар. Мысалы, А.Г.Нагорный, С.А. Сергеевалар зерттеулерінде спорттық-сауықтыру туризмімен айналысатын жасөспірімдердің өздерін сезінулерінің жақсарғанын, өкпенің тіршілік сыйымдылығының жоғарылағанын, тыныс алу жиілігінің төмендегенін және күштерінің артқанын атап өткен. Жоғарыда аталған авторлардың бастапқы және қайталама тексерулерінің мәліметтерін талдау көп күндік жорықтан кейін өкпенің тіршілік сыйымдылығының ұлдарда 100 мм-ге, ал қыздарда 120 мм-ге өскенін көрсетті. Медициналық-педагогикалық сараптама материалдары жүктеме нормаларын сақтаған жағдайда, жаяу жорықтың жасөспірімдердің денсаулығына тиімді әсер ететінін және олардың дене дамуына ықпал ететінін көрсетті.

Жоғарыда айтылғандардан спорттық-сауықтыру туризмі өзінің сипаты, білім беру мен тәрбиелеу әлеуеті, жағымды эмоцияларды қалыптастырудың елеулі мүмкіндіктері,

жасөспірімдердің романтикаға, тәуекелге, қозғалуға ұмтылысын қанағаттандыруы бойынша – салауатты өмір салтына бағытталған құндылық бағдарын қалыптастырудың тиімді құралының бірі екенін көруге болады. Осыған байланысты салауатты өмір салтына бағытталған құндылық бағдарын қалыптастыру мақсатында спорттық-сауықтыру туризмі құралдарымен қоршаған ортада жасөспірімдердің іс-әрекетін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін іздеу аса өзекті міндет болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

5. Игнатьев М.А. Организационно-нормативные основы туризма, Учебно-методическое пособие для студентов ФФК, Чебоксары, 2007;
6. Квартальнов В.А. Педагогоика и туризм: учебник для вузов туристского профиля, Москва, Советский спорт, 2000;
7. Константинов Ю.С. Детско-юношеский туризм, Учебно-методическое пособие, Москва, ФЦДЮТиК, 2006;
8. Сборник материалов республиканской научно-практической конференции: «Формирование Евразийской культуры школьников средствами туристско-краеведческой деятельности», 22-23 апреля 2006;
9. Журнал «Соқпақ-Тропинка», № 2 2009 г. «Формирование ушкольников здорового способа мышления средствами туризма и краеведения», педагог дополнительного образования ОЦДЮТиЭ Адилова А.Б.
10. Нагорный А.Г. Экспериментальное исследование ходьбы с грузом и норм в туристских походах старшеклассников, Автореферат дисс. к.п.н., Москва, 1998;
11. Сергеева С.А. Туризм как эффективное средство физического воспитания школьников, Автореферат дисс. к.п.н., Москва, 1996.

ӘОЖ-398:801.8

ПЕДАГОГТІҢ АТА-АНАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Гинаятова А.А. п.ғ. магистрі, аға оқытушы
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университет ,
Орал қаласы

Резюме: *В статье рассматриваются виды работы с семьей в дошкольных организациях и успешность педагогического взаимодействия детского сада и семьи зависит от того, насколько воспитатель использует родительский интерес в своей работе и роль современных дошкольных организаций в активном участии в воспитании и обучении.*

Ключевые слова: *конференция, интерактив, инновация, консультация, форма*

Мектеп жасына дейінгі баланы толыққанды тәрбиелеу отбасы мен балабақшаның тығыз ынтымақтастығы кезінде ғана мүмкін болады.

Отбасымен жұмыс - мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі мен басқа да қызметкерлері қызметінін маңызды да күрделі саласы. Ол мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

- балаларды тәрбиелеуде бірлік орнату,
- ата - аналарға педагогикалық білім беру,
- отбасындағы тәрбиенің озат тәжірибесін зерттеу және тарату,
- ата - аналарды мектепке дейінгі ұйым өмірімен және қызметімен таныстыру.

Мектепке дейінгі ұйымдарда отбасымен жүргізілетін бүкіл жұмыс осы міндетті шешуге бағытталады.

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің міндеті - ата - аналардың баланың даму заңдылықтары мен оны жан - жақты дамыту, мектепке дейінгі оқытуға ықпал жасау жолдары туралы білім алуына көмек көрсету болып табылады. Ата - аналарға педагогикалық білім оларғабалалардың әрбір жас кезеңінің жеке ерекшеліктерін ұсыну, ескеру негізінде беріледі.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасында балаларды бірлесіп тәрбиелеу үшін ата - аналардың балалар - бақшасы, бөбекжай дегеннің не екенін, онда балалардың өмірі қалай ұйымдастырылғанын, тәрбиешілердің қандай міндеттерді шешетінін, балалардың күн ұзағына немен шұғылданатынын, олардың мінез құлқына қандай талаптар қойылатынын, ата - аналар үшін қандай ережелер бар екенін, ол ережелер немен шарттас екенін т. т. айқын білуі қажет[1].

Ата-аналардың көпшілігі мектеп жасына дейінгі балаға білім берудің маңыздылығын сезінеді, бірақ мектепке дейінгі ұйым қызметіне белсенді түрде араласпайды. Оның негізгі себебі, ата-ананың көпшілігі баланың дамуы мектеп жасына дейін қалыптасатынын толық біле бермейді.

Осы тұста, ата-аналардың мектепке дейінгі ұйыммен тікелей жұмыс нәтижесінде не алғылары келетіні, мектепке дейінгі білім берудің мақсатын және оны жүзеге асыру тәсілдерін түсінуі маңызды болып саналады.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне ата-аналарды тарту міндеті негізгі үш бағытта шешіледі:

1.Отбасымен ықпалдастықты ұйымдастыру бойынша балабақша ұжымымен жұмыс, педагогтерді ата-аналармен жұмыстың жаңа түрлері жүйесімен таныстыру.

2.Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, балаларды тәрбиелеу және оқыту саласымен хабардар болу деңгейін анықтау, білім беруқызметіндегі ата-аналардың қажеттіліктерін айқындау.

3. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйыммен ықпалдастыққа тарту.

Балабақшаның отбасымен жұмысын жоспарлауда келесі ерекшеліктерді:

-ата-аналардың білім деңгейлері, олардың әлеуметттік қажеттіліктері;

балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі;

-мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағытын ескеру керек Мұның барлығы балабақша мен отбасында баланың дамуына бірыңғай тәсілдер құруға негіз болады.

Ата-аналармен жұмыстың түрлері мен әдістері ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға, мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы өзара байланысты нығайтуға, отбасылық дәстүрлерді сақтауға, тәрбие беру әлеуетін күшейтуге бағытталған.

Балабақша мен отбасы арасындағы педагогикалық өзара байланыстың табыстылығы көбіне тәрбиешінің өз қызметінде қаншалықты ата-аналардың қызығушылығын тудыратын және заманауи мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу мен оқыту процесіне белсене қатысуға жағдай жасайтындай ата- аналармен жұмыс түрлерін қолдануына байланысты.

Жұмыс тиімділігінің критерийлері:

- жоспарланған барлық іс-шараларға ата-аналардың көп қатысуы;

-ата-аналардың балалармен жұмыс кезінде ұсынылған материалдарды қолдануы;

- отбасының оң бағасы мен мектепке дейінгі ұйыммен алдағы серіктестікке берілген жағымды пікірлер болып табылады.

Балабақша мен отбасы арасындағы өзара ықпалдастықтың түрлері мен мазмұны алуан түрлілігімен ерекшеленеді, бірыңғай стандарты болмайды.

Әдетте отбасымен жұмыстың екі түрі белгіленген:

- ұжымдық (дәрістер, конференциялар, дөңгелек үстелдер, ата-аналар жиналыстары);
- жеке (әңгімелесу, кеңестер, тапсырмалар, отбасын аралау).

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің балалар ата-аналарымен өзара ықпалдастығының дәстүрлі түрлері замануи инновациялық технологиялармен үйлестірілген. Ата-аналармен жұмыста ақпараттық - коммуникациялық технологиялар (АКТ) кеңінен қолданылады [2].

Педагогтерде де, ата-аналарда да қатынастың дәстүрлі емес түрлері ерекше танымалдықпен қолданылады. Олар ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын балабақшаға аудартуға бағытталған. Ата-аналар өз балаларын басқа жаңа жағдайда көріп, жақсырақ біледі, педагогтермен жақын араласады.

Жекелей және топтық кеңестер, ата-аналар жиналыстары және көрнекі насихаттау өткізуден басқа «ауызша журналдар», педагогикалық қонақжай, мәселелер бойынша дискуссиялар, сұрақ-жауаптар кештері, КТК, «ток-шоу» сияқты түрлерін қолдану ұсынылады.

Мектеп жасына дейінгі ерте және кіші топтардағы ата-аналар жиналыстарында ата-аналарды белсендіру үшін ұйымдастырылған оқу қызметтерінде және күн тәртібінің сәттерінде бейнежазбаларды көруді және талқылауды ұсынуға болады. Ересек топтардың тәрбиешілеріне алдын ала белгіленген тақырып бойынша диспуттар ұйымдастыру, белсендірудің интерактивті әдістерін, сұқбаттасуды, талқыланатын мәселенің рейтингтік бағасын, талқылау үшін бірнеше түрлі көзқарастарды қолдану ұсынылады.

Ата-аналармен өзара ынтымақтастық өнімділігін арттыруға, ата-аналар мен балалардың бірігуіне конкурстар өткізу де ерекше ықпал етеді.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен жұмыстың дәстүрден тыс түрлері кеңінен қолданылады:

- танымдық;
- бос уақытты тиімді өткізу;
- ақпараттық-талдау;
- көрнекілік-ақпараттық.

Өзара ықпалдастықтың танымдық түрлері ата-аналарды бала дамуының жас және психологиялық ерекшеліктерімен, олардың практикалық дағдыларын қалыптастыруға арналған тиімді әдіс-тәсілдермен таныстыруға мүмкіндік береді. Бұл топқа:

- жалпы ата-аналар жиналыстары;
- ата-аналар қатысуымен педагогикалық кеңес;
- ата-аналар конференциясы;
- отбасылық клуб;
- шағын жиналыстар;
- қайырымдылық күндері;
- ата-аналар мен балалардың бірге сенбіліктері жатады.

Бос уақытты тиімді өткізу түрлері педагогтар мен ата-аналар, ата-аналар мен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынас, эмоциялық байланыс орнатады. Бұл ең тартымды, қажетті де ең күрделі түрі. Өйткені, кез келген іс-шара ата- анаға өз баласының проблемаларын ішкі жағынан көруге, басқа балалармен салыстыруға, қарым-қатынастағы қиындықтарды байқауға, басқа балалар қалай жасайтынын көруге, яғни өз баласымен қатар ата-ана қоғамдастығымен байланысу тәжірибесін алуға мүмкіндік берілетінімен түсіндіріледі.

Бірлескен іс-шараларды өткізу барысында ата-аналар бірлескен жұмыстан қанағат алып, сәйкес балабақшаның беделі артады. Бұл бағытта:

- мейрамдар мен ойын-сауықтар;
- ертеңгіліктер;
- туған күнді атап өту;
- концерттер, жарыстар;
- балалар жұмыстарының, отбасылық суреттер көрмесін;
- балабақшадан тыс біріккен экскурсиялар мен серуендер;
- қайырымдылық акцияларын ұйымдастыруға болады.

Ақпараттық-талдау түрлері әр баланың отбасы туралы мәліметті жинау, өңдеу және қолдануға бағытталған (балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша
ата-ананың білім деңгейін анықтауға, құзыреттіліктерін жоғарылатудағы олардың қызығушылықтарына ықпал ететін сауалнамалар алу мен тестілеу консультациялық пункттер, брошюралар, ата-аналарға арналған құралдар ұсыныстарға арналған қорап және т.б.).

Мектепке дейінгі ұйым ата-аналарымен жұмыста ақпараттық- коммуникациялық технологиялар (АКТ) кеңінен қолданылады.
Білім беру процесінде АКТ қолдану – білім беру процесінің сапасын арттырумен қатар балабақша педагогі мен отбасы арасындағы қарым- қатынастың жаңа деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім беруді жаңғыртудың басым бағыттарының бірі
Бұл мақсатты жүзеге асыруда әртүрлі құралдар:
- балабақша сайты;
- ұялы байланыс;
- электрондық консалтингтік қызмет (электронды пошта);
- жеке веб-парақты қолдану;
- «Дана бала» ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналы;
- «Отбасы KZ» интернет-порталы кеңінен қолданылады.

Бүгінгі күні ата-аналар педагогикалық білімін ағартудың дәстүрлі емес, жаңашыл деп саналатын әртүрлі әдістері мен формалары колданылып келеді:
- көрнекі насихаттау;
- on-line бақылау;
- отбасына қатынау;
- кеңес беру пункттер;
- ата-аналар жиналысы;
- әңгімелесу мен консультациялар;
- ата-аналар конференциялары;
- ауызша журналдар;
- сауалнама жүргізу;
- ашық есіктер күні;
- дөңгелек үстелдер;
- клубтар ұйымдастыру;
- біріккен бос уақыттар;
- іскер ойындар ұйымдастыру және т.б.

Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен жұмысы жанды сөз, тәрбие жұмыстарын көрсету, ата-аналар үлгісі және т.б. әртүрлі болады. Ата-аналармен жұмыстың барлық түрлері:
- ұжымдық,
- жекелік.
- көрнекі
-ақпараттық болып бөлінеді.

Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі емес,формаларының бірі - *шағын жиналыс*.Үлгілі отбасы анықталып, оның тәрбиелеу тәжірибесі зерттеуге арналған кейін шағын жиналысқа екі-үш отбасы шақырылады, онда отбасы тәрбиесіндегі жағымды

позицияларымендәстүрлі тәрбиесі туралы бөліседі. Ата-аналармен жұмысты құру кезеңдері:

- Ата-аналармен жұмыс мазмұны мен түрлерін ойластыру. Зерттеу мақсатында экспресс-сұрақ жүргізу және алынған мәліметтерді жұмыста қолдану.
- Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында болашақтағы іскер әріптестік орнату ту үшін жағымды қарым-қатынас туғызу.

Педагогикалық *консилиумдар* құрамына меңгеруші, негізгі қызмет бойынша меңгерішінің орынбасары, тәрбиеші, педагог-психолог, мұғалім - логопед, бас медбике, ата-аналар комитетінің мүшелері енеді. Консилиумда отбасының тәрбиелік потенциалы, оның материалдық жағдайы және отбасындағы бала статусы талқыланады. Консилиум жұмысының қорытындысы бала тәрбиесінде ата-аналарға көмек мөлшерін анықтау, ата-аналар әрекетінің жеке коррекциясына қарай бағдарламалар әзірлеу болуы мүмкін.

Ата-аналардын педагогикалық мәдениетін арттыратын формалардың бірі ата-*аналар конференциясы*. Бұл форманың бағалылығы, мұнда ата-аналармен бірге қоғамдастық та қатысады. Конференцияға педагогтар, білім бөлімінің қызметкерлері, медициналық қызмет өкілдері, бастауыш сынып мұғалімдері, педагог-психолог және т.б. қатыса алады. Ата-аналармен жұмыстың бір формасы - тренингтер. Тренингтік ойын жаттығулары мен тапсырмалары баламен іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдеріне баға беруге, жағымсыз формаларды конструкциялыққа ауыстыруға көмектеседі. Ойын тренингіне тартылған ата-ана баламен сөйлесуді бастайды, жаңа шындыққа жетеді. Заманауи кезеңдегі тағы бір қызықты формалардың бірі - әртүрлі конкурстарды - сұрақтар мен жауаптар кештерін өткізу болып табылады. Бұл форма өзінің педагогикалық білімін нақтылауға, оларды практикада қолдануға, жаңалықты білуге, бір-бірімен білімін толықтыруға, бала дамуындағы кейбір мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.

Ата-аналармен жұмыстың маңызды сәті - *үй педкеңестері, лекциялар, ауызша журналдар, ашық есік күндері, әкелер, әжелер, аталар клубы, практикумдар* және т.б. болуы қажет. Отбасы мен балабақша өзара іс-әрекетінің басты формаларының бірі әрбір ата-анамен жеке жұмыс болып табылады. Бұл форманың артықшылығы, отбасын зерттеу, ата-аналармен сұхбат (әркайсысымен жеке- жеке), ата-аналардың балалармен топта, үйдегі әңгімелесуін бақылау арқылы педагогтардың баламен біріккен іс-әрекеттің нақты жолдарын белгілеуінде.

Тәрбиешінің ата-аналармен *сұхбаты* педагогтың отбасымен байланысының қолжетімді формасы. Сұхбат келесі талаптарды қамтуы қажет:

- нақты және мазмұнды болуы;
-баланы тәрбиелеу мен оқыту сұрақтары бойынша ата-аналарға жаңа білім беру;
- педагогикалық мәселелерге қызығушылығын ояту;
- бала тәрбиесіне жауапкершілік сезімін арттыру.

Жеке жұмыста тоқтай кетер бөлімнің бірі - *отбасына бару*. Басты мақсат -баламен және оның жақындарымен өзі қалыптасқан ортада танысу. Баламен ойында, оның жақындарымен сұхбатта сәби туралы көптеген қажетті ақпарат алуға болады. Отбасына бару ата-анаға да көп пайда әкеледі: олар тәрбиешінің баламен қалай әңгімелесетінін біледі, педагогқа баламен үйде еркін сөйлесуіне мүмкіндік береді. Педагог үйге сапарды ұйымдастыра отырып, отбасына барғанда өзін сыпайы, әдепті ұстауы керек, отбасымен сұхбатты бала кемшілігінен бастамау және ата-аналарға бала тәрбиесі туралы көп сұрақтар қойылмау қажет. Өзіңізге отбасына сапарлар ұйымдастыру бойынша жаднама әзірлеңіз және оны орындауға тырысыңыз.

Ата-аналармен дифференциалдық жұмыстың бір формасы *консультациялар* болып табылады. Консультациялар сұхбатқа ұқсайды. Айырмашылығы, әңгімелесу - бұл тәрбиеші мен ата-ана диалогы, ал консультация жүргізе және ата-ана сұрағына жауап бере отырып, педагог кәсіби тұрғыдан көмек беруге тырысады. Педагогтың ата-анамен жұмыста көрнекілік насихаты да маңызды рөл атқарады. Мақсатқа бағытталған және жүйелі қолданылған көрнекі құралдар балабақшадағы тәрбиелеу әдістерімен,

мазмұнымен, міндеттерімен ата- аналарды таныстыруға және отбасына практикалық көмек беруге ықпал етеді.

Ата-аналармен жұмыстың тиімді формасы әртүрлі *көрмелер* болып табылады. Мысалы, балалар жұмыстары: бала суреттері, қолдан жасалған ойыншықтар, балалар кітаптары, альбомдары және т.б. Көрмелер сонымен бірге ата-аналарға бағдарламаның маңызды тарауын жариялау үшін мысалы: «Отбасы мен балабақшада балалардың бейнелеу іс-әрекеті», «Ойыншықтар және оның тәрбиелік рөлі» тақырыбында өткізілуі мүмкін Ақпараттық парақтардың да рөлі зор, себебі мұнда өткізілген жиналыстар туралы, оқиғалар, экскурсиялар, көмек көрсету өтініштері, ерікті көмекшілерге алғыс туралы ақпараттарды енгізуге болады [3].

Ата-аналармен жұмыс түрлерін мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ғылыми тұрғыда негізделген жұмыс арқылы ендіруге болады. Себебі, мектепке дейінгі ұйымдар - озық тәжірибенің жинақталуы мен таратылуының алғашқы сатысы, мұнда ғылым жетістіктері, тәрбиешілердің тәжірибесі, олардың шығармашылығы мен еңбек ету мәдениеті көрнекті түрде байқалады.

Мектепке дейінгі мекемелер тәжірибесінде негізгі рөл ата-аналармен жұмыс түрі болғандықтан, олармен қарым-қатынас жалпы және топтық жиналыстарарқылы жүзеге асырылады. Олардың тақырыбы балалардың мектепке дейінгі ұйымға келуінің барлық кезеңіне құрылады. Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.

Пайдаланылған әдибеттер:

1.Жумашева Н.С. Мектепке дейінгі педагогика.Оқулық. Алматы 2020
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
3.Жұмабекова Ф.Мектепке дейінгі педагогика. Оқулық. Астана:Фолиант, 2008
4.Козлова С.А. Куликова Т.А. Дошкольная педагогика. Учебник. Москва: Академия, 2009
5. Құрманалина Ш.Мұқанова Б. Педагогика.Оқулық. 2-басылым

ӘОЖ 796.8

СПОРТТЫҚ КҮРЕСТЕ МАМАНДАНДЫРУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жұмағалиев Ұлан, БҚИТУ II курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме. *Проведен анализ научной литературы по изучению направления специализации и отбора в спорте. Определены основные принципы отбора и ориентации детей в спортивной борьбе, а также предложено обоснование организации учебного процесса на этапе начальной подготовки.*

Ключевые слова: *дети младшего школьного возраста, спортивная специализация, спортивный отбор, спортивная борьба, детско-юношеская спортивная школа.*

Спорттық күрес белгілі бір ережелер бойынша екі қарсылас арасындағы жекпе-жекті білдіреді. Жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі бола отырып халықтар, күрес өнері ежелгі дәуірден бастап аң аулау және соғыс қимылдары бағытында қорғаныс және шабуыл құралы ретінде белгілі болды. Қазіргі уақытта спорттық күрес әлемнің көптеген

халықтары арасында өте танымал және қолданысқа ие. Олимпиада ойындарының бағдарламасына күрестің келесі үш түрі кірді: грек-рим, еркін және дзюдо. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап спорт секцияда балаларды қабылдау жасының біртіндеп төмендеуі байқалады. 1962 жылғы бағдарлама бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектептері (БЖСМ) үшін спорттық күрес бойынша бастапқы даярлық топтарына 14 жастан бастап жасөспірімдер қабылданды, 12 жастан бастап күрес бойынша спорт секцияларына қабылдауға рұқсат етілді. Алайда, сол жылдары КСРО-да бұл туралы ғылыми жұмыстарда 10 жастан бастап балалардың денсаулығына қауіп төндірмей күресуге болады деген мақалалар жарияланды. Ал көптеген күрес өте танымал және жоғары дамыған шет елдерде балалар 7-8 жастан бастап жаттығу бастайды.Қазіргі уақытта Қазақстанда спорттық күрес бойынша БЖСМ қолданылады бастапқы топтарға іріктеуді көздейтін үлгілік дайындық бағдарламаларына сүйене отырып 10-11 жас аралығындағы жасөспірімдерді дайындық топтарына қабылдайды. Нақты тәжірибеде жаттықтырушылар осы бағдарламаларды пайдалана отырып, 1-ші оқу жылының бастапқы дайындық жас ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға 7-9 жастағы балаларды қосады, бұл өз кезегінде балалардың денсаулығына түзетілмейтін зиян келтіруі мүмкін.

Швейцариялық физиолог В. Гесс спортпен белсенді айналысатын балалардын шамадан тыс жүктемелерден туындаған денсаулыққа зақымдар үш топқа бөлінеді:біріншіден, қозғалыс аппаратының қалыптасуындағы бұзушылықтар; екіншіден, қозғалыс спорттық жүктеменің шамадан тыс болуына байланысты дамуы; үшіншіден, белгілі балаларға арнайы терапия қажет болған кезде ересектердің спорттағы қысымы.
Ол балалар кішкентай ересектер емес екенін атап өтті, оның жасына және күтім мен емдеудің даму жағдайына байланысты олар ерекше жағдайды талап етеді. О. Израиль қолданылған салмақ немесе секіру адмнын буындардың құрылымына және сүйектердің өсуіне қолайсыз әсер ететінің айтты. Жоғары жүктемелер иммундық жүйенің шамадан тыс жүктелуі, сондай-ақ өсу динамикасына теріс әсер етеді. Жаттығатын балалар жеткілікті тамақтануы керек. Бұлшықет теңгерімсіздігі және шамадан тыс икемділік жаттығулары буындар тұтастығына теріс әсер етуі мүмкін.

Неміс ғалымдары Р. Даугс, Э. Эмрих, Х. Игель неміс дәрігері В. Холманның зерттеулерге сілтеме жасай отырып, жиі қайталанатын максимумдар икемділік жүктемелері денсаулыққа қауіпті екенін ескереді. Статикалық күш, сондай-ақ жылдамдық жыныстық жетілу кезеңіне дейінгі максималды шамалары. Алайда, патология болмаған кезде бұл жағдайда нәтижеге арналған жаттығуларға қарсы көрсетілімдер жоқ. Қабілеті төзімділік көріністері басталғанға дейін өзінің ең жоғары мәндеріне жетеді пубертатного периода. Дәрігерлік тұрғыдан алғанда, В. Холман ерте остеопорозды қауіпті деп көрсетеді. Ол спорттық дайындық нәтижеге бағытталған басталар алдында спорттық-медициналық зерттеулерді алдын ала өту қажеттілігін талап етеді [1]. Спорттық күрес бойынша БЖСМ бастапқы даярлау топтарына балаларды сыртқы тексеру, бақылау сынақтарының нәтижелері және дәрігердің рұқсатымен қабылдайды. Спорттық күрес бойынша жетекші жаттықтырушылар (А.З.Катулин және З.М.Мамедов) балаларды спорт секциясына қабылдау кезінде қандай критерийлерді пайдаланады деген сауалнамасы нәтижесінде олар келесі бағыттарды көрсеткен:

- сауалнамаға қатысқан жаттықтырушылардың жартысы физикалық қасиеттері мен қабілеттеріне үлкен мән береді (49% - қуат қабілетіне, 48% - жылдамдық сапасына, 40% -ептілікке, 39% - икемділікке, 18% - тепе - теңдікті сақтауға);

- жаттықтырушылардың екінші жартысы психикалық қасиеттерге және жүйке жүйесінің қасиеттері көңіл бөледі (күш, динамизм, тепе-теңдік, тұрақтылық), бұл адамның туа біткен ерекшеліктері және оны түзету өте қиын.

Өз қорытындысында авторлар спорт секциясына қабылдау кезінде денсаулық жағдайына сәйкес келетін барлық тілек білдірушілерді қабылдап, оқытудың бірінші жылы олардың қабілеттерін бағалауға негізделген қорытынды жасау керектігін көрсетеді. Бастапқы іріктеу кезінде, КСРО еңбек сіңірген жаттықтырушысы, педагогика

ғылымдарының докторы, профессор Г. С. Туманян балуандардың жаттығу және жарыс іс-әрекетінің тиімділігіне әсер ететін іріктеу жағдайларын ескеруді ұсынады. Бұл спорттық отбасына тиесілігі, спорт секциясының үйден жақын болуы, менмендіктің жоғары сезімі, сондай-ақ төзімділіктің жоғары деңгейі және үйлестіру қабілеті [2]. Профессор, доктор Т. Вессингхаге үйлестіру ритмге, кеңістікті бағдарлауға, реакцияға қабілеттілік сияқты қабілеттер көру немесе есту сигналдарына және кіші мектеп жасындағы тепе-теңдікке бірінші кезекте дамыту керек [3].Бастауыш мектеп жасында балаларға деген қызығушылық айтарлықтай әр түрлі моторикалық әрекеттер арқылы артады. Жаңа қозғалыстар кезінде олардың бір-бірімен бәсекелестік, сонымен қатар әсіресе таныс емес адамдар арасында іздеңіз бағытында жаңа әдістер үйренуі. Әркім жаңа дағдыларды басқаларға қарағанда жақсы игеруге тырысады. 2010 жылы, күрес сабақтарының бастапқы кезеңінде үйлестіру қабілеттерін дамытуды зерттеу барысында В.И. Вандышев үйлестіру қабілеттерін тәрбиелеудің негізгі құралдарына ретінде: дәлдік пен орындау жылдамдығына бағытталған физикалық жаттығулар, уақытты қатаң шектеу кезіндегі жаттығулар, әр түрлі реакция жылдамдығына сигналдар (жарық, дыбыс, қозғалатын зат және т. б.), мүмкін болатын жағдайларды болжауға қарсыластың денесінің қозғалмалы бөліктері деп көосетеді. Күрестегі әдістер үйлестіру қабілеттерін дамуын ынталандыру үшін келесі әдістемелік құралдарды қолдану ұсынылады: жаттығуларды айна арқылы орындау (әртүрлі позициялардан және әртүрлі бағыттардан), ерекше бастапқы позицияларды қолдану, кеңістіктік шекаралардың өзгеруі (кілемнің ауданын шектеу, кілемнің шетінде), жаттығуларды орындау тәсілдерінің өзгеруі, басқа қозғалыстармен жаттығулардың асқынуы [4].

Тұжырымдар. Әлемдік тәжірибе мен еліміздің жетекші жаттықтырушыларының тәжірибесі мыналарды көрсетеді:

- спорттық күрес бойынша БЖСМ-ге балаларды қабылдау жасын 10-11 жасқа дейін төмендету қажеттілігі;
- жас мөлшерін ескере отырып, жаңа жұмыс бағдарламаларын әзірлеу;
- жүктемеге байланысты медициналық шектеулер. Спорттық секцияға қабылдау кезінде негізгі қағидасы іріктеу және спорттық күрестегі бағдарлар әлеуетті кешенді бағалау болуы керек.

Жас спортшылардың мүмкіндіктерін бастауыш мектеп балаларын бастапқы даярлау кезеңі ең алдымен үйлестірудің дамуына негізделуі керек.

Әдебиет тізімі

1. Даугс Р., Эмрих Э. Игель Х. Спорттағы балалар мен жастардың жоғары жетістіктері. (неміс ғалымдарының деректері)// Дене шынықтыру: тәрбие, білім, жаттығу. 1998. №1.Б.25-30.
2. Туманян, Г.С. Спорттық күрес: іріктеу және жоспарлау. / Г.С. - М.: дене шынықтыру және спорт, 1984. 144 б.
3. Вессингхаге Т. "Үйрету қадамы"... мүгедектікке / / дене шынықтыру және спорт. 1994.
4. Максимова В.М. Жоғары дәрежелі спортшыларды даярлаудың жылдық цикліндегі жүктемелерді жоспарлау / Максимова В.М., Никуличев В.А. // спорттық күрес: жыл сайын. – М., 1983. 13-14 б.

ӘОЖ 81’373:622.276

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАЙЫ

Қалиева К.Б. – БҚИТУ магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме.*В статье речь пойдет о формировании терминов нефтегазовой отрасли на казахском языке, о работах, опубликованных в данном направлении. Дается краткая характеристика заимствованных терминов в нефтегазовой отрасли.*

Ключевые слова: *термин, казахский язык, терминология, нефтегазовая терминология, заимствованные термины*

Тіліміздегі тіл білімінің терминология саласының дамуы қоғамның ғылыми-техникалық тұрғыдан дамуымен тығыз байланысты болып келеді. Қазақстан Республикасы әлем бойынша ірі мұнай өндіруші елдердің қатарына жатады, мұнай қоры жағынан алғашқы ондыққа кіреді, әрине, бұл қазақ терминологиясының осы салада белсенді дамуына өз әсерін тигізбей қоймады, мұнай-газ өндіру саласы отандық өндірістің негізгілерінің бірі саналады.

Қазақ терминологиясының дамуына үлкен үлес қосқан ғалым – А.Байтұрсынов. Ғалымның фонетика, лексикография, терминология салаларына қатысты жазылған еңбектері күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай келеді [1]. А.Байтұрсынұлы төл терминдер мен кірме терминдерді ұлт ілінің фонетикалық, орфографиялық заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазудың, өзге тілдерден термин қабылдау мен термин алмасудың жолдарын, тәртібін атап көрсеткен ғалым. Сол кезеңнің өзінде-ақ ғалым термин комиссиясының төрағасы қызметін атқара отырып, көптеген жаңа терминдерді салалық мамандармен қосыла талқылап, оларды бекітіп, қолданысқа енгізді.

Қазақ тіліндегі терминдерді өңдеуде және бірыңғайландыруда сол кезеңнің көрнекті өкілдері – Н.Төреқұлұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы сынды алаш зиялылары да өз үлестерін қосқандығын атап кетуге болады [2, 24]. Мәселен, Елдес Омарұлы 1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде «Қазақша пән сөздер» деген тақырыпта баяндама жасаса, Нәзір Тұреқұлұлы 1926 жылы «Жат сөздер туралы» деген еңбегінде кірме терминдерді қабылдау, оларды ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп жазуға қатысты мәселелерді көтереді. Бұл кезеңде қазақ зиялылары бірнеше ғылым салаларының негізгі ұғымдарының атауларын өз тілімізде жасап, қолданысқа енгізді.

Қазақ терминологиясының дамуы туралы сөз еткенде белгілі ғалым Құдайберген Жұбановты атамай кете алмаймыз. Ол бірнеше жылдар мемтерминком жұмысына басшылық етті және мемлекеттік терминология комиссиясы Бюллетінің төрт санын баспадан шығарды. Сонымен қатар, әлеуметтік экономика, математика, физика, ботаника сияқты ғылым салаларының терминдеріне қатысты мақалалар жариялады [3]. Ғалым Қ.Жұбанов ұсынған терминология қағидаттары 1935 жылы Мәдениет қызметкерлерінің сиезінде қабылданды. Қазақ тіл білімінде ғалым Қ.Жұбанов термин сөзінің тұңғыш рет ғылыми анықтамасын жасап, олардың лексиканың өзге қатпарларынан өзіндік ерекшелігін қолға таяқ ұстатқандай етіп көрсетіп береді.

30-90 жылдары Қазақстанда терминтануға қатысты практикалық жұмыстардың жүргізілгенін, терминологиялық сөздіктер жасалғанын, терминдерді қолдану мен біріздендіруге қатысты мақалалардың жарық көргенін айта кетуге болады. Осы кезеңде Ә.Қайдаров, К.Мұсаев, Ө.Айтбаев, Т.Жанұзақов, А.Әбдірахманов, Ж.Молдажаров сынды ғалымдар мен Ә.Сатыбалдиев, Е.Аққошқаров сияқты сала мамандарының термин мәселесіне арнап жазған өзге де авторлардың жекелеген ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалары жарық көрді.

Қазақстандағы терминология саласы Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда қарқынды түрде дами бастады, күрделі зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл салада өнімді еңбек еткен ғалымдар қатарына І.Кеңесбаевты, Ғ.Мұсаевты, М.Балақаевты,

Ә.Қайдаровты, К.Ахановты, Т.Қордабаевты айта аламыз. 1925-1972 жылдар аралығында ҚазССР-нің ҒА Тіл білімі институтында 14 орысша-қазақша терминологиялық сөздік жарық көрген болатын, осылардың ішінде Н.Тұяқбаев пен А.Абдрахмановтың 1972 жылы жарық көрген «Мұнай ұңғымаларын бұрғылау бойынша сөздігі» де бар.

Қазақ тіл білімінде терминтану мәселесін арнайы зерттеп, «Терминтану» атты оқу құралын жазып шыққан ғалым – Шерубай Құрманбайұлы. Ғалым бұл еңбегіне дейін «Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты» атты еңбегін жариялайды. Ғалым аталған еңбектерінде қазақ терминтану ғылымының барлық мәселесін кеңінен сөз етеді [4].

2000 жылы Ә.Нұржанова «Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады [5]. Ғалым өз жұмысында мұнай терминдеріне қатысты бірнеше мәселелердің жауабын табуға ұмтылады.

Қазақ тіліндегі мұнай-газ терминдерінің қалыптасу жайын ғылыми тұрғыдан негіздеп, түбегейлі қарастырған ғалым – Әбділманов Алтынбек Әбутәліұлы деп айта аламыз. Ғалым осы тақырыпқа қатысты «Арнаулы сала тілін қалыптастырудың ғылыми-практикалық негіздері» атты диссертациялық жұмысында мұнай-газ саласы терминдерінің қалыптасуын негізгі үш кезеңге бөліп қарастырады [6, 13]. Атап айтсақ,

Бірінші кезең – XX ғасырдың 30-60 жылдарының аралығы.

Екінші кезең – XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап, 1990 жылдарға дейінгі аралық.

Үшінші кезең – XX ғасырдың 90 жылдарынан кейінгі мерзім.

Ғалым терминдердің қалыптасу жайын мұндай түрдегі топтастыруға басты себеп – «арнаулы лексикалық бірліктердің тілімізде пайда болуына, дамуына және тілдегі қызметіне байланысты» деп түсіндіреді.

Ғалым еңбегіне сүйене келсек, 1930-1960 жылдар аралығында мұнай-газ саласына қатысты жарық көрген еңбектердің қатарына төмендегіше жұмыстарды атай аламыз. Алғашқысы – С.Шариповтың «Нефть» оқулығы (1929 ж.), «Ембі-нефть» қарамағындағы өндіріс орындарында және мекемелерде жұмыс ететіндер үшін ішкі тәртіп және айып табелі жобасы» (1930 ж.), А.И.Жуковтың «Мұнайшылардың жаңа кадрларына көмек» атты жұмысының Р.Бөкейхановтың редакторлығымен қазақшаға аударылған «Жер астылық ремонт бригадасының слесарі мен жұмысшысы» атты нұсқасы (1943 ж.), Н.И.Калмыков, А.И.Дроздов, В.В.Сергеевтердің авторлығымен шыққан «Мұнай скважинасының бұрғышысы және оның көмекшісі» атты ғылыми еңбектерінің ҚМБ баспасында жарияланған аудармасы (1954 ж.), Ж.Нұрмағамбетовтың «Мұнай, газ шығаратын өнеркәсіптегі қауіпсіздік сақтау ережелері» атты аударма-еңбегі (1957 ж.) [6, 13].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан осы салаға қатысты мемлекеттік тілде жарық көрген еңбектерді де атап кеткенді жөн көрдік. Атап айтсақ, С.Бәкіров «Геология негіздері» (1995), Б.Нариман «Кенді жер астында қазу және жобалау» (1996), Ш.Әбдіраманов «Кәсіби-техникалық бағыттылықты қалыптастыру» (1998), К.С.Нұрбекова «Газконденсатты кен орындарын игеру мен пайдалану» (2003), Х.Суербаевтың «Мұнай-газ ісінің негіздері» (2008).

Қазақ тіліндегі мұнай-газ терминдерінің қалыптасу жайын зерттеуші ғалым А.Әбділмановтың пікірінше, жоғарыда аталған еңбектердің ішінде Х.А.Суербаевтың оқулығын ерекше атауға болады. Себебі оқулықтың тілі түсінікті, арнаулы сала бойынша теориялық материалды нақты әрі дәлелді баяндайды. Оқулықта қолданылған терминдердің негізгі бөлігі Терминологиялық комиссия тарапынан бекітілген терминдер. Мәселен: *бұрқақ, зауыт, кенорны, қат, ұңғыма, шоғыр.*

Қазіргі қазақ тіліндегі мұнай-газ саласына қатысты терминдері төмендегідей сипатта болып келді.

1. Кірме терминдерді еш өзгеріссіз қолдану: *битум — битум — bitumen, датчик — датчик — probe, transmitter, грейфер — грейфер — grab bucket, забой — забой —*

bottomhole, кадастр — кадастр — inventory, каротаж — каротаж — logging, log, карьер — карьер — quarry, borrow pit, pit, каскад — каскад — isometric spool.

2. Кірме терминдерді ана тілінің заңдылықтарына сай сәл өзгертіп қолдану: *азотсыздандыру — деазотирование — denitrogenation, айданды — дистиллят — distillate, айырғыш — сепаратор — separator, ауытқы — аномалия — anomaly, әрекеттер — реагент — reagen;*

3. Қазақ тілінің негізінде жасалған төл терминдерін қолдану: *саз — глина — clay, күкірт — сера — sulfur, тіреуіш — якорь — anchor, ұңғыма — скважина — well, hole, сүзгі — фильтр — filter.*

Келтірілген терминдер белгілері мұнай-газ терминологиясының төмендегіше ерекшеліктерімен тығыз байланыста болды:

а) терминжүйенің дамуының бастапқы кезеңінде орыс тілінен қажетті тілімізде баламасы бар төмендегіше терминдер қабылданды: *глубина скважины, закрепление керна, инструмент буровой;*

ә) кірме сөздердің шамадан тыс алынуы терминдердің синонимдік қатарлары мен варианттылығын тудырды: *головка буровая — бұрғының басы, головка забивная — қағылмының қалмақшасы.*

Кірме терминдер туралы сөз еткенде басқа тілден енген сөздерді ғана емес, бір жүйеден екінші жүйеге ауысқан сөздерді де атап кеткен дұрыс. Соңғысына терминдердің лексика-семантикалық жолмен жасалғандарын келтіруге болады, яғни тілде бұрыннан бар сөздер қажет тұста басқа мағынаны қабылдау арқылы жаңа терминдік мәнге ие болады.

Терминологияны әдеби тілдің лексика саласының бір тармағы ретінде қарастырар болсақ, терминологияның фонетика, морфология, синтаксис сияқты тілдің басқа да салаларымен үнемі байланыста болатындығы белгілі. Терминдердің, терминтіркестердің сөзжасамы тілдің сөзжасам заңдылықтарына бағынады: *геозерттеу, газжұтқышы, деңгей көрсеткіші, техникалық күту*; *ұңғылар өнімінің сулану мөлшері (обводненность скважин), мұнай кең орындарын игеруді жобалау (проектирование разработки нефтяных месторождений)*; *тиімділік шамасы (оценка применения), технологиялық режімін тағайындау (выбор технологического режима), мұнай шығарымын талдау (анализ выработки нефти)*.

Терминология – бұл тіл білімінің лексика саласының бір тармағы. Ол арнайы кәсіби салада ғана қолданылуымен ерекшеленеді.

Мұнай-газ саласының терминдері семантикалық табиғаты жағынан көнерген терминдер және кірме терминдер болып бөлінеді. Көнерген терминдердің өздері бір кездері басқа тілдерден енген кірме терминдер болып табылады. Мысалы, *желі – (жила); сұйық отын - (жидкое топливо); қақпақ – (клапан).* Көнерген терминдер дара *anhydrous – сулы – (водный)* және күрделі *anhydrous ammonia – сусыз аммиак – (безводный аммиак*) болып екіге бөлінеді.

Мұнай туралы ғылым саласының терминдері қазақ тілінің сөздерінен (*бағыттауыш, жылжымайтын, құбыр*), кірме терминдерден (*баррель, дроссель, дюйм, проекция*), ауызекі тілден алынып, сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған сөздерден (*бурение, буримость, бұзу, бұзылу, діріл, дірілдеткіш, load, loading, coke, coking*). Бұл салада ауызекі тілден алынған термин-сөздер де молынан кездеседі: *дірілдек елеуіш (вибрационное сито), қайыстық беріліс (ременная передача), тісті рейка (рейка зубчатая), газдық тақия — gas cap — шапка газовая, бас — head — головка, жел — strand — жила, қақпақ — hat — колпак.* Бұлардан көріп отырғанымыздай, ағылшын және қазақ тілдерінде мұнай-газ саласы терминдері ауызекі сөйлеу тілінен де алынады.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында терминология бойынша алғашқы ой-пікірлер айтылып, осы саланың негізін салуға ұмтылыс жасалды; 30 жылдардан бастап техника саласы бойынша алғашқы сөздіктер баспадан шыға бастады; 40 жылдары соғыстан кейін ғылымды дамытуға негізгі назар аударылуына байланысты бұл сала да зерттеу нысанына айналды; 50-60 жылдары мұнай-газ саласының терминологиясы түсіндірме, аударма

сөздіктермен толыға бастады. XX ғасырдың 90 жылдарында қазақ тіл білімінде ел экономикасының күрт өзгеруіне байланысты лексика саласында үлкен «жарылыс» болды. Бұл терминқорға да тікелей әсер етті. Мұнай-газ саласының терминологиясында жаңа атаулар пайда болды. Осы сала бойынша дамыған мемлекеттерден қажетті құрылғылардың алынуына байланысты терминология да жаңа термин-сөздермен толыға бастады.

Қазақ тілінде интенационалдық терминдер мен олардың аудармаларының қатар қолданылу жағдайлары да кездесіп отырады. Мәселен: *жіктеу ─ классификация, сарқылу ─ дренаж, кернжарғыш ─ керновзрыватель, әрекеттер ─ реагент, көрсеткіш ─ индикатор.*

Мұнай-газ саласында жаңа терминдердің қалыптасуы көп жағдайда сыртқы экономикалық жағдайларға да байланысты болып келеді. Бұл біздің еліміздің нарықтық экономикаға көшуіне байланысты қалыптасқан экономикалық іс-әрекеттің жаңа түрлерінің пайда болуымен де түсіндіріледі.

Қарастырылып отырған терминдер құрамында шет тілінен енген атаулар да кездеседі. Біздің зерттеуіміздің барысында бұл сөздер иран, араб, монғол, қытай, ағылшын және орыс тілдерінен алынғандығы мәлім болды. Десек те, қазақ тіліндегі шет тілінен енген терминдердің негізгі бөлігін иран және араб сөздері құрайды: *айна ─ (зеркало, металлическая, пика, штык) найзалы бұрғылау-, шарайна ─ (броня), шөміш ─ (ковш-пластинка с гладкой полированной поверхностью), астар-(подкладочный материал), болат ─ (сталь), кілт ─(ключ), найза ─(копье), черпак, тоға ─ (пряжка), тор ─ (сеть, сетка), аспап ─ (прибор, инструмент), алқа ─ (замкнутый круг), қынап ─ (чехол, сандал ─ опора наковальни), шынжыр ─ (цепь), табақ ─ (большая чаша)*.

Сонымен қатар бірқатар терминдер тобы ағылшын тілінен алынған: *абсорбент ─ absorbent, абсорбция ─ absorption, агломерат ─ agglomerate, баррель ─ barrel, берма ─ berm, вакуум ─ vacuum, ингибитор ─ inhibitor, индикатор ─ indicator, инфильтрация ─ infiltration, кокс ─ coke, конденсат ─ condensate, коррозия ─ corrosion.* Ағылшын тілі бүгінгі күні көптеген тілдер үшін негізгі «терминологиялық донор» болып табылады. Соңғы он жылдың ішінде ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі деңгейіне көтерілді, әлемдік тіл мәртебесіне көтеріліп келеді.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992. - 304 с.
2. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. Оқу құралы. - Алматы: Атлас, 2001.
3. Жубанов Х.К. Исследования по казахскому языку. - Алматы, 1966.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. - Астана, 2002.
5. Нұржанова Ә. Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Ф.ғ.к. ... дисс.автореферат. А., 2000.

Әбділманов А.Ә. Арнаулы сала тілін қалыптастырудың ғылыми-практикалық негіздері (мұнай және газ кенорындарын игеру мен пайдалану саласы терминдері бойынша). Ф.ғ.к. ... дисс.автореферат. А., 2010.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС	

Қыдыршаев А.С.	АХМЕТТАНУ: ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ БІЛІМ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ САТЫЛАРЫ	3
Гөксәл Өзтүрік Мерве Байкал	ТҮРКІЛЕРДІҢ КӨНЕ ДӘУІРДЕН БАСТАП БҮГІНГІ КҮНІМІЗГЕ ДЕЙІНГІ ҚОЛДАНҒАН АЛФАВИТТЕРІ	14
Салқынбай А.Б.	А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ	28
Айнұр Сәфәрли Aynur Səfərli	GÖRKƏMLİ QAZAX MAARİFÇİSİ ƏHMƏD BAYTURSUNOV ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҒАРМАЗЫ АХМАД БАЙТҰРСЫНОВ	33
Жақыпов Ж.А.	А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚИСЫНЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЕМЛЕНІҢ БІР МӘСЕЛЕСІ	40
Жексенғалиев Б.Ө.	ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАСЫ ЖӘНЕ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚИСЫНЫ	44
Қапалбек Б.С.	А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕПКЕ ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ	46
Садуақас Н.А.	АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	52
Сабыр М.Б.	ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ ҚАЖЕТ	58
1-СЕКЦИЯ. АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢАРУЫ МЕН ЖАҢҒЫРУЫНЫҢ БАСТЫ АРНАСЫ		
Жалмурзина А.Ж.	ТАРИХИ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ (XIX ғасырдың екінші жартысы)	61
Балыкова А.М., Қазиханова А.Е.	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (1959-1989 ЖЖ)	66
Көпбаева М.Р.	«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ АЛАШ	71
Көлбаев И.А.	ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ТАРИХНАМАСЫ	75
Көпбаева М.Р.	А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕГІ	81
Жумабаев М.	КӨНЕ ТҮРКІ ТӨЛТУМА ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ	85
Сапа М.Г.	ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІК БИЛІК МӘСЕЛЕСІ (ХАНДЫҚ ДӘУІР КЕЗЕҢІ)	90
Оналова Г. С.	«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА»	95

Бопылова Ш.М.	СҰЛТАН ҚАРАТАЙ НҰРАЛЫҰЛЫНЫҢ ИМПЕРИЯЛЫҚ ӨКТЕМДІККЕ ҚАРСЫЛЫҒЫ	98
Тәжиев Р.Қ.	АБЫЛАЙ ХАН ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН ЖОЮҒА ҚАРСЫЛЫҒЫ	102
Дуйсенбаева Н.Б.	ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ (XIX Ғ.): МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	106
Акдаулетова К.Х.	АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ	111
Серикбаева Г.Ж.	А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ МЕН ДИДАКТИКАҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ	115
Байболова С.С.	БИЖАН ЖАНҚАДАМОВ ТАРИХИ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	120
Балгенжиева Г.З.	МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ ЖӘНЕ 1836-1838 жж. ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС	125
Берикбосынова М.У.	ҚАЗАҚ-БАШҚҰРТ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ 1917 ЖЫЛҒЫ ҚОС ТӨҢКЕРІС КЕЗЕҢІНДЕГІ ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ САЯСИ КҮРЕСІ	131
Ізімов І.С.	ЖАНТӨРЕ ХАН ЖӘНЕ КІШІ ЖҮЗДЕГІ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ КҮШТЕР (XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)	137
Кадирова Н.Т.	ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚОҚАНДЫҚ, ХИУАЛЫҚ БИЛЕУШІЛЕРМЕН САЯСИ-ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ, ӘСКЕРИ ОДАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ (XIX ҒАСЫР)	142
Курманалина Ж.Б.	ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙДІҢ ГЕОСАЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ АЯСЫНДА (XVIII ғ. бірінші ширегі)	147
Олжабаева А.Н.	ТАМА ТАЙПАСЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР	153
Тапалова А.А.	ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ХАЛҚЫ	160
Шуренбаева Э. Ә.	АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНДАҒЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ	163
Дауесова А. Ж.	АЛАШ АЗАМАТЫ - БИЖАН ЖАНҚАДАМОВ	167
Климова Л.А.	БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ	170
2-СЕКЦИЯ. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚИСЫНДАРЫ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ		

Кинжекова Р.С.	А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	175
Көпбаева М.Р. Кемалов Б.Б.	ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	178
Сапашева К.Х. Сатыбалдиева А.М.	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ	181
Тлегенова К.К.	БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ, ҰЛТТЫҚ РУХ МӘСЕЛЕЛЕРІ	186
Орынбасаров Д.И.	«ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАҚ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫН ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	189
Садыров А.Е. Собянин Ф.И. Бакесова Р.М.	6 -7 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	191
Умбетова Г.М.	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДАҒЫ МАЗАСЫЗДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	196
Султангалиева А.И. Жумасейтова А.Е. Калкенова Г.Б.	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ	200
Таспаева С.Ж. Мажитова А.А. Тулегенов Қ.А.	МУЗЫКА АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	203
Кенжебай Р.Д.	МИФОФИТОНИМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ	208
Ажкеева Г.А.	А. БАЙТҰРСЫНОВ ЕҢБЕГІНДЕГІ ТІЛ ТАНЫТУ ҰСТАНЫМДАРЫ	214
Курманова Ж.Б. Джубаналиева Р.М.	АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИІМІЗДІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ	216
Құрбанбай М.Ы.	«ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҰЛТТЫҚ ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ»	220
Бөкенбай Е.М.	АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ –ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ	223
Исатаева Ж.И.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ	228
Каракулова Р.Н.	ФУНКЦИИ ПЕРЕДАЧИ ЦВЕТА В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ	232
Нуржанова Г.А.	АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ДҰРЫС АЙТЫЛУ ЖӘНЕ ДЫБЫСТАЛУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	238

Бөкенбай Н.М.	ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СИПАТЫ	242
Калакбасова У.Т.	ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ГАЗЕТ МӘТІНДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН СЫЗЫҚШАНЫҢ ФУНКЦИЯСЫ	245
Утесинова А.С.	ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ	251
Халикова Б.Т.	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ	255
Мүсон А.Ә.	ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫН ТҮЗЕТУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	258
Ташаева Г.К	ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР	261
Саматова Ж.М. Какимова Д.М.	ФУНКЦИОНИРОВАНИЕ ФОРМЫ СЛОВА «ЗА + ТВОРИТЕЛЬНЫЙ ПАДЕЖ» С ВРЕМЕННЫМ ЗНАЧЕНИЕМ И ЕЁ ЭКВИВАЛЕНТЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ	263
Қайырбайқызы.А.	МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА КӨПМӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	264
Қонақбаева Г. Қуанышова.А.Д.	БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-МУЗЫКАНТ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ БАЛАЛАР ӘНДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ҰҒЫНДЫРУ	274
Рахматуллин А.М.	МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРҒА ДОППЕН ҚИМЫЛ ЖАСАУ ТЕХНИКАСЫН ҮЙРЕТУ	275
Балыков Б.А.	ФОРМИРОВАНИЕ У УЧАЩИХСЯ МЛАДШИХ КЛАССОВ ОСНОВ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ	280
Бернияэова З.Н.	ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ	283
Доскалиева Г.С.	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	286
Ербол А.Е.	КӨШПЕНДІЛЕР САЛТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КИІМ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘНІ	289
Сабыр Ғ.К.	НАХДЖ УЛ-ФАРАДИС ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ	292
Асқарова Г.К.	«ОРТААЗИЯЛЫҚ ТӘПСІР» ЕСКЕРТКІШІ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН ОРТАҚ СӨЗДЕР	295
Сабыр М.Б Ахметов Т.Р.	ҚҰТЫПТЫҢ ХҰСРАУ МЕН ШЫРЫН ПОЭМАСЫ СЮЖЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ	297

	МАҢЫЗЫ	
Жантуриева Г. Б.	АЛТЫН ОРДА МҰРАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ	305
Құсайынова Л.	ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ	308
3 СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҢҒЫРУЫ: ЖАҢА МІНДЕТТЕР.		
Кульматов С.Я.	МОДЕРНИЗАЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ СОЦИАЛЬНО – ЭКОНОМИЧЕСКИМ РАЗВИТИЕМ РЕГИОНА: АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ	311
Иргалиев А.С.	ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ РАЗВИТИЯ ИНСТИТУТА ФОСТЕРНОЙ СЕМЬИ	313
Суханбердина Б.Б. Курманова Г.К. Уразова Б.А.	СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМОВ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ МЕСТНЫХ БЮДЖЕТОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	320
Мукеева У.Б.	МЕТОДИКА УЧЕТА ТОВАРОВ В ОПТОВОЙ И РОЗНИЧНОЙ ТОРГОВЛЕ И ПУТИ ЕЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ С ПРИМЕНЕНИЕМ ПРОГРАММЫ 1С ТОРГОВЛЯ	323
Амангалиева А.С.	МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ САЯСАТЫ	326
Бикенова М.К.	ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОЕ РАВИТИЕ КАЗАХСТАНА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ, ПРОБЛЕМЫ И ИХ РЕШЕНИЕ	318
Нурманова А.К.	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	322
Ислямов Р.С	ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИСТІК САЛАҒА ИНВЕСТИЦИЯНЫ ТАРТУ МЕХАНИЗМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	326
Тогашева Д.С.	ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ	330
Салимбаева Ш.Д.	БЮДЖЕТТІ АТҚАРУДЫҢ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	335
Супугалиев Е.Ж.	ӘКІМШІЛ-ӘМІРШІЛ БАСҚАРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНЕ ЫҚПАЛЫ (ХХ Ғ. 20-30-ЖЫЛДАРЫ)	338
Көпбаева М.Р. Анарбекова Н.Н.	БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	342

Бегилова Г.С.	БИБЛИОТЕЧНЫЕ ФОНДЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	348
Балхатов А.А.	ШАҢҒЫ СПОРТЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ	352
Бегилова Г.С. Сансызбаева А.А.	КІТАПХАНА САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР	356
Даулетов Н.Д. Мамбеталиева А.З. Нурмухамбетова В.Е.	ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ	358
Хатимуллина Б. Т.	СПОРТТЫҚ ТУРИЗМНІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САУЫҚТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ	362
Гинаятова А.А.	ПЕДАГОГТІҢ АТА-АНАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ	366
Жұмағалиев Ұ.	СПОРТТЫҚ КҮРЕСТЕ МАМАНДАНДЫРУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	373
Қалиева К.Б.	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАЙЫ	378

Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған
«ҰЛТ ҰСТАЗЫ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҚ ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық офлайн/онлайн конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

Жауапты редакторы Раманова А.А.
Ответственный редактор

Компьютерде беттеген және дизайн
Компьютерная верстка и дизайн Қазкенова Г.У.

Техникалық редакторлар
Технические редакторы Қазкенова Г.У.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН

ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Көлемі 36,25 б.т., Таралымы 70. Тапсырыс № 8 .

Объем 36,25 п. л., Тираж 70. Заказ № 8.